

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті



Егер де көкте құдайдың, кеудемізде  
жанның бары рас болса, онда адамзат  
тірлігі де риторикадан ажырағысыз.

С.Лихуд

Белгілі шешендіктанушы ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы 60 жаста**

**«ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ  
САЛАСЫНДАҒЫ ШЕШЕНДІКТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РИТОРИКИ В  
СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ И СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ»**

Международная научно-практическая конференция

**«ACTUAL PROBLEMS OF RHETORIC IN MODERN  
SOCIETY AND EDUCATION»**

international scientific and practical conference

Қазақстан  
БҚО, Орал қаласы  
17 қараша 2023 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
МАХАМБЕТ ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



*Егер де көкте құдайдың, кеудемізде  
жанның бары рас болса, онда адамзат  
тірлігі де риторикадан ажырағысыз.*

**С.Лихуд**

*Белгілі шешендіктанушы ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық  
құндылықтар академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,  
«Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы, «Ерен  
еңбегі үшін» медалінің иегері* **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы 60 жаста**

**«ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ  
ШЕШЕНДІКТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

*атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РИТОРИКИ В СОВРЕМЕННОМ  
ОБЩЕСТВЕ И СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ»**

*Международная научно-практическая конференция*

**«ACTUAL PROBLEMS OF RHETORIC IN MODERN SOCIETY AND  
EDUCATION»**

*international scientific and practical conference*

**Қазақстан**  
**БҚО, Орал қаласы**  
*17 қараша 2023 жыл*

УДК 80/81  
ББК 81.2  
Қ22

Ғылыми жинақтың жалпы редакциясын басқарған, өңдеген педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі **Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев**

### *Редакциялық алқа:*

педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик **Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев**  
биология ғылымдарының кандидаты, профессор **Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев**  
филология ғылымдарының докторы, профессор, академик **Серік Негимов (Астана)**  
ҚР Парламенті Сенатының депутаты, сенатор, кеңесші **Сәрсенбай Құрманұлы Еңсегенов (Атырау)**  
география ғылымдарының кандидаты, профессор **Қажымұрат Мақсұтұлы Ахмеденов**  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Жаңалық Қылышқызы Балтабаева (Алматы)**  
биология ғылымдарының кандидаты **Гүлжихан Смаилқызы Қайсағалиева**  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Жарқынбике Нуайқызы Сүлейменова (Алматы)**  
филология ғылымдарының докторы, профессор **Жандос Смағұл (Қарағанды)**  
мәдени тынығу жұмысының магистрі **Мерген Қуанышұлы Сүлейменов**  
филология ғылымдарының докторы, профессор **Ахмен Буран (Түркия, Фырат университеті)**  
филология ғылымдарының докторы, доцент **Экрен Аян (Түркия, Мугла Сытқы Кочман университеті)**  
философия ғылымдарының докторы, профессор, академик **Алтай Тайжанұлы Тайжанов (Ақтөбе)**  
химия ғылымдарының кандидаты, академик **Әділхан Төлегенұлы Дүйсебек (Астана)**  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик **Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов (Алматы)**  
филология ғылымдарының докторы, профессор **Мұрат Бөкенбайұлы Сабыр (Орал)**  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Нұрбол Абдоллаұлы Сәдуақас (Ақтөбе)**  
философия ғылымдарының кандидаты **Мағжан Садыханұлы Садыханов (Астана)**  
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор **Рауан Нармаханқызы Бегалиева (Шымкент)**  
философия ғылымдарының кандидаты, профессор **Сәлімгерей Болатқалиұлы Аймұратов (Атырау)**  
философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор **Наргиза Смаилқызы Балтабаева (Алматы)**  
магистр **Гүлсін Ероғлу (Түркия, Гази университеті)**  
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор **Марат Қайыржанұлы Әжіғалиев**  
философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор **Айдарбек Ахметұлы Ақболатов (жауапты хатшы)**  
магистрант **Мақсат Абатұлы Қыдыршаев (Universita di Siena, Италия)**  
ғылыми қызметкер **Бакытбаева Гүлбибі Сағынайқызы (Орал)**

**Қ22 «Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері»:**  
*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. - Орал: М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, БАҚ және баспа орталығы, 2023. - 260 бет*

**ISBN 978-601-266-629-8**

*Жинақта қазіргі қоғам мен білім беру саласындағы шешендіктану (риторика) ілімінің қалыптасуы мен даму белестері, шешендік өнер теориясы мен оны іс жүзінде қолдану, жеке тұлғаны шешендік білік-бағдыларға баулу әдістемесінің көкейкесті мәселелері қарастырылады. Материалдарда шетелдік және отандық ғалымдардың ғылым және білім беру туралы ғылыми-зерттеу нәтижелері, жаңа тың деректері қамтылған. Жинақ шешендіктанудың теориясы мен практикалық мәселелеріне және риториканы оқыту әдістемесімен айналысып жүрген жоғары мектептің профессор-оқытушыларына, ғалым-педагогтарына, орта мектептің мұғалімдеріне, жалпы тіл мен әдебиет жанаушыларына арналған.*

*Мақалалар авторлық редакциялау негізінде жарияланып отыр.*

ISBN 978-601-266-629-8



©М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың БАҚ және баспа орталығы, 2023



## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті **2023 жылы** Жоғары оқу орындарындағы шешендіктану: **17 қарашада** белгілі шешендіктанушы ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының Бас редакторы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының** 60 жылдық мерейтойына орай **«Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына қатысуға шақырады.

### Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының негізгі бағыттары:

- Профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының ғалымдық, ритор-педагогтық және көшбасшылық тұлғасы;
  - Қазіргі қоғамдағы шешендіктану: тарихы, философиясы және практикалық қажеттілігі;
  - Қазақ дипломатиялық шешендіктануының тарихи арналары; педагогикасы, психологиясы және әдістемесі;
  - Педагогикалық шешендіктану және ритор-педагогтың шешендік шеберлігін жетілдіру мәселесі;
  - Шешендік дәстүр және ұлт руханияты. Шешендік – ұлттық құндылық көзі;
  - Қазақ мектебіндегі шешендіктану: теориясы, оқыту технологиясы және тәрбиелік мәні;
  - Философия және шешендік өнер. Шешендік тағылым және көшбасшы шешендігі;
  - Риторикалық дискурс: когнитивті-прагматикалық және құрылымдық-стилистикалық аспектілері;
  - Риторикалық мәдениетті қалыптастыру – рухани жетілудің тиімді жолы;
  - Лингвориторикалық парадигма: теориялық және қолданбалы аспектілері;
  - Сырым Датұлы шешендік сөздерінің тағылымдық сипаты;
  - Шешендіктанудағы юмор мәселесі. Тарихи тұлғалар шешендігінің көркем әдебиеттегі көрінісі;
  - Қазақ афористикасының танымдық-тағылымдық сипаты.
- Ғылыми-тәжірибелік конференция **қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде** өтеді.

**Өтетін орны:** БҚО, Орал қаласы, Достық даңғылы, 162, М.Өтемісов атындағы БҚУ, Бас ғимараты, 205-конференц. залы

**Өткізілу формасы:** офлайн және онлайн. **Идентификатор:** 680 053 8000.

Коды: 950191

Сілтемесі:

<https://us05web.zoom.us/j/6800538000?pwd=Yy93U004aFFJbFR6aGVBR3dSRnl3QT09>

### Ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарына қойылатын талаптар:

Баяндама мәтіні – 5-8 бетке дейін. Шрифт: Wort, Times New Roman, кегль – 12. Аралық интервал – 1, барлық жиектердің ені – 2 см. Жолдың оң жағына автордың аты мен тегі, одан кейінгі жолға ғылыми атағы мен дәрежесі, келесі жолға жұмыс орны, мекенжайы (қаласы, елі), одан кейін электронды поштасы, ортаға бас әріптермен баяндаманың тақырыбы беріледі. Жаңа жолдан мақала мәтіні жазылады. Мақала соңында әдебиеттер тізімі ұсынылады. Әдебиеттерге сілтеме тік жақшада [1,45] рет саны бойынша беріледі.

Ұйымдастыру комитеті материалдарды сұрыптау мәселесін өзі шешуге құқылы. **Мақалалар мен өтініш формасы** [kdirshaev\\_abat@mail.ru](mailto:kdirshaev_abat@mail.ru) электрондық поштасына жіберілуі тиіс. **2023 жылдың 10 қарашасынан кешіктірілген материалдар**, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік конференция тақырыбына және талапқа сәйкес келмейтін материалдар қабылданбайды. Мақала авторлары ұсынылған материалдардың мазмұны мен сауаттылығына жауап береді. Қабылданған материалдар қайтарылмайды.

Халықаралық ғылыми-практикалық **конференцияға қатысу тегін**. Конференцияның материалдар жинағы жарық көреді және PDF форматында дайындалып таратылады.

### Конференцияға қатысу үшін өтініш үлгісі

1.	Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен)	
2.	Мекеме атауы	
3.	Лауазымы, ғылыми атағы мен дәрежесі	
4.	Мекен-жайы (ел, индекс, қала, көше, үй мен пәтердің нөмірі)	
5.	Байланыс телефон	
6.	Электронды пошта (e-mail)	
7.	Мақала атауы	
8.	Конференция бағытының атауы	
9.	Конференцияға қатысу формасы (іштей / сырттай)	
10.	Қонақүй қажеттілігі (иә / жоқ)	

*Конференцияға қатысушылардың іссапар шығындары жіберуші ұйымның есебінен төленеді.*

**Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы мен байланыс телефоны:**

Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, 090000, Орал қ., Достық даңғылы, 162, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Бас ғимараты, № 211-кабинет. Баяндама мәтіні мына пошталарға жолданады: [kdirshaev\\_abat@mail.ru](mailto:kdirshaev_abat@mail.ru); [baqytbaevaааа@mail.ru](mailto:baqytbaevaааа@mail.ru); [aidarbek\\_akbulat@mail.ru](mailto:aidarbek_akbulat@mail.ru)

Толық ақпарат алу үшін **Бақытбаева Гүлбибі Сағынайқызына** [baqytbaevaааа@mail.ru](mailto:baqytbaevaааа@mail.ru) электрондық поштасы немесе 8(7112)51-37-82 жұмыс телефоны арқылы хабарласуға болады.

**ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ**

**«Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ  
мен «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі  
арасындағы ынтымақтастық туралы  
МЕМОРАНДУМ**

**Орал қаласы**

**«17» қараша 2023 жыл**

«Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ, жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы – *ректоры Серғалиев Нұрлан* Хабиболлаұлы және «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі, жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы Дүйсебек Әділхан Төлегенұлы, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Ғылым туралы» Заңын, «Қоғамдық бірлестіктер» туралы Заңын және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, Осы ынтымақтастық туралы Меморандум (*бұдан әрі Меморандум*) жасасты.

### **1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ**

Меморандумның негізгі мәні - Меморандумда айқындалған бағыттар бойынша тараптарының өзара бірлескен іс-қимылын қамтамасыз ету, әріптестік қатынастарды, өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту және өзара мүддені білдіретін барлық аспектілер бойынша белгіленген құзырет шеңберінде олардың иелігіндегі ақпаратпен алмасу.

### **2. МЕМОРАНДУМНЫҢ МАҚСАТЫ**

Меморандумның мақсаты – Қазақстанның тұрақты прогресі мен жастар тәрбиесінің негізі болып табылатын ұлттық құндылықтарды зерттеу, оларды орта білім беруде, жоғары педагогикалық білім беруде, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік ортада жүзеге асыру мақсаттарында ықпалдаса қызмет атқару.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫ**

Осы Меморандумды орындау мақсатында Тараптар өзара ынтымақтастықтың келесі бағыттарын айқындайды:

3.1. Ұлттық құндылықтардың мәні мен қызметіне ғылыми зерттеулер жүргізу, орта білім беру және жоғары педагогикалық білім берудің тұжырымдамасы мен мазмұнын ұлттық құндылықтар аясында жетілдіру бойынша уәкілетті органдарға ұсыныстар енгізу.

3.2. Қазіргі жасөспірімдер, студенттер мен жастар ортасын, олардың дүниетанымын, әлеуметтік, психологиялық хал-ахуалын, құндылық бағдарларын, қауіпті тәуекелдерді бірлесе зерделеу, талдау мақсатында «Қазіргі балалар мен жастардың әлеуметтік-педагогикалық портреті» тақырыбында бірлесе кешенді әлеуметтік педагогикалық зерттеулер жүргізу.

3.3. Ұлттық құндылықтарды, тәрбиелік асыл қағидаларды насихаттау, дәріптеу және білім мен тәрбие үрдісіне енгізу бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектер мен оқу-әдістемелік құралдар жариялау, озат тәжірибелерді саралау және тарату, көрнекті тұлғалардың өнегелі өмір жолын насихаттау.

3.4. Университет студенттері, магистранттары мен докторанттарының ұлттық құндылықтар тақырыбында бірлескен ғылыми жұмыс жүргізуіне ықпал ету, Ұлттық құндылықтар академиясын олардың практика базасы ретінде қолдану.

3.5. Бірлескен жұмыс үшін өзара материалдар, ақпарат алмасулар, залдарды, кеңселерді, алаңдарды бірлесіп пайдалану үшін жағымды жағдайлар жасау.

3.6. Ұлттық құндылықтар мен балалар мен жастар тәрбиесі мәселелері бойынша бірлескен конференциялар мен форумдар ұйымдастыру, дәріс, тренинг, семинарлар өткізу.

3.7. Шетелдік білім беру ұйымдарымен, ғылыми орталықтармен, халықаралық ұйымдармен, қорлармен, үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықты бірлесе орнату, бірлескен жобаларды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен тыйым салынбаған және Меморандум мақсаттарына сәйкес келетін басқа қызмет түрлерін жүзеге асырады;

#### 4. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ШАРТТАРЫ

4.1. Осы Меморандумның аясында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады және өзара ықпалдастықты тең құқықтылық, ашықтық және сенімділік принциптері негізінде жүзеге асырады.

4.2. Тараптар осы Меморандумның тармақтарын орындау мәселелері бойынша бір-бірімен туындаған мәселелерді қарастыру және бірлескен іс-қимылдарды жүргізу үшін Тараптар жіберген басшылар немесе өкілетті өкілдер арқылы өзара әрекет жасайды.

4.3. Осы Меморандум ешқандай Тарапқа қаржылық міндеттемелер жүктемейді. Әрбір Тарап осы Меморандумның өкілеттіктерін орындаумен байланысты барлық шығыстарды, шығындарды, төлемдерді және өзге де төлемдерді дербес көтереді.

4.4. Тараптар қаржылық және заңды ынтымақтастық шарттары бойынша сұрақтарды әрбір нақты жағдайда жеке және азаматтық-құқықтық шарттарды жасасу негізінде анықталатынына келіседі.

#### 5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Меморандум Мемлекеттік тілде заң күші бірдей екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалды.



5.2. Осы Меморандум жасалған сәттен бастап күшіне енеді және 3 (үш) жыл бойы қолданылады. Осы мерзім өткеннен кейін Меморандум меморандумға Қосымша келісім жасасу арқылы Тараптардың өзара келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

5.3. Меморандум Тараптардың бірінің жазбаша хабарламасынан біржақты соттан тыс тәртіппен мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін және екінші Тарапқа Шарттың тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап алты ай өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

#### 6. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

6.1. Тараптар бірлескен қызмет нәтижесінде алынған ақпаратты Тараптардың бірінің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді.

#### 7. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ, ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАРЫ

<p>«Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ</p> <p>090000, Қазақстан Республикасы, Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 162.</p> <p>Басқарма төрағасы - ректоры  Н.Х.Серғалиев</p> <p>17 қараша 2023 жыл</p>	<p>«Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі</p> <p>010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Б. Момышұлы даңғылы, 16.</p> <p>Басқарма Төрағасы  Ә. Дүйсебек</p> <p>17 қараша 2023 жыл</p>
--	---

## БАЙСАЛДЫЛЫҚ БЕЛГІСІ

*Профессор Абат Сатыбайұлына*

Қарайтұғын белес пе бұл әр тұсқа,  
Өмір толы күрес пенен тартысқа.  
Ақсақалдық алыстау деп жүргенде,  
Ақыл айтар келді, міне, алпыс та!

Сағынышпен еске ала ма жас шағын,  
Еңбекпенен өтер сәттер қас-қағым.  
Елеңдеген шәкірттерін ортаға ап,  
Кемелденер одан сайын жас па бұл.

Ілім іздеп, аттанатын сапар көп,  
Күндер, күндер ойлауменен батар көп.  
Құраны оның- таусылмайтын шешендік,  
Ұраны оның-мәңгі батыр Махамбет!

Аласармас шындар, сірә, тозбас тау,  
Алпыс деген-байсалды боп көз тастау.  
Ел алдына шығып әркез биіктен,  
Оңай емес Жиреншедей сөз бастау!

Жастар үшін ескірмейтін сабақ бұл!  
Даналар да ескерткіш боп қарап тұр.  
Нақыл сөзін теру керек қазақтың.  
Ақылын ап алпыстағы Абаттың!

**Ғайсағали СЕЙТАҚ**

*Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Төлеген Айбергенов  
атындағы сыйлықтың лауреаты*



## ӨНЕГЕ ЖОЛЫ ЖАТЫР ӨМІРІНДЕ

*Абат Сатыбайұлына*

Сынаққа салғанымен сындарлы күн,  
Бұзбайтын қатаң сақтап «Тіл жарлығын».  
Сатылай оқытатын шәкірттерін,  
Сатыбай баласындай кім бар бүгін?  
Білімнің тереңдігін ұғындырар,  
Сырымның өнеге етіп ділмарлығын.

Ұлыдай төгіп жатса ұлағатын,  
Айтқанын ыждағатпен ұға алатын.  
Шыныдай мөлдірейді студенттер,  
Демосфен, Цицеронның сұрап атын.  
От алып: “Ғалым болам!” - дейді сосын,  
Қопарып ғасырлардың мұрағатын.

Көрмесе қиянат пен қайғы Алашы,  
Болса деп ізгілікке бай даласы.  
Жүреді Ахметтердің соқпағымен,  
Қайраса қайратты ұлды қайманасы.  
Рухыңды көтерем деп тырысқасын,  
Рухани жаңғырады айналасы.

Адалдық танытады жолдасына,  
*(Басын көп қатырмайды болмашыға).*  
Жұмысқа асығады апта бойы,  
Шабыттың мініп алып жорғасына.  
Себебі махаббатпен, мейіріммен,  
Келеді Махамбеттің ордасына!

*Өнеге жолы жатыр өмірінде,*  
Көлемді еңбек жазу көңілінде.  
Әр ісін сабақ қылып кейінгіге,  
Дәрісін оқыр салып қоңыр үнге.  
Аман-сау жүрсін біздің ұстазымыз,  
Жарқырап “Ерен еңбек” өңірінде!

**ЖАНСАЯ МУСИНА**

*шәкірті, айтыскер ақын,*

*«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, VII «Алтын домбыра» иегері*

## *Алғыс алдың елден шын*

*(Абатқа)*

Алпыс жасқа жеттің, міне, тұғыр нық,  
Солбір шақтың бізден ән мен жырын күт.

**Абат**, сенің жүрген жолың, ізіңнен,  
Қанша еңбек, төккен терді ұғындық.

Топ басшысы болдың жанды ұғатын,  
Тасып жүрді жүректе күш-қуатың.  
Мақсатыңның биік шыңы бағынып,  
Орындалды ойдағы арман-мұратың.

Жүрек қалап сөз өнерін келгенсің,  
Ізденімпаз студент боп енгенсің.  
Еткен еңбек жеміс беріп әрдайым,  
*Ұстаз болып, алғыс алдың елден шын!*

Мақтанамыз өзіңменен, **Абатжан!**  
Ортамыздан шыққан ғалым - озат жан!  
Танытып та жүрсің түркі жұртына,  
Шешендерді аузына әлем қаратқан.

Мерейтойды игілікке жараттың,  
Қазынасын ел, халықтың балап мың.  
Жиналғандар тәнті болып қатысты,  
Сөз өнерін қадірлеген қарап шын.

Мерейтойың құтты болсын ардақты,  
Арқалаған таудай міндет - салмақты.  
Кеудемізде сондай ырза көңіл-күй,  
*Себебі сен - ұстаз-ғалым жан-жақты!*

Жастық шақты бірге өткізген досымыз,  
*Өзіңменен мақтанамыз осы біз!*  
Өзің сынды ізбасарлар көбейсін,  
Тың еңбекпен түрен салып тосын із!

Шырқатамыз қуанышты асқақ әнін,  
Бұл ғанибет - жатырған бастау алып!  
Құт болсын туған күні **Абатжанға**,  
Алпысы құтты болсын асқаралы!

*Тілек иелері: группаластары (1981-1985 ж.ж.)*

*15 қараша 2023 жыл*

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

**Н.Х.Серғалиев,**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры, б.ғ.к., профессор*

**Құрметті ғалым-қонақтар! Ардақты әріптестер, ұстаздар мен студенттер!** Біздіңше, бүгінгі күн – Ақжайықтың ғылыми кеңістігінде арайлы да шұғылалы сәттердің бірі. Университетімізде өтіп жатқан **“Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері”** атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференциясына еліміздің іргелі оқу орындарынан әдебиеттанушы ғалым, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, академик Серік Негимов (*Астана*), Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессорлары, педагогика ғылымдарының докторлары Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов (*өнертанушы*), Жаңалық Қылышқызы Балтабаева (*тілтанушы*), Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Жарқынбике Нуайқызы Сүлейменова (*Алматы*), философ ғалым, Марат Оспанов атындағы Ақтөбе медициналық университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы, академик Алтай Тайжанұлы Тайжанов, ҚР Парламенті Сенатының эксдепутаты, сенатор, кеңесші Сәрсенбай Құрманұлы Еңсегенов, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Бөкенбайұлы Сабырлардың келуі және Түркия елінің Фырат университеті, Мугла Сытқы Кочман университеті, Гази университеті, Италия елінің Siena университеті (Universita di Siena) және Шымкент, Атырау, Қызылорда, Қарағанды, Ақтөбе, Ақтау, Петропавл (Қызылжар), Өскемен, Талдықорған қалаларынан, білім, ғылым ордаларынан қонақтардың арнайы қатысуы бүгінгі ғылыми мәжіліске және Махамбет университетіне көрік әрі салмақ әкелгені даусыз.

Қазақ халқында шешендік өнері, шешендіктану (*риторика*) ілімі бағзы мәдениет бұлақтарынан бастап б.з.б. V-VII ғ.ғ. арғы қазақ арналарынан бері жақсы дами бастаған. Ескі Эллада елінде риторикадан дәріс алған ойшыл Анақарыс бабамыз бұған дәлел. Баба мұрасына қайтара үңілген сайын тән жанның, жан жаратқанның аманаты екенін аңғара түсеміз. Қай кезеңде де жақсылық та тілден, жамандық та тілден болғанға ұқсайды. Қашан да сый жеңгендікі, сөз тергендікі емес пе... Ал біздің елімізде жыраулық мектеп қайнары – Жиёмбет, Шалкиіздер, сондай-ақ Әйтеке би, Сырым, Махамбет шешендігі – қазіргі зерттеуіміздің алтын қайнарлы басқыштары.

**Қадірлі қонақтар!** Қазақстан Республикасындағы екінші жоғары оқу орны – Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті 90 жылдық белді белесті артқа қалдырып, заманмен бірге қадам басып, заманауи ғылымдар биігін бағындырып келеді. Ғалымдарымыз өткен ғасырдың отызыншы жылдары *махамбеттану ілімінің (академик Қажым Жұмалиев)* түренін салып, алпысыншы жылдары *халықтық педагогика ғылымын (профессор Мәтжан Тілеужанов)* қалыптастыра алса, XXI ғасыр басында *шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негізін (профессор Абат Қыдыршаев)* салды. Бір ғажабы, 2022 жылдан бері университет қабырғасында “Махамбет” республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналы даярланады. *Басылымның бас редакторы – профессор Абат Сатыбайұлы.*

Ұлан-байтақ Қазақстанның рухани әлемі – жеке-дара ғылыми мектептерге бай. Керекуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Семейде Шәкәрім, Астанада руно балбал тастары, Атырауда Қабдоловтану, Алматыда көзі тірісінде аңызға айналған тілтану, шешендіктану саласының бірегей маманы, ірі лингвист, әдіскер ғалым Нұржамал Оралбаева мектептері күллі Қазақстанға, ТМД елдеріне әйгілі. Бүгінгі мерейтой иесі, ғалым Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев – осы филология ғылымдарының докторы,

академик, әйгілі ғалым Нұржамал Оралбаева мектебінің түлегі. Абат Сатыбайұлы ғылыми кеңесшісі Нұржамал Оралбаевамен бірлестікте зерделеу ісін жүргізіп, шешендіктану ілімін жоғары, арнаулы, орта мектеп бағдарламаларына енгізді. Мерейгер Абат Қыдыршаев алғашқы лекте қазақ орта мектебінде (1985-1990 ж.ж.) бес жылдай молынан тер төгіп, әуелі *“Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы”* тақырыбында кандидаттық диссертациясын (1995) қорғаса, кейін *“Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері”* (*Жоғары оқу орнының гуманитарлық бөлімдерінде*) тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының докторы атанды. Бұл ғылыми табыс Қазақстанның Батыс аймағы үшін айтулы абырой болды. Бүгінгі таңда Абат Сатыбайұлы – Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, “Ерен еңбегі үшін” медалінің иегері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Ендігі кезекте қазақ шешендіктану ғылымының теориясы мен әдістемесіне кешенді түрде зерттеулер жүргізіліп, мемлекеттік гранттық жобалар әзірлеу, “Педагогикалық риторика” монографиясының, “Шешендіктану” оқулығының толықтырылған, өңделген басылымдарын шығару келешегі (перспективасы) кезекте.

Ойшыл С.Лихудтың *“егер де көкте Құдайдың, кеудемізде жанның бары рас болса, онда адамзат тірлігі де риторикадан ажырағысыз”* деуі тегін бе. Философ, профессор Сәбитқазы Ақатаев: *“ Шешендік сөз – тек ауыз әдебиеті жанры емес, шешендік сөз әдебиетке де, философияға да ортақ... Ол – әлемді рухани игерудің формасы, пайымдар мен ақыл-ой жиынтығы”* деген-ді. Ал халық даналығында адамның сөзі – оның ақылының өлшемі делінеді. *Бүгінгі таңда зиялы адамның сүреңсіз де сәлекет сөйлеуі, яғни, шешен сөйлеу мәдениетінің төмендігі адам баласының оқи және жаза білмеуі сияқты ыңғайсыз көрінуі тиіс, ал білім беру мен тәрбиелеу ісін толық жүзеге асыруды шешендіксіз көзге елестету қиын.* Осы асыл сөз түйіндері конференцияның ғылыми лейтмотиві болуы тиіс деген ойдамын.

***Құрметті қонақтар, ғылымға жаңа келген жас достар! Аталмыш конференция шешендіктану көкжиегін айқара ашып, жаңа ізденістер мен жаңа ашылыстардың бастауы болғай!***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРІ**



**МИНИСТР  
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Астана қаласы,  
«Министрліктер үйі»

город Астана,  
«Дом министерств»

### **Құрметті Абат Сатыбайұлы!**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі және өз атымнан ізгі ниет, игі тілектермен Сізді мерейтойыңызбен құттықтаймын!

Сіз осынау асқаралы алпыс жасқа толайым табыстармен, үлкен жетістіктермен жеттіңіз. Саналы ғұмырыңызды білім мен ғылым саласына арнап келесіз.

Терең білім мен табанды еңбегіңіздің нәтижесінде бүгінде Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, профессор атағына ие болып отырсыз.

Еңбек жолыңызда өскелең ұрпақты біліммен сусындатып, сан буынның қадірменді ұстазы, ардақты тәлімгері атандыңыз. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері болуыңыз біліктілігіңіз бен кәсібилігіңіздің жоғары деңгейін көрсетеді.

Қазақ тіл білімінің әдістеме саласын дамытудағы еңбектеріңіздің, оның ішінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасын зерттеуіңіздің орны айрықша.

Халқымыздың бай шешендік өнерін насихаттауға қосқан зор үлесіңіздің жарқын мысалы – «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері», «Шешендіктану», «Шешендік өнер» сияқты республикаға танымал және көптің игілігіне айналған оқу-құралдарыңыз.

Мерейлі жасыңызда Сізге және отбасыңызға амандық, ғылыми-шығармашылық ізденістеріңізге кең өріс, ұстаздық еңбегіңізге мол табыс тілеймін!

Құрметпен,

**Саясат Нұрбек**



## ҚҰТТЫҚТАУ

*Құрметті Абат Сатыбайұлы!*

*Сізді мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын!*

*«Үстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, педагог атаулыға құрмет қашан да биік.*

*Орал өңірінде шешендік өнердің туын жоғары көтеріп, педагогика ғылымдарына зор үлес қосқан айтулы тұлғасыз.*

*Көп жыл бойы ұстаздық етіп, ғылыми еңбектер жазып, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде абыройлы қызмет атқарып, шәкірттердің шығармашылық қабілетін жона білген, шыңдай білген ардақты ұстаз, парасатты ғалым, білгір мамансыз.*

*Осынау мерейтойға орай қазақ елі үшін білікті педагогикалық кадрларды дайындау, ұлттық элитаны қалыптастыру, өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен өңірдің әлеуметтік-мәдени дамуына қосқан үлесіңіз үшін алғысымды білдіремін.*

*Өзіңізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақ-береке мен қызметіңізге толағай табыстар тілеймін!*

**Құрметпен,  
Батыс Қазақстан  
облысының әкімі**

*Түзүреш*

**Н. Төреғалиев**

*Орал қаласы,  
қараша, 2023 жыл*

О Р А А



## **ҚҰРМЕТТІ АБАТ САТЫБАЙҰЛЫ!**

Сізді 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Ақжайық жұртшылығы ұлағатты ұстаз, ғибратты ғұмырын білім саласын дамытуға арнаған үздік педагог әрі қоғам қайраткері, дархан даланың дарабозы, өнегелі өмір белестері тағылымға толы өзіңізді ерекше қадірлейді. Педагогикалық-ғылыми жұмыста асқан жауапкершілікпен, шебер ұйымдастырушылық қабілетіңізбен даралана білдіңіз. Біз қашанда ерен еңбекпен шыңдалған жасампаз болмысыңызды, көсемдік пен шешендік қатар дарыған азаматтық биік тұлғаңызды үлгі тұтамыз.

Сізді бүгінгі мерейтойыңызбен тағы бір мәрте құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға шаттық пен береке, ортаймас несібе-дәулет тілеймін. Жас ұрпақ тәрбиелеуде атқарып жатқан еңбегіңіз елене берсін!

**Ізгі тілекпен**  
**Орал қаласының әкімі**



**М.Сатқанов**

**Қайырлы күн, құрметті қонақтар, құрметті шараға қатысушар!**

Баршаңызды бүгінгі халықаралық конференцияның өту барысымен құттықтаймын!

Бүгінгі конференцияға алыс-жақыннан келген қонақтар мен еліміздің басқа қалалары мен Түркия елінің университеттерінен офлайн/онлайн қатысып отырған ғалымдар бар. Баршаңызға сәттілік тілеймін!

Біз бас қосып отырған М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті – 90 жылдық тарихы бар Қазақстандағы ең байырғы жоғары оқу орындарының бірі.

1932 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін үлкен тарихи жолдан өткен қара шаңырақ өзіндік брендін қалыптастырып, еліміздегі жоғары оқу орындары ішінен ойып тұрып орын алды. Бүгін де университет түлектері түрлі салада табысты еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне сүбелі үлес қосып жүр. Университет ұжымы қазіргі жаһандану дәуірінде тіл үйрену, ғылымға бет бұру, жаңа технологияларды игеру, ұлттық мәдениетті дамыту, заман талабына сай ұстаздар даярлау, болашақ чемпиондарды әзірлеу, халықаралық деңгейде ұлт мүддесін қорғау сияқты маңызды бағыттар бойынша мамандар даярлауда маңызды міндетті абыроймен атқарып келеді. Сондай-ақ, өзіндік дәстүрлері мен құндылықтарын қалыптастырған бірден - бір білім ордасы. Бұл, ең алдымен, қазақ ғылымының көрнекті тұлғалары, биология ғылымдарының докторы, профессор Всеволод Иванов, математик-ғалым Асан Тайманов, академик Қажым Жұмалиев, филология ғылымдарының докторы Мәтжан Тілеужанов сынды корифейлер қалдырған асыл мұра деуге болады.

Бүгінде осынау ғалым ағаларымыздың ізінен ерген университеттегі ұстаздар мен профессорлар құрамы аянбай еңбек етіп келеді. Олардың арасында күні кеше 60 жасқа толған тілтану, әдістану, шешендіктану салаларында тер төгіп жүрген белгілі ғалым, әдіскер-педагог, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевты** атап өткім келеді. Өйткені, бүгінгі халықаралық конференциямыз да осы мерейтойға орайластырылып өтіп жатыр.

*Абат Сатыбайұлы,* Сіздің есіміңіз еліміздің ғылыми жұртшылығы мен педагогикалық қауымына кеңінен таныс. Өзіңіздің ғылыми-әдістемелік еңбектеріңізбен және педагогикалық қызметіңізбен ұлттық ғылым мен білім беру ісіне өзіндік елеулі үлесіңізді қосып келесіз. Сонымен қатар, Сіз республикамызда «Шешендіктану» оқулығын тұңғыш рет жазып, мемлекеттік тіліміздің дамуына және мамандар даярлау ісіне зор үлес қосудасыз.

Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, қызметіңізге толағай табыстар тілеймін!

Құрметті қонақтар, құрметті шараға қатысушар! Баршаңызға сәттілік тілеймін!





# ҚҰТТЫҚТАУ

**Құрметті Абат Сатыбайұлы!**

Сізді мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын!


Сіздің білім және ғылым саласының дамуы мен өркендеуіне қосқан үлесіңіз зор!

Білім көшінің алға қарай жылжуына тәжірибелі, кәсіби, өз саласының білікті маманы ретінде сіңірген еңбегіңіз бен бойыңыздағы үлгі етер қасиеттерді өскелең ұрпаққа, шәкірттеріңізге сіңіре білгеніңіз баршаға аян.

Белгілі шешендіктанушы, бірнеше әдістемелік оқулықтар мен ғылыми мақалалардың авторы ретінде танымал ғалым-ұстазсыз. Сонымен қатар, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, облыстық Билер одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы ретінде өңірміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып жүрсіз.

Сізге, мерейтойыңыз қарсаңында шынайы алғысымды білдіре отырып, ізгі ниетпен зор денсаулық, отбасыңызға амандық, шығармашылық табыс тілеймін!

Құрметпен,  
БҚО қоғамдық даму  
басқармасының басшысы



Г. Мөкеева

Орал қаласы,  
қараша, 2023 жыл

## Құрметті Абат Сатыбайұлы!

Сіз ұлттық тілімізді осіп-өркендеуі мен оның мемлекеттік мәртебесін арттыруға, тіл білімінің ғылыми-әдістемелік негіздерін нығайту жолында еңбек етіп жүрген алімізді ғылыми жұртшылығы мен педагогикалық қауымына көңілен таныс, аяулы ғалымдарымыздың бірісіңіз. Бұған Сіздің өзіңіз білім алып Орал педагогикалық институтында оқытушылықтан басталған еңбек жолыңыз кафедра меңгерушісі, факультет деканы, «Мағамбет» ғылыми-зерттеу орталығының, «Мағамбет» ұрпақтарлық зерттеулер институтының, «Рухани жаңғыру» институтының, «Қоғамдық даму» департаментінің директоры қызметіне ұласып, ұлымыңыз өмір жолыңызда өзіңізге тапсырылған жұмыстарды абыройлы атқарып келе жатырғаныңыз дәлел.

Сіздің «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертацияңыз өзіңіздің құнды бағасы, «Шешендік танудың оқытушы ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертацияңыз шешендік тану ғылымына қосылған соны ұлес болды.

Сіздің қазақ тілін оқыту әдістемесі, шешендік тануды, шешендік өнерді оқыту теориясы мен практикасы, этнопедагогика, ахметтану, мағамбеттану, фарабитану, абайтану, жұбантану, және қазақ афористикасы секілді сан алуан бағыттағы қамтитын ауқымды көп 200-ден астам ғылыми-әдістемелік еңбектеріңіз бүгінгі таңда ғылыми-танымдық алмызды кеңейтіп, қоғамымызды баға жетпес қазынасына айналып отыр. Сіздің еңбектеріңіз студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және ғылыми көпшіліктің қалыңан түспей келе жатқан бағалы дерек көздері болып саналады.

Қадірменді Абат Сатыбайұлы, біз Сізбен мақтанамыз, өйткені Сіз ғылымның қара шаңырағы атанған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде аспирантурада, докторантурада оқып, кандидаттық және докторлық диссертацияңызды университет жанындағы диссертациялық Ғылыми кеңесте ойдағыдай қорып, ғалым атандыңыз.

Бүгінгі 60 жылдық мерейтойыңызда Сіздің қазақ халқының рухани тағдырымен біте қайнасып келе жатқан саналы ұрмысыңыз бен шығармашылығыңызды негізгі өмір мектебіне айналуды тілейміз, осы тыңылызды да тыңдығымыз қалыңыздан таппай, табыстан табысқа жете беріңіз. Осынау илтипат істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта берей! Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ тапмасын!

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
Басқарма Штрасы - ректор



Б.Тілеп

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ



## Құттықтау хат

Құрметті Абат Сатыбайұлы!



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылыми кеңесі атынан мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Сіз ұлағатты ұстаз, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, ҚР Журналистер одағының мүшесі ретінде оқытушылық және ғалымдық жолыңызды зор қажыр-қайратпен, үлкен абыроймен жалғастырып келесіз. Ұстаздықпен қатар, ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеттеріңіздің арқасында 1990 жылы Орал педагогикалық институтына арнайы шақыртумен қызметке ауысып, 1990-1992 ж.ж. қазақ тілі кафедрасының ассистенті, оқытушысы, филология факультеті деканының орынбасары болдыңыз.

1995-1996 жж. «Қазақ тіл білімі» кафедрасының, 1996-1997жж. «Қазақ лингводидактикасы» кафедрасының меңгерушісі, 2011-2012 жылдары филология, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика және психология факультеттерінің деканы қызметтерін абыроймен атқардыңыз. Сонымен қатар 2009-2011 жылдары Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде еңбек етіп, тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор лауазымында жұмыс жасадыңыз.

2011 жылдың тамыз айынан бастап Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті педагогика факультетінің деканы, Халықаралық көптілді білім беруді дамыту орталығының директоры, сонымен қатар «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы қызметін белсенді жүргізіп келесіз.

Бүгінгі таңда сіздің жетекшілігіңізбен бір шоғыр шәкірттер мектепке дейінгі тіл ширату мәселесімен, бастауыш, орта, жоғарғы сыныптардағы шешендік өнерді оқыту, жоғары оқу орындарында риториканы оқыту, көшбасшы студенттердің сөйлеу мәдениетін, шешен сөйлеу білік-дағдыларын қалыптастыру проблемаларымен шұғылданып, кең көлемді ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыстармен айналысып жүр, бұл сіздің білім мен ғылымға салған жемісті жолыңыз деп білемін.

Құрметті Абат Сатыбайұлы, ұстазы жақсының, ұстамы жақсы демекші, Сіз алты белеске қазақ тілі мен әдебиетін дамытудағы тынымсыз қызметіңіз, еселі еңбегіңізбен шығып отырсыз. Осы өнегелі жолыңызды абыройлы жалғастыра беріңіз. Өзіңізге және отбасыңызға денсаулық, ұзақ ғұмыр, төлағай табыстар тілеймін.

Құрметпен,  
Басқарма төрағасы – Ректор

Саламат Идрисов

Атырау қаласы, 17 қараша 2023 жыл

## *Құрметті Абат Сатыбайұлы!*

Сізді Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректораты, профессор-оқытушылар құрамы атынан 60 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Ел үшін аянбай қызмет етуді басты парыз санайтын, ұлт мүддесін ойлаған абзал да ардақты азамат ретінде киелі де қастерлі мекен – Махамбеттей өр ақынның, елді жаудан қорғаған от жүректі батырдың туған өлкесінің перзенті ретінде Абат Сатыбайұлы Сіз жүйрік уақыттың үшқыр қанаты қолдап, ордалы отағасының жасы асқар тау – 60 жастың белесіне келдіңіз.

Сіз Қазақстанның жоғары білім беру ісі мен әдістеме ілімі, ахметтану, шешендіктану ғылымдарын дамытуға, зерделеуге аса зор үлес қосқан, күллі өмірін білім беру саласына, ғылым ісіне арнаған, сан мыңдаған шәкірттердің жүрегінде ғылымға сүйіспеншілікті оятқан зерделі ғалым-ұстазсыз!

Сіздің алғашқы еңбек жолыңыздан бастап кәсіби маман тұрғысында қалыптасып, білікті басшыға дейін биіктеуіңізді адал қызметіңіздегі табанды да тегеурінді еңбегіңіз бен ұзақ жылдық басшылық қызметтегі біліктілік деңгейіңіздің жемісті үлгісі қалпында бағалаймыз!

**Қадірлі Абат Сатыбайұлы!** Мерейтойыңызбен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, мол күш-қайрат, ұзақ ғұмыр тілейміз!

*Құрметпен, М.Өтемісов атындағы Батыс*

*Қазақстан университетінің*

*Басқарма төрағасы*



*Н.Х. Серғалиев*

*Орал қаласы, 2023 жыл*

## ШЕШЕНДІКТАНУДЫҢ ШЫҢЫНА ШЫҚҚАН...

Серік Негимов,

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, академик*

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері *Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының* мерейтойы қарсаңында ғалымның шығармашылық еңбегіне орай ұйымдастырылған Халықаралық «Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері» атты ғылыми- тәжірибелік конференцияға қатысушыларды шын жүректен құттықтаймын!

Дүбірлі шараның негізгі темірқазығы, бел омыртқасы қазақ шешендіктану ғылымына ғалым әріптесіміз өзіндік зор үлесін қосып, күллі Батыс өңірінің барлық мекемелерінде осы сала негізінде түрлі шеберлік сағаттарын, тренингтерді, дәрістерді ұйымдастырып, артымыздан ерген жас болашаққа, мамандарға риторика ғылымының қилы қыры мен теориясын, тарихын, тәжірибесін саналарына ұғындыра білді. Айта кетерлік жайт, біртуар ғалым Абат Сатыбайұлының басшылығымен Республикада алғашқылардың бірі болып белді жоғары оқу орындарының арасында «*Үздік шешен студент – 2023*» байқауының өтуі де конференцияға айрықша ажар бергені анық.

Шешендік өнер – қай заманда да, қандай қоғамда да қауымға, көпшілікке қайтарымды әсер ететін, тұлғаның санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытатын орасан зор қуатты құрал. Шешендік – күні бүгінге дейін құдірет-күшін, қарым-қасиетін жоймаған өнер. Ендеше, осынау бір таңғажайып тамаша өнердің тұңғығына бойлап, кереметіне кенеліп көргенге не жетсін! **Республикалық байқау мақсаты да** – халық арасындағы шешендіктің өз қадір-қасиетін жоймаған, әрқашан дамуын тоқтатпаған ең өміршең өнер екенін аңғарту; шешендіктің, ең алдымен, көкейдегі ойды жүйелі құрау мен айтылмақ пікірді ұтымды жеткізудің, көпшілік алдында сөз сөйлеу шеберлігінің ең жоғарғы сатысы екенін таныту. Студенттерді шешендік өнер негіздерін, яғни, көпшілік алдында түсінікті де қызғылықты және иланымды сөз сөйлеу білігін әбден меңгеруге баулу; шешендік сөзді жанды сөз әрекеті арқылы көрініс беретін эмоционалды-интеллектуалды шығармашылықтың ерекше бірегей түрі екенін меңгерту арқылы шешендіктің жастар көркі екеніне акцент беру; студенттерге сөздің мағынасы қалай мәнерлеп айтылғанынан таныларын, сөздің тәмсілімен тамашалығын аңғарту; мақал айтсаң, жол сілтегенің, мәтел айтсаң, жан жұбатқаның тұрғысында таразылауға ойланту. Қысқасы, нәтижеде жоғары оқу орны студенттерін ертеңгі кәсіби маман тұрғысында ұлттық құндылықтардың көзі **шешендік өнер тағылымына** бойлату, шешен сөйлеу мәдениетіне баулу екені анық. Қазіргі қоғамға, әсіресе, Жаңа Қазақстан қоғамына лидер, патриот, стратег мамандардың ауадай қажет екені белгілі. Осы тұрғыда шешендіктану өнерін насихаттау, меңгерту үрдісінде шешендік білік-дағдылар жастар бойына дарып, мәдени өмірімізге рухани серпіліс танытатыны сөзсіз.

Сондай-ақ, бүгінгі өткізіліп жатырған конференциямыздың да жас буынды тәрбиелеуге үлесінің мол екенін сөз еткім келеді. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының негізгі бағыттары да түрлі тақырыптарды кең көлемде қамтыған. Мәселен, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының ғалымдық, ритор-педагогтық және көшбасшылық тұлғасы; Қазіргі қоғамдағы шешендіктану: тарихы, философиясы және практикалық қажеттілігі; Қазақ дипломатиялық шешендіктануының тарихи арналары; Жоғары оқу орындарындағы шешендіктану: педагогикасы, психологиясы және әдістемесі; Педагогикалық шешендіктану және ритор-педагогтың шешендік шеберлігін жетілдіру мәселесі; Шешендік дәстүр және ұлт руханияты. Шешендік – ұлттық құндылық көзі; Қазақ мектебіндегі шешендіктану: теориясы, оқыту технологиясы және тәрбиелік мәні; Философия және шешендік өнер. Шешендік тағылым және көшбасшы шешендігі; Риторикалық дискурс: когнитивті-прагматикалық және құрылымдық-стилистикалық аспектілері; Риторикалық мәдениетті қалыптастыру – рухани жетілудің тиімді жолы; Лингвориторикалық парадигма: теориялық және қолданбалы аспектілері; Сырым Датұлы шешендік сөздерінің тағылымдық сипаты; Шешендіктанудағы юмор мәселесі. Тарихи тұлғалар шешендігінің көркем әдебиеттегі көрінісі; Қазақ афористикасының танымдық-тағылымдық сипаты, т.б. Қысқасы, ұсынылған тақырыптардың қай-қайсысы аса өзекті.

Би-шешендер – шешендік өнердің негізгі доминанты (қозғаушы күші). Қазақ шешендік өнерінің піспегі – шешен билер де, күбісі – халық. Ел есінде жүрген шешендік нұсқалардың туындыгері – шешен-би. Студенттің шешендік сөз құрай білу білік-дағдыларын қалыптастырудың

нәтижелі болуы шешендік өнерді үйрету әдістемесінің теориялық негіздерін терең анықтаумен тікелей байланысты. Өйткені шешендік өнерді үйрету әдістемесінің мазмұны тек әдіс-тәсілдер жиынтығынан ғана тұрмайды. Бұл жүйеде шешендіктануда (риторика) лингвистика, логика, психология, дидактика ғылымдарының қажетті мәліметтері де маңызды қызмет атқарады. Студенттердің болашақ кәсіби қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес, шешендік өнердің заңдылықтары мен шешенге қойылатын көптеген талаптардың қажеттіліктері теориялық тұрғыдан талданып, сараптама жүзінде дәлелденіп, әдістемелік бірізділікпен жүйеленіп орналастырылуы. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде шешендік өнерді үйрету сабақтарына сұраныстың өсіп келе жатқанына ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау арқылы көз жеткізудеміз. Бүгінгі алқалы жиынның да жастарға берер тәлімі мол деп білеміз. Осы айтылған қоғамдағы өзекті мәселелердің барлығын қамтуға асығатын, шешендіктанудың жілігін шағып, майын ішкен Әбекең екені сөзсіз!

**Құрметті Абат Сатыбайұлы!** Еліміз әлемдік қауымдастық алдында сан салада қарқынды дамуда. Осы орайда **Сіз - шешендіктану саласының дамуына елеулі еңбек сіңірген қажырлы қайраткерсіз. Тәңір тарту еткен қасиеттің қадірін біліп, ұлт руханиятын жаңа деңгейге көтеру жолындағы еселі қызметіңіз үшін Сізге қазіргі және кейінгі жаңа ұрпақтың алғысы мол. Сізден дарыған қос қасиет өмірлік дағдымызға айналуға. Ол – үйренуден хәм үйретуден жалықпау. Алдағы уақытта да елдің есінде сақталатын ғылыми-шығармашылық туындыларыңыздың мол болуына тілектеспін! Осы ізгі жолда қажыр-қайратыңыз арта бергей! Сізге, Құдайым, ұзақ зұмыр, мықты денсаулық, отбасыңызға амандық пен ортаймас несібе-дәулет бергей! Шалқар шабыт тілеймін, Батыс Қазақстан өңірінің Бас аға биі!**

ӘОЖ 82:316.3

## HİTABET TÜRK DÇNYASI İÇİN ORTAK DEĞERDİR

Prof.Dr. Ahmet Buran  
Türkiye, Fırat Üniversitesi

Sayın Rektör! Batı Kazakistan Üniversitesi'nde M. Otemisov'un adını taşıyan dünya retoriği bilimi üzerine uluslararası bir konferansın dÇzenlenmesine verdiđiniz destek için minnettarım. Kazakistan'da daha önce bÇylesine küresel bir sorunla ilgili bir konferans-sempozyum yapılmamıÇı.Türk halkının bilgeliđinin örnekleri olan konuşmalar, yüzyıllardır kamuoyunun eleştirilerinden sıyrılan değerli bir mirastır. Cicero, "Hatip Üzerine" adlı eserinde üç tip hatip olduđunu söyler: Konuşmasını katı bir düzen içinde sunan hatip, ciddi analiz ve "soğukkanlılık"; izleyicinin duygularını etkilemeyi amaçlayan, belirli ÇađrıÇımlar yaratan daha tanımlayıcı ve mecazi öğeler kullanan tutkulu bir hatip;

Yukarıdaki tarzların her ikisinin de unsurlarını sırayla ustaca kullanan bir hatip. Bir konuşmacı dinleyicileri farklı Çkillerde etkileyebilir. Bazı hatipler seslerinin gücÇ, netliđi, tartıÇma becerisi, düşünme mantıÇı ile dinleyicilerini büyülerken, bazıları diđerlerinde bulunmayan duygusallık, ifade nitelikleri, mecazi ve sanatsal konuşmalarıyla ayırt edilir. İyi bir konuşmacı olmak gerçek bir konuşmacı için yeterli deđildir. Esprili olmak, grup önünde konuşabilmek, grup önünde konuşmaya kekemelik yapmadan baÇamak için cesur olmak, konuşma yarıÇmalarında sakin olmak gerekiyor.

GünÇmÇz bilim adamları arasında tanınmıÇ bir bilim adamı olan Kydyrshaev Abat Satybayuly, kendine özgü sesi, dÇHnce derinliđi, karizması ve geleceÇi ile izleyiciye ilham veren belagat, pedagoji gibi halk edebiyatı söz konusu olduđunda özellikle anılmaktadır. Ona Kazak eđitimi alanında seçkin bir bilim adamı olarak saygı duyuyorum. Herkes yenilik konusunda tutkuludur. İleri retorik yöntemlerinin tanıtılması sürecine aktif olarak katılır.

BugÇnkÇ uluslararası bilimsel-pratik konferansın "Modern toplumda ve eđitimde topluluk önünde konuşmanın acil sorunları"nın sadece Kazak halkına deđil, aynı zamanda Türk kökenli ülkelere de katacađı çok şey olacak etkinliklerden biri olduđuna inanıyorum. bir sonraki nesil.

**Sayın Abat!** Böylesine şenlikli bir günde size içtenlikle büyüÇk sağlık ve yorulmaz güç diliyoruz!

Ахмен Буран

филология ғылымдарының докторы,  
профессор (Түркия, Фырат университеті)

**Құрметті ректор мырза!** М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде әлемдік риторика ғылымына қатысты халықаралық конференция ұйымдастыруға қолдау жасағаныңызға ризашылығымды білдіремін. Қазақстанда бұрын мұндай әлеми проблемаға қатысты конференция-симпозиум өткен жоқ.

Түркі халқының даналығының үлгісі шешендік сөздер – ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра. Цицерон «Шешен туралы» деген еңбегінде шешеннің үш түрі бар екендігін айтады: айтылмақ ойын қатаң тәртіппен, байыпты талдаумен, «салқын қандылықпен» ұсынатын шешен; аудиторияның сезіміне әсер етуді мақсат етіп, белгілі бір ассоциациялар тудыратын көркемдеуіш-бейнелеуіш элементтерді көбірек пайдаланатын қызуқанды шешен; ретіне қарай жоғарыдағы екі стильдің де элементтерін шебер қолданатын шешен. Шешен тыңдаушыларға әр түрлі жолмен әсер ете алады. Кейбір шешендер тыңдаушыларын дауыс күшімен, айқындылықпен, дәлелдеу шеберлігімен, ойлау логикасымен баурайды, кейбіреулер өзгеде жоқ эмоциональдылық, экспрессивтік қасиеттермен, образды, көркем сөйлеуімен ерекшеленеді. Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.

Аудиторияны өзінің ерекше дауыс шерлігімен, ойдың тереңдігімен, харизмасымен және келешекке бастайтын халық әдебиеті, оның ішінде шешендіктану, педагогика туралы сөз қозғалғанда бүгінгі ғалымдардың қатарында танымал ғалым, Қазақстандық әріптесіміз Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының есімі ерекше аталады. Қазақ білім беру саласындағы көрнекті ғалым ретінде құрметтеймін. Өркез жаңашылдыққа жаны құмар. Риториканың (шешендіктанудың) озық тәсілдерін енгізу процесіне белсене қатысады.

Бүгінгі «Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция тек қазақ жұртына ғана емес, түркі тектес елдерге, кейінгі жас ұрпаққа берері мол шаралардың бірі деген ойдамын.

**Қадірлі Абат мырза!** Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз! Ғылым саласында қанатыңыз талмасын!

## KONUŞMA İLKELERİ

Prof.Dr. Ekrem Ayan

Türkiye, Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi

Bildiğimiz gibi Kazak halkı doçal olarak hitabet sanatına yatkındır. Hem biz hem de diçerleri onun esprili ve zeki, mecazi ve anlamlı, asil ve mübarek, bilge ve bilge dçñncelerinden bahsediyoruz. Kazak hitabet sanatı atalardan miras kalan, altın zinciri kopmamıç çrefli bir sanattır. Denizin derinliklerinde sallanan inciler gibi, pek çok kişinin aklında kalan belagatli sözler, yüzyıllardır insanların hafızasında muhafaza ediliyor.

Profesör Abat Satybayuly'nin adı sadece Kazakistan bilim camiası ve pedagoji camiasında değil, aynı zamanda eserleriyle Türk dçnyasında da yaygın olarak tanınmaktadır. Kanaatimizce o, bilimsel ve metodolojik çalıçmaları ve pedagojik faaliyetleriyle dünya bilimine ve eğitime önemli katkılarda bulunmaktadır. Bir retorist-bilim adamının çñcülçñnde dçzenlenen "Modern toplumda ve eğitim alanında belagatin güncel sorunları" adlı uluslararası bilimsel-uygulamalı konferans, sadece Kazak belagat bilimi için değil, aynı zamanda Türkçe konuşulan ülkeler için de büyük önem taşıyor.

Etkinliğin ana direçi ve omurgası olan Profesör Abat, sadece Kazakça retorğinde değil, Türk bölgesinin tüm kurumlarında bu alana dayalı çeşitli ustalık sınıfları, eğitimler, konferanslar düzenleyebilmekte ve gençlerin uzmanlar retorik biliminin çeşitli yönlerini, teorisini, tarihini ve deneyimini anlarlar. Canımız! Ankara ve İstanbul üniversitelerinde dçzenlenen sempozyumlarda retoristlerin bilimsel raporları bunu kanıtlamaktadır.

**Sayın Abat!** 60. yaş günçñzde sizi içtenlikle kutluyoruz! Size ve ailenize sağlık ve uzun ömür diliyorum!

Экрэн Аян

*филология ғылымдарының докторы, доцент  
(Түркия, Мугла Сытқы Кочман университеті)*

Бізге мәлімі, қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, ақыл-нақылды қомақты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз. Қазақ шешендік өнері – атадан мирас болып, алтын баулы желісі үзілмей келе жатқан ардақты өнер. Теңіз тербеп тереңінде шайқалған інжу маржандай ғасырлар бойы халық жадында сақталып, жұпталып көптің көкейіне орнаған шешендік сөздер шешендердің даналық сөздерінде ашылады, айқындалады, ал шешендер әлденеше ұрпақтың сана сезімін аралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді жаттап, жадында сақтайды, керекті жерінде жаңартып кәдеге жаратады.

*Профессор Абат Сатыбайұлының* есімі Қазақстанның ғылыми жұртшылығы мен педагогикалық қауымына ғана емес, еңбектері арқылы түркі әлеміне де кеңінен таныс. Біздіңше, ол өзінің ғылыми-әдістемелік еңбектерімен және педагогикалық қызметімен әлемдік ғылым мен білім беру ісіне елеулі үлес қосуда. Ритор-ғалымның жетекшілігімен өткізіліп отырған «Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы қазақ шешендіктану ғылымы үшін ғана емес, түркі тілдес елдерге де аса маңызды.

*Профессор Абат мырза* дүбірлі шараның негізгі темірқазығы, бел омыртқасы ретінде қазақ шешендіктану ғылымына ғана емес, күллі түркі өңірінің барлық мекемелерінде осы сала негізінде түрлі шеберлік сағаттарын, тренингтерді, дәрістерді ұйымдастырып, жас мамандарға риторика ғылымының қилы қыры мен теориясын, тарихын, тәжірибесін ұғындыра білуде. Тәнтіміз! Оған шешендіктану сардарының Анкара, Стамбул университеттеріндегі өткізілген симпозиумдарда жасалған ғылыми баяндамалары дәлел.

**Ардақты Абат мырза!** Сізді 60 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін!

Gülsün EROĞLU

*Türk Dili Okutmanı  
Türkiye, Milli Eğitim Bakanlığı*

Bireysel ve toplumsal hayatta önemli bir yeri olan konuşma; okul, iÇve toplum hayatında baÇarı ya da baÇarısızlıÇı belirleyen etmenlerden biridir. Kutadgu Bilig'te “İnsanda dilince deęişir kader / Ya yurda baş olur, ya baş gider.” sözleriyle anlatılmak istenen düşünce de aynı inancı yansıtır. Konuşma çağlar boyunca insanın insanla ilişkilerini düzenlemede, kişilerin birbirini etkilemede önemli bir yere sahip olmuştur.

İletişim ne kadar etkili, düzenli ve açık olursa aynı oranda başarı sağlanır. Başarılı iletiÇmin anahtarı ise güzel konuşma, anlaÇır olma ve sesi etkili kullanmadır.

İnsanları ya bakıÇarımızla ya da dilinizden çıkan kelimelerin güzellięiyle ve kuvvetiyle etkilersiniz. Tarihe damgasını vuran insanlar, güzel konuşmalarıyla, etkili hitabetleriyle kitleleri sürÇkleyip başarılarına imza atmıÇardır.

KonuÇma eęitiminin insan hayatındaki önemli rolü olduęunu gözden uzak tutmadan, etkili ve güzel bir konuşma eęitimi, zihinsel ve fiziksel boyutları dikkate alınarak ve bu temel üzerinde yapılmalıdır.

Doęru ve güzel konuşmanın kiÇlik geliÇmiyle de çok yakın ilgisi vardır. Bundan dolayı öğretilen, her şeyden önce ÇÇrencilerin konuşma becerisini geliÇirmelidir. Çünkü hem öğrenci başarısı için, hem de sağlıklı kişilik geliÇmi için bu gereklidir.

Konuşma yetisi doğuştan getirilir fakat doęru ve etkili konuşma eęitim ile elde edilen bir beceridir. Etkili ve güzel konuşma eęitiminin geliştirilmesi bireylerin toplum halinde yaÇamalarında çok büyük bir öneme sahiptir. Bu sebepten dolayı konuşma becerisinin geliÇirilmesinde biz, dil öğretilenlerine büyük sorumluluk dÇmektedir.



Kazak soydaǵarımızın konuǵna becerilerinin çok gelişmiş olduğu herkesçe bilinen bir gerçektir. Batı Kazakistan Makhambet Ötemisov Üniversitesinde bir yılı aşkın süredir görev yapmaktayım. Bu süreç boyunca katıldığım yemeklerde, doğum günü, doğum, Nevruz gibi birçok etkinlikte gözlem yapma fırsatı buldum. Kazak soydaşlarımızın konuǵna konusundakendilerini çok geliştirdiklerini ve bu konuda başarılı olduklarını bizzat gözlemleme şansım oldu. Bunda Sayın Profesör Abat Satybayuly gibi alanında ve hatiplik konusunda uzman olan bilim insanlarının ve onun yetiştirdiği öğrencilerin payı büyüktür.

Sayın Profesör Abat Satybayuly'nın 60. yaş günü vesilesiyle düzenlenen "Modern Toplumda ve Eğitimde Topluluk Önünde Konuşmanın Acil Sorunları" konulu konferans oldukça önemli ve verimliydi.

**Sayın Profesör Abat Satybayuly**, sizin gibi değerli bir bilim insanından öğreneceğimiz çok şey var. Yeni yaşamızı en içten dileklerle kutlar, sevdiğinizle beraber mutlu, huzurlu ve uzun bir ömür dilerim. Saygılarımla ve hizmetlerimle...

**ӘОЖ 82:316.3**

## **СӨЙЛЕУ ТӘРБИЕСІ ҚАЖЕТ**

**Гүлсін ЕРОҒЛУ**

*Түрік тілі оқытушысы  
Түркия, Ұлттық білім министрлігі*

Сөйлеу жеке және қоғамдық өмірде маңызды орын алады. Бұл–мектептегі, бизнестегі және қоғамдық өмірдегі сәттілік немесе сәтсіздікті анықтайтын факторлардың бірі. «Құтадғу білікте»: «Тіліне қарай тағдыр өзгереді», «Ел басына не жетеді, не жойылады» делінген. Бұл сөздерде айтылған ой да сол сенімді көрсетеді. Сөз ғасырлар бойы адам мен адам арасындағы қарым-қатынасты реттеуде, бір-біріне әсер етуде маңызды орынға ие болды.

Қарым-қатынас неғұрлым тиімді, жүйелі және анық болса, соғұрлым табысқа жетеді. Табысты қарым-қатынастың кілті - жақсы сөйлеу, түсінікті болу және дауысты тиімді пайдалану.

Сіз адамдарға не түріңізбен, не аузыңыздан шыққан сөздердің сұлулығымен және күшімен әсер етесіз. Тарихта ізін қалдырған тұлғалар әдемі сөзімен, әсерлі шешендігімен қалың бұқараны өзіне баурап, табысқа жетті.

Сөйлеу тәрбиесінің адам өміріндегі маңызды рөлін естен шығармай, ақыл-ой және дене өлшемдерін ескере отырып, әсерлі де әдемі сөйлеуге үйрету осы негізде жүргізілуі керек.

Дұрыс және әдемі сөйлеу тұлғаның дамуымен тығыз байланысты. Сондықтан мұғалім ең алдымен оқушылардың сөйлеу дағдысын жетілдіруі керек. Өйткені бұл оқушының табысты болуы үшін де, тұлғаның салауатты дамуы үшін де қажет.

Сөйлеу қабілеті туа біткен, бірақ дұрыс, әсерлі сөйлеу – білім беру арқылы қалыптасқан дағды. Жеке адамның қоғамда өмір сүруі үшін әсерлі де мәнерлі сөйлеу тәрбиесін дамытудың маңызы зор. Сол себепті сөйлеу дағдысын қалыптастыруда бізге, тіл мұғалімдеріне, үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Қазақ қандастарымыздың сөйлеу шеберлігі өте дамығаны белгілі. Менің Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде жұмыс істеп жатқанымға бір жылдан асты. Осы процесіте мен кешкі ас, туған күн, үйлену тойы және Наурыз сияқты көптеген оқиғаларды бақылауға мүмкіндік алдым. Қазақ қандастарымыздың сөйлеу мәдениетін біршама жетілдіріліп, бұл тұрғыда табысқа жеткенін өз көзіммен көрудің сәті түсті. *Бұған профессор Абат Сатыбайұлы сынды өз саласының, шешендік өнерінің майталман ғалымдары мен ол дайындаған шәкірттердің үлесі зор.*

Профессор Абат Сатыбайұлының 60 жылдық мерейтойына орай өткізілген «*Қазіргі қоғам мен білім берудегі шешендік танудың өзекті мәселелері*» атты конференция өте маңызды әрі нәтижелі болды.

**Құрметті профессор Абат Сатыбайұлы!** Сіздей асыл ғалымнан үйренеріміз көп. Сіздерді жаңа жылмен құттықтаймын және жақындарыңызбен бақытты, бейбіт және ұзақ өмір сүрулеріңізді тілеймін! Құрметпен және ең жақсы тілекпен түрік қызы Гүлсін Ероғлу.

## ГИБРАТЫ МОЛҒАЛЫМ

**Мұрат Сабыр,**

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

XX ғасырдың 90-жылдары - Кеңес Одағының ыдырауы, Қазақ елінің жаңғыруы, тәуелсіздігіміздің жариялануы қараңғы дүлей түннен кейін сәруар таң атқандай дүние жаңарған, сана ояңған алапат өзгерістер кезеңі. Сөз жоқ осы кезеңде А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты да елмен бірге түледі, жаңарды. Қазақ филологиясындағы байырғы елге танымал ұстаз-ғалымдардың қатары сайдың тасындай қыз-жігіттермен толықты. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітіріп Мұрат Сабыров, Нұрлан Майманов, Люба Құсайыновалар келді, ал ауылдан тәжірибелі мектеп мұғалімдері Абат Қыдыршаев, Болат Жексенғалиевтар арнайы шақыртылды. Ғұлама декан Серікқали Шарабасовтың соңынан ердік, атақты ғалымдар Ғабдырахим Әбуханов, Қалимолла Мырзағалиев, Мәтжан Тілеужановтар салған сара жолмен жүріп, ешбіріміз адасқан жоқпыз, жаман жерді басқан жоқпыз. Сол жас мамандардың ішінен жұлдызы жарқырап, өзгеге ұқсамайтын дара жолмен жүріп, өскен, өнген тұлға-**Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев**.

Абат Сатыбайұлы ардақты ана Зылиха мен асқар таудай әке Сатыбайдың кіндігінен тараған бір ұрпақтың үшіншісі болып Гурьев (*Атырау*) облысы, Теңіз (*Құрманғазы*) ауданы, Киров (*Зормата*) ауылдық кеңесінің Тайланбай ауылында дүниеге келген. 1981 жылы осы ауданның Бөкей хан ауылдық округіндегі (*бұрынғы Котяев селосы*) Н.К.Крупская атындағы орта мектебін (*бүгінде Фариза Оңғарсынова атында*) бітіріп, осы жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының филология факультетіне қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1985 жылы аталған білім ордасын үздік тәмамдаған. Жасынан *«алқада сөз сөйлемес бізден бұрын»* деп тау-тасты жарып сөйлейтін Адайдың жеті қайқысы мен бес жүйрігінің сөз өнерінен, жыр дариясынан сусындап өскен бозбаланың қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын таңдауы да - заңды құбылыс. Ол 1985 жылы Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы К.Маркс атындағы (*қазір Әбу Сәрсенбаев атында*) орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Жақсы мұғалім мектептің жүрегі емес пе. Абат Сатыбайұлы жас маман, жақсы мұғалім ретінде абыройлы қызмет атқарды. Әйгілі Максим Горький 1912 жылы И.Д.Сургучевқа жазған хатында *«Русьтағы ең жауапты және қиын қызметпатшаның қызметі емес, әдебиетшінің қызметі»* деген-ді. Ал бүгінгі Қазақстандағы ең жауапты, қиын да күрделі қызмет - министрдің де, әкімнің де емес мұғалімнің қызметі, оның ішінде ең жауаптысы-қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Жауаптылығы сол, жас маман сауатсыз болса, іс қағазын жаза алмаса, ойын дұрыс жеткізіп сөйлей алмаса, мекеменің маңдайшасындағы атаулардан қате кетсе, жарнама сауатсыз болса, сценарий дұрыс құрылмаса, Наурыз тойы ойдағыдай өтпесе, оқушы тентектікжасап, дөрекілік көрсетсе, басты кінәні қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінен көреміз. Өйткені қазақ тілі мен әдебиеті - рухани тәрбиенің көзі. Сәби дүниенің ананың тілімен таниды. Адамзат баласы тал бесіктен жер бесікке дейін жақсы мен жаманды сөз арқылы айырады, ұғады, түсінеді. Демек, адамды адам ететін, ұлт азаматын қалыптастыратын тұғыр - *гуманитарлық білім*. Абат Сатыбайұлы - бірінші кезекте, шәкірт тәрбиелей де, шәкіртті білімге қызықтыра да білетін, оған тиісті талап қоя алатын мұғалім. Иә, *Мұғалім* - мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі (*Ян Амос Коменский*). Мектепке білімді, педагогиканы, психологияны, әдістемені терең білетін, жақсы оқыта білетін мұғалім керек болса, ондай тәжірибелі оқытушы жоғары оқу орнына да қажет. Сондықтан да Абаттың 90 - жылдары қара шаңырақ пединститутқа арнайы шақыртылуы деканаттың дұрыс шешімі болғанын өмір дәлелдеді.

Бүгінде Абат Сатыбайұлы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, «ҚР Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының (2007), атағының (2012) иегері, Ресей Риторикалық қауымдастығының мүшесі (2009), ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері (2012), Еуропалық ғылыми-өндірістік палатасы Алтын медалінің және сапа жөніндегі дипломының (Diplomdi Merito) иегері (Мәскеу, 2013), ҚР Журналистер одағының мүшесі (2015), «Қазақстанның Құрметті ұстазы» (2019), «Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясының бас редакторы, жоба жетекшісі, «Үздік педагог-зерттеуші», «Жоғары оқу орнының үздік педагогы» (2020), «Үздік ұстаз» (Алматы, 2021), «Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы», «Астана патриоты» (2023) төсбелгілерінің иегері,

Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері, «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы (2022). Профессор А.С.Қыдыршаевтың есімі 2023 жылы «Қазақстан ТОП 100 үздік тұлғасы» - «ТОП 100 успешных людей Казахстана» энциклопедиясына, «Қазақстанның Алтын кітабына» («Золотая книга Казахстана») (Астана, 2023) енгізілді. Бұған қоса жуырда Абат Сатыбайұлы «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері (2023 ж., қазан) мемлекеттік марапатына ие болып, «Құрманғазы ауданының құрметті азаматы» атағының иегері (қазан 2023 ж.) атанды.

Абат Сатыбайұлы - Қазақстандағы оқыту әдістемесін, шешендік өнердің теориясы мен тәжірибесін, жоғары оқу орындарында және орта мектептерде риториканы оқыту әдістемесі мен технологияларын зерттеуге мол үлес қосып жүрген бірден-бір нәтижелі табысты ғалым. *Табысты адамның өмірде қолы жеткен жағдайымен емес, табысқа жетудегі жеңген кедергілерімен өлшеу керектігі* тұрасындағы тәмсіл бары мәлім. Осыншама атак, дәреже, абырой биігіне Әбекең соқтықпалы, соқпақсыз қиын жолдардан өту арқылы жетті. *«Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап, әуре етеді ішіне құлық сақтап, өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап»* деген ұлы Абай ғибратын кие тұтты. Еліміз тәуелсіздігін жариялаған өтпелі кезеңдерде теңге тұрақсыз, ақша құнсыз тұста аш құрсақ болса да аққанат армандардың жетегінде жүріп, 1993-1995 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аспирантурасында оқыды. *«Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек»* деп ұлы Мұхтар Әуезов тегін айтпаса керек-ті. Өз ісіне мұқият, жанкешті еңбекқор, бір минутын зая жібермейтін, бірнеше жерде жұмыс істеп, кітапханада кітап кеміруге де уақыт таба білетін Әбекең өз тұстастарына үлгі болды. Талант тоғыз, табандылықпен тоқсан тоғыз. Табандылықсыз ғылымда жетістікке жету мүмкін емес. 1995 жылы ғылымдағы еңбекқорлығымен аңызға айналған академик Нұржамал Оралбаеваның ғылыми жетекшілігімен «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғады. 1998 жылы «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» атты жеке монографиясы жарық көреді. Профессор Нұржамал Оралбаева осы зерттеу еңбектің алғы сөзінде: *«Ахмет Байтұрсынұлының өз заманының әдістеме ілімін толық меңгеруі оның өз жүйесін жасауына негіз болғанын А.С.Қыдыршаев өте байыпты дәлелдеген. Еңбекте, әсіресе, А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің ірге тасын қалаушы ретіндегі қызметі өте тиянақты, теориялық тұрғыда анық дәлелдемелер арқылы ғылыми негізде жазылған. Қазақ халқының ұлы данышпан азаматының мол ғылыми мұрасын халыққа жан-жақты толық таныстыру-қазіргі ғалым азаматтардың зор міндеті. Осы міндетті А.С.Қыдыршаев абыроймен өзінің зерттеуі арқылы толық атқарған деп санаймын»*, - деп жоғары баға берді.

Талантты да еңбексүйгіш адам үшін тосқауыл жоқ. Бұрынғы Орал педагогикалық институты, бүгінгі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Абат Сатыбайұлы тек ғалым ғана емес, шебер ұйымдастырушы ретінде басшылық қызметтер атқарды. «Қазақ тіл білімі», «Қазақ лингводидактикасы», «Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы», «Кәсіптік білім», «Қазақ және орыс тілдері» кафедраларының меңгерушісі, филология, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика, мәдениет және өнер факультеттерінің деканы, Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор, «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры болып абыройлы қызметтер атқарды.

Адамның қызметі биік идеямен рухтанбаса, жеміссіз де, түкке тұрғысыз (*Н.Г.Чернышевский*). Ғылымға құмар Абат Сатыбайұлы ұстаздық қызметпен қатар ғылыми сара жолдан айныған жоқ. Бұл тұрғыда Шарабасовтың шекпенінен шыққан мықтылардың бірегейі деуге болады. Академик Зейнолла Қабдолов жанында жүрген адамға қанат бітіреді деген сөз бар. Ал профессор Серікқали Шарабасовтың соңына ергендер шалқар шабытты, мақсаткер болады.

Абат Сатыбайұлының 2000 жылы «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты монографиясы «Білім» баспасынан жарық көрді. 2001 жылы осы тақырыпта докторлық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды. Осы еңбектер нәтижесінде Абат Сатыбайұлы әдіскер ғалым ретінде қалыптасты. Ұлы Абайдың *«Әрбір хакім - ғалым, ал әрбір ғалым хакім емес»* деген сөзі ғалым ұстаз жайлы айтылған анықтама сияқты. Абай сөзінің сырына бойласақ, ғалымдық білуде, білімдарлықта болса, ал ғалым хакім, яғни, ғалым ұстаз – сол білгенін басқаға үйрете алатын, білдіру шеберлігін меңгерген адам. Ал Әбекеңнің білдіру шеберлігі, шәкірттерді үйрету, ғылым жолына бағыттауы - бір төбе. Мәселен, 40-тан астам магистр, екі ғылым кандидатын дайындады. Адамның білімі мен өнері - адамшылық таразысы. Абаттың бойында қалыптасқан ғылым мен сол ғылымды үйрету өнері талай шәкірттің бағын ашты. Ал бүгінгі профессор Абат Қыдыршаевтың соңына ергендердің шетінен еңбекқор, табанды болатынын көріп отырмыз. Ұрпақ сабақтастығы, жақсыдан шарапат деген осы.

Мектеп мұғалімінен ұлағатты ұстазға айналған Әбекең - бүгінде ғибратты ғалым. Оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыты - қазақ тілін оқыту әдістемесі, шешендіктануды (риторика), шешендік өнерді оқыту теориясы мен практикасы, педагогикалық, техникалық жоғары оқу орындарындағы және орта мектептердегі риторика, оны оқытудың әдістемесі мен технологиялары, педагогикалық риторика, тілтану педагогикасы мен психологиясы, әдебиеттану педагогикасы мен психологиясы, этнопедагогика, ахметтану, махамбеттану, фарабитану, абайтану, шешендіктану және қазақ афористикасы проблемалары. Осы салаларға қатысты 500-ден астам ғылыми еңбектері, 3 монографиясы, бірнеше оқулық, оқу құралдары жарық көрген. Профессор А.С.Қыдыршаевтың жетекшілігімен он үш авторлық курс даярланды («Ахметтану», «Шешендіктану», «Сөйлеу мәдениетінің негіздері», «Педагогикалық риторика», «Махамбеттану», «Тілдік қатынас мәдениеті», «Шешен сөйлеу мәдениеті», «Даналықтану», «Фарабитану», «Кабуснама тағылымы», «Абайтану», «Жұбантану», «Қазақ афористикасы»). Аталмыш курстардың бағдарламалары әзірленіп басылым көрді. Барлық курстар бойынша тұрақты түрде шеберлік сағаттары жүйелі өткізіліп, дәрістер курсы әзірленді.

Атақты физик Исаак Ньютон:«*Мен барлық жаңалықтарымды өзіме дейінгі ұлылардың иығына сүйеніп тұрып аштым*» деген-ді. Абат Сатыбайұлының да ғылымдағы жетістіктері, ғылыми тұжырымдары кеңес заманында іргесі қалыптасқан қазақ филологиясы мен педагогикасынан бастау алады. Тіл мәдениетін зерттеген белгілі ғалым Мәулен Балақаев:«*Тіл мәдениеті деген ұғым тілдің мәдениетке қатысты екенін аңғартпайды, тілдік тәсілдердің кемелдену, ширау, жүйелену дәрежесінің қандай екенін меңзейді. Сондықтан сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттілік тіл мәдениеті дегенге енеді. Мақсат - сол мәдениетті дамыту, сол үшін күресу*» деген-ді. Профессор Абат Қыдыршаев осы идеяны әрі қарай дамытып, шешендікті игерудің жолдарын саралады. Ғалым:«*Бүгінгі таңда зиялы адамның сүреңсіз де сөлекет сөйлеуі, яғни, шешен сөйлеу мәдениетінің төмендігі адам баласының оқи және жаза білмеуі сияқты ыңғайсыз көрінуі тиіс, ал білім беру мен тәрбиелеу ісін толық жүзеге асыруды шешендіксіз көзге елестету қиын*», - дей келіп, шешендіктанудың ғылым саласы және оқу пәні екенін дәлелдеді. Шешендіктануды шаршы топ алдында сөз сөйлеудің заңдылықтары туралы ғылым ретінде қарастырып, теориялық және практикалыққырларын талдап түсіндірді. Шешендіктану - ғылым, оны кейде сендіру коммуникациясының теориясыретінде қарастыруға болады. Ғалым: «*Шешендік сөз - жанды сөз әрекеті арқылы көрініс беретін эмоционалды-интеллектуалды шығармашылықтың ерекше бірегей түрі*», - деп тұжырымдайды. Сонымен қатар Марк Тулий Цицеронның «*шешендер жүре қалыптасады*» деген тұжырымынабаса көңіл бөліп, шаршы топ алдында сөз сөйлеуге даярлық пен оны жүзеге асырудың басты кезеңдерін айқын көрсетеді. Олар -*коммуникативті сатыға дейін (тақырып таңдау, мақсат, стиль, т.б.), коммуникативті саты (шешендік қалып, аудиторияны басқару, дыбыстау техникасы, т.б.), коммуникативті сатыдан кейін (сөйлеген сөзді тыңдау, ілгері сөйлеуге материалдарды жетілдіре дамыту)*. Профессор Абат Сатыбайұлы- республикамызда «*Шешендіктану*» оқулығын тұңғыш рет жазып, мемлекеттік тіліміздің дамуына және мамандар даярлау ісіне зор үлес қосушы. Бүгінгі таңда «*Шешендіктану*» оқулығы молсұранысқа ие болып, төрт рет (2004; 2013; 2015;2023) басылып шықты.

Бүгінде профессор А.С.Қыдыршаевтың М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың «*Рухани жаңғыру*» институтының директоры ретінде атқарып отырған еңбегі ұшан теңіз. Қазіргі таңда ғалымның авторлығымен «*Рухани жаңғыру: жаңа ұрпақты ұлттық рухани құндылықтарға баулу ісі, айқын мақсат, нақты міндеттер*» атты әдістемелік оқу құралы жарық көрді. Профессор Абат Сатыбайұлы - қатепті қара нардай ұжымды өрге сүйреп жүрген азамат, тектілік тұғырындағы тұлға, ұстаз, ғалым, журналист, қоғам қайраткері. Асқаралы алпыстың асуына шығып, елге есеп берер шаққа да жетті.

Әрбір жетістікке жеткен ер азаматтың артында мықты әйел тұратыны белгілі. Атап айтсақ, өмірлік жан жары, жанұя отанасы *Диамара Қабденқызы* - ағайын-туысқа, өз замандас-әріптестеріне сыйлы да абыройлы жан, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Агротехнологиялық институтының «*Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы*» жоғары мектебінің доценті, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, «*ҚР Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы*» (2015) атағының иегері.

Сөзімізді түйіндей айтар болсақ, ғибраты мол ғалым, профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев - ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, бағын бағалап, талантын тынымсыз еңбекпен ұштап, ғылыммен көркейіп отырған азамат. Бақ пен дәулет тең келсе, адамның толар кемелі демекші, ғылымың көбейсін, *Дос, Замандас, Кемел тұлға* дегіміз келеді.

## ШЕШЕНДІКТАНУШЫ АҒА БИ ҒАЛЫМ

Жаңалық БАЛТАБАЕВА,

*Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы*

Чнемі ізденісте жүретін, зерттеулерге бойлап, жаңа тың ой айта алатын, өз ісіне сенімді адам ғана ғалым бола алады деген қағида бар. Сол қағида үдесінен көрініп жүрген, бүгінде ғылымдағы «тал түсін» мойындатып отырған, бір кезде кенжелеп қалған ғылым- шешендіктану саласын жоғары оқу орындарында оқытудың тұңғыш әдістемесін жасаған әдіскер-ғалым **Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев** – өзіндік өмір жолымен, зерттеушілік қабілетімен, адамдық келбетімен дара тұлға.

Шешендіктану саласының сардары, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев 1963 жылы 15 қарашада бұрынғы Гурьев облысы Теңіз ауданы (қазіргі Атырау облысы Құрманғазы ауданы) Киров (Зормата) ауылдық кеңесіне қарасты Тайланбай ауылында дүниеге келген. Абат Сатыбайұлы да өз құрдастары секілді жеті жасқа келгенде мектеп табалдырығын аттап, Гурьев облысы Теңіз ауданының Байда селолық кеңесіне қарасты Котяев селосындағы Н.К. Крупская атындағы орта мектебін (бүгінгі Бөкей хан ауылдық округіндегі Фариза Оңғарсынова атындағы ЖОББМ) 1981 жылы бітірген. Мектепте зерек оқыған Абат А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының (қазіргі Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті) филология факультетіне құжаттарын өткізіп, қабылдау емтихандарын ойдағыдай тапсырып, студент атанады. I курстан бастап зеректігімен, алғырлығымен көзге түскен Абат жоғары оқу орнын үздік бітіріп, өзінің қалаған мамандығы бойынша Атырау облысы, Құрманғазы ауданының К.Маркс атындағы қазақ орта мектебінде (қазіргі Әбу Сәрсенбаев атындағы) қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып ұстаздық қызметін бастайды. Бірақ институт қабырғасында жүргендегі ғылым жолына түссем деген арманының жетегінде 1990 жылы өзі жоғары білім алған Орал педагогикалық институтының «Қазақ тілі» кафедрасына ассистент болып қабылданып, сатылап оқытушылық, филология факультеті деканының орынбасары қызметіне дейін көтеріледі. Өз ісіне тиянақты жас маман институт өміріне белсене араласады.

Ғылымның қыр-сырын тереңірек меңгеру үшін білімін аспирантурада жалғастыруды мақсат еткен Абат Сатыбайұлы 1993 жылы қазақ тілін оқыту әдістемесі саласы бойынша қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аспиранты атанады. Бұл қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің қайтадан қолға алынып, әсіресе, даму тарихы, оның қалыптасу жолында ерекше еңбек еткен тұлғалардың ғылыми-әдістемелік мұралары жан-жақты зерттеле басталған кез еді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде жеке тұлғаның әдістемелік мұраларын зерттеу идеясын бастаған және оны жүзеге асырған қазақ тіл білімі теориясы мен әдістемесінде өз биігі, өз кеңістігі бар, көрнекті ғалым Нұржамал Оралбайқызы екенін үлкен ілтипатпен айтамыз. Өйткені зерттеген тақырыптарының бәрі мәуелі мектепке айналған Нұржамал Оралбайқызына шәкірт болу Абат Сатыбайұлына да бұйырғаны - тағдырдың сыйы десек, артық емес. Білімге құштарлығының, ана тіліне сүйіспеншілігінің арқасында Абат алған тақырыбына бірден қызыға кірісіп, жұмысын уақытында аяқтап шығады. 1995 жылы «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясы сәтті қорғалып, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі беріледі. Абат Сатыбайұлы диссертациялық жұмысында алдымен қазақ әдістеме ілімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлына дейінгі ана тілін оқытуға байланысты мәселелерге шолу жасай келіп, әдіскер-ғалым өмір сүрген кезеңдегі әдістеменің дамуы, тұтастарының әдіскерге әсерін, яғни, ұлы ағартушылар сабақтастығын салыстырмалы түрде талдаған. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлының әдіскер ізбасарларына белгілі бір дәрежеде «көсем» (М.Әуезов), «алғашқы адам» (С.Мұқанов), «айналасына нұр, шуақ себуші» (Ә.Қайдаров, Ә.Айтбаев) болғанын дәлелдеген. Зерттеуші А.Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтары мен әдістемелік еңбектеріне қатысты пікір-тұжырымдарды сараптай отырып, ғалымның әдістемелік түйіндерін терең талдап көрсеткен. Сондай-ақ ғалымның қолданған дидактикалық ұстанымдары мен әдіс-тәсілдеріне талдау жасай келіп, әдістемелік еңбектерінің бүгінгі әдістемелік жүйедегі сабақтастығына тоқталған.

Кандидаттық диссертацияны ойдағыдай қорғаған жас маман өзі білім алған және еңбек жолын бастаған институтқа қайта оралып, 1995-1997 жылдарда «Қазақ тіл білімі», «Қазақ лингводидактикасы» кафедраларының меңгерушісі қызметін атқарады. Бірақ Абат Сатыбайұлы ғылымдағы ізденістерін жалғастыруды есінен шығармайды. 1999-2001 жылдары Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға ғылыми қызметкері болып, «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдерінде)» тақырыбында зерттеу жүргізіп, 2001 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғайды. Шәкіртінің бойынан терең білімді, еңбекқорлықты, парасаттылықты байқаған Нұржамал Оралбайқызы: *«Кандидаттықты екі жылда жазып, докторлықты да дәл екі жылда жазған, өте еңбекқор Абат әлі де талай асуларды талмай алады»* деген үлкен сенім артқан еді. Абыз ұстазының сенімін ақтаған шәкірттің бүгінде бағындырған асулары, жеткен жетістіктері жайында тарқата түссек, өз ісіне тиянақты жас зерттеуші халқының қамын ойлауда жарғақ құлағы жастыққа тимеген, осы жолда көл-көсір қызмет атқарған, мол мұра қалдырған Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің ірге тасын қалаушы екендігін тұңғыш рет дәлелдеп, ғалымның әдістемелік еңбектерінің бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығын айқындаған, әліппе, оқулықтары мен әдістемелік еңбектерін жан-жақты талдап, оның әр қырын ғылыми тұрғыда негіздеген кандидаттық зерттеуі бойынша 1998 жылы «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» атты монографиясын жарыққа шығарды. 1995 жылдың қыркүйек айынан бастап, жас ғалым өзі еңбек еткен Орал педагогикалық институтының «Қазақ филологиясы» факультетінде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы әдістемелік бірлестік ашылып, оқу үдерісіне «Ахметтану» курсының енгізілуіне тікелей араласты.

Абат Сатыбайұлы келесі кезекте докторлық зерттеуі негізінде «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты іргелі монографиясын жарыққа шығарды. Еңбекте жеке адамның тілдік қатынас мүмкіндіктерінің даму үрдісінің психологиялық, дидактикалық, филологиялық аспектілері түйінделіп, жоғары оқу орнының гуманитарлық бөлімдерінде шешендіктануды оқыту әдістемесі тұңғыш рет ғылыми негізделіп, алғаш рет аталмыш пәнді оқытудың арнайы қағидаттары мен әдістері және жұмыс түрлері ұсынылған. Сондай-ақ зерттеуде шешендік іс-әрекет заңдарына сәйкесті шешен-дәріскердің кәсіби қалпының үлгісі (профессиограммасы) саралап көрсетілген. Өйткені ғалымның өз сөзімен айтқанда, *«ауызша шешен сөйлеу шеберлігі – лектордың, насихатшының, кәсіби маман иесінің, студенттің қоғамдық көзқарасының мызғымастығы мен таным көкжиегінің, жан-жақты даярлығының тұңғыш қорытпасы, олардың жоғары эрудициясы мен шешендік білім, білік және дағдылар жиынтығын қамтыр мәдениеті»*. Жоғары білім – қоғамның әлеуметтік және экономикалық жағынан дамуының шешуші факторы болып отырған кезде кәсіби білімі мен сөйлеу шеберлігі жетілген маман даярлау жоғары оқу орындары алдындағы басты міндет болып табылады. Сондықтан жоғары мектепте білім алушылар ғылым салаларынан теориялық біліммен қатар әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын да, оның сөздік қорын да меңгере білулері тиіс. Өйткені жеткілікті сөздік қор, дұрыс сөйлеу дағдылары студенттің болашақ мамандығына сай кәсіби тілде шешен сөйлеу шеберлігінің басты көрсеткіші болады.

Ғалым бұл саладағы зерттеулерін одан әрі жалғастырып, жастардың сөйлеу мәдениетінің төмен деңгейде болуы, шаршы топ алдында сөйлеуде кемшіліктің көптігі, т.б. проблемалардың шешімін табу мақсатында «Шешендік өнер», «Тілдік қатынас мәдениеті» курсының бағдарламаларын әзірлеп ұсынған. Абат Сатыбайұлының тұжырымдауынша, жалпы шаршы топ алдында ауызша сөйлеу өзіндік эмоционалдылығымен, көркемділігімен қызықтырары сөзсіз, бірақ сөзді логикалық тұрғыда ұйымдастыруға арқа сүйенілмесе, ойлаған мақсатқа сай келмесі де ақиқат, сөйленген сөзде логиканың болмауын психологиялық амалдармен де, тілдің бейнелілігімен де, дауыс мәнгерлілігімен де алмастыру мүмкін емес екен. Сондықтан ғалым болашақ мектеп мұғалімінің педагогикалық шешендіктану ілімінен терең білімі болуы қажет деп есептеп, «Педагогикалық шешендіктану» курсының бағдарламасын әзірледі. Бағдарламаның басты міндеттері - студенттерді тілдік қатынас туралы, олардың түрлері, сөйлеу сапалылығы (мәселен, сөз дұрыстығы, тазалығы, дәлдігі, дәлелдігі, байлығы, логикалығы, коммуникативтік жағынан сәйкестілігі), қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары туралы білім көздерімен таныстыру; әдеби тілдің нормаларынан орынсыз ауытқуларды (бұл арада әдеби тілдік норманы бұзушылық туралы) тез аңғару дағдыларын қалыптастыру; өзіндік сөйлеген сөзіне талдау жасай білуге үйрету; сөз сөйлеу сәтіндегі кемшіліктерден құтыла білу дағдысын қалыптастыру; болашақ мұғалімдерді педагогикалық қарым-қатынас мейілінше тиімді болу үшін өзіндік дауысқа (дауыс тонына), сөйлеу аппаратына ие болуға үйрету; кәсіби тұрғыда аса мәнді сөз сөйлеу шығармашылығын туындатуға әзірлеу мәселелерін қамтыды.

А.Қыдыршаевтың «Шешендіктану» атты оқулығы шешендік өнерді жаңадан бастап үйренушілерге, жоғары оқу орындарының студенттеріне, жас мамандарға арналып, бірнеше рет басылып шығып, жоғары оқу орындарында оқулық ретінде пайдаланылып келеді. Сондай-ақ ғалымның «Шешен-лектор профессиограммасы» (2004) атты әдістемелік оқу құралында жоғары оқу орны мамандарының педагогикалық іс-әрекет барысында шешендік өнер элементтерін практикалық тұрғыда қолдануы мәселесінің кейбір басты аспектілері қарастырылған. Еңбек жас маманның кәсіби

қалпы, шешен сөйлеуге қатысты тірек сауалдар мен алғы мақсатты жүйелеу, шешен-дәріскер сөзіндегі негізгі тезистің екшелуі және сөйленер сөз нысанының шектелуі секілді мәселелерге арналған.

Ал ғалымның «Шешендік тағылымы» (2004) атты әдістемелік көмекші құралы, студенттер мен магистранттарға және ұстаздарға арналған. Құралдың аты айтып тұрғандай, жалпы көпшілікке түсінікті, әрі тағылымдық танымы мол еңбек деп есептейміз. Өйткені қандай мамандық иесі де жас ерекшелігіне қарамай сөйлеген кезде тыңдаушы қауымға әсер ете отырып, оларды сендіре білу дағдысын меңгеруі тиіс. Жүйелі де түсінікті, бейнелі де тартымды сөйлеуге үйрену психологиялық әзірлік пен алдын-ала жаттығуды талап етері даусыз. Сондықтан автордың «Шешендік тағылымы» еңбегінде келтірілген ой-тұжырымдар тізілген басылымдар көптен жарық көрмегені өз алдына, қазақ тілінде бұл орайлас жинақ жоққа тән, өте сирек екендігі әріптестерінің назарында. Сонымен қатар әдіскер-ғалымның бизнесмендерге, кәсіпкерлерге, студенттерге, барлық деңгейдегі басшыларға арналған «Іскерлік шешендіктану қағидалары» (2007) атты оқу құралы да сөйлеу машығына төселемін деген жұртшылыққа тигізер көмегі үлкен еңбек. Еңбек сәтті өрілген экспромт сөз арқылы мейілінше мол мөлшерде олжаға кенелу, телефон арқылы тиімді қарым-қатынас жасау, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қарым-қатынасты дұрыс құра білу іспеттес іскери шешендіктану қағидаларының сан алуан түрлерімен таныстыруымен құнды. Сондай-ақ, ғалымның «Кестелі шешендіктану» (2008) атты әдістемелік құралы да сөйлеу өнерін жетік меңгеруге ден қоятын оқырман қауым үшін пайдалы кеңестер беруге арналып, аса жауапкершілікпен жазылған еңбек. Бұл құралдың бір ерекшелігі - еңбекте күнделікті іс-әрекетімізде бірден-бір қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениеті туралы мәліметтер, шешендіктану сабақтарының фрагменттері кесте, анықтама, қысқаша сипаттама, сызба үлгісінде берілгендігінде.

Өз ісіне, өзі зерттеген мәселеге тиянақты, үлкен ыждағаттылықпен қарайтын ғалым 2017 жылы «Шешендік тағылымы» жинағының жалғасы, толықтырылған, өңделген екінші басылымы ретінде *«Шешен сөйлей білеміз бе?»* тақырыбында оқу құралын шығарды. Бұл еңбекке екі мыңға жуық ежелгі антикалық дәуірден бүгінгі кезге дейінгі отандық және шетелдік ғұлама ойшылдардың, ғалымдар, қоғам қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың ақыл-нақыл сөздері, халық мақал-мәтелдері енгізілген. Аталмыш құралды шығарудағы автордың мақсаты – ұлттық құндылық үлгісі шешендік өнер тәліміне кейінгі ұрпақты тәнті ете отырып, орасан рухани шапағат, парасат сыйлау. Ал рухы зор, рухани бай ұрпақ – келешегі кемел көшбасшы елдің сенімді тірегі.

Ұстазының сеніміне ие болған Абатқа қатысты тағы бір айта кететін жайт - қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдері, аға буын ғалымдар туралы зерттеулері. Бұл ретте «Қаныш Сәтбаевтың шешендігі», «Педагог, ғалым Мағжан Жұмабайұлының ана тілін оқытудағы әдістемелік тұжырымдарының құндылығы», «Махамбет – арымас Алаш арысы, бұлқынған асау намысы» (Тәуелсіздік жыршысы ақын тұлғасы қазіргі көсемсөзде, поэзияда, прозада және драмада), «Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымы және аңызға айналған ғалым-ұстаз Нұржамал Оралбай» т.б. мақалаларын атауға болады. Ол – жалпы көлемі 250 баспа табақ мөлшеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті, филология: қазақ тілі, педагогика және психология т.б. мамандықтарында оқитын студенттерге, докторанттар мен магистранттарға және филолог мамандарға, мектеп мұғалімдеріне арналған 4 оқулық, 50 оқу құралы, 6 электронды оқу құралы, 15 оқу бағдарламасы және 35 оқу-әдістемелік құралдарының авторы. Профессор А.С.Қыдыршаевтың жетекшілігімен 13 авторлық курс даярланды (*«Ахметтану»*, *«Шешендіктану»*, *«Сөйлеу мәдениетінің негіздері»*, *«Педагогикалық риторика»*, *«Махамбеттану»*, *«Тілдік қатынас мәдениеті»*, *«Шешен сөйлеу мәдениеті»*, *«Фарабитану»*, *«Абайтану»*, *«Жұбантану»*, *«Даналықтану»*, *«Кабуснама тағылымы»*, *«Қазақ афористикасы»*). Бұл да – ғалымдар арасында сирек кездесетін толассыз еңбек, тоқтаусыз ізденістің нәтижесі.

Ғалым-педагогтің мақалалары АҚШ, Қытай, Түркия, Бразилия, Чехия, Ресей, Бішкек, Ташкент және т.б. алыс-жақын шетелдердің басылымдарында, ғылыми жинақтарында жарияланды.

Абат Сатыбайұлы бұл күнде өзі де жастарды ғылымға баулып, шәкірт тәрбиелеп жүр. Оның ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым кандидаты әзірленіп, 40 шақты магистр даярланды. А.Қыдыршаевтың ғылыми жетекшілігімен біршоғыр шәкірттері мектепке дейінгі тіл ширату мәселесімен, бастауыш, орта, жоғары сыныптардағы шешендік, білім ордаларында педагогикалық риториканы оқыту, көшбасшы студенттердің сөйлеу мәдениетін, шешен сөйлеу білік-дағдыларын қалыптастыру проблемаларымен шұғылданып, кең көлемді ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыстармен айналысуда.

«Адам атаққа емес, атақ адамға қызмет етеді» деген қағиданы берік ұстанған Абат Сатыбайұлы - өзінің маңдай терімен мынадай марапаттарға ие болған ғалым: ҚР «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының (2007), атағының (2012) иегері, Ресей Риторикалық қауымдастығының мүшесі (2009), ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан

Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері (2012), Еуропалық ғылыми-өндірістік палатасы Алтын медалінің және сапа жөніндегі дипломының (Diplomdi Merito) иегері (Мәскеу, 2013), «Қазақстанның Құрметті ұстазы» (2019), «Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясының бас редакторы, жоба жетекшісі, «Үздік педагог-зерттеуші», «Жоғары оқу орнының үздік педагогы» (2020), «Үздік ұстаз» (2021), «Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы», «Астана патриоты» (2023) төсбелгілерінің иегері, Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері, «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы (2022). Профессор А.Қыдыршаевтың есімі 2023 жылы «Қазақстан ТОП 100 үздік тұлғасы» - «ТОП 100 успешных людей Казахстана» энциклопедиясына, «Қазақстанның Алтын кітабына» (Астана, 2023) енгізілді.

Адамның өмір жолының қалыптасуына әсер ететін негізгі фактор оның өскен ортасы, ұшқан ұясы екендігі белгілі. Абаттың ұстаздықты қалап алуы мектептегі сүйікті ұстаздарының ықпалы болса, сөзге шеберлігі, өлең шығаратындығы, еңбекқорлығы бала кезінде Шаршаған әжесінің жанында көбірек болып, кейуананың даналық әңгімелерін құлағына құйып өскендігінен, мамандығы мал дәрігері болса да, оңашада домбыра шертіп «әу» дейтін, өлең шығаратын қабілеті бар әкесі Сатыбай Қыдыршаұлы мен ел ішінде сыйлы, сөзге салғанда шешен, реті келгенде төгіп-төгіп, осып-осып айтып тастайтын от ауызды, намысшыл да қайсар, ардақты анасы Зылиха Сәрсенқызының тәрбиесі арқылы шешен сөйлеудің құпиясын жастайынан түйсігіне бекіткен десек артық емес. Оның үстіне ғылымдағы бағына шешендіктанудың қыр-сырын зерттеу бұйырды. Абаттың осы сала бойынша жоғарыда айтылған еңбектері шешендіктану пәнінің мазмұнын анықтап, оны оқыту әдістемесінің теориялық-әдістемелік негізін тұжырымдаған алғашқы зерттеу еді. Бойындағы таланты да, зерттеген тақырыбы да сәйкес келіп, шешендіктанудың қыр-сырын жетік меңгерген Абат Сатыбайұлына үстіміздегі жылдың 18 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Қазақ Билер алқасының Құрылтайында Батыс Қазақстан облысының «Аға биі» лауазымы беріліп, арнайы куәлігі тапсырылды. Бұл лауазымда да Абат Сатыбайұлы тындырымды істерді атқарып, небір даулы мәселелердің дұрыс шешімін табатын әділ би болатындығына сенім мол.

Абат өзінің ғұмырлық кәсібін таңдауда қалай қателеспесе, өзіне жар таңдауда да қателеспеді. **Өмірлік жан жары Диамара Қабденқызы** - ғалым ұстаз, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Агротехникалық институтының Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы жоғары мектебінің доценті. Екеуі үш перзенттерін тәрбиелеп өсірді. Қыздары Дана – Казталов ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және бақылау бөлімінің бас маманы, күйеу баласы Абылайхан – кәсіпкер. Үлкен ұлы Орал – Астана қаласындағы Nazmony steam мектебінің, келіні Диана – биология пәні мұғалімі. Ал отбасының кенжесі Мақсат – Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультетінің түлегі, бүгінгі таңда Италия университеті магистратурасында оқиды. Ынтымағы жарасқан отбасында немерелер – Әлісұлтан, Алиана, жиендер - Әбілмансұр, Тамина өсіп келеді.

Ғылыми ізденістің, ұстаздық жолдың «тал түсінде» тұрған Абат Сатыбайұлына әлі де талай биіктерге жетелейтін шығармашылық табыс, отбасына амандық, деніне саулық тілейміз.

### ӘОЖ 373.3

## **БОЛАШАҚ ФИЛОЛОГ МАМАННЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОРПУСТЫҢ РӨЛІ**

**Жаңалық БАЛТАБАЕВА,**

*Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,  
педагогика ғылымдарының докторы*

Сөйлеу мәдениетінде ойдың жүйелілігі, дәлдігі, сөздің тазалығы, анықтығы, көңіл күйге әсер ететін көркемдігі маңызды рөл атқарады. Мәдениетті сөйлеу білімгерлердің сөйлеу дағдыларын жетілдіру, әдеби тіл нормаларын дұрыс меңгерулерімен тығыз байланысты. Белгілі тілші ғалым М.Балақаев: «Сөз мәдениеті дегеніміз тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы»[1,115-,7]- десе, академик Р.Сыздық: «Сөз мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау



(лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру...айтпақ ойды тыңдаушыға жүрекке жылы тиетін, «айналасы теп-тегіс жұмыр келген», «әсерлі етіп жеткізу жайын да қатар қамтуы тиіс»[2,3-б.]- деген тұжырым жасаған.

Бүгінгі қоғам талабына сәйкес жоғары оқу орнында білім алушылар болашақ кәсібін терең түсінетін, меңгерген білімін мазмұнды, дәлелді түрде, әдеби тілмен шебер жеткізе алатындай, тіл байлығы мол маман болып шығуы тиіс. Сондықтан жоғары оқу орнында оқытылатын пәндер арқылы студенттерді тіліміздің мүмкіндіктеріне қызықтыру және ойлана шебер сөйлеу үрдісіне, сөйлеу мәдениетіне дағдыландыру маңызды мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, болашақ филолог маман терең кәсіби білімімен бірге, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, пікірін жүйелі түрде жеткізе алатын, сөйлеу шеберлігі қалыптасқан тұлға болуы тиіс. Сөйлеу мәдениеті – адамның жалпы мәдениетінің элементтерінің бірі, ол тіл арқылы қарым-қатынасты ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Ал білім алушылардың сөйлеу мәдениетін арттыруда оларды шешен сөйлеуге үйрету қажеттілігі және студенттерді шешендік өнерге үйретудің мәні үлкен. Өйткені шешендіктануды оқытудың ғылыми- әдістемелік негіздерін зерттеген профессор А.Қыдыршаев шешендіктануды оқытудағы мақсаттың қазіргі әлеуметтік жағдайға сәйкестігін: «Жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдерінің бағдарламасына шешендіктануды енгізу– болашақ мамандардың (филолог, заңгер т.б.) гуманитарлық ойлауын кеңейтудің тағы бір мүмкіндігі. Қазіргі әлеуметтік жағдай бұл ретте ортақ азаматтық құндылықтарға жауапкершілікті басшылыққа ала отырып, «кең құлашты гуманитарлық бағытта ойлау, замана ырғағына қарай өндірістің даму заңдылықтарына сәйкесті кәсіби шығармашылық тұрғыдағы іс-әрекетті құра білуге қабілеттілігі» критерийіне сай мамандарды талап етеді» [3,32-б.],- деп көрсеткен. Қазіргі бәсекелестік өмір сүрудің басты шарты болып отырған кезеңде кәсіби мамандарда жаңа жобаларды жасай білумен бірге, оны дәлелдей, түсіндіре білу дағдылары қалыптасқан болулары керек, осы ретте шешендік өнер мамандарға көмектесетіндігі даусыз. Халық тілінің қайнар бұлағы – шешендік сөздер, бейнелі сөздер, мақал-мәтелдер арқылы студенттердің сөздік қорын байыту сөйлеу мәдениетін жетілдіру жұмыстары арқылы іске асады. Өйткені ғасырлар бойы жинақталған тіліміздің байлығы студенттің ана тілін қастерлеп, тілдегі ұлттық рухты терең тануына мүмкіндік береді. Шешендік сөздер - ұлттық сананың, ұлттық ойлаудың нәтижесі. Ендеше шешендік сөз, мақал-мәтел, қанатты сөз, нақыл сөздер – даналық пен парасаттылықтан туындаған терең ой, логикалық тұжырым, философиялық толғаныс, дүниетаным, өмір тәжірибесі, тағылым-тәлім көріністері, көркем сөзбен көмкерілген қалыптасқан тіркес, қысқа да нұсқа ой үзіктері.

Студент бойында шебер сөйлеуге деген белсенділік оның тілге деген сезімінің оянуына байланысты. Ондай қызығушылықты туғызуда сабақ кезінде сөйлеу шеберліктерін қалыптастыру мақсатына сәйкес ұйымдастырылған жұмыстардың жүйелілігі, тартымдылығы басты рөл атқарады. Сондықтан оқытушы студентті көркем де шешен сөйлеуге ынталандыратын түрлі әдістерді орынды пайдалана білуінің ықпалы күшті болады. Сабақ кезінде, тіптен сабақтан тыс кезде өткізілетін сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар студенттердің белсенділігін оятатындай деңгейде болуы тиіс. Осы ретте қазақ тілінің ұлттық корпусының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану қажет.

Ұлттық корпус тек қана лингвистер үшін ғана пайдалы ақпараттық-анықтамалық жүйе емес, оны оқу үдерісінде мектепте де, жоғары оқу орындарында да қазақ тілінің салаларын оқытуда пайдалануға болады. Корпус деген не? Алдымен осы мәселеге тоқталайық. Корпусқа «мәтіндерді электронды түрде жинауға негізделген ақпараттық-анықтамалық жүйе» деген қарапайым қысқаша түсініктеме де беріліп жүр. Ал қазақ тіл білімінде корпусық лингвистиканың негізін салған профессор А.Жұбанов: «корпус дегеніміз - әр тілдегі электронды пішінге келтірілген, яғни бір басқару орталығынан автоматты түрде жұмыс істейтін, лингвистикалық ақпараттарды қамтитын мәтіндер жинағы» деп көрсеткен[4,13-б.]. Қазақ тілінің ұлттық корпусы - белгілі бір тілдегі мәтіндердің белгіленім қойылған базасы, яғни миллиондаған сөзқолданыстан тұратын электрондық мәтіндер базасындағы кез келген сөз өз «паспортын» алады, оның лексикалық мағынасы, грамматикалық белгілері, аудармасы, этимологиясы, мәдени семантикасы түгел көрсетіледі екен.

Корпус не үшін қажет? Ұлттық корпус алдымен тілдің лексикасы мен грамматикасын, ондағы жүздеген жылдар бойы болған өзгерістерді ғылыми зерттеу үшін қажет; қазіргі технологиялық дамудың арқасында ақпаратты іздеуді оңтайландырады; ауқымды материалдарды талдау, өңдеуді, статистикалық мәліметтерді алуды оңайлатады; қажетті сөздіктерді корпус базасына негіздеп құрастыру мүмкіндігі болады, т.б.

Бүгінгі ғылым мен білімнің барлық саласын автоматтандыру өзекті мәселе болып отырған кезде қазақ тіл білімі де осы мақсат үдесінен көрініп келеді. Бұл мәселе Тіл білімі институтында 1969 жылы өткен «Түркі тілдеріндегі статистикалық және ақпараттық зерттеу» атты Бүкілодақтық ғылыми жиыннан бастау алғандығы да белгілі. 1970 жылы математикалық статистика саласының

маманы, математик-ғалым Қ.Бектаевтың жетекшілігімен Тіл білімі Институтында «Тіл статистикасы және автоматтандыру» ғылыми тобы құрылып, алдымен қазақ тілінің әртүрлі стильдері бойынша жиілік сөздіктер жасау мәселесімен айналысқан. Мәселен, өткен ғасырдың 90-жылдары классик жазушы М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағы ЭЕМ жадына енгізіліп, нәтижесінде 1995 жылы «М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері» жарық көрді.

Қазақ тіл біліміндегі компьютерлік лингвистиканың зерттелуі Асқар Жұбановтың «Основные принципы формализации содержания казахского текста» (2002) тақырыбындағы докторлық монографиясынан басталады. Ал «Компьютерлік лингвистиканың» заман сұранысынан туындаған саласының бірі - «Корпустық лингвистика». Бұл салаға қатысты А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Мәдени құндылықтар ретіндегі қазақ тіліндегі мәтіндер корпусы және сөздіктердің «Тіл- қазына» атты ұлттық компьютерлік қоры», «Қазақ әдеби тілінің аннотацияланған ұлттық корпусы», «Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы метамәтіндік белгіленімдер ұстанымдары мен әзірлемесі» деген тақырыптарда ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, метабелгіленіммен және морфологиялық, лексикалық, морфо-семантикалық белгіленімдермен жабдықталған 7 миллионға жуық сөзқолданыстан тұратын бастапқы мәтіндер корпусы құрастырылған. Осы мәселеге қатысты жекелеген зерттеу еңбектермен қатар осы саланың негізін салушы, профессор А.Жұбанов және А.Жаңабекова авторлығымен «Корпустық лингвистика» (2017) атты оқу құралы жарық көрген.

Зерттеушілердің көрсетуінше, корпустық лингвистиканың негізгі түсінігін оның бейнелейтін аясына қарай, корпустағы сақталатын ақпарат бірлігі тұрғысынан, оны әртүрлі негізде топтастыру мен құрастыру және т.б. принциптерді ұстаным етуіне қарай әртүрлі ұғынуға болады. Корпуста сақталатын бірлік – ол пәндік саланың қайсыбір жиынтығы. Мысалы, оларға жататындар: сөз, сөзформа, сөзтіркес, сөйлем немесе толық мәтіндер жиынтығы. Сондай-ақ мәтіндер корпусындағы кез келген сөзді іздеу, сол сөздің *конкордансын* жасауға мүмкіндік тудырады екен. *Конкорданс* – сол сөздің барлық қолданысы бар мәтін үзінділері қамтылған шығармалар тізімі және оларға сілтеме берілген мәліметтер [4,21-б.]. *Конкорданстың* тиімділігі – «корпуста іздеу» жүйесі арқылы қандай да бір сөзге мысалдар ізделсе, корпус осы сауалға сай мысалдар тізімін шығарып береді, оған бұрынғыдай картотекадан іздегендей уақыт кетпейді. Бұдан электронды корпустық жүйенің тиімділігі анық байқалады. Білімгерлер де, тілшілер де, оқырман қауым да өздеріне қажетті сөзге қатысты мәліметтерді аз ғана уақыт ішінде тауып алатын болады. Өйткені корпуста компьютерлік жадқа енгізілген мәтіндерге автоматты түрде түрлі лингвистикалық талдаулар жасайтын құрылғылар бар. Оның үстіне, сөздерді автоматты талдауға түбір мен қосымшаның жігі анық көрініп тұратын агглютинативті тілдер ыңғайлы екен. Қазақ тілінің Ұлттық корпусында да морфологиялық талдауыш (анализатор) қазақ тіліндегі сөз формаларды автоматты түрде түбір мен қосымшаға бөліп, олардың сөз табына қатысын және қосымшалардың грамматикалық сипаттамасын шартты белгілер арқылы көрсете алады [5,132-б.]. Ғалымдардың дәлелдеуінше, Ұлттық корпустар тілді ана тілі немесе шет тілі ретінде үйрету үшін де маңызды екен, өйткені қай елде де оқулықтар мен оқу бағдарламалары корпусқа бағытталады. Сондықтан кез келген шетелдік азамат, мектеп оқушысы, мұғалім, журналист, редактор және жазушы корпусты қолдана отырып бейтаныс сөзді немесе грамматикалық форманы қолдану ерекшеліктерін тез және тиімді тексере алады.

А.Жұбановтың пікірінше, дәстүрлі мектеп грамматикалары мен оқулықтарында көбінесе жасанды құрастырылған немесе редакцияланған мысалдар беріледі. Болашақта олардың студенттерге көмегі аз болуы да мүмкін, себебі тілдік бірліктердің тілдесімдегі шынайы қолданысы мүлде басқаша. Осыған қатысты корпустар эмпирикалық дереккөз ретінде лингводидактикада маңызды рөл атқарады. Тілді оқыту немесе үйрету кезінде корпустар студенттердің қызығушылығын арттырады, тілді өз бетінше зерттеп-үйренуге ықпал етеді [4,27-б.]. Шындығында да жастар арасында кітап оқу мәдениеті, ауызша сөйлеу сауаттылығы, этномаркерлі лексикалық қорды білу және қолдану деңгейі аз дауып тұрғандығы да аян. Осыған байланысты қазақ тілінің ғылыми және пәндік курстарын оқытуда корпустық материалдарды сабақ үдерісінде кеңінен пайдаланған тиімді болары сөзсіз. Ұлттық корпус бірнеше бөлімдерден тұрады: негізгі корпус, мәдени-репрезентативті ішкорпус, параллель ішкорпус, ауызша ішкорпус, мақал-мәтелдер ішкорпусы, ономастикалық ішкорпусы, Ахмет Байтұрсынұлының ішкорпусы, диалектикалық ішкорпусы, тарихи ішкорпус, жарнама ішкорпусы. Осы корпустардың материалдарын пәннің мақсатына қарай пайдалануға болады. Мысалы, Лингвомәдениет таным пәні бойынша мәдени-репрезентативті ішкорпусын пайдалануға болады. Бұл ішкорпустың құрылымы мәдени тақырыптық топтар, мәдени лексикалық қабаттар, мәдени бірліктер және бейнебаяндардан тұрады. Бұлардың әрқайсысы өз ішінде бірнеше тақырыптарға бөлінген. Мысалы, мәдени тақырыптық топтар – адам

атаулары, туыстық атаулары, ұлттық тағам, ойындар, киімдер, қолөнер т.б. атауларды қамтыған. Ал мәдени –лексикалық қабаттар – мәдени онимдер, этнографизмдер, көнерген сөздер т.б. болып бөлінген. Мәдени бірліктер әліпби жүйесімен көптеген сөздерді қамтыған. Ал бейнебаян бөлімінде айсырға, алтыбақан,білезік, кимешек, қамшы секілді ұлттық құндылықты сипаттайтын зат атаулары туралы мәліметтер берілген.

Сабаққа қатысты қажетті материалдарды корпуста издеу жүйесі бірнеше филтреден тұрады:нақты сөз арқылы издеу;морфологиялық издеу, яғни сөздің жіктелуі бойынша издеу;сөз табы бойынша издеу;сөздің соңындағы тыныс белгілері арқылы издеу.Корпус студенттер мен мектеп оқушыларының өзіндік шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруға және заманауи ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, оларды практикалық және ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде пайдалануға мүмкіндік береді. Мәселен, сабақта талданатын мәтіндердегі тілдік метафораларды, поэтикалық (контекстік) метафораларды, көпмағыналы т.б. сөздерге корпуста мысалдар таптырту секілді тапсырмаларды орындатуға болады.Жүйелі, сауатты сөйлеуге дағдыландыру жұмыстарын жүргізгенде жаттығу материалдарында фразалық тіркестер, мақал-мәтелдер, бейнелі сөздер кеңінен қолданылады. Мысалы, практикалық сабақтарда мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарын тапқызу студенттің грамматикалық мағынаны түсінуіне әрі сөз байлығын арттыруға мүмкіндік береді.

Болашақ маманды мәдениетті сөйлеуге дағдыландырудағы негізгі мәселе – сөздік қорды байыту. Әдеби тілде сөйлеу үшін адамның сөйлеу дағдысы болу жеткіліксіз, ол үшін тағы да бай сөздік қор керек. Сөйлеушінің сөйлеп тұрғанда кідіріс жасауы керек сөзді ойша издеуімен байланысты екені белгілі. Кідіріс жиі болса, ол адамды тыңдау қиын, тыңдаушыға әсері шамалы. Сөздік қордың жетімсіздігі сөзді орынсыз қолдануға да мәжбүр етіп, сәтсіздік туғызады. Бұл қолайсыз жағдайлардың бәрі сөздік қордың жеткіліксіздігімен байланысты.

Сөз көп мағыналы тілдік бірлік болғанымен, бірақ бір сөйлемде, бір қолданыста сөз бір мағынада ғана қолданылады. Олай болса, сөз мағынасын білуге, сөз мағынасын ажыратуға студент үйретіліп, сөзді сөйлеуде орынды қолдануға жаттықтырылуы керек. Ал шаршы топ алдында сөз сөйлеу тіліне қойылар талаптарды ғалым А.Қыдыршаев былай жіктейді: 1) дұрыстығы; 2) қысқалығы; 3) эмоциональдығы; 4) байлығы (лексикалық, фразеологиялық, интонациялық); 5) түсініктілігі мен дәлдігі [6, 12-б.]. Сөздік қорды байыту жұмысы тілдің лексикология саласымен байланысты. Сондықтан «тілдік жаттығулардың иінді жерлерінде... сөз байлығынан саумалап мағлұмат бере берген жөн» [7,75-б.],- деген пікірдің өміршеңдігі анық көрінеді. Осы ретте ұлттық корпустағы мәдени бірліктерді орынды пайдалана білген жөн. Мысалы, «Шіркін, сапар шегу қандай жақсы! Сапар – өмірдің баспалдағы»(Ө.Нұршайықов)деген үзіндідегі *өмірдің баспалдағы* деген тіркестің Корпуста барлық қолданыстарын тапқызу арқылы қанша қолданыс бар екендігін, олардың ерекшеліктерін айтқызуға болады.

Тілдік корпустардағы лингвистикалық ақпараттар жүйесі тіл ғылымының әрбір саласы бойынша нақтыланған тілдік теорияларға негізделіп жасалады. «Электронды корпустар тілдегі (мәтіндегі) лексикалық бірліктер туралы ақпараттар беріп қана қоймайды, оның әрбір құрамдық бөлшегі туралы да мәлімет бере алады[5,106-б.]. Сондықтан да зерттеушілер корпуста тілді компьютерге бағындыру мақсатында тілдің әрдеңгейі бойынша автоматты түрде талдау жасау міндеті қойылатындығын, ал автоматты талдауға, әсіресе, агглютинативті тілдер ыңғайлы екендігін, өйткені мұндай тілдерде түбірмен қосымшаның жігі анық көрініп тұратындығына нақты мысалдар арқылы көрсеткен. Мысалы, «балаларға»сөзін морфологиялық анализатор төмендегі шеталдайды:

*Балаларға*

---

Лемма      бала

Морфология эт,лар/кж+ға/бс

---

1-сурет. «Балаларға»сөзінің морфологиялық белгіленімі

Сондай-ақ корпуста морфологиялық талдауға наемес, тілдің басқа деңгейлеріне жасалатын тілдік талдаулардың барлығы қамтылуы тиіс екендігі және мұндай жан-жақты лингвистикалық талдауды «*тереңнотацияланған*» корпуста жасайтындығы айтылған [5,132-б.].

Қорыта айтқанда, ұлттық корпуста енгізілген тілдік материалдарды сабақ үдерісінде кеңінен пайдалану болашақ филолог мамандарды мәдени семантикаға сай сөз қолданыстарын дұрыс, орынды, талғампаздықпен қолдануға, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға бағыттайды. Өйткені ұлттық корпуста тек сөздер, олардың мағыналары ғана емес және жекелеген сөздер кездесетін шығармалар тізімі мен үзінділер, мысалдар қамтылады және ұсынылған шығарманың сипаты, автордың ерекшелігі де көрсетілген. Сондай-ақ ұлттық корпуста – белгілі бір сөздің тарихи кезеңдерден бергі даму динамикасы, қандай орфографиялық, орфоэпиялық, т.б. тілдік өзгеріске ұшырағаны,

қазіргі заманғы қолдану аясы жайында да мәліметтер алуға болатын әмбебап, ақпараттық-анықтамалық ашық жүйе. Сондықтан ауқымы үлкен жүйені сабақ үдерісінде орынды пайдаланған жөн.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Балақаев М.Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. - Алматы: Ғылым, 1984.-184 б.
2. Сыздық Р. Сөз мәдениеті.-Алматы: Мектеп,1984.
3. Қыдыршаев А. Шешендіктануды оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: пед.ғыл.докт.дисс.автореф. -Алматы, 2001. -50 б.
4. Жұбанов А., Жаңабекова А. Корпустық лингвистика.Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2017.
5. Момынова Б.,Қ., Имангазина М.А., Анесова У.Г.Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы етістіктердің лексика-семантикалық белгіленім әзірлемесі: әлемдік тәжірибе, классификациялау, коруста белгілеу.Абылайхан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Хабаршысы:«Филология ғылымдары» сериясы.-Алматы,№3(66) 2022.-128-146-бб.
6. Қыдыршаев А. Кестелі шешендіктану. –Орал: Ағартушы, 2008. -84 б.
7. Ермеков Ә. Программа жөнінде бірер сөз. –Алматы: Қазақстан мектебі. 1965. -№ 7. -74-76-б.

### **ӘОЖ 372.8**

#### **ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ, ОНЫ АЙҚЫНДАУ ҰСТАНЫМДАРЫ**

**Жарқынбике Сүлейменова,**

*Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

Ұ Мақалада жоғары мектепте білім беру мазмұны, оны айқындаудың жылпыдидактикалық, жекепәндік ұстанымдары баяндалады. Қазіргі кезеңдегі жоғары мектепте маман даярлауда білім беру мазмұнын айқындау – білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Осы тұрғысынан қазіргі білім беру жүйесінің басты ерекшеліктері, жаңа үлгісі, басты ұстанымдары анықталады.

Ұ В статье излагается содержание образования в Высшей школе, принципы его определения. Определение содержания образования в подготовке специалистов в Высшей школе на современном этапе-одна из актуальных проблем в системе образования. С этой точки зрения определяются основные особенности, новая модель, основные позиции современной системы образования.

Ұ The article describes the content of education in Higher education, the principles of its definition. Determining the content of education in the training of specialists in Higher education at the present stage is one of the urgent problems in the education system. From this point of view, the main features, a new model, and the main positions of the modern education system are determined.

*Кіріспе.* Білім берудің жаңа үлгісін жасау – Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер талап етіп отырған міндет. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары білім беру жүйесіндегі өзекті трендтерді атап өтті: «массификация, университеттер мен бизнестің мемлекетпен өзара іс-қимылы (үштік спираль), цифрландыру, интернационалдандыру, академиялық артықшылық бастамалары, жоғары оқу орындарының білім беру қызметтері мен ғылыми зерттеулерінің сапасына қойылатын талаптарды арттыру, қоғамға қызмет етуге бағдарлану, университеттердің корпоративтік басқаруы мен академиялық еркіндігін дамыту»[1].

ЖОО-ларда білімгерлердің санының артуы (массификацияның көрінісі) білімнің капиталға айналуына байланысты. 2023 жылғы деректер бойынша,Қазақстан Республикасында 131 жоғары оқу орны бар[2], оның ішінде жоғары оқу орындары мен жоғары орнанан кейінгі білім беру ұйымдарында білімгерлердің оқитын мамандықтар бойынша білім беру саласында оқитындары – 29,6 пайыздық көрсеткіш [3,144]. Бұл, біздіңше, үлкен көрсеткіш.

## Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы студенттерді мамандық топтары бойынша бөлу

оқу жылының басына, адам



Қазақстан Республикасында білімберуді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінің біріне сәйкес (Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы) «оқытудың жинақтаушы кредиттік жүйесіне негізделген кадрларды даярлаудың біртұтас үш сатылы моделін жасау (бакалавриат - магистратура - докторантура)» бойынша 2007 жылы үш сатылы білім беру бағдарламаларына көшірілді.

Соңғы жылдардағы жоғары білім беруді реформалау жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуге байланысты мемлекеттік саясат стратегиялары бағытында өзгерістерге негізделіп отырды.

*Негізгі бөлім.* XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басы еліміздің білім беру жүйесі үшін реформалар мен жаңарулар кезеңі болды. Мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі білім беруді дамытудың ұлттық моделін құру, қазақстандық білім мен ғылымының әлемдік бәсекегеқабілеттігін арттыру, рухани құндылықтар негізінде тұлғаны оқытып-тәрбиелеу болды. 2007 жылы «Білім туралы» жаңа заң қабылданды, 2010 жылы Қазақстан Республикасы Орталық Азияда тұңғыш рет Болонья декларациясы енді. Еуропалық білім беру кеңістігіне ене бастады. Ұлттық жоба білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Зерттеушілер жоғары білім беру жүйесін реформалаудың басты 4 кезеңін көрсетеді:

1-кезең егемендік алғаннан бастап, 1994 жыл аралығы. Жоғары білімінің нормативтік-құқықтық, заңнамалық базасының құрылуы.

2-кезең 1995-1998 жылдар аралығы. Жоғары білім беру жүйесінің жаңаруы.

3-кезең 1999- 2000 аралығы. Білім беруді қаржыландыру және басқарудың орталықсыздандыруы, академиялық еркіндік қызметін кеңейту, жоғары білім беру жүйесін нарықтық экономикаға бейімдеу

4-кезең (2001 жылдан қазірге дейінгі кезең аралығы Жоғары білім беру жүйесінің стратегиялық дамуы, еңбек нарығына сай бәсеке қабілетті ұлтжанды маман даярлау» [4, 20-22].

Қазір ұлттық білім беру жүйесі жаһандану үрдісі кезеңінде. Жоғары білім беру әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының біріне айналуға, себебі экономикалық жетістіктер білім беру сапасымен, тұлғалардың білімділігімен, мамандардың әлемдік бәсекеге қабілеттілігімен анықталады. Қазіргі өзгермелі қоғамда өзбетінше әрекет етіп, шешім қабылдай алатын, өз болашағына жауапкершілікпен қарайтын, шығармашыл, өзінің дамып жетілуін құндылық ретінде түсінетін, үздіксіз білім ала алатын ұлтжанды тұлға – заманауи маман. Жаңа білім беру парадигмасының талаптары маманнан көлемді ақпаратты жылдам әрі сапалы талдай білуді, өз білімін болашақ кәсіби тәжірибелік әрекетінде тиімді де оңтайлы қолдана білу қабілеттерін қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі кезеңде білім - капитал.

ЖОО білім беру мазмұнының әлемдік білім беру кеңістігіне енуіне байланысты құрылымдық-мазмұндық моделі түбегейлі өзгерді: білім мазмұны жаңаша құрылды, білім ақпараттандырылды,

оқыту стратегиялары мен технологиялары өзгерді. Аталған өзгерістер ЖОО оқытушысының алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр.

1997 жылы Лиссабон келісінде Қазақстан Республикасы ресми құжатқа қол қойды. 2010 жылы Болон жүйесі негізінде Еуропа білім беру кеңістігіне енді. Нәтижесінде, 2003 жылы кредиттік жүйе қолданыла бастады.

Қазіргі кезеңдегі білім арудың рөлі артты: өмір бойы білім алу парадигмасына, виртуалды білім алу мүмкіндіктерінің артуына, тұлғаның өздігінен білім алуына, өзін-өзі жетілдіруіне басымдық берілді.

Оқытудың жаңаша құрылуының алғышарттары маман даярлаудың құзыреттілік моделін қамтамасыз ететін – оқытуды демократияландыру, ізгілендіру, ізгіліктендіру, ақпараттандыру, саралау, студенттің жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына баса мән беру, интербелсенді, проблемдік, бағдарламалық оқытуды жетілдіріп, оқыту үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу, оны білім беруде кең қолдану және оқытудың нәтижелілігі. Студент кәсіби-теориялық білім, іскерлік, дағдылармен қаруланып қана қоймай, шығармашылық еңбегімен ізденіп, өздігінен білім алуға, өз бетімен ой қорытындысын жасауға қабілетті болуы тиіс. Қазіргі жағдайда оқытудың мақсаты, мазмұны, оқыту формалары мен әдіс-тәсілдерінің тиімділігі оның нәтижесімен өлшенеді. “Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік-интеллектуалдық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі” [5, 5]. Осыған сәйкес жоғары білім беру маманның болашақ қызметіне сәйкес біртұтас, жүйелі, іргелі білім, кәсіби іскерлік, дағдылармен қаруландыруды және арнайы шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Қоғамдағы қайта құрулар, экономиканың жедел, қарқынды дамуы білім беру мазмұнына қойылатын талаптарды өзгертудің объективті себептері болып отыр. Білім беру, оның мазмұны мен құрылымын айқындаудың теориялық негіздерін анықтауда Ж.Қоянбаев, М.М.Жадрина, А.Бейсенбаева, М.Н.Скаткин, В.В.Краевский, И.Я.Лернер, Ч.Куписевич, В.С.Леднев, т.б. тұжырымдары маңызды.

Ғылыми әдістемелік әдебиеттерде *білім мазмұнына* әртүрлі анықтама берілген. Жалпы тұжырым – білім, дағды, іскерліктер жүйесі. И.Я. Лернер мен М.Н.Скаткин пікірінше, “ұрпақ жалғастығымен берілетін тәжірибелер жүйесі” Б.Қоянбаевтың пайымдауынша: “*білім мазмұны* – ғылыми білімнің, іскерліктің және дағдылар жүйесі” [6, 37]. Бұл қағидаларда білім мазмұны білім, іскерлік, дағды деп дәлелдеуге ден қойылған. Мұндағы назар аударарлық нәрсе: қазіргі қоғамдық қатынастар өзгерген тұста, ғылыми-техникалық прогрестің ұдайы үдемелі тұсында білім мазмұны теориясы жаңаша саралана бастады. Басқаша айтқанда, жан-жақты білім, іскерлік, дағдымен қоса, білім мазмұнының оқушылардың құзыреттілік, шығармашылық қабілеті мен танымдық ақыл-ой өрісін дамыту, қоғам дамуының талаптарына сәйкестендіру, оны жеке тұлға ретінде дамып жетілуіне бағытталған болуы, “ізденушілікке ынталандыратын әдіс-тәсілдердің тиімді жолдарын тұтынып, оны қолдана білуге және білімді құрғақ жаттау емес, ой-толғаныссыз қайталау да емес, саналылыққа негізделген терең түсінікті меңгеру” [6,95]. Осы турасында Е.Дайрабаевтың тұжырымы бойынша, білім беру мазмұны деп оқушылардың ақыл-ойын, дене күш-қуаттарын жан-жақты дамыту, дүниеге ғылыми көзқарас қалыптастыру және оларды қоғамдық өмірге, еңбекке даярлауға қажетті негіз болатын білімдер мен іскерліктердің және дағдылардың көлемі мен бағыты. Білім берудің мазмұны ең алдымен қоғамның, мектептің алдына қоятын мақсаттары және міндеттерімен анықталады, сондай-ақ дидактикалық талаптары да ескеріледі” [7].

П.И.Пидкасистый пікіріне жүгінсек: «біліммен ғана қаруландырып қоймай, ерік-жігерінің қуаттылығын, қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға баса мән беру керектігі» [8, 212].

Белгілі ғалым Б.Лихачевтің де ой-түйіндеулерінің осымен астасып жатқанын байқауға болады. Оқушылардың танымдық белсенділігін өзбек тілін оқыту арқылы дамыту мәселелерімен айналысқан ғалым А.К.Гулямов білім мазмұнын құраушы негізгі компоненттер білім жүйесі, іскерлік дағдылар жүйесі, шығармашылық әрекет тәжірибелері және қарым-қатынас жүйесі туралы айта келе, өзбек тілін оқыту әдістемесінің дамуы 1-2 компонент деңгейінде қалып отырғанын дәлелдейді.

Сонымен, білім мазмұны – студент танып, білуге тиісті ғылыми білімдер жиынтығынан құрылған жүйе болса, білім студенттің ғылыми пәннен іріктелген білім мазмұнын әрекеттік негізде меңгерген білік, дағдыларының нәтижесі болып табылады. Білім мазмұнын теориялық жобалау “эмпирикалық ойлаудан ғылыми-теориялық ойлауға көшумен байланысты” болу керек.

«Адамзат үшінші мыңжылдық табалдырығында адамдағы адамгершілікті өрістету мәселелерінің басымдығын бұрынғыдан да көбірек мойындауда. Адамның өнегелік-рухани бейнесі, оның қоғамдағы әл-ахуалы жеке тұлғаға бағдарланған білім беру мен тәрбиеге тікелей байланысты» [9].

Білім мазмұнының ғылыми негіздегі құрылымының айқындығы оның қарастыратын нысанын да нақтылай түспек, олай деуіміздің мәнісі білім мазмұны, оны анықтау – дидактикадағы өте күрделі көпжақты мәселе. Білім мазмұнын құрайтын негізгі ұстанымдар жөнінде ғалымдардың пікірі ортақ түйінге тоғысады, олар ғылыми курстан білім, іскерлік, дағдылар, құзыреттіліктер қалыптастырумен қатар, білім мазмұнының азаматтық, ізгілік сипат алуы, оқу материалының өмірмен тығыз мазмұндық сипатта болуы, курстардың кіріктірілуі, гуманитарлық-этикалық сипаты, жеке тұлғаны жан-жақты дамытушылық сипаты, оқу материалдарының ғылым дамуының деңгейіне сәйкес келуі, политехникалық сипат алуы, жас ерекшеліктерінің ескерілуі [10].

Білім мазмұнының ғылыми-өндіріс дамуына сәйкес келуі, оқытудың мазмұндық-процессуалдық жақтарының бірлігін жүзеге асыру ұстанымы және баланың жеке дара даму ерекшелігіне сәйкес құрылуы қоғам мұқтаждығын ескеру, таңдаған білім моделіне сәйкес болуы, пәнаралық байланыстар негізінде құрылуы, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру [11; 1;].

Т.Садықов пен А.Әбілқасымова тұлғаның білімімен, білігімен, дағдысымен жүзеге асатын қызметтің белгілі тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибелері, жаңа өзекті мәселелерді шешудегі шығармашылық, ізденістік қызметтерінің тәжірибесі, адам қызметінің объектілеріне немесе құралдарына құндылық тұрғысынан қарау тәжірибесін игеру деп көрсетеді [13, 63]. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері. Оқу құралы.- Алматы, Ғылым, 2003. -165 б. Сонымен қатар аталған ғалымдар білім мазмұны қалыптасуындағы негізі теориялар мен тұжырымдамалары, мемлекеттік білім стандарты, оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқу құралдары секілді басты ұғымдарды анықтайды [13, 74- 89].

Демек, жоғары мектепте білім беру мазмұнының негіздері қоғам дамуы заңдылықтарына сәйкес оқу материалдарының шындық өмірмен тығыз байланыста болуымен, оқыту үдерісінің педагогикалық ынтымақтастыққа құрылып, ізгілік сипат алуымен, білімнің жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталуымен сипатталады, яғни білім мазмұны қоғам мұқтаждығын өтеп, қоғам дамуымен біте қайнасуы қажет.

«Жоғары мектеп педагогикасы» оқу құралында: «Білім беру мазмұны дегеніміз - жеке тұлға қалыптастыру барысындағы адам баласының іс-әрекет тәсілдерді меңгере отырып, жүйелі түрде білім алуы, іскерлік пен дағдысын, таным арқылы көзқарасын қалыптастыру және ақыл-ойы мен сезімін дамыту»[14, 93].

Білім мазмұнын анықтауда мақсаттылығына басты назар аударылуы тиіс. Осы тұрғысынан Н.Ж.Құрманова «Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту технологиясы» атты оқу құралында: «Оқу бағдарламалары білім мазмұнының формалдық көрсеткіші болғанмен, жинақы түрде мәселелерді көрсете алатын ерекшелікке ие болады. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың мақсаттарынан бастау ала отырып, бағдарлама білім мазмұнын нақты және жалпы міндеттерді шешетіндей етіп құрастырылады.Берілетін білім мазмұнын қазіргі ғылым саласының дамуымен байланыстырғанда, студенттің жеке тұлға ретінде дамуы мен болашақ маман ретінде қалыптасуына игі ықпалын тигізетін мәселелер алынуы керек. Ол үшін мақсат айқындалып, сол мақсатқа жетудегі оқу мазмұны белгіленуі керек», - деп тұжырымдайды [15, 23].

З.Б.Бейсембайқызы «Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты оқу құралында» білім мазмұнын айқындауда көптеген ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, ғылым негіздері басты орын алатынын айқындайды: «...пән мазмұнын айқындауда негізі орынды оқылатын ғылым негіздері алады», - дей келе, ғылым негіздерінің мазмұнын ашады. «Ғылым негіздерін және соған сәйкес келетін оқу пәнін бір жүйе деп алып, оған тұтастық сипат беретін бір-бірімен байланысты элементтерді бөліп қарастыру қажет. Айталық, оқу пәні «Қазақ тіл» - бір жүйе (дербес ғылым) десек, оны құрайтын элементтер мазмұндық блок болып табылады. Оларға: фонетика, лексикология, сөзжасам, грамматика т.т.салалары жасалады. Мысалы, қазақ тілі ғылымын қарастыратын нысанына қарай 3 блокқа бөлуге болады: дыбыс жүйесі, сөздің құрылымдық жүйесі (лексика, морфология, сөзжасам, орфография) және сөйлем жүйесі. Дыбыс жүйесі, сөйлем жүйесі терминдерін А.Байтұрсынұлы қолданғаны белгілі. Аталған блоктар өз ерекшеліктеріне, зерттеу нысанына қарай іштей бірнеше топқа бөлінеді. Демек, ғылымға, оны оқыту үдерісіне жүйелілік тұрғыдан қарау, соған негіздеу өте маңызды, себебі жүйелілік тұрғыдан келу пән мазмұнына ең маңызды, ғылымның қазіргі даму деңгейіне сай келетін, ғылыми фактілерді (бағдарламаға сай) енгізу арқылы негізгі мәселелерді игерген маман дайындауға, ақыл-ойы дамыған, шығармашыл ойлай білетін белсенді зерттеуші тәрбиелеуге мүмкіндік береді» [16, 24-25].

Автор пән мазмұнын құрастыруда таңдау, оқу материалдық таңдаудағы негіздер, таңдау межесі, дидактикалық жағдайлар секілді факторларға негіздеу маңызды екендігіне мән береді [16, 25-26]. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» жоғары білім беру жүйесінде әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту, ғылыми зерттеулер

нәтижелерін және технологияларды коммерцияландыру үшін жағдайлар жасау, жоғары оқу орындарында білім алатын (бұдан әрі – ЖОО) жастарды "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайтуға қатыстыру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру, ғылымның ел экономикасын дамытуға қосатын үлесін ұлғайту, ғалымның ғылыми әлеуетін және мәртебесін нығайту, мектептегі білімнің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңімен көшу, дуальді оқыту секілді міндеттер қойылған. Сондай-ақ, әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту көзделген. Жаңартылған білім беруге көшуді ескере отырып, жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының мазмұны жаңғыртылатыны, базалық жоғары оқу орнында жоғары оқу орындарына арналған білім беру бағдарламаларын, оқулықтар мен ОӘК әзірлеу арқылы ағылшынша оқытуға көшу жүзеге асырылатыны, мектептер үшін мұғалімдерді іріктеу кезінде "білім беру магистрі" дәрежесі бар мамандар кеңінен тартылатыны, мектеп педагогтерін кәсіби жағынан дамыту біліктілікті арттырудың деңгейлік курстарының бағдарламаларын жаңғырту шеңберінде жалғастырылатыны мазмұндалған [17]. Осы секілді елімізде білім беру жүйесін дамытудың мақсаттарын айқындайтын, негізгі стратегиялық бағыттарын белгілейтін ғылыми-теориялық, әдіснамалық құжаттарда әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдықтарын белгілеу көзделген. Бұдан білім беру мазмұнын қоғамның жаңа талаптарына сәйкестендіру, және кәсіби біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру міндетіне ден қойылғанын байқауға болады. Қазақстан Республикасы "Білім туралы Заңында" [5] білім беру саласындағы мемлекеттік саясат ұстанымдары етіп мына қағидаларды белгілеген: әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, білімге қол жеткізу; білім берудің зайырлы сипаты; жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту; білім беру сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру үдерісінің үздіксіздігі; оқу мен тәрбиенің бірлігі; білім және білім беру мен өкілеттігін кеңейту; білім берудің ізгілікті және дамытушы сипаты; білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциялануы; оқушыларды кәсіптік бағдарлау; білім беру жүйесін ақпараттандыру.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы) [18] жоғары және үздіксіз білім мен ғылым жүйесін дамыту мынадай қағидаларын анықтап көрсетеді: «Барлығының сапалы жоғары білім алу құқықтарының теңдігі; зияткерлік дамуды, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін жоғары білімнің қолжетімділігі; оның деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; оқытудың жеке траекториясын еркін таңдау және үздіксіз білім беру арқылы дағдылар мен құзыреттерді алу; еңбек ресурстарының ұтқырлығы – қызмет бейінін өзгерту және әртүрлі бағыттар бойынша параллель кәсіптік білім алу мүмкіндігі; ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің басымдылығын; мемлекеттік қолдау алу кезінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ашықтығын, объективтілігін және теңдігін; ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар сараптамасының объективтілігі мен тәуелсіздігін арттыру мақсатында; ғылымды, білімді, бизнесті және өндірісті интеграциялау; халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту; экономиканың басым секторларында технологияларды коммерцияландыруды ынталандыру, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті дамытуға қатысуы үшін көтермелеу және жағдайлар жасау»

Жоғары мектепте білім беру мазмұнын іріктеу Білім беру бағдарламасында, бірүлгі бағдарламаларда, оқулықтарда нақтыланады. Мұндағы іріктелген білім мазмұнының басты мақсаты қоғам сұранысына сәйкес болашақ маманның кәсіби танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыру қажет. Оқу әдістері мен технологиялар да осыған сәйкес құрылуы тиіс.

Білім беру мазмұнының басты құрылымдық компоненттерінің маңыздысы – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру беру стандарты. Стандарт негізінде құрылған Білім беру бағдарламасы болашақ маман даярлығына қойылатын талаптар мен кәсіби құзыреттіліктер мазмұнын және білім беру жүйесіндегі пәндер тізбегі, оның сипаттамасын анықтайды. Елімізде жоғары білім беру жүйесі кредиттік білім беру технологиясына негізделген. Білім беру мазмұнын сипаттайтын деңгейлерді зерттеушілер төмендегідей көрсетеді: жалпы теориялық ұғым қалыптастыру (МЖББС, оқу жоспары, оқу пәні деңгейі) белгілі бір пәннің аясында нені қандай ретпен оқу қажеттігін анықтайды, оқу материалы деңгейі оқулықтар мен оқу құралдарының және т.б. материалдардың мазмұнын құрайтын білім білік дағдылар[4, 146]. «Білім мазмұны – бұл арнайы іріктеліп алынған



және қоғамда қабылданған, белгілі бір сферада қызмет атқару үшін меңгеретін адамзат тәжірибесінің элементтер жүйесі. Білім мазмұны - білім, іскерлік, дағды және дүниетанымы мен жалпы тұлғалық қалыптасу деңгейі көрінетін оқу орны белгілейтін түпкі нәтиже» [19, 111].

Жоғары білім беру мазмұны анықтайтын нормативтік-құқықтық құжаттар: Стандарт, мамандық бойынша пәндерді анықтап беретін типтік оқу жоспарлары мен міндетті пәндердің мазмұнының анықтайтын құжат – типтік бағдарламалар. Әр блоктағы міндетті пәндер – болашақ маман үшін міндетті игерілетін пәндер болып табылады.

Қазіргі білім беру мазмұнын сипаттайтын ерекшеліктерін төмендегідей жинақтап көрсетуге болады:



Ескерту: Т. – технология

### Сурет 1 - Қазіргі білім беру мазмұнын сипаттайтын ерекшеліктері

Сонымен, білім беру мазмұны саяси-экономикалық дамудың бір факторы ретінде тұлғаның дамуына мүмкіндік беруді қамтамасыз етуі тиіс, қоғамды дамытатын әлемдік бәсеке қабілетті тұлғаны даярлауғасапалы білім алуға, пәнаралық байланысты жүзегеасырып, біртұтас ғылыми көзқарас қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

В.А. Клименко өз еңбегінде жаңа әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес жоғары білім берудегі оқу үдерісі ізгілендіру (тұлғаның жеке қасиеттерін құрметтеуге, оқытушы мен студент арасындағы педагогикалық ынтымақтастық, өзі-өзі дамыту) , саралау (жеке қабілеттері 14-менбейімдіктерін қабілетін ескеру), әртাপтандыру (білім беру деңгейлерінің формаларының саналуандығы), көпнұсқалы (таңдауға мүмкіндік беру), көпдеңгейлі (әр деңгейдегі білім сапасын игеру -бакалавриатура, магистратура, докторантура) компьютерлендіру- ақпараттандыру ( кейігі кездегі АКТ -оңтайлы пайдалану) даралау сабақтастық негіздерменсипатталу керек[20,14-24].

Білім мазмұнының ғылыми негізде құрылуы, деңгейлер арасындағы сабақтастық, пәнаралық байланыстардың болуы, теориялық білімінің тәжірибемен байланысы, маңызды. Жоғары мектепте игерілетін білім мазмұнын айқындауда алдымен осы қағидалар негізге алынады. Осы пайымдауларға сүйене отырып, жоғары білім мазмұнын анықтауда дидактикадағы дәстүрлі тұжырымдар мен жаңа соны ой-пікірлер негізінде келесі ұстанымдарды басшылыққа аламыз:

**1) жалпы ұстанымдары:** білім мазмұнының қоғам дамуына, ұлттық танымға сәйкестігі мен ғылыми, өндірістің дамуы деңгейіне, сондай-ақ қоғамның қойып отырған жаңа талаптарына сәйкес құрылуы; ізгілік, гуманитарлық, демократияландыру, кәсіби құзыреттілік бағыттары негізінде құрылуы; уәждемелік, оқу-танымдық әрекетін белсендіруді көздеу; жеке дара ерекшеліктерді ескеруге құрылған тұлғалық-бағдарлық оқытуға негіздеу; әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырылған көпдеңгейлік үздіксіз білім беру, ақпараттық білім алу мүмкіндігін кеңейту.

**2) жекепәндік ұстанымдар:** (пәндік білім беру жүйесі тұрғысынан) жаңа теориялық тұжырымдардың енгізілуі; пәншілік, пәнаралық байланыстар арасындағы синтез; лингвистикалық біліктілігін арттыруға негізделуі; базалық білімнің теориялық, практикалық, кәсіби маңыздылығы; лингвистикалық білімнің теориялық ойлауды дамытуда маңыздылығы; практикалық бағытын жүзеге асыру; қатысымдық деңгейде құрылуы;

**3) іскерлік, дағдылар, құзыреттілік жүйесі тұрғысынан:** функционалдық-стильдік, қатысымдық, кәсіби-құзыреттілік негізде құрылуы; шындық өмір заңдылықтарымен, прагматикалық бағытта түзілуі; нәтижелік модельге құрылуы; білімді бақылаудың үздіксіздігі; әрекеттік негізде білім беру; жаттығулардың молдығы;

**4) кәсіби бағдар беру тұрғысынан:** мектеп бағдарламалары, мектеп оқулықтарымен, яғни мектептегі білім мазмұнымен сабақтастық, бірізділік; болашақ кәсібімен байланыстыру; заман талаптарына сәйкес бәсекеге қабілетті маман даярлау;

**5) шығармашылық қабілетін дамыту тұрғысынан:** танымдық белсенділік пен шығармашылық қабілетін арттыру; ақпараттық-мультимедиалық технологияны енгізу; өз бетімен жұмыс істеуге, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беру; проблемаларды шешудегі өзіндік, шығармашылық қызметті қамтамасыз ету; педагогикалық үдерістің педагогикалық ынтымақтастықта жүзеге асырылатын интерактив әдістер негізіне құрылуға жағдай жасау. Сонымен, білім берудің қазіргі мақсаты – “білім алып, білім мен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби құзыреттілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады” [21, 5].

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасында үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі буыны – жоғары мектеп бүгінде даму үстінде. Жоғары білікті қазақ тілі маманын даярлау жоғары білім берудің біртұтас құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ тілі мамандарын даярлауда анықталатын білім мазмұны мемлекеттік стратегиялық құжаттардың негізінде, Білім Стандарты, үлгі оқу жоспары мен оқу бағдарламаларында нақтыланады. Білім мазмұнын белгілеу мемлекеттік стандарттағы жоғары кәсіптік маманды дайындау деңгейіне қойылатын талаптарына сәйкес айқындалады.

#### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.
2. 5ffd2623f7a7dcbc54ef5e5e4ca39
3. [Статистикалық жинақ](#). Қазақстан Республикасындағы білім беру (Статистикалық жинақ, қазақ және орыс тілдерінде. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы: А., 2023 -2024.
4. Мыңбаева Ә.Қ. және т.б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері: оқу құралы. А., -2016 - 236 б.
5. Білім туралы заң. //Қазақстан Республикасындағы Білім туралы Заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. - Алматы: Юрист, 2003. – 180.
6. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. - Алматы, 2002. -384 б.
7. Дайрабаев Е., Дайрабаева А. Педагогика пәнінің негіздері. Оқу құралы. -Алматы: Қазақ университеті, 205, -223 б.
8. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических колледжей. (Под.ред.И.Пидкасистого). - Москва: ПедагогическоеобществоРоссии, 1998. - 640 с.
9. Құсайынов А.Қ. Білім - болашақ негізі. - А., RONDA. 2010. - 296 б.
10. Лихачев Б. Педагогика. Курс лекций: Учебное пособие для студентов пед.учебн. заведений и слушателей ИПК и ФПК. - М.: Юрайт, 1999. - 523 с.
11. Гулямов А.К. Методика развития учебно-познавательной активности в процессе преподавания родного (узбекского) языка. Дисс... доктора пед. наук. - Ташкент, 1991, -308 с.
12. Давыдов В.В. Видьобобщений в обучении. - М., 1972. - 423 с.
13. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері. Оқу құралы.- Алматы, Ғылым, 2003. -165 б.
14. Жоғары мектеп педагогикасы: оқу құралы / Ж.Р. Баширова, Н.С. Әлқожаева, Ұ.Б.Төлешова және т.б. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 190 б.
15. Құрманова Н.Ж. Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту технологиясы. - Ақтөбе. 2012. - 115 б.
16. Бейсембайқызы З.Б. Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Оқу құралы, - А., Нұр-Принт, 2014. -113 б. )

17. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/>.

18. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>

19. Шалғынбаева Қ.Қ., Албытова Н.П., Сламбекова Т.С. Жоғары мектеп педагогикасы: Магистранттарға арналған оқу құралы: Алматы: ССК, 2017. - 272.

20. Клименко, В. А. Педагогика и психология высшей школы: учебно-методическое пособие / В. А. Клименко, С. Н. Островский, Т. В. Шершнёва. – Минск : БНТУ, 2020. – 268 с.

21. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. 20 қаңтар, 2004 жыл. 2-б.

ӘОЖ 64 (574)

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ - МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕГІ

Ә. Т. Дүйсебек

«Ұлттық құндылықтар академиясы» Қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасы

Ü «Ұлттық құндылықтар жүйесі – мемлекеттік идеологияның өзегі» атты мақалада еліміздегі қоғамның орнықты дамуына ғылыми негіз болар ұлттық құндылықтар жүйесі саралана сипатталған.

Ü В статье «Национальные ценности - основной стержень государственной идеологии» изложены вопросы разработки системы национальных ценностей, которые являются фундаментальной основой устойчивого развития казахстанского общества. Подробно изложено содержание 7-ми ценностей, предложенных ОО «Ұлттық құндылықтар академиясы»: Человек, Семья, Родина, Язык, Духовность, Труд и Природа.

Ü The article «The system of national values is the core of state ideology» outlined the issues of developing a system of national values, which are the fundamental basis for the sustainable development of Kazakhstan society. The content of the 7 values proposed by the Public Association "Ultyk kundylykta akademiya" is described in detail: Man, Family, Homeland, Language, Spirituality, Work and Nature.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Республика күніне орай мемлекеттік наградалар мен сыйлықтарды салтанатты түрде тапсыру рәсімінде: «Мен Түркістанда өткен Құрылтайда сөйлеген сөзімде жаңа қоғамдық этика туралы айттым. Алқалы жиыннан соң Құрылтайдың кейбір мүшелері маған өз ұсыныстарын жолдады. Олар елімізде **құндылықтар жүйесін қалыптастыру** қажеттігіне назар аударуда. Шын мәнінде, мұны өте маңызды бастама деп ойлаймын. Оны жан-жақты талқылап, қарастыруымыз керек» - деген-ді. Президентіміздің бұл сөзін мен қазіргі жаһандану мен геосаяси шиеленістер тұсында ұлттық идеологиямызды қалыптастыруға бағытталған нақты қадамдардың бірі деп пайымдадым. Себебі қазір бүкіл Қазақстан халқын бір мақсат, бір мүддеге ұйыстырып, ынтымағын арттыратын, өркендеуіміздің өзегі болатын құндылықтар жүйесі аса қажет. Тамыры терең ұлттық құндылықтарымызды тұғырнама еткен мемлекеттік идеология болғанда ғана жолымыз айқын, болашағымыз баянды, тәуелсіздігіміз тұғырлы болмақ. Осы мақалада «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі әзірлеген, талқыланып толықтырылған, ғылыми-философиялық тұрғыда дәйектелген Ұлттық құндылықтар жүйесін назарға ұсынып отырмын. Бұл жүйе **Адам, Отбасы, Отан, Тіл, Руханият, Еңбек, Табиғат** деген 7 құндылықтан тұрады және ішкі құраушылары мен мазмұны айқындалған.

Құндылықтар жүйесі **Адам** құндылығымен басталады. Ол **Сапалы өмір** және **Адамгершілік, ар-ождан** құраушыларынан тұрады. Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам. Осыған орай **Сапалы өмір** жеке дара құндылық ретінде көрсетілді. Мемлекеттің басты мұраты, басты құндылығы азаматтардың амандығы, денсаулығы, қауіпсіздігі, өмір ұзақтығы, құқығы, әл-ауқаты, салауатты өмір салты, адам капиталы болуы тиіс. Осы кезде ғана Әділетті Қазақстан құрудың берік іргетасы қаланады.

Өкінішке орай, Қазақстанда жол-көлік апатынан қайтыс болу мүмкіндігі Еуропа елдеріне қарағанда 11 есеге көп. Жыл сайын 10 мыңнан астам адам опат болады. Өндірістегі апаттар 200-ге тарта адамның өмірін жалмайды. Өрттен, суға кетуден т.б. қаза болып жатқандар саны жан шошытады. Өмір сүру ұзақтығы бойынша Қазақстан әлемдік рейтингте 152 орында (CIA World Factbook 2023 жылғы мәліметтері). Ұлттық статистика бюросының мәліметінше еліміздегі кедейлер үлесі 5,1%. Мұның барлығы азаматтарымыздың өмір сапасы бағытында қаншама жұмыс

жүргізілу қажеттігін көрсетеді. Numbeo сайты мәліметі бойынша Финляндияда мемлекет айына жан басына 377 462 тг. бағыттайды, ал орташа жалақы 1 млн.105 мың тг. Мұндай мысалдар өте көп.

**Адамгершілік, ар-ождан** адамның адамдық болмысын, табиғатын, рухани бейнесін анықтайтын адалдық, әділеттілік, абырой, ар тазалығы, жүрек тазалығы, қол тазалығы, мейірбандық, сүйіспеншілік, ізгілік, әдептілік, парасаттылық, ынсап, қанағат, рақым, ақ ниет, кең пейіл т.с.с. асыл қасиеттердің жиынтығы. Абайдың сөзімен айтқанда, жылы жүрек. Бұл туралы Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Өмірдің өкінбейтін бар айласы, Ол айла-қиянатсыз ой тазасы. Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, Таза жүрек, тату дос-сол шарасы» деген.

Осы орайда Абайдың «Толық адам» философиясындағы, 38-ші қарасөзіндегі (Қитаб тасдик) «Жылы жүрек» туралы трактаттары адамның жүрегін ұялаған рухы (жаны) көрінбейтін, 5D өлшеміндегі космостың голографиялық проекциясы болып табылады деген кванттық психологияның қағидаларымен дәлелденіп отырғанын айта кеткен жөн. Білім мен тәрбиенің, адамның өмірлік характері мен ұстанымдарын көкірек көзін ашып, хикмет кеудесінің өлшеусіз әлеуетін пайдалануға бағыттау-жасампаз және әділетті қоғамды орнатудың алғышарты. Керісінше, нәпсінің ырығында кетіп, дүниелік мақсаттарға әсіре елігу адам бойында дүниеқоңыздық, арамдық, сатқындық, жемқорлық, дарақылық, кулық-сұмдық, пасықтық, жағымпаздық, екіжүзділік т.с.с. құбыжық қасиеттерді ұялатып, надандық пен қасіретке әкеліп тірейді.

Өкінішке орай, осы кезге бірқатар кесапат құбылыстар елімізді жайлады. Transparency International ұйымы 2022 жылғы мәліметі бойынша сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне Қазақстан 180 елдің арасында 101-орында. Жемқорлық - надандықтың көрінісі. Оны еңсерудің бір пәрменді жолы әр азаматтың сана-сезімінде ар-ождан құндылықтарын орнықтыру, «көкірек көзін ашып, іштегі кірді кетіру», «малым-жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы» деген халық даналығын тіршілік ұстанымына, білім мен тәрбие қағидасына айналдыру болып табылады.

**«Отбасы» құндылығы** бір-бірімен біте қайнасқан **«Отбасы берекесі»** және **«Ұрпақ»** құраушыларынан тұрады. Отбасы – азаматтың тірегі, мемлекеттің іргетасы, ұлағатты ұл, инабатты қыз тәрбиелеудің ұясы. Бесіктен басталатын тәрбиенің қайнар көзі. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, елдің қуатты болуы отбасылардың берекелі болуымен тікелей байланысты. Өкінішке орай, елімізде отбасы құндылығының құлдырауға ұшырағанын отбасылардың ажырасуы көрсеткіші бойынша Қазақстанның 114 елдің ішінде 16-орында тұрғаны көрсетеді (Ranking.KZ 2022 жылғы мәліметі). Бұл қазақ халқы мәдениетіне жат құбылыс. Отбасындағы берекесіздік, әсіресе, балалардың психологиялық жай-күйіне, әлеуметтік хал-ахуалына зор залалын тигізуде. Соңғы кезде балалардың тәртібіндегі келеңсіз оқиғалар мен қорқынышты құбылыстардың көбеюінің басты себептерінің бірі де осы. Сондықтан отбасы құндылығын қалпына келтіру үшін, қазақ халқының асыл дәстүрлеріне сай қарашаңырақ, әулет абыройы, тектілік, ұрпақ үшін жауапкершілік, отбасындағы татулық пен сыйластық, ата-анаға құрмет пен қамқорлық, ата тәрбиесі, әже тәрбиесі, әке тәрбиесі, ананың ақ сүтін ақтау, ұлағатты ұл тәрбиесі, инабатты қыз тәрбиесі ұғымдарын білім беру мен тәрбие бағдарламаларына енгізіп, айнымас өмір салтына айналдыру өте маңызды. Бұл бағытта қоғамдық ұйымдардың жақсы бастамалары бар, оларға мемлекет тарапынан қолдау керек. Мектеп пен ата-ана ынтымақтастығын нормативтік түрде нақтылап, оқу бағдарламаларына отбасы құндылықтарын енгізу, баланың аман-саулығы мен тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі туралы арнайы Ата-аналар кодексі немесе Заң қабылдануы қажет деп ойлаймын.

**«Ұрпақ» құндылығы- ұрпаққа қамқорлық пен жауапкершілік.** Қазіргі кезде әрбір баланың аман-саулығы мен дамуына теңдей қолайлы жағдай жасау, құқығын қорғау-мемлекет, ата-ана, мектеп бірлестігінің басты міндеті.

Мемлекет басшысының пәрменімен бастауыш мектептің балаларын тегін тамақпен қамтамасыз ету, «Ұлттық қор – балаларға» жобасы ұрпаққа жасалған зор қамқорлық. Балаларымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды жаман қылықтар мен әдеттерден, компьютер, смартфон, құмар ойындарға тәуелділіктен, теріс пиғылды діни ағымдар мен экстремистік, радикалдық топтар ықпалынан қорғау үшін арнайы заңнамалық актілер, нақты шаралар қабылдануы қажет. Тәжікстан Республикасының «Ата-аналардың баланы оқыту және тәрбиелеудегі жауапкершілігі туралы» Заңын (2 тамыз 2011 жыл, №762) үлгі етуге болады.

Мектептерге, оқушыларға бірдей жағдайдың жасалмауы, айрықша мәртебедегі немесе қымбат ақылы мектептердің көбеюі Конституциямыздың 30-бабының 1-ші тармағында көрсетілген «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі» деген қағидасының бұзылуын көрсетеді. Орта білім беру де бизнеске, табыс көзіне айналып бара жатқаны алаңдатады. Алалаушылық баланың жастайынан әділетсіздікке, кемсітушілікке ұшырауын, олардың арасында әлеуметтік стратификация мен психологиялық қарама-қайшылықты туындатады.

Баланың бақытты болуының іргетасы - ұлттық құндылықтарға негізделген ізгі тәрбие, сапалы білім, кәсіби бағдар алуы, заманауи, өзін-өзі дамыту құзыреттіліктерінің қалыптасуы. Қазіргі кезде сапалы білім беріліп жатыр деп айту қиын. Білім сапасын дәл айқындайтын критерийлерге сүйенген терең зерттеулер қажет. Оқу жүктемесі, оқытылатын пәндердің мазмұны, олардың баланың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, тәрбиелік әлеуеті, кәсіби бағдар беру өз дәрежесінде емес. Оқу жүктемесінің ұлғайтылуы білім сапасын төмендетіп, тәрбие жүйесін әлсіретті. Бағалау жүйесі, БЖБ, ТЖБ-лар білім сапасын шынайы анықтамайды, көзбояушылықты туындатуда. Заңмен әлеуметтік мәртебесі, жалақылары көтерілгенмен білім сапасына жауапсыз қарайтын педагогтер саны да көбейіп кеткендей. Балалардың ақылы репититорларға жаппай баруға мәжбүр болуы- осының айқын дәлелі.

Тағы бір айтатын мәселе - балалардың уақытын тиімді пайдалануға жағдай туғызу: еңбекпен, спортпен, өнермен, шығармашылықпен, танымдық саяхатпен айналысуы. Ақысыз, қолжетімді үйірмелер жеткілікті болуы тиіс.

Буллинг, суицид, қатыгездік оқиғалары, NEET жастарының көбеюі бүкіл мемлекеттік деңгейде шұғыл шаралар қабылдауды қажет етеді. Таңдаулы балалардың әдемі көрсеткіштеріне тоқмейілсімей, басты назарды тәрбиесінде, әлеуметтік жағдайында жайсыздық бар балаларға аудару керек. Яғни, білім берудің қазіргі эксклюзивті моделінен инклюзивті моделіне көшуіміз қажет. Мұның айқын мысалы - Финляндия білім беру жүйесі, онда барлық мектептерге бірдей жағдай жасалған, әрбір балаға дифференциалды көзқарас, қамқорлық жүзеге асырылады.

Біз «Қазіргі балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік портреті» тақырыбында кешенді әлеуметтік-диагностикалық зерттеулер жүргізуді ұсынамыз. Бұл балалар ортасындағы шынайы жағдайды анықтап, тәуекелдердің алдын алу, проблемалардың салдарымен емес себебімен күресуге жол ашады.

Білім беру ұйымдарында сынып жетекшілерінің, психолог мамандардың, әлеуметтік педагогтердің мәртебесі мен жалақысын, бастысы біліктілігін көтеру- кезек күттірмейтін мәселе.

Сенбі күні мектептің жабық болуы балалардың көшеде бақылаусыз жүруіне әкелді. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық» салдарларын көріп жатырмыз. Ата-анасының қасында болады дегеніміз бос сөз, олардың басым көпшілігі тіршілік қамында.

Осының бәрі **Ұрпақ** құндылығын жүзеге асыруды, Оқу-ағарту министрлігінен білім беру моделін өзгертуді, басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп жедел және кешенді шаралар қабылдауды талап етеді.

**«Отан»** құндылығы **«Ел мен Жер, Отан», «Тәуелсіздік және тарихи таным», «Демократия және мемлекет»** құраушыларынан тұрады. **«Ел мен Жер, Отан»** құндылығы Жер-ана, кіндік қаны тамған жер, атамекен, жерұйық, өскен өлке, ауылым - алтын бесігім, елжандылық, отаншылдық, азаматтық борыш, парыз, жауапкершілік, қайраткерлік т.с.с. ұғымдарды қамтиды. Ерім дейтін ел болса, елім дейтін ерлер – адал азаматтар қатары қалың болады. Жастардың білім алуына мемлекет жақсы жағдай жасап жатыр. Кемшін жағдай - оқу бітірген соң жұмысқа орналасу. Кезінде әрбір бітірушіге жолдама берілетін, әлеуметтік қолдау көрсетілетін. Қазір еңбек өтілің жоқ деп жұмысқа қабылдамау, тамыр-таныстық, пара алу жастарымыздың тауын шағып, шетелге кетуіне тікелей себепкер болып отырғаны ешкімге жасырын емес. Бұл жағдайды еңсермесек, ертең елімізге кім еге болады?

**«Тәуелсіздік және тарихи таным»** құндылығы егемен ел, саяси-идеологиялық, рухани, зияткерлік, экономикалық тәуелсіздік ұстанымдарын, тәуелсіз жасампаз сана, Алаш идеясы, ұлтжандылық, ұлттық рух, батыр бабалар өнегесі, тарихи таным мен әділеттілік, шынайы тарих тағылымдары - болашақтың іргетасы ұғымдарын орнықтырады.

**Демократия және мемлекетшілдік** құндылықтарын адамның құқығы мен міндеттерін, бостандығы мен жауапкершілігін, заңның үстемдігін, әділеттілікті, саяси сауаттылық пен азаматтық белсенділікті, мемлекетшілдікті өзара байланыста қатар қарастырады. Елімізде Әділетті Қазақстан идеологиясы аясында басқарушы және сот билігінің әділеттілігі, ашықтық, сөз бостандығы, басшы атқарушы және өкілетті органдарды халықтың тікелей сайлауы, меритократия, жемқорлықсыз қоғам орнайды деген елдің үміті зор. Биылғы жылы 22 қазанда қабылданған ҚР «Қоғамдық бақылау туралы» Заңы (№ 30-VIII ҚРЗ № 30-VIII ҚРЗ) - демократияландырудың айқын нышаны. Демек, бұл орайда жастардың саяси сауаттылығын арттыру, демократия ұстанымдарын санасына дарыту бойынша кешенді жұмыстар қажет. Мектеп басқарудағы және қарым-қатынастағы әділеттілік, ұстаздар мен мектеп басшыларының адалдығы, жемқорлықты жою, балалардың өзін-өзі басқару ұйымдарын жоғарыдан түсірілген шаблонмен емес, олардың таңдау құқығын сақтай отырып дұрыс жүргізу - демократиялық сананың бастауы.

**«Тіл»** құндылығы **«Мемлекеттік тіл»** және **«Тілдік-коммуникативтік мәдениет»** құраушыларынан тұрады. Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Мемлекеттік тіл мәртебесі – ел

мәртебесі. Ана тіліміз - ардың ісі. Президентіміз Қ.Тоқаев айтқандай, қазақ тілі – қазақтың жаны. Қазақ тілі – титулдық халықтың ұлттық коды, Қазақстандағы жалғыз мемлекеттік тіл. *Қазақ тілі – сөз қоры жағынан әлемде үшінші орын алатын айрықша тіл.* Қазақ тілі - данышпандар мен даналар тілі, шешендер мен шайырлар тілі, Алаш арыстарының араша түсіп, жанкештілік жасаған тілі. Мемлекеттік тілге жеке дара құндылық ретінде басымдық беріп, оны барлық қазақстандықтардың басты рухани құндылығына айналдыру қажет. Сонда ғана қазақ тілі ұлтаралық қатынас тіліне, ұлт пен ұлыстарды ұйыстырудың, мәдени-экономикалық прогрестің факторына айналады. Бұл үшін балабақшалар және бастауыш мектеп қазақ тілінде оқуға көшірілуі тиіс. Осы орайда «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ бастамасымен жасалған жаңартылған білім беру стандартына сай бірінші сыныптан бастап үш тілде оқытуды, 4 негізгі пәнді ағылшын тілінде оқытуды жаппай енгізу, «қазақ тілі», «қазақ әдебиеті» пәндерінің оқыту мазмұны мен әдістемесін бұрмалауға ұшырату осы реформа авторларының қазақ тіліне жасаған қиянаты деп есептеймін. Осы реформа салдарынан басым көпшілік балалардың жазу және сөйлеу сауаттылығының төмендеуі, қазақ әдебиетінен мақұрым қалып бара жатқаны туралы жұртшылық жария етуде. Бұл жағдай тез арада түзетілуі тиіс. «Өзге тілде сайрау қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті» деп Қадыр Мырза Әлі айтқандай, ана тілімен ойы өскен ұрпақ қана елімізге адал, жерімізге қорған азамат болары анық.

Жақында қабылданған Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасында қаралған сенімді қадамдар осының бастамасы болар деп сенеміз. Бірақ бұл тек тұжырымдама. Енді тиісті мемлекеттік органдар қазақ тілінде іс жүргізу, әдебиет, медиаресурстар мен видеоконтенттің саны мен сапасын арттыру, ғылым мен технология саласында, ақпарат көздерінде, әлеуметтік желілерде, көпшілік орындарда қолданыс аясын кеңейту бойынша заң күші бар нормативтік құжаттар қабылдауы қажет.

**«Тілдік – коммуникативтік мәдениет»** қазіргі мидай араласқан жаһандану дәуірінде өзге халықтардың тілін игеріп, татулықта өмір сүру, мәдени қарым-қатынас жасау, дамыған елдердің ғылымы мен білімін, технологиясын, жақсы қасиеттерін үйрену үшін, туризмді дамыту үшін аса қажет. «Брыс алды - ынтымақ» деген дана сөзді ұстаным етіп, өз Отанымыздағы және басқа елдердегі ұлттармен тиімді достық құрудың амалы.

**«Руханият» құндылығының** құраушылары – **«Діл мен дәстүр», «Рухани игіліктер және мәдениет».** **Қазақ ұлтының ділі (болмысы):** көңілінің кең даладай дархандығы, «бауырым деп адамзаттың бәрін сүйген» мейірбандығы, тектілігі, меймандостығы, «тура биде туған жоқ» деген әділдігі, «Алла жүрегімде» деген діні, «төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген ауызбіршілігі, «сабыр түбі сары алтын» деген байсалдылығы, өр мінезділігі, өнерпаздығы, астарлы сөзге шеберлігі, тазалығы, табиғатпен үйлесімділігі. Қазақ ұлты мен еліміздегі ұлыстардың татулығы мен өзара сыйластығы елдегі береке мен рухани жарасымдылықтың кепілі.

«Бес нәрседен қашық бол» деп Абай айтқан антиқұндылықтардан балаларымызды аман сақтау керек. Ділімізге жат, жаңа заманда аяғымызға тұсау, жүрегімізге қаяу болатын жаман қасиеттерден арылуымыз қажет. Олардың орнына жаңа заманның талабына сай келетін жаңашылдық, ширақтық, іскерлік, өзгерістерге бейімділік, ізденімпаздық, уақытты қадірлеу, қарым-қатынас мәдениеті, ыждағаттылық сияқты қасиеттерге үйрену қажет-ақ болып тұр.

Дін – халықтарды имандылық аясында ұйыстыратын құндылық, адамның адами қалпын сақтау үшін жаратушының, Алланың берген сыйы. Діннің қадір-қасиетін дұрыс ұғыну - болашағымызды баянды етудің кепілі. Бірақ, мектеп оқушылары теріс пиғылды діни ағымдардың ықпалынан, хиджаптан заң арқылы қорғалуы керек. Оқушы тек заманауи білім, зиялы тәрбие алуы керек, мектепте баланың оқушы формасында болуы министрлік бекіткен Мектеп ережесінде көрсетілуі керек. 1998 жылы Алматы облысындағы әл Фараби атындағы гимназия директоры кезімде оқушыларымызды министрлік бұйрығынсыз-ақ толықтай оқушы формасына көшіргенбіз. Осы форманы олар мақтан тұтатын. Қазіргі күнге дейін бірыңғай мектеп формасына көше алмай, мәселенің дау болып жатқаны мені таң-тамаша қалдырады.

**Салт-дәстүрлер** – ұлттың бет-бейнесі мен өмір сүру қағидаларын, қасиеттерін анықтайтын құндылықтар. Қазіргі жаһандану дәуірінде, өзге мәдениеттердің ықпалы күшейген тұста үлкенді сыйлау, ата-ананы, қарттарды қадірлеу, ағайын-туыспен ауызбіршілік, қысылғанға қол ұшын беру, ұлттық кәсіп, отбасылық және жалпыұлттық береке-бірлік, табиғатпен үйлесімділік сияқты дәстүрлердің маңызы арта түспек.

Келесі құндылық - **рухани игіліктер және ұлттық өнер.** Бұл бағасы мен байлығы ешқандай өлшемге сыймайтын асыл мұра, алтын қазына: ауыз және жазба әдебиетінің асыл маржандары, өнер мен мәдениет, рухани көсемдердің өмірі мен өнегесі, даналық өсиеттері, тәрбиелік қағидалары, ырым-тиым сөздер, Алаш мұрасы, тарихи жәдігерлер мен мұрағаттар, қазақ үйі, шаңырақ, ұлттық мәдениет, т.с.с. Осылардың асыл маржанын теріп жас ұрпақтың санасы мен жүрегіне орнату – аға

ұрпақтың парызы. Бұл жолдағы ең пәрменді қадам-білім берудің ұлттық моделіне көшу, білім мен тәрбиені бірыңғай ұлттық құндылықтарға негіздеп, олардың біртұтастығын қамтамасыз ету. Бұл талапқа білім берудің қолданыстағы стандарты да, биыл қабылданған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» да сай келмейді. Оларды қайта қарастыру қажет. Табиғи болмысымызды сақтап, тамырымызға байланып, дәстүр мен инновацияны үйлестіргенде ғана прогресс, орнықты даму болары анық. Бұған көптеген елдердің даму жолы дәлел. Мұқтар Шаханов ағамыз айтқандай, жас ұрпақты тамырсыздық індегінен қалқалай білмесек, болашағымыз бұлыңғыр.

**«Еңбек» құндылығы: «Құнды білім және зияткерлік», «Құтты білік және құзыреттілік», «Жасампаз еңбек және шығармашылық»** құраушыларынан тұрады. Қазіргі шексіз ақпараттар нөпірі кезінде бізге **құнды білім** қажет деп санаймыз. *Құнды білім* - халқымызға пайдалы, прогреске жетелейтін білім.

Қазақстанның білім беру саласының бір осал тұсы – білім мазмұнын ғылыми негізде іріктеуге лайықты көзқарастың болмауы. Отандық дидакт ғалымдары-мызды, олардың ғылыми еңбектерін қадірлемей шетелдік тәжірибені көшірмелеу зиянды үрдісі үстемдік құрып тұр. *Біздің ұстаным-заманауи оқыту технологияларын, шетелдік тәжірибені қолдану керек, бірақ білім мазмұны, білім беру стандарттары мен оқу бағдарламалары адастырмайтын арқау болатын ұлттық құндылықтар тұғырында, ұлттық мүддеге сай құрылуы керек.* Орта білім берудің қолданыстағы стандартындағы құндылықтар толықтай қайта қаралуы керек.

**Құтты білік және құзыреттілік** – Жүсіп Баласағұнның ізімен адамзатқа құт әкелетін hareketтер. «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес мінезден» деп Әлихан Бөкейхан айтқандай, өз мамандарымыздың бойында еңбекқорлық, әділеттілік, жемқорлықтан адалық, заңға бағыну, уақытты ұтымды пайдалану, қоғамдық этика, басқару және қарым-қатынас мәдениеті, іскерлік, жаңашылдық, шығармашылық сияқты қасиеттер керек. Осы тұста жоғары дамыған халықтардың өнегесін аянбай үйренсек құба-құп.

**«Жасампаз еңбек және шығармашылық»** – даму мен жетістіктің бастауы, табысқа жетудің кілті. Еңбек-адамзаттың асыраушысы, халықтың әл-ауқатын көтеруші, адами қасиеттерімізді жетілдіруші, ақыл-ойымызды, санамызды толықтырушы, біліктілігімізді артырушы, шығармашылығымызды шыңдаушы, іскерлік қарым-қатынасқа үйретуші, денеміз бен мыйымызды шынықтырушы.

Ұлттық құрылтайдың ашылуында Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев: «Еңбекқорлық біздің негізгі құндылығымыз болуы қажет. Табанды еңбек – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын басты формуланың бірі және бірегейі», – деді. «Жалқаулық, көрсеқызар, ашу, мақтан, арамдық, өтіріктен ерте сақтан. Күні бұрын жуытпа маңайыңа, есер, есірік, ынжықтық солар жақтан» деп Шәкәрім ескерткендей, балаларымызды жалқаулық, жеңіл пайда табу, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүру» айласынан алыстатуымыз керек.

«Баланы алты жасқа дейін хандай көтер, бетінен қақпа. Алты жастан он алты жасқа дейін құлша жұмса. Он алты жасқа толғасын досыңдай сырлас, сыйлас» дейді қазақ. Жапон мектептерінде «Гамбари ережесі» – қажырлы еңбек ету қағидаттары енгізілген: арнайы тазалаушы адамдар жоқ, бәрін оқушылар өз қолымен істеуге қалыптасқан. Бұл-нағыз еңбек тәрбиесі, жапондық еңбекқорлықтың іргетасы. Осы берік іргетаста Күншығыс елінің ғажайып жоғары технологиялары құрылууда.

Жаңартылған білім беру стандартында бастауыштағы «Еңбек» пәнін қысқартып, Сурет пәнімен араластырып, мазмұны қойыртпақ «Көркем еңбек» енгізілгені зиянкестік болды. Еңбек пәні қалпына келтірілуі керек. Ұлдар мен қыздар бөлек оқуы тиісті. Ұлды ұлша, қызды қызша тәрбиелеу қажет. Жоғары сыныптарда кәсіби бағдарлы оқытуды күшейту қажет.

Мектеп жанындағы тәжірибелік учаскелер, жылыжайлар, maker space аймақтар, оқу-өндірістік кешендер (УПК) арнайы қаржыландырылып, пәрменді жұмыс атқаратын болуы тиіс.

**Табиғат құндылығының құраушылары - табиғи қазыналар және экологиялық мәдениет.** Еліміздің бір облысының аумағындай ғана жер үшін қан төгіп, жан берісіп жатқан халықтардың жайына қарап, осыншама кең байтақ, асты да қазына, үсті де қазына дархан даланы мұра етіп қалдырған ата-бабаларымызға тағзым етеміз. Бүгінгі азаматтардың да парызы-талан-таражға салып, аздырып-тоздырмай балаларымыз бен немерелеріміздің игілігіне өткізу. Ол үшін «*Туған жердің тоғайы тынысың, торғайы - туысың*» деп Қадыр Мырза Әлі ағамыз айтқандай, табиғатқа қамқорлық, экологиялық сауаттылық мәдениет құндылықтары өмір салтына айналуы тиіс.

Қорыта келгенде айтарымыз, «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі ұсынған осындай құндылықтар жүйесі «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» идеясын жүзеге асырудың барлық салаларын кешенді және өзара сабақтастықта қамтиды. Бұл құндылықтар жүйесі мемлекеттік идеологияның өзегі, қоғамдық дамудың, білім мен тәрбиенің, мәдени-әлеуметтік және кәсіби-экономикалық прогрестің кілті болып қызмет атқаратын болады деп сенеміз.

## ІСКЕРІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

**Н. Ә.Ильясова**

*Абай атындағы ҚазҰПУ, филология ғылымдарының докторы,  
Қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі  
(Алматы)*

**Резюме.** В статье рассматривается взаимосвязь речевой лингвистики и делового общения. Требования к культуре речи определены в психологическом, социальном и ораторском аспектах.

**Summary.** The article examines the relationship between speech linguistics and business communication. Requirements for speech culture are defined in psychological, social and oratorical aspects.

**Ключевые слова:** деловые отношения, этика, психологический климат, принцип сотрудничества, навыки публичных выступлений.

**Keywords:** business relations, ethics, psychological climate, the principle of cooperation, public speaking skills.

Адамдардың кәсіби құзыреттілігі мен мәдени қарым-қатынасын талап ететін іскери қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетінің алатын орны ерекше. Іскери қатынаста тіл ресми сипатқа ие болады. Ресми сипат қоғамдық ортадағы келіссөздерде, жиналыстарда адамдармен әңгімелесу, сұхбаттасу кезінде, мұғалім мен оқушы, профессор мен студент, журналист пен билік өкілі, қарапайым халық пен сала мамандары, т.б. сияқты әртүрлі әлеуметтік топтағы адамдар арасындағы тілдік қатынаста көрініс табады. Іскери қатынасқа түсушілердің атағына, дәрежесіне, қызметіне т.б. байланысты «жоғарыдан төмен», «төменнен жоғары», «вертикальды», «горизонтальды» түрде қарым-қатынас орнайды. Осыдан ресми статусына қарай сөйлеу мәдениеті орын алады. Басшылар мен басшылар, басшылар мен қызметкерлер, басшылар мен жұмысшылар т.б. арасындағы қарым-қатынасқа байланысты этикет нормалары өзгеріп отырады. Сөйлеу жағдаятына байланысты ресми нормадағы тілдік этикеттер, моральдық нормадағы тілдік этикеттер қолданылады. Уақыт мөлшерін дұрыс пайдалану да сөйлеу мәдениетінің басты көрсеткішіне жатады.

Іскери қарым-қатынаста этикалық норманы сақтау негізгі заңдылықтың қатарына жатады. Этикалық норма сөйлеу мәдениетінің талаптарынан туындайды. Сөйлеу мәдениеті психологиялық ахуалды реттеудің тетігі болып табылады. Дәлірек айтқанда, жағымды психологиялық климат қалыптастырудың жолы. Ғалым А.Әлімов жағымды психологиялық климатты еркіндік, өзара сыйласымдық, жолдастық, бір-біріне бейімделу және бөтен пікір мен көзқарастарды жағымды тұрғыдан қабылдау мен оларды түсінуге деген ұмтылыстан, оларға төзе білуден тұрады деп түсіндіреді [1, 95 б.] Бұдан жағымды психологиялық климатпен сөйлеу мәдениетінің байланысын байқауға болады. Оларды байланыстыратын факторлар мыналар:

1) басқа адамның ішкі жан-дүниесін қабылдай білу. Себебі ақпарат тілдік қатынасқа түсушілердің әрқайсысының танымында бекіген, ақыл-ой сүзгісінен өткен бөріне таныс болғандықтан пікір алмасу барысында көптеген психологиялық толқулар орын алады. Келісу/келіспеу, қарсы болу/қолдау, шытырман сұрақтар құрсауына түсіру, ықтиярсыз көнетін сұрақтар беру, үдетпелі сұрақтар беру т.б. Қандай психологиялық әрекет орын алса да, екі жақ (сөйлеуші, тыңдаушы) оның мәнін, мағынасын түсініп, біліп, сезіп отырады. Сондықтан талқылататын мәселені сөйлеуші тек өз көзқарасы тұрғысында ғана емес, тыңдаушының көзқарасы тұрғысында да қабылдай алуы, тыңдаушының эмоциясын түсінуі аса маңызды. Бұл коммуниканттар арасында тығыз эмпатиялық байланыстың орнауына ықпал етеді. Эмпатия «басқа адамның ролін қабылдау қабілеттілігі» екенін 1934 жылы ағылшын ғалымдары айтқан еді [2]. Іскери қарым-қатынаста эмпатиялық байланыс сәтті орнаса, сөйлеу мәдениетінің жүзеге асқаны деп тұжырымдауға болады;

2) қызығушылықты ояту. Сөйлеуші тыңдаушының қызығушылығын оята білуі білім-тәжірибе-мәдениет бірлігін игергенін көрсетеді. Сөйлеуші өзінің өмірлік тәжірибесінен өткен таным-түсінігін (апперцепция) пайдаланып, тыңдаушының эмоциясы мен сезіміне әсер етуі басты шарт. Ол үшін тыңдаушының эмоциясы мен сезімін өзінің ішкі жан-дүниесінен өткізе алу қабілеті болуы керек. Сонда екі тараптан ынтымақтастық пайда болып, нәтижесінде тыңдаушылардың қызығушылығы оянады, сөйлеушінің сөзіне сенеді, үміт артады. П.Грайстың атақты ынтымақтастық қағидасында адресаттың коммуникативті қызығушылығын есепке алу аса маңызды іс екенін жан-жақты түсіндіреді. Тілдік қатынастың сәтті жүзеге асуы, алдымен, тыңдаушыға тікелей байланысты екенін айтады. Сөйлеуші мен тыңдаушы арасында ынтымақтастық орнауына негіз болатын басты белгілерді былайша көрсетеді: «1)



белгілі хабарды айту; 2) тек қана шындықты айту; 3) тақырыптан ауытқымау; 4) анық сөйлеу; 5) сыпайы болу» [3].

3) сөйлеушінің беделін сыйлау, дәлірек айтқанда, ой-пікірін айтқан адамның (мейлі ол билік өкілі болсын, мейлі ғалым болсын, басшы болсын, мейлі оқушы, мейлі студент болсын, мейлі, жұмысшы болсын, т.б. ) сағын сындырмау, ар-намысына тиетін және психологиялық тұрғыдан кедергіге ұшырататын сөздерді айтпау т.б.; Қатысушының беделін сыйлау мәселесі мұғалім мен оқушының, оқытушы мен студенттің, билік өкілі мен бұқара халықтың, журналистердің әртүрлі топтағы адамдармен қарым-қатынасы кезінде аса көп ескеріле бермейді. Сондықтан қоғамда пікірқайшылықтар, түсініспеу фактілері орын алады. Сөйлеушінің беделін сыйлау, негізінен, әлеуметтік статусы жоғары адамға аса қажет. Олар мәдениетін игеріп, барлық заңдылықтарды қолданса, іскери қатынас табысты болады. Іскери қатынастағы сөйлеу мәдениетінің алғышарттары ретінде төмендегі мәселелерді ұсынуға болады:

1. Амандасу;
2. Қолдау көрсету, көмекке әзір болу;
3. Әдептілік таныту;
4. Шынайы болу;
5. Табиғи болмысын сақтау;
6. Ілтипатты болу;
7. Сенім білдіру;
8. Тыңдай білу; т.б.

Бұлар іскери қарым-қатынастағы сөйлеуде көрініс табатын негізгі шарттар.

Іскери қатынастағы сөйлеу мәдениеті тілдік қатынасқа түсушілердің ақпаратты лингвистикалық тұрғыдан дұрыс кодқа сала білуін, этикалық және әдеби норманы дұрыс қолдануын, ақпаратты эксплицитті (ашық) және имплицитті (жасырын) түрде жеткізе білуін, ынтымақтастық, әлеуметтік, риторикалық, сыпайыгершілік ұстанымдарын басшылыққа алуды, «халықаралық әдептілік» және «ұлттық әдептілік» қағидасын білуді, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнекілігі заңдылықтары мен тілдің мағыналық мүмкіндіктерін қолдана алуды талап етеді.

Іскери қатынастағы сөйлеу мәдениеті ақыл-ойдың дамығанын (эмпатия), өзіндік менін (рефлексия) көрсету сияқты үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Ой-түйсікте орын алған мұндай әрекеттерді сөйлеу процесі арқылы жарыққа шығару үшін нақты дәлелдер, аргументтер келтіру керек. Олар сөздің (ойдың) шындығын көрсетеді, тыңдаушыларды сендіруге ықпал етеді. Тыңдаушыны сөзбен сендіру өте қиын іс, ол үшін ораторлық шеберлік керек. Ораторлық шеберліктің басты көрсеткіші дәлелдер, аргументтер арқылы сауатты сөйлеу, ойын анық түсіндіре алу, көп нәрседен хабардар екенін көрсете алу, ішкі қобалжуды жеңе білу, дауыс ырғағын, сөйлеу дикциясын нормаға сай қолданып, тыңдаушыларды өз сөзіне сендіре алу, тіпті сөзіне ұйыта алумен көрініс табады.

Ораторлық шеберлік–сөйлеушінің де, тыңдаушының да қызығушылығын тудыратын ортақ мәселенің маңызды түйінін, оның аргументін, мотивін қолдана алу; ойдың шын ықыласпен, таза ниетпен айтылғанын тыңдаушыға жеткізе білу, оның көңіліне сенім ұялату; аудиториядағы эмоциялық көңіл-күйді басқара білу және өзге адамдардың эмоциясын сезіне білу; табысқа жетелейтін эмоциялық күйлерге ене алу және оларды үйлестіре алу, адамды еліктіруге, рухтандыруға, жігерлендіруге, құмарландыруға әсер ететін сөздерді қолдана алу.

Адамның рухына, күш жігеріне әсер ететін мұндай факторлар тілдік қатынасқа түсушілер арасында өзара түсіністік, үйлесімділік, келісім орнауына, пікіралысушылардың көзқарасының үйлесіп, бірін-бірі құптауына, мақұлдауына, қолдауына ықпал етеді. Бұлар сөйлеу стилін таңдай білуді, қарым-қатынас мәдениетін орната білуді, тақырып мазмұнын терең, орта, жеңіл деңгейде аша білу талаптары жүзеге асқанда орындалады. Мұндай жағдай сену, қуану сияқты психологиялық көңіл-күйге бөлейтін, болымды, жағымды әрекеттерді көрсететін тілдік бірліктер қолданылғанда орындалады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. Алматы. 2009.-328 б.
2. Goldstein A. P., Michaels G. Y. Empathy development training, consequences. New Jersey London, 1985. 287 p.
3. Грайс Г.П. Логика и речевое общение// Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 16. – М.: Прогресс, 1985.-504 с.



## ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ШЕШЕНДІКТАНУ: ТАРИХЫ, ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК ҚАЖЕТТІЛІГІ

### I-секция

---

ӘОЖ 82:316.3

#### МАХАМБЕТТАНУ: АҚЫННЫҢ АЗАМАТТЫҚ, ШЕШЕНДІК ТӘЛІМІ

**А.С.Қыдыршаев,**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, «Махамбет» республикалық әбеди, мәдени және танымдық журналының Бас редакторы (Орал қ.)*

**О.А. Қыдыршаев,**

*Назmony steam (steam-ғылым, технология, инженерия, өнер және математика) мектебінің мұғалімі, магистр (Астана қ.)*

**М.А.Қыдыршаев,**

*Италия университеті (Universita di Siena) магистратурасының грант иегері, магистрант (Сiena қ.)*

Біздіңше, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалалары – сананы сілкінетін, ойды отарсыздандыратын, жадыны жаңғыртатын, тарихты түлететін, өнер атаулының өрісін кеңейтетін, ұрпағымызды еркін тыныстатар келелі кемел бағдарлама. Осы тұрғыдан келгенде тарихымызды тану, зерделеу, таразылау - тағдырымызды, бүгінгі тұрпатымызды тану, келешегімізді бағдарлап, алдағы жүрер жолымыздың сілемін табу. Халқының басына түскен тауқымет қабырғасын қайыстырып, сол жолда басын бәсекеге тігіп, қасықтай қанын аямай, шыбын жанын шүберекке түйген өр тұлғалардың тағдырын танытатын да, ұрпаққа өнеге етіп, алдына тартатын да – тарих [1,9-б.]. Осы арнада таратсақ, Махамбет бабамыз - қайталанбас Тәуелсіздік тұмары, арымас Алаш арысы, бұлқынған асау намысы. Демек, Махамбет сынды тұлғаны рухани ұранымыз, қазақ жырының ар-намысы тұрғысында бағалау әркез өте орынды.

Біле білсек, түркі мәдениеті, дала поэзиясы небір таңғажайыптарға толы. Мәселен, сонау ежелгі Грекия кезінде дала жырауы, сахара шайыры, Сақ ханзадасы Анахарсидтің ой ұшқырлығы мен тапқырлығына тәнті болғаны мәлім. Егер де ой-қазына десек, бұл б.з.д. V-VII ғ.ғ. бағзы мәдениет бұлақтарынан, арғықазақ арналарынан тарқатылады. Анахарсидтің жақсылық та, жамандық та тілден екенін дәл мөлшерлеп, жалған сөзді желге ұшқан сөз деп ұғып, теңіздің дәмін тамшысынан аңғарып, ақыл атасының ақиқаттығын меңзеп, теңізге шыққандардың ажалдан өздері мінген кеменің қалыңдығындай ғана қашықтықта жүретіндігін аңғартып, ашуланған адам алдымен өз басына жамандық тілеп аларына көз жеткізуіне қатысты сөз мұрасы дүйім өркениетке танымал. Сөз саптасының айрықша өрнегі, ой тұжырымының жымдастығы оны Солон, Фалес, Биант, Клеобул, Эзоп сынды ұлы грек ойшылдарынан ерекшелеп, пікірталастарда озық шығарып, көпшіліктің назарына іліктірген, даңққа бөлеген [2,6-б.].

Күллі түркілерге түгел ортақ ауыз әдебиетіне тән заңдылық қазақ поэзиясында, әсіресе, Махамбет поэзиясында тұтастай табиғи үндестікпен көрініс тапқаны аян. Махамбет ақынның оқи да, жаза да білетініне дәлел-дерек мол, десек те ол өзінен бұрын ғұмыр кешкен, «*Кұйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер, Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер?!*», «*Бұл заманда не гаріп?.. Жақсыларға айтпаған, асыл шырын сөз гаріп*», «*Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама*» деп жырлаған Асан қайғы (XV ғ.), өмірмен қоштасқан сәтінде жасы әлі отызға да толмаған, «*Қоғалы көлдер, қом сулар, қоныстар қонған өкінбес, Жұпарын қардай боратып, арулар құшқан өкінбес*», «*Тоғай, тоғай, тоғай су, тоғай қондым, өкінбен, Толгамалы ала балта қолға алып, топ бастадым, өкінбен...*» дейтін Доспамбет жырау (XVI ғ.), қазақ жыраулық поэзиясының атасы, «*Жақсының жақсылығы сол болар, жаманменен бас қосып, сөйлемекке ар етер, Жаманның жамандығы сол болар, сөйлесе дәйім бетін қара етер*», «*Шағырмақ бұлт жай тастар, Ағытқан қойды жол бастар, Ақ желкенді жел бастар, Ғадыл төре ел бастар, Батыр*

*жігіт қол бастар, Шешен адам сөз бастар», «Жапалақ ұшпас жасыл тау, Жақсылардың өзі өлсе де сөзі сау. Ойлап тұрсам жаманның, жалаңдаған өз басына тілі жау», «Дұшпанға беліңді шешіп иланба, Илантып тұрып өлтірер», «Бүркіттен қыран құс болмас, Баулуы жетпей бөрі алмас. Бидайықтан алғыр құс болмас, Қауырсыны қатпай ұша алмас» деп үн қатқан Шалқиіз ақын (1456-1560ж.ж.) шығармаларын арқау ете отырып, ауызша шығармашылыққа ден қойды. Біздіңше, махамбеттанудағы бұл реттегі зерделеу ісі өз жалғасын тапса игі [3,12-б.].*

Дау жоқ, Махамбет өзін ғана емес, күллі ұлтты асқақтатты. Махамбет феноменін ұлтты оның ақынымен бағалау турасындағы тұжырым дәл көрсетеді. Десек те, көсемсөздегі жазушы-драматург Рақымжан Отарбаевтың тұжырымы ащы, ащы болсада шындық. Мәселен, жазушы кезекті бір сұхбатында: *«Жазылғанына он жыл болып республикалық конкурста екінші орын алса да, алғашқыда ешбір театр қоюға тәуекел етпеген «Бас» деген пьесам бар. Махамбетке арналған. Режиссерлер оқып көреді де, осының ішінде бір пәле бар, магиялық күшке ие деп қашып шығады. Өзім де таңмын. Осы аттас романды аяқтадым. Оның ішінде тірі Махамбет жоқ. Айқай соғыс жоқ. Бүгінгі күннің пенделік тірлігі суреттеледі. Оқиға былайша өрбиді: Махамбеттің сүйегін Қараойдан кезінде антрополог Ноэль Шаяхметов қазып алған. Бас сүйегіне қарап мүсінін жасаған. Хош! Сосын Мәскеуге көшетін боп, «Махамбеттің бас сүйегін алып қалыңдар» деп талай құзырлы мекемелерді жағалаған. Бәрі де ат-тонын ала қашқан. Демек, бұ қазаққа Махамбеттің ақындығы, атақ-даңқы керек. Күйі керек. Ал, бас сүйегі қажет емес. Солай ғой. Сөйтіп бас жоғалды. Өзге сүйегі бөлек жатқан, ол да жоғалды. Екеуі екі жертөледен бөлек-бөлек 14 жылдан соң табылды. Міне, біздің ұлы тұлғаға қатысты құрметіміздің түрі. Осыдан соң тәуекел етіп, бұ қазаққа сеніп өліп көр»,* - деген-ді. Ойланатын тұс.

Ескерер тұстың бірі, Махамбеттің өлмес мұралары бізге әлі де түгелдей жеткен жоқ, ал жинақталған және жарияланған жырлары әлі де зерттеушілердің, тіл мамандарының айрықша зейінін аударуын қажет етеді. Мәселен, махамбеттанудың қай тұсы ескерілмей жүргендігі хақындағы сауалға қаламгер Рақымжан Отарбаев: *«Бір нәрсені айтайын, өлеңдерінде жүйе жоқ, өлеңдерін көбейту үшін, бір өлеңнен үш өлең жасаған тұстары бар. Үзіктері жалғанбай жатқан өлеңдер бар. Біреу кандидаттық қорғайды, біреу докторлық қорғайды, әрі қарай ұмытады. Мен интервьюімде айттым. Ол кезде мектепте оқимын, үйге Махамбеттің өлеңдерін жатқа оқуға берген. Махамбеттің өлеңдерін кітаптан жаттап отырмын. «Шыға алмаған далаға-ай, Міне алмаған алаға-ай, Атаңа нәлет Жәңгір хан, Исі қазақ баласын, Көзінен тізіп айдады-ау, Орынбор деген қалаға-ай». Әжем: «Кімнің өлеңі?» деді. «Махамбеттің өлеңі» дедім. «Үкімет те аузына келгенін айта береді екен» деді. «Мынау - біздің әжелеріміздің өлеңі. Қара қазақ баласын оқытып, онымен қоймай оқуға жіберіп, сонда орыстың даласына алып кеткенде айтқаны ғой. Қайдағы Махамбеттікі?» деді.*

Қазіргі таңдағы махамбеттану іліміне сүйене айтсақ, Исатай - ел айбары, басқа қонған бақтың қайнары болса, Махамбет - арлы ана құрсағынан жаралған сарыдаланың сардар ері, таулары асқақ даланың мұзбалағы, арлы Алаштың азаткер ақыны. Демек, Махамбет поэзиясы - намыс дабылы. Арқалы ақынның әр сөзі оқырманның күш-қайратын жанып, намысын қайрайды, патриоттықтың ерекше үлгісін көрсетеді. Ал Махамбет баба күйлері - даланың сыры, сан ғасырлар үні, ақынның жүрекжарды сырларының күміс құймасы. Демек, бүгінгі даусыз ақиқат мәселе - Махамбеттің бірегей феномен құбылыс екендігі. Шешендерше шешіле сөйлесек, түбі бір түгел сөзді ежелден кие тұтқан халқымыздың рухани әлемінде Махамбеттің жауһар жырларының жұлдызы қашан да биік. Тұяғынан от шашқан көне қыпшақ жорық жырларының сарқыты, батырлық пен жыраулық қос тізгінін тең ұстаған Ноғайлы заманының жығылмаған туы, жыраудың соңы, ақынның басы - Махамбет жыры - ерлік пен елдіктің символы. Хан ұлынан қаймықпай халық мұңын мұңдау, жоғын жоқтау, ерегескен дұшпанға қызыл сырлы жебедей қадалу, жақсыларға еп, жамандарға көп болу - тек Махамбет ақын, Махамбет батырдың ғана маңдайына біткен ерекше қасиет. Жалынды сөзі жай оғындай жарқылдаған, жігерді жанып, намыстың туын тіктер отты жырлары - Ұлт-Рухтың шарқайрағындай қазақ халқын тарихтың қанқасаптарынан аман алып қалу үшін жаралғандай [4,7-б.].

Махамбет баба тағылымы - телегей теңіз. Мәселен, Махамбет сынды арқалы ақынның өмір өткелдері турасындағы өлеңмен өрілген шағын энциклопедияның өзі бір дүние. Ақындар өр тұлғалы киелі сөз иесі Махамбет бабамызды түрліше сипаттайды: *«Елінің кекке туған өр перзенті», «Тас тескен оғы да оқ, сөзі де оқ, Жауына болды атылған өзі де оқ! Бетпе-бет ханмен қарсы қағысқанда, Оқтай бір атылмаған сөзі де жоқ», «Халқының құйған құрыш көк қалқаны!» (Тайыр Жароков, «Махамбет туралы аңыз»); «Далама біткен биігім!», «Бұлт тіреген тірегім!», «От ауызды орақтым, Жауға шапқан жарақтым», «Тумасы жарық жұлдызым, Тұлғасы алып шың-құзым», «Жыр сапырған дауылсың», «Сен қырдағы заңғар тауымсың», «Сен бейне мұздыбалақ қыран ең, Қанатыңмен тас жарып, ажалын күткен қиядан» (Қалижан Бекхожин, «Махамбет қабіріндегі тебіреніс»); «Жасын боп түскен жаудың төбесінен, Нарынның наркескендей қос арысы», «Исатай - батырлардың батырындай, Махамбет - ақындардың ақынындай», «Жығыл-*

*майтын жалау жыр жадымдағы»* (Сағынғали Сейітов, «Біртуар мақтанышы халқымыздың»); «*Әрбір сөзің, о, баба, төске түскен балғадай, «Құм Нарында сыңсып жел, әлі сені жоқтайды», «Жүнжіген жуас жарлының, шылбырдай естің жігерін», «Жетем деп жауың мұратқа, сілмеді балта еменге,.. Өтпеді қару бірақ та, өзіңнен туған өлеңге!* (Қадыр Мырзалиев, «Махамбет», «Еменге біткен иір бұтақ»), «*Тұлғасының өзі - жыр-шабыт!*» (Фариза Оңғарсынова, «Түс немесе Махамбетпен қалай кездестім»), т.б. Қуанарлығы, Махамбет сынды айбарлы Ұлт ұлының қасиеті хақында ауыз толтыра кең тыныспен кеуде кере айта бергің келеді, айта бергің келеді. Асыл туған баба қасиеттілігі осында болса керек-ті [5,8-б.].

Қазақ халқы шешендік сөздерінің табиғаты ерекше. Оған тек таңдай қағып тамсану аз, тұңғығына терең сүңгіп, түсіну керек. Ұлттық шешендік сөздердің таңғажайыптығы көлемінің шағын, сөйлемінің ықшам болуында; тыңдаушысын жалықтырмай, зеріктірмей ұйытып, үйіріп әкететін әсерлі келуінде; шешендік сөздердің қысқа болғанымен, мақал-мәтел емес, бір оқиғаға байланысты туып, белгілі адамдардың атынан айтылған сөз екендігінде. Шешендік сөздердің құндылығы тек шындығында емес, ойының тапқырлығында, қиядан жол, қиыннан сөз табуында; шешендік сөздердің тартымдылығы тапқырлығымен бірге батылдығында, ойының қисынды, сөздерінің мәнділігінде. Демек, шешендік күші шындықта, шындықты тартымды ой, шебер тілмен тыңдаушыларға жеткізе, ұғындыра білуде. Нәтижеде тек сондай көркем тіл, жүйелі оймен батыл айтылған және мақал, нақыл сияқты белгілі халық даналығымен шегеленген шешендікпен, тапқырлықпен өрілген көркем сөздер ғана тыңдаушының ақылын баурап, сезімін тебіренге алмақ [6,48-50-б.б.]. Ал ата-бабамыздың шешендік мұрасының ұрпақ атаулыға жұғысты болар өнегелік-тағылымдық қыры сөздің құдіретті күшке ие екендігін аңғартуында; сөздің өзіндік бояуы, дәмі, адам сезіміне әсер етерлік қоңыр иісі бар екендігін, ал оның күші дауыс ырғағы арқылы берілетіндігін танытуында; дауыс үнділігінің тұлға атаулының әр қилы, әр қырлылығын танытатын басты құрал екендігін, шешендіктің ой еркіндігі, сөз еркіндігі, ауызекі тілдегі сөздерді әдемі тізбектеп оралымды орналастыру, тиімділігін күшейтіп, қисынды ойға сыйғызу екендігін аңғартуында; сөзбен тоқтату, сөзден жаңылыстыру, қарсыласын сөз тыңдарлық жағдайға түсірудің орасан күшті өнер екендігіне көз жеткізуінде; тұспалдап сөйлеуге, меңзеуге, бернелеуге, символдауға, басқаша айта отырып, нені нысаналап отырғанын жасыра айтуға, жұмбақтап айтуға, яғни, терең зейінділік пен ойлылыққа төселтуінде; шешендік айтыстың арқауы астарлы сөз десек, астарлап сөйлеу халқымыздың сөйлеу мәнері екендігін, бұл тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де танытатын, ойлау қабілетімізді аса тереңдететін құбылыс екендігін аңғартуында; тапқырлыққа, шапшаңдыққа, тез жауап берушілікке баулуында; өзгені тыңдауға, өзгенің өнегелі ісінен тағылым алуға жөн сілтеуінде [7,156-б.].

Демек, халық шешендік сөздері - ұлттық құндылық көзі. Қазақ халқының шешендігі - ұлт тектілігінің белгісі. Шешендік сөздер - халық өміріндегі, ел ішіндегі алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған келелі ойдың тұнбасы. Ал, осыншама қазынадан нәр ала өрілген Махамбет баба толғаулары, өлең-жырлары шешендік иірімдерге, тапқыр ойларға толы. Тізе ұсынсақ, кейбірі төмендегіше: «*Аз сөйлер де көп тыңдар қас асылдың баласы*»; «*Жаманнан туған жақсы бар, Атасын айтса нанғысыз. Жақсыдан туған жаман бар, Жарамды бір теріге алғысыз*»; «*Ежелгі дұшпан ел болмас, Етекпен кесіп жең болмас*»; «*Түлейді түнде жортқан жолбарыстай*»; «*Арпа жемес арғымақ, Ақ селеу отқа зар болар*»; «*Арғымақтың баласы арығанын білдірмес*», «*Хас жақсының баласы арада тұрып сөйлемес*»; «*Жақсыменен дос болсаң, басыңа қиын іс түссе, алдыңнан шығар өбектеп, жаныңа не керек деп*»; «*Жаманменен дос болсаң, басыңа қиын іс түссе, басқа кетер бөлек деп, қолдан берер есептеп, сыртыңнан жүрер өсектеп*»; «*Арғымақтың баласы аз оттар да, көп жусар*»; «*Азамат ердің баласы аз ұйықтар да көп жортар*»; «*Ат - жігіттің майданы*»; «*Қылыш - жанның дәрмені*»; «*Өлім - хақтың пәрмені*»; «*Біткен істің міні жоқ, бітірген ердің кемі жоқ, тура ажалдың емі жоқ*»; «*Ереуіл атқа ер салмай, Егеулі найза қолға алмай, Ерлердің ісі бітер ме?*»; «*Тебінгі терге шірімей, Терлігі майдай ерімей, Алты малта ас болмай, Өзіңнен туған жас бала, Сақалы шығып жат болмай, Ерлердің ісі бітер ме?!*»; «*Өзегі талып ет жемей, Ер төсектен безінбей, Ұлы түске ұрынбай, Түн қатып жүріп, түс қашпай, Ерлердің ісі бітер ме?!*»; «*Тебінгі теріс тағынбай, Темірқазық жастанбай, Қу толағай бастанбай, Ерлердің ісі бітер ме?*»; «*Туырлығы жоқ тұл үйге, Ту байласаң тұрар ма?*»; «*Беркініп садақ асынбай, біртіндеп жауды қашырмай,.. халыққа тентек атанбай, үйде жатқан жігітке, төбеден тегін атақ болар ма?*»; «*Атақты ермен бірге өлсе, жігіттің болмас арманы, Өте шыққан қызыл гүл, бұ дүниенің жалғаны*»; «*Жүйрік аттың белгісі, Тұрады құйрық-жалында*»; «*Ат туады байтадан, Айт деңіз, лебіз қайтарман. Халық қайғысын айтуға, Хан ұлынан тайсалман*»; «*Аруана жисаң жарасар, Ұлы күнде сапарға*»; «*Мұсылманишылық кімде жоқ, Тілде бар да, дінде жоқ*»; «*Көшпелі дәулет кімде жоқ, Бірде бар да, бір де жоқ*»; «*Туған ұлдан не пайда, Атаның жолын құмаса?!*»; «*Алаштың байлығынан не пайда, Тарығып келген ерлерге қайыры оның болмаса?!*»; «*Алтын тақты*

хандардың, Хандығынан не пайда, Қаріп пенен қасірге, Туралық ісі болмаса?!»; «Бағаналы терек жарылса, Бақыраш жамап болар ма?!»; «Кәрісі кімнің жоқ болса, Жасы болар дуана»; «Бір сынаған жаманды екіншілей сынама»; «Ермін деген жігітті кеңшілікте сынама»; «Әлпеішті ұлың жат болмай,.. Бұзбай құлан пісірмей, Мұз үстіне от жақпай,.. Қақ жүректен найза түйретпей, Найзаны күнге құратпай,.. Қабырғасын бір-біріндеп күйретпей, Әлі де болса қорқа алман»; «Мен келелі қара бұлттын, Келе жаумай ашылман»; «Табаны жалтақ тарланбоз, Шабарында есінер»; «Шын ажалың жетпесе, Ажалдан бұрын өлмесің, Жалаңаш бар да жауға ти»; «Асыл туған арулар, Жанын пида етпей ме, Шын сүйіскен теңі үшін?!»; «Қылыштай қызыр алмас ем, Шарға шауып мұқалдым, Суаруы қанық көк сүңгі ем, Сұғуын таппай тот алдым», т.б. [8,80-84-б.б.].

Барлап-байқағанымыздай, Махамбет жырлары қызыл сөзден ада, оған ақылгөйісу мүлдем жат. Ғылыми байламдарға бойлай айтсақ, Махамбет поэзиясы - ерлік симфониясы, онда арғымақтардың дүбірі, сынған қабырға мен опырылған найзаның сытыры, күніренген күрсініс пен пәршеленген дененің соңғы ырсылы, жауынгерлік шақыру естіледі. Ақынның күллі жырлары біртұтас ритмикамен, бір желімен, бір екпінмен өрнектелген. Олар бейне бір полотноға ғана емес, партитураға да сұранып тұрғандай.

Қазақ елі - өз бостандығынан сөз бостандығын кем көрмейтін және сөзді қадірлей білетін халық. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Жақсының ісін бетіне айт, нұры тасысын, жаманның мінін батыра айт, құты қашсын» тұрғысындағы мақалдарды ұлт данышпандары тудырған. Өз тұсында атақты қазақ феномені Шоқан Уәлиханов дұшпаннан тайсалмай сөйлейтін шешендікті қамал бұзған ерлікпен қатар санаған. Зерттеуші айтқан ерлік, шешендік қасиеттердің барлығы да бір Махамбет басынан табылғандай. Оның ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі болуы мен батырлығын былай қойғанда, хан-сұлтандарға қайтарған жауаптары, жазған хаттары мен өлең-толғаулары - ерлік пен шешендік өнердің айқын да озық үлгісі. Әлемге әйгілі Әуезовше қайырсақ, Махамбет - «соғыста - батыр, сөзде - от ауызды, орақ тілді дегендей жалындаған алғыр шешен». Сөз зергері Зейнолла Қабдолов: «Исатай - ақылды көсем би, Махамбет - от ауызды, орақ тілді шешен», - дей келе: «Батыр ақын бұрқанған күшке, бұла қайратқа, шиыршық атқан жігерге, ызалы ашуға, ашулы ақылға, ақылды нақылға толы өлең-жырын тұтастай алғанда өзінің автопортретіне айналдырды. Өйткені оның «қорғасыннан құйылған» ап-ауыр әр сөзінен өзін танимыз. Көнеретін архаизм да емес, жаңаратын неологизм де емес, нақ екі арадағы екеуіне бірдей етене, еркін, еспе мағыналы ерке де серке сөздерді қайдан ғана іздеп тауып, қалай ғана ағыл-тегіл, ақпа-төкпе өлеңге өріп жібергеніне таң қаласыз. Контекстегі әр сөз әрін де, нәрін де келтіретін орнын дәл тауып, ойнап тұр», - деп толғайды. Ғұлама ғалым-жазушылар айтса айтқандай, Махамбет құдай берген талант-құдіретінің арқасында аз ғұмырында өзі басынан кешкен өмір өткелдерін өнер-қасиетке көшірген де, мәңгілік өлеңге айналдырып, ұрпақтан-ұрпаққа тірілердің бәріне-бәрімізге түгел жаттатып кеткен.

Махамбет батыр ерлік ісімен, үлгілі сөзімен халық шешендігіне қаһармандық рух дарытқан. Ол - халық алдында хан-сұлтанды әшкерелеп, тайсалмай сөйлейтін жауынгерлік шешендік сөзге үлес қосушы. Ал, Махамбеттің шешендігін танытатын аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер көп. Мәселен, Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға қайтарған жауабы төмендегідей:

- Әй, Махамбет! Исатайдың жауға алынарын, өзіңнің қаңғып қаларыңды білмедің бе? Ханыңмен қалайша араз болдың? Қане, баяндашы!-дейді Баймағамбет.

- Ей, Баймағамбет! Ханы қарам болса, елге бүлік, тәңір қаһарланса, жерге бүлік. Исатайдың жауға алынғаны, менің жалғыз қалғаным - атаңа нәлет өздеріңдей жауыз хандардың, қарны жуан билердің елімізге салған бүлігі емес пе?! - деп жауап береді Махамбет.

- Ей, Махамбет! Нарынға сыймадың, Маңғыстауға сыймадың, саған жер беті тар келді, енді аспанға ұшамысың?

- Ей, Баймағамбет! Аспанды жаңбыр бермейді, жерді Жәңгір бермейді, Еділді қалмақ бермейді, Жайықты казак-орыс бермейді, Нарыннан хан-төре қоныс бермейді. Оны өздеріңдей жауыз хандардың көзі көрмейді. «Кел, Жәңгірді шауып өлтірейік» деп едім, Исатай ерік бермейді, енді қайтейін?!

- Ей, Махамбет! Тағы не айтасың? Сені жырау дейді ғой!

- Иә, Баймағамбет! Бірақ менің тілім екі айыр алмас қой. Біреуі тіліп кетсе, ханмын деп қаһар қыларсың. Мен қаңғырмын деп қарап тұрмаспын, сенің басыңды алармын. Мен өлсем ештеңе етпес, өздеріңдей хан өлсе, дауы бітпес. Мен - аспандағы жұлдызбын, Баймағамбет маған қолың жетпес, Атаңа нәлет хандар мен жауыз құрбылардың айтқан сөзі естен кетпес, - дей келіп, атақты «Мұнар да мұнар, мұнар күн, Бұлттан шыққан шұбар күн...» деп басталатын жырын толғап кетеді. Осы секілді Махамбет жыраудың әрбір сөзі шешендікпен басталып, ақындықпен аяқталады.

Бұл орайда белгілі әдебиеттанушы ғалым С.Негимов: «Сахара сайыпқыраны Махамбетке тағдыр мұздан төсек, бұлттан шатыр, мәрт жаратылыс беріп, оған ақындық, жыраулық,

тапқыр шешендік, күйшілік өнерді бұйыртқан. Задында, соғыс өнері және күй өнері Махамбеттің бір басында сұлу үйлесім тауып тоқайласқан. Ол Қазтуған, Доспамбет, Марқасқа сынды ұлы жорықшы жыраулардың дәстүрлерін сәтті сабақтастырып, олардың мәдени рухани болмысын бойына түгелдей дарытқан деуге болады. Әрі Ұлы Даланың ділмар-шешендері Кет-Бұға бидің, алғыр тілді Алиын Әйтеке бидің, Мөңке бидің, Көсеу бидің, Бөкен бидің таңғажайып өнегелі толғамдарын жадына берік тоқыған. Олар толқынды топтың ішінде шешендік-билік сөздерін тудырса, ал Махамбет ұрыс үстінде алмас семсерін жарқылдата жүріп, тосыннан туған, тапқырлыққа суарылған, көктен саулаған нұрдай асыл сөздерімен сарбаздарын ерлік-қаһармандық қимылдарға үндеген. Елдің есендігі, жер-судың тағдыры үшін шешендік интонацияға негізделген жыр-толғауларын туындатқан. Әл-бетте, мұндай түйдек-түйдек толғаныстар кәнігі қара өлең ырғағымен емес, тақпақтата, ескектете, мақамдата айтылған. Сөз құдіретін барынша екпінді қуатпен дауыстап жеткізуге лайықталған,- деп жаза келе: «Садағына сары жебені салдырған, Садағының кірісін, Сары алтынмен малдырған, Сұр жебелі оғына, Тауықтың жүнін қойдырған, Маңдайын сары сусар бөрік басқан, Жауырынына күшіген жүнді оқ шанышқан («Тарланым»). Бұл - ауызекі сөйлеу үлгісінде, яғни, ділмар-шешендердің сөз саптау, ой толғау үрдісінде шығарылған. Махамбет сұңқарша саңқылдамаса, сөзі алмастай жарқылдамаса, ділмар-шешендердей тереңнен толғанбаса, суреткерлікпен сипаттамаса, санаткерлікпен салмақтамаса, көрегендікпен болжамаса, көсемдікпен бастамаса, буырқанған керемет кесек сөздер туар ма еді?!» - тұрғысында толғатады [9,80-84-б.б.].

Махамбет мұрасында шешендік толғау, шешендік нақыл, шешендік арнау түрлері молынан кездеседі. Мәселен, шешендік нақылға бір мысал: *Бұл дүниенің жүзінде, Айдан ару нәрсе жоқ, Ол түнде бар да, күндіз жоқ. Күннен ару нәрсе жоқ, Ол күндіз бар да, түнде жоқ. Мұсылманшылық кімде жоқ, Тілде бар да, дінде жоқ. Көшпелі дәулет кімде жоқ, Бірде бар да, бірде жоқ.* Не болмаса, ақын поэзия тілінің мәнерлілігін, әсерлілігін күшейту мақсатында риторикалық сипаттағы лепті, сұраулы, арнаулы сөйлемдерді шебер де ұтымды пайдалана білгені анық. Мәселен, *Еңсесі биік ақ орда, Еріксіз кірсем деп едім! Керегесін қиратып, Отын қылсам деп едім! Туырлығын кескілеп, Тоқым етсем деп едім! Немесе: Желп-желп еткен ала ту, Жиырып алар күн қайда? Орама мылтық тарс ұрып, Жауға аттанар күн қайда? Жалаулы найза қолға алып, Жау тоқтатар күн қайда?* [9,82-83-б.б.]

Біз таныған Махамбет - төгілген тармақтардың, тегеурінді тіркестердің ұстасы. Мәселен, Махамбеттің «Еділ үшін егестік, Жайық үшін жандастық, Қиғаш үшін қырылдық, Тептер үшін тебістік» дегені - нағыз шешен сөздің үздік үлгісі. Махамбет поэзиясының тілі, шын мәнінде, халықтық тіл. Ақынның дауылды жырларының әрбір үзігінен халық даналығы, танымы мен талғамы, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан асыл қазынаның жақұт-жарқылы еседі. Махамбет баба жырлары шешендік тағылымға, ұшқынды ойларға толы. Махамбет ақынның «Толарсақтан саз кешіп, Тоқтамай тартып шығарға. Қас үлектен туған қатепті, Қара нар керек біздің бүйткен бұл іске» болып келетін жолдарындағы «үлек» сөзінің бірінші мағынасы нар түйенің таза тұқымды бурасы; екінші мағынасы *үлек бота* - таза үлек пен аруанадан туған жалғыз өркешті еркек бота дегенді білдіреді. Бұл орайдағы «қас» күнделікті қолданысымызда біреуге жамандық ойлаушы, өш алушы дұшпан, жау мағынасында, сондай-ақ әдейі, жорта қастық істеу деген ұғымдарда қолданылады. Ал жоғарғы контексте тым, аса, нағыз деген мағынада «үлек» сөзімен тіркесе келе нағыз таза тұқымды, қаны таза, асыл текті деген мағынада берілген. Ал «қас үлектен туған қатепті» тармағындағы «қатеп» тұрмыста жүк батпас үшін нар түйенің үстіне лайықталып жасалған жабдық дегенді аңғартады. *Сәйкесінше «қатепі бар нар жүкке мойымайды»* деп жатады. Бұл жердегі ақынның суреткерлік шеберлігі соншалық - біздің қолға алған бұл іске нағыз суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін, еш нәрсеге мойымайтын, мақсатынан қайтпайтын хас батыр ғана шыдайды деген мағынаны бір ғана сөзбен өрнектей білдіруі ақынның қаншалықты ойының ұшқырлығын, бейнелеу, теңеу сөздерін айқын пайдалануын, тек құр ұйқас сөз қумай, ақындық нақтылықпен өмір шындығын қаз-қалпында қолдан құйғандай етіп поэтикалық көркемдік шындыққа айналдыру шеберлігін тайға таңба басқандай аңғартса керек-ті. Бұл реттегі сөздер - ой теңізінің тұңғық түбінен терілген, өлшемдік бітімі, идеялық табиғаты, тілдік қуаты әбден пісіп, айқындалып барып өмірге келген маржан тіркестер. Демек, Махамбет шешендігінің, шеберлігінің құдіреттілігі, туындыларының саф алтындығының бір қыры осында деп білеміз. Не болмаса, «Атқанын қардай боратқан, Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан, Арыстан еді-ау Исатай! Бұл фәнидің жүзінде, Арыстан одан кім өткен?!» («Тарланым») өлең жолдарын алайық. Асылы, қай жазушы, қай ақын болсын, шындық болмысты образ арқылы суреттейді. Жоғарыдағы контекстегі «көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан» тіркесі арқылы ақын хас батыр образын тудырып тұр. Күнделікті тұрмыста «көк шыбық» - ағаштың бұтағы, жапырағы жоқ, ұзын да жіңішке, солқылдақ жас өркен. Алайда, «шыбық» сөзінің бұл семантикалық мағынасы ақын тіліндегі «көк шыбық»

тіркесінің семантикалық сипатын ашып бере алмайды. Десек те, ақын қолданысындағы мағынаны дәл айтып беру қиындау. Біздіңше, төмендегіше болжам жасауға болады. 1. «Көк шыбық» - бұл қылыш (семсер). Ғалым Қ. Мұқаметхановқа сүйенсек, зерттеуші келтірген «Әділ сұлтан» жырындағы «Орақтың ұлы Қарасай, Шалқасқаны мінеді енді, Көк шыбығын байланып, Ғаскерінің Қарасай, Басы болып жүрді енді» үзіндісіндегі «көк шыбық» сөзі «қылыш» мағынасын береді. Олай деуімізге дәлелді негізді татар әдебиетінен табамыз. «Чура батыр хикаяте» атты дастанда Шағали ханның қызы Сарқанидың батырлардың әрқайсына өз дәрежесіне қарай сыйлық үлестіргені баяндалады. Шора батырға бір алтын қобди береді. Бұл сыйлыққа батырдың көңілі толмай, қобдиды ашып та қарамастан тастай салады. Бірнеше күн шайқасқа шықпай жатып алады. Шағали хан қызы Сарқаниды батырға жолдап, шайқасқа шықпай шалқалай жатуының себебін сұратады. Сонда Шора батыр Сарқаниға: - Мен саған өкпелеп жатырмын, сен маған құр қобди бердің, ал басқа батырларға сауыт бердің, - дейді. Сонда Сарқани сұлу: - Қане, батыр, сол қобдиды ашып қарашы, - дейді. Шора батыр қобдиды ашып қараса, ішінде «Көк шыбық» («Кук чыбык») атаулы қылыш бар екен. Шора батыр мұны көріп, қызға риза болып, әскерімен аттанып, дүйім жауды жайратып тастайды. Сөйтіп, батырға әдейі арнап соқтырған әйгілі қиғыр қылыш «көк шыбық» аталып, ерлік жырларында ежелден қолданылатын бейнелі сөз болғанын аңғарамыз. Демек, зерттеушілер келтірген тілдік деректерде көк шыбық мықты (көк) қылыш ретінде айшықталады. 2. «Көк шыбық» тұрғысында садақ та аталуы мүмкін. Оған дәлел мына өлең жолдары: «Орақтың ұлы Қарасай, Шалқасқаны ту астында жықтырып, Көк шыбықты орта белден бүктіріп, Көк сырлы оғын төктіріп, Баданадай сауытын, Тері тондай жырттырып...» (Әділ сұлтан), не болмаса, «Жас шыбықтан жай тарттың, Жалғыз шиден оқ аттың...» («Ер Тарғын»). 3. Біздіңше, Махамбет тіліндегі көк шыбық жебе (садақтың оғы) ұғымында. Бұған дәйек ретінде жоғарыда көрсетілген Махамбет ақынның өлеңіне қарасақ, мазмұнына бойласақ жеткілікті. «Адырнасын ала өгіздей мәңіреткен, Атқан оғы Еділ, Жайық тең өткен, Атқанын қардай боратқан, Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан, Арыстан еді-ау Исатай!». Байқағанымыздай, шумақтың мазмұнына сәйкес контекстегі «атқан оғы, атқаны» сөздері негізгі мағынаға тірек бола алған. Бұл орайда «көк шыбық» сөзінің мағынасын «жебе» (садақтың оғы) тұрғысында болжауға негіз бар. «Көк шыбық» тіркесінің «жебе» мағынасы «қандыауыз» сөзіне байланысты айшықтала түседі. Қандыауыз сөзінің бірнеше мағынасы бар. Соның бірі - қару-жараққа қатысты. Мысалы, «Тасада мерген кезенген, Қанды ауызға жолығар» (Ауыз әдебиеті); «Қатынасы биік көлдерден, Қатар түзеп құ ұшар. Алғасап тез оқ ата көрмеңіз, Қандыауыздан сыйлы жебе сайламай» (Шалқийіз); «Аударылмас қара кемедей, Қандыауызға сырлап салған жебедей» («Ер Шобан»). Келтірілген өлең жолдарының мазмұнына қарағанда, қандыауыз - «садақ» ұғымында. Демек, ұзын сөздің қысқасы, Махамбет ақынның «Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан» тармағындағы ақынның «қандыауыз» сөзі «садақ» мағынасын танытса, «көк шыбық» тіркесі «жебе» мағынасында жұмсалады. Демек, «Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан» тұрғысындағы өлең тармағы нағыз батыр қолбасшының сөз өнеріндегі мәңгілік бейнесі. Ақын қайталанбас батыр тұлғасын «көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан» тіркесі арқылы биік мәртебеге көтерген, қайталанбас образ тудырған. Ал әр сөзін орынды, дәл ме дәл төге білу ақынның дүлдүлдігін, сөз ұсталығын тағы бір айқындай түссе керек-ті... Олай болса, бұл бағыттағы ізденісті зерттеулер тізбегі кейінгіге жетсе игі [10,34-37-б.б.].

Қуанарлығы - асыл сөздің ажарын алыстан аңғарып, сөзді ежелден кие тұтқан халқымыздың рухани әлемінде Махамбеттің жауһар жырларының жұлдызы қашан да биіктігі. Бірегей феномен құбылыстың кейінгі ақындарымыздың қай-қайсысының да кеуделерін күмбірлетіп, өлеңнен өрім өргізуі тегін емес. Мәселен, еліміздің көрнекті ақындарының бірі Рафаэль Ниязбектің дауылпаз ақын Махамбет бабамыздың туғанына 200 жыл толуы құрметіне арнап 200 өлеңнен тұратын «Махамбеттің майданы» аталатын жыр кітабын қолға алып көрдік пе? Ақынның Махамбет бабамыздың, Исатай батырдың және олардың жауынгер жолдастарының ұрпақтан ұрпаққа аңыз болып келе жатқан ерлік істерінің бұрыннан мәлім-беймәлім қырларын поэтикалық көркем тілмен, азаматтық пафоспен хәм шынайы тебіреніспен жырлағанына куә боламыз. Біздіңше, Рафаэль Ниязбектің «Теңдік қуып, алмас қылыш тағынғанда», «Әділ жолдан замана жаңылғанда», «Ат арытып, мұң кешіп сабылғанда», «Жорық күйлер жыр болып ағылғанда» және «Махамбеттің өр-рухын сағынғанда» дейтін тақырып табиғатына сай ырғақта буырқанып, шиыршық атқан бес бөлімнен тұратын мұндай еңбектің басылым көруі - бүгінгі қазақ поэзиясындағы елеулі оқиға. Демек, Ма- хамбет рухын пір тұтып, ол күйінсе күйініп, ол күңіренсе күңіреніп, ол қаһарға мініп күркіресе күркіреп, оның от-жалынға оранған өмір өткелектері жайында жыр-толғау тудырған ақынның шабытты еңбегі қандай мадаққа да лайық. Ал ақын толғауларының үзіктері де сом әрі бірегей. Кейбірі: «Махамбет - ұлт намысы»; «Не десе егер Ерлікті, Махамбет дер ем ойланбай!»; «Махамбет рухын пір тұтып...»; «Уа, Махамбет, айбарлым!»; «Бұрқақ атқан Ар-намыс болсаң егер, Айналмайсың, жан баба, қалай жырға»; «Жер мен көктің арасын жауынға орап, Оқығанда

кеудеме өрт кіреді»; «Серттен таймас ер едің Ар ойлаған»; «Жырың алмас семсердей өткір еді, Содан менің көңілім көп түледі»; «Асқақ рухы қазақтың, Махамбет болып сомдалған»; «Жанарыма жарқ етіп шоқ түседі, Ойлы көзбен жырыңа үңілгенде»; «Буыршындай мұзға жығылған, Махамбет серттен тайып па?»; «Нарын - қанды ұрыста мың өліп, мың тірілген көзсіз батыр өлкесі»; «Исатай-Махамбет-ұлт рухы»; «Махамбет - өр рухтың байрағы, ерлердің намыс қайрағы»; «Нарын - гасырлар ерлігін арқалаған өлке»; «Махамбеттің әр жыры - бір жебе, кеудесіне қадалған Қараулықтың»; «Үй жақсысы асыл Алаштан, ер жақсысы арлы ағаштан»; «Махамбеттің сарқыты - мен шығармын, қамшысының ұшы боп түйінделген» [11]. Біздіңше, Махамбет сынды ақын туындыларынан рухани қуат алу, өлең құдіретін, қасиетін сезіну, рухани құндылықтар тұңғығына терең бойлау - ұлтымыздың рухани жаңғыруының алғышарты [12].

Демек, Махамбет - 1836-46 ж.ж. ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі ғана емес, оның жалынды жаршысы, жауынгер шешені. Қазақ халқының сонау тұстағы сөз атасы атанған Майқы биден, ой меңзегіш Мөңке, ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген Едіге, «Әз» атанған Төле, Қазыбек, Әйтекелерден, атакты Сырымнан бергі шешендік дәстүрді жадында тоқып үйренген халық батыры, ойшыл Махамбет шешендік өнерді ел қанаушы-тонаушыларға қарсы халық көтерілісінің идеялық қаруына айналдырған, отты тұйғын жырларына ұластыра келе, классикалық поэзия дәрежесіне көтерген. Қысқасы, бүгінгі ел үшін еңбек етер патриот кәсіби маман болуда халық даналығының қайнар бұлағы ұлттық шешендік сөздерінен нәр алудың, Махамбет сынды қайталанбас құдіретті тұлғалы шешенінің, ақынының тұңғыық мағынаға толы өлең-толғауларын үлгі тұтудың бағасы теңдесіз. Түйін сауал - Махамбет сынды біртуар бабамызды танып болдық па? Біздің мақсат - «аз сөйлер де көп тыңдар қас асылдың баласы» деп Махамбет ақын айтқандай, баба мұрасының тұңғығына бойлай түсу, кейінгі ұрпақтың ақын рухы мен жалынды сөздерінің мәңгі өлмес қазынасынан сусындауы. Осы жолда баршамызға Исатай-Махамбет бабаларымыздың рухы жар болғай!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Махамбет елі-Makhambet mothekeand - Родина Махамбета, Алматы, «Өлке» баспасы, 2003.- 9-б.
2. Махамбет. Жыр-жебе. Алматы: Дайк-Пресс, 2002.- 6- б.
3. Қыдыршаев А. С. Махамбет поэзиясы-рухани құндылықтар көзі// IX Махамбет оқулары. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. М. Өтемісов атындағы БҚМУ, Орал, 17 қараша 2017 ж., -12-б.
4. Жыр арқауы - Махамбет. Жыр жинағы. Алматы, «Арыс» баспасы, 2003.7-б.
5. Қыдыршаев А.С. Ұлттық шешендік өнер және Махамбет// «Орал өңірі» газеті, 25 шілде, 2013 ж.,-8-б.
6. Қыдыршаев А.С. Махамбет ақынның шешендігі хақында // М. Өтемісұлының 210 жылдығына арналған дәстүрлі « V Махамбет оқулары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, Орал, 2013.-48-50-б.б.
7. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. - Орал: «Ағартушы» баспасы, 2004.- 156- б.
8. Қыдыршаев А.С. Ұлт феномені Махамбет Өтемісұлының шешендік тағылымы // Ғылыми жинақ. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, 2014.-80-84-б.б.
9. Негимов С. Махамбеттің шешендігі /Махамбет және әдебиеттану. Зерттеулер. «Махамбет әлемі» сериясы, 15-том, Алматы, «Арыс», 2004. -80-84-б.б.
10. Қыдыршаев А.С. Махамбет ақынның шешендігі // «Исатай-Махамбет» журналы, Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ, №1, қазан 2015 ж.,-34-37-б.б.
11. Ниязбек Р. Махамбеттің майданы. Өлеңдер. Алматы, «Арыс», 2003.
12. Серғалиев Н.Х. Қыдыршаев А.С. «Аз сөйлер де көп тыңдар қас асылдың баласы» (Махамбет ақынның азаматтық, шешендік тәлімі хақында) // «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналы, №4. 2020 ж., -55-66-б.б.



## АКАДЕМИК ҚЫДЫРШАЕВ АБАТ САТЫБАЙҰЛЫ

Н.А. САДУАҚАС

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты*

Адамзат тарихының қай кезеңінде болмасын, тілдің қоғамдық қызметінің мәні зор болған. Тілсіз қоғам болмайды, қоғамсыз тіл жоқ. Адам баласы тілдің өзара байланыс құралы ғана емес, оларды біріктіріп, ортақ іске ұйымдастыратын күш ретіндегі әлеуметтік саладағы түрлі қызметін де терең сезінген. Тілдің әсерлі, қуатты күші мен көркем өрнекті, сезімге әсер етер сиқырлы сазын шеберлікпен меңгерген. Қазақ - тілін құрметтеп, әр сөздің қадірін бағалап, сөзге тоқтай білген халық. Тіл-ұлттың асыл қазынасы, рухани байлығы. Халқымыз қанша көшіп жүрсе де, ұлттық құндылығы, тілін ұмытпай, әр сөзін көшкен жұртта қалдырмаған, тілдің не бір асыл маржандарын шебер меңгерген, сөзге шешен болғаны баршаға аян. Қара сөзбен де, өлеңмен де айтылған шешендік сөздер белгілі бір жағдайларға байланысты тапқырлықпен, ұтымды айтылып, жұртшылыққа тез тарап, ауыздан-ауызға көше жүріп, сан қилы заманның сарабынан өткен, шындалған, үлгі-өнегеге бай, терең ойлы, көркем тілді сөздерді қамтыған. Ұлттық тіліміздің сөздік қоры мен айшықты көркем қолданысын, әдеби тіліміздің байлығын терең тани түсу үшін тілі көркем, ойы терең айтылған шешендік сөздерді зерттеудің мәні зор десек, қазақ ғылымында шешендіктану мәселесін алғашқы болып тілдік тұрғыда 2001 жылы «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» (Жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдері бойынша) тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының есімін құрметпен атап айтамыз [1]. Шешендік сөздердің өзіндік тіл ерекшеліктері өте көп. Айтылған сөз мағынасының тереңдігі мен әсерлі, құлаққа жағымды, мәнерлі өрнекті келуі, сөз құрамындағы дыбыстардың сылдырап аққан судай дыбыстық үйлесімі, т.б. ерекшеліктері туралы талдау барысында шешендіктану саласын жан-жақты зерттеп жүрген ғалым А.С.Қыдыршаев: «Сөзді қалай болса, солай айта салмауға тиіспіз. Сөйлеу, сөйлем мазмұнына үйлесімді ырғақ, әуен тауып, дауысты түрлендіріп сөйлеудің үлкен мәне бар. Сөйлеуде дауыс ырғағының құбылмалы қасиетін ескеріп, жазуда ол құбылыстарды тиісті тыныс белгілермен таңбалайтынымыз көп мәселеден хабар береді», – дейді [2.76]. Демек, халқымызға тән ұлттық құндылығымыз шешендіктанудың қыр-сырын ғылыми тұрғыда негіздеп берген ғалым А.С.Қыдыршаевтың қазақ филологиясы мен педагогикасы саласына қосқан қомақты үлесі ана тілімізді құрметтеп, сөз өнерін игеруде жас ұрпақтың да рухани байлығын арттыра түсуге қызмет етеді. Абат Сатыбайұлының авторлығымен елімізде алғаш рет жарияланған «Шешендіктану» оқулығы осы салада мамандардың шеберлігін шыңдауға, мемлекеттік тіліміздің мәртебесі мен оның эстетикалық әлемін де арттыра түсуге зор үлес қосты деп нық сеніммен айтуға болады [2]. Осы орайда, бүгінгі таңда «Шешендіктану» оқулығының ерекше сұранысқа ие болып, оқу құралы төрт рет (2004; 2013; 2015; 2023) басылым көргендігін де айта кеткен жөн. Педагог-ғалымның шешендіктану мәселелерін кеңірек таныстыру мақсатында «Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының хабаршысы» (Алматы, 2013 ж., қаңтар-желтоқсан) ғылыми журналында «Білім беру жүйесіндегі шешендік өнер» айдарын ашып, жыл бойы ай сайын ғылым саласы бойынша танымдық мақалалар топтамасын жариялап тұрғандығы кезінде әріптестері тарапынан да ерекше ілтипатпен қолдау тапқан еді.

Халқымызға тән шешендік өнерін мақтанышпен айтсақ та, оның қыр-сырын, А.С.Қыдыршаев зерттеулері арқылы тереңірек тани түскендейміз. Ғалымның өзі де шешендіктің небір қалтарыстарын аша түсіп, «Шынында, осы уақытқа шейін сан ғасырлық тарихы бар ұлттық шешендік өнері, яғни би-шешендер мұрасы көркем сөз ретінде ғана бағаланып, әлеуметтік қоғамдық мәні, мемлекет тағдырын шешудегі орасан қызметі әлі де елеусіз, ескерусіз қалыс қалдырылуда. Бұл бір баса ескерер тұс», - дейді [3.25]. Ғалым зерттеулеріне назар аударсақ, шешендіктану мәселесі жөнінде мағынасы терең ойлы, аңғарымпаздықпен айтылған төмендегідей ғылыми салмақты тұжырымдарын: «Шешендіктану – тілдік қатынастың қилы аспектілерін қамтитын кешенді пән», «Шешендіктану нысаны – өзгеге әсер етер күшке ие шебер сөйленген сөз», «Шешендік өнерді игеру барысында шешен сөйлеудің логикалық аспектілері өз алдына бір бөлек мәселе», «Кез келген сөйленген сөздің тиімділігі, жандылығы алғашқы кезекте оның мазмұндылығымен анықталары сөзсіз», «Тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті үшін күрес – тіл тазалығы, ой дәлдігі үшін күрес», «Сөздің дұрыстығы, қысқалығы, дәлдігі, логикалығы, сөз байлығы, эмоционалдығы сияқты сөйлеудің негізгі коммуникативті сапалық белгілеріне ерекше мән

беру», «Шешен мен аудиторияның арақатынасын ескеру» сияқты т.б. ғылыми салмақты тұжырымдарымен танысып, «Шешеннің этикалық мәдениеті», «Сөз сөйлеуге даярлану алгоритмі», «Шешендіктің аксиомалары», «Шешеннің сөйлеу техникасы» сияқты шешендіктанудың нақты ғылыми нысандарын анықтап бергендігін көреміз. Зерделі зерттеуші өз байламдарын нақтылай түсу мақсатында тарихи біртуар тұлғалардың асыл сөздерінен де деректер келтіреді: «Көңілсіз құлақ – ойға олақ» (Абай), «Сөз танымайтынға сөз айтқанша, өзіңді танитын шошқаны баққан жақсы» (Абай), «Адамның хайуанаттан артықшылығы – тілі. Ал оны орынды қолдана алмаған адам хайуаннан бетер» (Сағди), «Естіге айтқан тура сөз, Шыңға тіккен тумен тең. Езге айтқан тура сөз, Құмға сіңген сумен тең» (Майқы би), «Ақылды ақырын сөйлер де, жауабын күтер» (С.Сарайи), «Адамдармен олардың ақыл-парасатына қарай сөйлес» (Сағди), «Жақсы сөз жан сүйсіндіреді, құлаққа ұғымды, ойға қонымды келеді» (Б.Момышұлы), т.б. [3].

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбунәсір әл-Фараби: «Өз ісінің білгірі хәм шебері атану үшін жақсы жұмыс істеп, көп білуге ұмтылу керек», - деген екен [4. 62]. Осы тағылымды сөзді Абат Сатыбайұлының еңбекқорлығы мен білімді маман ретіндегі еңбек жолынан да аңғаруға болады. Білімді жас 1985 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының филология факультетіндегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын үздік бітіріп, өзінің туған жері Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы К.Маркс атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастаған. Білімді жас маманды өзіне білім берген Орал педагогикалық институтының арнайы шақыртумен 1990 жылы аталған институттың қазақ тілі кафедрасына ассистент, оқытушы болып қабылданып, осы кезеңге дейін «Қазақ тіл білімі», «Қазақ лингводидактикасы», «Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы» кафедраларының меңгерушісі, сондай-ақ, педагогика, филология, мәдениет және өнер факультеттерінің деканы, «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры қызметтерін үлкен жауапкершілікпен атқарды. 2019 жылдың ақпан айынан бастап күні бүгінге дейін «Рухани жаңғыру» институтының директоры болып жұмыс жасап келеді. Шебер ұйымдастырушы, білікті басшы ретінде таныла білген ғалым-ұстаз Абат Сатыбайұлы Орал қаласындағы іргелі оқу орындарының бірі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде 2009-2011 жылдары Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор, «Кәсіптік білім», «Қазақ және орыс тілдері» кафедраларының меңгерушісі ретінде де еңбек еткенін атап көрсетуге болады [5. 22]. Абат Қыдыршаев- қандай қызметте болса да істі терең біліп, шеберлікпен басқарып, әріптестері арасында білімді де білікті маман ретінде құрметке бөленіп келе жатқан дарынды педагог, ерінбей еңбектенген ұлағатты ұстаз.

Бүгінгі таңда профессор Абат Сатыбайұлы - еліміздің ғылыми ортасына, жоғары оқу орындарында, әсіресе, филология, педагогика бағытындағы білім беру саласында кеңінен танылған белгілі ғалым, парасатты таутұлға азамат. Ол өзінің ғылыми еңбек жолында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы филология, педагогика ғылымдарының докторы (кандидаты) ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д14.09.04 диссертациялық кеңесінің мүшесі, 2007-2008 ж.ж. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті жанындағы педагогика және психология мамандығы бойынша эксперттік комиссия мүшесі және ғалым хатшысы, 2010 ж. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің жанындағы филология, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 14.61.27 диссертациялық кеңесінің мүшесі сияқты т.б. жауапты да маңызды ғылыми жұмыстарды атқарып, ғалымдық таланты мен ғалым мамандар дайындау жолындағы іскерлігін таныта білді.

Талапты да, талантты ұлдың жақсы істерін қашанда, алдымен, айналасы, жора-жолдас, әріптестері, елі танып, биікке көтеріп, құрметтейді десек, осы орайда, белгілі ақын Ғайса-Ғали Сейтақтың «Тіл деп туып... (Академик Абат Сатыбайұлына)» деген өлеңіндегі Сарқыты ма Исатайдай нар ердің, Кілтін тапқан ғылым деген әлемнің.

Абаттайын ұлы неге болмасын, Махамбеттей ақындары бар елдің! - деп [6] жырға қосқанындай, нартұлға Абат Сатыбайұлы өзі еңбек ететін оқу орны ғана емес, бүкіл қазақ елі үшін бойындағы бар күш-жігерін жұмсап, тынымсыз ізденіп, белсенді түрде еңбек етіп жүрген бірегей азамат деп білеміз. Абат Сатыбайұлы - педагогика ғылымдарының докторы (2001), профессор (2008), Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі (2009), ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғалым мамандарға арналған ғылыми-зерттеу еңбектерге орай берілетін мемлекеттік стипендия иегері (2006-2008 ж.ж.), Ресей Риторикалық қауымдастығының мүшесі (2009), «ҚР Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының (2007), атағының (2012) иегері, Еуропалық ғылыми-өндірістік палатасы Алтын медалінің және сапа жөніндегі дипломының (Diplomdi Merito) иегері (Мәскеу, 2013), ҚР Журналистер одағының мүшесі (2015), «Қазақстанның құрметті ұстазы» (2019), «Жоғары оқу орнының үздік педагогы» (мамыр, 2020), «Үздік педагог-зерттеуші (тамыз, 2020) және Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының

шешімі бойынша XIII Республикалық тәуелсіз қоғамдық байқаудың жеңімпазы ретінде «Үздік ұстаз» (2021 ж., желтоқсан), «Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы» (қаңтар, 2023 ж.), «Астана патриоты» (маусым, 2023 ж.), «Тәуелсіз Қазақстанның қаһарманы» (2023 ж.) төсбелгілерінің иегері. Профессор А.С.Қыдыршаевтың есімі 2023 жылы «Қазақстанның ТОП 100 үздік тұлғалары» - «ТОП 100 успешных людей Казахстана» (Қызылорда, 2023 ж.) энциклопедиясына, «Қазақстанның Алтын кітабына» («Золотая книга Казахстана») (Астана, 2023 ж.) енгізілді. Сондай-ақ, Республикалық «Үш қоңыр» әдебиет, мәдениет және өнер газетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі, «Махамбет» республикалық әдеби-мәдени, танымдық журналының Бас редакторы (Алматы, 2022), 2017 жылы басылым көрген «Ахмет Байтұрсынұлы» энциклопедиясының редакция алқасының мүшесі, 2020 жылы жарық көрген «Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясының Бас редакторы, жоба жетекшісі, т.б. толып жатқан жұмыстардың басы-қасынан табылады[5].

Адамзат тарихындағы барлық жетістіктеріміз адамдардың еңбегінің нәтижесі, олардың білім-ғылым саласындағы жаңалықтарының жемісі десек, жеке адам да осы секілді еңбекпен ғана биікке жететіні баршаға аян. «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап», - деп дана Абай текке айтпаса керек [7.234]. Жастайынан еңбекқор, оқу-білімге құштар жас Абат бүгінгі биігіне өзінің ақыл-парасатымен, тынымсыз ізденісімен, ғалымдық қабілетімен жетіп отыр. Оның жеңістері-маңдай тері мен ақыл-парасаттың жемісі. Дайын ештеңе жоқ, ол қарапайым отбасынан шығып, өзіне ғана сеніп, алаңсыз еңбек етіп келеді. Ол 1963 жылғы 15 қарашада Атырау облысы, Құрманғазы ауданы (бұрынғы атауы Гурьев облысы, Теңіз ауданы), Тайланбай ауылында дүниеге келіп, 1981 жылы осы аудандағы Н.К.Крупская атындағы орта мектепті бітіріп, А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтындағы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түскен еді. ЖОО-дағы еңбек жолының бастапқы жылдарында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің аспирантурасын бітіріп, Ахметтану саласы бойынша 1995 жылыелімізде алғаш рет «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған еді [8]. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Әліп-би», «Тіл-құрал», «Тіл танытқыш», «Тіл жұмсар», «Баяншы» сияқты т.б. еңбектеріне алғаш рет қазіргі ғылым жетістіктері биігінен ғылыми-әдістемелік тұрғыда талдау жасалып, әліпбиінің әдістемелік негізі, оның ғылыми әдістемелік еңбектеріндегі білім беру, оқыту әдіс-тәсілдері, оқулықтарында дидактикалық ұстанымдардың сақталу ерекшеліктері, тіл дамыту, жаттығу үлгілері, бастауыш мектепте оқыту әдістемесіжөнінде, т.б. әдістемелік мәселелер ғылыми ортаға ғалым А.С.Қыдыршаев зерттеулері нәтижесінде кең танылған болатын.

ЖОО-ның оқу-білім беру үдерісін оқу құралдармен қамтамасыз ету мақсатында студенттер, магистрлерге, ғалымдар мен мамандарға арнап дайындалған профессоры Абат Сатыбайұлының «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» (Орал, 1998 ж.) «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» (Алматы, 2000 ж.), «Педагогикалық риторика» (Орал, 2023 ж.) атты монографиялары, «Шешендіктану» оқулығы (2004; 2013; 2015; 2023), т.б. еңбектері бірнеше рет басылым көрген. Академик ғалымның ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыты туралы сөз етер болсақ, ол қазақ тілін оқыту әдістемесі, шешендіктануды (риторика), шешендік өнерді оқыту теориясы мен практикасы, педагогикалық, техникалық жоғары оқу орындарындағы және орта мектептердегі риторика, оны оқытудың әдістемесі және технологиялары, педагогикалық риторика, тілтану педагогикасы мен психологиясы, әдебиеттану педагогикасы мен психологиясы, этнопедагогика, ахметтану, махамбеттану, фарабитану, абайтану, жұбантану, шешендіктану және қазақ афористикасы сияқты толып жатқан ғылыми өзекті мәселелерді зерттеу нысанына айналдырған. Зерделі зерттеуші осы салаларға қатысты 500-ден астам ғылыми еңбектердің авторы десек, оның мақалалары республикамыздан тыс РФ, АҚШ, Қытай, Түркия, Бразилия, Чехия және т.б. шетелдердің басылымдарында, ғылыми жинақтарында да көптеп жарияланды. Ол - жалпы көлемі 200 баспа табақ мөлшеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті, филология: қазақ тілі, педагогика және психология т.б. мамандықтарында оқитын студенттерге, докторанттар мен магистранттарға және филолог мамандарға, мектеп мұғалімдеріне арналған жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі ұсынған 4 оқулық, 50 оқу құралы, 6 электронды оқу құралы, 15 оқу бағдарламасы және 35 оқу-әдістемелік құралдарының авторы. Профессор А.С.Қыдыршаевтың ғылыми жетекшілігімен 8 авторлық курс даярланды («Ахметтану», «Шешендіктану», «Сөйлеу мәдениетінің негіздері», «Педагогикалық риторика», «Махамбеттану», «Тілдік қатынас мәдениеті», «Шешен сөйлеу мәдениеті», «Қазақ афористикасы»). Аталмыш курстардың бағдарламалары әзірленіп басылым көрді. Барлық курстар бойынша тұрақты түрде шеберлік сағаттары жүйелі өткізіліп, дәрістер курсы, семинар-тренингілер әзірленді[5].

Студенттік жылдарында-ақ оқу-білімге ыждағаттылықпен ден қойған жас жігіт, Абат, өзінің бірге оқитын тобының старостасы, пәндік олимпиаданың жүлдегері, жастар арасындағы ғылыми

конференцияларда баяндамашы, жаз кезіндегі студенттік құрылыс топының басшысы, факультеттегі қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырушысы, тіл-әдебиет үйірмесінің жетекшісі сияқты т.б. қоғамдық жұмыстардың басынан табылатын болса, бүгінгі профессор Абат Сатыбайұлының ғылыми жетекшілігімен бір шоғыр шәкірттері мектепке дейінгі тіл ширату мәселесімен, бастауыш, орта, жоғары сыныптардағы шешендік өнерді оқыту, жоғары оқу орындарында риториканы оқыту (педагогикалық білім ордаларында педагогикалық риториканы оқыту, көшбасшы студенттердің сөйлеу мәдениетін, шешен сөйлеу білік-дағдыларын қалыптастыру) проблемаларымен шұғылданып, кең көлемді ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыстармен айналысып келеді. Білікті ғалымның ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым кандидаты әзірленіп, 40-тан астам магистр даярланды.

Оқытушы, доцент, профессор, академик баспалдақтарымен жоғары өрлеген Абат Сатыбайұлы - ең алдымен, кішіпейіл, қарапайым, ақпейіл, айналасына қайырымды, студент-жастарға жақын жүретін, қолынан келгенше көмекке дайын, сонымен бірге, нартұлға, зиялы азамат. Осындай азаматтық келбеті студенттік, аспирантура ізденушісі кезеңінен-ақ айналасына кең танылып, білім-ғылымда да белсенділігі оның ғылыми ортадағы беделін арттыра түсті. Ұстазы мықтының, ұстамы мықты дегендей, Абат Сатыбайұлына ғылыми жетекшілік еткен елімізге белгілі ғылым докторы, профессор Нұржамал Оралбаева еді.

Бүгінгі таңда профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев – шешендіктанушы, Қазақстандағы оқыту әдістемесін, шешендік өнердің теориясы мен тәжірибесін, жоғары оқу орындарында және орта мектептерде риториканы оқыту әдістемесі мен технологияларын зерттеуге мол үлес қосып ұлттық құндылықтар үдесінде тер төгіп жүрген республикамыздың ірі ғалымдарының бірі, академик. Ғылым-білім саласындағы жемісті еңбектері үшін академик А.С.Қыдыршаев бірнеше марапаттар мен арнайы атақтарға ұсынылған. Ол - Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатының (2019 ж., маусым), Алғысының (2019 ж., тамыз) иегері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасының (2007 ж.), Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Құрмет грамотасының (2018 ж.), ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасы (2023 ж., маусым), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің (2012 ж.) иегері, Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері (2022 ж., 14 наурыз). Қазақ жерінде XI ғасырда жазылған, түрік тектес халықтардың тұңғыш классикалық шығармасы болып табылатын Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты даналық дастанында: «Кісілер көп, кісілікке кендеміз, Адалы аз, адам атты пендеміз. Кісі сирек емес, сирек кісілік. Кісіліктің кәдірін біл, түсініп!» - деген ұлағатты ғибрат айтылған екен [9.53]. Ендеше, қазір де маңызын жоймаған осы даналық сөздің мәніне үңіле отырып, ғалымдық пен адамгершілік-кісіліктің үлгі-өнегесі іспетті арамызда жүрген бүгінгі заманның ардақты ұлы, асыл азамат, ғалым, академик Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевты асқарлы 60 жасымен құттықтай отырып, оған алдағы кезеңде де қаламы мұқалмай, ғылыми мәнді еңбектер жазып, аман-сау болып, өмірдің алдағы келесі белестерін де шығармашылық табыстармен қарсы ала берсін деп тілек айтамыз.

ӘОЖ 82:316.3

### ҚАЗАҚ ШЕШЕН-БИ СӨЗДЕРІНІҢ ТАҒЫЛЫМЫ

**А.С.Қыдыршаев,**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан  
университеті, п.ғ.д., профессор*

**Ж.С.Қыдыршаев,**

*Құрманғазы аудандық жалпы білім беретін кешкі орта  
мектеп директорының әдістемелік орынбасары (Атырау)*

**М.А.Қыдыршаев,**

*Siena университетінің магистранты (Италия)*

Түркі әлемінде де, Ұлы Дала елінде де, еуропа төрінде де бірегей даналардың дуалы аузынан шығып, ұрпағына мирас болып қалған құнды ойлардың күллісі сөз құдіреті арқылы берілетіні мәлім. Ал даналар дүниеге келтірген құндылықтардың бірден-бір заңды мұрагері – сол халықтың өзі. Демек, халық даналығы – ұлттық сана межесі, ой-өріс тұнбасы. Олай болса, халық даналығы – тілінде. Тексіздік – тілсіздіктен. Егер де тіл мүмкіндігі шектеліп, сөз байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жетіспей жатса, даналық ой-пікір де шарықтап дамымақ емес. Ендеше даналықты

білдіретін түйін-тұжырымдар, ұғым-түсініктер сапына аталы сөз, мақал-мәтел, қанатты сөз, нақыл сөз, шешен сөз, өсиет сөздерді қосар едік. Бұлар – даналық пен парасаттылықтан туындаған терең ой, логикалық тұжырым, философиялық толғаныс, дүниетаным, өмір тәжірибесі, тағылым-тәлім көріністері, көркем сөзбен көмкерілген қалыптасқан тіркес, шағын мәтін, қысқа да нұсқа ой үзіктері.

*Жақсы сөз – жарым ырыс.* Жақсы сөз айту – жоқтан барды құрастыру, тыңдаушының құлағына әйтеуір бір жағымды сөз тауып айту емес, тыңдаушының тағатысыздана тосқан асыл арманына сәйкес, дйттеген ойына сай, мақсат-мүддесін дәл тауып, тап басатын, көңілін көтеріп, сезімін сергітетін, құпия сырдың кілтін тауып айта білу. Халқымызда жақсы сөз естісек, «*аузыңа – май, астыңа – тай!*» деп жатуы тегін емес. Бұл ретте *мақал-мәтел* – көркем сөз өнерінің көрнекті өрнегі, ұлт рухының құдіретті күші, *асыл сөз* – көненің көзінде сирек айтылатын, ащы да болса шынайы шындықты баяндайтын, мағына-мәні терең, ақыл-парасатпен өрілген өнегелі сөз, *билер сөзі* – қуатты да қанатты, ақыл да нақыл сөздер, *нақыл сөз* – өнеге, өсиет ретінде айтылатын аталы сөз, *шешендік сөз* – ділмәр адамдардың әр кезде түрлі жағдаяттарға байланысты тауып айтқан, нысанасына да дәп тиіп жататын ұтымды, өткір, ақылды да ғибратты өсиет сөздері, *аталы сөз* – түркі әлемінде «мақал-мәтел» мағынасында ең алғаш қолданылған және халық даналығының қорлана қалыптасуына ұйытқы болған байырғы атаулар. «Аталы сөзге арсыз ғана қарсы тұрады» деуіміз тегін болмаса керек-ті. Ал *қанатты сөз* – қоғамдағы әлеуметтік, саяси, мәдени, тарихи жағдайларға байланысты айтылған және сол сәтте жұртшылық құлақтанып, қарапайым халық арасына тез тарап, елдің рухын көтеріп, патриоттық сезімін оятатын ұтымды да әсерлі қалыптағы жалынды сөздер, *өсиет сөз* – өмірде көп жасап, көпті көрген, алған тәлімі мен тәжірибесі, тағылымы мол қазыналы қарттардың кейінгі жас ұрпаққа арнап айтқан мәнді де мағыналы ақыл-кеңестері, *көсем сөз* – ойшыл да дана, білгір де білікті, парасатты да ақылман адамдардың, сөз бастаған шешендер мен топ бастаған көсемдердің дуалы аузынан туындап, қалың жұртшылық арасына кең тарап, санасына сіңіп жиі айтылып жүретін ақыл-нақыл, бағдарлы да мақсатты ой түйіндері, *тәмсіл* – мақалға да, мәтелге де жақын әрі ұқсас, бірақ екеуінен де өзіндік айырмашылығы бар кіші жанрға тән тұрақты тіркестердің бірі. Қысқасы, бұлар – халық даналығының алтын қоры, рухани байлығымыздың қайнар көзі. Ал осыншама халықтық құндылықтың асып-төгіліп жатқан мол мұрасын сол қалпында жер-жаһанға паш етіп тұрған ана тіліміздің құдіретті күші мен сөз байлығы, көркем де бейнелі өрнегі. Демек, халық даналығының ұйытқысы – оның тілінде, сөздің құдіретті күшінде [1,15-23].

*Ал шешендік, шешендік сөз, шешендіктану дегеніміз не?* Біздіңше, *шешендік* – сөйлеген сөзге тыңдаушылардың ешбір қиналыссыз құлақ қоюы ғана емес, сондай-ақ айтылған мәселеге ерекше ынта-ықылас танытып, тақырып байыбына терең бойлауға ұмтылысының оянуына түрткі боларлықтай сөз екшей білу өнері. Бұл ретте ол барлығының тізгінін өз қолына алған, күллі өнердің қасиет-күшін өз бойына жинақтаған ілім саласы деуге әбден сыйымды. *Шешендік сөз* – қоғам мен оны басқару туралы ілім. *Шешендік* – көшбасшылық негізі. *Шешендік сөз дегеніміз* – белгілі бір мәселені ауызша талқылау, белгілі бір ойдың ақиқаттылығын түсіндіру де. *Шешендік өнер* – ауызша түрдегі әдеби шығармашылық та. *Шешендіктің мәні* тек шешендерде ғана емес, қалыптасқан жағдайға да байланысты. *Шешендік сөздің әкесі* – шешен, анасы – аудитория, тек аудитория ғана қалыпқа келтіріп, жан бітірмек. Сондай-ақ, *шешендік өнер* – көрген-білгенді көкейге тоқып кеп үйренуді тілейтін, үнемі айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы қол жететін өнер. *Шешендік өнер* – қай заманда, қандай қоғамда болса да, қауымға, көпшілікке үлкен әсер ететін, оның санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытатын қуатты құрал, күні бүгінге дейін құдіретін, қасиетін жоймаған өнер. *Шешендік сөз* – халық даналығы, ақыл-ойдың құймасы, әдеби тілдің бастауы. *Дәстүрлі шешендік сөздер* – белгілі бір мәселеге байланысты тапқыр ой, көркем тілмен айтылған және халық қабылдап, жиі қолданып, сөйлемдік құрамы қалыптасқан жүйелі, үлгілі сөздер. *Шешендік сөз* – оқыс айтылған ойларға қисынды әрі жедел жауап қайтару. Көп ойлану, найқалу шешендікке жараспайды. *Шешендік сөз* суырып салма ақындықпен де туыстас. Десек те, жалпы *шешендік өнер* тек шартты түрде ғана өнер делінеді, ал шын мәнісінде, бұл – бойында бұған қатысты аса қажетті белгілері жоқ болса да, әрбір адам игере алатын басым дәрежедегі шығармашылық іс-әрекет те. Әрбір сауатты адам үздіксіз де қажырлы, мақсатты да ұмтылысты еңбектің нәтижесінде шешендік өнер негіздерін, яғни, аудитория алдында түсінікті де қызғылықты және иланымды сөз сөйлеу білігін әбден меңгере аларын да жоққа шығармалық [2; 3; 5; 6].

Ғұламаларға сүйене ой түйер болсақ, Платон пікірінше, *шешендік* – сендірудің шебері, оның бар мәні де, міндеті де осында. Ал Аристотель риторика міндетіне сендіру емес, әрбір нақты жағдайларға сәйкесті сендіру амалдарын таба білу енетіндігін айтады. Ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің пайымдауынша, егер де диалектика тек шынайы білімге негізделген қисынды дәлелдер арқылы тұжырымдалатын ой қорыту тәсілі болса, риторика шешендік қисынға, ой-пікір жүйелігіне, ұғымдар үйлесіміне негізделеді. Ахмет Байтұрсынұлының түйіндеуінше, *шешен сөз мақсаты* –

негізгі пікірді баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап түсіндірумен қоймай, пікірге нандыру, сендіру, ұйыту, балқыту, иман келтіру. М.Сперанскийше, шешендіктің негізі құштарлықта, сезімділік мәнісінде. *Шешендіктің басты қағидалары* – жүрекке әсер етіп, ақылды бағындыру. Ф.Честерфильдше, шешендіктің түп мақсаты - адамдарды иландыру [4,7-15].

Көшбасшылыққа тән қазақ шешендік өнерінің тарихи тармақтары сан қатпарлы. Ұлттық шешендік өнерінің тарамдарын білу – бүгінде ұтқыр ойлы, шешен тілді көшбасшы ұрпақ тәрбиелеудің кепілі де. Халқымыздың сөйлеу өнеріне қай кезеңде де ерекше мән бергені аян. Ал қазіргі таңда тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті көшбасшы тұлғаларға қоғам қажетсінуі айқын аңғарылуда. Қайта оралған «тиімді коммуникация жағдайы мен формасының құралы» шешендіктану (риторика) ғылымы қоғамдағы сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеру мен көшбасшы шешен тұлғаларды баулу, қалыптастыру мәселесін шешу жолдарын ұсынуы тиіс. Ал әлемдік шешендіктану ілімінің бір тармағы қазақтың шешендік дәстүрін, әлеуметтік феномен тұрғысынан таразылағанда, белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамда, қалай да бір адами оқиғаға байланысты қалыптасып, айрықша тапқырлықпен, суырыпсалмалықпен, көркем тілмен айтылатын озат ойлар мен тәлімді тұжырымдар үрдісі болмақ. Ал қазақтың от ауызды орақ тілді көшбасшы шешен-билер мұрасының тағылымын рухани байлығымыз ретінде кейінгі ұрпаққа қалай дәріптеп, оның тереңдігіне, тұңғызғына қалай бойлап жүрміз? Мәселен, қазақ халқы шешендік мұрасының көшбасшы жас атаулыға жұғысты болар өнегелік-тағылымдық бір қыры - сөздің күдіретті күшке ие екендігін аңғартуы, сөздің өзіндік бояуы, дәмі, адам сезіміне әсер етерлік қоңыр исі бар екендігін, ал оның күші дауыс ырғағы арқылы берілетіндігін танытуы. Демек, дауыс үнділігі - сөйлеушінің сан қырлы қалтарысты иірімдерін танытатын басты құрал да. Шаршы топ алды қарсыласынан сескенгендер ол құралды орынды қолдана да алмайды, дірілдеп, жарқыншақталып шыққан дауысыңнан сенің кім екенің де танылмақ. Мысалы, халық шежіресінде Қазыбек бидің қалмақ ханы Қонтажыға айтқан сөзінің аса байсалдылықпен айтылатынын, әр сөздің үні сазды шығатынын, онда асып-сасудың, мүдірудің жоқтығын білеміз. Бұл байсалдылықпен, қоңыр үнділікпен, ешбір кідіріссіз екпіндете шыққан дауысынан жауы оның психологиясын біліп отыратындығын байқаймыз. Онда Қазыбектің ерлігі, қайсарлығы сезілумен қатар, достық құшағы да ұғынылады. Шешен сөзі қарсыласының жан жүйесін босатып тастайды, абдыратып жібереді, бірақ өзі ықшам, белі бекем буылған, өлісерге баруға бел байланған, серттен ауытқу сезілмейді, қарсыласын ойынан жаңылыстырып, құмықтырып тастайтыны аңғарылады. Мәселен, Абылайдың заманында қалмақ пен қазақтың арасындағы жауынгершілік кезінде қалмақтың Қонтажы ханы қалың қолмен келіп, бейбіт жатқан қазақ елінің бір шетін шауып әкетіпті. Қоралы қой, үйірлі жылқыға қосып, «күл етемін» деп ұл әкетіпті, «күн етемін» деп қыз әкетіпті. «Сөз бермейтін шешенмін, жол бермейтін көсеммін, қол бастаған батырмын, мың кісіге татырмын» деп, кеудесін қағатын Қонтажы емес пе. Қонтажы алдына жауласқан елдің адамы барса, теп-тегіс бауыздап, аттарын жылқысына қостыра салады екен. Сол Қонтажыға «мен барайын» дегендерден 100 кісі елші болып барғалы жатады. Ол кезде Қазыбек тайға мініп жүретін 15 жасар бала екен. Көзкөрім жерге дейін елшілерді шығарып салып, бір дөңнің басына келгенде Абылай жұрттың бәріне қарата былай депті:

*- Батыр болып қол бастау, көсем болып ел бастау оңай емес. Осының бәрінен де ел тағдырын шешерлік сөз бастау оңай емес. «Жауластырмақ жаушыдан, елдестірмек елшіден». Ел тағдыры қылыштың жүзімен де, шешеннің сөзімен де шешілетін кез болады. Айтылған сөз атылған оқпен тең, оны қайтып ала алмайсың, байқап сөйлеңдер. Дәлдеп атып жауды өлтіруге де болады, дәлдеп айтып көндіруге де болады. Қонтажыға құлақкесті құл емес екендігімізді естеріңнен шығармаңдар. Жау алдында жасық елдің адамына ұқсамаңдар. Тауындағы түлкіні бабындағы тазы алар. Тозғындаған аққуды шалғындаған қаз алар. Бірліктерің берік болсын. Үлкендеріңді кішің сыйлаңдар. Орынды жерінде кішіні де тыңдаңдар. Басшыларың Тайкелтір би болсын, атишыларың мына тайлы бала болсын. Атишыдан бастап басшыға дейін ел намысы үшін бара жатқан елші екендеріңді естеріңнен шығармаңдар. Қонтажы икемге келетін болса, асықпассыңдар, егер икемге келмесе, қар суы кеппей келетін болыңдар. Ал, жолдарың болсын, барыңдар, - деп Абылай дөң басында тұрып қалыпты. Елшілер Қонтажының елі қайдасың деп жүріп кетіпті.*

Өз кезеңінде елшілер ханның ордасына келеді. Айдаболдың Тайкелтірі майдалап сөйлейтін бақпа адам екен. Салған жерден ақтарылмай, ханның көмейін байқайын деген оймен:

- Өгізді өлеңге, өрлікті төменге байлап, алдыңызға келіп отырмыз, алдияр! – деп, сөзді ханға тастапты.

Тайкелтірдің бірден кішірейе сөйлеуі, ханның мерейін өсіре, қаһарлана түсуіне жол ашады. Өзінен әлсізді оп-оңай ауызына қағып салып, жаман үйренген тәкаппар шіркін, жантайып жатқан қалпында:

- Кешке дейін бір жауап берермін, жауап бермесем, ат-көліктерің аманында елдеріңе қайта берерсіңдер, - деп, қолын есікке қарай бір сілтейді де, сөзді келтесінен кесіп жібереді. Кесіліп қалған сөзді іле жалғай алмай, Тайкелтір кідіріп қалғандай болады. Сол кезде, босағада отырған бала орнынан атып тұрып:

- Ел ебелек емес, ер көбелек емес, тақсыр! Дат! - депті. Хан көзінің астымен сүзе қарап:

- Сен кім едің? - дегенде, бала кідірместен:

- Менің халқым - қазақ, руым - Қаракесек, әкем - Келдібек, атым - Қазыбек. Елде жүргенде балалардың басшысы едім, қазір ағаларымның атшысымын. Ат бәйгесіне бірінші рет қосылып тұрмын, - депті.

- Датыңды айт! - деп, хан сұқ қолымен өзінің алдын нұсқапты. Бала адымдап басып, ханның алдына барыпты да, оның көзінен көзін айырмастан тұрып, мынаны айтқан екен:

*Қазақ деген мал баққан елміз,*

*Ұл мен қыз сенің тұтқыныңда отырса,*

*Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.*

*Оларды азат етпей еліміз тынбайды.*

*Елімізден құт қаппасын деп,*

*Қатты болсаң темір шығарсың,*

*Жерімізді жау баспасын деп,*

*Сен темір де, мен көмір*

*Найзамызға үкі таққан елміз.*

*Еріткелі келгенмін.*

*Жау аяғына басылмаған елміз,*

*Сен көкте ұшқан құс болсаң,*

*Ешбір дұшпан басынбаған елміз.*

*Мен іліп түсер сұңқармын.*

*Адал көңілімізді жасырмаған елміз,*

*Сен жерде жортқан аң болсаң,*

*Басымыздан намыс асырмаған елміз*

*Мен қуып жетер тұлпармын.*

(Бала сөйлеген сайын ханның көзі бажырая түседі).

*Атаның өсиеті балаға,*

*Сен қабылан болсаң, мен арыстан -*

*Баланың айтатын анты анаға:*

*Алысқалы келгенмін.*

*-Арымнан жаным садаға!*

*Жау тілегенге жасын түседі,*

*Ерлеріміздің анты осындай,*

*Табысқалы келгенмін.*

*Еліміздің салты осындай,*

*Елімнің шетіне ойран салған өзің,*

*Досымызды сақтай білген елміз,*

*Беретін болсаң, айыбыңды мойындап бітім бер!*

*Дәм-тұзын ақтай білген елміз.*

*Болмаса тұрысатын жеріңді айт,*

*Еңкейді деп шалқая берме,*

*Шабысқалы келгенмін! – депті.*

*Асқақтаған хандардың*

*Ордасын таптай білген елміз.*

*Анадан ұл туса, құл боламын деп тұмайды,*

*Енеден қыз туса, күң боламын деп тұмайды.*

Хан бажырайған қалпында отырып қалып, сәлден кейін есін жиғандай тамсанады да:

- Япырмай, дауысың қаздың дауысындай екен, қазақ деген қаз дауысты болады екен. Сенің атың қаз дауысты Қазыбек болсын. Мына қасыма отыршы, - деп, хан қағыла түсіпті. Сөйтіп, ісі әділ елдің елшілерінің сөзі қаһарлы әрі қылышынан қан тамған ханды қалбаң қақтырыпты. Қонтажы қанша бойлауық, кер аяр болғанымен лажсыз көніпті. Тұтқындарды босатып, тартып әкелген мал-мүліктерді айып-анжысымен қайтармақ болыпты. Жегенін қайта құсу ханға оңай болып па, шауып алып келген мал-мүліктерді түгелдеп жиып болғанша, көктем де келіп қалады. Елшілер де аттарына қонуға айналады. Елшілерді құрметпен аттандырып салуға көп халық жиналады. Екі елдің адамы қош айтысып, енді айырылайын деп тұрғанда, қазақтың бір жас жігіті келіп көпке арыз етеді.

- Мен жылқышы едім, жылқы бағып жүргенде Қонтажының қолы бас салды. Тұтқын етіп осында әкелді. Келген соң бір уәзір үстімдегі тонымды тартып алды. Еркіммен бермеп едім, ұрып тісімді сындырды. Жаныма балаған жалғыз атым бар еді, мына қайтып бара жатқан жылқының ішінде көрінбейді. Күрек тісім сынып, күлкім бұзылды, киімімнен айырылып, көркім бұзылды, атымнан айырылып, ұйқым бұзылды, халайық, осыған не айтасыңдар? - депті әлгі жігіт.

Хан мен елшілер бетпе-бет тұр екен. "Қайтер екен, не айтасар екен" деген халық, оларды қоршай қалады. Ойда-жоқта айтылған арыз хан мен елшілерді халық алдында таразыға тағы бір тартады.

Алтын сапты болат семсерін беліне байланып, жанат ішігін үстіне киініп, қарақасқа тұлпарына мінгелі тұрған хан:

- Ат дегені сырты түк, іші боқ бір тай шығар. Тон дегені тоқтының терісі шығар, оның несін сөз етіп тұр, бітскеннен кейін «қол сынса, жең ішінде, тіс сынса, ауыз ішінде» кете бермес пе? Қайта сөз қозғаудың не орны бар, - деп, теріс айналыпты.

Ханның сөзі жөн сияқты. Елшілер тағы бір тұйыққа тірелгендей болып аңыра қалыпты. Сонда тайына мініп тұрған Қазыбек тебініп, ілгері шығып:

- *Қалайша тіс сынса, ауыз ішінде, қол сынса, жең ішінде кете бермек. Біз – жаманымызды жасырмайтын, жақсымызды асырмайтын елміз. Астыңдағы мінген ат, қанат емей немене, Тоқтышағым терісі, жанат емей немене, Ауыздағы отыз тіс, болат емей немене, Қанатынан айырылу, болатынан майырылу оңай емес, хан! Табысқаның рас болса, еліміздің адамын қанатынан қайырмай табыс, болатынан майырмай табыс, жанатынан айырмай табыс. Жаяу, жалаңаш жүре беретін ол - сенің құлық емес, еліміздің ерікті ұлы. Ерікті ұл көрікті болуға тиісті,* - деген екен.

Олақ ой, шолақ тілді хан көп алдында Қазыбектен оңбастай жеңіледі.

- Жанатыңа жанатым, - деп, ол үстіндегі жанатын шешеді. Қанатыңа қанатым, - деп, тұлпарын жігіттің алдына көлденең тартады. Болатыңа болатым, - деп, беліндегі семсерін береді. Жәбір көрген жігіт жанатты киіп, болатты асынып, қарақасқа тұлпарға қарғып мінеді. Елшілер шүү деп жүріп кеткенде, хан тұрған орнында тұрып қалыпты. Іргелі ел атынан айтылған сөздің атасына түсінген Қонтажы Қазыбектің билігіне қол қоймасқа шарасы қалмайды. Тілектерін орындайды. Сөйтіп, қажыры қатты қарлы сөз берілместей қамалды алып, ел-жұртының ар-намысын аяққа бастырмай, жоғары ұстатады. Біздіңше, көшбасшыға тән шешендіктің биік үлгісі осындай болса керек-ті [2].

Шешендік – Ұлы Дала елі тектілігінің айқын белгісі. Ұлт шешендігінің көшбасшылық өнегелік тағылымы тұңғыық терең. Шешендік негізі – ой еркіндігі, сөз еркіндігі, ауызекі тілдегі сөздерді әдемі тізбектеп оралымды орналастыру, тиімділігін күшейтіп, қисынды ойға сыйғызуды аңғартуы; сөзбен тоқтату, сөзден жаңылыстыру, қарсыласын сөз тыңдарлық жағдайға түсірудің орасан күшті өнер екендігіне көз жеткізу, яғни, қарсыласынды ұтымды сөзіңмен, тапқырлығыңмен, шешендігіңмен иілте білу оңай шаруа еместігін, сөзсіз, бұл ойлау қабілетіңе де байланыстылығын, шаршы топ сенің төкпектетіп, ешбір мүдірмей сөйлеуіңе тәнті боларын, ұшқыр ойлы қалыпта сөйлей алатын адамның қолынан кесімді істің де келері дау туғызбайтындығы; тұспалдап сөйлеуге, мегзеуге, бернелеуге, символдауға, басқаны айта отырып, нені нысаналып отырғанын жасыра айтуға, жұмбақтап айтуға, яғни, терең зейінділік пен ойлылыққа төселтуі; астарлап сөйлеу халқымыздың сөйлеу мәнері екендігін, бұл тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де танытатын, ойлау қабілетімізді аса тереңдетер құбылыс екендігін аңғартуы; тапқырлыққа, шапшаңдыққа, тез жауап берушілікке баулуы; өзгені тыңдауға, өзгенің өнегелі ісінен тағылым алуға жөн сілтеуі.

*Шешен сөйлеуге баулу – парыз іс.* Шешен сөйлеуге баулу мәселесі машықтық бағыттың басымдылығымен ерекшеленеді. Бұл күрделі шеберлік білім мөлшерінің молдығын қажетсінуімен бірге өзіндік жеке тәжірибелер негізіндегі икем-дағдылармен де тығыз бірлікте сомдалады. Мәселен, жағада отырып суға түсушілерді бақылау арқылы суға жүзуді, малтуды үйрене алмайтынымыз сияқты, үнемі жүргізілетін тәжірибелер мен жаттығуларсыз шешендік дағдыларды



бойға бойлату, денеге дарыту мүмкін емес. Дұшпандары «адуын аңға» балаған Демосфеннің өзі алғашында аузына қиыршық тас салып сөйлеп, дауысын жүгіріп жетілдіріп, биік құз жартастарға өрмелеу үстінде өлең оқып шыңдаған. Орыс халқының риторика ілімінің іргетасын қалаушылардың бірі М.В.Ломоносовтың өзі құз басында тұрып, теңіздің асау толқындарымен жарыса өз одаларын оқып, жарысөзде жеңіске жету жолдарына шыныққан. Қазақтың дүлдүл шешені Жиренше болса өзімен айтысатын жан жоқта басындағы бөркін қурай басына іліп қойып, сонымен таласқа түсетіндігі аңыз желісінен мәлім. Қысқасы, әркім мақсатты түрде тер төге еңбектенсе, нағыз көсілген шешен болатындығын дәлелдей білген.

Сөзді көпшілікке таратудың, жұртшылықты сендірудің немесе тәрбиелеу құралы ретінде қолданушы әрбір маман адам шешендік өнердің ғылыми негіздерімен, яғни, аудитория алдында түсінікті де ұғынықты, сенімді де иланымды қалыпта сөз сөйлей білу дағдыларын меңгере білуі тиіс. Ал шәкірт атаулыны шешен сөйлеу мәдениетіне баулу жолындағы міндеттер қатарына көпшілікпен жанды қалыпта сөйлесу шеберлігін меңгертуді; тілдік қарым-қатынас жасау адам өмірінде кім-кімге де ауадай қажеттілігіне саналы қалыпта көз жүгіртуді; шешеннің аудиториямен қарым-қатынасының күрделі үрдісін болашақ маманның көз алдына келтіру, яғни, ойша моделін жасау, осы үрдіске орай ілгеріде іс басында ұшырасар мәселелер шоғырын айқындауды; ауызша шешен сөйлеу шеберлігін өз бетімен немесе топтық сабақтар арқылы меңгерушілерге сала бойынша қажетті кешенді білім, білік және дағды жинақтауға көмектесуді қосамыз.

*Риторикалық мәдениет – шешен сөйлеудің дағдысы.* Сөйлеу әрекетінің табиғатын философиялық -дидактикалық тұрғыдан тану риториканы білім мен білік, дағды жинақтайтын ерекше ілім ғана емес, осының негізінде мәдениеттің тұғырлы құндылықтарына қол жеткізу арқылы риторикалық мәдениет биігіне көтерілу тұрғысында бағалауға жетелейді. Біздіңше, риториканы мәдениет саласында қарастыру риторикалық іс-әрекет мәнінің бұрын-соңды акцент берілмей, елеусіздеу қалып келген жаңа бағыттарын айқындауға мүмкіндік туғызады.

Риторикалық мәдениет турасында сөз қозғарда, ең алдымен, көпшілікке ежелден мәлім, бір-бірінен алуан интерпретациялық тұрғыда айырмашылығы бар «мәдениет» ұғымы туралы тоқтала кеткен жөн. Мәселен, қазіргі таңда адамзаттың мәдениетке қатынасының кең көлемде жүйесі алға тартылуда. Онда мәдениетке қатысты теологиялық көзқарастан марксистік көзқарасқа дейінгі, рационалистіктен эмотивистікке дейінгі, технологиялықтан символдыққа дейінгі, жекеліктен субстанциялыққа дейінгі, креативистіктен деструктивистікке дейінгі көзқарастар талқыға салынуда. Десек те, нәтижеде мәдениеттанушылар арасында мәдениет туралы ортақ тұжырымның жоқтығы байқалады. Бұған мәдениет турасында шамамен бір жүз елу анықтаманың тіркелуі дәлел. Сондай-ақ, мәдениет ұғымының көп мәнділігі соңғы жылдары жарық көрген мәдениеттің жалпы теориялық мәселелеріне арналған (М.Каган, Л.Коган, Б.Яросов, П.Гуревич) монографиялық зерттеулерде де атап көрсетіледі. Бұған Э.Тейлор, Э.Кассирер, М.Хайдеггер, Г.Францев, З.Файнбург, Э.Маркрян, В.Сагатовский, Н.Чавчавадзе, Л.Кертман, В.Библер, Н.Злобин, Б.Ерасов, В.Келле, М.Мамардашвили, Р.Тшуми, А.Швейцер, И.Херман, А.Лосев, В.Краус, Л.Митрохин, В.Канке сынды зерттеушілердің тұжырымдарын қосыңыз. Мәдениет турасындағы пікірлер шоғыры алуан түйіндер жасауға жетелейді.

Мәдениет турасындағы жалпы көзқарастар бізді шешендік өнерге қатысты риторикалық мәдениет жөніндегі пайымдауға жетелейді. Риторикалық мәдениет бағалау-бағдарлау бағытындағы сөйлеу әрекетін айқындайды. Риторикалық мәдениетті өз бойына ұялата білген адам рухани тұлға және айқын да жарқын индивидтік қалыпта көрінбек. Біздіңше, риторикалық мәдениеттің жүзеге асуы қазіргі таңда бірден-бір ерекше мәнге ие. Бұл іспеттес рухани өзін-өзі жетілдірудің материалдық жағын қанағаттандыру мен өндірістің өсу қарқынының адамзат санасында жаңаша көрініс табуы, қоғам мен жеке тұлға турасында берілер әлеуметтік бағаның өзгеруі күн тәртібіндегі риторикалық мәдениеттің қалыптасу ерекшелігін де айқындамақ. Бұл бағыттағы мәселенің оң шешім табуы адамдардың тұрмыстық құндылықтардан рухани құндылықтарға қайта бағдар ұстануы негізіндегі адамзаттың ішкі жан-дүниесінің қайта жаңғыруы жолымен жүзеге аспақ. Демек, қазіргі заманның ғаламдық проблемасы – бұл таза экономикалық, саяси не ғылыми проблемалар емес, ең алдымен, адамгершілік-рухани проблемалар. Ал мұндай жағдайда риторикалық мәдениеттің қалыптасуы – біздің пайымдауымызша, адамды өзгертудің, оның рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен ілгері дамып жетілуінің тиімді жолдарының бірегейі.

Ал жас тұлғаның бойына риторикалық мәдениетке қатысты білік, дағдыларды қалай жұғысты етпекпіз. Басты жолы – жоғары оқу орындарында, білім беру ордаларында шешендіктану (риторика) ғылымын игеру арқылы. Біздіңше, шешендіктану пәнін оқытуды қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдениеті және ұлттық ділімізбен байланысты шынайылыққа, ізгілік пен әдемілікке ұмтылуға бағытталған жас тұлғалардың сөйлей білу білік-дағдыларын, қабілет-қарымын дамытуды көздейтін риториканың кешенді қалыптағы интеграцияланған пән екендігі туралы түсініктен

туындата білген дұрыс. Сондай-ақ, риторикалық мәдениетті, риторикалық біліктілікті қалыптастыру – бұл тек оқудағы бір ғана бағыт емес, сонымен бірге, өзге де оқыту пәндеріне әсер ету құралы да, интеллектуалдық және эмоциональдық тұрғыда жетіле дамудың тиімділігін қамтамасыз ететін, әлі де тереңірек айтсақ, жас тұлғаның әлеуметтік тұрғыда бейімделуінің тиімді жүруіне бірден-бір қажетті алғышарт та. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында, ұлттық мектептерде шешендіктану пәнін оқытуда риторикалық білімнің негізі ретінде логос, пафос және этос үштік тұғырының өзара үйлесе сәйкес келу идеясы да ескерілуі тиіс. Ендеше, шешендіктану тұңғығына терең бойлау, шешендік өнерге баулу жай ғана риторикалық технологияны меңгеріп қана қою емес, сондай-ақ бұл – бізге ата-бабамыздан мұра ретінде қалдырылған жоғары адамгершілік тұрғысындағы құндылық ретіндегі ұлттық риторикалық идеалды танып-білу. Демек, шешендіктануды ұлттық риторикалық идеалдың бөлінбес бөлігі ретінде қабылдай білуіміз керек.

Тақырыпқа сай шаршы топ алдында сөйлеу жастан да, жасамыстан да психологиялық әзірлік пен алдын-ала жаттығуды талап етері даусыз. Егер де көшбасшы сөйлеуге тиісті тақырыбына қатыссыз барлық қам-қарекеттер мен қажетсіз ойлардан арыла білсе, алға қойған мақсатты межеге тез жетері анық. Тек осындай қалыпта ғана ол аудиторияға әсер етіп, көпшілікті өзіндік көзқарасының дұрыстығына иландыра алады. Өкінішке орай, көпшілік жағдайда жас тұлғалар не айтарын жақсы біле тұрса да, өз ой-түйіндерін тыңдаушыларына дәл де дөп жеткізе білмейді. Басты себеп, сөйлеушінің іскери әдістемелік жағынан әзірлігінің кемшіндігі, тыңдаушыларды қабылдау ерекшеліктерімен таныс еместігі, аудиториямен қарым-қатынас дағдыларын игермегендігі. Біздіңше, бұл орайдағы әрбір жас атаулыға қажетті риторикалық мәдениетті бойға жұғысты етуге септесер түйіндерді білу аса маңызды. Ол қандай түйін-тұжырымдар болмақ? *Біріншіден*, шешендік туралы әр кездегі тұжырымдардан өзіне қажеттісін ала білуі. Шешендік кісі көркі, ақылмен билеу өнері; тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы; дидарласушымыздың жүрегі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсеге болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый; кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу екендігін; біліктілік пен білімнен, қуатты түйсік пен терең сезімнен, санадағы саңлақтық пен ұшқыр қиялдан, тер төгу мен ой тербелісінен туындай келе, білгірліктен кейін тұратындығын; сөз бен ойға негізделетіндігін; биік дүниетаныммен, ғылым-білімді терең меңгерумен, халықтың тұрмыс-тіршілігін, жөн-жосықтарын жүйрік танумен, жалпы айтқанда адамзаттың рухани мәдениетінен мол хабардар болуымен, ой өрісінің кеңдігімен тамырлас екендігін білгені жөн. Демек, кәсіби маманға қажетті шешендік дегеніміз – тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдарының жарқындылығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгі жандардың, ұлағатты еңбектердің тағылым-тәрбиесі, өзіндік дүниетанымының нәтижесі [4,7-13]. *Екіншіден*, шешен табиғаты туралы айқын түсінігінің болуы. Шешен қашан да қарулы жауынгердей сақадай сай қалыпта мәнді де ұлы істерді үздік орындауға және әрдайым жеңіске ұмтылуы; онда диалектиктің тапқырлығы, философтың ойы, ақын тілі, заңгердің жады, трагиктің дауысы болуы; дәл де нақты дәлелдермен иландыра білу, тыңдаушылардың жан дүниесіне өтімді де батымды сөзбен ой сала әсер ету, сондай-ақ судьяның көзін жеткізуден гөрі, оның көңілін көтере рухтандыру маңыздырақ екенін аңғару білігінің болуы; шешеннің парызы – шындықты айту, ал ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау екендігін білуі тиіс. Демек, дарынды ділмөр шешен, біздің жағдайымызда, көшбасшы жас тұлға әр нәрсенің мән-мәйегі мен әсемдігін өзіне қайтара алады. "Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса", - дейді Шал ақын. Шынтуайтына келгенде, шешендер айтқан сөзі арқылы адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді, сөздің қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кетуге ыждаһат етерін ескеру абзал. Шешенге орасан сезімталдық, құбылыс атаулыны жанды қалыпта елестете білу ауадай қажетті. Ол өз тыңдаушыларының бойында шалқыған шабыт, дария сезім, атқарылар іске сәйкесті құштарлық ұялатқысы келсе, ең алдымен осыны өз бойынан өткізуі тиіс. Орайлы тұста М.Т.Цицерон шынайы шешеннің, тума таланттың халық өмірі мен әдет-ғұрпын, салт-сана дәстүрлеріне мейілінше жетік болуын баса атайды. Шешен шаршы топты өрнекті ойларымен иландырады, оның ұлылығы асқан шабытпен, құлшыныспен, пафоспен өлшенбек. Демек, ол көпшілікті сөзінің оттылығымен, жарқылымен, күшімен, көріктілігімен баурап алмақ. Сондай-ақ, шешен елге түсінікті болуы үшін, бүкпесіз ашық болғаны жөн. Ұзын сөздің қысқасы, шешен – тыңдаушылардың рухани дүниесін байытушы, өмірдегі, қоғамдағы алуан түрлі құбылыстарды байыбына жетіп, талдап түсіндіруші, белгілі бір ой-пікірлерді, халықтық мәселелерді жеткізуші, жан сала насихаттайтын үгітші. Бұл орайда ол – әлеуметтік-саяси тұлға [4; 5; 6; 9; 10]. *Үшіншіден*, шаршы топта сөз бастаудың қиындығын аңғаруы. Терлеп көрмеген тер қадірін қайдан білсін! Көшбасшы жас тұлға әр кез «Көш бастау қиын емес, қонатын жерде су бар; Қол бастау қиын емес, шабатын жерде жау бар; Шаршы

топта сөз бастау қиын, шешімін таппас дау барлығын»; сөйленер сөздің «бастамасы», «ұсынбасы», «мазмұндамасы», «қыздырмасы», «қорытпасы» боларын білуі тиіс. Данышпан Абай айтпай ма, «сөз танымайтынға сөз айтқанша, өзінді танитын шошқаны баққан жақсы» деп. Демек, өзгеге қарата сөз сөйлеу, шаршы топта сөз бастау қайдан оңай болсын. Сөз екшей білу өнері тыңдаушы қауымның жүрек лүпілі мен сана-сезімінің, өз жеке ойымыз бен сөзіміз арасында байланыс орната білу білігінен құралмақ. Бұл арада біз адамзат жүрегінің түкпірін жете түсінуіміз, тіпті оның әрбір қалтарысты иірімдерін сезіне де аңғара білуіміз керек, тек сол жағдайда ғана айтылмақ сөзіміз өзгені иландырмақ. Мәселен, тыңдаушыларымыздың орнына өзімізді қоя отырып, таңдаған формамыздың тақырыппен үйлесімділігін, көпшілікті елексітіп, еліте толғандыра аларлықтай сезім тудыратындығына көзімізді жеткізіп көрелікші. Бұл ретте мүмкіндігінше қарапайымдылық пен табиғилық қалып сақтай отырып, «түймедейді түйедей» етпеуге, мәндінің құнын түсірмеуге ұмтылған дұрыс. Таңдаған сөйлеу формамыз мейілінше айқын да жарқын болғаны, мазмұнға сәйкес келуі және құрамына тек аса қажеттілерді ғана кіріктіргені жөн. Жалпы адам нені жан-тәнімен сезінсе, ұғынса, соны ғана ол жетер жеріне жеткізіп айта алмақ. Өзі жақсы білмейтін жайды уағыздағанда ғана кісі сөз таппай қалады. Адамды ой жетектей алса, ол анық сөйлемек, ал адам ойын жетектей алса, одан да анық сөйлері анық. Белгілі ойшыл Р.Эмирсонша түйіндесек, адам моладан шығып қалмайтындай етіп сөйлеп, жазуы үшін, қашан да ақ сөйлеп, адал жазу қажет-ақ. Бұл арада атақты Аристотельдің «Платон – менің досым, алайда ақиқат орны қымбат-ақ» дейтін сөзін естен шығармау жөн. Десек те, шешендердің жүйрік ой толғауы тыңдаушылардың талғамына тәуелді. Демек, әрбір көшбасшы тұлға не айтарын, қашан айтарын және қалай айтарын жете түсінуі тиіс. Бұл ретте тыңдаушылардың назарын аудару үшін, қысқалық, ширақ сөйлеу, көңілді сергітетін қысқа да нұсқа қайырым-шегіністердің болуы алғы межелі мақсатқа жетуге еселеп жәрдемдеспек. Алғыр шешен күні бұрын тыңдаушылардың ойлары мен көңіл-күйін өткір сезінеді. Ол аса сақтықпен сөйлейді, әбден өзіне бағындырып алған соң, олардың сезім-күйлерін билеп әкетпек. Көшбасшы тұлғаның сөйлеу стилі тартымды да отты болуы тиіс. Ол тыңдаушылардың ынтасын біржола өзіне қаратуы тиіс. Сөйлеушінің әңгімесі оқтын-оқтын шамырқанған шабытпен айтылып, қадау-қадау ой-пікірлерді жаудырып, төгіп, төпелеп жіберуі де кейде артық емес. Ендеше, шешен қырағы, байқампаз болса, аудиторияның шын-шырғасын шығармай уысында ұстары даусыз. Егер де шешен сөзі аудиторияға ғаламат әсер ететін болса, онда тыңдаушылардың көздері от шашып, жүздері гүл-гүл жайнап, ықыластанып, жұмсақ жымыып, бастарын изеп, қоштағандай, қолдағандай ым-ишараттар жасайды. Ыстық ықыласын, ізет-ниетін дауыстап та білдіреді. Сөйтіп, шешен мен аудиторияның құлшынысы бірдей оянып, оттай маздап, бір-бірін жетелеп, қоян-қолтық араласып, туысып кетпек. Қысқасы, жас көшбасшы шешен ретінде оны тыңдамау, түсінбеу, онымен келіспеу мүмкін емес болатындай тұрғыда сөйлеуі дұрыс [4; 7; 11; 12; 13; 14]. *Төртіншіден*, сөз сөйлеуге даярланудың қажеттігі туралы. Жастар небір өнер, не даналық шыңына оларды оқып-үйренбей жету әсте мүмкін еместігін; кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол – халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімізді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық – сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік екендігін есте ұстағаны жөн-ақ. *Бесіншіден*, сөйлеу мәдениеті туралы ойлануы. Сократ айтады: «Сөйлеп көріңіз, мен Сіздің кім екеніңізді айтайын» деп. Демек, жас көшбасылар адамның хайуанаттан артықшылығы – тілі, ал оны орынды қолдана алмаған адамның хайуаннан бетерлігін есте ұстап, кез келген сөйленген сөз жанды құбылыс іспеттес, ол бас-аяғы бар дене секілді және де тұтас кеуде тұсы мен аяқ жағы бір-бірімен үйлесімді де сәйкесімді әрі біртұтастықта өрілген болып келуі заңды екендігін сезінуі, жақсы сөйлеу жай ғана естіртіп жақсы ойлау екенін ескеруі ауадай қажет. *Алтыншыдан*, сөйлеушінің жылы жүзді, жылы сөзді бола білуі. Жас тұлға әр сөздің айтылуына қарай мың сан мағынасы барлығына үңілуі қажет. Себебі, ұстамды да орынды сөйлей білуі ділмарлықтан көп артық. Шынында да, ақылды ақырын сөйлер де, жауабын күтер. Бұл ретте А.П.Чеховтың «Мен өзімді тежеуге үйрендім, өйткені парасатты кісі өзін бетімен жібермеуі тиіс» дегені бар. Сондай-ақ сөйлеушінің сөйлеу сәтіндегі жан-дүниесінің қозғалыстары дене қимылымен ұштасуы тиіс. Бұл ретте: «От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз» деген Шәкәрім сөзі ой салса керек. Ал А.С.Пушкин мағынасыздықтың екі түрін атайды: бірі – сезім мен ойдың жетімсіздігінен пайда болар сөздің көптігі, екіншісі – сезім мен ой асып-төгіліп жатса да, оны жеткізер сөздің кемдігі. Сондай-ақ шешен нәзік құбылыстарды қатқыл үнмен айтса, не болмаса ыңғайсыз әңгімелерді нәзік дауыспен жеткізсе, тыңдаушысын иландыра алар ма еді. *Жетіншіден*, қысқа да нұсқа сөйлеуге төселуі, тіпті, үндемей қалудың да үлкен күш екендігін сезінуі. Ж.Баласағұни: «Көп сөйлеме, азбен келтір иінін, Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін» демей ме. Шын сөз қашан да – нұсқа, жақсы сөз қашан да қысқа болмақ. Көп сөйлеген мылжың шын сөзді аз айтады. Ақылы келте адамның әдетте тілі тым ұзын болады. Ойшыл адам, мүмкіндігіне қарай, көп ойды аз сөзге сыйғызуға тырысып, қысқа сөйлейді. Бүге-шүгесіне дейін түгін қалдырмай айтуға тырысу нәзік сезінуге қабілетті адамды жалықтырып, намысына тиеді.

Тілінде тиегі жоқтардың бәрі бөспелер ауылынан. Ең бергісі жалған жымыш, босқа даңғырлайды. Қысқасы, «Аз сөйлер де, көп тыңдар, Хас асылдың баласы», - деп, Махамбет бабамыз айтқандай, кім-кімге де аз сөйлеп, көп тыңдаған жөн. Қашан да аз сөйлеген қателеспес, аз жеген еңтікпес. Жас атаулы ең қысқа сөздің мағыналы көзқарас екендігіне назар аударуы артық болмас еді. Демек, қазақтың Қабдоловына сүйене ой түйсек, «көп біліп, дөп сөйлеген – шешен, аз біліп, көп сөйлеген – мылжың». Ал Исократқа сүйенсек, екі жағдайда ғана сөйлеуді қолдайды: бірі – өзіңнің сөйлер нәрсеңді айқын ойланып алғанда, екіншісі – бір нәрсе жайында айтудың аса қажеттілігі туындағанда. Тек осы жағдайларда ғана үндемегеннен сөйлеуді мақұл көрсе, қалған тұстарда сөйлегеннен сөйлемегенді анағұрлым артық санайды. Шал ақын айтпай ма: «Байлауы жоқ шешеннен, үндемеген есті артық, Бәйге алмаған жүйріктен, белі жуан бесті артық» деп. Иә, көп сөйлеген көп сәтсіздікке де ұшырамақ, ендеше сөзге сақ болу шешендіктен де асқақ. Өз саласының майталманы А.Ф.Кони мәнді ештеңе айтпағаннан, үндемеуді артық көрсе, білгір Боуви: «Ақылды сөйлеу – қиынның қиыны, ақыл безбеніне салып үндемей қалу одан да қиын», - деп тұжырады. Демек, өзінің тіліне күші жетпеген адамның сөзінде шынайы шындық болмасы анық. Ұлы ойшылдарымыздың бірі Анақарыс кейінгіге тілінді, тәбетінді, нәпсінді тыйып ұстау турасында ұлағат қалдырған [4; 8; 16; 17; 18; 19; 20; 21; 22].

Қысқасы, *шешендік* – ел келешегі жастардың рухын аспандатар, асқақтатар өнер. Ал Ұлы Дала елінің халықтық рухы орасан. Тек рух сақталса ғана, жастар рухын оята білгенде ғана халық мерейі, абыройы қаз қалпында болмақ. Рух тұнған тұста ғана қалыптасу үстіндегі тұлғаны тұтандырар, ілгерілетер идея да күшті. Демек, бүгінде жастардың рухын еселеп жандандыра, жаңғырта түсер кешенді ойлы істер ауадай қажет. Ал ел болашағы – қазақ жастарының рухының биіктігі, жоғарылығы – Ұлт Тәуелсіздігі сақталуының бірден-бір айғағы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, шешендік шежіре - рухани байлық көзі. Халқымызға тән шешендік өнер тәліміне кейінгі ұрпақты тәнті етер болсақ, орасан рухани шапағат, парасат сыйлаймыз. Ал рухы зор, рухани бай ұрпақ – еліміздің сенімді келешегі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу) / Ә.Т. Қайдар. – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. – 560 б.
2. Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография / А.С. Қыдыршаев. – Алматы: 2000. – 270 б.
3. Қыдыршаев А.С. Шешен-лектор профессиограммасы / А.С. Қыдыршаев. – Орал: БҚМУ баспасы, 2004. – 56 б.
4. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы / А.С. Қыдыршаев.– Орал: 2006. – 146 б.
5. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары). Оқу құралы / А.С. Қыдыршаев. – Орал: 2017. – 364 б.
6. Борохов Э. Энциклопедия афоризмов / Э. Борохов. 2003. – М.: Мысль – 686 б.
7. Душенко К.В. Большая книга афоризмов / К.В. Душенко. – М.: Мысль 2006. – 1056 б.
8. Шаймерденұлы Е. Қазақ афоризмдері / Е. Шаймерденұлы. – Алматы: 2008. – 304 б.
9. Энциклопедия мудрости. Литературно-художественное издание. Издательство «РООССА», 2007. – 814 б.
10. Шедевры восточной мудрости. – М.: ООО «Дом Славянской книги», 2018. – 320 с.
11. Душенко К.В. Мысли, афоризмы и шутки знаменитых мужчин / К.В. Душенко. – Москва: Издательство «Э», 2016. – 688 с.
12. Мысли, афоризмы и шутки выдающихся женщин / Авт. –сост. К.В. Душенко, Г.П. Манчха. – 8-е изд., перераб. – Москва: Изд. «Э», 2016. – 592 с.
13. Афоризмы: По иностранным источникам. – М., 1985. Бальзак О. Физиология брака / О. Бальзак.– М., 1995.
14. Гейне Г. Мысли / Г. Гейне. – СПб., 1904.
15. Еврейские афоризмы. – М., 1991.
16. Книга для медленного чтения. 1000 высказываний 200 мыслителей / Сост. Л.Д. Соболев. – М., 1994.
17. Уайльд О. Афоризмы / О. Уайльд. – М., 2000.
18. Шоу Дж. Б. Афоризмы / Дж. Б. Шоу. – М., 2000.
19. Gross J. The Oxford Book of Aphorisms / J. Gross. – Oxford; New York, 1983.
20. Макаров Н.П. Энциклопедия ума, или Словарь избранных мыслей авторов всех времен и народов / Н.П. Макаров – М., 1998.
21. Хоромин Н.Я. Энциклопедия мысли / Н.Я. Хоромин. – М., 1994.
22. Douglas A., & Strumpf M. Best Book of Aphorisms. – New York, 1989.

## ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТІРЕГІ – ҰЛТТЫҚ РУХТАҒЫ ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ

**А.С.Қыдыршаев,**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, «Махамбет» республикалық әбеди, мәдени және танымдық журналының Бас редакторы (Орал қ.)*

**Қ.С.Қыдыршаева,**

*Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, М.В.Ломоносов атындағы ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

**А.Қ.Дүйсенова,**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, "Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерін даярлау" мамандығының 1-курс магистранты*

Ғұлама Әбіш Кекілбайұлына сүйене айтсақ, Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Өз мемлекетіңнің тәуелсіздігін қастерлеу, өзің тұратын елдің егемендігін құрметтеу – тек патриоттық парыз ғана емес, үлкен гуманистік жауапкершілік. Өзі жүрген ортаның жарастығын ойлаған адам ғана жарастықта өмір сүре алады... Адамдар мен қоғамдардың, мемлекеттер мен халықтардың өз еркі өзіндегі тәуелсіздігі – ешкім тіл тигізе алмас қасиетті ұғым. Қазіргі адамзаттың ең басты мұраты, ең асыл игілігі... Бүгінде әлі де кім-кімде өз пікірі мен өз әрекетінің тізгінін өзі қолға алып, нақты іске кірісе алмай жатқандығы рас. Десек те, қазіргі қанқұйлы үрейлі заманда енді ырғалатын уақыт жоқ. Ал қолымызға әзер қонған азаттық құсын бір үркітіп алсақ, қайта айналып қонғанша қашан?!

Тәуелсіздік – әлемдік тарихтың ағынында субъект болу құқығын сезінетін әрі соған жауап беретін халық болмысының жалғыз ғана нышаны. Біздің тәуелсіздігіміз қазақ ұлтының қоғамдық ойының қалыптасуымен және халықтың жан жүрегінің аңсауымен демелген көпғасырлық ұмтылысының жемісі. Сондай-ақ, Тәуелсіздік – тарихтың мәңгіге бөліп берген еншісі емес, халықтардың мамыражай өмір сүруіне берілген кепілдік те емес: аңғал болмағанымыз абзал. Біз тәуелсіздікпен бірге тілімізді түлеттік, дінімізді өркендеттік, тамырымызды жалғап, салт-дәстүрімізді жаңғыртуды жүзеге асырып, жаңа құндылықтар қалыптастырдық. Ғасырлар қойнауынан асылдарымызды аршып алдық. Ендігі кезекте осы айтылған салаларды жоғары биікке көтеру – парызымыз.

Қастерлі құндылығымыз ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңындағы Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауының салмағы бөлек, орны тым ерекше болды. Президент Жолдауы – Ұлт еңсесін көтерудің, ел өркендеуінің, рухани жаңғырудың айқын бағдары. Мемлекет басшысы егемендіктің жалаң ұран мен жалынды сөз еместігін баса айтып, бұл реттегі ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы дей келе, бұның басты көрінісін елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы мен жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы тұрғысында тұжырады. Ел Президенті берекелі бірлік пен еселі де қажырлы еңбек нәтижесінде кез келген сын-қатерге дайын болуымыздың қажеттілігін баса айтады. Мемлекет басшысы Жолдауында қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала беретінін, бұл салада айтарлықтай нәтиже барын, қазақ тілі, шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда екеніне тоқтала келіп: *«Жалпы мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Бұл- заңды құбылыс, өмірдің басты үдерісі. Сондықтан қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ. Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл - қазақ тілі»*, - деп баса айтуы көңілге қонады. Десек те, еліміздегі мемлекеттік тілдің – қазақ тілінің даму деңгейі, осы жолдағы қол жеткен жетістіктеріміз де, әлі де қол жетпеген кем тұстарымыздың да бары айқын. Бізге мәлімі, Ел Тәуелсіздігінің 31 жылдығы қарсаңындағы қазақ тілінің – мемлекеттік тілдің жетістігі тоқырап, болмаса, тоқтап қалмай қоғаммен бірге алға жылжып келетіндігі. Десек те, орман өскінімен мықты. Өртенсе де, отаса да қайтадан қалпына түсу мүмкіндігі мол. Қазіргі таңда тілді сондай дәрежеге жеткізу әр қазақтың парызына айнала алмай келетіні өкінішті. Алдыңғы ұрпақтың соңында тасқын селдей тіл толқынын тулатқан күш әлі сезілмеуде. Жастарымыздың көше тілі – орыс тілін көп пайдалануы басым. Көзге ұрып тұрған осы кемдікті жою жолында тер төгуге тура келеді. Ұлт ұстазы Ақаң – Ахмет Байтұрсынұлы өз тұсында не деп еді? *«Жиырмасыншы ғасырға шейін түрік тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл тұрасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті»* деген-ді. Олай болса, кейінгі жаңа ұрпақ алдында ұятқа қалып, қызарып жүрмейік! Осы ой бізді жиі мазалайтыны рас.

ҚР Президенті халық жадында қалған пандемия уақытындағы өз Жолдауында: «Қазақстан – коронавирусқа қарсы вакцина жасап шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі. Біздің вакцинамыздың тиімді әрі қауіпсіз екеніне еш күмән жоқ. Қазір QazVac-қа өзге мемлекеттер де сұраныс білдіруде», - деп көкірек кере ұлттық медицина саласы ғылымының табыстарын мақтан ете отырып: «Алдағы уақытта әлемде коронавирустың жаңа штамдары шығуы мүмкін. Сарапшылар басқа да індеттер пайда болатынын айтуда. Біз оның қашан болатынын күтіп, қарап отыра алмаймыз. Осындай жағдайда өмір сүріп, әрі қарай дамуға бейімделуіміз керек», - дейді. Демек, бұл ретте еліміздің биологиялық қауіпсіздігін болжаумен айналысатын ұлттық жүйе құрылуға тиіс. Фармацевтика өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлу қажет. «Денсаулық кепілі – дене шынықтыру» десек, жұртшылықтың, университеттің профессор-оқытушылар құрамының және студент жастарымыздың спортпен шұғылдануына кешенді жағдай жасалуы ауадай қажет-ті. Халқымызда «ауруын жасырған арам өледі» деген тәмсіл бары аян. Осы тұрғыдан келгенде, Ел Президентінің ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра беретінін айта келе: «Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Бұл – кезек күттірмейтін шаруа. Пандемия кезінде қашықтан оқитудың нәтижесі ұлттық телекоммуникация желілерінің тиімділігі төмен екенін көрсетті. Мұндай ахуал негізгі, қарапайым білімнің өзін меңгере алмаған оқушылардың саны артуына әкеп соқты. Тағы бір проблема, нағыз қиындық осы деуге болады, балалар оқуын тастап кетіп жатыр. Өйткені білім алуды қажет деп санамайтын болды. Үкіметке бұл мәселемен, атап айтқанда, қашықтан білім беруге қажетті ақпараттық жүйенің сапасын жақсартумен мықтап айналысуды тапсырамын. Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс», - деп бар шындықты мысқал жасырмастан шегелей айтуы құптарлық. Демек, бұның өзі білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар керектігін, олардың шәкірт бойына жаңа білімді сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиістігін айқындайды.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында баса айтылған түйінді тезистер Қазақ елінің зиялы қауымын саналы ұрпақтың рухани тұрғыдағы тазалығы, рухани байлығы туралы тереңірек ойлануға жетелеуде [1;2;3]. Рухани жаңғыру ұлттық рухы жоғары азаматтардың азаюына алаңдаушылықтан да туындауда. Себебі адамды ұлтымен, тілімен қатар, мәдениеті де, салт-дәстүрі де, табиғаты мен тарихы да байланыстырмақ. Мәселен, еврей халқында ұлт болашағына қатысты бір өлшем бары мәлім. Оларда егер ұлттың 18 жасқа дейінгі жастарының 40%-ы ана тілінде сөйлесе, ол ұлттың 40 жыл өмірі бар, ана тілін меңгерген жастардың саны өсіп, азайған сайын ұлттың ғұмыры да өседі не өшеді делінеді [4]. Ақиқаты сол – тек рухани жан дүниесі бай ұрпаққана елдік мәселелерге бет бұрмақ, ұлттық құндылықтардың қадір-қасиетін сезе алмақ, біле алмақ. Бұл – аксиома! Бұл – елдің, жердің біртұтастығының, мемлекеттің мәңгілігінің, ұлт сақталуының негізгі кепілі.

«Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек» деп шегелеген әйгілі Әбіш әлеміне үңілсек, «рухани ерлік», «рухани байлық», «рухани өмір», «рухани күшті адам», «рухани максимализм», «рухани енжарлық», «өзін-өзі рухани шыңдай білуі», «рухани тәжірибе», «рухани жалдаптық», «рухани көлгірлік», «рухани мүгедектік», «рухани мүгедек», «рухани алаяқтылық», «рухани экология», «рухани адалдық», «рухани жанқиярлық», «рухани нақұрыстық», «рухани қайсарлық», «рухани әлем», «рухани микроб», «рухани иммунитет», «рухани бедерсіздік» секілді ұғымдарды кездестіреміз [5, 207-219].

Жасыратыны жоқ, бүгінгі сіз бен біз өмір сүріп отырған қоғамдағы рухани мәселеге келсек, кей тұстарда күйзеле сөйлесек те, қорына, торыға сөйлеуден аулақпыз. Десек те, бүгінгі идеологиялық ахуалдың біраз тұстары ойландырмай қоймайды. Ең бастысы – науқаншылдық, осы маңызды іске үстірт қарау. Бағдарлай білсек, әрбір жеңіл-желпі іс-әрекеттің де терең себеп-салдары бар. Нақтырақ айтар болсақ, біздің халқымыздың рухани өмірінде саяси проблемалардан гөрі адамгершілік мәселелері үстемірек орын алатын сынды. Мәселен, классик жазушы өзі тұңғығына бойлаған әдебиетте іскер адамды да, қарапайым адамды да емес, рухани күшті адамды көрсетуді қалайды. Себебі, рухани бай адам – ең алдымен, арлы адам. Ал арлы адам – ең күшті адам. Өйткені, ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойынсынбайды. Сондықтан оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуы мүмкін, бірақ та өкінішті болуы мүмкін емес.

Шынайы әдебиет – ұлттың рухани бейнесі. Ойшыл Әбіш Кекілбаев сананың рухани жаңғыруы турасында айта келе, қазіргі гуманистік әдебиет адамдарды рухани енжарлықтан, жалқаулықтан, көрсеқызарлықтан, ләззатқұмарлықтан, баққұмарлықтан, даңққұмарлықтан сақтай білуге тиістілігін қозғайды. Жазушы әдебиеттің негізгі міндеті ретінде әшкерелеу де, дәріптеу де, ақыл айту да, алдарқату да емес, адамдарды адамдық тіршілікті әуелі өзі жете түсініп, сосын

оқушысын жете түсіндіріп, оның өзін-өзі рухани шыңдай білуіне түрткі болуы тұрғысында пайымдайды [5]. Шынында да, ойлап қарасақ, ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы - өзіміз бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибеміз. Одан қол үзген қауым – келешегінен қол үзген қауым.

Тәуелсіздік тұсында халқымыз талай дүниені ой елегінен өткізе білді десек те, рухани салада әлі де пәрменіміз төмен. Ел жаңаруда, десек те сананың жаңаруы баяу. Ұлтсыздық отбасылық тәрбие, ақпарат ағынымен, әлеуметтік ортаның ықпалымен жалғасуда. Сыртқы ықпал да жоқ емес. Мәселен, орыс бұқаралық мәдениеті мен орыс тілі арқылы қазақтарды орыс идеологиясы аясынан шығармау, тәуелсіздікті құнсыздандыру мақсаты бүгінде өткір күйінде қалуда. Ұлттық мүдделерге парықсыздықпен қарау, талғамсыздық, ұлттық құндылықтарды менсінбеу, селкостық және оны сезінбеу ұлтсыздықты бойға сіңіре бермек. Бүгін жалған руханилық, ұлттық мүдделерді сыйлаған болу, тіпті мүсіркеу, ұлтшыл болып көріну де ұшырасады. Көп ұлттымыз деп басқалардың қасы мен қабағына қарау да ұлттың намысын түсірмек. Ұлттық сананы кейде сыртқы факторлар да оятары анық. Мәселен, егер Мәскеу қазақты ұлт ретінде менсінбей, қайдағы бір шүрегейге қазақ елін басқаруға бермесе, қазақтардың бірқатарының намысы оянбас та еді-ау!

Байқап тұрсақ, өмірде небір шын құрмет, шынайы ықылас, нағыз махаббатқа лайық абзал жандар өзін-өзі көтермелеп, өзін-өзі қолдан-қолға өткізіп, өзін-өзі саудаға салып жүрген рухани жалдаптардың құрбандығына айналып жатады. Сәйкесінше өмірдегі небір қаны тамшылаған шындықтар қайдағы бір жалған намыстың сойылын соққан рухани көлгірліктің тасасында қалып жатады. Ендеше, бүгінгі тұста шындыққа сенбей, қисынға сену рухани мүгедектікке ұрындырады. Біздіңше, қазіргі қоғамдағы көнбістік – рухани мүгедектіктің бір сатысы. Ал, көнбістік бара-бара ұлтсыздыққа әкелмек. Ал ұлтсыздық болса, отарланған ұлтқа тән көңгіш, жалтақ, еліктегіш психологияның салдары. Ұлтсыздық – ұлт мерейінің төмендігі. Осы ретте жазушы Әбіш Кекілбаевтың: *«Заман үрдісіне тән қойылған төтен сауалдан айламен сытылып кетуге тырысатын рухани алаяқтық – перілік, төтен сауалға тура жауап беруге тырысатын рухани адалдық – періштелік, тырысып қана қоймай, жауап таппай тынбайтын рухани жанқиярлық - пайғамбарлық»* [5],- деп жазғаны бар-ды.

Шынтуайтында өмірдің күллі саласында ұлттық ерекшеліктерді ескеру, этностық мәдениетті, әдепті сақтау – руханилықтың бір көрінісі. Себебі, дәстүрлі наным-сенім, ұлттық құндылықтар - ұлттың темірқазығы. Мәселен, француздарды өзге еуропалықтар ұлтшыл деп айыптаса да, ұлттық құндылықтарын бәрінен де жоғары қояды. Басқа мәдениеттерге айқара есік ашу - өз мәдениетін төмендетіп, басқаны қаржыландыру, қолдау деуге саяды. Біле білсек, кино мен театр – идеология негізі. Ол ұлттың мінез-құлқына, ойлау мәдениетіне қарқынды ықпал етпек.

"Табиғат экологиясы", "Тіл экологиясы" дегенді білеміз. Мәселен, Әбіш қаламгер «рухани экология» ұғымын баса атап: *«Рухани экологиямызды аздырып-тоздыратын апат өзіміздікін өзімізге көп көретін ескі қасіретімізден – етекпен тартпа іштарлығымызданөніп, өрбиді»* [5],- деп пайымдайды. Одан әрі жазушы бүгінгі ортақ рухани проблемаға назар аударта келіп, қолына қалам алып, былайша ой өргені бар: *«Әңгүдік дәурен: әлеуметтік делқұллыққа, рухани нақұрыстыққа, саяси қояншықтыққа бой алдырғанымыз сонша, желбіреген тудан басқаға, будақтаған түтіннен басқаға, от түкірген мұржадан басқаға көзімізді, зіркілдеген зеңбірек пен азынаған гудоктан басқаға – құлағымызды тікпейтін болдық. Жайқалған гүлді жырласақ – арзан әсемпаздыққа, жауқазындай жарымыз бен бүлдіршін баламызды жырласақ – күйкі үйішілікке, дос-жар ортасын жырласақ – томаға-тұйық тоғышарлыққа бой алдырған болып шықтық»*[5],- деп ашына жазған-ды. Сондай-ақ, ой зергері оқырмандарымен сырласа келе, сырт көзге қиқарлық көрінетін кейбір қылықтардың ар жағында үлкен рухани қайсарлық жатарын да абайлап айтады. Сөз соңында кез келген микробтар сияқты рухани микробтардан да тек есік-терезені тарс қымтап қойып сақтана алмайтынымызды айтып, берік рухани иммунитеттің қажеттілігін түйіндеуі қолдарлық. Демек, ұлт руханиятына терең бойлай алған, қазақ сөзінің мағыналық тұңғығына тереңдей алған, артына, кейінгі ұрпағына теңдессіз қайталанбас мұра қалдырған әлемдік деңгейдегі құндылықтар сапындағы бір ған қайраткер-жазушы Әбіш Кекілбаевтың жазбаларына бойлау арқылы бүгінгі мына адасу үстіндегі әлемді жартылай құтқаруға болар еді. Олай болса, бүгінгі заманауи әлемдегі рухани жаңғыру құндылықтары негізіндегі берік рухани иммунитет қажеттігі тұрасында баса айта келе, қазіргі қоғам жастарына қатысты рухани жаңғырудың жолы қайсы дер едік. Біздіңше, бүгінгі жастарға қарата айтылар бұл бағыттағы нақтылы қадамдар сатысы бір шоғыр. *Біріншіден*, ата-баба лұғатына құлақ түрсек, білімнің басы - бейнет, соңы – зейнет. Көзі жоқ, құлағы саудың ақылы толарына, құлағы жоқ, көзі саудың ақылы соларына қалай сенбессің. Ердің сәні – қашан да білім. Білім – ырыс тізгіні, ырыс қазығы. Бүгінде оқусыз білім, білімсіз күнің жоқ. Күш – білімде. Білекті бірді, білімді мыңды жығары даусыз. Білімі жоқ ұрпақ – жұпары жоқ гүлге тең. Үйренбей білім жұқпасы да ақиқат. Дұрысы, білімді бесіктен тесікке дейін іздену арқылы толтыру

жөн. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл демей ме. «Жаста оқыған оқуың – тасқа жазғанмен бірдей» деу де қаншама тұңғық мағына жатыр. Осы тәмсілдерді ескерсек қана, аттан тай озары, атадан бала озары күмәнсіз. Демек, көп оқыған білімдар болғанға не жетсін! Әйтпесе, мына заманда қарусыз адам секілдісің. Бүгінгі студенттерімізге қарап айтарымыз, олар үлкен ғылым-білім ордасында тәлім алып жатыр, енді оның да ауқымынан шығып, біраз нәрселерге үніліп, біраз дүниелерді қарау керектігін ескерген жөн-ау! *Екіншіден*, өзіндік ой, өзіндік мінез қалыптастыру мәселесі – аса маңызды. Студент жас алғашқыда жаңа ортаға бейімделу кезеңінен өтеді, сол шақта әркімнің сөзіне сену, еру басым болмақ. Осындай жағдайда өзінді ілгері алып шығатын, өзгешелігінді көрсететін басты белгі – өзіндік ой өре білу білігі. Бес саусақ бірдей емес болса, адамның ойы да түрліше, осы бастан өзіндік ой, сана-сезім қалыптастыру - аса қажетті алғы міндет те. Ендеше, адамның өз заманының көркі болғанына не жетсін! Әр адам - өз заманының баласы да. Адамды заманы билейтінін ескерсек те, әр заманның бір көрегені болары даусыз. Десек те, адамның сырты алдамшы. Қалай болғанда да әркімнің өзі шығар биігі бар. Ал адамның құлағынан семірегіне сенсек, жасық адамның жасына жетпей қартайарын, асыл адамның жасына жетпей марқаярын ескерейік. Яғни, жұмсақ ағаш құртқа жем, жұмсақ адам жұртқа жем. Қысқасы, армансыз ер – жалаңаш. Арманы жоқ жігіттің пәрмені де жоқ. Олай болса, өзіндік мінез негізсіз сомдалмайды. Өзіндік мінез қалыптастыру жолы университет табалдырығынан басталмақ. Сынықтан өзгенің бәрі жұғады десек, талабы жоқ жас – қанаты жоқ құспен тең, жалыны жоқ шоқпен тең. Бұндайда әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы. Тәрбиелі адам – тағалы атпен тең. Әбіш ғұлама айтады: *«Заманауи мінез: қазір орынсыз момын болуға да, орынсыз пысық болуға да, орынсыз ақылды болуға да болмайды»*[5] деп. Қалай сенбессің? Сенесің! Сену үшін де өзіндік ой, көзқарас керек-ау. Демек, өз кезеңінде бүгінгі қарбалас тұста қағылез жастарымыздың өзіндік ойына жететін ештеңе жоқ деп білеміз. *Үшіншіден*, бүгінгі өзекті тұстың бірі – жастардың өз ойларын еркін жеткізе алмауы. Адам болып туған соң, еркін көсіле ой өргенге не жетсін! Сұңқар қанаты ұшқанда қатаймақ. Бұл жолда да жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ бола қоймас. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар деген. Темір сырын отта танытады, адам сырын жоқта танытады емес пе. Студент жастарымыз айтар сөзін, ойын еркін, ашық жеткізе білуге осы бастан дағдылануы тиіс.

Біздіңше, осы айтылған кеңес пікірлер – болам-толам, өсем-ұлғаям, рухани тұрғыда жаңғырам, болашақ тұлға ретінде қалыптасам деген жастың бойында болуы тиісті алғы ретте жолға қойылар біліктілік биігі-ау деп ойлаймыз.

Қазақ халқы айтпай ма: «Он адам жүрген жерде із қалады, жүз адам жүрген жерде – соқпақ, мың адам жүрген жерде жол қалады» деп. Демек, ұлтымыздың ұлы тұлғаларынан тағылым алғанға не жетсін! Айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болады дегендей, Елтұтқа қайраткерлеріміз тарапынан айтылған сериалды қамқор кеңестер – студенттер бойынан ғана емес, кез-келген саналы адам бойынан табылуы тиіс қасиеттер. Тек өзіңе керегін қажетінше ала білгейсің! Білім алу ешқашан кеш емес, сондықтан әр кезде жаңаша білімге, жаңаша көзқарасқа ұмтылыс болуы тиіс. Білімді жас – ел болашағы. Білімді адамның ойы қашан да ерекше, әсерлі. Өз сөзімізде өзіндік ойды екінші кезекте айтуымыз да тегін емес. Білімсіз адамның өзіндік ойы қайдан болсын! Өзіндік ой – жарқын келешекке жетелейтін, өмір өткелдерінен сүріндірмей өткізетін бірден-бір белгі. Ой еркіндігі – адам баласына туғаннан бітетін құдірет іспетті. Қазақ жұрты еркіндікке үйренген халық, кейінгі жастарының бойында да еркіндік болғанын қалары даусыз. Сөздің өзі ой арқылы жарыққа шықпақ, ендеше ой еркіндігі – сөйлеудегі еркіндік, өзіндік ерекшелік, сом тұлғалыққа бастар алғышарт. Қысқасы, жоғарыда айтылған кеңестеріміз бір тұлға бойына жиналса, мол жетістіктер мен белестерге жеткізері анық. «Кеңес қылған ел азбас, кеңінен пішкен тон тозбас» дегендей, бүгінгі заман талабына қажетті айтылған тұжырым-түйіндеріміз өз дәрежесінде таратыла насихатталуы тиіс деп білеміз.

Ал жан дүниесі рухани бай, ұлттық рухты ұрпақ тәрбиелеу қашанда аса жауапты әрі күрделі жұмыс. Бұл ретте бүгінгі педагог-ұстаздардың міндеті – еліміз үшін лайықты азаматтарды ұлттық құндылықтарға және еңбексүйгіштікке баулу болмақ. Лайықты азамат - өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын тұлға. Қазіргі құбылмалы заманда жастарымыз еңбекқор болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі қажет-ақ. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Білім және ғылым қызметкерлерінің Республикалық тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде: *«Жаңа ұрпақты алдағы сын-қатерлерге дайындау қажет. Олар еңбексүйгіштік идеялары мен құндылықтары негізінде тәрбиеленуі тиіс. Тарихы терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі. "Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті" (Мағжан Жұмабаев). Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өрenniң танымы терең, ділі берік болады. Ұлы Абай үнемі сынға алған масылдық қоғамға ешқашан жақсылық әкелген емес. Соны түсінетін жастарымыз тек біліммен қаруланып, еңбекке ғана арқа сүйеуі тиіс. Лайықты азамат – білімді, Отанына адал, елін, жерін сүйетін тұлға. Бұл әлемде Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Елін*



шынайы сүйетін азаматтарды тәрбиелеу – ұстаз мақсаты. Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы, діңгегі. Әл-Фарабидің "Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы" деген сөзі барша білім саласы қызметкерлерінің бой түзер бағдары болуы тиіс. Отандық білім саласы туған жеріңе, қоршаған ортаңа, өз тарихыңа құрметпен қарауға тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуі тиіс», -деп құнды қағидат боларлықтай ой тізбегін ағытқан-ды.

Бүгінгі таңда «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларындағы негізгі бағыттар мен жобалар аясында жаңа ұрпақты ұлттық рухани құндылықтарға баулу ісі кешенді тұрғыда қолға алынуы тиіс. Бұл ретте ұсынылған әрбір бағыт пен жобаның нақты мақсаты барын ұстаздар қауымы айқын білуі жөн. Мәселен, «Бәсекелік қабілет» бағытына сәйкес алғы мақсатты Қазақ елі жастарының бәсекелік қабілетін шыңдауға баулу, бәсекелік ұғымын түсінуге, ұғынуға, қалыптастыруға, ойлана іс-қимыл жасауға баулу тұрғысында ұсынар едік. Себебі қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алары даусыз. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындаларын ескерсек керек. Бұл орайда «Рухани жаңғыру» бағдарламасында: «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін» делінген.

Қысқасы, жоғарыда баса айтылған алғы мақсатқа қатысты тұжырымдардың күллісі де тұлғаның рухани жаңғыруын жүзеге асырмақ. Демек, Әйтеке бабамызға сүйене түйіндер болсақ, еңбексіз өткен өмір де бір, ерте келген өлім де бір. Еңбегің жанса қуанарсың, бірақ қуаныш келсе таспа, қасірет келсе саспа! Сондықтан жетпей жатып болдым деме, болмай жатып толдым деме. Жетпей жатып болдым деген төменде күйбеңдейді, төменде күйбеңдеген төбенің басын көрмейді. Тау болмаса да төбенің басын көрмегеннің ғұмыры зая. Қолдан келсе, асқақ ұш. Асқақ ұшсаң, абайлап қон. Өйткені, төбеге ұшсаң күндейтін, төменде қалсаң, жүндейтін жамағайынсымақтар толып жатыр. Ал жақсы адам қашан да өзгеге шарапат тигізуге ұмтылар. Қолыңнан келсе, зағип көретін, керек еститін іс тындыр. Жақсылық жасасаң - жасыр, жақсылық көрсең – асыр. Олай болса, жақсының серігі – аманда ақыл, қанағат, әдеп, төзім, сабыр, үміт, татулық, бірлік. Ер жігітке төзім – тірек, сабыр – қамал, ақыл – әл-қуат, ар-абырой – қазына, қанағат – асыл тас, бата – мұра, әдеп – сән, жалған сөз – дерт, ақиқат – ем, үміт – көңіл азығы, сезім – бұлақ, қиял – шырын, тілі – жүрегінің елшісі.

Мықты мемлекет болу үшін ұлттың ұйыса білуінің қашанда айрықша маңыздылығы даусыз. Халық даналығына сүйенсек, ырыс алды - ынтымақ. Ынтымақ болмай, іс оңбас. Бірлікті ел бұзылмас. Бірлік болмай, тірлік болмас. Біле білсек, саусақ бірікпей, ине ілікпейді. Бірлік, ынтымақ - байлық, бақ. Бірлік жоқ болса, ұйым жоқ, Ұйым жоқ болса, күйің жоқ. Кеңеспен шешкен шешімнің кемісі болмас. Олай болса, берекені көктен тілеме, бірлігі мол көптен тіле. Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді. Шынтуайтында, ұйымдасқан ұтары рас. Өсер елдің күш-қуаты қашанда берекелі бірлікте екенін ұмытпағанға не жетсін! Иә, халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейхановша айтсақ, «*Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден*». Біз шынайы отаншылдық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз қажет. Ел Тәуелсіздігінің тірегі қашанда тәрбиелі ұрпақ екенін есте ұстайық, ағайын!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың республикалық «Egemen Qazaqstan» және «Aiqun» газеттеріне берген сұхбаты // «Egemen Qazaqstan» газеті, №62, 2 сәуір 2019. – 1-2-б.б.
2. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // «Егемен Қазақстан» газеті, №70, 12 сәуір 2017. -1-2-б.б.
3. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры // «Егемен Қазақстан» газеті, №223, 21 қараша 2018. -1-2-б.б.
4. Айталы А. Ұлттық құндылықтарға сүйіну, ұлтсыздыққа күйіну // «Egemen Qazaqstan» газ., №66, 8 сәуір 2019. – 7-б.
5. Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін). Құрастырушы Е. Шаймерденұлы, Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012. – 320-б
6. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Оқулық. Орал, 2013.-250 б.
7. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (*Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары*). Оқу құралы.-Орал, 2017.-364 бет.

## ШЕШЕНДІК ӨНЕР- ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Ж. С. Дүйсенбаева,  
филология ғылымдарының докторы  
Алматы қ.

**Аннотация:** В научной статье рассказывается об отце поэта-Махамбета Утемисе. он был разносторонним человеком. Их Слова и наставления была завещанием для поколения грядущих детей. Именно поэтому ее следует пропагандировать среди подрастающего поколения.

**Annotation:** The scientific article tells about the father of the poet Makhambet Utemis. he was a versatile person. Their Words and instructions were a testament for the generation of children to come. That is why it should be promoted to the younger generation.

Ұлттық шешендік дәстүр атадан балаға жалғасқан. Сол дәстүрден нәр алған толағай тұлға - Махамбет. Ғалым Қ. Жұмалиевтен бастап, зерттеушілер Махамбет жырларында екі адамның (Исатай мен өзінің) бейнесі сомдалғанын жазған. Ал, қаламгер Әбіш былайша пайымдайды: «Біздіңше, тағы бір қапысыз сомдалған бейне ескерілмеген. Ол – Өтеміс. Ақынның өз әкесі. Басқаларын қойып, тек мына бір өлеңге үңілетіңкі:

– Менің әкем – Өтеміс.  
Жауырыны жалпақ,  
Мойыны ұзын,  
Атарына қолы ұзын.  
Қабағын қара биік бөрік басқан.  
Жауырынына күшіген жүнді  
Қу жебе оқ шанышқан.  
Оң келгенін оң атқан,  
Сол келгенін сол атқан,  
Солақай тартып, бек атқан.  
Құланды қақтан айырған,  
Ерегескен күнінде  
Хандардың талайын тақтан тайдырған.

Пай-пай, әке болса, сондай-ақ болар! Әкесін мұнша өз әулие тұтқан бала болса, осындай-ақ болар! Нағыз әкесінің ұлы. Малы иелі, жері киелі, емген сүті нәрлі, естіген сөзі мәнді аталар заманы-ай!.. [1. 140 б.]. Қайран, Махамбет ақын әкесінің бүкіл болмысын өлеңнің шағын үзіндісіне сыйғызған. Келтірілген мадақ өлең - тұтастай құндылық: Өтеміс тұлғасы, киімі, қаруы, батырлығы, әрекеті, мінез-машығы, кескін-кейпі, қайсарлығы, шешендігі, мергендігі тағы-тағылары орынды негіз болған. Артық сөз жоқ. Кеудесін кез келгенге бастырмаған толымды тұлға бұл! «Махамбет-сөздің магиялық күшін, эмоциялық қуатын, эстетикалық әсерін күшейтіп, зор биікке көтерді» [2. 39- б.]. Өтеміс бейнесі – нағыз тарихи тұлғаға татиды.

– Атасы өткен – Айшуақ  
Анық көзі көрді ғой.  
Менің әкем – Өтеміс –  
Елдің қамын жеді ғой, –

дегенде, өз тағдырына қазақ даласының бір ғасырға жуық тауқыметті тағдырын, тарихын сифызған осы бір толағай тұлғаны айтып отыр. Өтеміс- елі үшін еңіреген ердің бірі. Ақын өлеңде Өтеміс пен Айшуақты бекер салыстырмаған. «Шешендік, тапқырлық сөздер белгілі дәрежеде еңбекші адамның өздерін қанаушыларға, езушілерге қарсы жұмсайтын қаруы, құралы да болған» [3.117]. Өтеміс пен Айшуақтың өмірдегі орны, кісілік қасиеттері, халық алдында өтеген қарыз, борыш-қызметі салыстырыла жазылған. Махамбет өлеңінде – әкесі үшін мақтану бар. «Менің әкем елдің қамын жеді», сенің әкең еліне несімен құнды? – деген салмақты, сұрақты ой жатыр. Махамбеттің от ауызды, орақ тілді шешендігі Өтемістен дарыған қасиеті екен.

Өнес Сарай: «Өтеміс – Беріштің 19 азулы биінің бірі. Жайықтан Ішкі Орда тарапына өткенге дейін, қазіргі Қызылқоға ауданының орталығы Миялы төңірегін мекендепті. Өтеміс аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін орақ ауыз шешен, би болған адам», – деп нақты жазған [4, 86 б.]. Ал атасы Құлмәлі-әрі би, әрі суырыпсалма шешен, батыр адам. Сонда шешендік атадан арна тартқан-ұлттық құндылық көзі!

«Шеркеш Бекпенбет би ханның үйіне келсе, қақ төрде Өтеміс отыр екен. Орнынан тұрып, сыртқа шығып келіп, оң жаққа барып жайғасады. Бір азырақтан соң, тағы да орнынан тұрып кетіп, сыртқа шығып келіп, босағаның қыр көзіне құйрық басады.

Бекпенбет би Өтемісті сөзден мүдіртейін деп: – Бір шай ішімде үш жерге отырдың, мұның қалай? – депті. Сонда Өтеміс: Төрде отырғаным – өрлігім, оң жақта отырғаным – билігім, босағада отырғаным – құлдығым, – депті. Бұл жауапқа Бекпенбет: Жарайсың! – деп, қатты риза болыпты.

Қандай адам екендігі: өрлігі, шешендігі, құлдығы тегіс өз аузынан қысқа ғана қайырылып, жан-жақты айтылған. Сөздің берілісі шымыр да нақты, тұжырымды. Бұдан Өтемістің: сөз айтар ұрымтал тұсын білетін, табан астында суырып салуы, сөйлеу мақамын да шебер меңгерген сөз сүлейі екендігі байқалады. Өтеміс – біздің ойымызша, өз заманының дамыған адамы.

«Бұл кеп бізге – Өтеміс Құлмәлі баласының кемел ақыл иесі болғанын аңғартады. Ол бұл келісінде – хан ордасына әділет іздеп келген. Баса-көктеп төрге шыққаны, бір жағынан, Бөкейдің өзі орыс ұлықтарына жазғанындай, Өтемістің ел ішіндегі сыйлы кісі екендігін сездірсе, екінші жағынан, тек мейман екендігін білдіру ғана емес: «Менің сенен еш кемдігім жоқ, хан төрінен маған да орын болуы керек», – деп қыр көрсеткені еді, – дейді шегелеп [1. 61 б.]. Бұдан Өтеміс басының сыйлылығы, сондай-ақ, жан-басының күйлілігі де аңғарылады. Өтеміс күйлі болмаса, 4 әйел алмаған болар еді, одан туған балаларды ересідаға ендіріп, адам қатарына қоса алмаған болар еді. Махамбет: «Өтемістен туған он едік», – деп, мақтана дәріптемеген болар еді.

Өтемістің арғы жағы қызылбас деп кемсіткендерге Өтеміс әр кез орынды жауабын беріп отырған. Өтемістен қалған өлең жұрнақтарын жазушы Ә. Сарай қисынды келтірген:

Өзен, өзен, өзен су,  
Өзенді тастап көшкен ит!  
Өзі болған жігіттің  
Түп атасын сұраған ит!  
Қырда құрақ, ойда бұлақ тұрғанда –  
Құба жоннан құдық қазған ит!  
Алдыма келсең – оғымды,  
*Артыма келсең – боғымды жерсің!* –  
деп, малдарын суарып кеткендігінен көрінеді [4. 86 б.].

Құдық – Алаша руынікі, заңында: рұқсатсыз, құдық иесінің ықтиярынсыз мал суаруға болмайды. Бұл тұсқа Өтемістер ескертпестен келген сынайлы. «Өзенді тастап көшкен, ит!» – дегені сол кәдімгі Маңғыстау облысындағы Өзен қаласының тұрған жері – бұрынғы кезде Өтеміс бабаларының мекені болған екен... Өзен – Түрікменге шектесетін Маңғыстау облысындағы шағын мұнайшылар қаласы. Мал суарғанда: құдыққа талас, қақтығыс ру мен рудың, ел мен елдің арасында болып тұрады. Сол қақтығысқа төтеп беріп, қарсыласын шешендігінің арқасында сөзбен тоқтатып, малын суарып кетеді.

«Махамбеттің осынша өнерлі де өжет болуына, ерліктің, өрліктің, шамырқанған рухтың болуына, әкесі Өтемістің басты әсер еткеніне дау жоқ. Өйткені, ол – өте ер жүрек және қайсар кісі болған. Ол қазақтарды Жайықтың арғы бетіне аттапайтын кезде де өжеттік танытып, қарауындағы ауылдарымен елдің алдымен Нарынға өткендердің бірі болыпты... губернатордан тендік сұрап, жапа-жалғыз Орынбор кетуі де жүрек жұтқандықтың көрінісі...», – деп келтіреді телегей Әбіш [1. 46 б.]. Бір таңқаларлығы әкесінің бойында бар қасиеттің бәрінің Махамбетте де болуы.

Махамбетпен бетпе-бет кездескен Е.П. Ковалевский: «Махамбеттің сөздері жаттанды емес, Құранды терең біліп, зерделеген тәрізді», – деп келтіреді [5. 24 б.]. Бұл да-Өтемістен тартқан арна. Балаларының барлығының есімінің құраннан қойылуы-құндылықты өн бойына жиған Өтемістің құраннан да сауатты болғандығынан хабар береді.

Жәңгір хан билерімен отырғанда, есіктен хабаршы бас сұғып: «Сыртта Өтеміс аттан түсіп жатыр», – депті. Отырғандардың ішінде бір «қызылбас» бар екен. Соған билер жата қалып жабысыпты. «Қазір Өтеміс кіріп келгенде: «Қайран, бауырым, қайдан жүрсің?» – деп айт, – деп қолқа салыпты. Сол екі арада Өтеміс те кіріп келеді. Өлгі «қызылбас» айтқанды істеп, тұра жармасады. Сонда Өтеміс:

– Жылама, бауырым, жылама!  
Мына отырған – Жәңгір хан,  
Мұның асылын сұрасаң – Қарағаш.  
Қарағаштан келген жалаңаш.  
Құдай қалап – бақ берген,  
Астына мінер тақ берген.  
Құдай қаласа –  
Біз де осындай болармыз!

Ана отырған—Шомбал ғой,  
Елінен қашқан – домбал ғой.  
Оның асылы – Орауыл,  
Орауылдан қашқан – он ауыл.  
Арбасының ізі жосылған,  
Байұлына келіп қосылған.  
Құдайым бақ берген соң –  
Ханның оң тізесін басып отырған.  
Құдайым бақ берсе –  
Біз де сондай болармыз!

Бұлар саған, көп болса, бес сом берген шығар, мә, мынаны да ал!» – деп, қалтасынан он сом шығарып ұстатып, қолтықтап орнына апарып отырғызыпты» [1, 62 б.].

Бұл үзіндіден Өтемістің: өткір де суырыпсалмалығы, өз есесін жібермейтін аршыл да, намысшыл қасиеті, жомарттығы, оның үстіне, дәулетті адам болғандығы басым сезіледі. Қай істе де ақиқатқа жүгінген тұлға. Ол күні кеше қазақ баласына арман болған Нарын даласын тек Нұралы тұқымының бір бөлігі ғана иемденіп кетуіне іштей қарсы болған.

Өтеміс пен Махамбет өз тектерінің тегін жерден шықпағандығына деген нық сенім де жатыр. Тарихи деректерде сирек те болса, оның балалары туралы айтылған. Тек Махамбет пен Ыбырайым ғана емес, оның қай баласы да осал болмаған. Ол да – Өтемістей өнегелі әкетәрбиесінің жемісі, отбасы құндылығы.

Ерлермен бірге қиын-қыстау күнде Жайықтың арғы бетіне өткен үш әйелді зерттеушілер еңбектерінде анық атаған. Олар: Исатайдың кіші әйелі Несібелі мен балдызы Бағылан, Махамбеттің анасы – Қосуан [6, 47 б.]. Өтемісұлдарынан: «Махамбет, Махамбеттің інілері: Қожахмет, Сүлеймен, Хасен, Қожахметтің балалары: Мұса, Мерім, Лұқпан, Әкім, Өтемістің үлкен ұлы Токтамыстың баласы – Салық», – дейді [4, 238 б.].

Көтеріліс ауыртпалығын бастан өткізіп, ерлерше азаттық үшін алысқан: Несібелі, Қосуан, Бағыланға қазақ ғалымдары тарихтан өз орындарын беруге жұмыстануы тиіс деп есептеймін. Себебі-азаттық та-құндылық!

Көтерілісшілердің балалары да, жанын шүберекке түйіп, қиын-қыстау аласапыранда бірге болған анасы да – азаттық туын аласартпай ұстаған жандар. Мұның бәрі Махамбетке қалай күш бермесін! Қожахмет есімі айтылыққырайды: «Қожахмет – көтерілістің ең батыр сарбаздарының бірі болды... 1838 жылғы 12 июльде Ақбұлақта болған, Исатай қаза тапқан ақтық айқаста Қожахмет ең соңына дейін берілмей соғысып, қаруымен қолға түсті... Жер аударылды», – делінген [1.33-34 бб.].

Ә. Сарай тағы да үстемелей: «Өтеміс ұлдарының малдысы да, жандысы да – Қожахмет. Көтерілістің басты тіректерінің бірі, қайратты, батыр адам», – дейді. Көтеріліс кезіндегі Қожахмет шолғыншыларының А. Сүйеуғалиұлы сұлтанның күзетіне тап беріп, талқандап жібергені, қамауда қалған Оспанды құтқарып алуы, Исатайды қуған казактарға берілмей, 15 шақырымға дейін батырды қорғаған нағыз батырлар – Қожахмет пен Үбі екені баса жазылған [4. 330-331 бб.]. Хан Жәңгірдің: «Атақ – Махамбеттікі, қол – Қожахметтікі», – деген сөзі бекер айтылмаған. Бұл келтірілген деректерден Қожахметтің азаттықты сүйген қас батыр екені байқалады. Ол – үлгі тұтарлық ғұмыр иесі, тарихи кейіпкер.

Ақын өлеңінде мазмұн мен шын тарихи дерек бір жерден қабысқан. Анасы Құспан ері кеткенмен, шаңырақ берекесін сақтап қалған, Өтеміс отбасының алтын діңгегі. Солайша, Өтеміс ұясы – Қосуан сияқты ел аналарының арқасында шашырамай, бытырамай, қанша қиындық көрсе де, беріктігін, ынтымағын сақтаған шайқалмаған шаңырақ. Мұның барлығының ар жағында Өтеміс тәрбиесі болғаны даусыз. Қос өзеннің сарқыраған сағасынан нәр алған Махамбет қалай тегін болады? Жалпы Өтеміс балалары, шаңырағы келешекте жеке зерттеуді күтуде. Махамбет шығармашылығына орай, өзге де сақталған өлең жолдарындағы құндылықтарды ескеріп – Өтеміс бейнесін оқулыққа ендіруге әбден болады, шынайы, үлгі тұтар образ. Жалынды ақынның әке образын жасаған баға жетпес, жан толқытар, тебіреністі, құнды өлеңдері-ұлтымыздың құндылығы. Өтеміс бейнесін көркем шығармада жасап кеткен – Махамбет ақынның өзі. «Ақын шығармасында жеке кісі образдарының аз болатындығы, бірақ сол аздығына қарамастан, суреттеліп отырған адамның сипатын, мінез ерекшелігін айқын елестетіп, есте қаларлық етіп мүсіндеуі» – Махамбет жыраудың құдіреті [7. 400 б.]. Асыл ойдың алтын қазынасы болып есептелетін мақал-мәтелдік мәні бар афоризм сөз тіркестері Махамбет жырауда молынан кездеседі:

Арғымақтың баласы  
Аз оттар да көп жусар.  
Азамат ердің баласы

Аз ұйықтар да көп жортар.  
Жаманнан туған жақсы бар,  
Атасын айтса, нанғысыз.  
Жақсыдан туған жаман бар,  
Күндердің күні болғанда,  
Бір теріге алғысыз.  
Аз сөйлер де, көп тыңдар,  
Қас асылдың баласы.

«Сырым мен Махамбеттен басталған шыншылдық-сыншылдық дәстүр байтақ елге түгел таралып, 18-19 ғасырдағы және 19 ғасырдың басындағы әрбір шешендік дау, ақындық айтыстардың орталық өзегіне, арқауына айналды. Шындықты жырлап, қиянатты сынаған адам ғана ақын, шешен деген абыройлы атаққа ие болды» [8. 278-бб.]...

М. Әуезов: «...XIX ғасырда бүкіл көтеріліс қимылын Махамбеттей жырлаған ақын болған емес, алды да-өзі, арты да-өзі», – дейді нақтылап. Дауылпаз ақын өлеңдерінде көтерілісшілердің ұлы күші, рухы, айбыны әспеттелген. Ө. Әбдиманұлы өзінің «Ұлт-азаттық идеяның XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік мәні мен жаңашылдық сипаты» деген ғылыми еңбегінде:

«Махамбет поэзиясы – азатшыл жырдың алтын тұғыры. Махамбет поэзиясының өнер символына айналар қасиеті оның толғауларындағы от-жалынды рухта жатыр. Әр толғауы қазақ деген халықтың күресшіл рухының құрыштай мұқалмас беріктігін танытып, атойлап тұрған асқақ жыр – бүкіл бір дәуірдің ыза-кегін бойына жинап, айбат шегіп тұрғандай... Ұлт-азатшыл рух жырының негізін қалады. Ерлік рухын асқақтатты»... [9. 45 бб.]. Азаттықтың жолында басын берген дауылпаздың сөзі де, өзі де баға жетпес құндылық! «Қоғамдағы рухани құндылықтардың көрінісі — тілдік қор. Қарапайым дөрекі сөз бен жаргон сөздер ойлау жүйесінің дұрыс дамымағанының куәсі. Тұрпайы тілдік қор адамның дұрыс тәрбие алмағанын көрсетіп тұрады. Тіл адамның зиялылығының, адамгершілігінің көрінісі ғана емес, пайдалана білгенге ол керемет тәрбие құралы да» [10]. Осы тәрбие құралын жастарға дарыту ұстаздардың міндеті.

Ұлттық құндылықтармындаған жылдар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, әр адамның бойына ана сүтімен бірге сіңеді. Жаһандануға жақындаған сайын ұлттық құндылықтар жойыла бастайтынын естен шығармауымыз керек. Ұлттық руханиятты сақтау, оны нығайтып шәкірттер бойына сіңіру – біздің парызымыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ө. Кекілбаев. Шандоз. – Алматы: Арыс, 2004.-140-б.
2. Ш. Сариев. Өңгімелер. Махамбет Өтемісұлы шығармашылығы. Алматы: 2004. 39-б.
3. М. Әуезов. 17-т. Алматы: Жазушы, 1981.-117-б.
4. Ө. Сарай. Исатай-Махамбет. Алматы: Өлке, 1997.-86-б.
5. Е.П. Ковалевский. "Странствователь по суше и морям". 1918.17 октябрь.24-стр.
6. Б. Аманшин. Махамбеттің тағдыры. Алматы: Өлке, 1997. 47-б.
7. Б. Кенжебаев. Әдебиет белестері. Алматы: Жазушы, 400-б
8. Б. Адамбаев. Қазақ шешендері. Алматы: Білім, 2008.-278-б.
9. Ө. Әбдиманұлы. Ұлт-азаттық идеяның XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік мәні мен жаңашылдық сипаты: филол.ғыл.док... дисс. автореф. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. 45-б.
10. А.С. Қыдыршаев. <https://atr.kz/qogam/abat-kydyrshaev-soz-korsha-an-alemge-karatyl-an-tereze/>

## МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ – XIV ҒАСЫРДАҒЫ КӨНЕ ҚЫПШАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТТАҒЫ ЗАҢДЫ ЖАЛҒАСЫ

**А.С.Қыдыршаев,**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі*

**М.Б.Сабыр,**

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, филология ғылымдарының  
докторы, профессор*

Қазақ ауыз әдебиетінің төрінен орын алатын жыр дүлдүлі, жауынгер ақын Махамбеттің өлеңдерін оқысаңыз, көз алдына қан майданда алдаспандары жаркылдап, сақсыры қанға толса да, ереуіл аттарының үстінен түспей, жауға өліспей беріспейтін ерлер елес береді. Қазақ әдебиетіндегі жауынгерлік дәстүр «*түркі елі үшін, тун ұйықтамаған, күндіз отырмаған, қара терін төгіп, қызыл қанын жүгірткен*» сонау Күлтегін заманынан бастау алып, Доспамбет, Қазтуған, Ақтамберді жыраулармен жалғасып, жаңа ұлттық бағытта дамып, XIX ғасырда Махамбет ақынның кеудесінен от болып төгіліп, ұран болып өріліп, елім деп егіліп, қалың қазақты азаттық үшін күреске шақырды [1; 2; 3].

Махамбет поэзиясының бастау бұлағы - күрделі сауал. *Әуеліде*, Махамбет қазақтың бай ауыз әдебиетінен нәр алып, Жайық, Еділ бойынан сал, сері, қайқылардың жыр дәстүрін терең меңгерген, бала кезінен сусындаған. *Екіншіден*, Махамбеттің мұсылманша өте сауатты болғаны, орысша да хат танығаны тарихтан белгілі. Демек, Махамбеттің араб әрпіне негізделген орта ғасырлық жазба әдеби мұрамен таныс болуын жоққа шығара алмаймыз [4; 5; 6; 7].

Қазіргі таңда қазақ халқының бірыңғай көшпенді, жазуы, мәдениеті жоқ ел болғаны тұрғысындағы солақай пікірдің тынысы тарылып, қазақ жартылай көшпенді, жартылай отырықшы ел болғаны тарихта дәлелдене түсуде. Оған дәлел-деректің бірі – Шу, Сыр бойындағы Сығанак, Ақтөбе, Құлдан, Тараз секілді қалалардың тарихтағы мәдени орнының бірегейлігі.

Осы іспетті қазақта бірыңғай ауыз әдебиетінің үлгілері болғаны, жазба дәстүрі болмағаны турасындағы пікір де бір жақты. Оған дәлел – сонау XIV ғасырда Алтын Орда мемлекетінде дүниеге келіп, сол кездегі жалпыға ортақ түркілік жазба әдеби дәстүрінде жазылған мұраларда қазақ халқының да сом сыбағасы, толғамды таласы, қомақты өзіндік үлесінің барлығы. Түркітану ілімінде кейбір ғалымдар түркі халықтарына ортақ тарихи жазба ескерткіштерді бөлектеп, қазақтың аузынан жырып әкеткісі келетіні ойлантап қоймайды. Бұл ретте белгілі ғалым Э.Н.Наджип: «Без изучения языка памятников этого периода невозможно изучать историю ряда тюркских языков, в первую очередь узбекского. Если узбекские племена, населявшие восточную часть государства, в дальнейшем своем продвижении оказались в очень благоприятных условиях и успешно могли развивать эту литературу, то иначе сложилась и судьба тех племен, которые в дальнейшем вошли в состав современного казахского народа. Эти племена, населявшие в тот период огромную территорию Золотой Орды, и предки которых не могли не принимать участие в создании этой культуры и литературного языка, по ряду исторических причин в течение нескольких веков были бесписьменными и вели кочевой образ жизни, сохранив лишь устную литературу - фольклор. После разрушения культурных центров племена, впоследствии вошедшие в состав казахского народа оторвались от литературного языка, общего для всех тюркоязычных племен, населявших территорию Золотой Орды, сохранив лишь свои племенные языки», - деп жазады.

Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген Құтыптың «Хұсрау - Шырын», Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Сейф Сарайидың «Гүлстан бит-түрки» шығармалары аралас тілде, яғни, қыпшақ-оғыз тілінде жазылған. Осы жазба ескерткіштердің тілін қазіргі қазақ тілімен, нақтырақ болу үшін Махамбет поэзиясы тілімен салыстырып көрсек, жоғарыдағы пікірдің тым бір жақты екені аңғарылады. Яғни, Алтын Орда жазба мұралары – қазіргі қазақ тілінің қайнар көзінің бірі. Бұл бұлақтан Махамбет те сусындағаны, нәр алғаны анық. Ақын өлеңдерін ескерткіштер тілімен салыстыра зерделеу нәтижесі құнды тұжырымдар жасауға жетелейді. Мәселен, «*Айқайласа белдік байлаған, Астана жұртын айналған, Атына тұрман болсам деп, Жұртына құрбан болсам деп*» шумағындағы «*астана жұрты*» тіркесі «*бүкіл елім, қаймана қазағым*» мағынасын береді. Ал жоғарыда айтылған ескерткіштерде «*астана*» сөзінің тек «*табалдырық*» деген мағынасы ғана бар. Мәселен, «*Игимни өз нуруң бирлә йаруң тут, Башытны өз астанаңда оң тут*» («*Менің жүрегімді өз сәулеңмен жарқырат, Басымды өз табалдырығыңда ұста*») т.б. Бұл деректен XIV ғасырда

«астана» сөзінің бір-ақ мағынасы болып, Махамбет заманында семантикалық жағынан дамып жаңаша мән-мағына алғаны аңғарылады. Не болмаса, «Хұсрау - Шырын» ескерткішінде «*тумаға*» сөзі бар («*Ла 'лдын қош асығалар құлақта, Тумаға дана йинжудин йанаңда*» - «*Лағыл сырғалар құлақта, Бөрігінде інжу тумаға*»). Махамбеттің жырларында да «*томаға*» сөзі кездеседі («*Қой мойында көк жұлын, Томаға көзді қасқа азбан*»). Салыстыра қарасақ, ескерткіштің тілінде «*томаға*» сөзі «*бас киімге тағатын әшекей*» мағынасын береді. Махамбет тілінде «*томаға көзді*» дегенде сын есім болып, «*томағадай әдемі, үлкен*» мағынасын беріп тұрған сияқты. Қазіргі кезде бұл сөз басқаша сипат алып, «*қыран құстың көзін жабатын зат*», яғни, «*томаға*» ретінде қолданылады. Мағынаның кеңеюі «*күлік*» сөзінен де байқалады. Мәселен, жазба ескерткіштерінде «*күлік*» сөзі «*жүк көтеретін көлік, есек, қашыр*» мағынасында қолданылады («*Күлік бир йоқму тортсу йә тәғирмән*» - «*Күлік жүк көтерсін немесе тиірмен айналдырсын*»). Ал Махамбет поэзиясында «*күлік*» сөзінің мағынасы кеңейіп «*тұлпар, сәйгүлік*» мағынасын береді («*Құн қақты ердің астында, Көп жүгіретін күлік бар*»).

Қазіргі таңда тілімізде «*қарындас*» сөзі ер адамның өзінен кіші әйел балаға қаратып қолданылады. Ал ескерткіш тілі мен Махамбет тілінде «*қарындас*» сөзінің мағынасы кең «*ағайын, туысқан, ел-жұрт*» мағынасында қолданылады. Мәселен, «*Тақы Мәдинада тұрғанларны Маккадын кәлгәнләр бирлә қарындаш қылды*» - «*Ол Медина тұрғындарын Меккеден келгендермен туысқан қылды*». Махамбетте: «*Қаумалаған қарындас, Қазақта бар да менде жоқ, Арызымды айтарға*» т.б. Демек, Махамбет өлеңдерінде мағынасы мен формасына зер салатын сөз айшықтары өте көп («*Адыра қалған Нарынның, Жайық деген суы бар*», т.б.). Осы шумақтағы «*адыра қал*» тіркесі «*ажырап артта қалған, айырылған*» мағынасын береді. Осы сөздің «*азыр//айыр*» варианттары XIV ғасыр мұраларында қолданылады («*Сени мендин азырмасун уганым*» - «*Сені менен айырмасын, құдайым*»). Зерделеп қарасақ, бұл сөздің тілімізде бірнеше нұсқасы (варианты) бар екен («*Азыра//адыра//айыр//ажыра//атырау*»). Мұның бәрі бір мағынада, бір-ақ сөз болғанымен *з-д-й-ж-т* сәйкестігі бойынша бір-бірінен сәл ерекшеленіп тұр. Ең көне нұсқасы - «*азыр*». Өйткені *з (i)* белгісі көне элемент, қазіргі башқұрт тілінен басқа түркі тілдерде қолданылмайтын дыбыс.

Махамбет ақынның «*Ауыр әскер қол ертіп, Жасқұсқа барып кіргенде*» деген өлең жолдарында «*ауыр*» сөзі салмаққа, қиындыққа қатысты айтылады. Махамбет тілінде «*көп*» мағынасында қолданылады. Осы мағына жазба мұраларда да кездеседі. Мәселен, «*Ағыр черик бирлә Мәдәәгә барсақ*» - «*Көп әскермен Мәдинаға барсақ*». Қазақтың батырлар жырлары мен лиро-эпостарында, XV- XVI ғғ. ақын-жыраулар тілінде «*ауыр әскер*», «*ауыр қол*», «*ауыр жұрт*», «*ауыр дәулет*» сияқты тіркестер кездеседі. Ақын тіліндегі «*жай*» (*садақтың оғы*), «*жасыл*» (*найзағай*) сөздері жазба ескерткіштерінде *йа* және *йашын* тұлғаларында ұшырасады. Мұндағы ерекшелік – сөз басындағы *й-ж* сәйкестігі. М.Қашқаридің айтуы бойынша, қыпшақ тілдерін басқа тілдерден ажырататын негізгі белгілерінің бірі – сөз басында *й-дың* орнына *ж* дыбысын қолдану [4; 6; 8; 9].

Орта ғасырдағы ғұламалар араб, парсы сөздерін қолданып отырған. Мұндай дәстүр Махамбет поэзиясы тілінде де аңғарылады. Мәселен, «*Қарны жуан билердің, Атандай дауысын ақыртып, Лауазымын көкке шақыртып, Басын кесем деп едім*». Осы шумақтардағы «*лауазым*» сөзі қазіргі күн тұрғысына түсініксіз. Ескерткіштер тіліне үңілсек, *лавазим* сөзі «*талап қылу, сұрау*» мағынасында қолданылады. Бұған қарағанда Махамбет «*лауазым*» сөзін «*жалынып жанына сауға сұрау*» мағынасында қолданған болуы керек. Сондай-ақ, ақын тілінде ерекше назар аударатын сөздердің бірі «*шандоз*», «*жампоз*» сөздері. Мәселен, Исатай батырға арналған «*Тарланым*» өлеңінде: «*Кермиығым, кербезім! Керіскідей шандозым*» деп батыр бейнесін сипаттайды. Осындағы «*шандозым*» сөзінің түбірі арабтың «*намыс*» мағынасын беретін «*шан*» сөзі болуы керек. Ал ақын: «*Айырдан туған жампоз бар, Нарға жүгін салғысыз*» дегенде «*жампоз*» деп айыр өркеш асыл тұқымды бурадан туған көнбіс, күшті түйені айтып отырғаны анық. Бірақ сөзінің түбірі араб тілінің «*жинау, құралу*» мағынасындағы «*жам*» сөзі секілді. «*Шан*», «*жам*» сөздері орта ғасырлық қыпшақ-оғыз тілінде жазылған ескерткіштерде жиі қолданылады. Ал екі сөздегі *-доз/-поз* жұрнақтары «*әсемпаз, өнерпаз*» дегендегі сирек қолданылатын *-паз* жұрнағының көне варианты болуы мүмкін. Сонда «*шандозым*» «*намысын бойына жинаған, намысты*» деген, ал «*жампоз*» сөзі «*бар асыл қасиетті бойына жинаған, намысты*» деген мағына береді. «*Хандығынан не пайда, Қаріп пенен қасірге, Туралық ісі болмаса?!*» шумағында да орта ғасыр ескерткіштерінде қолданылатын араб, парсы сөздері бар. «*Қаріп*» сөзі парсының гирифтар «*тұтқын, бейшара*» сөзінен, «*қасір*» сөзі арабтың «*тұтқын*» мағынасындағы «*асир*» сөзінен туындаған [10, 28 – 33].

Жинаятай айтсақ, жазба ескерткіштер тілінің 60-70 пайыз сөздері ешқандай өзгеріссіз қазіргі қазақ тілінде, яғни, Махамбет тілінде де кездеседі. Ескерткіштердің грамматикалық формалары да қазақ тіліне тән. Мәселен, «*ман*» формасы Э.Н.Наджиптің айтуынша, XV-XVI ғасыр ескерткіштерінде жиі қолданылғанымен, қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде сақталмаған. Осы тұлғаны Махамбет ақын жиі қолданады («*Мен кесекті ердің сойымын, Кескілеспей басылман,*

*Келелі қара бұлтпын, Келе жаумаи ашылман, Алдыңа келіп тұрмын деп, Ар-намысымды қашырман»*). Демек, осы деректерден байқағанымыздай, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы поэзиясы тілі ортағасырлық қыпшақ-оғыз тілінде жазылған жазба мұрағаттармен тығыз сабақтас. Олай болса, ақын тілін XIV ғасырдағы көне қыпшақ тілінің жаңа, ұлттық сипат алған заңды жалғасы, мирасқоры тұрғысында танығанымыз абзал.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Махамбет және тілтаным. Зерттеулер. 16-том. Алматы, «Арыс» баспасы, 2004. -296 бет.
2. Әбіш Кекілбайұлы. Шандоз. Деректі-тарихи баян. 19-том. Алматы, «Арыс» баспасы, 2004. -360 бет.
3. Махамбеттану. Библиографиялық көрсеткіш. 20-том. Алматы, «Арыс» баспасы, 2004. -290 бет.
4. Өмірәлиев Қ. Махамбет поэзиясының тілі / Махамбет және тілтаным. Зерттеулер. 16-том. Алматы, «Арыс» баспасы, 2004. -14-120-б.б.
5. Жұмалиев Қ. Махамбет поэзиясының тілі / Махамбет және тілтаным. Зерттеулер. 16-том. Алматы, «Арыс» баспасы, 2004. -120-125-б.б.
6. Сыдиықов Қ. Махамбет өлеңдерінің текстологиясы хақында / Махамбет және тілтаным. Зерттеулер. 16-том. Алматы, «Арыс» баспасы, 2004. -125-136-б.б.
7. Сыздық Р. Махамбеттің әр сөзін түсініп оқысақ. Махамбет өлеңдерін оқығанда / Махамбет және тілтаным. Зерттеулер. 16-том. Алматы, «Арыс» баспасы, 2004. -166-194-б.б.
8. Жолжанов М. «Ереуіл атқа ер салмай» өлең хақында / Махамбет және тілтаным. Зерттеулер. 16-том. Алматы, «Арыс» баспасы, 2004. -194-206-б.б.
9. Қабдолов З. «Ереуіл» де емес, «еруіл» де емес, «ереуіл» / Махамбет және тілтаным. Зерттеулер. 16-том. Алматы, «Арыс» баспасы, 2004. -206-210-б.б.
10. Сабыр М.Б. Махамбет поэзиясы тілінің орта түркі әдеби тілімен сабақтастығы // III Махамбет оқулары. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы, 2010. -28-33-б.б.

**ӘОЖ 82:316.3**

### **КӘСІБИ МАМАННЫҢ ШАРШЫ ТОП АЛДЫ СӨЗ СӨЙЛЕУІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК-ТӘЖІРИБЕЛІК ҚАҒИДАЛАРЫ**

**А.С.Қыдыршаев,**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, п. э. д., профессор*

**М.Қ.Әжіғалиев,**

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

«Небір өнер не даналық шыңына оларды оқып-үйренбей жету әсте мүмкін емес» (Демокрит). Бұл орайда ұйымдастыра білгеннің қашан да ұтары даусыз. Кәсіби маман іс-әрекетінің алдын ала ұйымдастырылуы -түсінікті де нақты, логикалық тұрғыда ойлануға және тиімді қалыпта хабарлама жасауға бастар жол [1,28]. Сөз сөйлеудің қандай формасын (*сөйленер сөздің сұлбасы, тірек сөздер не толық конспект*) қолдансақ та, бұл орайдағы алғашқы әрбір қадамымыз бастапқы жоспар ретінде қабылданады. Бұлар әрқилы. Олар сан алуан жаңа дағдыларды талап етеді. Олар өте нәзік қимылды қажетсінеді. Десек те, олар түпкілікті мақсатқа қызмет етері даусыз. Бұл орайда баса ескереріміз - *сөйленер сөздің көру үшін емес, тыңдар құлақ үшін екендігі*. Сөз сөйлеу мәдениетін дамыту үшін, дауыстап сөйлеу бірден-бір маңызды. Бұл ретте өлең, жаңылтпаштар, алдын ала сөйленер сөздің жобалы нұсқаларын оқудың ешбір артық-кемі жоқ. Керісінше, өте пайдалы. Көпшілік алдында өзіңізді өз дауыс ырғағыңызбен қалай ашып шығарарыңызды алдын ала көріп-біліп болжағанға не жетсін. Мейілінше аз жазып, көбірек сөйлеуге, өз-өзіне көбірек сұрақтар бере отырып, *динамикалы қалыпта сөз сөйлеудің техникасын дамытуға* ұмтылу орынды.

Қашан да аудитория шешеннен тыңдаушыларды жалықтырмайтын, тақырыпқа сәйкесті ақпарат беретін не сенім ұялатар түйін айтатын және көпшілікке беймәлім сюрприздермен риза қылар мезеттерге толы тұщымды сөз күтеді. Сондай-ақ аудитория кейін дұрыс шешім қабылдау үшін, шешеннен нақтылы ақпарат, сөз мазмұнына сәйкес мағыналы тұрғыда бағыт сілтер, алғы істерге орайлас үлкен сенім туғызар тұжырым күтеді. Көбіне-көп мәжіліске сюрприздер не түрлі көңіл көтерер сергіту сәттері тән емес. Бірақ бұл осы реттегі сөйленер сөздің бір сарындас не



жалықтырар қалыпта болуы керек дегенді аңғартпайды. Тіпті де, керісінше. Қайта бұл реттегі сөз жанды да қайталанбас қалпымен ерекшеленсе ұтымды болмақ.

Ең алдымен, істі бастамас бұрын, сөйленер сөзге және оның мазмұнына өзіміздің қатысымыз, көңіл-күйіміз, көзқарасымыз туралы айқындыққа жету, ең бастысы өз-өзімізді мысқал да алдаусыратпай, адал болғанымыз дұрыс. Себебі бұл реттегі мысқал да болса жағымсыз көзқарасымыз ұйымдастыру ісінің, әзірліктің және сөйлеу сәтінің әрбір аспектісіне жайыла отырып, ақырында аудиторияның сөзімізді жағымсыз қабылдауына әкеліп соқтыруы мүмкін. Егер де өз сөзімізде айтар идеяларымызға көпшіліктің қарсы болуы мүмкін деген сезімнен бастасақ, осы сезімді тыңдаушыларымызға жұқтыруымыз мүмкін, нәтижеде олар өзіміз қорқасоқтап күткендей қатты қарсылық білдіруі әбден мүмкін. Бұл ретте іштей өз-өзімізден *«Мен не үшін сөйлеуге тиіспін?»* деп сұрап көрелікші. Егер де бұл сұраққа өзіміздің жауабымыз болмаса, іздеп көрген жөн. Әрбір сөйленер сөздің айқын мақсаты болуы тиіс. Сөз сөйлеуге келгенде айқын да анық себебіміз болмаса, сөйлемеген жөн. Өзіміздің де тыңдаушыларымыздың да алтын уақытын құр босқа жоғалтпағанға не жетсін.

Сондай-ақ аудиторияны білу мақсатында өз-өзімізден іштей *«Мен кімге (кімдерге) сөйлеймін?»* деп сұрап көрген де дұрыс. Қашан да қандай болмасын даярлықты бастамас бұрын, өз аудиториямызды білгеніміз жөн [2].

*Алғашқыда кезекті тақырып бойынша өзіміз айтар мәліметтердің бәрін де қағазға түсіруге кеңес берер едік.* Қол астымыздағы материалдарымызды салған жерден жүйелей бастау міндетті емес. Басымызды артық нәрселерден босатып, ойлар тасқынына ерік беру тиімді. Бұндай сәт ойлап шығару қабілетіміздің еселеп артуына септеседі. Біз бұларды «ой үзіктері» дегенді жөн көреміз. Шаршап не жалығып кетсек, ой үзіктерін теруді қоя салып, өзге іспен айналысуға да болады. Миымыз бәрібір жұмыс жасай береді. Ақырында аса қажетті нақтылы да қызықты ой міндетті түрде жүйеленеді.

Нәтижеде сөйлер сөзіміздің басты ой ұшығын жүйелеп жинақтай отырып, жазып шығу жөн. Бұлайша істеу аудиторияны, мақсатты және күтілер нәтижені анықтауға бірден-бір сеп. Бастысы - жазғандарымыз белгілі бір саланы аңғартардай (Мәселен, идеяны, концепцияны, өзімізді, өнімді) болғаны дұрыс. *Мысалы, менің сөз сөйлеудегі мақсатым - ұсынылып отырған жобаның жүзеге асыруға оңтайлылығы әрі пайдалылығына кеңес мүшелерінің көзін жеткізу.*

Егер де негізгі ойымызда басты сөз *«тәрбиелеу»* болатын болса, мүмкіндігіне қарай бұның орнына басқа сөзді алғаныңыз жөн. Себебі *«тәрбиелеу»* сөзінің көзге көрінбейтін жасырын психологиялық мағынасы - шешендерге өз тыңдаушыларына шекеден қарап сөйлеуге, нотация оқуға, әкелік мәнерде сөйлесуге мәжбүр ететіндей. Ал егер де біз *«хабарлау»* сөзін тандап алсақ, онда міндетті түрде негізгі ойға аудиторияға хабарлаудың қажеттілік себебін айтуды енгізген дұрыс (*«Оларға бұл ақпарат не себептен қажетті?»*). Ал көпшілік жағдайда шешен үшін *«мәлімет беру»* - өзгелердің білуі аса қажеттілік туғызбаса да, өзі білетін тақырып төңірегінде айту секілді эгоистік тұрғыдағы талқылауға жол ашар алғышарт іспеттес. Мейілінше тиімді де қомақты нәтижелерге қол жеткізу үшін үнемі бірден - бір керекті тірек сөздерді іріктей білу, қолдана білу жөн. *Мәселен, сендіру, көз жеткізу, иландыру, қол жеткізу, дәлелдеу* [3; 4; 5; 6].

*Тәжірибелік тұрғыдан келгенде, бұл ретте кім болса да, біреуге өзіңіздің негізгі ойыңызды дауыстап айтып көру тиімді.* Онда осы орайдағы мақсатыңызды сұрауды өтіну дұрыс. Қорғана бермей, мейілінше шынайы болуға тырысқан жөн. Бұл ретте өзіміздің негізгі айтар ойымызды қорғауға, бекіте түсуге немесе өзгертуге ұмтылу орынды. Сонда ғана біз оны күштірек, салмақтырақ ете түсеміз, сонда ғана негізгі ойымыз қомақтала, шегелене түспек. Нәтижеде өзіміздің таңдаған негізгі ойымызды, сөйленер сөзімізді толық жүзеге асыра аламыз.

Іскер мамандардың сөз сөйлеуге дейін-ақ өзінің не айтарын және тыңдаушыларына өз ойлары мен идеяларын қалай тиімді жеткізерін нақты білгені дұрыс. Ал бұған тер төге әзірленудің, бел шеше дайындалудың арқасында қол жетпек. Бұл ретте Демосфеннің: *«Кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол - халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық - сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік»*, - дегені ойға оралады [1,28].

Жалпы сөз сөйлеуге алдын-ала даярлықтың маңыздылығы онда даяр мәтінді, тірек жазбаларды не мәтін үзінділерін қолдану-қолданбауыңызға байланысты емес. Біздіңше, оның кейбір тәжірибелік қағидалары төмендегіше:

- сөйленер сөзіңді емес, айтар идеяңды есте сақтауға жаттығу;
- жаттауға ұмтылмау;
- дауыстап айтып жаттығу;
- әр кез сөйлер сөзімізге ақыр соңына дейін дайындалу;
- көрнекті құралдар қолданар болсаң, әзірлікті тұтас бірлікте жүргізе білу;

- мүмкіндік бар жерде әзірлікті тыңдаушылармен бірлесе жүргізу;  
- даярлықты сөйлеген сөзіңе адал жүрекпен сын айтар аудиоредактор болар адаммен бірлікте жүргізу әбден тиімді.

Ғылыми таңдамаларға және эксперимент нәтижелеріне сүйенсек, іскер маманның шаршы топ алды сөз сөйлеуге даярланудың әдістемелік қағидалары төмендегіше:

*Тыңдаушылармен ішкі байланыс орнату.* Өз сөзіміз бағытталар аудиторияның мөлшерін біле отырып, оның әрбір бөлігімен байланыс орнату жөн. Егер де аудитория мейілінше үлкен болса, ондай жағдайда дәрісхананы ойша төрт бөлікке бөле отырып, көз жанарымызбен бір бөлік орталығынан екіншісіне ауысып отыруға бағыт ұстану дұрыс. Бұндай ретте жекелеген бөлімнің әрбір адамына үнемі жіті назар аударатындығымыз хақында көзқарас өздігінен қалыптаспақ. Ал адам аз кішкене топтарда кейде қатысушылардың әрқайсысына назар аударуға ұмтылу тиімді.

*Әркім ым-ишаратымыздың табиғи болуы.* Егер де олар сөйлеген сөзімізден туындап жатса, әбден орынды болғаны. Ешқашан да ым-ишарат қолдануға алдын-ала дайындалмау, басқаша жағдайларда олар ойдан шығарылған ебедейсіз әрі жасанды болмақ. Кең көлемді күшті де жағымды ым-ишараттар біздің баяндауымыздың мән-мағынасын арттыра түседі. Қашан да өзіміздің ең үздік көрнекілік екенімізді есте сақтау керек. Қимыл-қозғалыстан қорықпау жөн. Бір орында қалшыып қатқан қазықтай қозғалмай тұруды жөн дей алмаймыз. Сондай-ақ әрлі-берлі мағынасыз қозғала беру де дұрыс емес. Күшті идеялар ұсынған тұста тұрыс-қалпынды өзгерту, кідіріс сәтінде бірер қадам ілгері аттау сөзге жандылық қосып, құрыс-тұрыстарды жазуға сеп.

*Кідірісті орынды қолдана білу.* Тиімді қолдана білсек, олардың әсері ерекше әрі олардың көбірек болғаны жөн. Кідіріс ойымызды жинақтап алу үшін де қажет. Кідіріс тыңдаушыларға естігендерін ой елегіне салып отырып, екшей түсу үшін, одан әрі тыңдау үшін де қажет. Жалпы көпшілік аудитория ауызша айтар хабарларға бейім болып келеді. Сәйкесінше, оларға ойлануға уақыт қалдырып отырғанымыз жөн. Әсіресе, бұл күнілгері арнайы жазып әзірленген мәтін бойынша сөз сөйлеуде керек-ақ.

*Әзірлікке кеткен уақытты есептеп отыру, өзімізге бөлінген уақыт мөлшерінен аспау.* Сөйленер сөзімізді жеделдете айтпау дұрыс. Басы артық материалды алып тастау, мазмұнды ықшамдап ұсыну тиімді. Қалыпты сөйленер сөзге қарағанда шешендер мейілінше баяу ырғақта сөйлегені жөн.

*Бірер әзірлік мезетімізді дискіге жазу.* Сөйлеген сөзімізді табиғи қалыпта жазу үшін, микрофонды 60-90 см. қашықтықта орналастырған тиімді. Сөзіміздің айқын да жанды шығуын қадағалау. Кейін көрініс сәттеріне объективті түрде баға бере көз жүгірту.

*Әзірлік кезінде айнаны қолданбау.* Байқауымызша өз көзімізге қарауды дағдыға айналдырған дұрыс секілді. Бірақ айнаға қарай отырып, объективті болу қиын. Көбіне біз өзіміздің көргіміз келгенін ғана байқаймыз [7]. Сондай-ақ өзімізді ыңғайлы да сенімді ұстау үшін әзірлік кезінде шаршы топ алды сөз сөйлерде киер киімізбен даярланған артық болмайды.

Біздіңше, видеодискіде өзіміздің қалай сөйлегенімізді тексеру мақсатындағы *сұрақтар тізімі* төмендегіше болмақ:

- *Ішкі байланыс тиімді жасалды ма? Көз жанарымен барлық тыңдаушыларды шола қамтыдық па? (Барлық тыңдаушыларды назарда ұстай алдықпа?)*

- *Дауысымыз ортақ проблемаға (күн тәртібіндегі мәселеге орай) қам жеу мақсатында, көпшілікті өзіне тарта, елексіте, жанды қалыпта шыға алды ма?*

- *Өзіміз табиғи күйде әрі салмақты көріне алдық па?*

- *Ойларымыз байыпты да байсалды логикалық өріле алды ма?*

- *Сөйлеген сөзден негізгі бөлімді бөліп алуға болар ма еді?*

- *Сөйлеген сөзіміз мақсатына жете алды ма?*

- *Қолданылған ым-ишараттар орынды болды ма?*

- *Дауысымызбен, қимыл-қозғалысымызбен не өзіндік мәнерімізбен тыңдаушыларымызды ашуландырып алған жоқпыз ба? Тыңдаушылар жүйкесіне жағымсыз әсер етпедік пе?*

- *Дәлелді тұжырымдарымыздың мән-мағынасын төмендететіндей басы артық сөздер қолданған жоқпыз ба? (мүмкін, секілді, сияқты)*

- *Тыңдаушыларды асықтырып, сөзімізге ілесе алмай қалатындай тым асығыс ырғақта жеделдетіп сөйлеп кеткен жоқпыз ба?*

- *Маңызды идеяның мәнін үдету, арттыра түсу мақсатында не бірден-бір мәнді ойларды көпшілікке жеткізу үшін мейілінше баяу қалыпта сөйлеу барысында ырғағымызды өзгерте алдық па?*

- *Түсінікті сөйлей білдік пе? Тыңдаушылар сөзімізді тек естуі ғана емес, не туралы айтып тұрғанымызды түсінуі тиіс.*

- *Көрінекілікті сенімді түрде жеңіл қолдана алдық па?*
- *Таңдалған имиджге киіміміз сәйкес келді ме?*
- *Тыңғылықты әзірлігіміз сәйкесті имидждің айқын көрінуіне дәлел бола ала ма? т.б.*

Қысқасы, бейнедискіні қарай отырып, өзімізді объективті түрде бағалау жөн. Егер де өз сөзімізге көңіліміз толып, мәселен, жерде жайқалып өсіп тұрған мәуелі ағаштың энергиясын алғандай сезімде болсақ, бұл - сөзіміздің табиғи да ғажап өрілгені. Ал егер де аудиториямен ішкі байланысты орнықтыра алмаған болсақ, қайтара әзірлену орынды. Егер де дискі лабиринтінде өзімізді жоғалтып алғанымызды байқасақ, онда көрнекі құралдар мөлшерін азайту жөн. Бұл ретте өзімізге көбірек еркіндік берсек, көпшіліктің айтылар сөзге әсері үстемеленбек, бірақ та бұл жағдай өзімізге қысылыс туғызбауы тиіс. Әрине, біз алуан приборларды құбылта қолданып тұрған «жұлдызды кеменің» капитаны емеспіз. Өзімізді аудиторияға белгісізді ашу, проблеманы шешу үшін, жаңалықтармен таныстыру үшін қажет екенімізді әр кез ескерген жөн. [8].

Қысқасы, осы жоғарыда айтылған әдістемелік-тәжірбиелік қағидалардың қай-қайсысы да кәсіби маманның шаршы топ алды сөз сөйлеуінің сәтті жүзеге асуына мүмкіндік туғызады деген ойдамыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. Орал, 2005.-142 бет.
2. Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д.К. Іскерлік шешендіктану қағидалары. Орал. 2007.-68 бет.
3. Чисхольм П. Уверенность в себе: путь к деловому успеху. - М., 1994.
4. Веккер А.Б. Тренинг актерского мастерства учителя. Учебно- практическое пособие. - М., 2002.-96 с.
5. Соловьев Э.Я. Современный этикет. Деловой и международный протокол. - М.: Издательство «Ось - 89», 2003. -320 с.
6. Пост Э. Этикет. Классическое руководство /Пер. с англ. М.: ЗАО Центрполиграф, 2005. - 648 с.
7. Қыдыршаев А.С. Кестелі шешендіктану. Орал, 2007. -88 б.
8. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (*Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары*). Оқу құралы. Орал, 2017. – 364 б.

**ӘОЖ 371:808**

### **АУЫЗША СӨЙЛЕУ АРҚЫЛЫ ӘСЕР ЕТУДІҢ МОДЕЛІН ДАЯРЛАУ ТАЛДАМАСЫНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ**

**А.С.Қыдыршаев,**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, п. э. д., профессор*  
*[kdirshaev\\_abat@mail.ru](mailto:kdirshaev_abat@mail.ru)*

**Ж.С.Қыдыршаев,**

*Атырау облысы, Құрманғазы аудандық жалпы білім беретін кешкі орта мектеп директорының*  
*әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары*

**О.А.Қыдыршаев,**

*Назmony steam мектебінің мұғалімі, магистр (Астана)*

**Д.А.Шақуова,**

*БҚО Казталов ауданы әкімі аппаратының Ұйымдастыру және бақылау бөлімінің бас маманы*

**Ұ** Мақалада шешендік өнерге қатысты тірек сауалдар мен алғы мақсатты жүйелеу мәселесі шешендіктану (риторика) теориясы мен практикасы негізінде қарастырылған. Әсіресе шешендіктанудағы ойшылдықты белсендіруде эстетика, әдептану және ауызекі сөйлеу тілі модельдерін талдауға зор көңіл бөлінген.

**Кілтті сөздер:** шешендік іс-әрекеттің тұтас құрылымы, ауызша сөйлеуарқылы әсер етумоделі, ауыз екі сөйлеуде ой ұшығын екшеу әдістемесі.

**Ұ** В статье рассматривается алгоритм систематизации целеоснов и ключевых во- просов ораторского искусства на началах теории и практики по знаниям риторики. Особенно большое внимание уделено разработке моделей по активизации мысли- тельных операций в риторике эстетики и этики устной разговорной речи.

**Ключевые слова:** *цельная конструкция риторического действия, модель воздействия через устную речь, методика отбора ключевых мыслей устного выступления.*

В статье алгоритм систематизации целей и ключевых вопросов оратории на основе теории и практики на знаниях риторики рассматривается. Особое внимание уделяется разработке моделей активизации когнитивных операций в риторике эстетической и этики устной разговорной речи.

**Key words:** *integral design of rhetorical action, influence model through oral speech, a technique of selection of key thoughts of oral performance.*

Жалпы ауызша шешен сөйлеу шеберлігі - жоғары оқу орындарында кәсіби маман даярлаудың ажырамас бөлігі. Әсіресе, еліміздегі нарықтық кезеңде мемлекет саясатын жұртшылыққа ұғындыруда, қоғамдағы демократиялық үрдісті жете түсіндіруде жоғары сапалы, шынайы ауызша шешен сөз сөйлеу шеберлігінің мәні тіпті ұланғайыр. Демек, ауызша шешен сөз сөйлеу шеберлігі-ритор-педагогтың, кәсіби маман иесінің, студенттің қоғамдық көзқарасының мызғымастығы мен таным көкжиегінің, жан-жақты даярлығының тұңғық қорытпасы, олардың жоғары эрудициясы мен шешендік білім, білік және дағдылар жиынтығын қамтыр мәдениеті.

Шешендік сөз қашан да белгілі бір мақсатты көздейді. Айтылар сөзді дәл үйлестіру – сөздегі ой ұшығын дөп мөлшерлеу, негізгі ойды басынан аяғына дейін қалай дамыта өру турасында пайымдау. Бұл орайлас ой еңбегі, Аристотельше, сөзді логикалық тұрғыда құрастыруға сәйкесті «материалды табу» деп аталған. Ал М.В.Ломоносов ой ұшығының астарын «идеяны ойлап табу» тұрғысында түйіндеген.

Дәріс сәтіндегі ой ұшығы талдамасы технологиясын тарамдау – дәріс тақырыбын терең түсінуге және дәріс жоспарын талдап әзірлеу кезеңін шығармашылық үрдісті ұйымдастыруға қомақты үлес қосатындығында [1].

Ал шешендіктану туралы еңбектер мен нақты бірегей шешендік тәжірибелерді жан-жақты терең талдау нәтижесі шешендік іс-әрекеттің тұтастай құрылымы белгілі бірізділікпен шешімі табылатын жеті түрлі тірек сауалға сүйенетіндігі жөніндегі қорытындыға жетелейді. Бұл ауызша сөйлеу арқылы әсер етудің моделін ұсынуға мүмкіндік береді (*1-сызба*). Ал тірек сауалдардың әрқайсысына сипаттама берсек, төмендегідей болар еді:

*Біріншіден, «неге сөйлеймін?»* сауалы тақырыпты терең тарамдаудың қажеттілігін аңғартады. Тілге тиек болып отырған проблемаға қатысты көзқарастар жүйесін (тұжырымдама) анықтауды, негізгі ойдың шекарасын белгілеуді, оның сөз сөйлеудің әлеуметтік міндеттерімен үйлесуі мен дәріс мақсатын анықтауды аңғартады.

*Екіншіден, «не туралы сөйлеймін?»* сауалы тақырыптың қилы арналары ішінен сөйленер сөз мақсатына сәйкес басты ойды елеп-екшеп іріктеп алуды білдіреді. Бұнда идея ұшқынын алып жүруші өзек-дәрістің басты тезисі ұшалады.

*Үшіншіден, «қанша сөйлеймін?»* сауалы сөйлеу нысанын шектеу туралы сөйленер сөздің мазмұнындағы басты тұсты іріктеп алуды, сөйлеу нысанын бөлшектеуді не негізгі ойды бірнеше бағытқа бөлуді міндеттейді. Сондай-ақ сөйлеу сәтінде айқара ашылуға тиісті конструктивтік сауалдарды жүзеге асыру межеленеді. Демек, алғашқы реттегі үш сауалды тірек ету тыңдаушыларға әсер ету стратегиясын құрайды.

*Төртіншіден, «кімге сөйлеймін?»* сауалының нысанасы тактиканы таңдамас бұрын барлау мақсатына байланысты бағыттама беруі тиіс. Демек, нақтылы бір аудиторияға әсер ету амалдары мен тәсілдерін дұрыс таңдау қажеттілігін аңғартады.

*Бесіншіден, «қайда сөйлеймін?»* сауалы да тыңдаушылармен қарым-қатынас жағдайы мен орнын туындата отырып сөйлеу тактикасын, сөз сөйлеудің құрылымын алдын-ала анықтайды.

*Алтыншыдан, «қалай сөйлеймін?»* сауалы арқылы адамдардың ақыл-ойына, ұғым-түсінігіне, сенімі мен сезіміне әсер етудің стилі, мейілінше бірден-бір сәйкесті амалы ойластырылатыны түсінікті. Айғақтаманың барша тактикасы осы сауалдың жауабында ғана тоқайласқан.

*Жетіншіден, «не айтамын?»* сауалында нақты айғақтамалар, дерек көздері, мысалдар басты ойдың дәлелдеу құралдарын құрайды. Олар стратегия мен тактикадан туындатыла отырып іріктеледі және шешендік сөздің күллі құрылымының мейілінше өзгермелі бөлігін құрайды.

Осы жеті сауалдың тұңғығына бойлай білу – Платонның «жанды тіршілік иесі» туралы ойын жете тану деген сөз. Бірінші кезеңде, алғашқы үш тірек сауалға сәйкесті дәріс тақырыбын шегелей анықтай отырып, ритор-педагог сөйленер сөздің стратегиялық ой ұшығын ашады. Платон сөзімен айтсақ, «басы мен кеудесін» немесе «айналасына сөйленер сөз топтастырылатын өзекті» құрайды. Философиялық-әдіснамалық ойлау қабілеті осы алғашқы үш сауалға жауап беру арқылы

ғана дамиды. Сол себептен де бұл сауалдар оқытушыға дәріске, баяндамаға даярлану тұсында көбірек қиындық туғызады [1].

Қысқасы, мінбедегі ритор-педагог сөзі – ұзаққа созылатын шешендік іс-әрекеттің өнімі. Ол нақтылы мақсатқа жетуге орайлас белгілі бағытқа межеленген болуы тиіс. Стратегия дәріс тақырыбының дамуына бағыттама береді. Сөз сөйлеу мен оған даярлық кезеңдеріндегі ілгергі жұмыстардың мазмұнын алдын ала анықтайды. Дәріс жоспары – белгіленген стратегия.

Тәжірибеде оқытушылардың тезисті тақырыптан ажырата, дәріс мақсатын сауатты жүйелей алмайтынын жиі ұшыратуға болады. Мәселен, дәріс үшін алғы кезекте белгілі мақсаттың болуы міндетті емес деген тұжырымды естудің өзі күлкі тудыратын аса қынжылысты жағдай. Бұлай ойлаушылардың пікірінше, оқытушы бағдарламаға сәйкес материалды баяндап беруші ғана, оның негізгі рөлі де осы іспеттес. Сәйкесінше, «Сіздің дәрісіңіздің мақсаты қандай екендігін айтыңызшы?» деген сауалға, көбіне-көп: «Мен... туралы баяндап беруге тиіспін. Маған ... жөнінде айтуға тура келеді» деп, дәріс, баяндама, хабарламаларының тақырыбын айтады. Көпшілік дәріскерлер оқу және тәрбиелік мақсаттардың айырмашылық ерекшеліктерін ажырата тануда қиналады. Егер де ритор-педагог өз сөйлер сөзінің мақсатын тақырыппен шатастыратын болса, онда ол өз күш-жігерін еркінен тыс барлық алдын ала межеленбеген жағдайларда да белгілі тақырып бойынша оқу материалын айтып шығумен ғана шектеледі.

Егер де ритор-педагог өз алдына тыңдаушылардың алға қойған мақсатына әсер етуді, белгілі бір межеленген мінез-құлаққа ұмтылдыруды, түсінікті қалыптастыруды, диалектикалық тұрғыда ойлау мен тұжырым жасай білу қабілетін дамытуды мақсат етіп қойса, онда ол өзінің бар күш-жігерін, күллі іс-әрекетін тек осы нәтижеге жетуге бағыттайды. Бұндай жағдайда мәтіннің құрдыбысталуы емес, онда адам санасын дамыта отырып, әсер ету жүзеге аспақ.

Дәріс барысында сөзінді дәл бағыттап отыру ерекше маңызды. Бұл сөйлеу арқылы әсер ету ой ұшығының талдамасын әзірлеуді қажет етеді. Шешендік іс-әрекеттің алғашқы кезеңдегі сөз сөйлеудің стратегиясына сәйкес ритор-педагог жұмысының жалпы жүйелігі *2-сызбада* көрсетілген.

Дәріс жоспарын немесе стратегиясын талдап әзірлеу – өз алдына *«неге сөйлеймін?»*, *«не туралы сөйлеймін?»* және *«қанша сөйлеймін?»* іспеттес нақты үш сауалды қоя білу.

Ритор-педагогтың ойлау іс-әрекеті бір мезгілде алгоритмделуі мүмкін емес. Дегенмен де ой ұшығын електен өткізудегі жұмыстарды жүйеге келтіру мен оны жете түсіну үшін бірқатар белгілі бір жүйелікке, ойлап табу әдістемесіне сүйенуге кеңес беріледі. Осылайша сәйкесті шешендік дағдыларды жетілдіру көзделеді.

Ал сөйленер сөздің тақырыбы мен алға қойылған мақсатын анықтай түсу жөнінде не айтуға болады? Жалпы ритор-педагог даярлығының басы – тақырыпта қамтылатын материал мазмұнына ие болу. Материалдың көл-көсір болып келері түсінікті. Жинақталған барлық материалдардың ішінен нақты аудиторияға қажеттісін ғана іріктеп алуда саяси тұжырымдар, бұйрық-ұйғарым, оқу ісіндегі басты міндет және пәннің, оқылатын курстың бағдарламасында жазылған нақты мақсаттар баса ескеріледі. Демек, тақырып пен алғы мақсатты анықтай білу – неге сөйлейтініңді түсіну.

Егер де оқытушы оқу материалын еркін түрде жете білсе, әрі осы сала маманы болса, сондай-ақ шешеннің айтар тың мәліметтері мол болса, аталмыш мәселені шешу қиын емес. Ал бұндайда мәселеге үстірт қараушы дәріскерге, не ұзын құлақ мәліметтерге сүйенушіге, не қызмет бабына сәйкесті немесе жоғарылардың тапсырумен сөз сөйлеушілерге өте қиын.

Барша тақырып атаулы өзіндік атауымен-ақ бір ғана аймақта қарастырылуы мүмкін болмас, керісінше өмірлік құбылыстар мен үрдістердің шеңберін, кең мөлшердегі мәліметтерді қамтиды. Сол себептен де барлық мүмкін болар бағыттардың ішінен бірден-бір маңызды проблеманы (өзекті мәселені) екшеп ала білу керек. Оны аудиторияның қызығушылығы мен қажеттілігіне сәйкестендіре үйлестіріп, сөйленер сөздің мақсатына орайластыра білу аса қажет.

Тәжірибеде көбіне-көп сөйленер сөздің нысаны ойластырылмай құрастырылған тақырып түйіндемелерімен жиі ұшырасамыз. Бұндай жағдайда оқытушыға қалай да екшеусіз қалыпта алынған тақырыптың астарында не жатқанын түсіну үшін көп тер төгуге, осы орайлас қалыптан абыройлы шығу үшін, біршама амал-тәсілдерге жүгінуге тура келеді. Тақырып жүйелі қалыпқа келуі үшін ритор-педагог сөйлеу нысанының мәніне терең бойлауы тиіс. Ол үшін ритор-педагог сан алуан түсіндірмелерге, пайымдаларға жүгінуі тиіс. Тақыпты таңдап екшей түсу нәтижесінде ілгергі дәріс мазмұны туралы жалпы түсінік қалыптасады. Салыстырмалы тұрғыдан таразыласақ, бұл ритор-педагогтың межелі мақсатына сәйкесті орасан үлкен бәйтеректің бір тармағын таңдап кесіп алып, оның бұтақшаларынан қолжазба материалын даярлауы және әлі де шашыраңқы күйде ойда жүрген нысандарды белгілей түсуі іспеттес болмақ.

Ритор-педагог тек тақырыпты талдаумен шектеліп, сөйленер сөздің тыңдаушыға ұғынықты да үйлесімді жетуі туралы ойламауы мүмкін емес. Сөйленер сөз тыңдаушылар үшін әзірленеді. Ендеше, ең болмағанда алдын ала аудитория туралы мәліметтерді білу, тыңдаушылар үшін тақырып

өзектілігіне көз жеткізу міндетті. Жобаланып отырған аудиторияға бағыт ұстану аса қажетті. Алғашқы кезекте, ритор-педагог тақырып бойынша тыңдаушыларға не белгілі екендігін білуі тиіс. Болашақ сөйленер сөздің мазмұнына аудиторияның қандай көзқараста болатыны туралы анық аңғарымының болғаны дұрыс. Қарастырылып отырған мәселеге сәйкесті тыңдаушылардың пікірімен таныс болу аса пайдалы. Тек осындай жағдайда ғана өз сөз сөйлеуінің мақсатын нақтырақ және мейілінше тиімді нәтижеге жетерліктей қалыпта анықтауға болады [2; 3; 5].

Алға қойылған мақсат – барша жанды сөз өнеріне ұйыту. Ой ұшығын екшеп әзірлеу кезеңінде ритор-педагог ақпараттандыру, сендіру, үйрету, іс-әрекетке шақыру және тағы басқа қалыптағы жоспар үлгісіндегі жалпы мақсатты анықтайды. Белгілі мөлшерде жалпы алға қойылған мақсаттардың үйлесе, жымдаса келуі әбден мүмкін. Жалпы мақсатта нәтижелі жетістіктердің мөлшері белгіленбейді. Бұл тек нысана жобасы ғана.

Нақты оқу мақсаты тыңдаушы нені меңгеруге, нені сезінуге, нені өзгертуге және орындауға тиісті екендігін дәл көрсетуі тиіс. Егер де жалпы алға қойылған мақсат бір ғана тіркеспен-ақ (*мәселен, көңілін көтеру*) білдірілетін болса, ал нақты мақсат тұтас тіркесті сөйлеммен (фразамен) бейнеленеді (*Мәселен, естен кетпе- стей әсер туғызу немесе эстетикалық әсерге бөлеу*). Дәрісте нақты мақсаттың толық түйіндемесінің болуы міндетті. Тек нақты түрде қабылданған мақсат ғана адамның зейінін, оның барлық интеллектуалдық іс-әрекетін негізгі ойға қарай бағыттайды. Мақсатты нақтылау - шынайы нәтижені белгілеудегі саналы пайымдау. Мәселен, бұл орайдағы *нақты мақсатты белгілеудің үлгілері* төмендегіше:


1. Егер де *жалпы мақсат* - белгілі бір нәрсе туралы мәлімет беру (ақпарат ұсыну) болса, онда *нақты мақсаттар* төмендегіше болмақ; шешендіктануды ойланып шебер сөйлеу іс-әрекеті технологиясы ретінде қарастырудың тиімділіктері туралы әңгімелеу;

- қазіргі жастардың сөйлеу мәдениетінің төмен болуының себептері туралы хабарлау;
- өз міндеттерін орындауға жүрдім- бардым караудың жағымсыз нәтижелері туралы таныстыру.

2. Егер де *жалпы мақсат* - бір нәрсеге сендіру болса, ондағы *нақты мақсаттар* төмендегіше:

### 1- сызба. Ауызша сөйлеу арқылы әсер ету моделі

- шешендіктану бойынша жүргізілер машықтық жұмыстардың ертеңгі кәсіби маманның



шешендік білік-дағдыларын қалыптастыруға септесеріне сенімділігін арттыру амалдары туралы жете түсіндіру;

- шешендік өнерге баулу ісінде жаңа әдістер мен жұмыс түрлерін қолданудың қажеттілігін дәлелдеу;

- жаңа әдістеменің ұтымды да оңтайлылығын көрсету.

3. Егер *жалпы мақсат* - бір нәрсеге үйрету болса, онда төмендегідей *нақты мақсаттар* өздігінен сұранады:

- ритор-педагогтың (оқытушының) шешімін негіздеуге сәйкесті ғылыми – теориялық бағдарлаудың әдістемесін ұсыну;

- шешендіктану пәніне бөлінген сағат мөлшерінің аздығына байланысты студенттердің өздігінен жұмыс жасауы туралы практикалық ұсыныстар беру;

- аудиториямен қарым-қатынасыңды әркез реттеп отырудың амалдары мен тәсілдеріне машықтандыру.

4. Егер де *жалпы мақсат* - іс- әрекетке шақыру болса, онда *нақты мақсаттар* төмендегіше:

- шешендікке қатысты білім, білік- дағдыларды аса жауапкершілікпен, жігерлілікпен оқып-үйренуге студенттерді құлшындыру;

- шешен сөйлеу шеберлігін меңгеру белсенділігін көтеру.

5. *Тәжірибелік мақсаттар*:

- ана тілін сүйеге, ана тілінде шешен сөйлеуге тәрбиелеу;

- ертеңгі кәсіби маман қалпына сай болуға ұмтылдыру;

- жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу [1; 4; 6;7].

Демек, дәріс мақсатын жүйелі түйіндеу сөйлеу арқылы әсер ету нәтижелерін мейілінше анық, белгілі деңгейде көз алдына келтіру: тыңдаушылар нені түсінуі, меңгеруі тиістігін, олардың көзқарастары, пікірлері, пайымдау деңгейлері қай деңгейде боларын білу. Әрине, оқу мен тәрбиелік мақсаттар бір-біріне байланыссыз, өз алдына бөлек қойылуы мүмкін емес. Ендеше, олардың даму үстіндегі студентке әсер ету әрекетінің қос қанаты іспеттес қалыпта көрініс берері анық.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы: Білім. – 2000. – 270 б.

2. Михневич А.Е. Ораторское искусство лектора. – М., Наука, 1986.

3. Толмачев А.В. Ораторами становятся/ В кн.: «Наука убеждать». – М.:Молодая гвардия. – 1969.


4. Мурашов А.А. Основы педагогической риторики. – М.:Наука. – 1996. – 281 с.

5. Борисова Н.В., Соловьева А.А. Игра в обучении лекторов – М.:Оратор. – 1989. – 63 с.

6. Вербицкий А.А. Человек в контексте речи: Формы и методы активного обучения. – М.:Знание. – 1990. – 63 с.

7. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Оқулық бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы жоғары оқу орнының филология бөлімінің студенттері үшін дайындалған. 4-басылым. – Орал, «Полиграфсервис» баспасы, 2023. – 424 бет.

#### Шешендік сөзіндегі ой ұшығы талдамасын әзірлеу әдістемесі



<p>Тұжырымдама мен әлеуметтік міндетті тану Сөйленер сөз тақырыбын ойлап табу Тірек ұғымды екшеу, оған анықтама беру, ой мазмұнын іріктеу Сөз сөйлеу тақырыбының өзектілігіне көз жеткізу Сөйленер сөздің мақсатын анық жүйелеу</p>	<p>Тақырыпқа сәйкесті ең басты ойды іріктеу Фразаларды (сөйлемдерді) елпекшеп, ұштау. Олар: А) нақты тақырыпты бекітетіндей не жоққа шығаратындай болуы; Ә) тірек ұғымдарды қамтуы; Б) біржақты түсінілетіндей болуы; В) аса көп қиналыссыз, ұғынылатындай болуы; Г) сөйленген сөздің ақырына дейін өзгеріссіз қалыпта болуы.</p>	<p>1. Мейлінше маңызды, проблемалы мәселені көздейтін болуы. Бұл орайда: а) аудиторияның қызығушылығы мен қажеттілігінен туындауы; ә) тыңдаушыларды ақпараттандыру мүмкіндігінің болуы; 2. Проблеманы кең көлемде қамтитындай бағыт ұстануы. 3. Тыңдаушылардың тың ақпараттарға ұмтылысын ескеру (беймәлім тұсты жіктеу, статистикалық тың дерек), тосын түсінік, батыл пайымдау, мысал, жеке ұстанымы, көрнекіліктердің қарапайымдылығы</p>	<p>1. Материалды баяндау жүйесін таңдау: а) Проблемалылы; ә) хронологиялы; б) индуктивті; в) дедуктивті; г) сұрақ-жауап күйінде; ғ) себебін анықтау ізімен; д) салыстыру және қарсы қою жолымен. 2. Ағарту: а) межелі мақсатқа жетудің қызықты да қысқа жолына ескеру; ә) баяндаудың қарапайым да түсінікті болуы; б) талдаманың аудиторияны қызықтыруы</p>
---	---	--	---

ӘОЖ 821.512

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

**Жандос Смағұл,**

*Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ, филология ғылымдарының докторы, профессор  
(Қарағанды)*

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынов қалдырған рухани және ғылым-білім саласындағы орасан зор мол мұра ел тарихында алатын орнымен ғана емес, бүгінгі таңда да мән-мағынасын жоймаған көкейкестілігімен ерекшеленеді. Бүгінде филологиялық ғылым-білімдер жүйесіндегі қалам тартқан кез келген соны ізденіс ғылыми мұрасына соқпай өтпейді. Себебі А.Байтұрсынов – ұстаз, ақын, фольклортанушы, әдебиетші, тілші, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің негізін қалаушы. Кеңестік дәуірде: «А.Байтұрсынов қазақ әдебиеттануы ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым екендігін мойындамау шындық алдындағы қиянат» болып келді [1,7].

1920 жылдары ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдеби мұраның тарихи және теориялық мәселелерін ғылыми сөз етуді күн тәртібіне шұғыл қойды. Бұл салада ерекше маңызы бар, жалпы өнер туралы, әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы ұлттық әдебиеттану ғылымында ең алғаш жазылған еңбек «Әдебиет танытқыш» (1926) болды. Үлкен білімдарлықпен, ғылыми терең дәлдікпен жазылған бұл еңбек екі-үш жылдан соң авторы ұсталды да көпшілік арасына кеңінен тарап үлгермеді. Ғалым Р.Нұрғали: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» десе, тілші-ғалым Р.Сыздықова: «А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі - әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы. Мұнда автор көптеген жайттарды өзі шешіп, көптеген ұғымдарға терминдік атаулар ұсынады», - деп жазады [2].

Міне, осы терминологияға байланысты қазіргі ұлттық әдебиеттанудағы бірінші көкейкесті мәселе туындайды. Біздіңше, «Әдебиет танытқыш» ғылыми зерттеу ретіндегі маңызы қалыптасқан әлемдік теориялық ұғым, түсініктерге қазақша балама тауып, нақты мысалдармен дәлелдеуінде ғана емес. «Ол - өз кезеңінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына ерекше ықпал жасап қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына негіз де бола алған еңбек. «Әдебиет



танытқыш» - жалпы көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге түсірген және әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдерді қолданудың жаңа үлгісін ұсынған автордың жан-қиярлық еңбегінің жемісі» [3, 296].

Еңбектегі өнертану, әдебиеттану, фольклортану салалары бойынша терминдер жүйесінің жасалуынан Ахаңның кемеңгер ғалымдығы танылады. Мұнда әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 60-ы (18%) осы күнге дейін пайдаланылып жүр. 267-сі (80%) қазір қолданылмайды. Ғалымдар Ж.Смағұлов пен Ш.Жалмаханов: «терминдердің жасалу жолына лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, 67 термин дара тұлғада, 223 термин күрделі тұлғалы (2 сөзден 7 сөзге дейін) болып келеді. Белгілі бір сөз өнер құрылысына берілген атау, термин сол құбылыстың адам, қоғам өмірінің рухани-әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (атау, терминдердің мағыналарына құбылысты телу емес) ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан», - деп көрсетеді [4, 26]. Сондықтан да жалпы әдебиет дегеннің болмысы мен бітімін толғаған сөз өнерінің - әліпбиі бола алған «А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» - қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен көрсеткіші болумен қатар, теориялық ой-жүйесіне мықтап түрен салған, қазақтың парасатты толғамын, ойшылдығын эстетикалық таным-білігінің молдығын танытқан туынды», - деп Т.Кәкішев өте дұрыс бағалайды [5, 137].

«Әдебиет танытқышты» оқып-үйрену, игеру және пайдалану үшін, ең алдымен, бұл еңбектегі әр атау, ұғым-түсінік, термин және категориялық мән-мағынаны, мазмұнын түбегейлі түсініп алу керек. З.Қабдолов: «Ахаң қалыптастырған әдеби теориялық терминдерге мұқият жауапкершілікпен қараған жөн. Ахаң терминдерін жапа-тармағай жіпке тізе бермей, таңдау керек, сөйтіп барып талдау керек», - дей келіп, бүгінгі теориялық деңгейден табыла қоймайтын кейбір атауларды оп-оңай формализмге, абстракционизмге, болмаса канон жасап қисық қисынға, қасаң қағидаға айналдырып алмау керектігін атап көрсетеді. Алайда «Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай үш түрлі арнаулы әрқайсысымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, мен де) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекеңе сілтеу жасауға мәжбүр болдық», - деп З.Қабдолов айтқандай кейінгі еңбектерде қолданылған теориялық терминдердің баламаларын былай қойғанның өзінде, ғылыми айналымға енгізуге сұранып тұрғандары да баршылық [6, 17]. Мысалы үшін, көсемсөздің қазіргі ғылыми термин ретінде қолданылып кеткеніндей, «нақыл сөз», «қанатты сөз» деп жүрген афоризмді ділмар сөз, эссені - заман хат деп А.Байтұрсынов берген атаулармен атасақ, ұтылмаймыз. Немесе «Шешен сөз» дегендегі оның саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошамет шешен сөз, білмір шешен сөз, уағыз шешен сөз деген түрлерінің атауларын орнын дәл тауып пайдалансақ, ұлттық таным-біліктен алыс жатқан жоқ.

Рас, «Әдебиет танытқышта» әдеби ағымдар мен көркем образ, тақырып және идея, сюжет және композиция туралы әдеби-теориялық тұрғыдағы жүйелі баяндалған тараулар жоқ. Бұлардың қамтылмауы кемшілік болып табылмайды. Ахаң өз еңбегінде талданып отырылған жанрлық түрге байланысты мысал келтіргенде, «Ғұрып сөзінің нұсқаларын «Нұсқалықтың» 120,126-нші номерлерінен қара» немесе «Діндар дәуір әдебиет нұсқаларын «Нұсқалықтың» 131,165-нші номерлерінен қара» деп сілтеме жасайды. Яғни, «Әдебиет танытқышқа» қосымша хрестоматиялық мәндегі «Нұсқалық» атты жинақты да бастырып шығару ойында болған. «Нұсқалықта» алынған әдеби үлгілердің еңбекте көрсетілген реттік саны 275-ке келіп тоқтағанына қарасақ, оның көлемі де мол болғанын байқау қиын емес. Ал сол «Нұсқалық» қайда және оның тағдыр-талайы не болды? Бұл - ахметтанушы ғалымдар тарапынан қазіргі ұлттық әдебиеттануда індетте зерттелетін екінші өзекті мәселе.

А.Байтұрсынов қара сөз бен дарынды сөз жүйесін сөз ету барысында, әдебиеттің тегі мен түрі мәселесіне келгенде фольклор және әдебиет тарихына шолу жасап өтеді. Бұл турасында З.Қабдолов: «Бірақ байыбына барыңқырасақ, ол мұнда да әдеби-теориялық ұғымдар қалыптастырып, өзінің «Әдебиет танытқышын» тағы да сөз өнерінің әсем әліппесінде айналдырады», - деген пікір білдіреді. Біздің ойымызша, автор фольклор туралы ой-толғағанда оны жанрлық тұрғыдан классификация жасаудың жобасын жасап, ғылыми анықтамасын жазып шықты. Жалпы алғанда кеңестік дәуірдегі фольклортанудағы еңбектерге Ахаңның «Әдебиет танытқышының» теориялық және әдіснамалық тұрғыдағы жетекшілік мәні назардан тыс қалып келеді. Ахаңның жанрлық тұрғыдағы классификациясының жаңашылдық сипатын таныту мақсатында арнайы кестенің жобасын да ұсынған болатынбыз. [3, 297]. Бұл - қазіргі ұлттық әдебиеттануда кешенді зерттелуге тиісті үшінші көкейкесті мәселе.

Ал әдебиет тарихына келгенде, А.Байтұрсынов оны дәуірге бөлуде өзіндік көзқараспен қарайды. Жазба әдебиетті діндар дәуір және ділмар дәуір деп бөлгенімен, кейін оны сындар дәуір

деп тармақтайды да, ол ұлы Абайдан басталады деп көрсетеді. XX ғасыр басында жазба әдебиетті Абайға дейін және кейін деп бөлген көзқарас ғана бола алды. Р.Мәрсеков «Қазақ әдебиеті жайынан» («Қазақ», 1914, №112) мақаласында «жазудың қазақ арасына көбірек тараған заманындағы әдебиет» деп атаған дәуірді, М.Әуезов «Қазақ әдебиетінің дәуірі» («Шолпан», 1923, №5) мақаласында «көшпелі дәуір әдебиеті» атаған кезенді сөз еткенде діни сарын мен шығыстық сюжетті желілерді жырлау басым болғанын атап көрсеткен болатын. Сондықтан да болар, А.Байтұрсынов бұл кезенді «діндар дәуір» деп атап, оған қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, термені жатқызады. Бәрін дұрыс демеген күннің өзінде қисса мен хикаятты фольклорлық жанрға бірде енгізіп, бірде енгізбей келгеніміз шындық.

Негізінен А.Байтұрсыновтың «Жазба әдебиеттің өзі екіге бөлінеді: діндар дәуір, ділмәр дәуір. Діндар діншіл деген мағынада, ділмәр-тілшең деген мағынадағы сөздер. Қазақ әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмәр дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы, әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған [7, 227]. Ділмәр дәуір орыс әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған», - деген пікірі аса нақты емес. Әрине бүгінгі таңдағы өсіп-өркендеген көзқарас тұрғысынан алып қарағанда. Жоғарыда айтқанымыздай, діндар дәуір деп қай кезенді айтып отырғаны белгілі болғанмен, ділмәр дәуір деп атағаны қай кезең екенін нақтыламаған және анықтама да бермеген. «Орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соны еліктеуден пайда болып отыр» деуіне қарағанда, 1910 жылдардан бергі әдебиетті айтып отырған секілді көрінеді. Оны анықтауды мақсат тұтпай әдебиеттің тегі мен түрін сөз етуге орай сындар дәуірін әліптеп кетеді. Оны түсіндіргенде, орыс әдебиетін қоспай «Европа әдебиетімен танысқаннан кейін қазақ ақындары сөздің асыл болатын сырын біле бастады. Қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады», - деп тағы да ескертеді [7, 217]. Бұл біздің 1910 жылдан бергі әдебиетті айтып отыр ма деген пікіріміздің негізсіз екенін дәлелдейді. Олай болса, А.Байтұрсынов жазба әдебиетті хронологиялық жолмен дәуірлеп отырмаған болып шығады.

Анықтап қарасақ, А.Байтұрсынов ұлт әдебиеті тарихын дәуірге бөлу негізіне көркемдік әдісті алып отыр. Ендеше бұл үш дәуірді көркемдік әдіске орай талдап көрелік. Орыстың әдебиетшісі Г.Н.Поспелов романтизм әдеби дамудың сатысында әуелде ол діни-моральдық (религиозно-моралистический) сипатта көрінгенін айтады. «В результате социально-политической революции, происшедшей во Франции... все передовые европейские литературы приняли в основном романтический характер. Ранние английские романтики, поэты Бордсворт и Колридж, выступившие еще в 1970-х годах и образовавшие «озерную школу» искали свои идеалы в историческом прошлом. По специальной проблематике они были продолжителями сентименталистов, а романтический пафос вытекал из их реалистично-моралистических стремлений, иногда доходящих до мистицизма и таящих в себе примирение с действительностью. Это был религиозно-моралистический английский романтизм. А гражданский романтизм Байрона и Шелли был самым прогрессивным течением в английской литературе начала века», - деп жазады [8, 263]. Оны дәлелдеу үшін әр елдің әдебиетіндегі діни-моральдық және азаматтық романтизмнің пайда болуын атап-атап көрсетеді. Мысалы, «В 1820-х годах Лимартин своей лирикой создал религиозно-моралистическое течение французского романтизма... Крупнейшим представителем гражданского романтизма в Франции был Виктор Гюго», «В Германии сначала возник религиозно-моралистический романтизм представленный творчеством Новалиса и Гофмана. Гражданский романтизм в Германии не обладал ни отчетливостью идеалов, ни сильными талантами», - деп нақтыласа, орыс әдебиетіне келгенде «Сначала в России развивался религиозно-моралистический романтизм, особенно ярко представленный творчеством Жуковского», - деп жазады. Бұларды М.Горький: «Керек десе француз әдебиетінде лаулап өскен романтизмнің жалпы бағыты бірдей емес, бір жағы мистикаға ұрынған нағыз реакцияшыл болса, екінші жағы, өсіп әдебиет әлемінде ірі өзгеріс жасаған романтизм», - деп жіктеген [9, 15].

«Әдебиет танытқыштағы» діндар дәуір деп отырғаны - діни-моральдық романтизм, маркстік-лениндік әдіснама бойынша айтсақ, реакцияшыл кертартпа романтизм болып шығады. Ал ділмәр дәуір - азаматтық романтизм, яғни кеңес дәуірінше атасақ, революцияшыл романтизм. Сындар дәуір - сыншыл реализм атауының баламасы екені анық. Бұдан шығатын қорытынды: А.Байтұрсынов әдебиет тарихын тарихи кезеңдерге бөліп отырған жоқ, әдеби дамудың заңдылығына орай көркемдік әдіс тұрғысынан дәуірлеп отыр. Олай болса, Абайға дейінгі ақын-жыраулар шығармашылығы реализммен дамып келді де, сыншыл реализмге ауысты деген пікір туындайды. «Абай қазақ әдебиетінде сыншыл реализмнің негізін қалады» дегенде оның аспаннан түспегенін, әдеби дамудың тарихи сабақтастығы бойынша қалыптасқанын ғылыми негіздеу қажет-ақ. «...Осы сыншыл реализм туралы сонау 1920 жылдары А.Байтұрсыновтың сындар дәуір деп атағанын ұмытпайық. Сындар дәуірге деген ойлардың бәрі де профессионалдык әдебиеттің көркемдік әдісіне,

алған бағытына құйылатын таным-білік екені даусыз», - деген Т.Кәкішев пікірінде үлкен шындық жатыр. Бұл - қазіргі ұлттық әдебиеттануда кешенді зерттелуге төртінші өзекті мәселе.

Ахаңның осы «Әдебиет танытқышының» мән-маңызынан қазіргі ұлттық әдебиеттанудың аса қажетті бесінші заманауи мәселесі туындайды. Ол әдебиет туралы ұлттық ғылымның тарихын дәуірлеу мәселесіне тікелей қатыстылығы тұрасында. Осы еңбектің жазылуынан әдебиеттану ғылымы ХХ ғасыр басында туды ма, жоқ әлде ол оның қалыптасқанын дәлелдеді ме деген пікір қайшылығы орын алып отыр. Бұл бағытта қазіргі таңда үш түрлі көзқарас бар.

Біріншісі - ұлттық әдебиеттанудың Абызы Т.Кәкішевтің қазақ әдебиеті сынының тарихын зерделеген монументальды еңбектерінде сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің қалыптасу жолдарына байланысты дәуірленуі.

Екіншісі, осы мақала авторының «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999), «Ұлттық әдебиеттану әлемі» (2005) атты монографиялары мен «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы» (2016) оқулығындағы ұлттық әдебиеттанудың тарихи кезеңдерін зерттеуде ұсынған дәуірге бөлу нұсқасы.

Үшінші, «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008, 2009) аталатын академиялық басылымдар мен ғалым А.Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы» (2009) зерттеуіндегі дәуірге бөлу жобасы.

Қазақ әдебиеттану ғылымы тарихын дәуірлеуде осылайша үш жақты болып жүрген пікір қайшылығын бір ізге түсіретін уақыт жетті. Оларды тарамдата баяндауға мақала көлемінің көтермейтіні өкінішті. Қазіргі ұлттық әдебиеттанудағы осы заманауи мәселелерді сөз еткендегі діттегеніміз - «біз болмасақ, сіз барсыз» деп назар аударту мен ой салу. Себебі, Ө.Марғұлан айтқандай: «Бірдеме білеміз, білгеннен соң айтамыз».

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Нұрғали Р. Алып бәйтерек. // Ақжол. Алматы, 1991.
2. «Қазақ әдебиеті» газеті. 1989. 6 қаңтар.
3. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Алматы, 1999.
4. Смағұлов Ж., Жалмаханов Ш. А. Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін салушы. Қарағанды, 1997.
5. Кәкішов Т, Қазақ әдебиет сынының тарихы. Алматы, 1994.
6. Қабдолов З, Ахың һәм әдебиеттің әліп-биі. // Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. Алматы, 1993.
7. Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы, 1991.
8. Поспелов Г.Н. Введение в литературоведение. М., Высшая школа, 1983.
9. Горький.М. Романтизм және Жуковскийдің халықтығы. «Русская критика» №6, 1937.

**ӘОЖ 82:316.3**

### **SIRIM'INŞEŞENDİK SÖZLERİ İLE İLGİLİ ÇALIŞMALARIN DEĞERLENDİRİLMESİ**

**Н.К. Ахатова,**

*Аға оқытушы, PhD*

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті*

*Орал қ., Қазақстан*

*[NAK77777@list.ru](mailto:NAK77777@list.ru)*

**Аңдатпа.** Ұлттық рухты ұрпақтан-ұрпаққа жалғау жолында жанкештілікке бара білген жандарымыздың бірі – Сырым Датұлы. Мақалада шешендіктің басты қасиеті тапқырлық, тез жауап берушілік бола, тапқырлықтың алуан түрін Сырым Датұлымен байланысты шешендік сөздерден кездесетіні жөнінде баяндалады.

**Кілт сөздер:** Ұрпақ, шешендік сөздер, тапқырлық, ұлттық рух.

**Abstract.** One of our people who was able to commit suicide in order to pass on the national spirit from generation to generation is Syrym Datuly. The article describes that the main characteristic of eloquence is resourcefulness, quick responsiveness, and a wide variety of ingenuity is found in the eloquence associated with Syrym Datuly.

**Key words:** generation, eloquence, ingenuity, national spirit.

**Аннотация.**Один из тех людей, кто сумел на пути к самопожертвованию соединить национальный дух из поколения в поколение -Сырым Датов.В статье рассказывается о том, что главным свойством красноречия является находчивость, быстрая отзывчивость, разнообразие остроумия встречается в ораторских выступлениях, связанных с Сырым Датовым.

**Ключевые слова:**Поколение, красноречие, остроумие, национальный дух.

Сырым'ı Сырым yapan kahramanlıkları ve hatipliğidir. Halkın kaderini öncülük olarak düşünen ve bu manevi yolculukta yorulmak nedir bilmeden çalışan Сырым tıpkı dünyaca ünlü felsefeciler gibidir. (Platon, Sokrates, Demokritos) Bu kadar yoğun ve verimli çalışmasına rağmen ünlü olarak tanınmamıştır. Göçebe hayatı yaşayan toplumlarda ün kazanmak pek mümkün değildir. Ne yazık ki Kazak toplumu filozof ve fikir sahiplerini kendi toplumundan değil diğer halklardan aramış, onlara değer vermiştir. Böylece halkımızın aydın, düşünür insanları ikinci sırada kalmıştır [1.4].

Aydınlar ve düşünürler konusunda dışa bağlılık olan bu durum, beraberinde tehlikeyi doğurmuştur. Böylece dışarıdan beyin göçü gelmeye başlar. Akıl ve düşünce, beslenme yetersizliğine yakalanmıştır.

Hatip sanatını sadece hatiplik, vecize (şeşendik) sözler içerisine hapsedmek doğru değildir. Bu sanat dalı genelde Kazak medeniyetinin en üst seviyesinde yer almış aydınların eserleridir.

Aydınlar genelde insan, doğa ve çevresindeki olaylardan etkilenerek kendi ürünlerini ortaya koyarlar. Eserlerinde ileri görüşü, kahramanlıkları, cesaretleri, duyguları, siyasi görüşleri, toplumun sorumlulukları, toplumun istikbali yer alır.

Her hatibin (Şeşenlere) kadı unvanını kazanmaları kolay değildir. Kadılar genelde adaletli, gerçekçi, mücadelecedir. Genelde kadılar orta yaşlarda, tecrübe sahibi olduklarında bu vazifeye yönelirler. Halk daima gerçekçi ve adaletli kadıları doğru seçmişlerdir. Herhangi biri bu görevi üstlenemez, cesaret edemez. Kadılık görevi üstlenmek aksakal unvanını kazanmak kadar değerlidir. Kadılar Peygamber yaşına geldiklerinde günahkâr olmaktan korktukları için adaletli ve eşit davranmak zorunda hissetmişlerdir. Özellikle gelecek nesiller için adaleti, doğruluğu daima üstün göstermiştir. Gelecek nesillerin doğru ve dürüst düşüncelerle yetişmesine önderlik etmişlerdir [1. 4].

Halkın itibarını kazanmış, Tarhan unvanını almış, Çar hükümetine bile ifadelerini açıkça iletmış, Rus valilerinin arasında itibar kazanmış, bir yönü Petersburg, bir yönü Hiva, İran Hanlıkları arasında saygı görmüş, Сырым'ın hatiplik (şeşendik) sanatı gittikçe ün kazanmaya başlamıştır. Сырым'ı kendi döneminin önde gelen filozoflarından biri olarak gösterebiliriz. Fakat ne yazık ki Сырым'ın eserleri hak ettiği değeri görememiştir. Сырым'ın mücadele dolu hayatı bunun ispatıdır [1. 4].

Сырым milli mücadelenin lideridir. Daima halkın bağımsızlığını savunmuş ve halkın kendini yönetmesini istemiştir. Ayrıca düşüncelerini daima dolaylı yollarla anlatmış, felsefi düşüncelerle ifade etmiştir. Daha önceki yıllarda yaşamış Kazak toplumunun ünlü kadıları AYTEKE, Kazıbek ve Töle gibi düşüncelerini açıkça değil özellikle dolaylı yollarla, etkili sözlerle dinleyicilere iletmıştır.

Сырым dinleyicisini hemen etki altına alan, ikna edici özelliğe sahiptir. Bu özelliğini şu örnekle pekiştirmek mümkündür. *Сырым, Küçük Cüz'e mensup Alim boyuna vefat haberini iletmek için gelir. Bu boyun ünlü kadısı Aksuvat'a şöyle der: «El dersen eliz, düşman dersen düşmanız[2. 51]».Elçilik görevi son derece mükemmeldi! Kimseye hakkını yedirmez, daima eşitliği savunan, halkın itibarını yükseklerde tutan kişiliğe sahiptir. Aksuvat'a vefat haberini duyurmak için on iki kişi geldiğini anlatır. Bunun karşılığında Aksuvat kadı: «On iki kişi geldiyseniz, On iki Ata Bayoğlu boyu tamamen atlarına binmiş, gelmiş desenize!»[1. 51] - diye saygıda kusur etmez, Сырым'ın itibarını yüceltmıştır. Сырым'ın yardımcılarına da saygıda kusur etmez ve iyi bir şekilde ağırlanır.*

Сырым'ın davranışları ve düşünceleri hep mücadeleyi anlatır. Hatta düşünce mücadelesi daima üstün olmuştur.

Сырым'ın çeşitli hayat mücadelesi halkın manevi zenginliğinin meyvesidir. Сырым'ın sözlerini anlatmak, halkın medeniyetini anlatmak kadar değerlidir.

*«Сырым daha 7 yaşındayken kuyu kenarında hayvanlarına su verirken, bir dava için yola çıkan 3-4 yolcu kuyunun yanına gelir ve atlarına su verirler. Сырым bunlardan nereye yola çıktıklarını sorar. Yolcular çalınan hayvanlarını geri istemek için komşu köye doğru çıktıklarını, bunun davası için gittiklerini anlatır. Yolcular biraz dinlenip, yola çıkarken Сырым: «Ey, kadılar bir koyunum öldü ne yapmam lazım?» demiş. Kadılar: «Koyunun öldüyse, iyice tuz serp» demişler. Сырым: «Tuz kokarsa ne yapmalıyım?»[1. 57]demiş ve bunun üzerine kadılar bir şey diyememiş. Bu kadar küçük çocuğun sorusuna cevap veremediğimize göre gittiğimiz yerden de istediğimizi alamayız diye yolcular geri dönmeyi düşünmüşler. Böylece Сырым kadılara sorduğu soruyla seviye tespiti yapmış, karşındakilerin zayıf noktalarını belirtmiştir.*

Bu anlattığımız hikâyede siyaset de vardır bilgelik de. Siyasi meseleyi o dönemin kavramına uygun olarak kullanmak bilgeliğin gücüdür. Çocuğun sorduğu soruya akıllıca cevap veremeyen kadılar, başka köye giderek zor bir davayı nasıl çözsünler. İşte böylece kadılar da kendi seviyelerinin ne kadar düşük olduğunu anlamış oldular. Ne kadar derin bir düşünce içermektedir. Davalarına çözüm arayan kadınların

bilgellikleri yeterli seviyede değildi. Bunu da Sırım sorusuyla ispatlamış oldu. Sırım kendinden yaşça büyük olanları asla bilgesizliği yüzünden küçümsemez, yüzlerine vurmaz. Bu durumu aklıyla, düşüncesiyle açıkça belirtir. Ne kadar siyasetten uzak olduklarını uyarır. Bu durumu anlayan kadılar davalarından vazgeçerler [3. 6].

Sırım'ın burada çok küçük olmasına rağmen ne kadar bilgili ve kıvrak zekâ sahibi olduğunu görmek mümkündür. Sırım'ın sanat kaderi halkın kaderiyle aynıdır. İki kaderi de aynı anda yakalayanlar tüm halkı devrime, mücadeleye davet etmektedir. Sırım asırlar boyu devam ede gelen Kazak milli düşüncelerinin önderidir, halk taliminin lideridir. Sırım söz sanatına değer vermiş, düşünce önderidir. Bir dönemlerde Sırım'ın hatiplik sanatını unutmaya yüz tuttuğumuzu dile getirirsek ne kadar tehlikeli dönemi atlattığımızı görmek mümkündür. Çünkü düşünce medeniyetimizin en yüksek merdiveninde Sırım'ın sanatı mevcuttur. Ne yazık ki, hatip sanatı gelişmedi hatta yokuşa doğru sürüklendi [4.7].“*Sırım arkadaşlarıyla köy kenarından geçerken kendisine selam vermeyen, kuzularını gütmekte olan çocuğu görür. Çocuk elindeki dayağını parmaklarının arasına almış, döndürüyormuş. Sırım'ı görmemiş gibi davranır. Sırım'da çocuğun bu davranışına çok sert biçimde karşılık verir. Sırım'ın bu davranış karşısında rahatsız olduğunu arkadaşları hisseder ve: “Neden bu davranıştan rahatsız oldunuz,” diye sorarlar. Sırım bunun üzerine: “Bu çocuğun elindeki dayağı sürekli döndürmesi, senin halkını sen ölünce ben bu şekilde döndüreceğim demesi. Üstelik korkusuz bir şekilde bunu ifade etti. Bende bu durumdan rahatsız oldum” demiştir* [5.108]. Rivayete göre o çocuk Jengir Han'ın sarayında üst düzeyde çalışan Karavılkoja adlı vezirmiş. Sırım Karavılkoja'nın karakterini o dönemde bile çözmüştür. Çocuk hareketiyle ileride neler yapabileceğini işaret ediyor. Sırım'la karşılaşınca bu hareketin sırrı açılır. Sırım'ın yanındakiler ise bu harekete bile önem vermez, üzerinde durmazlar.

İşte bu hikâyeleri sıradan hikâye gibi anlatabilir miyiz? Karşısına çıkan kişinin selam vermesi, gülüşü, konuşması, ses tonu ve hareketlerine bakarak onun nasıl biri olduğunu tanıyan sanki psikolog. Bu tür hatipleri psikolog olarak tanıtırsak yanılmayız. Ayrıca Sırım'ın sesinde güven vardır hiçbir şekilde tereddüt yoktur [4. 7].

İnsanları sesinden tanımak ve tahmin etmek sanki milli kabiliyet gibidir. Sırım gördüğü insanın dış görünüşüne bakarak nasıl bir olduğunu tanır ve yanılmazdı. Ne kadar da özel bir yetenek, kabiliyet!

“*Bir gece yarısı Sırım arkadaşıyla beraber çok sevdiği ve beğendiği kızın evinin arka tarafına gelir ve saklanır. O sırada Sırım'ın arkadaşı kızı çağırır ve “Biz burada yolcuyuz. Yol gösterir misiniz?,” der. Arkadaşının sesi çok heyecandan dolayı titrek çıksa gerek. Bu durumu fark eden akıllı kız: “eğer yönü sormak istersen, evin arkasında Sırım var. Ona sorabilirsin”*[6. 25] demiş. İşte his! Daha önce hiç sesini duymadığı, karşılaşmadığı Sırım'ın evin arka tarafında olduğunu hissetmiştir. (ya sesinden, ya yürüyüşünden sonuçta kız Sırım'ın yakınında olduğunu hisseder) Sıradan Kazak kızının hissi, düşüncesi Sırım'ın his ve düşüncesinden aşağı kalır yanı yok. Ne kadar da kuvvetli his!

İnsanı istek, kumar, heyecan ve sevgi gibi güçlü hisler yönettiğinde akıl ve düşüncenin yapamayacağı şeyler yoktur. Bu durumda baş kalbi yönetir. İşte sevgi, his gece de olsa iki genci birbirine çekmektedir. Bir birlerini görmeden anlaşıyorlar. Hatipler bütün iç dünyasıyla beraber hizmet etmeye daima hazırdır. Hatip sanatı Kazak psikolojisini aydınlatmaktadır. Sırım'ın en önemli özelliği gücüyle değil, akıllıyla, düşüncesiyle yönetmek olmuştur [4. 7].

Sırım toplumun en değerli bireyi sayılmıştır. Fakat Sırım toplumun tembelliğinden her zaman yakınmıştır. “*Bir ere değer at doğmadı, benim dediğimi onaylayan halk doğmadı,*” diye isyan etmiştir. Neden bu şekilde halkına isyanda bulunmuş? Kendi halkına adil ve mücadeleci davranırken neden bu ifadeyi kullanma gereksinimi bulmuştur. Çünkü o halkın sade ve tembel olduğunu bu yüzden de her şeye çabuk kandırıldıklarını biliyordu. Toplum, şuurunun özgür gelişmesi için mücadele göstermemişti. Bir de saraylara kahramanca ve korkusuzca girmesini istiyordu. Fakat bu istekleri havada kalıyordu. Sırım bu yüzden halkın kaderini ilk sıraya koymuştu.

Hatta biz günümüze kadar Sırım'ı yeterince anlamadık. Bu yüzden Sırım'ın hatip sanatını oldukça çok yaygınlaştırmamız gerekir. Sırım'ın hikâyeleri tarihimizin sayfalarında kırmızı alevlerin olduğunu kanıtlamaktadır. Bu alevleri aydınlık ideolojilere dönüştürmemiz gerekir [4. 7].

Sırım gibi hatip, aydın, bilgin, maneviyatı zengin insanları toplumun arasından değil, üst makam çalışanların arasından aramıştık. Bizim en büyük yanlışımız bu olmuştur. Üst makam çalışanları ise Sırım gibi bilginlerin doğasından daima korkmuştur.

Biz Sırım'ın düşüncelerini, fikirlerini yeterince tanıyamadık. O dönemde bile Sırım'ın ortaya koyduğu çeşitli özellikleri hayran bırakmaktadır. Bu özelliğini Kazakistan'ın önemli yazarlarından Gabit Müsirepov “*Geleceğe Emanet*” adlı eserinde her yönüyle ele almıştır.

Sırım tüm gücüyle Moğol istilasıyla mücadele etmiş, Hanlık yönetime karşı çıkmış, diğer etnik üyelerin Kazak Hanlığı yönetimine gelmesine karşı çıkmıştı. Halkın kendi kendini yönetmesini istemişti. Sırım'ın mücadelesi sonucu “*Halk keneşi*” kurulmuştu. Hatta dönemin Çar'ı bile Sırım'ın mücadelesini anlamıştı.

Sırım'ın bu mücadelesi 20 yıl kadar sürmüştür. Sırım'dan sonra aynı mücadeleyi İsatay, Mahambet, Eset Beket gibi Kazak kahramanları devam etmiştir. Mücadele sırasında Çar hükümetine karşı çıkanların yarısı kurşuna dizilmiş yarısı ise sürgüne gönderilmişti. Fakat ne yazık ki toplum sürdürülen bu mücadelelerin önemini ve istikballerini düşünememişti. Bu yüzden de Sırım ve diğer mücadeleciler aydınların değerini anlayamamıştı. Toplum bu mücadeleyi sadece Rus Çar'ı sömürücülerine karşı olarak anladı. Oysa sadece Çar hükümeti değil bu tarafı tutan Han ve Sultanlara da karşıydı. Han ve Sultanlar kimlerdi? Diğer etnik unsurlarından gelerek Kazak Hanlığını yönetenler kimlerdi ve neler yaptı? Sırım bu tür Han ve Sultanlara karşı mücadele etmişti. Çünkü diğer etnikten oluşan yönetim Kazak halkını anlayamazdı. Bu yüzden Sırım 1782 yılında "Eşki Kırgan" adlı tepede halk toplantısını düzenlemiş, "Halk keneşi" kurmuştu. Fakat bu kurulan "Halk Keneşi" II. Ekaterina tarafından yok edilmişti [7. 6].

Sırım Datoğlu'nun 250 yıllık jübilesi düzenlendiğinde Sırım "danışman, bilgin, mücadeleciler" niteliğinde pek ele alınmadı sadece bir kahraman olarak tanıtıldı. Sırım'ın hayatını inceleyen araştırmacı M.P.Viyatkin'in çalışmaları bu konuda takdire layıktır. Rus Çar'ın sömürgecilik siyasetine karşı çıkan Sırım: "Ben Rus'lara güvenemiyorum. Onlar Başkurt ve Kalmuk'ları da kandırmıştır" ifadesini M.P.Viyatkin araştırmalarında açıkça göstermiştir [7. 5].

Sırım'ı sadece bir kahraman olarak göstermek yeterli değildir. (18. yüzyılın sonlarına doğru 1783-1797 yıllarında Kazak halkının özgürlüğü, bağımsızlığı için mücadele etmişti) Sırım aynı zamanda edebiyatçı, devlet adamı, halkın değerli kahramanlarından. Bu özellikler de göz önünde bulunması gerekirdi [8. 5].

Sırım Datoğlu (1742-1802) halk tarihinde özel bir yere sahiptir. Sırım hem yaptığı mücadeleler hem düşündürücü sözleriyle gelecek nesillere örnektir. Özellikle milletini seven milliyetçidir, geleceği görebilen bilgidir. Milletinin bağımsızlığı için Rus Çar'ına karşı mücadele veren, Hanlık yönetime karşı çıkan kahramandır.

Sırım'ın kadınlara verdiği önem kayda değerdir. Sırım kahraman ve mücadeleciler değerini hiçbir zaman halkın değerinden üstün saymamıştır. Onun için daima halkın değeri üstün olmuştur. Sırım halk içinde yapılan sözlü atışmalarda kadınlara yenik düşmüştür. Bu yetersizliği ya da bilgisizliğinden kaynaklanmaz. Kadınlara toplumun anasıdır. Bunlardan yenik düşmesi, onlara saygı göstermesi, hürmet etmesi, üstün görmesidir. İşte saygı göstergesi! Sırım bu yenilginin kendisi için zafer olduğunu bundan dolayı da hiçbir zaman küçülmeyeceğini anlamıştır [7. 4].

Sadece Sırım'a ait hatip sözleri değil nerdeyse bütün hatiplerin sanatı hak ettiği değeri göremedi. Vecize sözlerin sahiplerini açıklamaya korktuk, baskıdan çekindik. Bu bir gerçek ki seçilen kadınların hepsi yoksul aileden gelmiyordu. Örneğin; Sırım Baybaktı boyunun ünlü kadısı, boy lideri, kahramanı ve zenginlerindendir [4. 9].

Sırım'ın anlatmak istediği felsefeyi biz feodal medeniyet döneminde anladık. Onun hedefini zengin de, kahraman da, halk da anlamıştı. Sırım'ın itibarını yücelttik, birçok yeteneklerini örnek aldık, örnek oldu. Sırım'ı sadece dostları değil *Peytling, İgelstrom, D.Donskov, A.B.Suvorov, Panin, Persikskiyi* gibi düşmanları da anladı ve Sırım'ı kandırarak kendi taraflarına çekmek istedi. Sırım'ın konuştuğu dili anlayamazsa da onun yüzündeki ifade her haliyle anlamlıydı. Sırım'ın gücünden, yüz ifadesinden çekinmişlerdi. Etkileyici konuşmasıyla dinleyicisini kendine çekerdi. Karşısındakini kendine hayran bırakır, etkisi altına alırdı. Sırım'ı dostu da düşmanı da dinlerdi. Sırım'ın her konuşması yeterince etkileyiciydi. Bu özellikler Sırım'ın önemli nitelikleriydi. Bu zengin nitelikleri sayesinde Feodal medeniyetinin başköşesinden yerini almıştır [7. 9]. Sırım'ın edebi sözlerini anlamak bile kültür gerektirirdi. Böylece ismi efsaneye dönüşmüş şahsımızın adı Kazak edebiyatı tarihinde ön sıralardan yerini almıştır.

Sırım kendinden önceki *Ümbetey (1706-1778) ve Buhar (1668-1781)* adlı ozan ve yarırcıların izinden geldi, Kazak edebiyatında kendine has yer edinmişti. Kimseye benzemeyen, tekrar etmeyen, tekrar edilemeyen hatipliğiyle anılmıştır.

"Kazak halkında Sırım gibi biri daha doğmadı" sözü sadece laf değildir. Bu Sırım'ı anlatan, önemli şahıs olduğunu ifade eden sözdür. Onun felsefesi ve iç dünyası oldukça ileri seviyede olmuştur. Stili halkın stili, milli stildir. Kısaca sade bir stildir. Stilinde kibirlik yoktur, kendi dönemine uygun dille anlatılmış, sadelik vardır. Ünlü Kazak kadısı Kazıbek'in stili Kazak ve Kalmuk arasındaki ilişkilerdeki Kazakların gücünü tanıtır, Sırım'ın stilinde bilgelik, görgü ön plana çıkmaktadır [7. 10].

Sırım'ın bilgelik dolu sözleri insanın maneviyatını yükseltir, rahatlatır, dinleyiciyi kendine çeker. Hatta karşı fikri savunular bile Sırım'ın sözlerinden sonra düşüncelerinden vazgeçerler. Özellikle keskin sözleri, korkusuzca davranışları düşmanlarını bile huzursuz etmiştir.

Sırım bilgin olduğundan seviyeli hatip sayılır. Sırım konuşmaya başladığı andan itibaren düşmanı hemen etkilenir, "Sırım'ın konuşması beni utandırıyor, sanki bana haddimi gösteriyormuş gibi, kurşun gibi en canlı yerime saplanıyor" şeklinde düşüncelere kapılır. Sırım'ın konuşmaları sanki hipnoz gibidir. Fakat düşmanları bu hipnozdan iyileşemez, aksine yenilgi üstüne yenilgi alır. Dostları ise düşmanlarının bu yenilgisi karşısında çok mutlu ve huzurludur [7. 10].

Hatiplerin ses tonları önemlidir. Sırım sesini yükselterek konuşmaz. İki tarafın davasını dinlerken, çözüm üretirken aceleci davranmaz. Sakin, telaşsız şekilde sonucu açıklar. Birine nasihat ettim veya yardım ettim diye gururlanma ya da kibirlenmesi yoktur [7.10].

Biz Sırım'ın hatip sözlerinden sanki Sırım'ın sesini duyuyoruz. Sırım kendini ünlü kadı ve hatipler *Malaysarı, Böken, Sarjalak, Aldar*'ın öğrencisi olarak görmüştür.

Bazı kadılar Sırım'a: "*Senin deden meşhur Dat idi. Dat oldukça cesurdu. Senin de hünerlerini biliyoruz*" dediklerinde Sırım: "*Evet, ben öyleyim*" diye kibirlenmez kendini yüceltmez [3.58]. Örnek vereceğimiz bu konuşmadan Sırım'ın belgeliğini anlamak mümkündür. "*Sırım ünlü kadılardan olan Malaysarı adlı kadiya selam vermek için gitmiştir. İhtiyar Sırım'a bakarak: – Kimsin? Kimin oğlusun? – diye sormuş.*

– *Dat'ın oğluyum, – demiş Sırım.*

– *Koyun bile güdemeyen birinden çok bilgili biri doğdu diyordu. İşte sen o musun?*

– *Evet, o çocuk benim. Kucak dolusu odundan bir oklavalık heykel çıkar derdi büyüklerimiz. Babamızın ne kötülüğünü gördünüz. Keşke herkes onun gibi olsa. Ben de sizi bilgili biri zannediyordum meğer tenkitçi ihtiyarımızmış demiş [2. 50].*

Sırım nereye giderse gitsin, tam bir diplomat gibi olmuştur. Kendini daima sıradan, halktan biri görmüştür. Hiç anlamadığı Nuralı Han'a: "*Sen bir kuşsun, göl kuşsuz yaşayabilir; Sen misafirsin, halk misafir olmadan yaşayabilir*" şeklinde yanlıklarını yüzüne vurur. Bu sözlere karşılık olarak Nuralı Han: "*Yaramazdan yaramaz doğarsa ne olur*" demiş. Sırım: "*Yaramazdan yaramaz doğarsa iki gözün kör olur*" demiş [3. 59].

Sırım'ın ses tonundan, vurgusundan kiminle nasıl konuştuğunu ayırt edebiliriz. Ters düştüğü Han'larla konuştuğu zaman sesinde kin, nefret anlaşılır [7. 11]. Kelime özgürlüğü halkın önemli özelliklerindedir. Sırım'ın hatipliği işte bu özelliği taşımaktadır. Konuşma medeniyetini bilmemek, değerini anlamamak ya da önemsememek halkın önemli değerlerini kaybetmekle eşittir. Ne yazık ki günümüzde Sırım gibi hatipler, gerçekçi söz ustaları yok diyecek kadardır [7. 15].

Sırım'ın hatip sanatını araştırırken öncelikle gelenekleri göz önünde bulundurmalıyız. İkincisi ise Sırım'ın konuşmalarının içeriği adalet, gerçeklik, ustalık içermektedir [7. 3].

Hatiplik başlı başına bir sanattır. Ancak o sanatı anladığım, farkına vardığım anda hatip sanatını anlamam mümkündür. Sırım'ın sanatını anlamak için, eğitim ve kültür seviyesi önemlidir. Sırım Kazakçanın zenginliğini güzel kullanan şahıstır. Dili kullanabilmek ayrı bir sanattır [7.4].

Sırım sadece mücadele lideri değil, halk hatibi olarak da tanınmıştır. Bu konuda A.D.Ryazanov şöyle demiştir: "*Hanlık yönetimine karşı yapılan halk devriminin başında halk arasından çıkmış önderler bulunmaktadır. Bu kahramanlar hem konuşması hem kahramanlıkları sayesinde halkın sevgisini kazanmışlardır [9. 95].*

Sırım Kazak halkının gelişmesinde oldukça etki bırakan şahıs olarak bilinmektedir. Levşin Sırım'ı şu şekilde tasvir etmiştir: "*Sırım sürekli hareket halinde olan, cesur, çok nadir karşılaştığımız kabiliyet sahibidir*" [10. 32].

Sırım'ın değerli sözleri Kazak edebiyatında yerini almış, mücadeleleri ise kendi meyvesini vermiştir. Sırım'a halkı tarafından verilen değer daima canlı kalacaktır.

Sırım'ın özdeyişi, hikâyesi, vasiyet ettiği sözleri sanki başlı başına didaktik eserdir. Her bir sözü eğitim için elverişli, pınardır.

### **Kaynakça**

1. M.M.Tilevjanov. Sırımın Şeşendik Öneri. «Jayık üni» Oblıstık Gazet, (Yerel gazete), № 30 16.10.1992, 4 s.
2. M.M.Tilevjanov.Dala Kemengeri nemese Sırım tuvralı sır.– Almatı.Sözistan, 1992.-51 s.
3. M.M.Tilevjanov.Sırımın şeşendik öneri. “Jayık Üni”Oblıstık Gazeti, Oral № 39 16.10.1992, 6 s.
4. M.M.Tilevjanov. Sırımın şeşendigi. –«Azat» Respublikalık Gazet, Almatı, №5 (31) 10.05.1992.-7 s.
5. J.Akbay. Eren er Sırım. – Oral. Poligrafserfis, 2002.- 108 s.
6. M.M.Tilevjanov. Sırım Datulı jane onın şeşendik sözderi.– Oral: Poligrafiya, 1991.-25 s.
7. M.M.Tilevjanov. Sırım Tagılıımı. Oral. A. Puşkin atındağı Oral Pedagogikalık İnstitutı, 1992, 6 s.
8. M.M.Tilevjanov. Kazakistan'ın tarihi medeni eski eserlerin etnolojik araştırılması ve görevleri hakkında Kazak Milli Akademisi makaleleri 21.01.1993. 5 s.
9. A.D.Ryazanov. «Sovetskaya Kirgizya» dergisi, №10, 1924, 95s.
10. S.Mukanov. Kazaktın XVIII-XIX gasırdığı adebiyatı tarihnan oçerkter.–Almatı: Arıs, 32s.

## СЫРЫМ БАТЫР БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІСТІҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

А. Е. Айтбаева,

*ф.ғ.к., Қорқыт ата атындағы ҚМУ*

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында патша үкіметінің қазақ жерін отарлау саясаты белең алғаны белгілі. Отаршыл империя қазақ жерлерінде бекіністер салып, жергілікті халықты ата мекен қоныстарынан ығыстыра бастады. Қазақтың шұрайлы жерлері Ресейден келген мұжықтарға беріліп, өздері құм мен шөлейтке, тау мен тастақ жерлерге қарай ығыстыра бастады. Отарлау саясатының ашықтан-ашық жүргенін Қазақстанның әрбір өңірінен нақты мысалдар келтіре отырып сөз етуге болатын болса, соның бірі батыс өңірдегі ел жағдайы. Мәселен, батысымыздағы Орал казак әскерлеріне шұрайлы жерлерді бөліп беру халықтың жаппай наразылығын тудырды. Отаршылдыққа қарсы алғашқы да, маңызды көтерілістердің ұзақ жылдарға созылғаны тарихтан белгілі.

Ұлт-азаттық сипат алған сондай наразылықтың бірі – Сырым Датұлы бастаған көтеріліс. Ұзаққа созылған көтеріліс пен оның басшысына деген патша өкіметінің көзқарасын көрсететін тарихи құжаттардың ішінде: «Реті келген бірде-бір қолайлы кезді құр өткізбей, бүгіннен бастап Сырым батыр бастаған, беттерімен кеткен ұры-қары киргиздарды қай жерде кез келсе де, қандайлық алысқа қууға тура келсе де, оның өзін ұстап алып құртындар немесе сол жерде өлтіріндер дедім, оның басты жолдастарына да соны істендер, әскерлік ант бойынша күштерінді, бастарынды дааямандар. Ондайларға қашанда осындай тәртіп қолданындар дедім»[1], – дейтін генерал А.В.Суворовтың бұйрығы осыны дәлелдейді. Бұл жеке генералдың емес, сол тұстағы патша өкіметінің тарапынан айтылған үзілді-кесілді шешім екенін байқаймыз. Осы құжаттың өзі-ақ Сырым батыр төңірегіндегі сарбаздар мен оның өзіне деген қауіп-қатердің қандай дәрежеде болғандығын растай түседі.

Қазақ әдебиетінде ел мен жер үшін жан алысып, жан беріскен шайқастар мен сол шайқастардың көсемдері жайлы қаншама әдеби мұралар жазылды. Олардың алғашқы нұсқалары ауыздан-ауызға тарап ауызша жетсе, кейінгілер тасқа басылып, хат арқылы жетті.

Ұлттық әдебиеттен үлкен орын алатын сондай шығармалардың бірсыпырасы – Сырым Датұлы жөнінде жазылған туындылар. Батыр жайлы әдеби шығармалармен қатар ол жөнінде тарихи деректердің де көптеп сақталғаны оның әрбір қадамы қадағалауда болғанын, ол бастаған әрбір наразылық оқиғасына ақ патша жандайшаптарының көзтігіп отырғанын нақтылай түседі.

Қазақ әдебиетіндегі тарихи аңыздар жөнінде Т.Әлібеков: «XVIII-XIX ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығын қамтитын аңыздар ру ақсақалдары мен би-шешендердің, Абылайханның, даңқты қолбасшы-батырлардың мемлекеттік істердегі, соғыс майдандарындағы саяси, әскери, қоғамдық қызметтерін, жанқиярлық ерліктерін суреттейді, сондай-ақ Сырым батырдың, Бөкей ордасындағы тарихи оқиғаларды, Кенесары-Наурызбайды және көтеріліс батырларын, орыс, қоқан басқыншыларына қарсы күрескен қаһармандардың тағдыр-талайын, өмір болмыстарын, жорық жолдарын баяндайды»[3, 41], – деген болатын.

Сырым батырдың ерлігі мен батырлығы жайлы тарихи жырларды қарап отырсаңыз халық ақындары батырдың сом тұлғасын жасауға барынша көңіл бөлген. Халық жырындағы:

Батырлардың тұлпары  
Баспай кеткен жер бар ма?!  
Халқына жау хандармен  
Алыспай кеткен ер бар ма?!  
Күнде бір сауыт жыртылып,  
Күнде бір қылыш сындырып,  
Күнде бір сүңгі суырып,  
Шабыспай өткен ер бар ма?!

Көз жұмбай, дария кешпек жоқ,  
Ер жеңілмей, ер бар ма?!  
Ер төсектен безбей ме,  
Өзі туған елінің  
Жүрегінде шер барда! [4]–



деген жолдар халықтың ханнан емес, елі мен жерін шапқыншы жаудан қорғаған батырлардан үлкен медет күткендігін растайды. Халық ұғымындағы батырлар отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын ғажайып кейіпкерлер ғана емес, олар алып күш иелері ретінде танылады. Сондықтан да халық қай кезеңде де ханына емес, батырларына үміт артқан.

Ұлттық әдебиеттегі батыр жайлыңыз-әңгімелер мен тарихи жырлардың қатары кеңестік дәуір тұсында Ғ.Мүсіреповтің «Болашаққааманат» (Жұлдыз, 1981, №1) атты пьесасымен толықса, бұл қатар еліміз тәуелсіздік алғаннан соң Р.Отарбаевтың «Сырым батыр» пьесасымен, Қ.Мұхаметқалиұлының «Тар кезең» романымен толық түсті. Ол жайлы жазылған деректер мен көркем туындыларға қарап отырсақ, жазушылар батыр бейнесін әр қырынан толықтырғанына көзіміз жете түседі. Айта кететін бір мәселе – батыр жайлы жазылған туындылардағы негізгі оқиғалар бір-бірін қайталамайтындығы болса, оларға ортақ негізгі ұқсастық – тарихи мәліметтердің бұрмалаусыз қолданылғандығы.

1785 жылдың орта кезінде барон Игельстром Россиямен бітімге шақырып, Кіші жүздің болыс-билерін халықтық мәні бар барлық мәселелерді келісіп шешу үшін халық жиынын ашып, Нұралы хан мен сұлтандарды да, қатардағы болыстар мен билерді жиынға шақырады. Осы халық жиынында Сырым батыр ханға қарсы сөз сөйлеп, «қазақ-қырғыз халқының тыныштығы үшін хан өкіметінің қажетсіздігі былай тұрсын, тіпті зиянды» екендігін дәлелдеп, Ордада (Кіші жүзде) өкімет билігін жою керек деп ұсыныс жасайды.

Кеңестік дәуір тұсында жазылған Ғ.Мүсіреповтің шығармасы хан сайлау оқиғасынан басталып, сол жиында Сырымның ұрлығы малдың қанына қол былғамаймын деп, құрбандыққа шалғалы отырған ақбоз аттың жүгенін сыпырып, босатып жіберуімен ширьға түседі. Көріп отырғанымыздай драматург тарихи шындықтан алшақ кетпеген. Ол Сырымның патша мен ханға деген қарсылығын отаршылдыққа қарсылық ретінде бейнелеген.

Сырымның ел басқару жүйесіндегі хандықтың азып-тозғанына қарсылығы, қазақ халқында оған дейін қалыптасқан жүйені қайта жаңғыртып халық кеңесін құруы – оның бейнесін толықтыра түсетін көркем детальдар.

Алайда, қазақтың тағдырын шешу жат билігінде болғандығына И.И.Неплюев пен А.Тевкелевтің хан сайлау мәселесіндегі қайшылықты көзқарастары дәлел. Тевкелев орданы тәртіпке шақыруды оңайлату үшін бас ханды сайлауды ұсынса, Тевкелев қазақ біртұтастыққа бірікпес үшін әр жүзде бір-бір ханы болу тиімді деп есептеген. Және бұрынғы хан сайлау дәстүрі бұзылып, хандық дәрежені патшаның бекітуі орын алған. Сондықтан да халық жыры барлық хан сайлау дәстүрімен орта жүз, кіші жүз қосылып сайланса да Нұралының хандығы Ресей патшасынан бекігендіктен оны ханның бетіне кемшілік ретінде басып отырады. Бодандық бұғауын қазақтың ел билеушілерін өзара қырғи қабақ етіп аңдыстыру саясаты арқылы біртіндеп бекіте түскені Сырым заманында тіпті айқын көрінеді. Бастапқыда Нұралы хан да Ресейге толық сенбей, балаларын аманатта ұзақ қалдырмауға тырысқан. Інісі Ерәлі екеуінің пікірлес екендігін сезген И.И.Неплюев «Екеуі де қазір бізге салқын қарайды, яғни алдағы уақытта ханға да, сұлтанға да сенуге болмас» – деген[1.]

Алайда тарихи деректергесүйенсек, өз бауырларымен басында өзара сыйластық, түсініктікте болған Нұралы хан бірте-бірте отаршылдық үкіметтің мақсатты икемдеу саясатына көндігіп, «ашсаалақанында, жұмса жұдырығында» болатын халге жеткен. Ішкі келіспеушілікті, мысалы Батыр хан мен Нұралы хан арасындағы текетіресті шебер пайдаланған билік, «Сырым башқұрттармен бірігіп, сізбен соғыспақшы» – деп, сөз тарату арқылы араздықты қоздырған.

Ханды бірте-бірте өз талаптарын орындаушыға айналдыру амалдарын жан-жақты қарастырған өкімет оны тұрақты жалақы алатын өкіл ретінде пайдаланған. Әсіресе, Башқұрт – қазақ қақтығыстарын өзіне қару еткен. Осы тарихи жағдайлар да жыршы тілімен өрнектеліп отырады:

Елдің бассыз болмағы –  
Басқара білмес ханынан.  
Дау-жанжалдың болмағы  
Жүгініске келгенде,  
Төрелей білмес қазыдан.  
Байтақ жатқан халықтың  
Ханға несіп болмағы –  
Зиянды хан заңынан.[4]

1771-1772 жылдары қалмақтан босаған Жайықтың ішкі бетін қоныстауға рұқсат етілмеуі, казак-орыстарды патша үкіметінің қазақтарға қарсы пайдалануы, Нұралы ханның қазақ руларын сыртынан сатуы жағдайды ушықтырады. Губернатор мен атаманның Торгун Манаевна деп

Торғынның асты-үстіне түсіп бәйек болуы, оны көрген сайын өзін бақытты санауы – қазақ әйелдерінің бойындағы асыл қасиеттерін паш етіп тұрғаны белгілі.

Шығарманы оқып отырғанда батырлығымен ел қорғаған, әділ билігімен дауды шешкен бидің төрелігіне тәнті болумен бірге оның ақылшысы да, намысын қайрап қайрағы да үйіндегі Торғын болғанына көзіміз жетеді. Торғын бейбіт күнде дастарханын жайып, қымызын сапырып отырған бәйбіше болса, қызылтаяң кездерде атқа қонып, қолына қару ұстай білген жауынгер қазақ халқының қаһарман да қайсар қыздарының бірі екендігін оның іс-әрекеттері нақтылай түскен.

Алғашқы кездесуден-ақ өзіжайлы үлкен ұғым қалыптастырған Торғын бейнесі шығармада жан-жақты ашылған. Пьесаның басында хан ордасына кіріп барып баш на баш айырбас жасаймыз деп, тұтқынға түскен қазақ қыздарының намысын жыртып жүрсе, шығарманың соңында сол әдісімен тұтқынға түскен Сырымды Ералығайырбас жасап босатады.

Оның:

«–Сырым-ау, сен де қайғыдан жасып қалатын ба едің? Қайғы-мұң дегендерді езіп ішсең де пайдасы болғанын көрген кісі жоқ. Баста әрі! Кім қапы кетпейді?!» (5,65-б.), – деген сөзі басынаауыр күн туғанда батырды қайрап, ширатып отыратын үйіндегі жары Торғын екенін растайды.

Ал, тәуелсіздік тұсында жазылған Қ.Мұхаметқалиұлының романында Торғынға көп көңіл бөлінбеген, алайда бір эпизодтың өзінен-ақ батырдың жары жайлы түсінік қалыптасса, ұлттық әдебиеттегі әйел-аналардың образын шебер сомдаған Ғ.Мүсіреповтің пьесасында Торғынның бейнесі жан-жақты ашылған деуге негіз бар. Шекара күзетіндегі ақ патша әскерінің жандайшаптары суға түсіп жүрген қыз-келіншектерді тұтқындап алып кеткенде, Торғынның күзетшілерге дес бермей ханның алдына бас көктеп кіріп баруы, губернатордың оған бір көргеннен жоғары баға беруі – Торғын бейнесін толықтыратын эпизодтар.

Ғ.Мүсіреповтің «Болашаққа аманат» атты пьесасында губернатор Игелстром Сырым мен Торғынды бірге қабылдайды. Драматургтың: «Батыр дерлік ірі денелі де емес. Бірақ батыр. Сұлу болмаса да сүйкімді әйел. Құдай сақтап бала жасынан жүргені шаң тұрмаған таза жанды адам болу керек. Сондықтан ешкімнен зұлымдық күтпейді, ешкімді жатсырамай, бар адалдығын алдына тосып, сенен де соны күтеді. Бұл жан сұлулығы. Көркем айтылған ой ұлы, ойландыраалған көркемдік ұлы дегенді бір ақыннан оқығаным бар еді» (5,21), – деген сөзінің өзі-ақ Сырым мен Торғынға берілген жоғары баға болатын. Тұңғыш кездесіп отырған губернатордың айтуынша, Сырым – батыр дейтіндей алып тұлғалы емес, бірақ батыр. Ал, Торғын – бір қарағанда қарапайым қазақ әйелі. Драматург сол қарапайым қазақ әйелінің бойындағы ұлылықты сипаттау арқылы қазақ қыздарының бойындағы асыл қасиеттерді ашуға тырысқан. Ол – жан тазалығы, ар тазалығы. Екіаяқты адам біткенді өзіне дос санайтын, досын жатқа қимайтын аңғал қазақемнің табиғи болмыс-бітімі. Қысылып-қымтырылмай алғаш көрген ұлықпен еркін сөйлесіп отырған Торғынның бойындааңқаулықпен бірге ержүрек қайсарлық та бар. Оның қайсарлығы – Сырыммен бірге ханның қырықтан аса тұтқынын қосаалып кеткені.

Сырымның «мен хандықпен сыйысаалмаймын» деп ел-жұрттың көзінше айтқан сөзі ханның жанына батқаны шындық. Сондықтан Нұралының губернаторғаарызданып Сырым керуен тонады, өрт салды, хан сайлауында хандықпен сыйысаалмаймын деді деген ойларына қарсы дау айта келгені рас. Алайда соңғы екі жылда Россия шекарасына он жеті рет шабуыл жасап, алты рет керуен тонағанын мойындап тұрғаны ақылғасыймайды. Автор бұл жерде ханның өзін алдап соғатын губернатордың сұңғылалығына көңіл бөлгенге ұқсайды.

Патша мен хан, сұлтандар мен атамандар көппен санаспаған тұста елдің ерге қарайтыны жасырын емес. Ел ерге қарағанда, Сырым сынды батырдың ат жалын тартып мінуі – халықтың, елдің тілеуімен ұштасып жатқандығының айғағы.

Осы жөнінде фольклортанушы ғалым Д.Жақан былай дейді: ««Ел намысы – ер намысы» екендігін жақсы түсінген Сырым Датұлының «Ат не үшін шабады? Ер не үшін шабады?» – деген Балабидің сұрағына жауабындағы: «Ат шабысына қарай шабады, ер намысына қарай шабады», – дейтін тұжырымы оның ел үшін атқарған ерлігі мен еңбегінің сырын ашады. Ел тағдырына қауіп төнген сын сағатында халық Сырымды өзіне басшы танып, соңынан ерген жұртын сатып, қарабастың камын күйттеген ханнан күдер үзіп, халықтың мүддесі жолындааянбай күресуге бел буған».[6]

Сырым батыр артынан халықты ерте алғандығы, елі мен жері үшін басын тауға да, тасқа да ұрғандығы, қазақтың болашағы мен бостандығы жолында ханға да, патшаға да қарсы тұра білгендігі, қазағы үшін не қиыншылыққа да даяр болғандығы оның әр қимылынан, сөзінен белгілі.

XVIII ғасырда Елек пен Жайық бойын мекендеген қазақ халқы ата-бабасы мекен еткен атақоныстарынан ығыстырылып, екі жақты талауға түскені тарихи мәліметтерден белгілі.

Осы кездегі елдің хал-жағдайы мен ауыр тұрмысы халық ақындарының Сырым батыр жайлы жырларында да кеңінен жырланғаны мәлім болса, қаламгер да осы шындыққааса көңіл бөлгені романнан менмұндалайды. Мәселен, мына тарихи дерек Сырым бейнесін ашуға қызмет тұрғаны белгілі. «Маған патша тарапынан толып жатқан сыйлықтар жіберілсе де және одан менің атыма тыныштық орнат деген арнаулы жарлық келсе де, бұл жайлы генералдан, бір емес талай жарлық келіп отырса да, мен осының бәріне қарамастан, орыстарға сенбеймін. Бұдан бұрынғы үш жылдарда ұстап алған балаларымызды қайтарып бермесе және сұмырай Даниланы (яғни Донсковты – М.В.) қызмет орнынан алмаса олардан қандай жақсылық күтуге болады». [7]

Көріп отырғанымыздай ол ел мен жер мәселесі тұрған жерде ешнәрседен аянбайды да, қорықпайды да.

Сырымның ел басқарудың жаңа, тарихта бұрын-соңды болмаған тәсілін ойлап тапқаны – тарихи факт. Оның билік шешімдері нақ болған. Сырым батырдың Кіші жүз жұртына сенімділігі мен беделіжайлы Орынбордың генерал-губернаторы Игельстром да 1789 жылы 10 мамырда Екатерина II патшаға жолдаған түсінігінде: «Бүкіл Ордада одан атақты, одан артық старшина жоқ... – дейді Игельстром.

Сырымның артықшылығы көп. Бүкіл Орда оның аузына қарап, айтқанын істейді деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, жиындарда Сырым не ұсынса, Орда, халық оған сенеді де орындайды. Осыған қарап, оны Ордадан алып, тұтқынға ұстау пайдалы бола ма, жоқ па, ол мәселені Ұлы мәртебелі император, сіздің көрегендігіңізге қалдырамын», [8] – деген болатын.

Қаламгер Сырымның төңірегінде жүрген би-шешендердің ақыл-кеңестерін орнымен келтіреді. Солардың бірі – Ысық Қаратау, екіншісі – Кете Көккөз болса, олардың халық кеңесінің басшысы Байбақты Сырымға кеңесші ретінде сайлануы да сондықтан болса керек.

Тарихи оқиғаға құрылған романда тарихи сипаттың басымдығымен бірге «Сырым батыр» жырымен үндес келетін тұстары дамол. Жырда қырық жігітінен айырылған Сырым жауға қарсы жалғыз өзі таң атқаннан қызыл іңір болғанша шайқасып, зеңбіректен оқ тиіп, жараланып, қансырап, есіауып аттан құлап, жығылады. Жау батырды шынжырмен бұғаулап түрмеге қамап тастайды. Бұл оқиғаны батырдың ерлігіне куә болған Нұралыұлы Есім сұлтан әкесіне баяндап бергені белгілі.

Батыр атының өлмейтіндігін, оның есімі қазақ халқымен бірге жасайтындығын ғалымдардың мына пікірі растайды: «XVIII ғасырда болып өткен осынау қайғылы оқиғаны, тарихи дамудың осынау ұзақ жолын, Сырым батыр бастан кешкен шым-шытырық талай алдамшы сәттерді талдай отырып, өжет те алғыр, ақылды да батыр адамның әрекетіндегі көзге неғұрлым айқын ұратын мінез-сипаттары ойға оралады. Ол – Сырымның халқына деген асқан сүйіспеншілігі, халқын сатқан ру басшыларына деген ымырасыздығы, халқының, отанының бостандығы үшін жанын аямай күресуге даярлығы екендігі назар аудартады. Сырым батырдың осындай асыл қасиеттерін заман өшірмек емес. Оның есімі халық бұқарасының санасында тәуелсіздік үшін жүргізілген күрес жылдарында да, одан кейінгі кезеңдерде де сақталып, бостандық жолындағы күресте халыққа дем беріп отырған, халықтың жеңіске деген сенімін арттырған. Сырым батыр қозғалысының өшпес маңызы да міне, осында» [9]

Қорыта айтқанда, Сырым батырдың елі мен жері үшін өз басын өр өлімге тіккенін, белін шешіп аттан түспегенін, ақ патша мен ханға елінің сөзін сөйлегені үшін жақпағанын тарихи құжаттар растап отыр. Мақалада Сырым батырдың беделі ханнан да үстем болғаны «Хан – қарашасымен» екенін еске салса, артында сүйенер халқы болмаған жағдайда ханның да құны көк тиын екендігін анық түсінеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сырым батыр Датұлы. Орал, 1992.
2. Әлбеков Т. Тарихи аңыздар: жад мұрағаты, көшпелі деректер, ауызша тарих // Керуен. – 2016. – №5. – 36-51 б.
3. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 60-том. Астана, 2010. 378-б.
4. Мұқтар Ә.К. Нұралы хан және Сырым батыр. Тарих. Тағдыр. Тұлғалар. Қостанай, 2001. 18-б.
5. Мүсірепов Ғ. Болашаққааманат. Қолжазба // Орталық Ғылыми кітапхана. – Алматы. – 82 б.
6. Отарбаев Р. Айна-ғұмыр. Пьесалар. – Астана: Фолиант, 2013. – 512 б.
7. Мұханбетқалиұлы Қ. Тар кезең. Тарихи роман. Алматы: Мереке, 2012.
8. А.И.Левшин. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы: Санат, 1966. 402 стр.
9. Мұқтар Ә.Қ. Нұралы хан және Сырым батыр. Тарих. Тағдыр. Тұлғалар. Қостанай, 2011.

## КӨШБАСШЫ ТҮЛҒАСЫ: ЗЕРТТЕЛУІ, ҚАЛЫПТАСУ ҚАҒИДАЛАРЫ

**А.С. Қыдыршаев,**  
*М.Өтемісов атындағы БҚУ, п.ғ.д., профессор*  
**А.С. Меңдіғалиева,**  
*М.Өтемісов атындағы БҚУ, магистр*  
**E-mail: [m\\_aigul\\_85@mail.ru](mailto:m_aigul_85@mail.ru)**

Ұ Мақалада көшбасшы, көшбасшылық ұғымдары, олардың зерттелуі туралы баяндалады. Отандық және шетелдік ғалымдардың көшбасшылықты зерттеуге қосқан үлестері, басшылық пен көшбасшылықтың айырмашылықтары талданады. Көшбасшының жоғары бәсекеге қабілетті, дарынды тұлға екендігі сөз етіледі.

**Тірексөздер:** Көшбасшы, көшбасшылық, тұлға, басшылық, көшбасшы қасиеті.

Ұ В данной статье рассмотрены понятия лидера, лидерства, а также раскрыты вопросы их исследования. Проанализированы отечественных и зарубежных ученых в исследование лидерства и разница между понятиями руководства и лидерства. Рассказывается о свойствах конкурентноспособности и талантливости лидера.

**Ключевые слова:** Лидер, лидерство, личность, руководитель, свойства лидера

Ұ The article highlights the concepts of leadership and a leader. The contributions of foreign scientists to the research of leadership and the difference between the concepts of leadership and a leader are analyzed. It is told about the qualities of the competitiveness and talent.

**Key words:** leader, leadership, personality, qualities of the leader

Көшбасшылық - тұлғаның әрекеттерін біріктіру арқылы жеке адамдарға және топтарға әсер ету мүмкіндігі, оларды мақсатқа жету үшін әрекет етуге ынталандыру.

Көшбасшылық - адамдардың өз көзқарастарымен бөлісуіне қарағанда, адамдарға көбірек ие болу өнері. Көшбасшылық – белгілі бір ұйым ішіндегі қабілетті тұлғаның басқа адамдарға әсер ету арқылы басқарудың көрінісі. Мұндағы қабілетті тұлға - көшбасшы. Көшбасшы – ұйымдағы немесе топтағы бірлескен іс-әрекетті біріктіру мақсатында адамдарға ықпал ететін, жаңашылдыққа жетелейтін жоғары қабілетті тұлға. «Көшбасшы» сөзі ағылшын тілінде «leader», «жетекші», «басқарушы» мағыналарын білдіреді.

Елбасының 2013 жылғы «Қазақстан - 2050 стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Мемлекеттің міндеттемесі - азаматтарға олардың іскерлік белсенділігін, жүзеге асыруға барынша мүмкіндік беру... Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғаны қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасауға шығын меңгеруге дайын болуға тиіс... Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтаралуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» - деген болатын [1, 1-3-б.].

Ұлт көшбасшысы еліміздің алдыңғы елдердің қатарында болып, жастардың қазіргі заманғы озық технологияларымен білім алып, қызмететуіне жағдай жасай отырып, оларды көшбасшылыққа бағыттап, жан-жақты мобильді болуға үндейді. Сондай-ақ ол «Тұңғыш Президент және Ұлт Көшбасшысы ретіндегі менің борышым – халқымызды Тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуінен аман алып өту». «Менің бірден-бір қалауым, менің үмітім, егер қаласаңыздар, арманым – шамамның келгенінше, Қазақстан халқына өзін жан-жақты дамыту үшін қалыпты, шынайы, өркениетті жағдай жасауға жәрдемдесу» [2, 29,66-б.б.] деп, халқына үлкен жауапкершілікпен қарап, оның болашағы жолындағы бірегей тұлға, шынайы көшбасшы екендігін аңғарамыз.

Көшбасшылыққа қызығушылық ерте кезден бастауалды. Көшбасшылық құбылысы ғасырлар бойы зерттеушілерді алаңдатпай қоймады. XX ғасырдың алғашқы кезеңінде басқаруды зерттеу басталды. Басқарушылық пен көшбасшылық зерттеудің негізгі нысанына айналды. Өткен ғасырдың 30-50 жылдары жүйелі түрде көптеген ірі масштабтағы зерттеулер қабылданды. Көшбасшылықтың кешенді теориялары қалыптасып, көшбасшының рөлі, қасиеттері туралы зерттеулер жүргізілді. Көшбасшылық, әсіресе, саясаттану, әлеуметтану, педагогика және психология, т.б. ғылымдар саласында кеңірек қарастырылды. Ал 70-жылдардан бастап көшбасшылыққа қызығушылық арта түсіп, бұл туралы зерттеуші-ғалымдар Дж.Мак-Грегор Бернс, Р.Такер, Р.Стогдилл, Р.Болденнің еңбектерінде жарияланды.

Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, А.Яссауи, А.Иүгінеки, М.Қашқаридің, т.б. түркі ғұламаларының да зерттеулерінде көшбасшылық мәселесіне назар аударылған. Көшбасшыға тән ойларында *әділдік, ақылдылық, зеректік, білімділік, кішіпейілділік, еңбекқорлық, төзімділік, қанағатшылдық, қарапайымдылық* секілді тұлғалық сапалармен көшбасшы тұлғасын сипаттап, көшбасшының шынайылығына, адалдығы мен әділдігіне, ізгі ниеттілігіне, қайсарлығына мән берген.

Қазақстанда көшбасшылық мәселесі бойынша саясат тұрғысынан зерттеу жүргізген Б.Т.Есполов, Б.Т.Купшаева, А.М.Рахимжанов, Н.А.Абуева, В.И.Карасев, Б.Аяған, Г.Нұрымбетов, Ә.Н.Нысанбаев, А.Самай және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Елбасымыздың көшбасшылық қасиеттері көптеген еңбектерде зерделенген.

Педагогика ғылымы бойынша отандық ғалымдардан көшбасшылықты зерделеген С.А.Наконечныйдың зерттеуінде болашақ офицерлердің көшбасшылық сапасы сөз етілсе, Б.М.Баймұханбетовтың еңбегінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

С.А.Наконечный әскери ұжымдағы болашақ офицерлердің тиімді көшбасшылыққа дайындығы интегративті кәсіби-тұлғалық білім беру, басқару мен басшылық аясында педагогикалық және психологиялық әлеуметтік білімі мен біліктілігінің болуы, саналы түрде көшбасшылыққа ұмтылуы мен оған қажетті тұлғалық сапалары мен қасиеттерінің қалыптасқандығы, сондай-ақ әлеуметтік байланыстардың дамуы тұрғысында сипатталып, олар өз кезегінде әскери ұжым жалпы топқа ортақ мақсат-міндеттерімен жеке әскери қызметкерлердің қызығушылықтары мен қажеттіліктерін сәйкестендіруі және қызметкерлердің кәсіби-тұлғалық дамуы деп айқындады [3, 49-б.].

Ал Б.М.Баймұханбетов көшбасшылық туралы «Көшбасшы - белгілі бір топты жарқын болашаққа, игі істерге жетелеу мен тәуекелге бел буу және батыл қадам жасауға дайын болу іскерлігіне ие топ мүшесі», «Көшбасшылық - топ мүшелеріне мәнді ықпал ететін, басшылықты қолына алатын, тұлғалық бағалауға, өзгеріс жасауға бейімді әлеуметтік психологиялық құбылыс» деп анықтама берген [4, 64-б.].

А.Н.Омарқожаева әр түрлі кезеңде зерттелген көшбасшылық қасиеттерінің теорияларын 1-кестеде көрсетілгендей алты топқа жіктеді [5, 16-б.].

### 1-кесте Көшбасшылық теориясының эволюциясы

Теориялар	Сипаттама
<b>Ұлы теориялар</b>	Бұл көшбасшылық туралы алғашқы тұжырымдар. Ғалымдардың алғашқы зерттеулерінде көшбасшыға (әсіресе ер адам) сәби кезінен дарыған «батырлық» мінезі адамдарға үстемдік етуге мүмкіндік береді деп есептелген. Ұйымдарда, әлеуметтік және діни қозғалыстарда, билікте, әскерде өзінің туа біткен қасиетінің арқасында адамдардың басын біріктіріп, оларға үстемдік жүргізе алатын көшбасшы «ұлы адам» деп саналған.
<b>Тұлғалық сипаттамалар теориялары</b>	Көшбасшыны қалыптастыратын тұлғалық қасиеттерге көңіл бөліне бастады. 1920 жылдардан бастап ғалымдар көшбасшыны қарапайым адамдардан ерекшелейтін айрықша қасиеттерге (мәселен, жоғары зияткерлік немесе ерекше күш-қуат) ие болатындығын анықтауға тырысты. «Ерекше» қасиеттерді ертерек анықтап алу және дамыту келешекте көшбасшыны қалыптастыруда, тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын болжады. Бұл бағыттағы зерттеулерге қызығушылық қазірдің өзінде зор маңызға ие.
<b>Тәртіп теориялары</b>	Көшбасшыларға тән айрықша белгілерді анықтаудағы сәтсіздіктерінен кейін ғалымдар 1950 жылдардың басынан көшбасшылардың іс- әрекеттерін асқан ұқыптылықпен зерделеп, зерттей бастады. Зерттеулердің бір бағыты ұйымдардағы көшбасшылардың қызметтеріне, атап айтсақ, олардың қандай рөл атқаратындығына, өзіне қандай жауапкершілік жүктейтініне және басқарудың қандай қызметтерін жүзеге асыратынына зейін қоя бастады. Бұл зерттеулер барысында көшбасшының тиімді және тиімсіз тәртіптерінің айырмашылықтарын айқындауға тырысты. Қарым-қатынас жасау стильдері мен көшбасшының топпен қатынас жасау әрекеттері қарастырылды.
<b>Жағдайлық теориялар</b>	Көшбасшылықтың тиімділігіне әсер ететін контекстік және жағдаяттық өзгерістер зерттеле бастады. Мұндағы негізгі идея - көшбасшылар жағдаятты бағалап, өз әрекеттерін жағдайға сай бейімдей алу. Жағдаяттық өзгерістердің маңыздысы қоршаған ортаға сәйкес анықталады.
<b>Ықпал теориялары</b>	<i>ету</i> Бұл теория көшбасшы мен оның тобының бір-біріне қалай ықпал ететіні туралы үйретеді. Зерттеу орталығында харизматикалық көшбасшы тұрды, оның өкілеттілігі ресми емес, жеке қасиеттерге негізделген. Бұл теория шеңберінде өзгеріске әкелуге негізделген көріністің қалыптасуы (болашақ бейнесі) дамытыла бастады.
<b>Өзара қатынас теориялары</b>	<i>қарым-</i> 1970 жылдардың соңынан бастап көшбасшылық идеялары көшбасшы мен оның топтарының өзара қарым-қатынасы, олардың бір-біріне ықпалымен байланыстырылды. Бұл теорияларда көшбасшының іс- әрекеті ғана емес, сонымен қатар олардың барлық қатысушыларын байланыстыратын қарым-қатынас орнату үрдісі және жалпыға ортақ мақсаттарға жетуге үлес

	қосуға мүмкіндік беретіні қарастырылады. Тұлғааралық қарым-қатынастар - көшбасшының тиімділігінің негізгі факторы. Осы топтың теорияларының бірі трансформациялық көшбасшылықты сипаттайды.
--	---

Бірқатар ғалымдардың көшбасшылық мәселесін зерттеулері басшы, басшылық, басқару ұғымдарымен байланыстыра қарастырылады. Дегенмен басшылық пен көшбасшылық ұғымдарының өзіндік ерекшеліктері бар. Басшыдан айырмашылығы көшбасшы бейресми тағайындалады. Оған заңды түрде жауапкершілік жүктелмейді. Зерттеу барысында олардың құрылымдары мен қызмет жағдайлары, қасиет-сапалары салыстырыла келіп, ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталады.

Басқару-менеджер, көшбасшылық мәселелерін зерттеуші, американ ғалымы Джон Коттер өз зерттеулерінде жүйелі тәжірибелік жұмыстар жүргізіп, табысты көшбасшылықтың сипаттамасын айқындады. Коттер басшылық пен көшбасшылықтың негізгі айырмашылықтарын көрсететін төмендегідей (2-кестеде) 4 критерийді ұсынды [6].

#### 2-кесте

Басшылық пен көшбасшылықтың негізгі айырмашылықтары		
Критерийлер	Көшбасшы	Басшы
<i>Күн тәртібінің қойылуы</i>	Бағытты анықтау: болашаққа көзқарас, мақсаттарға қол жеткізу үшін өзгеру стратегиясын құру	Жоспарлау және бюджет: жоспарларды жүзеге асыру және ресурстарды бөлу кестесін анықтау
<i>Адамдарды дамыту</i>	Адамдардың үйлесімділігі: ортақ көзқарас пен жалпы стратегияны қалыптастыру	Ұйымдастыру және штаттық кесте: ұйымдық құрылымды анықтау, қызметкерлерді бөлу, саясатты әзірлеу, процедураларды бақылау
<i>Орындалу</i>	Мотивация және шабыт: адамдарды кедергілерден арылтуға, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға ынталандыру	Бақылау және мәселелерді шешу: жоспарларды іске асыруда және түзетушараларын қабылдауда кедергілерді бақылау
<i>Нәтижелер</i>	Оң да күрделі өзгерістер	Тәртіп, дәйектілік және жасау болжамдылықты жүзеге асыру

Белгілі итальяндық ғалым-психолог, онтопсихология мектебінің негізін қалаушы Антонио Менегетти көшбасшы мәселесіне баса назар аударған. Оның пікірінше, көшбасшы болу үшін білім беру мен мәдениеттің, өмірлік тәжірибе мен кәсібиліктің тиісті деңгейлеріне жетуі тиіс. Менегетти өз зерттеуінде менеджер, кәсіпкер, көшбасшы терминдеріне анықтама береді. **Менеджер** - әрекет арқылы маневр жасайтын тұлға. «Менеджер» сөзі ағылшын тілінен енген, алайда этимологиялық жағынан латынның «manus agere», «manibus agere» сөздері «қолмен жасау» мағынасын білдіреді. Бұл термин арқылы экономикалық сала менеджері ретінде нысандарды, заттар мен жағдайларды басқарып, оларды ақшаға айналдыратын тұлғаны таниды. Мұны жалпы да, жеке де қарастыруға болады. **Кәсіпкер** «іскер адам», «жұмыс басты адам» ретінде танылады. Оны «экономикалық пайда операторы» тұрғысында анықтайды. Менеджер мен кәсіпкердің айырмашылығы мынада, менеджердің экономикалық қызығушылығы үнемі табыс әкелуге бағытталмаған болса, кәсіпкер тек пайда үшін ғана әрекет етеді. **Көшбасшы** - бақылаушы әрекеттер мен қатынастардың контекстерін синтездеуге қабілетті тұлға. Бұл - қарым- қатынас пен қызметтер жиынтығының операциялық орталығы. Көшбасшы ұғымын анықтаудағы нақты термин - «иерарх». Бұл латын тілінен аударғанда «гего» - «жасау». «басқару» мағыналарын береді. Шын мәнінде, ол иерарх қызметтерін атқарады: әрдайым нақты мақсаттарға сәйкес оларды құрастырады, бақылайды, дамытады, басқарады. «Операциялық орталық» түсінігі өзгелерден жоғары тұрып, оларды бағындыру емес, белгілі бір мақсатқа жету үшін ақыл-парасаттылығымен қызмет ететін тұлға. Көшбасшы жетістіктерге жете отырып, табыс көзін таба келе, қарым-қатынасты өте жақсы қалыптастыра алады [7, 22-23-бб.].

Ғалым Б.Д.Парыгин көшбасшылықты зерттеу барысында көшбасшылық пен басшылықтың айырмашылықтарын нақтылай түседі. Аталған ұғымдарға сипаттама береді (3-кесте) [8, 59-б.].

#### 3-кесте

Көшбасшылық	Басшылық
Көшбасшы тұлға топтағы тұлғааралық қатынасты реттеуді жүзеге асырушы	Басшы тұлға өзге әлеуметтік ұйымдар секілді ұйымдағы ресми қатынасты жүзеге асырушы
Көшбасшылықты микроорта жағдайында шоғырландыруға болады	Басшылық макроорта элементі саналады
Көшбасшылық жаймен, жүре пайда болады	Басшылық ресми түрде әлеуметтік топтарға сайланады не сайлайды
Көшбасшылық тұрақты, көшбасшының	Басшылықтың ұстанымы тұрақтылау, ресми

ұстанымы ұйым не топтағы психологиялық көңіл-күйге байланысты тәуелді	көрініске ие, ережелерге сүйенеді, кейбір жағдайларда көшбасшы секілді шешім қабылдайды
Көшбасшылықтың қызметтік шеңбері сол топтың шеңберінде жүреді	Басшылықтың қызметтік шеңбері кең ауқымды, әлеуметтік ортасы шағын әрі кеңірек топта да жүреді

Көшбасшы болу кенеттен болмайды. Көшбасшылық тәжірибе жинақтау нәтижесінде дамиды, сондай-ақ көшбасшылықты оқып-үйрену мен зерделеу үздіксіз жүріп отыратын үрдіс. Зерттеушілер көшбасшылықты меңгерудің тиімді жолы қызмет пен жеке тұлғаның бір-бірімен өзара әрекеттестік тәжірибесі арқылы жүретінін айтады. Алайда бұл үшін тұлғааралық қатынастар жеткілікті дамып, ұйымдық ортаның ашық және жеке тұлғаның әлеуметтік дамуы мен көшбасшылық әлеуетін арттыруына мүмкіндік берілуі керек[8,44-б.].

Сонымен қатар көшбасшының аса дарындылығы мен айрықша қабілеттілігі оның сөйлеу мәдениеті, яғни шешендігімен толық сипатталады. Көшбасшы болу үшін шешендік өнерге бай, сөйлеу мәдениеті жоғары, жауапкершілігі мол, білімді, зерделі, мақсатқа ұмтылатын, жұмысқа қабілетті, қолынан іс келетін, ынтымақтастықта әрекет ететін тұлға болуы керек.

Шешендік - көшбасшы тұлға көркі. Шешендік - дарындылық, ол тілі ғана емес, ойы да жүйрік кісілерге, тілдік сезімі күшті адамдарға тән қасиет. Шешендік - сөйлеген сөзге тыңдаушылардың ешбір қиналыссыз құлақ қоюы ғана емес, сондай-ақ айтылған мәселеге ерекше ынта-ықылас танытып, тақырып байыбына терең бойлауға ұмтылысының оянуына түрткі боларлықтай сөз екшей білу өнері. Шешендік тыңдаушылардың жан-сезім сөзінің әдемілігімен, образдарының әлемін жарқындылығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгілі жандардың, ұлағатты кітаптардың тағылым-тәрбиесі, өз дүние-танымыңның нәтижесі. Шешендік - тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы. Шешендік өнер - қай заманда, қандай қоғамда болса да, қауымға, көпшілікке үлкен әсер ететін, оның санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытатын қуатты құрал, күні бүгінге дейін құдіретін, қасиетін жоймаған өнер [ 9, 187-б.].

Көшбасшылыққа тән қазақ шешендік өнерінің тарихи тармақтары сан қатпарлы. Ұлттық шешендік өнерінің тарамдарын білу - бүгінде ұтқыр ойлы, шешен тілді көшбасшы ұрпақ тәрбиелеудің кепілі. Халқымыздың сөйлеу өнеріне қай кезеңде де ерекше мән бергені аян. Ал қазіргі таңда тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті тұлғаларға қоғам қажетсінуі айқын аңғарылуда. Қайта оралған «тиімді коммуникация жағдайы мен формасының құралы» шешендіктану ғылымы қоғамдағы сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеру мен көшбасшы шешен тұлғаларды баулу, қалыптастыру мәселесін шешу жолдарын ұсынуы тиіс [ 10, 27-б.].

Демек, жоғарыда айтылғандардан көшбасшы қабілетінің жоғары деңгейде екенін аңғарамыз. Көшбасшылықтың зерттелуінде көшбасшының қадамы нақты, мақсаты айқын, белсенді, іскер, шешен тұлға екендігі баса айтылады. Көшбасшының қоғамдық идеяны жүргізуге қабілеті қарқынды, ұжымдық әрекетті ұйымдастыруы мығым, әсіресе, сөйлеу мәдениеті жоғары болуы тиіс. Шешендік қабілетті бойына дарыта білген, ауызекі сөйлеу мен жазба тіл мәдениетін асқан сауаттылықпен жүзеге асыру кез келген саланың білімді де білікті заманауи көшбасшыларының қолынан келмек.

Сонымен көшбасшылық - адамның көзқарасын кеңірек дәрежеге дейін көтеру, адам қызметінің әсерін жоғары стандарттар деңгейіне жеткізу, сондай-ақ оны шектейтін әдеттегі шектеулерден тыс тұлғаны қалыптастыру қабілеті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдау//Егемен Қазақстан. -2013, 28 ақпан.
2. Назарбаев Н.Ә. Ақыл-парасат кітабы. - Алматы, RS; Халықаралық Абай 2015. - 316 б.
3. Наконечный С.А. Формирование лидерских качеств будущих офицеров: дис. канд. пед. наук. -Алматы, 2009. - 178 с.
4. Баймұханбетов Б.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын арттыру: PhD дис. -Алматы, 2014. 159 б. клубы,
5. Омаркожаева А.Н. Лидерство организации. Учебное пособие. «Экономика», 2009. - 132 с.
6. Kotter J.P. Leading Change. - Boston, MA: Harvard Business School Press, P.15.
7. Менегетти А. Психология лидера, Изд. 4-е. «Онтотпсихология», 2006. - 272 с.

8. Руководство и лидерство. (Опыт социально-психологического исследования). Сборник научных трудов. Под ред. Б.Д.Парыгина. Ленинград, 1973.

9. Қыдыршаев А.С., Қыдыршаев О.А., Меңдіғалиева А.С. Шешендік - көшбасшылық негізі // «Иванов оқулары - 2016». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Орал, 2016. - 187-192 - б.б.

10. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. - Орал, 2014. - 208 б. - Алматы, 1996.

11. Трамп Д., Макивер М. Лидерство. Золотые правила Дональда Трампа. - М. Эксмо, 2013. - 224 с.

ӘОЖ 82:316.3

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҰСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ШЕШЕНДІКТАНУ ӨКІЛДЕРІ

Э.Халиуллина

Орал қаласы, №49 ЖОББМ

**Аңдатпа:** Қазақ хандығы тұсында дипломатия тарихында бірқатар белгілі тұлғалар бар. Бірқатар би, шешендер өз тілінің жүйріктігі мен көрегендік, ақыл-парасаттылығының арқасында елімізге төнген қауіптерді сейілтіп, тілімен талай түйінді мәселелерді шешіп отырған. Сонымен қорыта келгенде, шешендік өнерді саяси-әлеуметтік феномен ретіндегі бітімін тану қазақтың әлеуметтік болмысын танумен сәйкес келеді.

**Аннотация:** В истории дипломатии при Казахском ханстве есть ряд известных личностей. Ряд танцоров, чеченцев, благодаря беглости своего языка, дальновидности, здравому смыслу, развеяли угрозы нашей стране, решали множество узловых вопросов с языком. Таким образом, признание ораторского искусства как политико-социального феномена совпадает с признанием казахской социальной идентичности.

**Abstract:** There are a number of famous personalities in the history of diplomacy under the Kazakh Khanate. A number of Chechen dancers, thanks to the fluency of their language, foresight, common sense, dispelled threats to our country, solved many key issues with the language. Thus, the recognition of oratory as a political and social phenomenon coincides with the recognition of the Kazakh social identity.

Әлеуметтік құбылыс ретінде шешендік өнердің пайда болуы мен дүниеге келуінің объективті негізі – көпшілікпен талқылаудың керектігі және қоғамдық маңызы бар түйткілді мәселелерді шешу болып саналады. Шешендіктің ең көне түрлерінің бірі – дипломатиялық шешендік болып табылады. Неліктен «солай аталады» десек, олай болу себебі, дипломаттардың сөзіне қатысты стереотип қалыптасқан, оны француз дипломаты Талейранның көпке кеңінен мәлім сөзімен түсіндіруге болады: «Дипломатқа тіл өзінің ойларын жасыру үшін берілген»[1; 76.]

Қазақ дипломатиясының тарихы тым әріде жатыр. Берісі Абылай хан, әрісі қазақ ордасын құрған хандар дәуірінде де қазақтың өз шешендік дипломатиясы болған. Қазақ халық болып қалыптасқаннан бастап көршілес мемлекеттермен әрдайым тығыз байланыста болған. Соның барлығы дипломатия арқылы, нақтырақ айтсақ шешен дипломатияның арқасында болған құбылыс. Ежелгі дипломатия мен қазіргі дипломатияны салыстырып қарасақ тілдік табиғаты жағынан бұрынғы заманда елді аузына қаратқан би-шешендер мен жыраулар дау шешу, сөзге сендіріп, тоқтау айтып, байлам жасап, мәмілеге келтіріп, ішкі сыртқы мәселелерді бірауыздан қабылдап жүйелеп отырған. Олардың негізі Жеті жарғы, Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы сияқты заңдарға жүгінсе, би-шешендер көмейден шыққан асыл сөздерін дипломатияда онынан қолданған. Шешендік дипломатия ойдың ұшқырлығына, жүйріктігіне, жан-жақты парасаттылығына, тілдің әсерлі, эмоционалды, қоғамға өтімділігі, сендіре алуына тығыз байланысты. Сондықтан сол кездегі шешендердің шешендік дипломатиялық тілі – олардың ақыл-өсиеті болып саналады.

Қазақтың атақты билері: Төле, Қазыбек, Әйтеке билерден қалған сөз мәйектері әлі күнге дейін өз бағасын жоғалтқан емес. Олардың заманында Ахмет Байтұрсынов айтқандай: «әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін емдейтін дәрі еді». Қазақ әдебиетінде сөз болып жүрген мал дауы, жер дауы, жесір дауына кесімді билік айтып, «тәлмен түйіп, тіспен шеше алмас» тұжырымдар жасаған.

Елдің әдет заңына жетік, халқымыздың байырғы мәдениеті мен әдебиетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін тереңінен үйренген, сөз зергерлері қазақ хандығы тұсында ел ішіндегі және сыртындағы болып жатқан мәселелерге кеңінен араласқан. Үлгілі, ғибратты, өнегелі сөздерін ел тағдырымен, халықтың мүддесімен, мемлекеттің мақсатымен байланыстырып айтқан ірі билердің қоғамда



алатын орны ерекше еді. Білікті билігімен қара қылды қақ жарған тура би аталған тұлғалардың мемлекеттегі басты адамға айналуы билер дәуірінің саяси әлеуметтік ерекшеліктерімен байланысты. Жәнібек ханның тұсындағы Асан би, Тоқтамыс хан тұсындағы Едіге би, Тәуке хан тұсындағы Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би осындай шешендік өнерінің шырқау шегіне шыққан, атақ даңқы бүкіл елге мәлім болған кісілер еді. Билердің айтқан тоқтамына хан да қарсы шықпаған. Бидің бүкіл халықтық маңызы бар билігіне құлақ аспаған кей хандардан қадір кетіп, қасиет қашқан жағдайлар да орын алған. Сәкен Сейфуллин билер сөздері туралы еңбегінде елдің байырғы тұрмыс-тіршілігін екселіп, сұрыпталып шыққан қорытынды, түйінді сөздерін, заңдарын, шежіресін, салт-дәстүр ережесін, сана, тәрбие нақылдарын, үлгі-өнегелерін өзгелерден артық білген адам және өзі де өнегелі сөздерді жанына айта білген адамның сол елге айрықша қадірлі болғанын атап көрсетеді. Бұл пікірде үлкен шындық қоғамның әлеуметтік өмірінің ақиқат заңдылықтары көрініс тапқан. Сонымен қатар, автор елдің жаугершілік жағдайында жастарға үлгі қылатыны соғыс майданында жауды мұқататын батыр болса, жайшылықта үлгі қылатыны тіл майданында «дұспанға» сөз жібермеген шешен би болғанын атап өтеді[2; 64б].

Енді қазақ би-шешен, жырауларының қазақ хандығы тұсында хандарға ақыл беретін кеңесші ретінде де, көршілес елдермен қарым-қатынасында сенімді серігі бола білгені жөнінде ойыса түссек.

Ақтамберді жырауды алатын болсақ, ол тек қана жырау емес, сонымен бірге оның елшілік және дипломатиялық қабілеттерінің болғаны да өз алдына бір тақырып. 1742 жылы Орта жүз ру басшыларының Орынборда ант беру жиналысында өкіл болып, Абылай ханның бастамасымен бірнеше дипломатиялық істерге араласты. Ақтамберді Қазақ хандығының сырт елдермен жасасқан көршілік істеріне де араласып, онда бірнеше даулы мәселелерді шешуде түрлі нәтижелерге қол жеткізген. Солардың ішінде Қытаймен арада орын алған түрлі мәселелер, ең негізгілеріне шекара асқан қазақтарды қытайлықтардың тұтқындап, малын тартып алуы және соның шешуі жатады. 18 ғасырда Ақтамбердімен қарайлас өмір сүрген Үмбетей жыраудың «Ей, Ақтамберді, Қабанбай» деп басталатын шағын толғауына назар аударып көрелік. Бұл толғаудың мазмұнынан Ақтамберді жыраудың өр мінезді батырлығы және ел арасындағы сан алуан дауларға араласып жүрген мәмілегер би болғанын да аңғаруға болады. Және осы толғауда Ақтамбердінің белгілі бір дауда көрсеткен шешендігі туралы айтылғаны хақ. Ақтамберді өзі шешкен дауларына қанық жауап алмаса, көңілі тыншымай жән кез келген дауға ақырып, қатты серпінмен кірісетін болған екен[3; 225б].

Бәрімізге мәлім

«Біз қазақ деген мал баққан елміз

Ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз,

Елімізден құт береке қаашпасын деп,

Жеріміздің шетін жау баспасын деп

Найзасына жылқының қылын таққан елміз.

Дұшпан басынбаған елміз,

Басымыздан сөз асырмаған елміз

Досымызды сақтай білген елміз,

Дәм тұзын ақпай білген елміз,

Бірақ, асқақтаған хан болса,

Хан Ордасын таптай білген елміз.

Сен темір болсаң, біз – көмір, еріткелі келгенбіз

Қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз,

Танымайтын жат елге, танысқалы келгенбіз,

Танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз,

Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз,

Тұтқыр сары желімбіз, жабысады келгенбіз,

Бітім берсең жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт»[5; 16б.] - деген қанатты сөзді айтып кеткен Қаз дауысты Қазыбек биге қатысты қазірде айтылып, жазылым һәм зерттеліп жүрген мәліметтерге сүйенсек, ол тек қана би емес, сонымен қатар бітімгер, дипломат болғанын да анық аңғаруға болады. Ел ауызындағы әңгімелерге сүйенсек, Қазыбек би бұл толғауды 18 жасында айтқан көрінеді деген пікірлер көп. Бірақ осыншама мағыналы, дәл сипаттамалы, оқыған адамды терең мағынасымен жаулап алатын жырды Қазыбек би 78 жасында, 1743 жылы Қалдан Серен қолынан Абылай ханды босатып алу үшін барғанда айтылды деген шешімге келуге болады. Бұл ондаған жылдарға созылған қазақ-қалмақ жаугершілігін ауыздықтайтын, екі елдің бейбіт қарым-қатынасын бастап берген кездесу болды.

Кіші жүзде билік құрған Әйтеке би: ішкі жанжалдарды шешуге көмектесіп, билердің дауларын татуластырып, әскери басшыларға құнды кеңестер берген. Оның қызметі көптеген тайпаларға және қанды қақтығыстар көмектесті.

Ол Қазақ хандығының таяу және алыс елдермен қарым-қатынасындағы саяси мәселелер шешілген кезде сот функцияларын атқарды. Кіші жүздің басшысы ретінде Әйтеке би дипломатиялық істермен айналысты — Қырғызстанның руларымен және қауымдарымен, Қарақалпақ қауымдарымен байланысты дамытты, Ресеймен сауда байланыстарын орнатты.

Әйтеке би қазақ жерін біріктіруді және соғысқа қабілетті армия құруды жақтаушы болған. Тәуке ханмен бірге Жоңғар басқыншыларына қарсы күрес ұйымдастырды. Әйтеке би қазақ тайпалары мен ауылдарының бірігуі үшін жұмыс істеді. Ол үшін заңнамалық және құқықтық жүйелерді өзгерту қажет болды. Тәуке ханмен бірге Әйтеке би "Жеті жарғы" заңдар жинағын әзірлейді.

Түркістанда өткен үлкен жиында мынадай ұсыныстар жасайды: 1) Ресеймен, Қытаймен одақ жасаудың ешбір қисыны жоқ. Олардың көксемі — терезесі тең одақ емес, қазақтарды қайткенде де бодан елге айналдыру. 2) Мал-мүлікті аямайық. 3) Бүкіл қазақ жасағы бір қолбасшыға бағынсын. 4) қолбасшы қарадан шыққан адам болсын. Әйтеке би осындай және бұдан өзге де ұсыныстарын ел басқарған билер қолдағанымен, сұлтан-төрелер мен бай-бағыландар құрсы шығып қолдамайды. Қайткен күннің өзінде де Әйтеке би дипломатиялық, шешендік өнерімен халқын аман-есен сақтап қалған [6; 82].

"Қан үшін қан" ережесін тиісті жазалау шаралары алмастырды. Бұл қазақ жерінде бейбітшілік орнатуға септігін тигізді, басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынастарды дамытуға көмектесті. Әйтеке би Тәуке ханның оң қолы болған. Ұлы хан қазақ қауымдары мен ауылдарының мүдделерін қорғады, жерлерді біріктіруді жақтады. Тәуке ханның басты еңбегі — қанды өзара тартыс, билік үшін үнемі күрес кезінде Қазақстанның барлық халықтарының бірігуі болып табылады. Тәуке хан бытыраңқы жерлерді заңдар мен Конституциямен біртұтас мемлекетке біріктіру үшін көп жұмыс жасады. Бұл ойраттармен және орыстармен сыртқы саяси қатынастардағы тепе-теңдікті нығайтты, халықты біріктіруге және жоңғар жаулап алушыларының шабуылына тойтарыс беруге көмектесті. Әйтеке бидің ақылды кеңестері ханға осы мақсатқа жетуге көмектесті.

Әйтеке би өмір бойы туған халқының бірлігі мен ұлттық тәуелсіздігі үшін күресті. Әйтеке би даналығы мен көрегендігінің арқасында үлкен құрмет пен сыйға ие болды. Оның кеңестерін ауылдар мен тайпалардың басшылары, әскер командирлері бағалады. Ол елдер арасындағы дипломатиялық қатынастарды дамытты. Ұлы бидің барлық осы жетістіктері ұрпақтарының есінде [4].

Қорыта келгенде, Оның саяси-әлеуметтік мәні мен мазмұны неде дейтін болсақ, біріншіден, қазақ халқының әлеуметтік-саяси бітіміндегі тұтастығы мен тәуелсіздігінде дейтін дүниетанымда, әлеуметтік тіршіліктің тұрақтылығы мен тұтастығын идеал еткен танымда. Екіншіден, әлеумет тұтастығын адам болмысының ішкі рухани үйлесімділігімен өлшеген ұстанымда. Осыған байланысты шешендік әлемі әлеуметтік жүйенің тұтастығын сақтау үшін тек кем-кетікті сынау ғана жеткіліксіз екендіктің үлгісін көрсетеді. Әлеуметтік тұтастанудың, оның әр мүшесіне татулықты міндеттеу, үлгі-өнеге ету арқылы болатындығын көрсетеді. Үшіншіден, шешендікті танудың әлеуметтік мәні қазақ қауымының бітім-болмысына лайық қоғамдық сана мен танымды қалыптастыруында, белгілі бір құндылықтар жүйесін жасауында.

Сондықтан, ертеңге ортақ үмітпен қараған, міне, сол дала қайраткерлері болғандардың бірі әрі бірегейі — ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы Қазақ хандығы билері десек артық айтпағандық. Олар, адам құдыреті, жалпылап алғанда келешекте қандай да бір айтулы игілікке жетуге деген қолында жеке құралдары бар күш болғаны анық. Бұл тақырып келешекте өзінше жеке дара дербес зерттеу нысаны болатынына сеніміміз зор. Өйткені бұл Ұлы даланың таптырмас қырларының бірегейі болмақ

#### **Пайданған әдебиеттер тізімі:**

1. Бөрібаева С. Дипломаттың іскери сөйлеу мәдениеті. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 183 бет.
2. С. Сейфуллин шығармалар жинағы, 6 томдық – Алматы, 1964 ж.
3. Шығыс шайырлары: Бес томдық. - Күмісбаев Ә./ Алматы: РПБК «Дәуір» 2015. 3 том – 452бет.
4. <https://massaget.kz/blogs/28570/>
5. «Билер сөзі». – Алматы, 1992 ж.
6. Журсова А.Ш., Мырзабаева Б.М. Дипломатия тарихы Оқу құралы, – Орал: 2019. – 167 б.

## ТВОРЧЕСТВО АЛЬ-ФАРАБИ ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ «МЕТАФИЗИКИ» АРИСТОТЕЛЯ

Мулдашева Г.Б.

*к.филол. н., доцент Западно-Казахстанского университета имени М.Утемисова*

**Метафизика** - термин, использованный систематизатором сочинений Аристотеля Андроником Родосским (I в до н. э.) для обозначения одним названием группы трактатов, лекций и заметок великого философа, объединенных одной тематикой - «бытия самом по себе» и определенным в классификационном перечне как идущим за физикой.

«**Метафизика**» Аристотеля относительно всех его других сочинений представляет собой собственно философское сочинение, и именно ее Стагирит называет «**первой философией**», или «**божественной**». Последнее определение не сводится к тому, что предметом «**Метафизики**» являются «**Бог**» и «**божественные предметы**», хотя они иногда и отождествляются с «учением о божественном», то есть теологии [1, 182]. В отличие от «**учения о божественном**» предметом «**Метафизики**» является не столько Бог и метафизические сущности, сколько «**само по себе сущее**», «**сущее вообще**», «**просто сущее**», «**сущее как таковое**». Аристотель делает попытку разобраться в «сущем» и уточнить его понятие. Согласно его определению, «**первая философия**» изучает начала и причины всего сущего, которые характеризуются им как «**первые начала**» и «**высшие причины**». Такое понимание предмета философии гораздо шире, чем метафизическое, поскольку «в самой постановке вопроса предполагается, что в качестве таковых начал должны оказаться не только сверхчувственные, неподвижные, вечные сущности, но и материя, ведь Бог лишь одно из начал» [5, 31]. Именно поэтому «**Метафизика**» Аристотеля не имеет ничего общего с «**теологией откровения**», о чем впоследствии, много веков спустя, хорошо скажет Абу Наср аль-Фараби: «... Многие люди имеют о ней («**Метафизике**» Аристотеля) -К.Х.) предвзятое мнение, считая, что смысл и содержание этого труда заключается, якобы, лишь в том, что в нем излагаются только учение о Создателе, Разуме, Душе и обо всем том, что к ним относится», и «что учение метафизики и учение о единстве Бога - одно и то же». Он также утверждает, что «большинство людей, рассуждающих таким образом, заблуждаются и сбились с правильного пути» [3, 333].

Подобное рассуждение Абу Насра о «**Метафизике**» Аристотеля мы находим в его трактате «О целях Аристотеля в «**Метафизике**», где он, обосновывая сказанное им о «**Метафизике**», подтверждает свои мысли тем, что называет метафизику универсальной наукой, более абстрагированной, чем физика. Объектами исследования универсальной науки являются присущие всему сущему бытие, его начало и причины, его единство и множество, его виды и связи, принципы его существования и т.д.

В названном выше трактате аль-Фараби кратко излагает цели, преследуемые Аристотелем в его «**Метафизике**». Они сводятся к следующему. Аристотель, рассматривая отдельные причины бытия, приходит в конце концов к мысли о том, что все они ведут к Первой Причине и завершаются ею. Далее Аристотелем преследуется цель показать имеющиеся различия между тремя теоретическими науками: физикой, математикой и теологией. Теологии дается определение: она относится к метафизике и сродни с ней, поскольку обе они рассматривают «сущность, о которой говорят, что она существует и является сущностью по своей сути, а не по случайному признаку» [3, 339].

Однако между метафизикой и физикой, а также математическими науками, к коим аль-Фараби относит арифметику, геометрию, астрономию, музыку, имеется большое различие. Аль-Фараби метафизику, как уже было сказано выше, называет универсальной наукой, рассматривающей все сущее. Те же отрасли наук, которые в классификационном перечне Абу Насра предшествуют метафизике, называются им частными, предметом исследования которых являются единичные вещи: единичные сущие и единичные высказывания - в физике тело в его движении, изменении и покое, в геометрии различные объемы и существующие между ними отношения, в арифметике числа и различные операции с ними. И ни одна из частных наук не исследует то, что относится ко всему сущему. Следовательно, универсальная наука, метафизика, и частные науки различаются своими предметами исследования. «**Универсальная наука, - говорит аль-Фараби, - может быть только одна, так как если бы их было две, то каждая из них должна была бы иметь отдельный предмет исследования и не охватывать предмет какой-либо другой науки, то есть являться частной. В этом случае обе эти науки были бы частными, а это вызвало бы противоречие. Таким образом, универсальная наука только одна**» [2, 336]. Аль-Фараби

анализирует разбросанные по всей книге рассуждения Аристотеля по тем философским категориям, которые имеют непосредственное и опосредованное отношение к главной метафизической проблеме - проблеме **«сущего как такового»**.

Итак, как уже было сказано выше, предметом метафизики является сущее как таковое, или само по себе сущее. Сущее не есть категория, но оно имеет отношение ко всем категориям, они сопутствуют ему, одни из них как бы представляя его **«виды»**, - это субстанция, количество, качество, другие как сопутствующие ему вещи, которым случается быть у него, например, необходимое и возможное, потенциальное и актуальное, единое и многое.

В трактате «О целях Аристотеля в **«Метафизике»** Абу Наср обращает внимание на критику Аристотелем учения Платона об «идеях» как о самобытных сущностях, отделенных от мира чувственных вещей. Он замечает, что Аристотель противопоставляет учению Платона свое учение об отношении чувственных вещей к понятиям. Учение Аристотеля об отношении между понятиями и чувственным бытием сводится к тому, что бытие как предмет познания воспринимается через понятие.

Другим сочинением, в котором аль-Фараби излагает метафизику, безусловно восходящую к Стагириту, является **«Классификация наук»**. Здесь способ подачи материала несколько иной, поскольку Абу Насром преследуется иная цель: в основном, опираясь на классифицирующий перечень Аристотеля, наш мыслитель берется перечислить и описать известные его исторической эпохе науки. Один раздел трактата посвящен физике и метафизике, соответственно - науке естественной и науке божественной. Здесь наш мыслитель еще более кратко и сжато, чем в предыдущем трактате, объясняет содержание **«Метафизики»** Аристотеля, разделив ее по тематике на три подраздела. В первом подразделе рассматриваются «существующие предметы и вещи, которые случаются с ними, поскольку они являются существующими предметами» /2,172/. Второй подраздел изучает теоретические основы доказательств частных наук. Здесь же «перечисляются порочные гипотезы древних об основах этих наук /2,173/. Третий подраздел изучает «существующие нематериальные предметы, которые не суть тела и телами не обладают» /2,173/.

Рассматривая метафизическую иерархию Бытия, аль-Фараби приходит к Началу начал, а это Первый Сущий, образ которого имеет общие черты с коранической идеей Бога: Он един, Он же Первый, Он - самый древний, абсолютно единственный, Он - Истина, Он - совершенство и совершеннее Его не может быть ничего, и ничего не может обладать той же степенью бытия. И аль-Фараби убеждает читателя в том, что метафизика способна опровергнуть порочные и ложные мнения о Единосущем как о Сущем, имеющим недостатки. Опровержение таких мнений происходит путем доказательств, методы которых берутся из различных силлогистических искусств, а иногда и частных наук.

Тема Первого Сущего продолжает развиваться и в трактате Абу Насра «О взглядах жителей добродетельного города». Причем трактат начинается с рассмотрения вопроса о Первом Сущем. С чем это связано? По-видимому с тем, что логическая последовательность рассуждений мыслителя о социуме, его структуре, его физических и нравственных характеристиках, его конечного положения в цепи мироздания и иерархии бытия предполагает того, кто стоит у истоков этого бытия, кто является причиной наличия всего существующего.

Первая глава трактата так и называется - **«О Первом Сущем»**. И о Нем говорится как то, что Он есть «первопричина существования всех существ в целом. Его существование совершенно и предшествует в бытии всему прочему, нет ничего совершеннее Его, и ничто не может предшествовать Ему. При этом Его существование добродетельно и совершенно в самых высших степенях /2, 203/. Необходимо отметить, что при наличии сходных черт между абстрактным богом философской системы аль-Фараби и кораническим Богом ислама, различие между ними велико. Следуя Аристотелю, аль-Фараби называет творца вселенной абстрактными именами: **«Первый Сущий»**, **«Первая Сущность»**, **«Первая Причина»**, **«Первый Разум»**, **«Первая Истина»**. Его бытие лишено какой бы то ни было материи и формы, Он един в своем существовании и не подлежит делению.

Первый Сущий - это то, из чего возникает бытие, которое истекает из Него самого, Его бытие, переливаясь, дает существование другим бытиям, менее совершенным, чем Он сам. Рассмотрение Абу Насром вопроса о Первом Сущем в трактате, тема которого посвящена взглядам жителей добродетельных городов, беспричинна. Его рассуждения о главном члене городского объединения строятся на сравнении с иерархическим строением бытия, во главе и начале которого стоит Первый Сущий. **«Отношение Первопричины к прочим существующим вещам подобно отношению повелителя добродетельного города к другим членам городского объединения»** /2,310/, -говорит аль-Фараби. Действительно, глава добродетельного города таков, что он ни одному из людей не подвластен. Так же, как и Первый Сущий, наделенный нашим мыслителем такими

именами, как Всемогущий, Мудрый, Знающий, глава добродетельного города должен обладать такими качествами, как хорошее здоровье, умение мыслить и понимать, наличие хорошей памяти, обладать пронзительностью и прозорливостью, обладать ораторскими способностями, быть воздержанным в еде, употреблении напитков, презирать дирхемы и динары и прочие атрибуты мирской жизни, быть справедливым, проявлять решительность, не знать страха и малодушия и т. д.

Среди многочисленных трактатов аль-Фараби «**Книга букв**» занимает особое положение. Обширный по объему и универсальный по содержанию трактат имеет три больших раздела. Издатель «**Книги букв**» МухсинМахди утверждает, что эта книга имеет большую научную ценность, поскольку она, являясь комментарием к «**Метафизике**» Аристотеля, впоследствии стала для Ибн Сины и Ибн Рушда ценнейшим источником, из которого они черпали аристотелевские идеи и формировали свои собственные концепции бытия /4,27-28/.

Большой научный интерес к «**Книге букв**» проявляют и современные исследователи наследия аль-Фараби, поскольку данная книга содержит такой материал, который позволяет подвергнуть реконструкции отдельные аспекты философской системы Абу Насра. Действительно в «**Книге букв**» читатель найдет для себя ответы на вопросы о происхождении языка, языкового знака и научных терминов; о категорологии аль-Фараби, рассмотренные им во взаимной связи таких научных дисциплин, как онтология и логика, грамматика и логика, логика и гносеология; о проблеме происхождения философии и религии, их взаимоотношения и значение каждой из них в реальной жизни общества.

Если задаться вопросом, что представляет собой метафизика Абу Насра, какое место она занимает в его философской системе, то ответ на него будет однозначным: между философией аль-Фараби и его метафизикой можно поставить знак равенства. Метафизика, названная Абу Насром «**универсальной наукой**», рассматривает то, что присуще всему сущему, как, например бытие, его начало, его виды и связи. То, что исследует метафизика, то является предметом исследования философии, об этом аль-Фараби говорит так: «**Определение философии и сущность ее в том, что она есть наука о сущем как таковом**» [2, 42] .

Бесспорно «сущее как таковое» является центральной темой, ибо оно связано с поиском философов тех начал и высших причин, которые так или иначе должны быть началом и причинами чего-то самосущего, но предметом исследования «**сущего как такового**», как утверждает Аристотель, является не философия вообще, а «**первая философия**», относящаяся к метафизике, и «**именно первой философии**», -говорит он, - надлежит исследовать сущее как сущее - **что оно такое и каково все присущее ему как сущему**» [1, 182]. Вышесказанное Аристотелем о метафизике иллюстрирует наличие некоторого различия между метафизикой и философией.

В отличие от Аристотеля Абу Наср аль-Фараби склонен считать философию и метафизику однопорядковыми дисциплинами, что обнаруживается в его трактате «**Классификация наук**». Метафизика следует за физикой после разделов «**язык**», «**логика**», «**математические науки**». Однако с физикой она составляет общий раздел. Такое местоположение метафизики в научной классификации аль-Фараби не случайное, ведь чтобы войти в область исследования метафизики, человеку необходимо было овладеть знанием предшествующих дисциплин: язык, логика, математика, физика. Овладение всеми этими науками предполагалось обязательным и для вхождения в область исследования теоретических наук, к коим аль-Фараби относил философию. В пользу отождествления Абу Насром метафизики и философии говорит и тот факт, что ни в одном из своих сочинений аль-Фараби не противопоставляет философию и метафизику. В предмет обеих дисциплин входит исследование «сущего как такового» со всеми вытекающими из него проблемами бытия и его познания.

Для лучшего понимания предмета метафизики, ее трудных вопросов связанных с противоречивыми и противоположными аргументами, а иногда абсолютно ложными во взглядах мыслителей предшествующей Аристотелю эпохи, аль-Фараби так же, как и Аристотель, подвергает анализу некоторые положения учений о бытии представителей различных философских школ. Это Парменид, Мелисс, Антисфен.

Исходя из вышеизложенного, можно говорить о том, что комментирование Абу Насром аристотелевской метафизики, судя по его сочинениям, происходило в русле и в рамках той тематики, которая была обозначена в названии трактата, и оно давало возможность представления проблем аристотелевской метафизики через их решение нашим великим мыслителем.

#### **Литература:**

1. Аристотель. Метафизика, Соч., в 4-х т., Т. 1. -М., 1975.
2. Аль-Фараби. Философские трактаты. - Алма-Ата, Наука, 1970.

3. Аль-Фараби Историко-философские трактаты. - Алма-Ата, Наука, 1985.
4. Аль-Фараби Китаб аль-Хуруф. Бейрут, 1969.
5. Чанышев А.Н. Аристотель. - М., Мысль, 1981.

ӘОЖ 82:316.3

## ШЕШЕНДІК СӨЗ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

**Ш. С.Кельмағанбетова**

*ф.ғ.магистрі, аға оқытушы*

*Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті*

[star8201@mail.ru](mailto:star8201@mail.ru)

**Аңдатпа:** Шешендік өнерді қай халық та болсын меңгерген. Десек те, Эллада шешендік өнердің отаны деп есептеледі. Ежелгі Грецияда шешендік өнер б.з.д. V дамып, алғаш рет теориясы қалыптасқан. Қоғамдағы ақпарат, саяси, әлеуметтік істер ауызша таралған кезеңде шешен тілде сөйлей білу, елді ұйыта алу, сөз арқылы халықты топтаудың маңызы ерекше болды. Бүгінгі күнге жеткен мәліметтер Ежелгі Грециядағы шешендік өнерге үйрететін мектептер ғылым-білім үйрену, қоғамдық-саяси, әлеуметтік істер үшін қажет болғанын дәлелдейді. Сөз қадіріне жеткен халық қай шешеннің сөзі өткір, ойға қонымды, көңілге жетер болса, соны жақтайтын. Сондықтан да риторлар, шешендікке үйретер ұстаздар, сөзді қалай жеткізу амал-тәсілдерін меңгерген, логика заңдарын білетін, айтысу, тыңдаушыға әсер ету әдістеріне жетік шешендер болды.

**Аннотация:** Ораторское искусство какой бы народ ни был. Тем не менее, Эллада считалась родиной ораторского искусства. Эжели Греция ораторское искусство развивалось в V теория Алхана ретаформация. Общественная информация, политика, социальные дела получили устное распространение, особое значение имели умение говорить на красноречивом языке, умение организовывать страну, группировать население. Буги - вуги в Греции школы, обучающие ораторскому искусству, необходимы для изучения науки-образования, общественной политики, социальных дел. Народ, достигший значения слова, говорил, что слово чеченца было острым, задумчивым, веселым. Именно поэтому риторы, учителя ораторского искусства, слово жесть-предприниматель менген, знающий законы логики, спорящий, оказавший влияние на слушателя, были мудрыми ораторами.

**Abstract:** Oratory, whatever the people may be. Nevertheless, Hellas was considered the birthplace of oratory. If Greece oratory developed in the V theory of Alkhan retaformation. Public information, politics, and social affairs were spread orally, and the ability to speak an eloquent language, the ability to organize a country, and group the population were of particular importance. Boogie- woogie in Greece, schools teaching public speaking are necessary for the study of science-education, public policy, social affairs. The people who had reached the meaning of the word said that the Chechen's word was sharp, thoughtful, cheerful. That is why rhetoricians, teachers of public speaking, the word tin-entrepreneur Manger, who knows the laws of logic, the arguer, who influenced the listener, were wise speakers.

Қоғам қашанда дарынды, қабілетті адамдарға мұқтаж. Дарынды адамдар қатарын көбейту үшін олардың сөйлеу тілі мен дүниетанымын дамыту керек. Қазақ халқы қай заманда да сөйлеу өнерін жоғары бағалаған. Бұл жол арымай – талмай шешендік сырын зерттеуді, көл – көсір жаттығуды, мол білімді, ой – өрісі мен мен қиял кеңістігін қажет ететіндігін анық білген.

Сөз өнері өнердің ең алды ретінде саналған. «Өнер алды – қызыл тіл», - дейді қазақ мақалы. Абай: «Тіл өнері – дертпен тең», - деген. Қысқасы, халқымыз шын мәніндегі шешендікті асыл өнерге баулып, осы жолда қайталанбас мұра қалдырған.

Қазақ ауыз әдебиетінің бір түрі – шешендік өнер. Шешендік өнер – ақындық айтыс секілді қазақ әдебиетінің ерекшелігін көрсететін негізгі жанрлардың бірі.

Қазақ шешендігінің жалпы шешендік өнерден өзіндік ерекшеліктері бар. ең алдымен қазақ шешендерінің сөздері ауызекі айтылып, ауызша таралған, қағазда емес, бізге халық жадында сақталып жеткен.

Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты ауызша шығып, ауызша таралған.

Қонақта, немесе бір мәселені талқылау үстінде көп жасаған, кәрі құлақты қариялардың аузынан шыққан жүйрік ойлы, жүйелі сөздерді құйма құлақ талапты жастар, өнер қуған қыз –

бозбалар жаттап алып, жүрген – тұрған жерлерінде, ойын – жиындарда айта жүрген. Өзінің қажетіне, өмірдің тілегіне қарай жаңартып – жаңғыртып отырған.

Шешендік сөздер – біздің асыл мұрамыз, қазынамыз, байлығымыз. Шешендік сөздер аяқталған тұжырымды ой арқылы алуан адамгершілік қасиеттерге, ұлттық тәрбиеге баулиды. Шешендік сөздер ертегі – аңыздар мен халық поэзиясынан іріктеліп, сұрыпталып, бөліне отырып, халықтық бірыңғай әдеби тіліміздің қалыптасуына себепкер болған.[1; 234]

Шешендік – қазақ елінің көнеден келе жатқан дәстүрлі тіл өнері. Шешендік – сирек ұшырасатын қасиет-дарын. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр қисынға құрылады. Шешендік өнер мен билік қолма-қол туып айтылатын, суырып салма жүрек жарды әділ сөздерге негізделіп шығармашылық сипатымен дараланады.

Асылының алтын қазығы болған шешен-билердің халық жадында сақталып келген дана ойлары келешек ұрпақ үшін әрқашан тәрбие-өнер мектебі болған. Енді елдікке, бірлік кеш ақыруда, халық тарихын байыппен саралап, бүгінгі ұрпақ санасына жеткізуде шешендік сөздердің маңызы ерекше. Халқымыз «Сөз қадірін білмесең, өз қадірінді білмейсің», «Сөз сүйектен өтеді», «Шешеннің тілі қылыштан өткір, қылдан нәзік» деп, сөз өнерін ерекше тани білген.

Шешендік сөздер – ғасырдан-ғасырға ұласып, халық игілігіне жарап келе жатқан ұлттық мұрамыздың бірі. Қысқа да нұсқа, бейнелі, мағынасы терең, шымыр, қисынға құрылған бұл сөздер тыңдаушының көңілінен шығып оны сөзсіз иландырады.

Шешендік өнеріне ерте замандардан-ақ, үлкен мән берілген. Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді «риторика» деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор, Демосфен, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының мемлекет қайраткерлері, ел аузына қараған ойшылдары болған. «Риторика» ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. М.В.Ломоносовтың 1748 жылы басылып шыққан «Шешендікке қысқаша басшылық» атты еңбегі бұл өнердің Ресейде дамып, қалыптасуына түрткі болды.

Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аязбилерден басталып (XII-XIII ғғ.), Жирен шешен, Асан қайғы (XIV-XV ғғ.) есімдерімен қатысты қалыптасып, өркендей түсті.

Шалғез, Бұхар (XV-XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаздауысты Қазыбек, Әйтекелерге жалғасты. Шешендікөнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV-XVIII ғ.ғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді.

Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан ұшыратамыз. Осы сөз өнерінің кең қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқалары – жыраулартолғаулары, айтыстар мен мақал-мәтелдердің орны ерекше.[2; 304]

Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауызекі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таңқаласын», – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсереткенін жазған.

Сондай-ақ, қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап жариялағандардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының жасөспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз еңбектеріне орнымен енгізіп, пайдалана білді.

Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілердің бірі – М.Әуезов. «Қазақ әдебиеті тарихы» (1927 ж.) еңбегінде «Билер айтысы» деген арнаулы тақырыппен шешендік сөздердің кейбір түрлеріне мысалдар келтіреді. Ауыз әдебиетінде алатын орны мен халықтық сипатына дәлелді ғылыми тұжырымдама береді. Ауыз әдебиеті мұраларын зерттеп, жинап, ерекше еңбек сіңірген ғалым-лингвист А.Байтұрсынов шешендік өнерді жеке алып қарастырып, құнды пікірлер білдірді (1926 ж.). Шешенсөз, көсемсөз, дарынды сөз деп үш топқа бөліп, әрқайсысын қолданыс орнына қарай (саясат қақатысты, сотта сөйлеу, қошемет сөздер, ғалымдардың ғылыми тақырыптағы сөзі, діни уағыз сөздер) іштей тағы беске бөліп, әрқайсысына қысқаша түсініктер, тың анықтамалар берген.

Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады. Халық мақалдарында: «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді», «Аталы сөзге ар сызғана тоқтамайды», – деп сөзді айтушыға да, оған құлақ қоюшыға да биік талап қойған. Демек, шешеннің ең негізгі құралы – сөз. Ол тыңдаушының жүрегіне жетіп, ерекше сезімге бөлеген [3;102].

Қазақ шешендік сөздері мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үш тарауға бөлінеді.

Шешендік сөздер – халық даналығынан туған мұра, халықтың асыл қазынасы. Мазмұны халықтың бастан кешірген өмірін, арманы мен қиялын көрсетеді. Өмірге, дүниеге көзқарасын, ой – өрісін белгілейді. Халық өзінің қиялдаған арманына қалайда жетемін деген сенімнен айрылмаған.

Өмірдің сан алуан құбылыстарын бір – бірімен теңеп, салыстырып, болашағын болжап, қиялдап сөйлеген сөздер табысқа, жеңіске жетуге құлшындырып, рухтандырып отырған, қуаныш үстінде дем берушілік, реніш тұсында жұбатушылық қызметін атқарған.

Белгілі халық шешендері мен есімдері белгісіз дана қарт, шешен әйел, тапқыр бала, жарлы жігіттер атынан айтылатын шешендік сөздерге тән бір қасиет – шешендік тапқырлығымен қатар әділдігі, ойының айқындығы және халықтың сипаты.

Шешендік сөздер көбінесе түсінік сөзбен басталады. Түсінік сөзде айтылмыш шешендік сөздің нендей мәселемен байланысты, қандай жағдайда туғандығы мен кім айтқандығы баяндалады. Түсінік сөздің көркем болуы шарт емес, тек ықшам, әрі түсінікті болуы шарт.

Әдетте шешендік сөз түсініктен кейін немесе онымен аралас айтылады. Шешендік сөздің тілі көркем, мағынасы терең болумен бірге сөздері сұрыпталған, сөйлемдері қалыптасқан болып келеді, бірен –саран өзгерістер енгізу болмаса, түпнұсқаға түбегейлі өзгеріс жасау ақын, шешен адамдар болмаса, кез келген кісінің қолынан келе бермейді.

Сондықтан түсінік сөздей емес, шешендік сөз әлдеқайда тұрақты келеді. Шешендік сөздерді құрылысына қарай термелі сөз, пернелі сөз деп екіге бөлуге болады.

Құрылысы өлең - жырға ұқсас шешендік сөздерді термелі сөз дейміз. шешендік термелі сөздің өлең – жырдан негізгі айырмасы – шешендік терме үшін буын – булақ саны біркелкі болып келуі шарт емес. Шешендік сөздердің құндылығы тек шындығында емес, ойының тапқырлығында.

Белгілі қазақ шешендерінің бірі, Айдабол Төрайғырдың сөзінен мына мысалды келтіруге болады:

*Жақсы жігіт белгісі –  
Жақсы туған жігітті  
Жаным десе жарасар.  
Жақсы ұл туған қатынды  
Ханым десе жарасар  
Жақсы туған жігітке  
Бүкіл елі таласар.  
Жаман туған жігіттер  
Қара жолдан адасар.  
Арғымақ аттың құйрығы –  
Сатса жібек, кессе қыл.  
Жақсы жігіт белгісі  
Түзде мырза, үйде құл.*

Немесе, атақты батыр, әрі шешен Шақшақұлы Жәнібек Төле биден ақыл сұрай келгенде былай деген екен:

*-Өгізді өрге салма қанатың талар  
Наданға көзінді салма сағың сынар.  
Досыңа өтірік айтпа сенімің кетер.  
Дұшпанға сырыңды айтпа түбіңе жетер, - деген екен.*

Төле би философиялық терең ойлы жауап береді. Әр сөзінде салмақты ой бар. Өсиет сөздің түйіні «Өнерден өз орыныңды тап» дегенді үндеп тұр емес пе? Сөз өнерін ерекше қадірлеген халқымыз жүйелі сөзге бас иген.

«Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды», - деп сөздің қадірін кетірмеген.

Шешендік сөзге қойылатын талаптар

1. Сөз мазмұнының тереңдігі
2. Пікірдің дәлдігі
3. Сөз мағыналарының дұрыс берілуі
4. Сөздік қордың байлығы
5. Мақал – мәтелдер мен тұрақты тіркесті орынды пайдалана білуі.

Өз жәнібек хан билерінен «Жігітке жақсы болу үшін не керек?», -деп сұрайды. Олар: «Жігітке бірінші - білім, екінші – ғылым, үшінші –ұғым керек»-деген екен.

Ал Цицерон «Адам бойындағы талант, терең білім, қалыптасқан дағды болуы керек, осы үшеуі сай болғанда ғана нағыз шешен қалыптасады» -деген. Екі ғасырдың ұлы сөз шеберлері бір – бірімен дәл үйлесіп, ойлары бір жерден табылып тұрған жоқ па?! Ғалым М. Балақаев «Тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің шыңы – шешендік өнер»-дейді. Әр дәуірдің өз тынысы, өз талғамы, заманына сай адамы болғанымен, өнерге деген құрмет пен пайымдау дәлме – дәл келіп отыр [4;47].



Шешендік сөз мәдениеті – дәстүрлі риторикамен егіз дес. Бұл екі ғылым саласы антик дәуірінен бірге жасасып келе жатыр.

Риторика – сөйлеудің ережелері мен заңдарына үйретуші ғылым, яғни, ойлауға, нандыруға, ақыл – ойыңды көрсетуге бағыттайды. Ең бастысы, риторика – сөз арқылы тәрбиелеу. шешендік өнер де – сөз арқылы тәрбиелей отырып, ақыл – ойыңызды, ерік – жігеріңізді, жан – дүниеніңізді билеп алатын әсерлі сөз, сөйлем өрнектері болып табылады.

Шешендік өнер мазмұны мен түрі жағынан біркелкі емес. Қазақтың шешендігін екі дәуірге бөліп қарау керек: бұрынғы немесе байырғы және қазіргі.

Бұрынғы заманда қазақ даласында кісінің атақ – даңқын асқақтата шарықтатқан санаулы ғана өнер болған. Оның бірі – соғыс ісін жүргізу өнері; екіншісі – билік; үшіншісі – сөз өнері. Осылардың бастысы да, бастаушысы да – сөз өнері болған.

Тіл мәдениетінің бір саласы – шешендік сөздер. Ол сөйлеу тілінің жоғарғы формасы болып табылады.

Бұрынғы қазақ шешендерінің бір ерекшелігі – олар сөздерін жазып дайындамаған, сөздері қағазда емес, халық жадында сақталған, ауызша тарап әлденеше кісінің, ұрпақтың өңдеуінен өтіп қысқарған, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні»-дәні қалған, сөйтіп бүкіл халықтық мұраға айналған.

Қазіргі шешендік стиль – сөз арқылы тәрбиелеу тәсілі.

Қазіргі шешен сөздерінің тақырыбы, нақты мазмұны мен айтылу тәсілдері жағынан әлдеқайда өзгеше келеді және шешен түрде сөйлеушілердің топтары лекторлар, үгіт – насихатшылар, оқытушылар т.б. көбейген сайын, шешендік сөздердің ажыратылуы да ұлғая түспек.

Шешендік сөздің әлеуметтік мәні – мәңгілік. Функционалдық стильдердің қай – қайсысында да шешендік сөз өнерін пайдалануға болады. шешендік сөз барлық стильдің ауызша түрінде қолданылады.

Әсіресе, ол публистикалық стильде айрықша көрінеді: саяси - әлеуметтік, саяси – экономикалық, оқу – тәрбие мәжілістерінде, әртүрлі конференцияларда, көпшілікке арналған саналуан алқалы жиындарда, әскери – патриоттық, маслихаттық отырыстарда, парламентте сөйлеген сөздерде т.б. қолданылады.

Сондай –ақ ғылыми стильдің жанрларында, атап айтқанда: жоғары оқу орындарындағы лекцияларда, ғылыми мәжілістердегі пікірталас, зерделі ой –сұхбатында, ғылыми басқосуларда, кездесулерде, алқалы жиындарда пайдалынады.

Ресми стильдерде заң тілінде, яғни сотта, соттың заңгерлердің, қорғаушының сөйлеген сөздерінде, дипломатиялық қарым – қатынастарда, елшілік тілінде, ресми өкілдердің сөйлеген сөздерінде шешендік ұштасады.[5:68]

Қазақ шешендік өнерінің әлеуметтік қызметі де, мазмұн – мағынасы да, сыртқы ажар – көркі де өте күрделі, көпсалалы, көп қырлы. Әлеуметтік қызметі жағынан шешендік өнер қазақ даласында бірнеше қоғамдық ойдың міндетін қатар атқарған. Өмір құбылыстарын жоғары деңгейде толғау (сөз өнері), өмір құбылыстарының мәні мен тегін, олардың өзара өзектес сырларын толғау (философия, тарих), өмір құбылыстарының тәлімдік мазмұнын толғау (халық педагогикасы), өмір құбылыстарына қоғамдық баға беру мен үкім айту(билік) т.б. қазақ шешендік өнерінде осылардың бәрі бар. Мысалы: лингвистер ауызекі сөйлеу мәдениеті теориясын жасап, ана тілдің байлығын қалай пайдалануға болатынынан кеңес береді.

Психологтар шешендік сөздің қабылдануы мен әсер етуін, көпшілік алдында сөйлеудегі көңілді, тұрақты аудару проблемасын, шешеннің психологиясын, адамдарды әлеуметтік психологиялық қоғам ретінде қарап аудитория психологиясын зерттейді.

Логика шешеннің өз ойын бірізді, дұрыс құруға, қарсылыстарының жалған мәліметтерін терістетуге, шындықты дәлелдей білуге үйретеді.

Шешендік сөздің сипатына қарай, яғни нені айту, қайда айту, қалай айту талаптарына орай, шешендік өнер тіл мәдениетін көтеретін шарттардың бастысына айналды.

Соңғы жылдары, яғни еліміз тәуелсіздік алып, дербес мелекет болғаннан бастап шешендік өнердің қажеттілігі күн санап артып келеді. Қазіргі шешендік саясатпен, өнер – біліммен, экономикамен байланыста дамытындықтанайтылу шеңбері де кеңейе түсті.

Егер де жастар шешендік сөздерді зейін қойып оқыса, қазақ халқының рухын көтеріп, қазіргі замандағы әртүрлі жағымсыз әрекеттер болмас еді. Өйткені шешендік сөздер – халқымыздың адамгершілік, ұлттық тәрбие берудегі тиімді жолдарының бірі. Ендеше, біз халық жадынан жеткен шешен, ғибрат сөздерге үлкен құрметпен қарап, оның терең мағынасын танып өскеніміз абзал.

Шешендік сөздер – фольклордың бай саласы ретінде халықтың рухани сұранысын қай кезеңде де өтей бермек. Тәуелсіздік алып, ұлттық жәдігерімізді түгендеп –түстеп бастағанда, киелі өнер шешендік сөз, айтыс өнерлері өрлей бермек.

Шешендік өнер, жүйелі сөз саптау қоғамның қай саласында да қрек. Ел басқарған әкімнен, мектеп жасындағы шәкіртке дейін сөз қадірін танып, таза мазмұнда сөйлей білуі керек.[6;89]

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, қазақ шешен – билерінің мұрасы – халықтың даналық мұрасы. Демек, ғасырлар бойы жинақталып, сұрыптала сүзілген шешендік сөз нұсқаларынан халықтың тіл байлығын, ақыл – ой қорын және шебер сөйлеу мәнерін үйрену бүгінгі ұрпаққа сын.

Қорыта келгенде бұл күнде шешендік сөздің рөлін көтеру – тіл мәдениетін көтерудің бір шарты.

#### **Пайданылған әдебиеттер:**

1. Ә. Нұрмағамбетов «Сөз сырына саяхат» А., «Жалын» 2000ж
2. Б. Адамбаев «Шешендік сөздер» А., 2012ж
3. М. Есжанова «Шешендік қасиетті өнер» Шымкент, 2005ж
4. Г. Қасымова «Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы» А., 2005ж
5. Билер сөзі (шешендік толғау, арнау, дау) А., 1992ж
6. Қыдыршаев А. Шешендіктану. Орал, 2014 ж.

ӘОЖ 338.48

### **ОТБАСЫЛЫҚ ТЫНЫҒУДЫҢ ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНДАҒЫ РӨЛІ**

**М.Қ.Сүлейменов,**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің оқытушы-магистрі*

Ü Мақалада отбасылық тынығудың қоғам тұрақтылығындағы рөлі таратыла сипатталып, бұл арна саласының табиғаты баяндалады.

**Тірек сөздер:** Мәдени мекеме, отбасылық тынығу, ұлттық мәдени орталықтар, туризм, эмоция, отбасылық мейрам, жанұялық бірлік.

Ü В статье освещается роль семейного отдыха в стабильности общества и рассказывается о природе этой сферы канала.

**Ключевые слова:** культурное учреждение, семейный отдых, национальные культурные центры, туризм, эмоции, семейный праздник, семейное единство.

Ü The article highlights the role of family recreation in the stability of society and describes the nature of this area of the channel.

**Keywords:** cultural institution, family vacation, national cultural centers, tourism, emotions, family holiday, family unity.

Мәдениет мекемелерінде отбасылық тынығуды ұйымдастырудың мазмұны мен ерекшелігі әлеуметтік нормаға сәйкес мақсаты, мазмұны, қалпы, уақыты, мәдени ортасы бар арнайы мекемелер мен ұйымдардан құралады. Бұл жерде әлеуметтік қоғамды жетелейтін әлеуметтік идеалдар жүзеге асырылады. Олар әлеуметтік-мәдени институттар, клуб тектес мекемелер, тынығу орталықтары, демалыс саябақтары, мәдени-спорттық кешендер, тарихи-мәдени мекемелер мен кешенді мұрағат істері, театр мекемесі, санитарлық-сауықтыру және курортты ұйымдар, Ассоциациялар мен одақтар болып есептелінеді. Клубтық ұйымдарға Мәдениет үйлері, ауылдық клубтар, тынығу орталықтары, ұлттық мәдени орталықтар, жастар орталығы, эстетикалық тәрбие орталықтары жатады. Клубтық мекемелердің негізгі шығармашылық түрлеріне кәсіпқой көркемдік шығармалар, халықтық театрлар, мұрағаттар, кәсіпқой бірлестіктер, үйірмелер, студиялар мен ұжымдық жұмыстарды құру мен ұйымдастыру, фестивальдар, байқаулар, көрмелер ұйымдастырып өткізу, спектакльдер, концерттер, кинофильмдер мен бейнебағдарламалар жүргізу, әр түрлі консультациялар мен тақырыптық кештер өткізіп жүргізу, халықтық қыдырулар мен театрландырылған көпшілік қойылымдар қою, әр түрлі топтағы тұрғындар тынығуын ұйымдастырып, соның ішінде карнавалдар мен жастар балы, демалыс пен би кештерін өткізу жатады [1].

Клубтық мекемелер тынығу жұмыстарын ұйымдастыру кезінде жас отбасыларға өздерінің сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында үлкен мүмкіндіктер береді. Мәселен, кулинарлық өнерге оқытатын «Хозяюшка» клубы жас әйел адамдар үшін қосымша киімдерді пішу, тігу курстарын оқуды ұйымдастыра біледі. Онда интернет кафе, кітапханалар, ұлдарға да, қыздарға да

арналған спорт үйірмелері тұрақты жұмыс жасайды. Қазір сол клубта фотомодель мектебі, шаштараз шеберлеріне арналған курстар ашылып, жастар еркін білім алуда.

Сол сияқты мәдениет мекемелерінде отбасылық тынығуды ұйымдастырудың мазмұны мен ерекшелігі жөніндегі жұмыстың тағы бір басты саласы мәдени демалыс паркіндегі атқарылар ауқымды іс-шара болып табылуында. Бүгінгі таңда Орал қаласында екі бірдей мәдени-демалыс паркі халыққа үздіксіз қызмет көрсетіп келеді. Онда тынығу орталықтары мен атракциондардан басқа кәсіпқой клубтардан тұратын жүздеген көркемөнерпаздар жұмыс жасайды. Паркте бір мезгілде бірнеше қойылымдар қоюға да мүмкіндіктер бар. Орал қалалық мәдени демалыс паркі кез келген жас отбасыларға бірден қайықпен серуендеуге, табиғатпен оңаша қалып сырласуға және қызықты алтын уақыттарын атракциондармен өткізуге шақырады.

Мәдениет мекемелерінде отбасылық тынығуды ұйымдастырудың тағы бір тиімді жолы – кітап оқу. Жаппай кітап оқу етек алған тынығудың бұл түрінде біз сол тұстағы баспа өнімдерінің күрт өскенін анық байқадық. Жас отбасылардың мәдени демалысы мен тынығуын арттыруға септігін тигізген бұндай жол да көптеген кітапханалардың дүниеге келуіне өз әсерін бергенін жасыра алмаймыз. Қайткен күнде де осындай оңды шешімдер қатары білімді ұрпақпен толығуда.

Сол секілді отбасылық тынығуды ұйымдастыруда телевидениенің де алар орны ерекше. Ол өз кезегінде ұлттық құндылықты арттырып, жастарды бағамды демалуға, саналы ой өрбітуге өз үлесін қосып келеді. Айталық, телевидение көріп, алған әсерің санаңнан көпке дейін кетпей жақсы ойынды ұзақ сақтауға тырысасың.

Отбасылық тынығуды ұйымдастыруда бәрінен бұрын пайдалы деп белсенді демалыс болып есептелінетін спортты демалысты айтсақ болатын тәрізді. Табиғат аясында тапжылмай отырып балық аулау, қансонарда аңға шығу, тамылжыған табиғатқа тамсанып туризм саласын дамыту отбасылық тынығудың нағыз биік шыңы десек қателеспеспіз. Бұл жағдайда ер азаматтарға қарағанда балалы жас келіншектер жақсы демалып, табиғат сұлулығынан мол әсер алады екен. Жалпы спортпен, дене шынықтырумен үнемі айналысу жан-жақты жетілдірілген денсаулықты күшейтеді, жұмысқа қабілетін арттырады, көңіл-күйін көтереді, оқу да кез-келген дене жұмысы да жемісті нәтиже береді [2].

Қажеттілік есебінен көз жүгіртсек, отбасылық тынығуды ұйымдастыруда кәдімгі бидің де алар орны ерекше. Қажетті функциялық дискотынығу ырғақты би кезіндегі байланысты бұзбай, қалыпты сақтап, жас отбасылардың мәдени тынығуын дамыта түседі. Сол себепті жүйелі тынығу тәрбиесі жас отбасылардың би кештеріне қызығушылықтарын арттыра түсетінін біздер анық байқай аламыз.

Отбасылық тынығуды ұйымдастыруда тағы бір назар аударатын жайт–өзара ойындық қатынас. Жасы ұлғайған сайын адамдарға ойын өз мінез-құлқын қадағалауға, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтуға үлкен септігін тигізетіні даусыз. Жалпы ойын – адам баласы үшін жай ғана демалыс, эмоциялық, физикалық түрлі шаршаулардан қорғайтын тылсым күш десек қателеспейміз. Сондықтан шынайы ойынның тигізер пайдасы шаш етектен екенін ұмытпағанымыз жөн.

Отбасылық тынығудағы тағы бір қарапайым шараның бірі-санитарлық сауықтыру және курорттық мекемелер әсері. Ондай мекемелерге санаториялар, пансионаттар, демалыс базалары, демалыс үйлері жатады. Сауықтыру бағдарламасы кешенді қызметтермен ұласып дәрігерлер кеңесіне жаңа технологиялар үлесіне жалғасуда. Кешенді ем алу жас отбасылардың мәдени-тынығуына үлкен әсер етеді. Сондықтан экскурсияға табиғат аясына жиі шығып әуе жолдарында теплоходтарда серуендеген анағұрлым пайдалы. Біздің заманымызда Ассоциациялар, Одақтар, кәсіпқой көркемдік ұжымдар үлесі үлкен орын алады. Соңғы жылдары ондай Ассоциациялар қатары халықаралық, кәсіпқойлық театрландырылған көріністерге бөліне бастады.

Қорыта келе, адам өміріне әсер ету жағдайымен бағалар болсақ, бұл әрине, қуанарлық жағдай. Сондықтан қоршаған ортамен байланысты нығайтып, табиғат аясындағы мейрамды кештерімізді тиімді пайдалана білейік! Отбасылық мейрам қашан да жанұялық бірлікті нығайтады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Аванесова Г.А. Культурно-досуговая деятельность: Теория и органтизации. Москва, 2006.- С. 7-13
2. Пинт А.О. Ата-ана, бұл сіздер үшін. – Алматы, 1972.- 327-342-б.б.

## ЖАДЫМДАҒЫ ЖАҚСЫ АҒА

Р.Н.Бегалиева,

Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің  
құрметті қызметкері, педагогика  
ғылымдарының кандидаты

«Дүние үлкен көл, замана соққан жел», уақыт парақтары жабылып, жалаулы жылдар жылыстап артта қала береді екен. Күні кешегі оқиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып үлгерді. Өткенді ой таразысынан өткерсем, ерекше жылы сезіммен еске алатын көңілді күндерім де аз емес. 2010 жылы кандидаттық диссертация қорғаймын деген ниетпентұмса табиғатымен талайды тамсандырған киелі мекен Көкшетауға табан тіредім. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетіндегі ең алғашқы қадамым – мамандандырылған емтихан тапсырудан басталды. Сынаққа кірсем төрт кісі қатарласып қаздырып отыр екен. Еңбектерімен етене таныстығым болғанмен, отырған ғалымдарды бұрын-соңды көрмегенмін. Билеттегі сұрақтарға ақырындап жауап бере бастадым. Ортасында отырған кісі не айтсам да мақұлдап, маған жаны ашып: «Біздің оңтүстіктің қыздары осындай батыр келеді. Қараңыздаршы, жалғыз өзі жауға қарсы келгендей барын салып жатыр. Әкесіне тартқан да» деп қояды. Кейін емтиханнан соң: «Мен сенің әкеңнен бір курс жоғары оқыған, профессор Жаппаров Амангелді аға боламын» - деді. Қасында отырған ұзын бойлы, дөңгелек жүзді, қою қасты келбетті кісі де маған жылы шырай танытып, Амангелді ағаның сөздерін қолдай кетті. Ол кісілігі мен кішілігі үйлескен, қартқа құрмет, жасқа ізет көрсетуден таймайтын, бүгінгі ұйымдастырылып отырған конференцияның негізгі кейіпкері – Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев аға еді. Осылайша өреки соққан жүрегім басылып, емтиханды «өте жақсы» деген бағаға тапсырып шықтым.

Абат ағакездескен алғашқы күннен-ақ жылы шырай танытып, шырағым деп жанына жақын тарта бастады. Ал адами тұрғыдан келгенде мені жас немесе ғылыми дәрежесі жоқ оқытушы ретінде емес, қазақы ағалық қасиетімен қабыл алды. Диссертациялық кеңестің ай сайынғы отырысына қатысып, диссертантардың қорғауын тыңдап жүрдім. Бірде: «Мен сенің жұмысыңа ресми оппонент болайын», - деп өзі ұсыныс айтты. Сол кездегі қуанышымда шек болмады. Осы сөзден кейін қорғауға қалай да шығуым керек деп, мен де тырмыса бастадым.

Көкшетауға әр келген сайын ол кісінің жүзін көріп, ақылын тыңдап, диссертациямды толықтырып, жаңа идеялар қосып, ғылым төңірегінде ұзақ әңгімелесу әдетке айналды. Абат ағаның берген ақылы мен кеңесі маған тыным таптырмады. Қысқа уақыт ішінде жұмыстарымды жинақтап, 2010 жылдың 23-желтоқсанында Көкшетау қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде 13.00.02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі бойынша «Қазақ мектебіндегі 5-сынып оқушыларының тіл мәдениетін антонимдер сөздігі арқылы дамыту әдістемесі» атты тақырыпта кандидаттық диссертациямды сәтті қорғап шықтым. Өзі уәде еткендей аға менің жұмысымның бірінші оппоненті болды.

Лұқпан Хакім: «Жақсы адаммен өткізген әрбір күнім – жылдық өмірім» деген екен. Жақсылықтың лебі есіп тұратын Абат ағамен тағдыр жазып жұмыс жасауым Алланың сыйы, маңдайымның бағы деп білем. Ол жылдар маған парасат пен ізгілікке толы азаматтығы асқақ ағамның бейнесін жадымда қалдыруға себеп болды. «Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көре білу және соған сүйене отырып, оның одан да жақсы болуына көмектесу» – Абат Сатыбайұлының ұстанымы. Бұл – екінің бірінің қолынан келе бермейтін қасиет. Жалынды жастықтың жетегінде жүрген менің есімде ғалым ағамыз қарапайымдылығымен, асқан еңбекқорлығымен қалды. Бұрынғының үлкендері сондай кішіпейіл ме еді, әлде Абат аға солай жүретін бе, дәл қазір ол маңызды емес. Маңыздысы – ғұлама ғалымдығын ұстаздық ұлағаттылықпен ұштастыра алғандығы, ұлылықтың көрінісін қарапайымдылыққа сиғыза алуы. Мен білетін Қыдыршаев тілекке еңбекті тірек еткен Жан. Игі де, ізгі із қалдыру қандай бақыт!

Алла пейіліңе қарай береді. Болмысы текті, жан дүниесі саф жақсы ағама жаратқан ием адамгершілігі мол, ғажап шәкірттер жолықтырған. Өлі есімде, Мұқанбетқалиев Әскен Самұратұлы, Әжіғалиев Марат Қайыржанұлы деген жігіттер Абат Сатыбайұлының жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғағанда арнайы қатысқан едім. Кейін құжаттарды рәсімдеудің үлгісін ешкімге білдірмей осы екі жігіт маған беріп кеткен еді. Сол үлгіге салып мен өз құжаттарымды дайындадым, былайша айтқанда қиындық көрмедім. Өздері шетке шақырып алып көмектескен еді. Жақсыдан шарапат деген осы шығар! Мұның бәрі ізет, мейірім дегеннің не екенін, қоғам қандай болу керектігін маған сол кезде мықтап ұғындырғандай еді...

Түйіндей келгенде, белгілі шешендіктанушы ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі, «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы, Қазақстан Республикасының құрметті азаматы, ұлағатты ұстаз, Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы кішіге үлгі, шәкіртке ұстаз, қиналғанға қамқоршы, ізденушіге ізгілігін таныта білген ардақты азамат. Жылышырайлы жүзімен кез келгенді жанына жақын тартатын, салмақты, салиқалы сөзімен барлығын баурап алатын, ағалық ақ қасиетімен қашанда шұғылалы шуағын шаша білетін ерекше адам. Еліміздің руханиятына, білім, ғылым саласының дамуына орасан-зор еңбек сіңірген Ұлы ұстазымыз биыл алпыстың асуына көтеріліпті. Өмір белесіңіздегі қуанышты да мерейлі мерекенізде бойыңызға мұқалмас жігер, қайтпас қажыр, еңбегіңізге таусылмас табыс, отбасыңызға ортаймас бақ-ырыс тілеймін!

**ӘОЖ 82:316.3**

### **ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ...**

**Б.Ө. Жексенғалиев,**

*Халықаралық “Қазақ тілі” қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының кеңесші-сарапшысы*

**Р. О. Хамза,**

*Батыс Қазақстан облысы Дарынды балаларға арналған мамандандырылған “Білім-инновация” мектеп-лицей-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары*

*Қадірлі дос, абзал азамат, ұлағатты ұстаз, танымал ғалым Әбекең, Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев* бүгінде алпыстың асқарына қадам басқан екен. Тәуелсіз Қазақстан ғылымының қазақ тілтануы мен шешендіктануы, педагогика мен әдістеме салаларында өзінің ғылыми-әдістемелік еңбектерімен және педагогикалық қызметімен ұлттық ғылым мен білім беру ісіне өзіндік елеулі үлесін қосып жүрген белгілі ғалым, әдіскер-педагог, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың есімі бүгінде еліміздің ғылыми жұртшылығы мен педагогикалық қауымына жақсы таныс. Абат досымыздың білім мен ғылымдағы жеткен жетістіктері мен алған асулары да көпшілікке мәлім, жұртқа аян. Ол туралы тізбелеп айтсақ, ұзаққа кетерміз. Біз абзал досымызды бүгінде үлкен-кішіге үлгі боларлықтай биіктерге әкелген Ұстаздық жолы мен ғылымдағы жолына сәл өзгеше көз жіберіп, бар бақытын тынымсыз еңбек пен ізденістен тауып, бүгінде сол еңбектің зейнетін көре бастаған абзал азамат туралы бір үзік сырды көпшілік қауыммен бөліскенді жөн көріп отырмыз.

Иә, біздің Әбекеңмен таныстығымыз, достығымыз сол өткен ғасырдың 80-ші жылдары Орал пединституты қабырғасында басталған еді. Қызығы мол студенттік шақты бірге өткіздік. Сол кезеңнен арадағы студенттік достық отбасылық достық пен жақындыққа ұласып, күні бүгінге дейін отбасымызбен еркін араласып, қайғыда да, қуанышта да бірге болу дәстүрімізге айналған еді. Топ старостасы, филология факультетінің студенттік құрылыс отрядының комиссары, кейін командирі болған Абаттың өзіне тән ерекше қасиеттері сол кезден-ақ байқалған еді. Еңбекқорлық, мақсаткерлік, іскерлік, көппен тіл табыса білу, алғырлық, ойлана білу, ізденушілік, мұқияттылық сияқты абзал дос бойындағы асыл қасиеттердің бастауы ата-анасында жатқаны анық. Оны Әбекең өзі де үнемі айтып отырады. Баланың үлкені ретінде ағалық борышын ұмытпай, өзінен кейінгі іні-қарындастарына үлгі болып, олардың да өмірде өз жолдарын табуына септесіп, көмегін тигізіп, ақыл-кеңесін беріп отырған Абат бауырымызға өз заманында сыйлы да абыройлы ғұмыр кешкен әкесі Сатыбай (Сатау) Қыдыршаұлы мен анасы Зылиха Сәрсенқызының аруағы риза деген сенімдеміз.

Араға жылдар салып Әбекеңмен Оралда қайта кездестік. Әл-Фараби атындағы ҚазМУ түлектері Мұрат пен Нұрлан бар, орта мектепте тәжірибе жинақтаған Абат бар, әйтеуір бір топ жас маман Орал педагогикалық институтында жаңадан ашылған «Қазақ тіл білімі» кафедрасында ЖОО-дағы оқытушылық қызметті бірге бастадық, сол кафедрадан білім мен ғылым жолына бірге қанат қақтық. Осы арада артына үміт артқан, қазақ филологиясы факультеті мен кафедраның басында болып, талапты жастарға жол көрсеткен Серікқали Шарабасов пен Отарәлі Бүркітов сияқты ағаларымыздың есімдерін ризашылықпен тағы да еске аламыз.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары ел есінде болар. Тәуелсіз елдің жаңа тарихы басталған осы бір кезең талай алаш азаматына жол ашты, мүмкіндік берді. Басқаны айтпағанда, ақталған Алаш ардақтыларының өшпес мұралары туған халқына қайта оралуы ұлт санасын дүр сілкіндіргені рас. Абаттың ғылымдағы соқпақ жолы да Алаш зиялыларының, нақты айтқанда ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы есімімен байланысты басталуының өзіндік заңдылығы бар сияқты. «Ахмет

Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын 1995 жылы сәтті қорғаған Абат өзінің ғылымдағы жүрер жолын қапысыз дәл таңдаған еді. Міне, осы кезден бастап, ұлт ұстазының «*Ұлттық тіл біліміне түпкілікті Темір қазық болар мәңгілік үлестерінен*» (Ә.Кекілбай) шабыт алған Абат досымыздың өмірінде жаңа бір кезең басталды десек, дұрыс болар. Қарапайым оқытушыдан ғылым докторы, профессорға дейінгі өсу мен өрлеу жолы, ізденіс пен еңбек жолы, ұстаздық пен ғылым жолы басталды. Ұстаздық жолы бүгінде «Ұстаздардың ұстазы» мәртебесіне жеткізе, ғылымдағы жолы үлкен-кішіге үлгі боларлықтай биіктерге әкелді.

Қыранды қияға самғататын қос қанаты десек, Абат досымызды да ғылым биігіне әкелген қанаттың бірі - таңдаған тақырыптары, таңдаған соқпағы. Әдетте, ғылымда қажеттілік пен маңыздылық – тақырыпқа қойылатын басты талаптардың бірі. Тақырыптың да тақырыбы бар, белгілі бір салада ғана, тіпті автордың өзіне ғана маңызды тақырыптар болады. Осы тұрғыдан алғанда Абаттың кандидаттық диссертациясына арқау болған ұлт ұстазы Ақаңның әдістемелік мұрасын зерделеу мен кейін докторлық диссертациясына негіз болған «Шешендіктанудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыптары, ең алдымен, өзектілігімен, маңыздылығымен құнды және бұл өзектілік бүгін де күн тәртібінде. Ұлттық білім, ұлттық мектеп, ұлттық жазу мен емле, әдістеме мәселелерінде Ұлт ұстазы Ақаңның ақ жолына толық түсе алмай отырғанымыздың өзі бұған дәлел. Ал шешендік мәселесіне келсек, жасыратыны жоқ, бір кезде Радлов, Янушкевичтерді шешендігімен, сөйлеу мәнерімен таң қалдырып, түркі халықтары ішіндегі ең шешен халық атанған қазақ халқы бүгінде өзінің сөйлеу дәстүрінен жаңыла бастады десек, қателесе қоймаспыз. Ендеше, бүгінгі таңда ғалым ретінде ғылыми-әдістемелік және ғылыми - зерттеу мектебін қалыптастырған, осы тақырыптарға қатысты талмастан сөйлеп жүрген, жазып жүрген Абаттың әр ой-пікірі «Ұлт үшін деген ұлы іске» (А.Байтұрсынұлы) қосқан өзіндік үлес болғаны және болатыны сөзсіз.

«Шешен сөйлей білеміз бе?» атты оқу құралында «*Ұлттық шешендік өнерінің тарамдарын білу- бүгінде ұтқыр ойлы, шешен тілді көшбасшы ұрпақ тәрбиелеудің кепілі де*» деп түйін ой айтқан Абат бәрімізге ой тастап отырғаны рас. Шешендік өнер-сөз өнерінің шыңы, ал тіл болса, ұлттың ұлы құндылығы, сондықтан да шешендікке баулу, шешендікке үйрету, сол ұлы қазынаны насихаттау – ұлт болашағы үшін күрес екені анық қой. Өйткені, сөз өнеріне жетік адам, ең алдымен, тіл құдіретін сезінеді, сол құдірет иесі өз халқының қадір-қасиетін сезінеді, кеудесін тік ұстайды, жаттың алдында құрақ ұшып, бас иемейді. Сол үшін де біз Әбекеңді ұлт болашағы үшін күрескерлер қатарына жатқызамыз. Ендеше, Абат досымызға бұл ұлы істе қанаты талмауын тілейміз...

Әрине, Абат досымыздың осынау жетістіктерін айта отырып, оның отбасы туралы да бір ауыз сөз айтпасақ, қалай болғаны? Өйткені досымыздың осы жетістіктерінде отбасының да үлесі бар екендігі сөзсіз. Отбасы - Әбекеңді қияға самғатқан қос қанаттың бірі. Өзіміз куәміз, досымыздың отбасында көпке үлгі боларлық ұйыған бірлік пен көп сүйсінерлік тірлік бар. Қасым ақын айтқандай, «Отбасы – шағын мемлекет» десек, Абат досымыз сол шағын мемлекеттің президенті ретінде даму стратегиясын белгілеп, жан жары, отбасы премьері – Диамарамен бірге іске асырып отыр. Ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің доценті, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері **Диамара Қабденқызы** – университеттегі үздік тәлімгерлердің бірі болумен бірге отбасындағы жарасымды тірліктің де тұтқасы десек, артық айтпаспыз! Ал, ата-ана үмітін ақтап, бүгінде өмірде өз орындарын тапқан балалары Дана мен Оралдың, кенжесі Мақсатжанның да ертеңіне үлкен сеніммен қараймыз...

Иә, қазақ жастарына үлгі етерліктей қазақ ғылымында өзіндік жол салған жайсаң дос туралы, оның жарасымды отбасы туралы қысқа үзіктер осылай болды. Тарқата айтсақ, тарау-тарау томдарға ұласардай... Тыңнан жол салған ғалым ретінде қазақ ғылымында өзіндік орны бар, туған тіліне қызмет етуді өмірлік мұрат ретінде тандап, сол жолда абыройлы еңбек үлгісін көрсетіп жүрген Абат досымыздың әлі де асар асуы, шығар шыңы, жарқын жеңістері алда деп білеміз. Ендеше, дос туралы сыр әлі талай ақтарылатыны анық. Тек әрдайым биіктен көрінсін деп тілейміз!

### СӨЗ ӨНЕРІН ТУ ҚЫП ТІККЕН ТҰҒЫРҒА

(Профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының ғалымдық, ритор-педагогтық және көшбасшылық тұлғасы)

А. К.Куатова  
aktoty\_k\_k@mail.ru

**Аннотация:** Мақала педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі, туған тілін ту еткен, талай шәкіртті тұғырынан түлеткен ардақты ұстаз, өнердің падишасы «Риторика» ғылымын зерттеп, сөз күдіретін бойына жиып қана қоймай, шәкірттеріне дарытып жүрген өнегелі оқытушы Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының шығармашылығын кешенді түрде қарастыруға арналған жұмыс тезистеріне арналған.

Абат Сатыбайұлын ғалымдық, ритор-педагогтық және көшбасшылық қырларынан танытып көрсету - зерттеу жұмысымыздың басты нысаны.

Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызына орай зерделеу жұмысының барысында жасалған негізгі тұжырымдар мен қорытындыларды жоғары сынып оқушыларына, университет студенттеріне арналған арнайы курстар бойынша пайдалануға болады.

**Аннотация:** Доклад представляет собой комплексное выступление Кыдыршаева Абата Сатыбаевича, доктора педагогических наук, профессора, академика Академии педагогических наук Казахстана, заслуженного педагога, который прославил родной язык, воспитал множество учеников, изучил науку «Риторика», магистр искусства и не только развил дар речи, но и научил ей своих учеников.

Объектом исследования доклада является представление Абата Сатыбаевича с научного, риторико-педагогического и лидерского аспектов.

Теоретическая и практическая значимость научно-исследовательской работы. Основные выводы и результаты, сделанные в отчетной работе, могут быть использованы при проведении специальных курсов для старшеклассников и студентов вузов.

**Annotation:** The report is a comprehensive presentation of Kydyrshaev Abat Satybayuly, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan, Honorable teacher who made his native language famous, educated many students, studied the science of "Rhetoric", master of art, and not only developed the power of speech, but also taught it to his students. is a work for consideration.

Presentation of Abat Satybayuly from the scientific, rhetorical-pedagogical and leadership aspects is the research object of the report. Theoretical and practical significance of research work. The main findings and conclusions made in the report work can be used for special courses for high school students and university students

**Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі, туған тілін ту еткен, талай шәкіртті тұғырынан түлеткен ардақты ұстаз. Өнердің падишасы «Риторика» ғылымын зерттеп, сөз күдіретін бойына жиып қана қоймай, шәкірттеріне дарытып жүрген өнегелі оқытушы.

Ол Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, қазіргі Зормата ауылында 1963 жылы 15 қарашада дүниеге келген. Болашақ ұстаз Н.К.Крупская атындағы орта мектебін 1981 жылы бітіріп, А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының филология факультетіне қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түседі. Өмірлік ұстанымына айналған мамандығының оқуын 1985 жылы үздік аяқтаған. Алғашқы еңбек жолын өзінің туған өлкесіндегі К.Маркс атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастады. Ал 1990 жылы өзінің жоғары білім алған, ғылым жолына жетелеген Орал педагогикалық институты арнайы шақыртып, қазақ тілі кафедрасының ассистенті, одан кейін оқытушысы қызметін ұсынады. Аталған оқу орнында «Қазақ тіл білімі», «Қазақ лингводидактикасы», «Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы» кафедраларының меңгерушісі, филология, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика факультеттерінің деканы қызметтерде еңбек жолын жалғастырды. Осы оқу орнында дәріс беріп жүріп ғылымға шын көңіл бөліп, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің аспирантурасын тәмамдады. Тұңғыш рет «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын, одан кейін «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік

негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. 2009-2011 ж.ж. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор, «Кәсіптік білім», «Қазақ және орыс тілдері» кафедраларының меңгерушісі қызметін атқарады. Одан кейінгі 7 жылда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің педагогика, филология, мәдениет және өнер факультеттерінің деканы, Көптілді білім беруді дамыту, «Махамбет» ғылыми-зерттеу орталықтарының, «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры қызметтерінде болды. Тарихи сананы жаңғыртудың ірі жобаларына қатысты кешенді жоспарлы жұмыстар жүргізу мақсатында құрылған «Рухани жаңғыру» институтында директорлық қызметті абыроймен атқарды [1].

Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы – бүгінде “Қазақстан Республикасының құрметті азаматы”, Қазақстанның Құрметті ұстазы, «Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері», төсбелгісінің иегері, “Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы” атағының екі мәрте иегері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Республикалық «Махамбет» әдеби, мәдени және танымдық журналының Бас редакторы, Республикалық “Үшқоңыр” әдебиет, мәдениет және өнер газетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі [1].

Бүгінгі конференцияға ұсынған жұмысымда ұстазым Абат Сатыбайұлын ғалымдық, риторикалық және көшбасшылық қырларынан танытып көретін боламын.

Білім жолына түскен адам ғана оның қиын жол екенін біледі. Білімді адам ғана өмірдің төрінен орын алып, көздеген мақсатына жете алады. Бұл ойымды «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі» деген Абай атамыздың сөзімен ұштастыруға болады.

Орал педагогикалық институтының түлегі Абат Сатыбайұлы ғылыммен айналысқан 30 жылға жуық уақытында 500-ден астам ғылыми еңбектер жазып, студенттерге, магистранттарға қазақ тілін оқыту әдістемесі, шешендіктануды (риторика), шешендік өнер мәселелерінен дәріс оқып келеді. Құрметті ұстаз әр шәкіртін өз баласындай көріп, олардың әрбір жетістігі үшін әкесіндей қуанатынын студент кезімізден көріп, байқап келеміз.

Профессордың қазақ тілін оқыту әдістемесі, шешендіктануды (риторика), шешендік өнерді оқыту теориясы мен практикасы, педагогикалық, техникалық жоғары оқу орындарындағы және орта мектептердегі риторика, оны оқытудың әдістемесі және технологиялары, педагогикалық риторика, тілтану педагогикасы мен психологиясы, әдебиеттану педагогикасы мен психологиясы, этнопедагогика, ахметтану, махамбеттану, фарабитану, абайтану, шешендіктану және қазақ афористикасы проблемаларын ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыты етіп алды [1;2;3;4;5].

Танымал ғалым республикамызда «Шешендіктану» оқулығын тұңғыш рет жазып, ол оқулығы студенттер, ұстаздар мен оқушылар арасында үлкен сұранысқа ие болып, бес рет басылып шығарылды.

Ғылымға келген адам абырой, атақ жинасам, белгілі болсам деп келмейтіні анық. Шын ғалым қарапайым, ұстамды, білгенін тыңдаушысына айта түскісі келеді. Абат ағайымыз қарапайым ұстаздан аты аспан тіреп тұрар академик болса да, өзі таңдаған өмір жолынан, ұстаздық миссиясынан танбай келеді. Өзі қызмет ететін оқу орнының ғана емес, сенім білдірген басқа да білім ордаларында ғылым жолында аянбай еңбек етіп жүрген аты бас әріптермен жазылатын ҰСТАЗ. Мәселен, 2004-2007 ж.ж. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы филология, педагогика ғылымдарының докторы (кандидаты) ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 14.09.04 диссертациялық кеңесінің мүшесі, 2007-2008 ж.ж. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті жанындағы педагогика және психология мамандығы бойынша эксперттік комиссия мүшесі және ғалым хатшысы, 2010 ж. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің жанындағы филология, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 14.61.27 диссертациялық кеңесінің мүшесі болуы оған дәлел. Ғалым республикалық деңгейде «Қазақ шешендіктану ғылымы: теориясы және әдістемесі, зерттелуі (тарихи-педагогикалық аспектіде)», «Кәсіби мамандар мен көшбасшы студент жастардың іскерлік қатынас мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-теориялық және практикалық шарттары» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жобаларына жетекшілік жасайды.

Еліне сіңген еңбегі еленген ардақты ұстаз Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» (2007), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, Еуропалық ғылыми-өндірістік палатасының (Москва қаласы) Еуропалық алтын медалімен және сапа жөніндегі дипломымен (Diplom di Merito) (2012) марапатталды.

Өзі білгенін шәкірттің бойына дарыту, оларды ғылым жолына бағдарлау білікті ұстаздың ғана қолынан келді. Абат Сатыбайұлы 2007, 2012 жылдардағы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері. Ол 2009 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Педагогикалық



ғылымдар академиясы Президиумы шешімі бойынша Қазақстан ПҒА-ның академигі болып сайланды. 2009 жылғы қаңтар айынан бері Ресей (Мәскеу) Риторикалық қауымдастығының мүшесі. Ол – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының V Құрылтайының делегаты. «Сөз сөйлеу құдіретіне ие болу – адамның жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрінен де жоғары сатыда екендігін танытатын, адамды адам етіп тұрған адамзат баласының ұлы қабілеттерінің бірі» деп есептейтін профессор А.С.Қыдыршаевтың сөз саптауы, шешендік тілді зерттеп қоймай, өзі де орамды, әсерлі сөйлеуі оның дара болмысын аша түседі. Шәкірттерінің сөзді орынды қолдана, құбылта білулерін жоғары бағалайды. Абат ұстазымыздың мұндай қасиеті адамның жалпы мәдениетінің, білімділігін көрсетеді.

А.С.Қыдыршаевтың «Шешен-лектор профессиограммасы» (2004 ж.) атты зерттеуі жоғары оқу орнының жас лектор мамандарына арналған. Әдістемелік оқу құралында жоғары оқу орны мамандарының педагогикалық іс-әрекеті барысында шешендік өнер элементтерін практикалық тұрғыда қолдануы мәселесінің кейбір басты аспектілері қарастырылады. Еңбекте жас маманның кәсіби қалпы, шешен сөйлеуге қатысты тірек сауалдар мен алғы мақсатты жүйелеу, шешен-лектор сөзіндегі негізгі тезистің екшелуі және сөйленер сөз нысанының шектелуі таратылады.

Ал ғалымның «Шешендік тағылымы» (2004 ж.) атты әдістемелік көмекші құралының бүгінгі таңда шәкірт атаулыға да, лектор-мамандарға да, жалпы жұртшылыққа да қажеттігі дәлелдеуді керек етпейді. Автордың пікірінше, әрбір лектор-маман үшін тыңдаушы қауымға әсер ете отырып, оларды сендіре білу дағдысының болуы абзал. Осы тұрғылас дағдыларды игеру үшін шешендік өнердің теориясы мен практикасын оқып-үйрену міндетті. Жарқын да ашық, бейнелі де тартымды сөйлеуге үйренуге, өзіндік сөйлеу стилін қалыптастыруға, ішкі табиғи қалып, ерекшелік және икемділіктерді ескере отырып, өзіндік сенімділікті қоюлатуға ұмтылу аса қажет. Педагог ретінде қарасам, осындай жұмыстары өмірін шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұстаздар мен жас мамандарға таптырмас көмекші құрал.

Ал оның көшбасшылық қабілеті жөнінде айтсақ, Уоррен Беннистің «Көшбасшы болу хақында» кітабында айтылатын көшбасшыға тән 5 қасиетті атап көрсетеді [6]:

1. Көшбасшының жол нұсқар бағыт-бағдары болады. Абат Сатыбайұлы қызметте де, өмірде де не істеу керек екенін, нені қалайтынын анық біледі. Оның бойында өз мұратына жетердей тегеурінді күш-қайрат бар;

2. Көшбасшы өзі айналысып жатқан жұмысқа құштар. Көшбасшы ғалым өз ісін жақсы көреді және содан ләззат алады. Өзі құштар істі насихаттап, шәкірттерін қызықтырған себепті Абат Қыдыршаевтың ғылыми жетекшілігімен бір шоғыр шәкірттері мектепке дейінгі тіл ширату мәселесімен, бастауыш, орта, жоғары сыныптардағы шешендік өнерді оқыту, жоғары оқу орындарында риториканы оқыту (педагогикалық білім ордаларында педагогикалық риториканы оқыту, көшбасшы студенттердің сөйлеу мәдениетін, шешен сөйлеу білік-дағдыларын қалыптастыру) проблемаларымен шұғылданып, кең көлемді ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыстармен айналысуда.

3. Көшбасшыға адалдық тән. Адалдықтың үш қыры бар. Алғашқысы – өзін танып-білу. Көшбасшылар өздерінің мықты және осал тұстарын жақсы біледі. Не істеп, не қою керек екенін жанымен түйсінеді. Өздерін ешқашан алдамайды. Сосын – турашылдық, ашық ой мен әділ іске адалдық. Соңғысы – жетілу. Абат Сатыбайұлы жас толқынға жол нұсқап, іскерлігі мен ізденімпаздығының арқасында айналасындағылармен қоян-қолтық адал да жемісті жұмыс істей жүріп биік мәртебеге ие болады;

4. Көшбасшы сенім ұялатады. Сенім – көшбасшылықтың құрамдас бөлігі емес, оның тікелей жемісі. Оның ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым кандидаты әзірленіп, 40 магистр даярланды.

5. Көшбасшыларды өзгелерден ерекшелейтін қасиет – қызығушылық пен батылдық. Көшбасшылар білім алуға құштар, олар қашан да тәуекелге бел буып, ізденіп, жаңалық ашуға бейіл. Ол – жалпы көлемі 200 баспа табақ мөлшеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті, филология: қазақ тілі, педагогика және психология т.б. мамандықтарында оқитын студенттер мен магистранттарға және филолог мамандарға, мектеп мұғалімдеріне арналған жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі ұсынған 50 оқу құралы, 5 электронды оқу құралы, 13 оқу бағдарламасы және 25 оқу-әдістемелік құралдарының авторы.

Жоғары кәсіби шеберлігі мен жауапкершілігі, принципшілдігі мен адалдығы оны әріптестері мен шәкірттері арасында үлкен құрметке бөледі. Оның есімі біздің еліміздің түкпір-түкпіріндегі әріптестері арасында жақсы таныс. Үлкенге ізет, кішіге ілтипат жасап өскен Абат Сатыбайұлы ғылыми және ұстаздық қызметінде өзіне де, шәкірттеріне де тиянақты талап қоя біледі және де әр уақытта өзінің қарапайым мінезінен еш айныған емес.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тәлімгер ұстаз. Ғалым-журналист. Шешен-би. Қоғам қайраткері. Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы. Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы. Жауапты редакторы М.Қ.Әжіғалиев. Орал, «Полиграфсервис» ЖШС баспасы, 2023. – 312 бет.
2. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Оқулық. Бесінші басылымы. Орал: «Шұғыла-Принт» баспасы, 2024. – 450 бет.
3. Қыдыршаев А.С. Қазақ орта мектептерінде шешендіктануды оқыту арқылы оқушыларды риторикалық мәдениетке баулу мәселесі // «Профессор Н.Оралбаева және тіл білімі мен әдістеме ілімі»: ғалым Н.Оралбайдың 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы, 2008. – 262-267,-б.б.
4. Қыдыршаев А.С. Қазақ тілі пәні мұғалімінің имиджі // Ғылыми жинақ. - Орал, 2008. –265-268-б.б.
5. <https://atr.kz/qogam/abat-kydyrshaev-soz-korsha-an-alemge-karatyl-an-tereze/>

### ӘОЖ 373.3

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ КЕЛЕР ШАҚ: КОММУНИКАТИВТІК-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

**М. Б. Нариман,**

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің магистранты  
Ғылыми жетекшісі: Ш. Мажитаева, ф.ғ.д., профессор*

Тілдердегі грамматикалық құрылымдар мен шақ формаларын зерттеу лингвистикалық зерттеулердің іргелі құрамдас бөлігі болып табылады. Өйткені олар іс-әрекеттің шақ, аспекті және модальділігі туралы ақпаратты жеткізуде шешуші рөл атқарады. Шақ формаларын зерттеудің маңызды аспектілерінің бірі олардың коммуникативті және прагматикалық қызметін талдау болып табылады. Бұл зерттеу осы шақ формасының қолданылу ерекшеліктерін және оның осы тілдерде сөйлеушілердің коммуникативтік стратегияларына әсерін анықтау үшін қазақ және ағылшын тілдеріндегі келер шаққа назар аударады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі келер шақ ерекшеліктерін зерттеу мәдениетаралық қарым-қатынас, шет тілдерін аудару және оқыту контекстінде маңызды практикалық мәнге ие. Сонымен қатар келер шақтың коммуникативті және прагматикалық қолданылуын талдау әртүрлі мәдени контекстердегі тілдік әрекет ерекшеліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын тілдеріндегі келер шақ қолданысының коммуникативтік және прагматикалық ерекшеліктерін жүйелі талдау және салыстыру, оның қызмет етуінің ұқсас және әртүрлі механизмдерін анықтау, сондай-ақ оның қалыптасуына мәдени факторлардың әсерін анықтау, әртүрлі коммуникациялық жағдайларда қолдану.

Зерттеуде екі тілдегі келер шақтың грамматикалық табиғаты, оның әртүрлі коммуникация жағдайында қолданылу ерекшеліктері, сондай-ақ оның мағыналық реңктері мен интонациялық реңктерінің қалыптасуы мен түсіндірілуі талданады. Осылайша бұл зерттеу тіл жүйелерінің қызметін және олардың әртүрлі мәдени және әлеуметтік контекстерде қолданылу жолдарын жақсырақ түсінуге ықпал етеді. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі келер шаққа талдау жасау осы екі елдің мәдениеті мен тілдік дәстүрлерінің алуан түрлілігі тұрғысынан ерекше маңызға ие. Тіл мәдени бірегейліктің негізгі аспектісі екенін ескере отырып, келер шақты қолданудағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды түсіну мәдени контекстің тілдік әрекетке әсерін жақсы түсінуге көмектеседі.

Қазақ тілінде келер шақ жұрнақтар мен модальды етістіктер арқылы жасалады. Қазақ тіліндегі келер шақ етістік формалары қолданылу жағдайына қарай модальділік пен интонацияның әр түрлі реңктеріне ие болады. Негізгі келер шақ конструкцияларына «-а», «-ау», «-ып жату» жұрнақтары және «болады», «болу керек», «жатады» сияқты модальды етістіктердің қолданылуы жатады. Сонымен қатар қазақ тілінде коммуникативтік жағдаяттың ерекшеліктері мен сөйлеушінің ниеті ескеріліп, келер шақты білдіруге мүмкіндік беретін түрлі сөз тіркестері бар.

Ағылшын тілінде келер шақ «will» модальды етістігі мен инфинитивтегі етістіктер арқылы айтылады. Сондай-ақ келер шақты «to be going to» + инфинитив конструкциясы арқылы білдірудің балама тәсілі бар. Осы конструкциялардың әрқайсысын пайдалану контексті сөйлеушінің сенімділігіне, жоспарлау дәрежесіне және ниетіне байланысты өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар, ағылшын тілінде қарым-қатынас контекстін және мәлімдеменің эмоционалды бояуын ескере отырып, келер шақты білдіруге мүмкіндік беретін әр түрлі сөз тіркестері бар.

Қайталанатын дағдылы, әдеттегі іс-әрекеттің келешекте іске асатындығын білдіреді. Бұл шақ қазақ тіліндегі ауыспалы келер шаққа сәйкес келеді [1, 18].

Салғастырмалы талдау қазақ және ағылшын тілдеріндегі келер шақ грамматикалық құрылымы мен қолданылуында ұқсастықтар мен айырмашылықтарға ие екенін көрсетеді. Екі тілде де келер шақты білдірудің алуан түрлі тәсілдері бар, бірақ бұл жолдар әртүрлі коммуникациялық жағдайларда әртүрлі коннотациялар мен коммуникативті мақсаттарды жүзеге асыруы мүмкін. Екі тілде де келер шақты түсіндіру және қолдану кезінде контекст пен мәдени сезімталдықты ескеру маңызды.

Келер шақ семантикасы мен прагматика саласындағы зерттеулер көрсеткендей, бұл шақ формасы тек уақыттық перспектива туралы ақпарат беріп қана қоймайды, сонымен қатар, сөйлеушінің ниетімен және коммуникативті қарым-қатынас контекстімен байланысты семантикалық коннотацияларды алып жүреді.

Қолданудың контекстік динамикасы: Әртүрлі коммуникативті жағдайларда келер шақ қолданысының контекстік динамикасын ескеру зерттеудің маңызды аспектісі болып табылады. Мәтінмен келер шақ болжамдарды, ниеттерді, шарттарды және басқа коммуникативті мақсаттарды білдіру үшін қалай қолданылатынын анықтай алады.

Қазақ тіліндегі келер шақ ниет пен жоспарды білдіру үшін, қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен, мезгілден кейін болатынын білдіру үшін кеңінен қолданылады, мысалы: «Ол ертең келмекші», «Ол ертең келеді», «Мүмкін, ертең келер». Бұл мысалдардағы *келмекші, келеді, келер* деген етістіктер бару, келу қимылдарының әлі болмағанын, бірақ келешекте болатындығын білдіріп тұр.

Келер шақ мағынасына және жасалуына байланысты *болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ* және *ауыспалы келер шақ* болып үшке бөлінеді.

БІ. Маманов еңбегінде келер шақтың үш түрін көрсетеді: ауыспалы келер шақ (жаз+а+мын); болжалды келер шақ (жаз+ар+мын); ниет келер шақ (жаз+бақ+пын) [2, 156].

Н. Сауранбаев келер шақты: шексіз келер шақ, шекті келер шақ, мақсатты келер шақ деп топтастырады [3, 130-134]

**Болжалды келер шақ** қимылдың, іс-әрекеттің болу мүмкіндігін анық көрсетпей, болжап қана айтылуын білдіреді.

Болжалды келер шақ етістіктердің түбіріне есімшенің *-ар, -ер, -р* жұрнақтарының жалғануы арқылы және болымсыз етістіктен кейін *-с* жұрнағының жалғанып, одан кейін жіктік жалғауының қосылуы арқылы жасалады. Мысалы: *Біз айт-ар-мыз. Сен айт-па-с-сың, сіздер жүр-ме-с-сіздер.*

Қазақ тілінде келер шақ болжам мен ықтималдықты білдіру үшін қолданылады, Мысалы: *«Ауылға баратын шығ-ар-сың».*

Болжалды келер шақ көркем әдебиетте де кеңінен қолданылады: *Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп, ойнап - күлмес* (Абай).

*Бірақ оның ойлағанының бәрі бола бермес* (Әуезов).

*Амандық, тыныштық іздемеспін* (Әуезов).

Кейде І жақ жіктік жалғауы *-пын / -пін* ықшамдалып *-н* түрінде ғана жұмсалады. Мысалы, *барма - с - пын - бар - ма - н*. Мұндай тұлғалы етістіктер поэзияда жиі кездеседі. *Ескі бише отырман, бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап* [4, 41].

Сонымен қатар, келер шақ формаларын қолдану болашақ іс-әрекетке деген сенімді білдіруі мүмкін, мысалы: *«Нәтижесін міндетті түрде көр-е-ді»*. Бұл ауыспалы келер шақ.

**Ауыспалы келер шақ** та ауыспалы осы шақ сияқты *-а, -е, -й* жұрнақты көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Сондықтан ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақты сөйлемде бір-бірінен мағыналық жағынан ғана ажыратуға болады. Мысалы: *Ол әпкесінің үйінде тұр-а-ды* деген сөйлемдегі *тұрады* етістіктігі ауыспалы осы шақ мағынасын білдірсе, *Ол ертең таңда тұр-а-ды* деген сөйлемдегі *тұрады* ауыспалы келер шақ мағынасын беріп тұр.

Көркем әдебиеттен мысалдар: *Ішімнен шыққан Құтжаннан кем көрмеймін* (Әуезов). *Осыдан Бүркітбайға бармадың зой, ақ сүтімді аспанға сауамын* (Нұршайықов). *Шын гашиқ сый болмас, Арызымды айтайын Құй болар, күй болмас* [4, 73].

*Ылқаннан еш нәрсе шықпайды* [5, 37].

Ауыспалы келер шақтың ауыспалы осы шақтан айырмашылығы сөйлемде мезгіл мәнін білдіретін байқалады. *Бүгінге місе тұтпай, ертеңге көз жібереміз* [6, 519].

**Мақсатты келер шақ** қимылдың, іс-әрекеттің болашақта мақсат етіле орындалатынын білдіреді.

Мақсатты келер шақтың жасалу жолы: етістіктің түбіріне *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -нақ, -пек* жұрнақтарының жалғанып, одан соң жіктік жалғауының жалғануы арқылы. Мысалы: *Мен қазір дүкенге бар-мақ-пын, Сіз анайт-пақ-сыз, иә?*

Етістіктің *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -нақ, -пек* жұрнақтарына *-шы, -ші* жұрнақтары жалғанып, одан кейін жіктік жалғауының үстеулі (жіктелуі) арқылы да **мақсатты келер шақ жасалады**. Мысалы: *Мен қалаға бар-мақ-шы-мын*.

Мақсатты келер шақтың көркем әдебиетте кездесуіне мысалдар: *Ол ертең өз еліне қайтпақ. Ноғайлының қалған әскері Ақторғын сұлуды көшіріп, Яссыға жетпек* (Есенберлин).

*Етікбайды күзетке қойып, Петр мен Қойшығара бой жазып отырмақшы. Сосыңғы жұмыс өзінен - өзі шешіле бермекші* (Майлин).

*Әлісізге тимекші емес. Мынау көріністен Абай безбек емес* (Әуезов).

Ағылшын тіліндегі келер шаққа тоқталатын болсақ, **келер шақ** арқылы келешектеорындайтын қимылдармен жоспарлаған іс-әрекеттерді айта аламыз. Ағылшын тіліндегі келер шақ **Future Tense** (Future Simple Tense) деп аталады. Оның бірнеше жасалу жолдары бар. Future Tense, әдетте, «shall» және «will» көмекші сөздері арқылы жасалады (will+verb).

Грамматикалық ережелерге сай, shall сөзі тек бірінші жақта жекеше және көпше түрде (I shall, We shall) қолданылады. Басқа жақтарда (екінші, үшінші жақтар: you, he/she/it, they) will көмекші сөзі қолданылады.

Бірақ, қазіргі кездегі ағылшын тілінде бірінші жақта да will сөзі қолданыла береді. Мысалы: *I (or We) shall learn English*- Мен (немесе біз) ағылшын тілін үйренемін (үйренеміз). *Askhat will come tomorrow*- Асхат ертең келеді. *My grandfather will go to Astana* - Менің атам Астанаға барады.

Болымсыз: *Your mother will not (wil not=wont) work on next week* - Сенің анаң келесі аптада жұмыс істемейді. Сұраулы: *Will they call us?* - Олар бізге телефон соға ма?

Present Simple арқылы келер шақтың жасалуы. Ауыспалы осы шақ (Present Simple) арқылы келер шақтағы сөйлемді жасау үшін осы шақ сөйлемінде міндетті түрде келер шаққа қатысты мезгіл үстеуі болу керек. Мысалы: *We have an exam on next Friday*- Келесі жұма күні біздің емтиханымыз бар. *Sayat comes tomorrow* - Саят ертең келеді. *The bus goes tonight* - Автобус бүгін түнде жүреді.

Future Tense сөйлемдері нақ осы шақ (Present Continuous) арқылы да жасалады. Бірақ сөйлемде келер шақтың мезгіл үстеуі болу керек. Мысалы: *I am visiting you tomorrow* - Мен ертең саған қонаққа барамын. *What are you doing on next Sunday?*- Келесі жексенбіде не істегелі жатырсыз?

Ағылшын тіліндегі келер шақ уәделер мен ұсыныстарды білдіру үшін қолданылады.

Екі тіл де ниеттерді, жоспарларды, болжамдарды және ықтималдықтарды білдіру үшін келер шақты пайдаланады, бірақ қолдануда біраз айырмашылық бар. Қазақ тілінде келер шақ қолданысы болжауға көбірек байланысты болса, ағылшын тілінде уәдені, ниетті, жоспарды білдіру үшін қолданылады. Мәдени сипаттамалар екі тілде де келер шақты қолданудың қолайлы тәсілдеріне әсер етуі мүмкін.

Коммуникативті контекст ерекшеліктерін түсіну екі тілде де шақ формасын таңдауға әсер етеді. Қазақ тілінде келер шақтың қолданылуы ұжымшылдық пен үлкенді сыйлаудың мәдени құндылықтарын бейнелейтін сыпайы және ілтипатты форма болуы мүмкін. Ағылшын тілінде келер шақ коммуникациядағы индивидуалистік тенденцияларды көрсете отырып, тікелей және функционалды болуы мүмкін.

Сонымен қатар, келер шақ жоспарлау, күту және болжау сияқты әртүрлі коммуникативті мақсаттарды жеткізу үшін қолданылады. Екі тілдегі дискурстың әртүрлі жанрлары мен түрлері коммуникация мақсаттары мен аудиторияға байланысты келер шақты қолданудың әртүрлі стратегияларын қажет етеді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі келер шақтың қатысымдық қолданысын талдау оқыту мен аудармалар үшін маңызды. Екі тілдегі қарым-қатынас стратегияларының мәдени ерекшеліктерін түсіну студенттерге әртүрлі деңгейдегі коммуникативтік дағдыларды жақсы меңгеруге көмектеседі.

Қазақ тіліндегі келер шақтың прагматикасы функционалдық стильдерге байланысты әр қолданыста әр түрлі болып келеді. Келер шақ белгілі бір іс-әрекеттің, қимылдың айтылып тұрған сәттен кейін болатынын, болуы мүмкіндігін және болуға ниетті екендігін білдіреді.

Етістік шақ категориялары, оның ішінде келер шақ, мағыналық түрлеріне байланысты, болжау мәнін, мақсат етілуін және әрекеттің келешектегі орындалу мезгілін танытады.

А.Ысқақов мақсатты келер шақ формасы амал-әрекеттің алдағы уақытта шүбәсіз, күдіксіз жүзеге асатынын және онда бір мақсат барын қоса білдіреді дейді [7, 333].

Сөздердің грамматикалық категориялары және етістіктің шақ категорияларының стилистикалық мүмкіндіктері бойынша қарым-қатынас жасау, бір сөзді сипаттау және маңыздарын түсіну жолымен басқа сөздердің грамматикалық категорияларына әсер етуі мүмкін.

А. Ысқақов жалпы келер шақ амал-әрекеттің алдағы уақытта шүбәсіз, анық жүзеге асатынын білдіреді дейді [7, 332].

Етістіктер, синонимдік әлеуеттілігі мен экспрессивтілік мүмкіндіктерін бірнеше сөздердің арасында жұмсау арқылы мәліметті үйрету, түсіндіру және толықтыру қызметтерін атқара алады.

Қазақ тіліндегі келер шақ қолданысында құрмет пен сыпайылық элементтері жиі кездеседі, мысалы: «Сіз келесі аптада шығасыз ба?».

Келер шақ ресми жағдайларда қолданылады, мысалы: «Сізге біраздан соң хабарласады».

Д. Әлкебаева ресми стильдердегі келер шақтың қолданысы жөнінде: «Ресми стильде келер шақ формалары екі мәнде жұмсалынады, біріншісі **болашақтағы міндеттілікті атқару үшін**: бұл мәселені шешуге рұқсат беруіңізді сұрайды; екінші мәні **болашақтағы атқарылатын іс-әрекеттің шартын көрсету үшін** қолданылады: еңбекке қабілеті жарамсыз болған жағдайда сақтандыру ақысы төленеді, т.б.» деп көрсеткен [8, 169].

Ауызекі стильде келер шақ көп жағдайда болжам мен болжауды білдіру үшін қолданылады, мысалы: «Ертең ауа райы жылы болып қалар».

Публицистикалық стильде етістіктің шақ категорияларының түрлері өзгеріске ұшырайды, оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, публицистикалық стильде автордың қай стильге көбірек ұқсауына әрі оның жанрларына да байланысты шақ категорияларының стильдік мәні өзгеріп отырады. Публицистикалық стильде етістіктің шақ категориялары бұрынғы қолданыстағы заңдылыққа бағынады, бірақ ауызекі сөйлеу стилінің элементтерін өзіне пайдалана отырып, экспрессия тудыруды көздейді. Мысалы: «Алдағы ай әр үйге жылу кіреді», «Аудан әкімі осы айдың соңында қорытынды есеп береді».

Етістіктің шақ категорияларының көркемдік стильдік қуаты көркем әдебиет стилінде екені белгілі. Көркем әдебиет стилінде етістіктің шақ категориялары экспрессивтілік мәнмен стилистикалық бояуларға өте бай сала болып келеді. «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып, күн болам. Қараңғылықтың көгіне күн болмағанда, кім болам?» (С.Торайғыров)

Етістік стилистиканың негізгі күретаымы функционалды стилистикамен ресурстар стилистикасында стилистикалық категориялардың барлық аясын қамтиды әрі прагматикалық ықпалының зор екендігін көрсетеді [8, 172].

Ағылшын тіліндегі келер шақ сәлемдесу мен алғыс білдіру үшін қолданылуы мүмкін, мысалы: «Мен сені ертең көремін».

Шақырулар мен ұсыныстарды білдіру үшін де кеңінен қолданылады, мысалы: «Кешке келесің бе?». (Сіз кешке келесіз бе?).

Ағылшын тіліндегі келер шақ шарттар мен болжамды жағдайларды білдіру үшін қолданылуы мүмкін, мысалы: «Егер сіз кешіксеңіз, үлгермей қаласыз».

Ағылшын тіліндегі келер шақ (Future Tense) адамдардың ойлауы мен жасауы арасындағы қосымша прагматикалық мәнділіктерді ұсынады:

- Келер шақ айтушылардың ойлау және күнделікті жұмыс істеу мәндерін қалпына келтіреді. Олар келесі қолдану ауызша жасау салаларын көмекші болады. Мысалы, «I will go to the store tomorrow» (Мен ертең дүкенге барамын).
- Ойлаушылардың жоспарларын жасауға және түрлендіруді көрсетеді. Мысалы, «I will call you at 3 PM» (Мен сағат 3-те сізге қоңырау шалармын).

Ағылшын тіліндегі ойлаушының ниеті мен жоспарын білдіреді, оның жасауын ұсынады, жасаушының мақсаттарын белгілейді және келесі жаңалықтарды көздеу жолымен өзгереді.

Талдау көрсеткендей, екі тілдегі келер шақ сыпайылықты, құрметті, болжамдар мен шарттарды білдіру үшін қолданылады, бірақ контексттер мен қолдану реңктері әртүрлі. Қазақ тілінде келер шақ ресми стильде көбірек кездесетін болса, ағылшын тілінде шақыру, алғыс, шарттарды білдіреді.

Екі тілде де келер шақтың қолданылуына мәдени-әлеуметтік жағдайлар да әсер етеді.

Қазақта жасы үлкенге деген құрмет сыпайылық пен мәдениеттілікті білдіретін келер шақ формаларында көрініс табады. Ағылшын тілінде келер шақты қолдану тікелей және функционалды болуы мүмкін, ол қарапайым коммуникативтік мақсаттарда көрінеді.

Тіл біліміндегі келер шақты қолданатын халықаралық қатынас әртүрлі аспектілер мен сценарийлерді қамтуы мүмкін. Қарым-қатынастың мәнмәтініне және мақсатына қарай келер шақтың әртүрлі формаларын қолдануға болады. Халықаралық қарым-қатынаста келер шақты қолдану жоспарларға және болжамдарға байланысты уақыттың әртүрлі аспектілерін білдірудің тиімді әдісі бола алады.

Осы талдау барысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі келер шақ қолданысында екі тілдің тілдік және мәдени ерекшеліктерін көрсететін бірқатар елеулі айырмашылықтар мен ұқсастықтар

бар екені белгілі болды. Қазақ тілінде құрмет пен сыйайлыққа мән бере отырып, келер шақты тек жоспарлар мен болжамдарды ғана емес, сонымен қатар, ресми жағдайларда қолданылады, бұл оның қолданылуында контекст пен әлеуметтік-мәдени негіздің маңыздылығын көрсетеді. Екінші жағынан, ағылшын тіліндекелер шақ тек болжамды, ниеттерді білдіру үшін ғана емес, сонымен қатар индивидуалдықтенденциялар мен туралықтың мәдени құндылықтарын көрсететін тікелей және функционалдық байланыс жасау үшін жиі пайдаланылады. Публицистикалық стильде, сөйлеу мәдениетінде шақ категориясын дұрыс қолданудың маңызы үлкен.

Бұл талдау қазақ және ағылшын тілдерін үйрену және оқыту кезінде мәдени, контекстік және әлеуметтік лингвистикалық ойларды ескерудің маңыздылығын көрсетеді. Келер шақты қолданудың коммуникативті және прагматикалық аспектілерін түсіну әрбір тілдің әлеуметтік-мәдени контекстінде жақсы шарлауға мүмкіндік береді. Осы саладағы әрі қарай зерттеулер әртүрлі тілдер мен мәдениеттердегі қарым-қатынас стратегияларына тілдік факторлардың әсері туралы түсінігімізді тереңдете алады.

Сонымен, қазақ және ағылшын тілдеріндегі келер шақ қолданысын талдау екі тілдің коммуникативті, прагматикалық және мәдени ерекшеліктерін тереңірек зерттеуге, сондай-ақ сөйлейтіндердің өзара әрекеттесу тиімділігін арттыруға мүмкіндіктер ашады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі келер шақ қолданысының коммуникативтік және прагматикалық аспектілерін зерттеу екі тілдің ерекшеліктерін тереңірек түсінуге көмектесіп қана қоймай, мәдениетаралық қарым-қатынастың маңызды аспектілеріне жолашады. Әртүрлі қарым-қатынас жағдайында келер шақты қолданудың қыр-сырын түсіну тіл үйрету мен мәдениетті танудың негізгі элементіне айналуға мүмкіндік береді. Бұл мәдениетаралық өзара әрекеттесу кезінде түсінбеушілік пен қақтығыстардың ықтималдығын азайта отырып, әлеуметтік-мәдени сипаттамаларға жақсы бейімделуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қазақ және ағылшын тілдеріндегі келер шақ қолданысының мағыналық, стильдік және контекстік ерекшеліктерін зерттеу аудармашылық дағдыларды дамытуға әсер етеді. Екі тілдің коммуникациялық стратегиялары мен прагматикасындағы айырмашылықтарды білу аудармашыларға мәдени ерекшеліктер мен қолдану контекстін ескере отырып, дәлірек және тиімді аудармалар жасауға көмектеседі.

Жалпы, келер шақтың қазақ және ағылшын тілдеріндегі қолданысын талдау лингвистика, мәдениеттану және мәдениетаралық коммуникация салаларындағы одан әрі зерттеулерге жол ашады. Ол сондай-ақ тілдер мен мәдениеттердің әртүрлілігін түсіну мен құрметтеуге ықпал етеді, жаһандық байланыс пен ынтымақтастықты жақсартуға көмектеседі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Basic Grammar. Ағылшын тілі грамматикасының негіздері. I-бөлім: В 29 Оқу құралы/ Б.М.Тоимбаева, Ш.А.Қақжанова, Б.С.Тишмағанбетова, Г.М.Мағауина, Г.М. Байдельдинова; Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті. – Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2011. – 114 б.
2. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі: Етістік. – Алматы: Мектеп, 1966. – 156 б
3. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тілі (Педучилищелерге арналған). – Алматы, – 220 б.
4. Абай өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер Алматы, 2003 – 248б
5. Майлин Б. Елсыры. Повесть , әңгімелер Алматы, 2004 - 192б
6. Қазақ грамматикасы. Алматы, 2002 – 784б
7. Ысқақов А.Ы. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. – Алматы, 1991. – 385 б.
8. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматистикасы: оқулық. – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 247 б

### **ӘОЖ 373.3**

#### **ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Г. Н.Шайхиева,**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің II курс магистранты*

**Аннотация.** Бұл мақалада қазіргі заманғы жоғары сынып оқушыларының маңызды проблемасы - сөйлеу мәдениеті қарастырылды. Сөйлеу мәдениеті болашақ мамандардың кәсіби және жеке құзыреттілігін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Мақалада сауаттылық, дәлділік, экспрессивтілік, сондай-ақ оның оқушылардың кәсіби және әлеуметтік-мәдени өзара әрекеттесуі

сияқты сөйлеу мәдениетінің негізгі компоненттері талданды. Сөйлеу мәдениетін дамыту үшін педагогикалық жағдайлар, соның ішінде тілдік ортаны құру, коммуникативті жағдайларды ұйымдастыру, әртүрлі жанрдағы мәтіндермен жұмыс жасау және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану ұсынылды. Авторлар оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту және сапалы мамандар даярлау мақсаттарына жету үшін әртүрлі пән оқытушыларының бірлескен жұмысының маңыздылығын атап көрсетеді. Жоғары оқу орындарының тіл факультеттері студенттерінің ауызша сөйлеуін дамыту контекстінде оқытудың мәдени аспектілерінің маңызды рөлі ашылады.

**Кілт сөздер:** сөйлеу мәдениеті, мәдениетаралық коммуникация, ақпараттық әңгіме, топтық әңгіме, диалог, монолог, коммуникация, мәдениеттану құзыреттіліктері.

**Аннотация.** В данной статье рассмотрена важная проблема современных старшеклассников - культура речи. Культура речи играет решающую роль в формировании профессиональных и личностных компетенций будущих специалистов. В статье проанализированы основные компоненты культуры речи, такие как грамотность, точность, выразительность, а также ее профессиональное и социокультурное взаимодействие учащихся. Для развития культуры речи были предложены педагогические условия, в том числе создание языковой среды, организация коммуникативных ситуаций, работа с текстами различных жанров и использование современных информационных технологий. Авторы подчеркивают важность совместной работы преподавателей различных дисциплин для достижения целей развития речевой культуры учащихся и подготовки качественных специалистов. Раскрывается важная роль культурных аспектов обучения в контексте развития устной речи студентов языковых факультетов вузов.

**Ключевые слова:** культура речи, межкультурная коммуникация, информационная беседа, групповая беседа, диалог, монолог, коммуникация, культурологические компетенции.

**Annotation.** This article discusses an important problem of modern high school students - the culture of speech. The culture of speech plays a crucial role in the formation of professional and personal competencies of future specialists. The article analyzes the main components of speech culture, such as literacy, accuracy, expressiveness, as well as its professional and socio-cultural interaction of students. Pedagogical conditions were proposed for the development of speech culture, including the creation of a language environment, the organization of communicative situations, work with texts of various genres and the use of modern information technologies. The authors emphasize the importance of the joint work of teachers of various disciplines to achieve the goals of developing students' speech culture and training high-quality specialists. The important role of cultural aspects of education in the context of the development of oral speech of students of language faculties of universities is revealed.

**Keywords:** speech culture, intercultural communication, informational conversation, group conversation, dialogue, monologue, communication, cultural competencies.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы көптеген салаларда айтарлықтай жаһандық өзгерістермен сипатталды. Технологияның, коммуникацияның, көліктің дамуы халықаралық байланыстардың күшеюіне және әртүрлі ұлттар мен қоғамдар арасындағы мәдени алмасудың артуына әкелді [1]

Жоғары сынып оқушыларының сөйлеу шеберлігін қалыптастыру болашақ педагогикалық мамандарды даярлауда маңызды рөл атқарады. Сөзді сауатты қолдану және тіл мәдениетін дамыту – мұғалімнің табысты мансабының негізгі аспектілері. Сөйлеу мәдениетін оқыту – мәдени тұрғыдан қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған маңызды міндет.

Әңгімелесу арқылы мәдениетаралық қарым-қатынасты үйрену оқушылардың ауызша сөйлеуін қалыптастырудың негізгі міндеті болып табылады. Әңгімелесу әртүрлі мәдени контексттерде қарым-қатынас дағдыларын үйренуге және жетілдіруге тамаша мүмкіндік береді. Мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруды ескере отырып, әңгіменің шартты жіктелуін ұсынсақ:

- Тақырыптық әңгіме;
- Рөлдік әңгіме;
- Пікірсайыс;
- Топтық пікірталас;
- Сұхбат және ақпарат алмас.

Әңгімелесудің осы түрлерін қамтитын оқу бағдарламалары мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етеді, бұл – сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың маңызды бөлігі.

Сөйлеу дағдысындағы негізгі мәдениет – философиялық, лингвистикалық, психологиялық-педагогикалық ғылымдарды зерттеудің өзекті объектісі. Сөйлеу әрекетінің теориясын дамыту (Л. С. Выготский, А. А. Леонтьев, А. Н. Леонтьев, С. Л. Рубинштейн және т. б.), функционалдық стилистика бойынша жұмыстар (В. В. Виноградов, Г. О. Винокур, А. Н. Гвоздев, Е. А. Земская, М. Н. Кожина, Б. Г. Костомаров, О. Б. Сиротинина, Д. Н. Шмелев, Л. В. Щерба және т. б.) және сөйлеу мәдениеті (Ф. И. Буслаев, А. М. Пешковский, С. И. Ожегов, Л. И. Скворцов, Б. Н. Головин және т. б.), кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу (Г. И. Железовская, В. А. Кан-Калик, О.Б. Капичникова А. А. Леонтьев, А. К. Михальская және т. б.), мәтінді зерттеудің әртүрлі аспектілерін талдау (И. Р. Галперин, Н. Д. Зарубина, Г. В. Колшанский, Л. М. Лосева, О. И. Москальская, Х. А. Ипшшитова, Т. К. Донская, Г. Я. Сожаник және т. б.), сөйлеу этикеті мәселелері (А.А.Акишина, Н. И. Формановская және т.б.) туралы еңбектер мұғалімдерге оқыту мәселелерін шешуге жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді, мұнда коммуникативті бағытталған курс перспективалық ретінде қарастырылады (В. И. Капинос, А. Ю. Купалова, Т. А. Ладыженская, С. И. Львова, Л. Г. Вяткин және т. б.) [2]

Сөйлеу мәдениеті оқушылармен, әріптестермен және ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас пен өзара әрекеттесудің негізін құрайды, сонымен қатар оқу және тұлғааралық дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Мұғалімнің сөйлеу мәдениетін дамыту тиімді оқу ортаны құруға көмектеседі және оқушылардың табысты білім алуы мен тәрбиесіне ықпал етеді. Ол сондай-ақ мәдениет пен білім бір-бірімен тығыз байланысты білім беру ортасын қалыптастырудың негізгі көзі және мақсаты қоғамға үлес қоса алатын «мәдениетті адамды» тәрбиелеу болып табылады.

Оқушылар сөйлеу мәдениетінде де бірнеше кемшіліктерге бой алдырады. Соларға назар аударсақ:

- «Қоршаған ортаның әсері (Отбасы, мектеп, достар);
- Жекелеген оқушы тіліндегі кемшілік;
- Сөйлеу дағдыларының жоқтығы;
- Өзге ұлт мәдениетіне еліктеуден сөздің бұрмаланауы, т. б.» [3]

Тілдік құралдар жүйесін қолдана отырып, жоғары сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін зерттеу және дамыту – көп қырлы зерттеу мен әдістемелік тәсілді қажет ететін маңызды міндет. Сөйлеу мәдениетін дамыту процесін іргелі философиялық, психологиялық-педагогикалық, лингвистикалық және әдістемелік перспективалар тұрғысынан қарастыруға болады. Осы мәселенің кейбір негізгі аспектілерін қарастырайық:

*Философиялық перспектива:* жоғары сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін дамытудың философиялық негізі гуманизм, мәдениеттану және құндылық білімі сияқты жалпы философиялық принциптермен байланысты. Философиялық идеялар сөйлеу мәдениеті саласындағы құндылықтар мен мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға негіз бола алады.

*Психологиялық-педагогикалық перспектива:* бұл тұрғыда зерттеулер сөйлеу мәдениетін дамытудың психологиялық аспектілерін қамтиды, мысалы, оқыту және даму психологиясы, оқыту және мотивация теориялары және коммуникациялық дағдыларды оқыту әдістері.

*Лингвистикалық перспектива:* лингвистикалық зерттеулер тілдік құралдарды, лексиканы, грамматиканы, сөйлеу құрылымын және сөйлеу мәдениетін дамытуға әсер ететін тілдің басқа аспектілерін зерттеуді қарастырады. Бұл сонымен қатар тілдің мәдени аспектілерін және мәдениетаралық коммуникацияны талдауды көрсетеді.

*Әдістемелік перспектива:* әдістемелік зерттеулер жоғары сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін дамыту үшін педагогикалық әдістер мен құралдарды әзірлеуге және сынақтан өткізуге бағытталады. Бұл оқу бағдарламаларын, оқу материалдарын және оқыту әдістерін құрайды.

Жоғары сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін дамыту контекстіндегі «тілдік құралдар жүйесі» ұғымы өте маңызды. Бұл тұжырымдама тілде дұрыс және мәдени сауатты қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға көмектесетін әртүрлі лингводидактикалық аспектілер мен компоненттерді қамтиды.

Тұлғаға бағытталған және нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің маңыздылығы, сондай-ақ қазіргі білім беру үдерісіндегі коммуникативтік құзыреттілік қарқынды даму үстінде. Бұл аспектілер, әсіресе, қазіргі әлемде өзекті болып отыр, онда ақпарат тез өзгеріп, мәдениетаралық байланыс барған сайын маңызды бола бастады.

Тұлғаға бағытталған білім беру жүйесіне көшу әр оқушының жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін ескеруді білдіреді. Бұл жеке тұлғаны дамытуға және қарым-қатынас пен сыни ойлау сияқты негізгі дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Коммуникативті құзыреттілік әртүрлі жағдайларда әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды қарастырады. Тілдік құзыреттіліктің даму деңгейі сөйлеу мен қарым-қатынас сапасына айтарлықтай әсер етеді. Сөйлеу



дағдыларын дамыту деңгейінің төмендеуі білім беру процесінде айтарлықтай маңызды мәселе екені даусыз.

Коммуникативті дағдылар мен тіл мәдениетін оқыту – болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың маңызды бөлігі. Осы мәселелерді шешу үшін сөйлеу дағдылары мен коммуникативті құзыреттілікті дамытуға баса назар аударатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу маңызды. Оқушыларға қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және әртүрлі ортаға бейімделуге көмектесетін әртүрлі әдістерді, практикалық жаттығуларды және мәдениетаралық жобаларды қарастыру қажет.

«Коммуникация – топтық немесе көпшілік алдында маңызды мәліметтерді әңгіме арқылы жеткізу және құру процесі. Коммуникация үрдісінің тиімділігі берілген процеске қатысушылардың коммуникативтік құзыреттілігімен анықталады. Коммуникативтік құзыреттілік – жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі», - деген пікірге сүйене отырып, жоғары сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін арттыру – шын мәнінде маңызды міндет. Коммуникативті құзыреттілік – бұл адаммен тиімді қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттесу қабілеті, сонымен қатар қарым-қатынасты әртүрлі жағдайлар мен аудиторияларға бейімдеу мүмкіндігі. Қарым-қатынас оқу процесінде де, университетті бітіргеннен кейінгі студенттердің өмірінде де маңызды рөл атқарады.

Бұл тұрғыда «құзыреттілік» ұғымы оқушылардың белгілі бір фактілер мен қарым-қатынас ережелерін біліп қана қоймай, оларды нақты жағдайлар мен қажеттіліктерге байланысты іс жүзінде қолдана алатындығын білдіреді. Бұл құзыреттілік келесі аспектілерді қамтиды:

- Білім;
- Дағды;
- Бейімделу;
- Эмпатия;
- Сыни тұрғыдан ойлау;
- Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік;

Жоғары сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін қарым-қатынас сабақтарын, коммуникация дағдыларын дамыту бойынша тренингтерді және практикалық жаттығуларды қоса алғанда, арнайы оқыту іс-шараларын өткізу маңызды. Сондай-ақ, коммуникацияның практикалық тәжірибесіне, мысалы пікірталастарға, жобаларға және қоғамдық іс-шараларға қатысу арқылы жағдай жасау маңызды. Бұл күш-жігер студенттердің табысты оқуы мен болашақ мансабына ықпал етеді.

В.А.Адольф, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Э.Ф.Зеер, В.А.Сластенин, Т.Ф.Лошакова, т.б. сынды орыс ғалымдары өз зерттеулерінде педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі туралы мәселеге көп көңіл бөлсе, ал Д.Дьюи, У.Уоллер, М.Мид, К.Юнг, П.Сорокин, Ф.Знанецкий сынды философтар кәсіби құзыреттілікті ортаға бейімделуге негізделген әрекеттер түрінде қарастырады. Д.Л.Томпсон, Д.Пристли кәсіби құзыреттілікті білім мен адамгершілік нормалардың нәтижесі ретінде анықтайды. «Олар адамның мамандығы оның белгілі бір нәрсеге деген қызығушылығын тудыратынын, көзқарасын қалыптастыратынын, мақсатқа жетуге талпындыратынын, ортақ пікір алмасуға жетелейтінін» айғақтаған [3]

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастыруда бірнеше қағидалы талаптарға сүйенген жөн. Бұл принциптер оқушылардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады. Олар:

- Тұтастық пен жүйелілік принципі;
- Сабақтастық пен есептілік принципі;
- Кешенді тәсіл принципі [3]

Бұл принциптерді оқу бағдарламаларын ұйымдастыру деңгейінде де, оқытушылармен әдістемелік жұмыс деңгейінде де қолдануға болады. Курстар мен оқу материалдарын құру кезінде, сондай-ақ сабақтарды өткізу кезінде оқушылардың коммуникативті құзыреттілігін тиімді қалыптастыру үшін осы принциптерді ескеру қажет.

«Негізі ретінде келесідей компоненттерді қарастырамыз және ескеруге ұсынамыз:

- коммуникативті жағдаятты айқындау және бағдарламасын құра білу, бағалау, күтілетін қарым-қатынас нәтижесін жоспарлау, бағдарламаны және серіктестің рольдік мінез-құлқын меңгерту қасиетін дамытады;

- коммуникативтік эрудиция туралы, жалпы және мамандандырылған бағыттағы білім, адам құндылығы және қатынас түрлері туралы идеялар сауатты ауызша және коммуникативті мінез желісін салуға әкеледі;

- байланыс құралдарын (ауызша және ауызша емес) меңгеру жағдаятқа және шартқа байланысты байланыс жасауға көмектеседі;

· коммуникативті мәдениет (жалпы және ұлттық) жалпы тілдік мәдениет, қалыпты байланыс, әр түрлі ел және мемлекет өкілдерінің коммуникативті тәртібі негіздерін, өз елің мен аймағыңның мәдениеті мен тіл дәстүрін білу жақтауларын көрсетеді;

· сөйлеу құзыреттілігі сөйлеу мәдениетін қамтиды, сауаттылық тіл функциясының білімі, іскери ауызша және жазбаша сөзді меңгеру, техникалық құрылғылармен жұмыс істеу дағдылары» [3]

Бұл компоненттер оқушылардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды аспектілерін көрсетеді. Оқу процесін ұйымдастыруда осы компоненттерді есепке алу оқушылардың өмірдің әртүрлі салаларында, соның ішінде оқуда, жұмыста және қоғамдағы қарым-қатынаста тиімді қарым-қатынас жасау үшін барлық қажетті дағдылар мен білімді дамытуға мүмкіндік береді. Жоғары сынып оқушыларын мәдениеттану аспектілері тұрғысынан ауызша сөйлеуге үйрету қазіргі білім беруде ерекше маңызға ие.

Қорытындылай келе, оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту тек тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық аспектілерді де ескеруі керек. Оқушылар мәдени ерекшеліктердің қарым-қатынасқа қалай әсер ететінін, соның ішінде тілді, жест-ишараны, дауыс тонын және басқа вербалды емес қарым-қатынас құралдарын орынды пайдалануы керек. Оқушылар мәдениеттану контекстінде сыни ойлауды дамытуы керек. Бұл оларға естіген немесе оқыған ақпаратты талдауға, бағалауға және өз пікірлерін мәдени сезімтал түрде білдіруге көмектеседі.

Жоғарыда келтірілген аспектілердің барлығы студенттерге ауызша сөйлеуді дамытуға ғана емес, сонымен қатар халықаралық және мәдениетаралық контексте мәдени сауатты және табысты болуға көмектеседі. Мәдениеттану білімі мен дағдылары олардың кәсіби және жеке өсуін байытады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бабаева Н.Ф. Культурологические аспекты обучения в контексте развития устной речи студентов вузов.

2. Отришко В. А. Развитие речевой культуры у студентов педагогического вуза.

3. Түймебай Б. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. <https://adisteme.kz/oqysylardyn-soiley-madenietin-qalyptastyry.html>

3. Костангельдинова А.А., Касенова Б.Р., Айдарханова А.Қ. ЖОО студенттерінің коммуникативтік қалыптасу мәселесі.

### **ӘОЖ 373.3**

## **ОЙЫЛ БОЙЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ**

**Ш. Қ.Қанатова**

*М. Өтемісұлы ат. Батыс Қазақстан университетінің  
7М01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының  
2-курс магистранты  
[shamshyrak.kanatova01@bk.ru](mailto:shamshyrak.kanatova01@bk.ru)*

**Аңдатпа:** Адамдар көне замандардан бастап өздері өмір кешіп жатқан жердің тау-тасына, өзен-көліне, орман-тоғайына, түз-даласына, ой-қырына ат қойып, айдар таға бастады. Жер-су аттарын тіл білімінде гректің ( topos-жер, орума- есім, атауы) сөзінен пайда болған топонимика саласы қарастырады.Және «топонимика» термині белгілі бір территорияның географиялық атауларының жиынтығы деген мағынаға да ие.

**Аннотация:** люди с древних времен стали называть и называть горные породы, озера, леса, рощи, поля, умы местности, где они жили. Земельно-водные имена рассматриваются в лингвистике областью топонимики, возникшей из греческого слова ( tonos-земля, орума - имя, имя).И термин "топонимика" также имеет значение как совокупность географических названий определенной территории.

**Abstract:** Since ancient times, people have begun to name and name rocks, lakes, forests, groves, fields, and the minds of the area where they lived. Land and water names are considered in linguistics by the field of toponymy, which arose from the Greek word (tonos-land, opyuma - name, name).And the term "toponymy" also has a meaning as a set of geographical names of a certain territory.

Қазіргі тіл білімінде қол жеткен этимологиялық зерттеулердің әдістері мен тәсілдерін негізге ала отырып, топонимдердің құпиясын ашу өзекті мәселе болып есептеледі. Белгілі ғалым Т.Жанұзақ «...жүздеген, мыңдаған топонимдердің шығу тегін және ескірген, күнгірт тартқан, бұл күнде жалпы қауымға түсініксіз топонимдердің де этимологиясын ашу құнды жұмыс болмақ. Оларды компоненттік талдау тәсілімен, болмаса дыбыстық өзгеру тұрғысынан, фоносемантикалық, құрылымдық т.б. бағытта зерттеу айтарлықтай нәтиже берері сөзсіз.»[1.28] - деп жер-су атауларының шығу тарихын зерттеудің маңызды екенін айтады.

Топонимиялық атауларды және оның этимологиясын анықтаудың әдіс-тәсілдері туралы белгілі кеңес тіл маманы Б.А.Серебренников топонимдердің түп-төркінін ашу қарапайым сөз төркінін ашатын сөздерден өзгешелеу, өйткені жер-су атаулары қарапайым сөздер жүйесінен өзгеше құрылады деген пікір білдіре отырып, топонимдердің бірнеше ерекшеліктерін көрсетеді:

- сөз тіркесі жер, өзен т.б. атауы болып қойылысымен жалқы есімге айналады;
- енді бұл атау басқа тілдік материалдардан өзін окшау ұстайды;
- топонимдерде сол тілде жоқ модельдер мен сөздер жасалады, бұларды тополема деп атайды;
- топонимдердің жасалуында өзіндік формула болады, оларда индикатор ерекше роль атқарады [2.38].

Аталмыш мақаланы жазудағы басты мақсатым – Ақтөбе облысына қарасты Ойыл ауданы топонимдерінің шығу төркінін саралау және талдау жасау.

Ойыл - ежелден қалыптасқан көне қала. Бұл мекен ертеде Жібек жолы бойында орналасқандықтан керуен-керуен жүк өтетін тарихи орын болған. Аты көпке таралған Көкжар жәрмеңкесі осы Ойылдың орталығында жылына екі мәрте өтіп, басқа жәрмеңкелермен салыстырғанда тауар айналымы басым түсіп отырған. Жәрмеңке Ойылдың гүлденуіне айтарлықтай үлес қосқан. Қазіргі уақытта аудан орталығымызда қыштан тұрғызылған ғимараттар өзінің ерекше архитектурасымен келушілерді таң қалдырады. Ұзына бойы салынған сауда орындары, сол кезеңдегі бай-көпестердің жеке үйлері өзінің сапалылығымен құнды ескерткішке жатқызылып, қарауға алынған. Ойыл ауданының өз атауы да, оған қарасты жер-су аттары да көнеден келе жатқан, өзгеріске ұшырамаған тарихи атаулар.

**Ойыл атауы-** Ақтөбе облысындағы ірі макротопонимдердің бірі. Бұл тек аудан аты ғана емес, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары территориясындағы өзен, яғни гидроним елді мекен атауына негіз болған. Ойыл атауы туралы ғалым Е.Қойшыбаев «ой (зат.е.) ой жер, ойпаң» деп көрсетіп, сөзіне дәлел ретінде шор тіліндегі «ойғаш» - котловина, ұйғыр тіліндегі «ойман» - углубление сөздерін көрсетеді, сөйтіп бұл топоним жоғарыда көрсетілген мәнге ие «ой» түбіріне «ыл» жұрнағының жалғануы арқылы жасалған деген пікірін білдіреді. Ал, зерттеуші М.Жолжанұлының пікіріне сүйенсек, топонимнің төркіні «ой ( шұңқыр, ой), ил (илга) – өзен, яғни, «шұңқырға сіңіп кеткен өзен» деген мағынаға ие. Шынында да бұл өзен құмға сіңіп жатыр». Дегенмен, зерттеушінің бұл пікірі ғалымдар арасында дау туғызады. Олардың ойынша, «ой» және «өзен» деп талқылау «шұңқырға сіңіп жатқан өзен» дегенді емес, «ойдағы өзен» деген мағынаны беретін секілді. Өзен орналасқан жер бедеріне қарап менде бұл пікірге келісемін.

Этимолог-ғалым Ә.Нұрмағанбетұлы моңғол тіліндегі «уйл» (иірім) тұлғасын келтіре отырып, «Қазақ совет энциклопедиясындағы» Ойыл өзені туралы «Жазда иірімдерге бөлініп, тұздылығы артады» деген мәліметке сүйене отырып, атаудың шығу төркінін «иірім» мағынасымен байланыстырады. Сонымен қоса, В.В. Радловтың сөздігі бойынша «Ойул» сөзі – өзен шайып кеткен жер мағынасында қоланылса, Махмуд Қашғари сөздігінде «йул- қайнар, бұлақ тұма» деген ұғымды берген. Пікірлерді жинақтай келе, «йул» сөзі уақыт өте келе қазақ тілінде «Ойыл» түріне дейін өзгергенін, атаудың арғы тамыры көне түркілік қабаттарда жатырғанын айтуымызға болады.

**Қиыл** – Ойыл өзеніне көлденең қосылатын Ақтөбе облысындағы өзен атауы. Қиыл топонимі – ки (етістік) + ыл (зат есім тудыратын жұрнақ) элементтерінен жасалған. М. Қашғари сөздігінде «қи» - «срезать, резать» деген мағынада қолданылған ( Түркі тілдерінің сөздігі, 440б.). В.В. Радловтың пікіріне сүйенсек , «қый» етістігі көптеген түркі тілдерінде «обрезать, подрезывать, срезать с боку» деген мағынаға ие (Опыт СТН. Том II, часть 1, стр. 688). Ал атаудың екінші элементі -ыл ертеде түркі тілдерінде етістікті зат есімге айналдырып, атауды тиянақтайтын жұрнақ болған.[3.143] Яғни, осы жерді мекендеген ата-бабаларымыз өзеннің Ойылға қиылып көлденеңінен қосылатын географиялық көрінісіне Қиыл деген атауды дәл тауып қойған.

**Лау** – Ойыл ауданына қарасты Қаратал селосынан 2,5 км жерде орналасқан жайылым атауы. 1929 жылға дейін Орта Азия мен Көкжар жәрмеңкесі арасындағы бекет болған. «Қазақ ұлттық энциклопедиясында» «лау – межелі жерге жеткенде ауыстырылып отыратын күш көлік» деген анықтама берсе, этимологиялық сөздікте «лау» деп – белгілі бір жерге жеткен соң ат ауыстырып мінетін орынды атаған. Яғни, осы жерден өткен-кеткен жолаушылар ат немесе басқа да күш-

көліктерін ауыстырып лау жалдап отырған. 1927-1929 жылдары жәрмеңке жабылғаннан кейін, тәркілеуге байланысты лау (бекет) жұмысын тоқтатқан. Қазір бұл жер – мал жайылымы. Солай болса да, үйлердің орындары мен керуен жолының ізін қарапайым көзбен байқауға болады.

**Жекенді** – 1972 жылы Сарбие елді мекені мен Шұбарши елді мекендерінен құрылған совхоз орталығы. Ауылдың бұлай аталуы «жекен» сөзінен шыққан.

XI ғасыр ескерткіші Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрк» сөздігінде, түркі тілдерінің біразына ортақ оның ішінде қазақ тіліне тән «жекен» деген өсімдік атауы кездеседі. Жалпы қазақ тіліндегі көптеген топонимдерге **-ды -ді, -ты, -ті** көне топоформанты жалғанатынын ғалымдар айтады. Демек, сөз соңындағы **-ді** тұлғасы - түркі тілдеріне тән туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ. «Жекенді» атауының этимологиясы жекенділі мекен дегенге саяды.

**Қарасу** – Қаратал селосына қарасты ферма. Сонымен қоса, бұл атаумен Көптоғай селолық округінің үшінші фермасы аталады. Бұл атаудың құрамындағы *қара* сөзі судың түсіне байланысты берілмеген. Түркітанушы-топонимистер бұл атау төңірегінде бір ортақ түйінге келіп отыр. **Қарасу** – Үлкен өзен емес, жер астынан, сай-жыралардан шығып жатқан қайнар су. «Қара» сөзін байырғы түркі тілдес халықтар «жер» мәнінде түсінген. Демек, **Қарасу** атауы «*жер суы - грунтовая вода*» деген ұғымды береді. [4.157]

**Самай** – Самайқожаның атымен аталады. Ойыл ауданына қарасты Көптоғай ауылынан 40 км қашықтықта орналасқан.

Самайқожа Ханқожаұлы (1800-1847) кіші жүздің батыры. Сүйіншіқара батырдың қонысын үш мың қолмен түркімендер шауып, батырдың екі қызы Айсалқам мен Жансалқам мұң мен мұқтаждығын білдіріп, таздың батырларына мынадай өлең жолдайды:

Барсаң сәлем айта бар сегіз арыс адайға,  
Екінші сәлем айтайын құнан арыс шабайға  
Үшінші сәлем айтайын Қаратаздың ішінде  
Төремұрат, Өтен, Басықара, Бәкенге  
Және де сәлем айтайын Хан қожасы Самайға.

Батыр осы сәлемдемеден кейін Сүйіншіқараның ауылына басып кірген түрікмендерді тауып, таздың бірнеше батыры мен ауыл адамдарын құтқарып алады.

Елдің алғысына бөленген қожа Самайдың артынан әртүрлі сөздер еріп, таздың Төремұрат, Өтен, Нарынбай секілді батырларымен сөзге келіп қалып:

Қарулансам қара таз,  
Қазаныңды киратам! – деген екен.

Осы сөзінен кейін таздың батырлары ашуланып Самайдың жолын тосумен болады. Бірде аңдушыларға жалғыз кездесіп өалып, Самайды қуады. Шұбарши елді мекені жағында «Самай Қарасу» деген жер бар. Мәне, сол Қарасуға жете бергенде Төрмұрат найзамен шаншып, найза тиген Самай Қарасуға құлайды.

**Шәңке** – Ойыл-Шұбарқұдық тас жолы бойындағы қыстақ, егістік дала қосы. «Шәңке» сөзі моңғол тілінде «бастау», «бұлақ» деген мағынаға ие. Сонымен қоса, еліміздің басқа облыстарында бұл атауға бастау сөзі қосылып «Шәңке-бастау» деп аталған. Ойыл ауданындағы Қуырдақты өзенінің бастауын ерте кезде «Шәңке» деп атаған. Сол себептен, қазіргі егістік алқабының атауы өзгеріссіз қалған.

**Байбике** – Қаратал селосының оңтүстік батысында орналасқан мал қыстағы. Бұл атау біріккен сөз, яғни екі кісі есімдерінің бірігуі арқылы пайда болған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде ерлігімен елге танылған Байкен мен Бикеннің қаза тапқан мекені. Сол батыр қыздардың ел мен жерді қорғаудағы ерліктерінің құрметіне халық «Байбике» атауын берген.

**Жабасақ** – Жем өңіріндегі кіші өзен атауы. «Жабасақ» атауының шығу төркіні жайында аудандық энциклопедияда : «жаба» және «сақ» этнонимдері деп түсіндіріп, осы атаудың сонау ру, тайпалық кезеңнен бері келе жатқанын және сақтардың мекендегенін жазады.

**Барқын құмы** – Ойыл ауданының баға жетпес байлықтарының бірі десек болады. Кезінде Каспий теңізі тартылғанда кең ойыс, алыпта қалған теңіз қайраны. «Барқын» сөзіне этимологиялық сөздіктерде бірнеше анықтама берілген. Горьевтің этимологиялық сөздігінде «Бархан – песчаный холм в казах. степях» деген анықтама берілсе, Рамстедт «бархан» сөзін «высокий берег» деп ашады. Орыс тілінің этимологиялық сөздігінде бұл атаудың көне түркілік «паруан – идущий, подвижный» және дәл осындай мағына беретін ұйғыр тілінің «баруан» сөзінен шыққандығы айтылады. Сонымен қоса, «бар» етістігінің де атауға қатысы жөнінде ғалымдардың бірлі-жарым пікірлері бар. Бұл топонимнің бұлай аталуына қатысты нақты пікірлер болмағанымен, тұрғындардың айтуынша, құмды төбе болғандықтан және құмының ауа-райының әсерінен жылжып отыратындығынан осылай аталған деседі.

Бұл мақалада Ойыл ауданына қарасты бірнеше жер-су атауларының қайдан шыққандығы жөнінде қысқаша мәлімет берілді. Өз өлкеміздің әрбір атауы – тарихтың табы сіңген нысаналы белгісі. Сол атаулардың мәнін ашу, жинақтау, зерттеу ұлттық мәдениетіміздің жаңғыруына үлкен септігін тигізері сөзсіз. Ұлттық сипаттағы жер-су атауларын санада жаңғырту арқылы, еліміздің болашақ азаматтарының тарихымыз бен тілімізге деген құштарлығын оятамыз деген сенімдемін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Т. Жанұзақ. «Основные проблемы ономастики казахского языка». 120с. 1976г.
2. Серебренников Б.А. О методах изучения топонимических названий // Вопросы языкознания. 1959. – С. 36-50.
3. Қазақ тіл білімінің антологиясы. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология – Павлодар С. Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 240 б.
4. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары. Алматы: Мектеп, 1985, 256 б.
5. Сырым Бақтыгерейұлы. Ойыл. «Фолиант» баспасы. – Астана, 2009
6. Ақтөбе облысының топонимиялық кеңістігі. – Ақтөбе, 2007

УДК 82-2(574)

### **«ҚАБУСНАМА» ТУЫНДЫСЫ: ЗЕРТТЕЛУІ, ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ, ТӘРБИЕЛІК-ТАҒЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ**

**А.Ж.Тілеу, Д.Ж.Қалқаманова, Д.Н.Мәдениет**  
*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің IV курс студенттері*

*Ғылыми жетекшісі: А.С.Қыдыршаев, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик*

**Ü** Мақалада «Қабуснама» сынды педагогикалық туынды зерделену нысанына алынып, еңбектегі педагогикалық құндылықтар жүйесі таразыланып, тәрбиелік-тағылымдық мән-маңызы сараланады.

**Тірек сөздер:** *Қабуснама, У.Қайқауыс, ортағасыр, педагогикалық идея, педагогика, психология, афоризм.*

**Ü** В статье рассматривается предмет изучения педагогического произведения «Кабуснама», взвешивается система педагогических ценностей в труде, дифференцируется воспитательно-воспитательное значение.

**Ключевые слова:** *Кабуснама, У. Кайкауыс, средневековье, педагогическая идея, педагогика, психология, афоризм.*

**Ü** The article examines the subject of studying such a pedagogical work as "Kabusnama", weighs the system of pedagogical values in work, differentiates the educational and educational significance.

**Key words:** *Kabusnama, U. Kaikauys, the Middle Ages, pedagogical idea, pedagogy, psychology, aphorisms.*

Бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау. Осы мәселені шешуде, тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен адамгершілік сапаларын жетілдіруде, тарихи-мәдени мұраларды, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты құрметтеуде, елдің қарқынды дамуына ықпал етуге бағытталған ортағасырлық тағылымдық туындыларды пайдалану маңызды рөл атқармақ [1;2;3]. Қазіргі қоғамда жастарды ортағасыр мұралары негізінде тәрбиелеудің маңызды бірқатар себептерін атауға болар еді. Бұл саптан жас ұрпақтың ақпараттану деңгейінің өсе түсуін, жастардың аға ұрпақтың үлесіне тиген халықтық тәрбие мектебінен өтпеуін; демократияландыру мен жаһандану жүйесінің пайда болуы жастардың ұлттық тәрбиесінің маңызын арттыруда тарихи-мәдени мұралардың мәнін түсінуінде қиындықтардың туындауын атар едік [4;5;7;8;9].

Батыс Еуропа елдерінен енген оқу-тәрбие әдістерінің Қазақстан жағдайына бейімделуі орынды десек те, дамыған үйлесімді тұлға тәрбиелеу ісінде өткен ғасыр ойшылдары мұраларының маңызын жоққа шығара алмаймыз. Себебі *ортағасыр туындылары* – жаңа ұрпақ тұлғасына табиғи, жүйелі, көп деңгейлі ықпал етуге, ділдің тиісті түріне бағытталған тұнған тұрақты құндылықтар. Мәселен, архаикалық дәуірдің барлық ұлы өркениеттерінің педагогикалық жүйелері ғасырлар

бойғы халықтық дәстүрлерден жинақталып құрылуы кездейсоқ емес (*Гректің «Платон заңдары», Үндінің «Ману заңдары», Қытайдың «Сяо трактаты», т.б.*). Мұндай өнегелік дәстүрлер сабақтастығы түркі халықтарында да бар (*Ә.Фирдауси «Шахнамесі», Н.Хысрау «Насихатнама», Ж.Баласағұнидың «Құтты білігі», т.б.*). Не болмаса, XI ғ. жазылған халықтық туынды «Қабуснама» да осындай құндылықтар сапында [7;8]. Демек, тарихи мұралар туралы жастардың түсінігі, өзіндік ұстанымдары дұрыс қалыптасуы үшін халықтық дәстүрде тәрбиелеуді жаңа сапалы деңгейде іске асыру мен болашақ педагог мамандар даярлау үдерісінде ортағасырлық ойшылдардың еңбектерін пайдалану мәселесінің қазіргі теориялық негіздерін жасау қажеттілігі туындары даусыз.

Әрбір қоғам өз дамуында зиялы тұлғалардың педагогикалық ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, заманауи талаптарға сай жетілдіріп пайдаланып отырған. Ұлы Дала ойшылдары әл-Фараби, ибн Сина, М.Қашқари, У.Кайқауыс, Ж.Баласағұни сынды ғұламалардың педагогикалық идеялары – келешек ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу тірегі [10;11;12;13;14;15;16;17]. Бұл дәстүр XIX ғасыр ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардан бастап, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов сынды Алаштың рухани көсемдерінің педагогикалық ойларымен ұласып, ұлттық тәрбие құндылықтарын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етті [18;19;20]. Десек те, зерттеу нәтижелері педагогтерді даярлау үдерісінде халықтық педагогика құралдарының бірі – ортағасырлық Шығыс ойшылдарының даналық идеяларын пайдалану мәселесі жеткіліксіз екенін аңғартады. Мәселен, орта ғасыр ойшылдарының тәлімдік идеяларының қалыптасуы мен даму тарихын және оларды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану мәселесі бойынша зерттеулерде отандық педагогика, психология ғылымдары саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізілді десек те, аталған ғылыми еңбектер сапынан «Қабуснамаға» қатысты арнайы зерттеуді ұшырата алмаймыз. Бұл У.Кайқауыс еңбегі мүлдем зерттелмеді деген де сөз емес. Шығыс пен Батыста «Қабуснама» ғалымдар назарын өзіне ертеден-ақ аударған. У.Кайқауыс ілімінің жекелеген қырлары көптеген ғалымдардың зерттеу еңбектеріне арқау болған. Себебі тәрбиенің өмірлік сипаты және табиғаты өткеннің мәдени тәжірибесі мен тәрбие аспектілерін Шығыс ойшылдарының мұраларынан іздеу керектігін байқатады. Отандық ғалымдардан «Қабуснаманың» педагогикалық құндылығын өз зерттеулеріне тірек еткен Ғ.Айдаров, Т.Айнабеков, Қ.Сарбасова, Қ.Әтемова, А.Оңғарұлы, М.Сарбасова, Ж.Мендіқұлова, М.Шауеновалардың, шетел ғалымдарынан Е.Бертельс, И.Брагинский, М.Раджабов, Т.Гольц, Ю.Гелишли, А.Крымский, Э.Браун, Я.Рипкалардың еңбектерінің құндылығын баса атар едік [21;22;23;24;25;26]. «Қабуснама» туындысын зерттеумен айналысқан Иран ғалымдары С.Нафиси, М.Бахор, З.Сафо, А.Бадавилардың, тәжік ғалымдары Г.Юсуфи, И.Садик, М.Арипов, М.Муллоахмадов, К.Восъе, А.Абдуллоев, Г.Закиров, Р.Сативалдиевлардың, сондай-ақ өзбек ғалымдары У.Каримов, С.Далимовтардың еңбектерінің орны бөлек. Осылайша тарихи-педагогикалық зерттеулерді талдау қазіргі уақытта орта ғасыр туындыларының тағылымдық әлеуеті айқындалып, оны біртұтас тәрбие үдерісінде жүзеге асырудың теориялық негізі қаланғанын дәлелдейді. Зерттеу жұмыстарының басым бөлігінде ұрпақ тәрбиесінде ортағасырлық мұралардың педагогикалық әлеуетін пайдаланудың тәжірибелік қажеттілігі мен оларды жүзеге асырудың маңыздылығы мойындалады. Десек те, отандық және шетел әдебиеттерін талдау нәтижесі У.Кайқауыс идеяларының жекелеген қырлары болмаса, арнайы зерттеу нысаны болмағанын аңғартады. Демек, У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде болашақ педагогтерді даярлауды теориялық тұрғыдан негіздеу, оны тәжірибеде пайдаланудың моделін жасау, әдістемесін әзірлеу, тәжірибеден өткізу – аса өзекті де қажетті мәселе. Біздіңше, егер «Қабуснама» мазмұнына ғылыми тұрғыдан талдау жасалынып, оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану әдістемесі әзірленсе, онда бұл еңбектегі тәрбие мәселелері туралы деректер болашақ педагог тұлғасын жетілдіруге нақты үлес қосар еді, өйткені бұл жағдайда болашақ педагогтардың рухани-адамгершілік сапалары ұлғайып, кәсіби білімдері кеңейіп, біліктіліктері мен тағылымы арта түсері даусыз. Қуанарлығы, бүгінгі таңда У.Кайқауыстың «Қабуснама» туындысы алғаш педагогикалық зерттеу нысанына айналып, У.Кайқауыс дәуіріндегі әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен «Қабуснаманың» ғылыми тұрғыда зерттелуі жайы анықталуда. Бізді У.Кайқауыстың педагогикалық ілімінің идеялық бастаулары айқындалып, олар халық педагогикасымен сабақтастықта таразылануы қуантады.

Зерттеулерге сүйенсек, Кайқауыс өмір сүрген тарихи дәуір – экономиканың, әлеуметтік-саяси өмірдің жақсы деңгейде және оқу-білімнің, ғылым мен мәдениеттің, тәлім-тәрбиенің жаңа сапада дамып, өркендеу кезеңі. Біздіңше, болашақ педагогтерді «Қабуснамадағы» педагогикалық идеялар негізінде даярлаудың әдістемесі У.Кайқауыстың педагогикалық идеяларын оқу-тәрбие жұмысында пайдалану, оның шығармашылық қабілеттерін тәрбиені ұйымдастырудың түрлі формаларында дамытуды жақсарту, яғни, студенттің адамгершілік-тұлғалық және кәсіби іс-әрекеті деңгейі тұрғысынан келу жиынтығын білдіреді. Ал еліміздегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы

аясында ұсынылған «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болатыны, өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту еліміздің табысты болуының кепілі делінген. Ал тұлға қалыптастырудағы педагогикалық идеялар туралы айтар болсақ, жалпы «идея» терминін алғаш грек ойшылдары Анаксагор мен Демокрит қолданғанын білер едік. Анаксагорша, «эйдос» әлемнің бөлшектері, әрі олар «барлық заттардың тұқымдары» делінеді, Демокрит «атомдарды» идеялар тұрғысында түсіндіреді. Ал идея туралы классикалық ілімді ұсынушы Платон екенін ескерсек, ол «барлық заттардың түпкі тегін идеялар» деп, оларды мәңгі жоғалмайтын, заттардан тәуелсіз, тыс деп санайды. Платонша, шын дүние дегеніміз идеялар дүниесі, яғни, идеялар заттардың алғашқы бейнесі, формасы. Аристотельше, идеяның «форма» ұғымы негізгі рөлге ие. Сондықтан ол «эйдос» терминіне «форма» деген мағына бере келе, барлық заттардың эйдостарының жиынтығы иерархия құрайды, ал оның шыңы формалардың формасы «ақыл», ал «ақыл» қозғалмайтын алғашқы қозғаушы күш тұрғысында тұжырымдалады. Жаңа дәуірде ғылымның қоғамдағы әрі өмірдегі рөлі мен орны артып, дүниеге танымдық қатынас негізгі құндылыққа айналады. Осылайша идея танымдық тұрғыда таразыланып, дүниені бейнелеу мүмкіндігі тұрғысынан зерттеле бастады. Жаңа дәуір өкілдері Р.Декарт пен Б.Спиноза идеяны нақты бір бейнесі жоқ ой тұрғысынан қарастырып, оған «ұғым», «ой» деген түсінік береді. Бұл тұжырымдар идеяның айырмашылығы өзге ұғымдардағыдай бар нәрсені емес, әлі жоқ, бірақ жасалуға тиіс нәрсені білдіреді, ал зерденің идеялары ешнәрсені бейнелемейді, керісінше, бар ұғымдарды өз қажетіне сай біріктіреді деген түсінікке ойысады. Сөздіктанушы ғалымдар Г.Коджаспирова, А.Коджаспировтар сөздігінде: «Идея – концептуальды күйге айналған ой», ал С.Ожегов сөздігінде: «Идея – дүниетанымның негізгі принципі болатын, адамның санасындағы шындықты бейнелейтін ұғым, бір нәрсенің мазмұнын анықтайтын ой» тұрғысында сипатталады. Ғалым Т.Ахметов: «Демокрит, Платон, Аристотель секілді ғұламалардың, Орта Азиядағы ортағасырлық ойшылдардың педагогикалық ой-пікірлері тәжірибеде тексеріліп, дұрыс-бұрыстығы анықталмағандықтан, көзқарас дәрежесіне көтерілмей, адамды тәрбиелеу идеясы деңгейінде қалған, демек, оларды педагогикалық идеялар ретінде қарастырамыз», -деп түйіндейді. Олай болса, антикалық дәуір мен ортағасыр ойшылдарының тағылымдық ой-пікірлері педагогикалық идея тұрғысында танылмақ. Бұған қоса, «Педагогическая идея – главная мысль в сознании педагога, отражающая содержание его педагогической деятельности» деген анықтама да беріліп жүргенін білеміз. Демек, педагогикалық идеяны педагогтың тәрбиелеу іс-әрекетіне қатынасын сипаттайтын және оның осы іс-әрекетінің мазмұнын құрайтын педагогикалық, әлеуметтік тұжырымдар, әдептілік ережелері мен ғылым, білімге қатысты идеялар және тұлғаның жеке басына тән имандылық-адамгершілік, өнегелік қағидалар жиынтығы тұрғысында анықтап, ойымызды У.Кайқауыс өмір сүрген тарихи кезеңге шолу жасап, оның өмірі, шығармашылығы және педагогикалық идеяларының бастауларына қатысты мәселелермен жалғастыруды жөн көреміз.

Бізге мәлімі, У.Кайқауыс ұлы Саманилер империясы құлағаннан кейінгі постсаманилер кезеңінде өмір сүріп, еңбек еткен. Бұл кезеңде өзара тартыс, соғыс тұсында Хорасан, Мавераннахр аймағындағы саяси кеңістікте Карахандар, Газневилер, Селжұқтар, Гурилер сияқты түрлі феодалдық мемлекеттер пайда болғаны мәлім. Ал X-XI ғғ.-тарихи оқиғаларға бай кезең. Осы уақытқа тән басты ерекшелік – экономиканың ілгерлеп, мәдениет пен ғылымның гүлденуінің артуы. Тарихи деректерде Саманилер билік құрған тұста У.Кайқауыс дәуірінің саяси- қоғамдық өмірінде ислам дінінің беделі жоғары болды. Орталық Азияда ислам дінінің өркендеп, қанат жаюы сол кездегі саяси жағдайлармен тікелей байланысты. Демек, У.Кайқауыс дәуірінде шындыққа жанасатын бір мәселе – *ислам діні, ислам мәдениеті, ислам әдебиеті* парсы, араб, түркілерге ортақ болған. Саманилер кезеңінің екінші жартысында ғылыми прозаға жаңа парсылық тіл кірігеді. Себебі араб халифатының екі ғасырға жуық саяси-мәдени үстемдігі салдарынан Иран жеріндегі парсы тілінің қолданыс аясы тарылып, жойылуға шақ болатын. Осы сәтте Саман әулетінің саяси аренаға шығуы парсы тілінің қайта тіріліп, кеңінен қанат жаюына оң ықпал жасайды. Иран ақындарына өз шығармаларын парсы тілінде жазуға мүмкіндік туды. Ә.Фирдоусидің әйгілі туындысы «Шахнаме» осы тұста туындап, автор «Шахнамені» парсы тілінде жырлаудағы мақсатын: «Отыз жылдай тауқымет шегіп ана тілімді тірілттім, Сол арқылы парсыларды өз тіліне жүгінттім» деген жолдар арқылы білдірді. Осы дәлелдер, парсы тілі мен мәдениетінің түркі халықтары территориясына таралып, түрікшеден басым түскенін ашуға негіз болады. *У.Кайқауыстың «Қабуснамасы» да – осы игі бастама жемісі [8;9;19].*

XI ғ. ғылым мемлекеттік билікке тәуелді болады. Билікке жаңа келген Селжұқтар Иран әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне белгілі бір деңгейде ықпал етеді. Бірақ Орталық Азияда биліктер арасындағы саяси қақтығыстарға қарамастан үштіктің – араб, парсы, түркі халықтарының ғалымдары мен ақындары арасында білімалмасу мен рухани қарым-қатынас арта түспесе, кеміген

жок. Керісінше тікелей қарым-қатынас салдарынан араб әдебиеті мен мәдениеті түркі халықтарына көбіне парсы ғалымдарының ықпалымен жетіп отырса, араб және парсылармен қатар түркі халықтарының да ұлттық сана- сезімінің оянуы осы дәуірге тән. Мәселен, Қорқыт ата, Ж.Баласағұни, М.Қашғари, А.Яссауи еңбектері – осының айғағы [10;12;13;14].

Десек те, Иран әдебиеті мен өнері, мәдениеті өзінің шарықтау шегіне Саманилер тұсында қол жеткізеді. Атап айтқанда, көркем сөз шеберлері – Рудаки, Дакики, ғалым-ойшыл әр-Рази, Ә.Фирдоуси, ғалым-жаратылыстанушы әл-Беруни, философ А.Нотили, энциклопедист ибн Сина, ойшыл-моралист ибн Мискавейх, медицина саласындағы танымал ғалым ибн Нух Камари, тарихшылар Абуфазл Балъами, Мухаммод Наршохилер Саманилер билік құрған дәуірде шығармашылықтарын дамытты. Бұл кезеңде педагогикалық-дидактикалық прозаның ерекше дамуы ойлантанды. Аталған бағыт бойынша У.Кайқауыстың «Насихатнаме» немесе «Қабуснамасы», Ансаридің «Насоехі» («Сентенции»), Газалидің «Насихат-ул-мулуки» («Назидания правителя») сияқты жеке шығармалары жазылды. Сондай-ақ, ғылым, әдебиет, ислам теологиясы, шешендік өнер мен тарих әулеттік үйлерден бөлек, ортағасырлық жалпыға танымал мәдени орталықтар медреселерде дамыды. Медресе ашудағы көрнекті өкілдердің бірі-Кайқауыстың замандасы, ғалым, жазушы, саясаткер, Селжүк сарайының уәзірі Низамулмулк. Сондықтан X-XIII ғғ. медресе мектептік ұйымдардың жоғарғы түрі ретінде Орта Азияның барлық аймақтарына тарап феодалдық қалалардың сәулеттік келбетінің бір бөлігі болғаны таң қалдырмайды... X-XI ғғ. Бұхара, Хорезм, Мерв, Нишапур, Балх, Газнада сан алуан медресе кітап қоймаларымен бірге қызмет етті. Бұл дәуірдің экономикалық, әлеуметтік, саяси, ғылыми және мәдени өмірі аса жақсы деңгейде дамыды. Ғалым-ойшылдар мен әдебиетшілердің, солардың бірі У.Кайқауыс дүниетанымының қалыптасуына себеп болған материалдық және рухани мәдениет салаларында үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

*«Қабуснама» - ортағасырлық көрнекті ойшыл Унсурулмаоли Кайқауысқа әлемдік атақ пен сүйіспеншілік әкелген мәңгі өлмес туынды. Ол оқырманға халықтық тәрбиелік тәлтума туынды ретінде әсер қалдырады. Автордың педагогикалық мақсаттағы баяндау тілі мен стилі өте әсерлі, қарапайым әрі жеңіл. У.Кайқауыстың мұндай стилді мақұлдап, қолдануының себебі баланың жас ерекшелік психологиясы мен жаңаны түсіну деңгейін ескеруімен және педагогикалық идеяларын анық әрі нақты жеткізу мақсатына байланысты. Сырластық мәндегі әңгімелер барысында ойшылдың лайықты сөз тіркестері мен ұғымдарды ұтымды қолдана білуінің өзінен бұл туындының 900 жылдық тарихына күмән тудырғандай.*

«Қабуснаманы» зерттеу У.Кайқауыстың дүниетанымын анықтау үшін ғана емес, XI ғасырдағы Шығыс халықтарының әлеуметтік-педагогикалық ойлары дамуының деңгейі туралы толық түсінік қалыптастыру үшін де маңызды. Өйткені ойшылдың педагогикалық ілімі Жақын және Орта Шығыс халықтарының педагогикалық идеяларының жалпы дамуы барысына елеулі ықпал етті. Еңбекке ғылыми тұрғыдан келудің қажеттілігі өткеннің мұраларын теориялық тұрғыдан ұғыну ғана емес, рухани құндылықтардың озық үлгілерін қазіргі кезеңде насихаттау мен қолдану міндеттерінен туындайды. У.Кайқауыстың шексіз білімі мен дүниетанымы, өзіндік ой-өрісі мен қабылдауы, сезімі «Қабуснама» қалпындағы, тамаша педагогикалық-дидактикалық туындының пайда болуына себепкер болғаны даусыз. Туындының әр тарауын баяндау барысында автордың *«перзентім менің», «білгін», «ұлым менің», «тырыс», «хабардар бол», «қымбаттым менің»* формасындағы мейірімге толы сөздерімен берілген жүрекке жақын үндеулері мен өтініштері оқырман назарын аудару, негізгі нысанға құштарлықты арттыру мақсатындағы ойына сенімділік бере түседі. У.Кайқауыс тәрбиелік өсиеттерінде бұл киелі сөздерді өте қадірлеп, *«Құдайдың сыйы»* тұрғысында атайды. «Қабуснамадағы» сөйлемдер негізінен қысқа, ашық нақышты, мазмұнды. Формасы мен өнегесі адамның өмірлік бейнесіне тән қырларының түрлі мысалдарын, танымал философтар, патшалар, ғалымдар мен ойшылдардың тұжырымдарын нақты және өмірлік дерек ретінде орынды қолдануы тұрғысынан қисынды. Туындыгер өзінің тәрбие беру мақсатына жетуі үшін мұнымен де қанағаттанбай, ойын өз жанынан шығарған өлең жолдарының үзінділермен толықтырып отырады. «Қабуснамада» олардың саны шамамен мыңға жуық [8;9]. Бұл поэтикалық үзінділер аса құнды тәрбиелік идеялар мен өнегелік-эстетикалық мәнге ие. Автордың тәрбиелік нақыл сөздерін ақыл-кеңес беруде құрғақ, жалаң ұран сөздердің орнына қолдануға болады. Мәселен, *«Барлық қабілеттердің жақсысы – сөйлей білу»; «Ұлылық шыққан тегінде емес, ақыл мен білімде»; «Кімнің сөзі құнарлы болса, соның қолдаушылары да көп»; «Білімнен артық қазына жоқ, жаман адамнан асқан дұшпан жоқ», т.б.*[8]. «Қабуснамада» автор фразеологиялық оралымдардың жоғары деңгейде дамуына ықпал ете отырып, мақал-мәтелдерді жиі әрі ұтымды қолданған. Бұл тәсілді туындыгер тәрбиелік ойларын баяндауында өз ойын қысқа, көркем, мәнерлі беру үшін қолданған. Онда түркі халықтарының жүзден астам мақал- мәтелдері шебер, орынды келтірілген. Мәселен, *«Адам айнаға қарауы керек, егер оның келбеті жақсы болса, онда оның мінез-құлқы*



*сыртқы келбетіне сай болуы тиіс, өйткені ұсқынсыздық көріктілікке жараспайды және бидайдан арпа өспейді, ал арпадан бидай өсіру мүмкін емес»; «Әжуа, сықақ жазуды үйренбеңдер, көзе толы суымен үнемі қайта келе бермейді» [9].*

Мақал-мәтелдердің белгілі бір бөлігі араб тілінен алынған. Автор оларды көп жағдайда бастапқы формасында берсе, кейбір жағдайда аудармасын қолданған. Мәселен, «*Әзіл – зұлымдықтың бастауы*»; «*Ал-адабу сурат-ул-акли – білім – ақылдың жүзі*»; «*Аш-шабобу навъ-ун мин-ал-чунуни - жастық – бұл ақылсыздықтың бір түрі*» т.б. [8]. «Қабуснамада» мақал-мәтелдермен қатар, даналық сөздер, афоризмдер дидактикалық сипатта қолданылған. Аристотель, Соқрат, Платон сияқты ежелгі данышпандардың афоризмдері де келтіріледі. Мәселен, «*Білімділіктен жақсы қазына жоқ*» (Соқрат) дегендей, У.Кайқауыс даналық сөздерді олардың өз аттарынан және «*данышпандар айтқан немесе ойға жүйрік шешендер айтқан*» деген кіріспе сөздер арқылы қолданып отырған. Туындыдағы көптеген тәрбиелік афоризмдер кіріспе сөзсіз келтіріледі. Біз ондай сөз орамдарын туындыгердің өзі шығарғанын айтар едік. Мәселен, «*Жалқаулық – тәннің бұзылуы*», «*Ұялшақтық – сенімнің жемісі*», т.б. [8;9].

«Қабуснаманың» бір ерекшелігі – автор кейде қандай да бір тарауды қорытындылау кезінде өз ойларын дәлелдеу үшін тақырыпқа сәйкес келетін және тәжірбиелік мәні маңызды әңгімелер мен аңыздарды орынды қолданған. Мәселен, «*Жиынтықты бәрі біледі, ал жиынтық материядан әлі туылған жоқ*»; «*Шындыққа ұқсас өтірік, өтірікке ұқсаған шындықтан жақсы*»; «*Аманатты сақтау*», т.б. [8; 9]. Сондай-ақ автор өзінің мақсаты мен логикалық ойларына жету үшін нақты бір тақырыпты баяндау барысында келтірілген басқа да халықтық мақалдар бар. Мәселен, «*Жақсылық жаса да суға таста, уақыт өте келе ол өз жемісін береді*; «*Сортаң жерге ұрық екпе, бәрібір өнбейді және тек еңбегің босқа кетеді*», т.б. «Қабуснамадағы» мұндай сан алуан мәтелдер мен даналық сөздер бастан-аяқ педагогикалық тақырыпқа арналған және аса жоғары тәрбиелік сипатқа ие. Дегенмен «Қабуснамадағы» бұл халықтық мәтелдердің, өсиет әңгімелер мен нақыл сөздердің шығу тарихы әлі де зерттеуді қажет етері сөзсіз. Аталмыш туындыға әр тұрғыдан әр кезде берілген бағалар да баршылық. Мәселен, ғалым М.Фозиловтың «Қабуснаманы» таза «әдеби шығарма» тұрғысында тануымен келісе алмаймыз. Өйткені оның мазмұны педагогикалық сипатқа ие. Өкінішке орай «Қабуснаманы» зерттеуші әдебиеттанушылардың көпшілігі шығарманы әдеби көзқарас тұрғысынан талдағандықтан, өнегелік тәрбиелік жағын ескермеген. «Қабуснаманың» оқырмандарды баурап алуының бір ерекшелігі – құрылымы халық педагогикасына негізделген. Даналық сөздер, афоризмдер, өсиет әңгімелер, нақыл сөздер т.б. мындаған жылдар бойы адамдардың өмірі мен шығармашылығына еніп, жазба әдебиеті мен ауызекі сөйлеудің дамуында үлкен тәрбиелік рөл атқарған. Тарихи халықтық шығармашылық дегеніміз-осы. У.Кайқауыстың көптеген нақыл сөздері фольклорға жақындығы сонша, У.Кайқауыс оларды фольклордан алған ба, жоқ па, немесе, керісінше, оларды халықтық шығармашылыққа ендіріп деп деп басып айту қиын. Оның көптеген пікірлері «қанатты сөздерге» айналған. Ал оның насихаттары – мінез-құлықтың үлгісі. У.Кайқауыс тарапынан ұсынылған педагогикалық идеялар оқырмандарын тәрбие беру мәселелері туралы ойлануға түрткі бола алады. Туындының негізгі бөлігінде автор тәрбиенің түрлі мәселелері туралы пікірлерін ұлына қарата үндеу арқылы білдіреді. Ақыл-кеңес беру, әңгімелесу екіні өте нәзік және негізінен табандылықпен, әмірлі, кейде қандай да бір мінез-құлықты мойындамау немесе мақұлдау түрінде сипатталған.

«Қабуснаманың» танымалдылығы – оның тақырыптарының өміршеңдігі, ойшыл-педагог, данышпанның көп жылдар аралығында не бір қилы ел аралаулары негізінде игерілген өмірлік бай тәжірибесінің нәтижесі. Баяндау стилінің қысқалығы мен анықтығы авторға өз пайымдауларын прозаны поэзиямен алмастыра отырып, кішігірім, шағын әңгімелер, нақыл сөздер, өсиет формасында беруіне көмектеседі. Әр нақыл сөздің, әр әңгіменің мәні бәйіттермен немесе төрт жолды өлең жолдарымен бекітіліп отырады. Бұл оқырманның есінде жылдам әрі ұзақ сақталуына және өмірлік жағдайларында қолдана алуына қолайлы. Ойшылдың басты мақсаты – адамның кемелденуін, бақытқа жету жолындағы оның жан тыныштығын тәрбиелеу. Тіпті, ең бір қарапайым оқиғадан өнеге алуға, қандай да бір даналық ой алуға, адамды қателіктерден сақтандыруға, оған өмірлік жол көрсетуге тырысуы құптарлық. Бүгінгі таңда «Қабуснамаға» ғылымның түрлі салаларының зерттеушілері тарапынан назар аударылған (философтар, шығыстанушылар, саясаттанушылар, экономистер, әлеуметтанушылар және заңгерлер т.б.). Мәселен, шығыстанушы Т.Гольцтің: «*Гуманизм мен еркін ойлылық туындыны өзектілендіре түседі. Сол арқылы тек танымдық мән емес, сонымен қатар сол дәуірдің озық ой-пікірін көрсетеді. Табиғи теңдік идеясы мәселесі автордың қызметті адамдардың қабілетіне қарай бөлу керек деген талабынан шығады*» деуі орынды. Сондай-ақ, Т.Гольц «Қабуснаманы» белгілі бір уақыттың өмірлік энциклопедиясы», - деп атайды. «Қабуснама» мазмұны адам өмірінің түрлі аспектілерін қамтиды және оны әрбір жастағы адам үшін педагогикалық мектеп пен өмірлік тәжірибенің үлгісі ретінде тануға болады.

Педагогикалық туындыда тәрбие мәселелері бірсарынды емес, ойшылдың өсиет, ұлағатты әңгіме, кеңес беру және оқырман не тәрбиеленушімен өзара ынтымақтастық стилінде ұсынылған. Сондықтан «Қабуснаманы» тек өнегелік туынды ретінде санасақ, біз ойшылдың орасан зор еңбегін шектеген болар едік. Өйткені «Қабуснамада» тәрбие теориясы мен дидактика мәселелерінің терең және жан-жақты зерттелуі бар. Бұл кітапта тәрбиенің мақсаттары мен мәні, педагогикалық ұғымдар (*тұлғаны жетілдіру, білім беру, оқыту, тәрбиелеу т.б.*), ақыл-ой және идеялық-өнегелік дүниетаным, музыка және орындаушылық шеберлік, эстетика, еңбек, қолөнер, дене тәрбиесі және білімнің басқа да түрлері қамтылған. Бұл туралы ғалым М.Муллоахмедовтің «Қабуснаманың» кіріспесіндегі: *«Кайқауыс өзінің өсиеттерін «әкелік міндетін орындау» үшін ұлын тәрбиелеу мақсатында жазғанымен, «Қабуснама» педагогикалық-өнегелік нұсқаулық және көркем шығарма ретінде мыңдаған оқырмандарын тапты, ал автор есімі әдебиет және парсы тілдес халықтардың педагогикалық ойлары тарихында мәңгі қалады», - дей келе, «Қабуснаманың» мазмұны мен құрылымына қатысты: «Туындының стилі өте қарапайым. Жазушының өзінің тәрбиелік ойларының тұрақтылығы үшін келтірілген қысқа әңгімелері негізінен өмірлік және шынайылығында»* деген. Белгілі орыс шығыстанушысы Е.Э.Бертельс кітаптің тілін Иранның ғана әдеби тілі болған жоқ, сол кездегі самандық иелікке түгелдей қызмет етті. Бұл – Рудаки мен Фирдаусидің тілі. Осы себептен де бұл кітапты парсылар емес, тәжік әдебиетіне жатқызуға болады деген пікірде болды. Тарихтан белгілі, XI ғ. бұл әлі жеке-жеке ұлт болып қалыптасу болмаған кезең, сондықтан бұл туынды жалпы түркі халықтарына ортақ мұра ретінде танылады. Дегенмен Е.Э.Бертельстің өмірбаяндық деректер мен У.Кайқауыстың атасы Қабус құрған Жүржандар сарайы маңындағы ірі әдеби ошақ пен Қабус туралы жазғандары ұзақ уақыт классикалық үлгі болып саналған деген жоғары пікірі орынды айтылған. Атақты орыс шығыстанушысы И.С.Брагинский XI ғасырдың прозалық шығармаларын зерттей отырып: *«Қабуснама» - бұл тәрбие мен этиканың маңызды мәселелерін қамтитын өнегелік-дидактикалық туынды. Шығарманы балаға өсиет етіп қалдыру дәстүрі парсы-тәжік әдебиетінде Унсурулмаолиге дейін дамыған. Бірақ ол оның аясын кеңейтіп, балаларға өсиетті ерекше жанрға айналдырды»* деген. «Қабуснаманы» зерттеумен айналысқан шығыстанушы А.Е.Крымский «История Персии, ее литературы и дервишской теософии» еңбегінің бірнеше бетін Қабус сарайы маңындағы әдеби ошаққа арнап, бұл тарауды құнды библиографиялық шолумен аяқтайды. А.Е.Крымский У.Кайқауысты дарынды деп санап, баяндаудың жүйелі және көркемдік мәнерін ерекше атап көрсетеді. Демек, шығыстанушылардың пайымдауларынан «Қабуснаманың» баяндау стилі қарапайым формаға жататындығын түсіну қиын емес. Туындыны зерттеу нәтижесінде автордың педагогика, психология, философия, логика, мәдениет, этика, тарих және география, анатомия, физиология және т.б. сияқты түрлі ғылымдармен және кәсіптермен таныс болғандығы анықталады. Мәселен, ғалым К.Кадиров «Педагогика и дидактика суфизма» атты монографиясында «Қабуснаманың» XI ғасыр педагогикалық әдебиеті ескерткіштері қатарындағы рөліне тоқталады. Ол педагогтер назарын У.Кайқауыстың «жомарттық» (кемел адам) мәселесіндегі бала дамуындағы тәрбиенің рөлі, қолөнер шеберлігі, адамгершілік, достық, отбасы рөлі туралы идеяларына аударады. Ғалым М.Муллоахмедов «Қабуснаманың» мәтінін бастырып, алғысөзінде мазмұнын қысқаша сипаттай келе, У.Кайқауыс назары педагогикалық категориялардың жалпыға ортақ: әлеуметтік, әділдік, жақсылық, ізеттілік, жамандық, шыншылдық, жомарттық т.б. сияқты түрлеріне аударылғанын айтады.

У.Кайқауыстың тұжырымдары шынымен де назар аударуға тұрарлық, өйткені, *біріншіден*, оның ғылымдарды жіктеуі қызықты; *екіншіден*, ғылым мен кәсіп бір-бірінен ажырағысыз, ғылым тәжірбиелік тұрғыдан белгілі бір әрекетке жатады, ал әрекет теориялық тұрғыдан қандай да бір ғылым қатарына жататындығы туралы және ғылымды үйрену мен өнеркәсіпті меңгеру адамның ақыл ойының дамуы, рухани баюы мен оның мәдени өсуі үшін өте қажет екенін ескерсек керек. Сондай-ақ, У.Кайқауыстың ел басқару өнеріне қатысты ойлары болашақ тәрбиешілердің басқарушылық ісінде назарға алуға тұрарлық, өйткені У.Кайқауыстың: *«Әділ, таза бол, өйткені көңіл тазалығы – сенім тазалығы»; «Падиша үшін ең жаман іс-халықтың әдепсіздігі»; «Өз уәдеңе берік бол. Әрдайым кешірімді болуға әдеттен; «Елде әділетсіздікке жол берме, Өйткені, әділдік – гүлдену, ал зұлымдық – ойран болу белгісі»* деген сияқты басшыға тән қасиеттер мен талаптар туралы ойлары бүгінгі заман үшін де өте құнды [8;9].

*«Қабуснама» – У.Кайқауыстың шексіз ел аралаулары кезінде жинаған өмірлік тәжірибесінің жемісі.* Кайқауыстың прогрессивті идеялары ортағасырлық жазушылар мен ойшылдар тарапынан қолдауға ие болып, дамыды және сол кездегі шығыстық қоғамының жас ұрпақтарын тәрбиелеуде үлкен рөл атқарды. Біз У.Кайқауыс сияқты танымал ойшылдар мен гуманистер туындыларын, белгілі бір топқа және өз уақыты үшін ғана жазды деп айта алмаймыз. Олар туындыларын қазіргі және болашақ адамзат ұрпағы үшін жазды. Біздің бұл пікірімізге У.Кайқауыстың: *«Егер сен менің сөздерімнен жақсы мұра іздемесең, онда жақсы сөздерді тыңдап, оларға мойынсұнатын басқа*

*адамдар табылады»* деген ойлары дәлел. Біздіңше, Шығыс халықтарының бұл дәстүрі барлық ғасырларда ұлдар өздерін және шығу тегін ұмытпай, ата-бабаларын құрметтесін деген түсінікте қабылданған. Бұл дәстүр өте жағымды тәрбиелік сипатқа ие. Бұл тәсіл-шығыстық тәрбие элементтерінің бірі. Бұл идеяның қайнар көзі «Авеста» кітабы мен өзге де көптеген ойшылдардың шығармаларында, әсіресе, Фирдаусидің «Шахнамасында» қаланған.

Қысқасы, «Қабуснама» XI ғасырда жазылған бариша түркі халқына ортақ туынды. Мәселен, философ ғалым М.Раджабов «Средневековые социальные утопии» еңбегінің «Утопические идеи «Кабуснаме»» атты тарауында «Қабуснама» мазмұнына философиялық талдау жасай келе, ондағы жақсылық жасау, ақыл мен білімді ардақтау, әділдік, шешендік туралы идеяларына ерекше тоқталады. Нәтижесінде М.Раджабовтың «Қабуснама» – *болашақ ұрпақтың және жастардың өмірлік оқулығы*» деуі өте орынды.

Ғалым С.Далимов «Қабуснаманы» 1967 жылы және кейбір өзгертулермен 1973 жылы өзбек тіліне қайта аударады. Осы өзбек тілі нұсқасы негізінде Т.Айнабеков «Қабуснаманы» 1992 жылы қазақ тіліне аударған-ды. Алғаш зерттеу мақаласын жазған отандық ғалымдардың бірі Ғ.Айдаров өз мақаласында У.Кайқауыс және «Қабуснаманың» педагогикалық құндылығы туралы баяндайды. Ғалым А.Оңғарұлы «Қабуснаманы» ондағы әңгімелердің берілу стилін өзгертіп, 2006 жылы қайта бастырады. Ғалым М.Сарбасованың мақаласында У.Кайқауыстың отбасы тәрбиесі туралы идеялары сөз етіліп, «Қабуснама» *мың жасқа қарай қадам басқан мәңгі өлмес жәдігерліктер қатарында келер ұрпақтарға да өзінің тәлім- тәрбиелік мән-мағынасымен құнды»* деуі құптарлық. «Қабуснамада» жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі де орынды қарастырылаған. Сондай-ақ, У.Кайқауыстың кәсіби маман даярлау туралы идеялары да аса құнды.

Қысқасы, «Қабуснама» туындысы бастан-аяқ тағылымдық өсиеттерден құралған. Еңбек туындыгері онда адамзаттың тұлғалық қасиеттерінің дұрыс қалыптасуын белгілі бір кәсіп иелеріне тән қасиеттер мен талаптар тұрғысында жан- жақты баяндауға тырысқан. У.Кайқауыстан кейін Ансори, Санои, Атгор, Руми, Саади, Джами және тағы басқа әйгілі ойшылдар оған сүйеніп, еліктей келе, көптеген ғибраттық еңбектерін жазғаны мәлім. Бұл туындылардың қай-қайсысын да еуропалықтар «*тәрбиенің шығыстық стилі*» тұрғысында атаған. Шығыстық педагогикалық ойлардың «*алтын қорын*» құрайды. Демек, бүгінгі таңда «Қабуснамадағы» педагогикалық идеялардың жекелеген қырлары болмаса, кешенді тұрғыда толық зерттелмегені анықталып отыр. Олай болса, ендігі зерттеу-зерделеу жұмыстарында У.Кайқауыстың педагогикалық идеяларына жеке-жеке тоқталып, олардың әрқайсысын халық тәрбиесімен сабақтастықта таразылау орынды болмақ [27].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы// «Egemen Qazaqstan» газеті, №52, 17 наурыз 2022 ж., -1-5-б.б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы// «Egemen Qazaqstan» газеті, №2, 5 қаңтар 2021 ж., -1-3-б.б.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік// «Egemen Qazaqstan» газеті, №62, 2 сәуір 2019. -1-2-б.б.
4. Қыдыршаев А.С. «Жаңа Қазақстан – Тәуелсіз елдің ертеңі»// «Ақиқат» - «Ақиқат» журналы, №4, сәуір 2022 ж., -3-7-б.б.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылыми дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы №988 қаулысы)
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
7. Кайқауыс «Қабуснама». – Алматы: Балауса, 1992. – 157 б.
8. Кабуснама. – Алматы: «Қасиет» баспасы, 2006. – 156 б.
9. Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін). Құрастырушы Е.Шаймерденұлы, Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012.-320-б.
10. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану: Оқу құралы бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы жоғары оқу орнының филология бөлімінің студенттері үшін дайындалған (Өңделіп, толықтырылған екінші басылым). –Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың редакциялық баспа орталығы, 2014.-208 б.
11. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары): Оқу құралы. –Орал:Полиграфсервис, 2017.- 364 б.
12. Махмуд Қашғари. Түбі бір түркі тілі / Аударғандар: Қ. Бекетаев, Ә. Ибатов. – Алматы: Ана-тілі, 1993. – 178 б.

13. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 613 б.
14. Кубесов С. Педагогическое наследие аль-Фараби. – Алматы: Мектеп, 1989. – 152 с.
15. Ахметов Т. Ә. Жүсіп Баласағұнның тәлім-тәрбиелік идеялары: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2003. – 152 б.
16. Айдаров Ғ. «Қабуснаманың» қысқаша мазмұны // Қазақстан мектебі. -1991. - №7. – 38-б.
17. Сарбасова М. Кайқауыстың «Қабуснамасы» және отбасы тәрбиесі // Қазақстан мектебі. – 2007. - №3. – 14-б
18. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана-тілі, 1992. – 160 б.
19. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 152 б.
20. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2000.–213-220-б.б.
21. Гольц Т. Унсурулмаоли Кайковус и его книга. – Унсурулмаоли Кайковус. Кобуснома. – Душанбе: Адиб, 1990. – 148 с.
22. Шауенова М. А. Кайқауыс заманындағы тарихи, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірдің сипаттамасы // Ұлы түрік ойшылы Жүсіп Баласағұнның 1000 жылдығына арналған «Жүсіп Баласағұн: гуманистік педагогика негіздері және заманауи Білім беру» тақырыбындағы Халықаралық Дөңгелек үстел материалдары. – Алматы, 2016. –137-141,-б.б.
23. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы / Құрастырғандар Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: Рауан, 1998. – Т. 2. – 415 б.
24. Шауенова М. А., Манкеш А. Е. Кайқауыстың педагогикалық идеяларының бастаулары // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы – Алматы, 2016. - №4 (52). – 223-229-б.б.
25. Манкеш А. Е., Шауенова М.А. Кайқауыстың өмірі мен педагогикалық мұрасы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2016. - №1 – 253-258-б.б.
26. Хмель Н. Д. Целостный педагогический процесс как предмет педагогики и объект деятельности учителя. Педагогика. Курс лекций. – Алматы, 2003. – 386 с.
27. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Оқулық бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы жоғары оқу орнының филология бөлімінің студенттері үшін дайындалған. 4-басылым. – Орал, «Полиграфсервия» ЖШС баспаханасы, 2023. – 424 бет.

**ӘОЖ 82:316.3**

### **ШЕШЕНДІК БІЛІК-ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

*Д.Н.Мәдениет, А.Ж.Тілеу, Д.Ж.Қалқаманова,  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 4 курс студенттері  
Ғылыми жетекшісі: А.С.Қыдыршаев, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан  
университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик*

*Ü Мақалада шешендік тәжірибелік білік-дағдыларды меңгерудің өзектілігі сараланады. Нәтижеде шешендіктануға қатысты тәжірибелік кеңестер мен ұсыныстар кешені айқындалады.*

***Тірек сөздер:** тәжірибелік аспекті, аудитория, сөйлеу дағдысы, табыс, коммуникативті қарым-қатынас, шешендік әрекет, мәдениет.*

*Ü В статье анализируется актуальность овладения ораторскими практическими способностями-навыками. В результате будет определен комплекс практических советов и предложений по риторике.*

***Ключевые слова:** практический аспект, аудитория, речевые навыки, успех, коммуникативное общение, ораторская деятельность, культура.*

*Ü The article analyzes the relevance of mastering practical oratorical abilities and skills. As a result, a set of practical tips and suggestions on rhetoric will be defined.*

***Keywords:** practical aspect, audience, speech skills, success, communicative communication, public speaking, culture.*

*Барлық заманда тіл байлығы мен шешендік өнер қатар жүріп келеді.*

***А.П.Чехов***

Адам баласының қай-қайсысы да дұрыс та дәл, әрі шешен сөйлей білуді жете меңгеруге ынталы. Себебі бұл өзге адамдармен жылы да жағымды қарым-қатынас орнатуға және оны сақтауға мүмкіндік береді. Әр түрлі салада жетістікке жетуге көмектеседі. Шешендіктанудың ғылым ретінде дамуы мыңдаған жылдарды қамтиды. Әрбір кезеңге сәйкесті оның мазмұны да әрқилы. Ол әдебиеттің ерекше жанры есебінде де, сөйлеу шеберлігінің белгілі бір түрі есебінде де, ауызша сөйлеу ғылымы әрі өнері ретінде де қарастырылады. Қазіргі таңдағы зерттеу еңбектерінде шешендіктану кешенді пән ретінде қарастырылып, құрамына тілдік қарым-қатынастың логикалық, лингвистикалық, физиологиялық және практикалық аспектілерін қамтиды [1,8-25].

Практикалық шешендіктану әрі ғылым, әрі өнер сапында аталады. Біздіңше, аталмыш ғылым саласына қатысты кейбір білік-дағдылар жиынтығын әрбір кәсіби маман атаулы өз бойына шоғырландыруы тиіс. Практикалық шешендіктану ілімі қарастырар қағидалар әрбір маманға әр қилы аудитория алдында қалай жұмыс жасау, сан алуан адамдармен қалай тіл табысу хақындағы тәжірибелік іс-әрекеттер кешенін ұсынбақ. Ең бастысы өз сөйлеген сөзіне сергек қарауды үйретеді. Нәтижеде қалай сөйлеу және сөйлеу дағдыларымызды қалай жетілдіру амалдары туралы ойлантады. Ал бұл орайлас білік-дағдылар ХХІ ғасыр арнасында ауадай қажетті. *Демек, жақсы сөйлей білу - жекелеген адамның істегі табыс кепілі ғана емес, сондай-ақ бұл еліміздің әлеуметтік жағынан өркениетті де сәтті дамуына алғы шарт. Адамдардың тілдік қатынас мәдениеті қоғамның өркениетті, толерантты және мәдени тұрғыда қалыптасуының алғышарты.* Ал бұл іспеттес мәдениет әрқайсымыздың бір-бірімізбен қарым-қатынас жасай білу мәдениетіміз арқылы жинақталмақ. Бұны әрдайым есте сақтау жөн. Сондай-ақ әрбір жас маман осы маңызды салада терең ойлана отырып, бүгінгі таңда елімізге қажетті қоғамдағы мәдениетті де өркениетті коммуникативті қарым-қатынастың қалыптасуына өз септігін тигізуі қажет [1; 2; 3; 4].

Дау жоқ, жақсы шешен болып қалыптасу көл-көсір тер төгуді, дамылсыз машықтану жұмыстарын талап етеді. Сөйлеу сәтінде көпшілікті сендіре, иландыра, көз жеткізе алуға шешен ойлау заңдарын меңгеріп, композиция және айғақтама ережелерін сақтағанда, сөйлеу мәдениетіне ие болып, өзінің сөйлеген сөзінде жалпы, әлеуметтік психология заңдарын қалай қолдануды білгенде, коммуникативті мәдениеттің нормаларын ескеріп, сөйлеу техникасын үнемі жетілдіріп отырған жағдайда ғана қол жеткізе алады. Бұл ретте кез келген оқулық та, оқу құралдары да тек көмекші рөл ғана атқарады. Олар тек негізгі жолға бағыт қана сілтей алады. *Ал нақты білік-дағдыға әркім өзімен жүргізген тынымсыз жұмысы мен шешендік әрекеттің тәжірибесі арқылы қол жеткізеді.* Демек, осы ретте практикалық шешендіктану көмекке келмек.

Шешендік өнерді жаңадан бастап үйренушілерге төменде ұсынылған кейбір тәжірибелік кеңестер мен ұсынбалардың көмегі тиер деп есептейміз:

- *Нақты іске қатысты айтарыңыз болғанда ғана және мәселеге қатысты сөйлеудің қоғамдық мәні барлығына көзіңіз жеткенде ғана сөйлеу.*

- *Айтылар сөз талқыланып отырған мәселенің көлемінде ғана болуы, қатаң түрде жете тексерілген, мұқият іріктелген деректерге сүйену.*

- *Баяндау тілі мен стилінің аудитория мен сөйленер сөз мақсатына сәйкес болуы.*

- *Шешен мүмкіндігінше жаттанды кітаби стильден аулақ болуы, ал барлық жағдайда кеңселік стильден қашуы тиіс.*

- *Аудиторияға құрмет көрсету бағытындағы сөздерді жиірек қолдану.*

- *Фразалардың қысқаларын үлкенірегімен алмастырып отыру.*

- *Терминдерді жиі қолданбау.*

- *Аудиториямен байланысты сәтімен орнату үшін, тыңдаушылармен ортақ тіл табысуды орнату, аудиторияға достық көңілмен қарау, менмендік көрсетпеу.*

- *Тиісінше нық, түсінікті, мәнерлі сөйлеу, сондай-ақ қажет болмаған жағдайда дауыс көтермеу.*

- *Өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тежеу дағдыларын меңгеру. Сөйлеу сәтінде тыңдаушыларға қатысты жағымсыз эмоцияны танытпау, ал жағымды эмоцияларды кең көлемде жүзеге асыру.*

- *Сөйлеген сөздің эмоциональды, қызу болуы, өз идеяға тыңдаушылардың сезімін оятуға ұмтылу. Тыңдаушы атаулының олар тек сөз тыңдап қоймай, сонымен бірге белгілі бір толғанысты күйді басынан өткере алуы.*

- *Аудиториямен байланысты бірер секундқа да жоғалтпай, тыңдаушылардың реакциясын бақылау, беталды босқа сөйлемей.*

- *Шешеннің танымалдығы, оған деген сенім, оның сыртқы түрі, қарым-қатынас мәнері мен тәртібі қаншалықты әртүрлі әлеуметтік топтарға берілген сипаттамалар мен жазылмаған заңдарға сәйкестілігіне бірден-бір байланысты екенін ескеріп отыру.*

- *Ымның қашан да сенімділік, салмақтылық, жылылық ұялататындай болғаны, ал ишарат аздан-аз, бірақ дәл де мәнерлі болуы.*

- Тәрбиелеуге бейім сарындылыққа, еш әсерсіз құр ақылгөйсушілікке жол бермеу [1;4].

Қысқасы, практикалық шешендік іс-әрекеттің жемісті дамуына септесер аса қажетті қағидалар сапына шешеннің жалпы мәдениеті; оның өзінің пікір-тұжырымының болуы; қабілеті; өзін-өзі тәрбиелеуі; үнемі өз бетімен білім алуы; өзіндік мәдени деңгейін көтеру бағытындағы жұмыстардың болуын да қосар едік [1;4]. Демек, әрбір кәсіби маман бойында осы аталған тәжірибелік шешендік білік-дағдылардың болуы - заман талабы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Орал, 2023.- 424 бет.
2. Ментцел В. Риторика: искусство говорить свободно и убедительно (Пер.с нем. И.Ю. Облачко). -2-е изд., М., 2008.- 132 с.
3. Козлов В.В. Убеждение: «минные поля» переговоров. М., 2009.- 240 с.
4. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары). Орал, 2017.- 364 бет.

**ӘОЖ 82:316.3**

### **ШЕШЕНДІКТАНУДАҒЫ ЮМОР – ӘЗІЛ АСТАРЫНДАҒЫ САЛМАҚТЫЛЫҚ**

**Д.Ж.Қалқаманова, Д.Н.Мәдениет, А.Ж.Тілеу,**  
*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің IV курс студенттері*  
*Ғылыми жетекшісі: А.С.Қыдыршаев, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан*  
*университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик*

Ü Мақалада шешендіктану іліміндегі юмор табиғаты таразыланады. Юморды шешендік сөйлеу мәдениетінің орнықты бір бөлімі тұрғысында қарастырады.

**Тірек сөздер:** шешендіктану, юмор, күлкі, әзіл, жылы жымыс, юмористік қабілет, дәстүр.

Ü В статье взвешивается природа юмора в учении ораторского искусства. Юмор рассматривается в контексте единого раздела культуры ораторской речи.

**Ключевые слова:** красноречие, юмор, смех, юмор, теплая улыбка, юмористические способности, традиции.

Ü The article weighs the nature of humor in the teaching of public speaking. Humor is considered in the context of a single section of the culture of public speaking.

**Keywords:** eloquence, humor, laughter, humor, warm smile, humorous abilities, traditions.

Шешендік өнер – қай заманда, қандай қоғамда болса да қауымға, көпшілікке үлкен әсер ететін, оның санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытатын қуатты құрал, күні бүгінге дейін құдіретін, қасиетін жоймаған өнер. Ал осынау бір таңғажайып тамаша өнердің тұңғығына бойлап, кереметіне кенеліп, көргенге не жетсін! [1].

Шешендік өнер – сөз өнері, сөйлеу өнері. Аталған салалар – өнер атаулының ең қиыны да күрделісі. Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнері адам санасының үш негізіне тірелетінін айтады. Біріншісі – ақылға, екіншісі – қиялға, үшіншісі – көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни, нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі- тую, талғау. Шешендік өнердің ең күрделілігі – осы үш негізді ажырата білу. Ал үш негізді адамның санасы игеруі, әрқайсысын орнымен, кезегімен пайдалана білуі оңай шаруа емес.

Қиын да күрделі шешендік өнерді біздің қазақ халқы ерекше бағалаған. Қазақтар арасындағы шешендік өнер – өз қадір-қасиетін жоймаған, әрқашан дамуын тоқтатпаған ең өміршең өнер. Халқымыз «Бір сөз айтсаң жақсыға,

Аталы сөзге тоқтайды. Бір сөз айтсаң жаманға, Өмірінде ұқпайды. Шешеннің сөзі шын асыл, Қап түбінде жатпайды» деп шешеннің аталы да баталы сөзінің қадір-қасиетін барынша құрметтеп, шын асылға, мол қазынаға, баға жетпес байлыққа теңеген.

«Шешендіктану» немесе грек тіліндегі баламасы «риторика» атауы – ең алдымен көкейдегі ойды жүйелі құрау мен айтылмақ пікірді ұтымды жеткізудің, көпшілік алдында сөз сөйлеу шеберлігінің ең жоғарғы сатысы. «Шешендік – өнер, сол өнермен қарулансаң ғана шешендікті игеруің мүмкін», - деп ғалым М.Тілеужанов пайымдағандай, жоғарыда аталып өткен қағидаларды өз

бойына игерген, сөз өнерінің тұңғығынан сусындаған, тапқыр ойды көркем тілмен өрнектей білетін, оқыс айтылған пікірге қисынды әрі жедел жауап қайтаратын, жүрекке әсер етіп, ақылды бағындырып, адамдарды иландыру секілді ерекше қасиеттерге ие адамдарды шешен немесе ритор деп атайды [1;2;3].

«*Бір шешен топты жойқын, буырқанған шабытымен билеп- төстейді, екіншісі – әсем жеткізу шеберлігімен, үшіншісі – әзіл-оспақ, күлдіргі, айтқыштық талантымен, төртіншісі – жүйелі, сабақтас, анық баяндауымен баурайды*», - деп орыс сыншысы В.Г.Белинский көрсеткендей, шешендердің өз ойын жеткізудің сан түрлі ерекшеліктері мен жолдары бар. Шешен алуан түрлі аудиториямен кездесіп, ой бөліседі. Барлық жердегі тыңдаушылар бірдей болмасы белгілі. Осындай сәттерде шешеннің әр тыңдаушының санасына сай, қабылдау қабілетіне орай өз пікірін мың түрлі шеберлікпен, тапқырлықпен жеткізе алуы оның жан-жақтылығын, біліктілігін айқындайды.

Шешендіктануда шешеннің сөйлеуінде сөзге өзіндік әсемдік беріп тұратын сан түрлі көркемдегіш құралдар мен айла-тәсілдер қолданылады. Цицерон: «*Шешенде диалектиктің тапқырлығы, философтың ойы, ақынның тілі, заңгердің жады, трагиктің дауысы болуы тиіс*», - дейді. Осы Цицерон тізген топқа шешенде сонымен қатар шырайлы да шуақты, жеңіл де жылы, астарлы юмор болуы тиіс деген пікірдеміз. Ал, юмор (*ағылшын тілінде humour – көтеріңкі көңіл-күй*) – өмірдегі жағымды объектілер мен болмыстың жеке бір мінін, «әттеген-ай» дегізерлік әлсіз, жөнсіз жағын жеңіл күлкі, әзіл-оспақпен, көңілді симпатиямен тәлкек етудің, бағалаудың бір түрі. Юмор – өмірдегі күлкілі болмыс, құбылыс, факті, оқиғаларға эстетикалық қатынастың бір түрі. «*Юмор – өмір толқындарындағы құтқарушы шеңбер*», - дейді Раабе. Астарлы юморды, ең алдымен, қажетті жерде ұтымды пайдалана алу қабілеті әрбір шешеннің тыңдаушысын жалықтырып алмауы үшін, сөйлеп тұрған аудиторияда асқан қаталдықпен емес, көтеріңкі көңіл мен жылы күлкі орнату үшін аса маңызды құралдардың бір түрі [2;3;4].

Виктор Гюго: «*Күлкі күн іспеттес, ол адам жүзінен қысты қуады*», - демекші, кейде түндей түнерген, қабағынан қар жауған, көңілсіз аудитория мен тыңдаушыларға тап болып жатамыз. Осы кезде білік-дағдылары бойына толық дарыған іскер де шебер шешен сөз арасында астарлы юморды пайдалана отырып, кез-келген көңілсіз күйге жылы күлкі мен шуақ ұялатып, аудитория мен тыңдаушыға ерекше бір әсерлі сезім сыйлайды. Юмор – адам бойына табиғаттан даритын ерекше қасиет, сондықтан да юмордың кез- келген адам бойынан табылмайтындығы да сөзсіз.

Ал енді юморға қандай адамдар икемді, бейім болады? Біздіңше, олар төмендегіше:

- *Өзінен гәрі басқаның қамын көбірек ойлайтын, адамға, болашаққа сүйіспеншілігі, жан жылылығы мол, кешірімді, қайырымды адамдар юморист болады.*

- *Юмор – батыл, туралықты айтудан тайынбайтын, қорқақтыққа, сасқалақтыққа бой алдырмайтын, дертті түйреп тастайтын адамдардың үлесі. Юмор – үлкен рухани, идеялық күштіліктің белгісі.*

- *Юморға біреудің табысына, жақсылығына қуана білетін, басқаны, жалпы адамды сүйетін, құрметтейтін, соларды қуантуды ганибет санайтын, жұртпен сырласып, әзілдесуді мұрат тұтатын адамдар бейім келеді.*

- *Юмор – жаны сау, тәні сау, көңіл-күйі жақсы, әлеуметтік теңдігі, өзіндік пікір білдіруге еркі бар адамдардың сыбағасы.*

Жоғарыда тізілген тұжырымдарға қарай отырып, біз бойында юмористік қабілеті бар адамдардың осал еместігін аңғарамыз. Ал шешен адамдарды юморға икемді адамдардың қатарына оңай кіргізе аламыз, себебі нағыз шешеннің тұлғасында юмордың кішкентай болса да жұрнағы болуы әбден заңды.

Юмор – өнер. Ол да оқуды, тоқуды, көп ізденіп, тәжірбие жинауды, қақтығысқа жиі түсіп ысылуды қажет етеді. Осыны ескерген көп ел әзіл-қалжыңға, қуақылыққа жаттығу жұмыстарын өткізіп отыруды дәстүрге айналдырған. Мысалы, әр жылы қыс күндерінде Сербияда тапқырлықтың, өткір де уытты айта білудің республикалық турнирі өткізіліп тұрады. Жыл сайын Болгарияның Габрово қаласында да күлкі жарысын өткізіп отыру дәстүрге айналған [2;4].

Қазақ – қалжыңқой халық. Ол отбасы-ошақ қасында, той-томалақ, ас-айтта, басқосу отырыстарында қалжыңдаспай, қағыспай, іліп-шалысып, күліспей отыра алмайды. Отырыста, кездесуде күлкі келтіріп, көңілділік тудыратын, жақсылық ниетпен ғана, риясыз іліп-шалатын жылы юмордың жөні бөлек. Демек, дос-жаран, құрдастардың арасында, дастархан басындағы салмақты достық әңгіменің барысында шешендік өнеріңізді пайдалана отырып, айналаңыздағыларды сергітіп, сәл күлдіру үшін юмористік қабілетіңізді барынша салып отырсаңыз сіздің беделіңіз арта түсетіндігі сөзсіз.

Сонымен қатар юморды түсінетін және түсінбейтін орталар бар. Сіздің жылы да жеңіл юморыңызды кейбіреулер мені келеке етіп тұр немесе менің айтып тұрған салмақты, өте маңызды

пікірімді қалжыңға айналдырып, мазақ етіп отыр деп қабылдайтындар да жоқ емес. Сондықтан да юморды қабылдай алатын, қалжың пікірге қалжыңмен жауап қайтара алатын, жалпы юморды, юмористік қабілетті бағалай алатын ортаны ажырата білу де шешеннің маңызды білік-дағдыларының қатарына кіреді. Юморлық сезім, юмористік қабілет дарыған шешен ғана өмір қайшылықтарын, болмыстағы үйлесімсіздіктерді көре біледі, көрсете біледі. Күлкілі құбылыстарды, тұрмыс-тіршіліктің жағымсыз жақтары мен жарамсыз белгілерін келемеж ете алады.

Қысқасы, Дельфина Жирарден: «*Күлкі шындыққа негізделеді*», -демекші, шешендіктанудағы юмор ақиқат, шын нәрсені әсерлі етіп жеңіл күлкімен жеткізеді. Ал юморды дамыта түсу, ой-қиялды тәртіпке келтіру, адамдарға ләззат, сүйіспеншілік әперер құрал ретінде дамыта беру, сөз қадіріне жетіп, кісіні құрметтеу, көңіл қалдырмау, абайлап сөйлеуді дәстүрге айналдыру өскелең ұрпақтың еншісінде.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Адамбаев Б. Казахское народное ораторское искусство, Алматы 1994.
2. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану, Орал, 2023. – 424 бет.
3. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (*Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары*). Орал, 2017.-364 бет.
4. Введенская Л.А. Культура речи, Ростов-на-Дону, 2003.

**УДК 82-2(574)**

### **ОБРАЗЫ ЖЕНЩИН В ЛИРИКЕ А.С.ПУШКИНА**

**Панфилова Н.,**

*студент ОП «Русский язык и литература»*

[nikapanfilova3@gmail.com](mailto:nikapanfilova3@gmail.com)

**Умарова Г. С.,**

*науч.рук.,к.ф.н., доцент*

*ЗКУ им.М.Утемисова,*

*г.Уральск, РК*

[umarova\\_1959@mail.ru](mailto:umarova_1959@mail.ru)

**Аннотация.** В статье изложены результаты исследований особенностей поэтики отображения образов женщин в лирике А.С.Пушкина. Отражены основные положения теоретического осмысления терминов «лирика», «художественный образ», «внутренний мир», использованные в процессе исследования.

**Ключевые слова:** поэт, лирика, любовная лирика, эстетический идеал.

**Annotation.** The article presents the results of research on the peculiarities of the poetics of displaying images of women in the lyrics of A.S.Pushkin. The main provisions of the theoretical understanding of the terms "lyrics", "artistic image", "inner world" used in the research process are reflected.

**Keywords:** poet, lyrics, love lyrics, aesthetic ideal.

Вопросы исследования поэтики отображения образов женщин не раз становились темой изучения многими литературоведами. Из многочисленных исследований нами были изучены научные труды А.А.Смирнова «Романтическая лирика А.С.Пушкина как художественная система» (2004) [1], И.А.Балашовой «О любовной лирике А.С.Пушкина в второй половины 1830 года» [2], Е.А.Кучиной «Молитва и «духовная составляющая» образа возлюбленной в лирике А.С.Пушкина» [3]. Нами выяснено о значительных научных трудах попушкинистике в западноевропейской среде, среди которых выделяются исследования Шоу, О Белл, Майклсона, Бетеа, Бриггса, Сэндлер, Клайтона, в Германии –Кайль, Роте. Об исследованиях лирики А.С.Пушкина можно узнать в книге В.И. Кулешова «Литературные связи России и Западной Европы в XIX веке: Первая половина» [4].

Для изложения результатов нашего исследования по особенностям поэтики отображения образов женщин в лирике А.С.Пушкина, нам необходимо осветить теоретические принципы. С целью последовательного и четкого осознания специфики пушкинской любовной лирики выясним теоретические принципы осмысления лирического произведения. О том, что специфическая особенность *лирического образа* по сравнению с характером образа в эпическом повествовании недостаточно ясна», так как «основным содержанием образа в лирике становится не столько лицо,



предмет или какое-либо явление внешнего мира, сколько *вызванное ими чувство*», – читаем в монографии Б.П. Городецкого [5, 8-9]. «Чистая лирика, по Д.Н.Овсянико-Куликовскому, есть творчество по существу своему безобразное. И хотя нередко в ней и встречаются образы, но они не имеют познавательной силы, а потому и не могут быть приравняемы к настоящим образам в художественном смысле». В то же время, по мнению исследователя, лирика всегда «стремится к освобождению от всякой примеси образных элементов» [6]. В работе «Лирика как особый вид творчества» Д.Н.Овсянико-Куликовским эти мысли развиты подробнее, где он называет лирику «как творчество по существу ритмико-эмоциональное», образующее «особый вид творчества, а не разновидность и не форму какого-либо другого. Она психологически и принципиально отлична не только от творчества философского и научного, но и от художественного (образного)» [7]. Лирический образ обладает возможностью не только формировать представление о жизни в ее непосредственном восприятии, но и *выводить душевное переживание из реального пространственно-временного континуума в процессе отображения состояния психики, мыслей, чувств, впечатлений, стремлений*. «Вбирая в себе мир события, – пишет В.А. Грехнев, – лирический образ не претендует на изображение его полноты и объемности, его протяженности в пространстве и во времени» [8]. Лирическим называют то, что преисполнено особо возвышенным настроением, не давая себе ясного отчета о логической связи между субъектом и объектом медитации. В настроении субъективное и объективное сливаются воедино: *читатель невольно отождествляет себя с прочитанным, и чувства, выраженные в строках, как будто «исходят из его груди»*. Лирическое стихотворение создает настроение, когда смысл слов становится менее существенным, чем их звучание, когда исчезают противоречия между внутренним чувством и картиной природы, его вызвавшей, между формой и содержанием, поэтом и читателем.

Считаясь искусством экспрессивного изображения эмоционально-мыслительных представлений, созерцания и раздумий, лирика связана с авторским сознанием реальностью. Лирика обладает интенциональным характером – изображенный в поэзии *внутренний мир человека, движения его души, порывы сознания* всегда тем или иным способом направлены на события и предметы реальной действительности. Поэт не стремится заслонить собою внешний мир, а всегда исходит из него в момент погружения во внутрь своего сознания и подсознания.

Лирическое произведение отличает наличие образа переживания, образа универсального настроения является родовой константой лирического произведения. Основой же лирического образа является наличие идейно-смысловой напряженности между полюсами объекта и субъекта. Граница между лирическим и нелирическим проходит через *эстетически осмысленную изменчивость сферы переживаний и настроений авторского сознания, обладающего высокой степенью интенсивности*.

Важнейшим свойством лирического произведения является способность передавать единичное (чувство, состояние) как всеобщее. Характерные особенности присущие лирике: стихотворная форма, ритм, отсутствие фабулы, небольшой размер [9].

Обобщенное художественное отражение действительности в конкретной форме, картина человеческой жизни (или фрагмент такой картины), созданная при помощи творческой фантазии художника и в свете его эстетического идеала принято считать художественным образом. Художественный образ помогает не только воспроизвести то или иное явление действительности, но и выразить его сущность. Данное понятие двойственно по своей природе: с одной стороны, представляет собою продукт предельно индивидуализированного художественного описания, с другой – обладает функциональностью символа и несет в себе обобщающее начало. Его создание происходит с помощью типизации, обобщения, вымысла (условности). Также он имеет самостоятельное эстетическое значение [10]. Художественный образ – это всегда результат воображения, процесс творческих поисков, экспериментов, сомнений, и, возможных, неудач» [11].

Тема любви занимает значительное место в творчестве Александра Сергеевича Пушкина. Любовную лирику Пушкина можно представить, как один большой роман в стихах, главное место которого занимает душевный мир героя с его чувствами, желаниями, переживаниями. Любовные произведения поэта вне жанра. Содержание полностью владеет над формой. Именно поэтому его лирику трудно отнести к какому-либо жанру – черты элегии, послания, романса могут быть присущи одному стихотворению. В частности, стихотворение о любимой женщине – самое знаменитое произведение поэта "Я помню чудное мгновенье", посвященное Анне Петровне Керн. Поэт в этом произведении предлагает «совершенно новую систему ценностей. Здесь всё строится на уважении к предмету воздыханий. Поэт со свойственной ему житейской мудростью доказывает» право возлюбленной на свой выбор [12].

Стихотворения А.С.Пушкина о любви – это художественное откровение, очистительное по силе нравственного воздействия. В сокровенно-интимной сфере Пушкин остаётся Пушкиным –

воплощение вдохновенной и высокой духовности человеческого общения. Удивительно по своей духовной составляющей стихотворения с поэтической молитвой, обращённые к женщине. Умиление перед неземной красотой женщины рождает то благочестивое настроение и благоговение, которые составляют благодатную любовь. Художественная ткань в стихотворении "Я вас любил: любовь ещё, быть может..." (1829) "держится" на поразительной способности местоимений выразить глубину возвышенно-духовного настроения поэта: Я - Вы (Вас, Вам) – Другой (Другим). Перед нами, по мнению исследователя, не просто благородно уступающий выбору возлюбленной рыцарь поступка. Перед нами смиренный, кроткий, мудрый, благородно возвышенный христианин, уважающий выбор любимой и ее избранника:

*... Я вас любил так искренно, так нежно,  
Как дай вам Бог любимой быть другим.*

Поэт молитвенно благословляет возлюбленную, и в этом ощущается просветлённость стихотворения.

"Мадонна. Сонет" (8 июля, 1830) – стихотворение, посвященное, как приписывают исследователи, Н. Н. Гончаровой. Он дарит ей возвышенно-прекрасные строки:

*... Исполнились мои желания. Творец  
Тебя мне ниспослал, тебя, моя Мадонна...*

Красота, чрезвычайно приближенная к совершенству, как будто не находит себе знакового выражения в слове (движение от "буквы" к "духу"): намеренно подряд идут однокоренные слова. А.С.Пушкин благоговеет перед посланной Богом избранницей, его сонет исполнен молитвенного обращения – благодарения, которое сложно выразить словами [13]. По мнению же Балашовой И.А.[14], данное стихотворение должно быть возведено не только к картине итальянской школы, упомянутой Пушкиным, но оно (стихотворение) восходит и к образу возлюбленной, преобразившей жизнь Данте, поэта итальянского Средневековья, который в преддверии эпохи Возрождения заговорил о содержании и значении личных чувств. Данте именовал свою возлюбленную Мадонной, так была названа Беатриче в его сонетах (3, 13 и 39 главы), канцонах (19 и 23 главы) и балладе (12 глава).

Для русского поэта усвоение значимых реалий (высокое именование любимой, осознание ее чистоты, видение прелести ее облика, использование повторов и повторение превосходной степени прилагательного) естественно при художественном осмыслении воздействия на поэта внешности его невесты, сходного с происходившим в классическом сюжете. Индивидуализирует же новое лирическое повествование и сюжет, и то, что Пушкин использовал характерный для его поэтики прием повтора значимого слова. Так это в стихотворении "Под небом голубым..." ("Из равнодушных уст... И равнодушно...внимал я"), в элегии "На холмах Грузии..." ("печаль...полна тобою. Тобой, одной тобой..."), и то же - в сонете 1830 года: "Чистейшей прелести чистейший образец".

Заметим, что развитие Пушкиным сюжета живописной картины не отменяет, а напротив, подчеркивает обобщающий характер образов стихотворения "Мадонна". Поэт перебирал варианты названий, среди которых – "Картина", но важно, что он неизменно указывал жанр стихотворения ("Мадонна (Сонет)"; "Картина (Сонет)"), и оно имело также название "Сонет". Значимо и то, что наименование "ангел" сменилось у Пушкина-поэта определением высокого содержания под влиянием творения Данте, его возлюбленная, ставшая в апреле 1830 года невестой поэта, предстает в его новом стихотворении "мадонной". Средневековое представление о божественном содержании женской красоты, со значительной поэтической силой выраженные Данте и актуальные для Возрождения, обрели новую полноту художественного звучания в пушкинском творении, повествующем о глубоком личном чувстве[3].

Анализируя стихотворение «К\*\*\*» (сентябрь 5 октября, 1832), исследователи считают адресатом лирического текста Надежду Львовну Соллогуб, петербургскую знакомую Пушкина.

*Нет, нет, не должен я, не смею, не могу  
Волнениям любви безумно предаваться!*

«Рваный» ритм, сбивчивые слова, пять отрицаний в одной строке. Поэт перед красотой женщины приходит в замешательство, становится слабым, бессильным. Божественная красота женщины контрастирует с миром («бледным кругом девиц») и даже с образом самого поэта. Отношение поэта к женщине передается по-прежнему подчеркнуто возвышенными словесными формами («Младое, чистое, небесное созданье», «милой деве»); при этом герой-поэт преодолевает волнение души:

*... Спокойствие мое я строго берегу  
И сердцу не даю пылать и забываться... [14].*

В стихотворении "Заклинание", написанном 17 октября, предстает "возлюбленная тень": в час разлуки она испытывала сильное волнение, сделавшее ее "бледной, холодной, искажённой последней мукой". Она убита злобой людей, по ней тоскует и зовет ее к себе лирический герой. В элегии «Для берегов отчизны дальной...» завершённой 27 ноября, герои соединены «горьким лобзанием», он в «томлении разлуки», героиня же обещает новое свидание. Ее «краса», «страдания исчезли в урне гробовой», но за ней остался обещанный ею «поцелуй свиданья».

Рассмотрим лирическое произведение «Красавица» (май, 1832), внесённое в альбом Елены Михайловны Завадовской (урожденной Влодек), жены знакомого Пушкина графа Завадовского. По свидетельствам современников, она отличалась исключительной красотой, ее называли «первой красавицей». Поэт восхваляет красоту и мудрость женщины:

*Всё в ней гармония, всё диво,  
Всё выше мира и страстей... [13].*

В итоге божественная красота женщины контрастирует с миром ("бледным кругом девиц") и даже с самим поэтом. Нам показана высокая духовность человеческого общения: "...Спокойствие моё я строго берегу/ И сердцу не даю пылать и забываться...".

Поэт созерцает женщину молитвенно, потому что только "набожными очами" "святыня красоты" становится видимой, но красота не может проявляться только внешне, она должна дублироваться и внутренне – сочетаться с добродетелью, совершенной жизнью. Это та, которой можно простить нелюбовь к себе ("Я вас любил..."), которую можно сравнить с иконой ("Мадонна"), с ангелами и небесным миром ("Красавица", "Нет, нет, не должен я ...").

Она "чистое светило", "чистейшей прелести чистейший образец", "святыня красоты", "небесное созданье", которую поэт молитвенно созерцает, благословляет и благодарит Бога за возможность видеть на земле неземное совершенство.

Подводя итоги всему вышесказанному, мы понимаем то, что перу А.С.Пушкина принадлежит много прекрасных лирических произведений о любви, где поэтом созданы образы женщин, пробудивших в душе, во внутреннем мире поэта разные чувства.

Рассматривая стихотворения: "Я помню чудное мгновенье", "Я вас любил: любовь ещё, быть может...", "К\*\*\*", "Заклинание", "Для берегов отчизны дальной...", "Мадонна", "Красавица", мы понимаем то, что, все эти произведения объединяет одно: восхищение автора женщиной.

Женские персонажи в произведениях поэта предстают перед нами прекрасными, возвышенными, нежными, ангелоподобными созданиями, которые, однако, имеют недюжинную силу воли и "стальной" стержень.

## Литература

1. Смирнов А.А. Романтическая лирика А.С.Пушкина как художественная система / Автореферат доктора фил.наук. – М., 2004. – URL: <http://www.dslib.net/russkaja-literatura/romanticheskaja-lirika-a-s-pushkina-kak-hudozhestvennaja-sistema.html>
2. Балашова И.А. О любовной лирике А.С.Пушкина в второй половине 1830 года / С.50-53 Уральский Федеральный университет. –URL: [https://www.google.com/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=&cad=rja&uact=8&ved=2ahUKEwjkprGfcmBAxXSJhAIHbsNAWAQFnoECA8QAQ&url=https%3A%2F%2Felar.urfu.ru%2Fbitstream%2F10995%2F20381%2F1%2Fdc2-201108.pdf&usq=AOvVaw1B9Sj59GmR6mq\\_a2TOuQod&opi=89978449](https://www.google.com/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=&cad=rja&uact=8&ved=2ahUKEwjkprGfcmBAxXSJhAIHbsNAWAQFnoECA8QAQ&url=https%3A%2F%2Felar.urfu.ru%2Fbitstream%2F10995%2F20381%2F1%2Fdc2-201108.pdf&usq=AOvVaw1B9Sj59GmR6mq_a2TOuQod&opi=89978449)
3. Кучина Е. А. "Благоговей Богомольно/ Перед святыней красоты": тема любви и образ возлюбленной в молитвенной лирике и в поэме в стихах "Евгений Онегин" А. С. Пушкина.2011. – 117 - 119 с. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/blagogoveya-bogomolno-pered-svyatyney-krasoty-tema-lyubvi-i-obraz-vozlyublennoy-v-molitvennoy-lirike-i-v-poeme-v-stihah-evgeniy-onegin-a-s/viewer>
4. Кулешов В.И. Литературные связи России и Западной Европы в XIX веке: Первая половина. – М., 1977. – 350 с.
5. Городецкий Б.П. Лирика Пушкина. – Л., 1970. – 182 с.
6. Овсянко-Куликовский Д.Н. Теория поэзии и прозы. – Пг., 1917. – С. 179.
7. Овсянко-Куликовский Д.Н. Собр.соч.: В 7 т. – СПб., 1914. – Т. 6. – С.179.
8. Грехнев В.А. Лирика Пушкина: о поэтике жанров. – Горький, 1985. – 239 с.
9. Шадеко В. П. Размышления о специфике художественного образа, 2016. – 42 – 43 с. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razmyshleniya-o-spetsifike-hudozhestvennogo-obraza/viewer>
10. Словарь литературоведческих терминов. 2012. – URL: <https://slovar.cc/lit/term/2145243.html>
11. Бахрамов А. И. «Художественное восприятие и образ». 2021. – 77 с.– URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/hudozhestvennoe-voSPIriatie-i-obraz/viewer>

12. Ильиных Д. Г. Тема любви в лирике А. С. Пушкина. 2021. – 34 с. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/tema-lyubvi-v-lirike-a-s-pushkina/viewer>

13. Кучина Е. А. «МОЛИТВА И "ДУХОВНАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ" ОБРАЗА ВОЗЛЮБЛЕННОЙ В ЛИРИКЕ А. С. ПУШКИНА». 2013. - 59 с. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/molitva-i-duhovnaya-sostavlyayuschaya-obraza-vozlyublennoy-v-lirike-a-s-pushkina/viewer>

14. Балашова И. А. Особенности выражения чувства любви в лирике А. С. Пушкина Второй Половины 1830 года». –URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-vyrazheniya-chuvstva-lyubvi-v-lirike-a-s-pushkina-vtoroy-poloviny-1830-goda/viewer>

ӘОЖ 378

## USING INTERACTIVE TECHNOLOGIES TO DEVELOP FOREIGN LANGUAGE COMMUNICATIVE COMPETENCE OF STUDENTS IN SECONDARY SCHOOLS

M.A.KDIRSHAYEV,  
A. D. BALTABAYEVA

*fourth-year students of the specialty "Foreign language: two foreign languages" M.Utemisov West Kazakhstan University*

### **Introduction:**

Kazakhstan is now a country where many languages and cultures get along. And at the moment, the country needs to learn foreign languages, especially English. Many schools in Kazakhstan use the traditional method of teaching foreign languages. But still, we must admit that the traditional methodology has its limitations in the developing the communicative competence of students. That is why, instead of the using traditional methodology, the topic suggests to mix it with interactive technologies, and this topic has been discussing, because they are increasingly receiving attention among teachers, as it is a good means to improve students' communicative competence.

The purpose of this project is to explore and use interactive technology to develop the communicative competence of secondary school students. The project itself will explore the advantages and obstacles of using interactive technology.

### **Goals:**

1. To study the use of interactive technologies in the development of the communicative competence of secondary school students.
2. Learn the advantages and obstacles in using interactive technology.

### **Objectives:**

1. To find out how secondary school students will accept the use of interactive technology in learning foreign languages.
2. To make a comparison of traditional methods and teaching methods with interactive technologies for learning languages.
3. Creating a unique project for learning foreign languages and developing communicative competence among secondary school students.

### **Novelty:**

The novelty of our project is the creation of an online platform for learning foreign languages of secondary school students using interactive technologies, such as online games, virtual partners for communication, multimedia presentations, video conferences in which students will be able to gain additional knowledge to their current ones, which is the development of communicative competence, etc.

Another novelty of the project, which is a good combination with the first novelty, is artificial intelligence for an online platform that will work twenty-four seven in an active mode and analyze the situation in language learning in the country and in the world. We decided that the best solution to bring fresh novelty to this project is to make an online platform with our own artificial intelligence for learning foreign languages and developing students' communicative competence. Students will learn languages on the platform using interactive technologies, together with an AI that will analyze all students and generate exercises suitable for them or, with the student's command, provide all the necessary materials for himself.

As you have already understood, an online platform with AI will have many useful features, such as the selection of topics and exercises that would be necessary for students by completing tasks, additional knowledge in the same field, talk with virtual people. Also, students will be able to change the platform at

their wish, choosing only what they want to study. This cater to their own style of language learning. Using this platform, students will be able to develop their communicative competence.

We sincerely believe that this novelty is ideal for all people who want to learn foreign languages, no matter at what level of language they are, and this project can become one of the most effective ways in learning foreign languages, as well as developing the communicative competence of secondary school students and not only.

#### **Literature review:**

The literary review will be predominantly about the use of innovative technologies and methods, as well as the contributions of scientists to study foreign languages.

Now many educational institutions work with a modulated curriculum, and it is a very essential part of the lesson. The main topic is not just teaching the languages of students, but at the same time giving students to be independent, to develop their cognitive thinking. One of the widespread methods of teaching foreign languages is video. Since, according to surveys and research, Canning-Wilson shows that most students like to acquire languages using videos. Video training has proven to be an effective method in teaching foreign languages to both young and adult students, say scientists Aigul Sadenova, Farida Orazakynkyzy, Saule Anuar, Raushan Yesbulatova (2017).

According to A.P. Gilakjani (2017), the use of modern technology significantly helps students to be interested and learn based on their interests. Technologies satisfy such sensors, both visual and aural, to the reception of students (Shyamlee, Phil, 2012). M.Chirwa (2018) explained that a lot of lessons in all points of the earth showed that if you use multimedia technology correctly, you can get a lot of good benefits from it.

Such scientists as S.S. Kunanbayeva (2000), D. Nurmukhanova, Zh. Sagyndykova, I. Lyche, Ya. Pavulens (2014) contributed serious attention to the introduction of modern technologies for teaching students. As a result, they have made a good contribution to the teaching of foreign languages in our country.

#### **Methodology:**

This project will use a mixed methodology. It will include surveys and focus groups to analyze the use of interactive technologies for language learning and the development of communicative competence in secondary school students. We thought about the experiment for a long time and decided to achieve more desirable results, we can take 100 secondary school students from different schools in Kazakhstan. All students who are learning English as a foreign language. We decided to divide the students into 2 different groups: Alpha and Beta groups. The difference between Alpha and Beta is that the Alpha group will learn foreign languages using interactive technologies together with a trial version of artificial intelligence, and the beta group will learn the language in the traditional way. We will do a survey before the experiment starts and after.

After all the data is collected through surveys, they will consider how students rated the use of such techniques and their impressions, and the focus group will collect data on the benefits and challenges in using interactive technology.

#### **Expected results:**

1. Spot the advantages and disadvantages in the use of interactive technologies.
2. Find out the opinions of secondary school students about interactive technology.

#### **Conclusion:**

The purpose of this project is to study and share interactive technologies in secondary schools for the development of students' communicative competence. Make a survey of students and find out their attitudes to the use of interactive technologies and the advantages and obstacles of these technologies. Creating an online platform with its own artificial intelligence for learning languages and developing the communicative competence of secondary school students, where they would be able to learn everything necessary for learning languages in a pleasant environment with a perfectly matched design and preferences.

We strongly believe that through the use of interactive technologies in teaching foreign languages to secondary school students will help develop their communicative competence to another high level.

#### **References**

1. Aigul Sadenova, Farida Orazankyzy, Saule Anuar, Raushan Yesbulatova (2017). Using innovative technologies in project method of teaching foreign language. *Revista Espacios, Education*, Vol.38 (№25), 1
2. Gilakjani A.P. (2017). A Review of the Literature on the Integration of Technology into the Learning and Teaching of English Language Skills. *International Journal of English Linguistics*, 7(5), 95-106

3. Shyamlee S.D., Phil M. (2012). Use of technology in English language teaching and learning: An analysis. In International Conference on Language, Medias and Culture IPEDR, 33. Singapore: IACSIT Press, 150-156.
4. Chirwa M. (2018). Access and use of internet in teaching and learning at two selected teachers' colleges in Tanzania. International Journal of Education and Development using Information and Communication Technology (IJEDICT), 14(2), 4-16.
5. Kunanbayeva S.S. (2000). Methodical preparation of students in the conditions of informatisation of the theory and methods of foreign language teaching. Almaty: World Scientific Publishing
6. Nurmukhanova D., Sagyndykova Zh., Lice I., PāvulēnsJ. (2014). Competency – based approach to teaching foreign languages in Kazakhstan. In V. Dislere (Ed.), The Proceedings of the International Scientific Conference Rural Environment. Education. Personality (REEP), 7. Jelgava: LLU, 116-122.



## ҚАЗАҚ МЕКТЕБІНДЕГІ ШЕШЕНДІКТАНУ: ТЕОРИЯСЫ, ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

### II-секция

---

ӘОЖ 372.4

#### БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕСІН АТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Р.О. Хамза,**

*Батыс Қазақстан облысы Дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Білім-инновация» мектеп-лицей-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары*

Ü Мақалада дарынды балалармен мемлекеттік және жергілікті деңгейде жұмыс істеу мәселелері, оқушылардың білім деңгейін арттыру мақсатындағы тиімді жұмыс тәжірибесі, оқушылардың қабілеттері мен жеке қасиеттерін арттыру бағытындағы мақсатты жұмыстар баяндалады. Нәтижеге негізделген дарынды балалармен жұмыс түрлері көрсетіліп, мұғалімнің дарынды балалармен жұмысының маңыздылығы, білім берудің заманауи өзгерістер жағдайында оқыту ерекшеліктері талданған.

Ü В статье излагается об уделении большого внимания работе с одаренными детьми на государственном и местном уровне, эффективном опыте работы в целях повышения уровня образования учащихся, целенаправленной работе по повышению способностей и личных качеств учащихся. Показана проводимая работа, нацеленная на результат, в том числе о видах работы с одаренными детьми. А также о значимости работы учителя с одаренными детьми, особенности преподавания в условиях современного образования.

Ü The article highlights is given information about concerning of local enterprises on the labour on gifted children on state level, and based on this the appropriate work experiences on the way of increasing students` knowledge level, and also works on developing personal inclinations and abilities of gifted children are reported. The varieties of working with gifted children and generally the activities needed to be performed on the way of Results-Based Education.

The importance of teachers` work with gifted children and the features of education in the provision on today`s knowledge renewal is given.

**Тірек сөздер:** Дарынды балалармен жұмыс, мектепшілік бақылау, пән олимпиадасы, ғылыми жоба, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, кері байланыс, нәтижеге бағытталған білім беру.

XXI ғасыр – бәсеке ғасыры. Бұл – ауылшаруашылығы мен ұлттық экономикадағы, өндірістің түрлі салалары мен IT технологиядағы бәсекелестік болуымен бірге білім мен ғылымның, өнердің бәсекедегі бәсі биік тұрған кезең. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесін заманға сай жетілдіру мақсатында қарқынды өзгерістер енгізілуде. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – ұлттық құндылықты бойына сіңірген, ұлттық өнімдерімізді әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың белсенділігін арттыру, ізденімпаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін дарын иесін тәрбиелеу керек.

Елімізде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ интеллектуалдық ұлт қалыптастыруда адами капиталды дамыту бірінші кезекке қойылды, өйткені Қазақстанның өркениетгі елдер қатарында болуы үшін елімізге күш-қуаты, қажыр-қайраты мол, сыни ойлы, дарынды жастар керек болды. Күні бүгінде елімізде көптеген дарынды балаларға арналған мектептерде әлемдік деңгейдегі бәсекелестікке сай білім беруге қол жеткізді. Соның негізінде білімді жастарымыз елімізде және әлемдік деңгейдегі бәсекелестікте елімізді танытып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда. Білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер өз кезегінде болашақ интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың кепілі болмақ. Сондықтан да аталмыш білім беру ұйымдарының жұмысын үнемі жетілдіру, ізденіспен жұмыс жасап, заманауи жаңалықтар мен жаңа

технологияларды қолданудың маңызы зор. Еліміздегі және әлемдік жүйедегі іс-тәжірибелерге салыстырулар, талдау мен сараптау жүргізіп, тиімді тұстары мен озық үлгілерін өз іс-тәжірибелерімізде қолданысқа алуымыз жақсы нәтижелер беруде [1;2].

Қазіргі жалпы білім беру жүйесіндегі қарқынды өзгерістер кезеңінде менеджмент жүйесіндегі педагогикалық мониторингті жетілдіріп, білімді бақылау мен бағалаудың ұлттық бірыңғай жүйесін қалыптастыра отырып, білім сапасын көтеру күн тәртібіне қойылып отыр. Өйткені мектеп тәжірибесінен көріп отырғанымыздай, әрбір оқушының күнделікті білімді тұрақты, жүйелі, терең меңгеруін қамтамасыз ету – бүгінгі мектептің алдында тұрған ең күрделі де маңызды мәселе. Осы орайда дарынды балалар мектебінде педагогикалық мониторинг жұмыстарын жүйелі жүргізуге қолайлы мүмкіндіктер бар.

Білім сапасын айқындау және ілгерілету бағытында мектепте жүргізілетін маңызды жұмыстардың бірі – *бақылау*. Оқыту үрдісін тұрақты, жүйелі бақылап отыру арқылы оқушылар білімінің сапалық деңгейін айқындап, кемшіліктерін көріп қана қоймай, оның себебін түсінуге, жоюдың жолдарын анықтап, жүзеге асыруға да қолайлы жағдай жасайды [1]. Барлық мектептердегідей мектепішілік бақылау жұмыстарымен бірге біздің мектебімізде оқушыларымыздың білімін үздіксіз, жүйелі бақылау әр оқу тоқсанында жүргізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ), тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) жұмыстарымен бірдей деңгейде жүретін білім тексеру сынағы (БТС) арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі білім мазмұнының игерілуін бағалауда қолданылып жүрген *критериалды бағалау жүйесі* бойынша алатын болсақ, БТС-те де тоқсан ішіндегі оқушылар біліміне бағалау жүргізіледі. Бақылау оқушылардың өтілген тақырыптар бойынша білім деңгейін айқындаумен бірге білімінің олқы тұстарын анықтауға және қосымша жұмыстануға мүмкіндік береді. Бұндай жұмыстар оқушының алған білімін толықтырумен бірге бекіту де болып табылады.

Білімді бақылаудың бұндай жүйесін жүзеге асыру кезінде оқушылардың білімді меңгеруі мен мұғалімдердің білім беру үдерісінің деңгейін тоқсандық, жылдық сырттай тәуелсіз бақылау жүзеге асырылады және бақылаудың нәтижесін үнемі зерттеп, зерделеп тиімді жағын жетілдіріп, кемшіліктерді болдырмау бағытында үздіксіз жұмыстану әр оқушының бағдарламалық материалды үздіксіз, тұрақты, сапалы меңгеруін қамтамасыз етеді.

Оқушылардың жеке дара шығармашылық талаптарын қанағаттандыруда бейімі мен қызығушылығы негізінде жүргізілетін маңызды жұмыстың бірі – *пәндік олимпиада мен ғылыми жобалар бойынша жұмыс*. Бұл жұмыс оқушының нақты бір ғылым саласымен кеңірек шұғылдануына және осы бағытта мейілінше мол деректер мен мәліметтер қорын жинауына мүмкіндік береді. Оқушының пәнге, ғылым саласына қызығушылығын одан әрі арттырып, ендігі жерде белгілі бір мақсаттарға жету жолында жұмыстануға жетелейді және соның негізінде оқушылардың оқу үдерісінен тыс түрлі жарыстарға, конкурстарға, олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, конференцияларға тұрақты қатысуын қамтамасыз етеді.

Бұндай жұмыстар 7-сыныптан басталады және оқушылардың белгілі пәнге бейімі мен қызығушылығын, қабілетін айқындау мақсатында олардан логикалық емтихандар, сауалнамалар алынып, әңгімелесулер мен арнайы жұмыстар жүргізіледі. Оқушы өзінің қызығушылығын тудырған пәндерге сұраныс жасайды. Пән мұғалімдері де оқушылармен тығыз қарым-қатынаста жұмыстанып, олардың бойындағы ерекшеліктерді, бейімділікті анықтауға күш салады. Нәтижесінде баланың пәнге деген қабілеті айқындалып, оқушылар пәндер бойынша іріктеледі. Оқу жылы барысында сол оқушылармен күн сайын сабақтан кейін дайындық жұмыстары жүргізіледі, ғылыми жоба жұмыстарына әзірленеді.

Оқу жылы барысында оқушылардың оқытылу деңгейі бақыланып, олардың білімге ұмтылысы мен шығармашылығын шыңдауға мүмкіндіктер туғызу мақсатында іс-шаралар өткізіледі. Осы орайда оқушыларды негізгі білім көрсеткіштерін байқататын облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарына қатыстыру жолға қойылады.

Олимпиадаға дайындық, ғылыми жоба бойынша жұмыс жыл бойы үздіксіз жүріп отырғанда ғана нәтижесін береді. Сол себепті ондай оқушылармен барлық оқу кезеңінде және каникул уақыттарында да дайындықты жыл бойы жүйелі жүргізіп отырған тиімді. Дайындық кезінде оқушылар таңдаған пәндері бойынша топтарға бөлінеді және сол әр түрлі жастағылардан құралған топтардағы 7-11 сынып оқушылары бірге дайындық жүргізеді. Оқушылар мұғалімнің нұсқауларын, кеңестерін алумен бірге өзара бірлесіп жұмыс жасайды, бір-біріне түсіндіру, көмектесу, ойларын өз араларында дәлелдеу арқылы білімдерін толықтырады, басқалардың тәжірибесінен үйренеді және белгілі деңгейде тәжірибе жинайды.

Дарынды оқушылармен жұмыста ескеретін мәселенің бірі – *пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар, түрлі байқаулар мен білім жарыстары оқушының көп уақытын алатын дайындықты*



қажет ететіндігі. Оқушы күнделікті сабақтарымен бірге қосымша жұмыстанып, ізденіп білім сайыстарына дайындалуына тура келеді. Сондықтан оқушының олимпиадалар мен байқауларға, сайыстарға қатысуы, іссапарларда болуы олардың оқуына кері әсер етпейтіндей, кейбір пәндерден білім деңгейінің төмендеу жағдайлары орын алмайтындай етіп жұмысты ұйымдастыру қажет. Мұғалімдердің оқушылармен қосымша жұмыстар ұйымдастырып, сабақта арнайы тапсырмалар беріп, оқушының қалып кеткен тақырыптарды жедел меңгеруі үшін жағдай жасауының маңызы зор. Бұл жерде оқушының олимпиадаға дайындығына жетекшілік ететін мұғаліммен бірге өзге пән мұғалімдері де дарынды оқушылармен жүргізетін жұмыс әдістерін түрлендіріп, қосымша жұмыстануы керек. Сонымен бірге мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастықпен бірлескен жұмыстың нәтижесі жоғары болады.

*«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады»* деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, дарынды оқушымен жұмыс жасайтын мұғалім заман талабына сай өз білімін үнемі жетілдіре отырып, үздіксіз де қарқынды ізденіспен жұмыстар жүргізеді. Олар:

- Дарынды оқушыны дамыту, жетілдіру мәселесіне ерекше көңіл бөле отырып, жұмыс мақсатын анықтайды, тиімді әдістерді таба отырып жұмыс жасайды.

- Дарынды оқушымен жұмысқа арнап жасалған қосымша тереңдетілген бағдарламалар негізінде шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар береді және ондай оқушылардың өздігінен жұмыс істеуіне, шығармашылық ізденісіне бағыттап қажетті кеңестер береді.

- Ғылыми жобаға таңдап алынған тақырып және берілген тапсырмалар бойынша оқушының жұмыс жасау барысын үнемі қадағалап, бақылау жүргізіледі, қажетті ұсыныстар беріледі [3].

- Оқушының ата-анасымен үнемі ынтымақтастық байланыста болуы, ой бөлісіп, пікіралмасу секілді жұмыстар да жасалады.

Қазіргідей өзгерістер мен жаңалықтардың мол кезеңінде әр мұғалім интеллектуалды дарынды оқушылардың әлеуетін мейлінше ашу үшін мүмкіндік беретін оқыту үрдісін ұйымдастырудың тиімді әдістерін, тәсілдерін, технологияларын шебер қолданумен бірге білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға бағытталған пайдалы кері байланыстар бере отырып жұмыстана білуі керек. Демек, мұғалімнің кәсіби деңгейінің өсуімен педагогикалық ұжымның шығармашылық жұмыстарының негізінде жоғары нәтижелерге бағытталған білім сапасы артады және дарынды балалардың өзіндік жеке дара дамуына мүмкіндіктер беретін қолайлы жағдайлар жасалады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Даулетов Н. Дарынды жастарға элитарлық білім. *Ғылыми-әдістемелік еңбек*. Орал, «Полиграфсервис» ЖШС баспасы. 2020. – 92 бет
2. Бектібаева З. Дарындылықты дамытудың теориялық негіздері.//«Қазақстан мектебі» журналы, № 6, 2009. – 71-б.
3. Ерматов Ш.Р. Дарынды балаларға арналған мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту туралы.//«Білім-образование» журналы, №5, 2009 ж.

**ӘОЖ 82:316.3**

### **МАХАМБЕТ БАБА МІНЕЗДІ РИТОР-ПЕДАГОГ ТҮЛҒАСЫ**

**А.С.Қыдыршаев,**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі*

**А.А.Ақболов,**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры,  
философия докторы (PhD)*

**Г.Г.Тұрғанәлиева,**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Тіл мен әдебиет мұғалімдерін дайындау  
білім беру бағдарламасының жетекшісі, магистр*

Махамбет Өтемісұлы – Ұлттың ұлы ұстазы. Махамбет ақын – аз сөйлеп, көп тыңдайтын қас асылдың баласы. Махамбет – арада тұрып сөйлемейтін қас жақсының баласы. Махамбет – аз ұйықтап, көп жортатын азамат ердің баласы. Қысқасы, Махамбет – ұлт намысы. Махамбет – өр рухтың байрағы, ерлердің намыс қайрағы. Демек, тәуелсіз еліміздің ұлт ұстазы Махамбет баба қасиеті қонған мінезді болуы тиіс.

Ал еліміз егемендік алғалы қоғамдық жүйелердің барлығын ұлттық құндылықтармен толықтырып, жаңартып жатқан тұста білім беру саласындағы өзгертулер мен жаңартулар халықтық болмыс пен ұлттық құндылықтарға ойысуда. Бұндағы негізгі мақсат - болашақ ұрпақты халықтық дәстүрмен тәрбиелеу, ұлттық қасиеттерді бойына сіңіре отырып, олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Халқымыздың өткір тілімен айтылған салмақты да терең ойлы, ділмар данышпандықпен айтылған үкім сөзіне қаулы-қарарсыз-ақ тоқтап, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» болып, шешілмеген дау, алынбаған жау қалмаған. «Ханның тағынан шешеннің бағы артық» деп, «Ерді екінің бірі туады, шешенді мыңның бірі туады» деп шешендік өнерді тақтан да артық бақ санап, жоғары бағалаған. Демек, қай халықта болсын тәрбиенің негізгі бастау бұлағы - халықтық педагогика, сол халықтық педагогиканың басты құралы сөз өнері екені мәлім. Сондықтан өз ұрпағының болашағын ойлаған шешен тәрбиешілер жастарды ең әуелі сөз өнеріне, яғни, шешендікке, сөз сөйлеу мәдениетіне, өз ойын тиянақты жеткізе білуге баулуы тиіс.

Адам өмірінің мәні - білім мен тәрбие десек, оны шәкірт бойына сіңіретін күдірет иесі - ұстаз. «Мұғалім - мектептің жүрегі» деу тегін емес. Тынымсыз соққан жүректей үздіксіз ізденіс пен ерен еңбек айтуір бір нәтижеге жеткізеді. Педагогика ілімі өз дамуында мұғалімнің жеке басы мен оның еңбегін зерттеуге үзбестен көңіл аударуда. Я.Коменский алғашқылардың бірі ретінде ұстаз қызметін мәртебелі статуска көтерді. К.Ушинский мұғалімнің жеке басы жанып тұрған күн нұры, тәрбиешінің жеке басы күллі тәрбие ісі деген.

Ұстаздық мамандық өзге мамандық атаулының бәрінен өзгеше. Оның іс-әрекетінің бәрі ұрпақ тәрбиесіне, оны жеке адам тұрғысында қалыптастыруға арналады. Жас ұрпақ бойына жағымды мінез-құлық сіңіріп, оны жақсы мен жаманның ара жігін ажырата алатындай ету, қоғамның көркеюіне белсенді қатысушы дәрежесіне жеткізу – мұғалім парызы. Демек, болашақ ұрпақ бойынан табылатын қасиеттің бәрі мұғалімнің бойында болуы шарт.

Мұғалім - ең алдымен, жоғары дәрежедегі тұрақты модальділік және психологиялық-педагогикалық даярлықты қажет ететін сала иесі. Нағыз мамандық иесі – оқушылардың ойы мен жүрегіне жол тапқан, педагогикалық шеберліктің қыр-сырын меңгерген ұстаз. Бұл қасиет оның жеке басының ерекшеліктерінен көрінеді (*білім дәрежесі; озық әдістемені меңгеруі; мақсат бағыттылығы; ғылыми тілмен сөйлеу мәдениеттілігі*).

Шешендік біліктіліктен, білімнен, терең түйсікті сезімнен, ұшқыр қиялдан, зерделіктен тұрады. Болашақ мұғалімдерге шешендік өнерді меңгертуде Аристотель, Цицерон, Әл-Фараби сынды ойшылдардың еңбектері, қазақтың ұлттық ойлауы мен сөйлеу ерекшеліктері ерекше маңызға ие. Ендеше, бала тәрбиелеуде шешендік өнердің алатын орны аса жоғары.

М.Т.Цицерон: «Шешеннің қуаты тыңдаушының көңілін бүтіндей аударып, өзіне бағындыра білуінде. Сонымен бірге шешен екі негізгі қасиетті меңгеруі тиіс, *біріншісі* – нақты дәлелдердің көмегімен тыңдаушысын иландыра білу, *екіншісі* – тыңдаушылардың жүрегін айбынды да пәрменді сөзбен жігерлендіре білген әлдеқайда маңыздырақ» деген. Римдік дүлдүл ритор шешендік сөздегі ең басты қағидат тұрғысында шешеннің білімділігі мен жалпы мәдениетін алады. Күллі әлемге танымал Цицеронның өзін де табысқа жеткізген осы қасиеттер еді. Шынтуайтында да білімділік пен көп мағлұматтылық шешенді сәтті әрекеттерге жетелейді. Шешеннің өнегелі де, жағымды көзқарасы - шешендік өнердегі ең басты адам тағдырына қатысты дұрыс шешім қабылдауға көмектесер өте қажет қасиет. Білімдарлық пен жан-жақты хабардарлық, мықты логика, сондай-ақ шешендік әрекеттегі тәжірбие, дауыс күшін игеру қабілеті – сөз өтімділігінің негізі. М.Т.Цицерон: «Шешенде диалектиктің тапқырлығы, философтың ойы, ақынның тілі, заңгердің жады, трагиктің даусы болуы тиіс. Шынайы шешен халық өмірі мен әдет-ғұрып, салт-сана дәстүрлеріне мейілінше жетік болуы керек» деп түйіндеген.

Ғаламдану жағдайында ұлттық мүдде мен көзқарас жойылып кету қаупі де жоқ емес. Қазіргі ақпараттық тасқын әлсізді шайып, жағаға ысырып тастауға бейім. Халықтық педагогика тізгінінен айырылсақ, ұлттық қаймағымыз да бұзылады, рухани дүниеміз ойсырайды, қиялымыз «тобырлық мәдениет» қамауына түседі, тіліміз шұбарланады, діліміз азады, адамымыз тозады. Біздіңше, қазіргі таңда барлық салада да шешендіктану ілімінен хабардар болудың қажеттілігінің, аса өзектілігінің де себебі осында. Себебі, шешен – азамат, интеллект. Шешен - жазу-сызу өнерінің, дұрыс сөйлей білу дағдысының кәсіби маманы. Шешен - адамзат мәдениетін, әдеп әлемін бойына жинақтаған тұлға.

Шешендіктану ғылымы қамтымайтын тақырып кем де кем. Түйткілді көсіле сөйлеу сөз арқылы шешіледі. Соған орай шешен сөйлеуші адамның жауапкершілігі де күшейеді. Жаңа заманда осы сауалға сұраныс туған жағдайда шешендіктану пәні мұғалімі жан-жақты даяр болуы шарт. Сала маманына тән қасиет - өз түйінін дәлелдеп, айтқанын өткізетін, ойын батыл қорғай алатын қайсар мінезді, ұлтына шексіз сүйіспеншіліктің иесі болуы.

*Бүгінгі ритор-мұғалім қандай болуы керек?* Тәжірибеге сүйінсек, шешен бойында қалыптасуы тиіс жеке бас қасиеттеріне шешендік этиканы, ұстаздық шеберлікті, шешендік эрудицияны, сөйлеу мәдениеті мен шешендік импровизацияны жатқызуға болады. *Шешендік этика.* Этика - теориялық жағынан заң-ережелерден тұратын ғылым. Объектісі - мораль, адамгершілік, ізгілік. «Этика» - термині салт-дәстүр, жөн-жоралғы, үрдіс мағынасын беретін грек сөзі. Яғни, ұлттық-халықтық салт-дәстүрлер ережесі. «Этикет» - тәртіп мағынасын беретін француз сөзі. Этика, этикет, этикетка, эстетика, тактика мағыналары өзара жақын сөздер. Жиынтығы - әдеп әлемі. Шешендік этика - қызмет-бабы барысында мұғалім ұстанатын заң, ереже, шарт, тәртіп хәм мінез. *Шешендік шеберлік.* Шеберлік - тәрбиелеу мен оқытудың жоғары және ұдайы жетілдіру өнері. Шеберліктің негізіне мұғалімнің жеке мәдениеті, білімі мен ой-өрісінің педагогикалық техникамен, сондай-ақ алдыңғы озық тәжірибемен ұштасып, қорытылуы алынған. Шеберлікті меңгеру үшін көп нәрсені білу, істей алу қажет. Мұғалімнің шеберлігі, әсіресе, сабақтарда үйрете білуден байқалады. Шеберліктің маңызды көрсеткіші - оқушылардың белсенділігін арттыра алуы, олардың қабілеттерін, өз бетімен жұмыс істеуін, білуге құмарлығын дамытуы, оқушыларды сабақта ойлануға мәжбүр ете білуі. Оқыту процесінде тәрбие жұмысын тиімді жүргізе білу, оқушыда жоғары адамгершілікті, патриотизм сезімін, еңбексүйгіштігін, дербестікті қалыптастыру білігі – шешендік шеберліктің басты элементтерінің бірі. *Шешендік эрудиция* - риторика саласындағы мәселелерді шешуде шешен- мұғалімге көмек болар оның жетік, жан-жақты білігі. *Сөйлеу мәдениеті.* Шешеннің басты қызметі - сөйлеу. Бейнелеп әсем сөйлей білу - жоғары мәдениеттіліктің белгісі. Шешендік өнер - адамзат өркениеті тудырған рухани-мәдени құндылықтардың бірегейі. Оның өсіп өркендеуіне халықтық демократиялық дәстүрлер негіз болады. Ол әрбір ұлттың тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық өмірінде қоғамдық қажеттіліктен туады. Шешендік өнер мен оның тарихы - адамзат мәдениеті тарихының сабақтас бір бөлігі. Сондай-ақ, шешендік өнер табиғатын танып білу, оның қағидаларын меңгеру жоғары сыныпта берілетін сабақтарда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы ғана жүзеге асып, оқушылардың сөйлеу мәдениетін игеруіне жағдай жасалады. Қазақта «шешеннің сөзі мерген, шебердің көзі мерген» мақалы бар. Осыдан сөз күшінің ерекшелігін аңғарамыз. Сөз мәнерін, техникасын меңгеру, ақиқатты тану қабілетін қалыптастыру көп ізденісті керек етеді. Оқу шеберлігіне баулу және дағдыландыру - жүйелі сөйлеуге тәрбиелеу үрдісінің үйлесімділігі нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. *Шешендік импровизация.* Кез-келген сабақтың қызықты өтуінің ешқандай да дайын рецепті болуы мүмкін емес, тіпті керемет жазылып, жоспарланған сабақтың өзі оның жақсы өтуіне кепілдік бермейді. Демек, сабақ барысының қызықты өтуі ритор-мұғалімнің бойындағы асқан шеберлікті, яғни, импровизацияны қажет етеді.

*Шешендіктану пәні мұғалімі* – бірегей әмбебап тұлға. Ол - оқушылар мен үлкендер әлемінің арасындағы сарапшы. Ол баланың психикалық құпияларын жетік біле отырып, білім береді, оны адам болуға үйретеді, өмірге бейімдейді. «Мұғалімі қандай болса, қоғамы да сондай» заңдылығы ерте кезеңдерден-ақ белгілі. Адамзат өркениеттің дамуы тарихында жақсы мектебі мен мұғалімдері бар мемлекеттер ғана алға озған. Мұғалімнің рөлін төмендету қашан да болмасын мемлекетті аздырып, әдеп-ғұрыптарды нашарлататын қынжыларлық жағдайлармен аяқталып отырған...

Теориялық талдауларға сүйенсек, ритор-мұғалімге тән бірқатар негізгі талаптар бары мәлім. Алғашқысы – *педагогикалық қабілеттіліктің болуы* оқушылармен жұмыс жүргізуге бейімділіктен; балаларға сүйіспеншіліктен; қарым-қатынас жасау мәдениетінен көрінетін тұлғалық сапа. Көбіне педагогикалық қабілеттер сөз сөйлеу мәдениетін, оқушыларды ұйымдастыру және тағы басқа нақты әрекеттерді орындай білуімен сипатталады. Мәселен, В.А.Сластениннің пікіріне жүгінсек, шешен-мұғалімнің төмендегідей қырларын атар едік: 1. *Ұйымдастырушылық.* Мұғалімнің оқушыларды топтастыра алуы, оларды іске араластыру міндеттерін бөліп беру, жұмысты жоспарлау, атқарылған істің қорытындысын шығару біліктерінен байқалады. 2. *Дидактикалық.* Оқу материалын, көрнекілік құрал-жабдықтарды іріктеу, дайындау; оқу материалын ұғынықты, жеткізу анық рухани қажеттіліктердің дамуын ынталандыру, оқу-танымдылық белсенділігін арттыру; 3. *Рецептивтік.* Оқушылардың рухани әлеміне ене алу, олардың эмоцияналдық көңіл-күйін объективті бағалау, психикалық ерекшеліктерін анықтау біліктерінен көрініс береді; 4. *Коммуникативтік.* Мұғалімнің оқушылармен, ата-аналармен, әріптестерімен, оқу орнының жетекшілерімен педагогикалық мақсатқа сәйкес қарым- қатынас орната алу білігінен байқалады; 5. *Зерттеушілік.* Педагогикалық ситуациялар мен процестерді танып білу және объективті бағалау білігінен көрініс береді; 6. *Ғылыми-танымдық.* Мұғалімнің педагогика, психология, әдістеме салаларындағы жаңа ғылыми білімдерді меңгеруге қабілеттілігіне саяды.

Шешендіктану - жан дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгел жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі адамды өз ырқына жетелеп алатын қасиетті ілім. Демек, бүгінгі қоғам талабына сай ритор- мұғалімдер, *біріншіден*, өз сөзін дәл, нақты, қисынды да дәлелді етіп құра алатын, әрі оқушылармен шығармашылық әріптестік негізінде ұдайы пікірталас

ұйымдастыру арқылы сабақты қызықты көрініске айналдырып, берілетін мағұлмат көлемін әлдеқайда көбейте білуі керек; *Екіншіден*, ритор-мұғалім күрделі сыныптармен байланыс, қарым-қатынас жасай білу керек; *Үшіншіден*, сөз арқылы оқытады, тәрбиелейді, өз көзқарасын жеткізеді, оған оқушыны көндіреді, оқушының санасына ғажайып көрнекі бейнелер туғызады.

Жинақтай айтсақ, шешендік - сөзбен жүзеге асырылатын әрі сөзбен барша жетістіктерге жеткізетін өнер саласы. Демек, барлығының тізгінін өз қолына алған, күллі өнердің қасиет – күшін өз бойына жинақтаған деуге болады (Платон). Олай болса, шешендік өнерді бүкіл ұлттық болмысымен бойына дарытқан ритор-мұғалім осындай болуы қажет.

Мақала соңында Махамбет баба мінезді ритор-педагог маманды қалыптастыру бағытында өткізген *«Шешен сөйлеймін десең...» тақырыбындағы шеберлік сағатының фрагменттерін ұсынууды жән көрдік*. Шеберлік сағатының мақсаты – жоғары оқу орны студенттерін шешен сөйлеуге баулу. Біздің тәжірибемізде тап осы мақсат үдесінде сөз сөйлеуші ритор кәсіби маманның сөз мазмұны төмендегіше болмақ: 1. *Шешендік - жастар көркі*. 1. «Шешендіктің сәні жоқ, Сөзіне ел сүттей ұйып, Қолтығына ел сыйып, Басына бақыт қонбаса» (Дулат Бабатайұлы) тұжырымына назар аудару; 2. Шешендік - өнер. Сол өнермен қарулансаң ғана шешендікті игеруің мүмкін: 3. Шешендік мәні тек шешенде ғана емес, қалыптасқан жағдайға да байланысты. Шешендік сөздің әкесі - шешен, анасы - аудитория. Тек аудитория ғана оны қалыпқа келтіріп, жан бітірмек [1; 2; 3; 4]. 2. *Шешен сол – сөйлер сөзден қиналмаса*. 1. Өте жақсы сөз айтқандар - дана ғой, Білімді сөз – білімсізге сана ғой (*Жүсіп Баласағұн*); 2. Кімде- кім риторика ілімінің қағидаларына бейім болса, сол ритор саналмақ; 3. Шешендік - шексіз білімнен, терең ойдан, асқан парасаттан туатын нәрсе (*Академик жазушы Зейнолла Қабдолов*) [3; 5]. 3. *Шариы топта сөз бастау қиын*. 1. Шешендікке бостандық қажет. Сөйлеуші көпшілік алдында ақиқатқа жүгіне ойын еркін айтуы керек; 2. Белгілі болса, жолдан жаңылмас, Білімі болса, сөзден жаңылмас (*Махмуд Қашқари*); 3. Сын айту үшін, шын айт. Шын айтпай, сын айтпа (*Бауыржан Момышұлы*) [5; 6]. 4. *Сөз сөйлеуге даярлық - демосфендік дағды*. 1. Бір рет айтудан бұрын екі қайтара ойлап алсан, екі есе жақсы айтарыңды ескеру; 2. Алдында үйренері бардың, артындағыларға үйретері де табыларың айқын сезіну; 3. Кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол - халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық - сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік (*Демосфен*) [7; 8; 9]. 5. *Шешеннің тілі - шебердің бізі*. 1. Сөзді сенімді сөйлеуді, сонда тыңдаушыларға әсері жайында қам қылудың қажеті болмайтынын айту; 2. Құрғақ сөздің ғұмыры қысқалығын әркез ескеру; 3. Айтқан сөзің қандай болса, еститұғын жауабың да сондай боларың білу [5; 10; 11]. 6. *Әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар*. 1. Аяқталмай және жүйелі айтылмай қалған ойдың мәні, ырғақсыз айтылған сөздердің сәні болмасын білу; 2. Бақырып сөйлегеннің сөзі естілер де қаларын, ақылды сөйлегеннің сөзі көкейге келіп қонарын ескеру; 3. Ағылшындар айтқандай, сөз семсерден бетер сілейтеріне ойлана қарау [5; 12; 13]. 7. *От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз*. 1. Даналардың әр сөзі тең ғой бейіш үнімен, Бет ажары әрқашан тапса үйлесім тілімен (*Жүсіп Баласағұн*); 2. Сөз бен қылық суық көңілді жылытарын, жылы көңілді суығтарын сезіну; 3. Үздік шешеннің тілімен бірге жүзі сөйлерін ескеру [5; 14; 15]. 8. *Ұстамды әрі орынды сөйлеу ділмәрлықтан көп артық*. 1. Орнын тауып та мәдениетті сөйлей білсең, әр сөз сұлу, орнын таппаған әр сөз бұжыр (*Ғабиден Мұстафин*); 2. Өз басыңды өзің ажалға душар етпес үшін, сөзіңе сақ бол бол. Өз тісіңді өзің сындырмас үшін, тіліңе сақ бол (*Жүсіп Баласағұн*); 3. Құлаққа түрпідей тиетін құнарсыз сөзден бір ауыз айтқан асыл сөз артық (*Шәкәрім Құдайбердіұлы*) [5; 16; 17]. 9. *Ең қысқа сөз - мағыналы көзқарас*. 1. Қымбат сөз қысқа қайырыларын есте ұстау; 2. Санаулы сөз салмақты боларын білу; 3. Көсіліп ұтқыр сөйлеу - тапқыр ақылдың сыйы, тұжырымды ықшам сөйлеу - даналықтың белгісі (*Ф.Ларошфуко*) [18; 19]. 10. *Үндемегеннің өзі де жауап*. 1. Бойда - қайрат, ойда - көз, Болмаған соң айтпа сөз (*Абай*); 2. Пайдасыз сөзді көп айтпа, пайдалы сөзді аз айтпа (*Әлішер Науаи*); 3. Өзінің тіліне күші жетпеген адамның сөзінде шынайы шындық болмайды (*М.Ганди*) [20; 21]. 11. *Сөзге сақ болу - шешендіктен де биік*. 1. Сүйрең тіл - сүйір тіл (*Ағылшын халқы мақалы*); 2. Шабыстыратын сөз айтпа, Табыстыратын сөз айт (*Мұзафар Әлімбаев*); 3. Тіліңді бақсаң, құныңды сақтарсың [5; 22; 23]. 12. *Ірі сөзге ізетті жауап*. 1. Тілден шыққан сөз тістен де таза болғанға не жетсін! 2. Адамды ештеңе де ізгі сөздей серпілтпейді; 3. Жалпақ әлемді ауызға қарату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек (*Әбіш Кекілбайұлы*) [5; 24; 25]. 13. *Көңіл - қазы, көз - таразы*. 1. Көңіл сырын көз білдірер, ойлы сөйлеп, мәнерлі жеткізуде дауыстан кейінгі орынды бет-жүз алмақ, ал ол көз арқылы көріктенбек (*М.Т.Цицерон*); 2. Жанардың жарығы да жанға түседі - ойдың жанарға жеткен жалтылындай (*Асқар Сүлейменов*); 3. Беттің әрі айнадан көрінерін, адамдықтың әрі сөзден көрінерін әрдайым есте ұстау [5; 26]. 14. *Ымға түсінбеген, дымға түсінбейді*. 1. Ишарат - айтайын деген мағынасы бар әрекет. Іс-қимыл арқылы жеткізілмеген ой әлсіз; 2. Ыммен, ишаратпен сөйлеу - өте-мөте өзіндік құбылыс, ол шешеннің ой-сезім толқындарымен етене [3; 5]. 15. *Мадақтар болсаң,*

*шын асылды мадақта.* 1. Өзі өзгеше боламын демектің түбі - мақтан (*Абай*); 2. Мақтау - алтын мен алмас сияқты сирек болғанда ғана құнды; 3. Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне құлық сақтап. Өзіне сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап (*Абай*) [3; 5]. 16. *Барлық жеңіс өзіңді-өзің жеңуден басталмақ.* 1. Мәдениеттілік арқылы табысқа жетуге болады, тіпті күшпен ештеңе шеше алмаған жағдайда да; 2. Бәрінен күшті адам - өзіне-өзі ие болатын адам (*Сенека*); 3. Өзін-өзі тапқан адам - бақытты, жоғалтпаған - бақыттырақ одан да (*Қадыр Мырза Әли*) [3; 5]. 17. *Тындай білу – ұлылық.* 1. Арғымақтың баласы аз жусар да көп жортар, Адамзаттың баласы аз сөйлер де көп тындар (*Махамбет*); 2. Сөйлеген егерін, тыңдаған оранын білу; 3. Тіл үйіреп сөз болса, Тыңдаушы құлақ кез болар (*Араб халқы мақалы*) [3; 5]. 18. *Ауызында әзілі жоқтың қолында шоқпары бар.* 1. Қалжың сөз де тұз сияқты, шамадан тыс асып кетсе, дәмі бұзыларын ескеру; 2. Күлкі - шабуын білмесең, өз тірсегіңді өзің қиып түсіретін наркескен қылыш сияқты қатерлі қару (*Әбіш Кекілбайұлы*); 3. Юмор - өмір толқындарындағы құтқарушы шеңбер [3; 5]. 19. *Сөйлесу - бірлескен күш-жігермен салынатын ғимарат.* 1. Жақсылық жайында жасқанбай сөйлеген жөн; 2. Өзара әңгімені әңгімелесушілердің әрқайсысы одан пайда көріп, көп білім алатындай етіп жүргізген дұрыс-ау; 3. Ақылды жауап алғың келсе, ақылмен сұра (*И.Гете*) [3; 5]. 20. *Естіге айтқан тура сөз - шыңға тіккен тумен тең.* 1. Тура сөздің тоқпағы мықты боларын түйгейсің; 2. Қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді, Сөзді ұғар көкірегі болса көзді (*Абай*); 3. Естіге айтқан тура сөз, Шыңға тіккен тумен тең. Езге айтқан тура сөз, Құмға сіңген сумен тең (*Майқы би*) [3; 5]. 21. *Ақылды адам сөзді нақылсыз айтпайды.* 1. Ұлы іске ұлағатты сөз керек (*Орыс халқы мақалы*); 2. Білімдінің сөзі - оң, Білімсіздің сөзі - тон; 3. Нақыл сөздер көп болғанымен, айтар адам аз. Нақышымен нық қадап түбіне жеткізе з сөйлеген адам - шешен адам (*Құтып*) [3; 5]. 22. *Дәлелсіз сөз желмен тең.* 1. Ішсең, ға тұнықты іш, Жесең, піскенді же, Сөйлесең, а шындықты айт; 2. Әділ сөз асауды да ан ауыздықтарын білгейсің; 3. Айқындық - сөздің ін басты артықшылығы (*Аристотель*) [3; 5]. 23. *Жүйелі сөз - киелі.* 1. Дүниеде екі 1. ғаламат нұр бар: біреуі - күннің нұры, екіншісі - сөздің нұры (*Қадыр Мырза Әли*); 2. Құнды сөз - нқұнарлы ойдан туады (*Л.Н. Толстой*); 3. Керексіз ол сөз күйдірер от сияқты (*Жүсіп Баласағұни*) [3; 5]. 24. *Адамның ұқпағаны - бойына жұқпағаны.* 1. Шешен елге түсінікті болу үшін, - бүкпесіз ашық болуы тиістігін ескеру; 2. Тіл лас шеберлігінің құны түсініктілігінде, өйткені сөз ібе түсініксіз болса, көздеген мақсатына жетпейді іне (*Аристотель*); 3. Қымбат сөз құлақтарға ар, құйылған сайын құны арта түсерін сезіну [3; 5]. 25. *Сөз тапқанға қолқа жоқ.* 1. Өзі шілдей, ден сөзі мірдей; 2. Шешендік сөздердің құндылығы ска тек шындығында емес, ойының тапқырлығында. Қиядан жол, қиыннан сөз табу - шешеннің бағалы қасиеті; 3. Ойды ойдағыдай жеткізу үшін оралымды, икемді тіл қажет. Нағыз шешен қапияда ой тауып немесе ойлап, ойша сөйлеп, лайықты тапқыр тілмен өрнектеп жеткізеді [5]. *Түйін сөз.* 1. «Шешендер туа пайда болмайды, жүре пайда болады» қағидасын ұстану. *Мәселен, Демосфен, Жиренше шешен тәжірибесі.* 2. Данышпан ғұламалардың үздік ойларымен танысу - таңғажайып ой жаттығуы іспетті. Ақылды құнарландырып, ойды сындарлы етеді. Демек, бұлардың жасқа да, жасамысқа да қажетсіз болуы мүмкін емес; 3. Абай ғұламаның «естілердің сөзін ескеріп жүрген адамның өзі де есті болады» деуі қандай орынды; 4. Қазір қайсысымызға да ақша да, басқа да қат болғанымен, ең басты қат нәрсе - ақыл. Жанашыр достың ақылы. Көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің немесе солардың тереңіне бойлай білген зерде мен зейіннің айтатындары (*Әбіш Кекілбайұлы*).

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. - Алматы. 2000. – 270 б.
2. Қыдыршаев А.С. Шешен-лектордың профессиограммасы. - Орал: БҚМУ баспасы, 2004. – 56 б.
3. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. Орал, 2006. – 146-б. 2015. – 230 б.
4. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Орал, 2015. -230 б.
5. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (*Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары*). Оқу құралы. - Орал, 2017. – 364 б.
6. Борохов Э. Энциклопедия афоризмов. М.: Мысль. 2003. - 686 с.
7. Душенко К.В. Большая книга афоризмов. М.: Мысль. - 2006. - 1056 с.
8. Шаймерденұлы Е. Қазақ афоризмдері. Алматы, 2008. – 304 б.
9. Энциклопедия мудрости. Литературно- художественное издание. Издательство «РООССА», 2007. - 814 с.
10. Назарбаев Н. Ақыл - парасат кітабы. Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2015, - 316 б.
11. Шығыс халықтарының мақал-мәтелдері. (Құрастырған, аударған Н. Ондасынов). Қазақстан, А., 1977. – 208 б.

12. Афоризмы и крылатые изречения об ораторском искусстве. Сост.: Г.М.Порубова, Н.Н.Порубов. - Минск, 1977. - 66 с.
13. Ақыл-ой антологиясы (Қазақ афористикасы: бағзыдан бүгінге шейін) (Шаймерденұлы Е., жинап-құрастыру, редакциялық өңдеу, тәржіма, анықтамалық). - Алматы: «Өлке» баспасы, 2012. - 536 б.
14. Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы (8675 мақал-мәтел) (Құрастырушы Жәрдем Кейкін). Алматы. «Аруна» баспасы, 2016. - 632 б.
15. Шыңжаң қазақтарының мақал- мәтелдері. Жинақтап құрастырған Долда Кенешұлы. - Алматы: «Атамұра», 2008. - 208 б.
16. Қазақ мақал-мәтелдері. Құрастырған Ж.Малайсарин. - Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2008. - 184 б.
17. Лучшие афоризмы великих людей. Формула успеха (Составитель А.П.Кондрашов). - М.: РИПОЛ классик, 2010, - 640 с.
18. Афоризмы о власти. Предвидеть - значит управлять / Сост. Л.Н.Мартыанова. - М.: ЗАО Центрполиграф. 2007. - 383 с.
19. Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки (Құрастырған және аударған М.Аққозин). - Алматы, «Алматыкітап», 2007. - 272 б.
20. Андрей В. Звезды говорят. 4000 золотых афоризмов на каждый день / Валерия Андреа; пер. с англ. И.И.Комаровой. - М.: РИПОЛ классик, 2006. - 448 с.
21. Пословицы, поговорки и загадки калмыков России и ойратов Китая. Составление, перевод Б.Х.Тодаевой. Элиста: ЗАОР «НПП» «Джангар», 2007. - 839 с.
22. Кемел Мырзагелді. Ақыл қалта. Астана, «Аударма» баспасы, 2013. - 616 б.
23. Трамп Д. Лидерство. Золотые правила Дональда Трампа / Дональд Трамп, Мередит Мак Ивер. - М.: Эксмо, 2013. - 224 с.
24. Саттон Р. Искусство быть хорошим руководителем. Руководство для тех, кто управляет людьми / Роберт Саттон; пер. с англ. Е.Милицкой. - М.Манн, Иванов и Фербер, 2013. - 352 с.
25. Бальдони Дж. Быть лидером. 50 способов добиться впечатляющих результатов / Джон Бальдони; [пер. с англ. Е.Деревянко] - М.: Эксмо, 2014. - 288 с.
26. Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д.Қ. Іскерлік шешендіктану қағидалары. Оқу құралы. - Орал: «Ағартушы» мемлекеттік тілді оқыту орталығы, 2007. - 68 б.
27. Қыдыршаев А.С. Мұғалім кадрларының біліктілігін арттыруға шешендіктану ілімінің қатысы // 12 жылдық білім жүйесі және жаңа педагогикалық конференция материалдары. Ақтөбе. 2006, 9-10 б.б.
28. Н.Д.Десяева, Т.А.Лебедева, Л.В.Ассуирова. Культура речи педагога. Москва: «Академия», 2003. - 192 с.
29. С.Негимов. Шешендік өнер. Ана тілі, А., 1997.
30. Т.В.Мишаткина. Педагогическая этика. Ростов на Дону: «Феникс», 2004. -304 с.
31. А.А.Волков. Основы риторики. Москва: «Академический проект». 2005. - 304 с.

**ӘОЖ 82:316.3**

### **МЕКТЕП РИТОРИКАСЫ: ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ**

*(Қазақ мектебінің V сыныбында шешендік өнерді оқыту негізінде)*

**А.С.Қыдыршаев,**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, п. з. д., профессор*

**Ә.С.Мұханбетқалиев,**

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің Стратегия және сапаны қамтамасыз ету бойынша проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

**Қ.С.Қыдыршаева,**

*Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,*

*М.В.Ломоносов атындағы ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Шешендік өнерді зерттейтін ғылым *шешендіктану (риторика)* - қазіргі таңда негізі қаланған, заңдылықтар жүйесі айқындалып, бір ізге түскен сала. «*Шешендік өнер*» пәнін оқыту арқылы оқушыны жеке тұлға тұрғысында қалыптастыру – қазіргі Қазақстан қоғамының жалпы білім

саласының алдына қойып отырған педагогикалық мәселелерді шешуге үлес қосу. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде оқушылардың қатысымдық-сөйлеу қызметін белсендіруді, дамытуды көптеген пәндер жүзеге асырады десек те, шешендік өнерді үйрету, оқыту пәнінің орны айрықша, себебі жалпы орта білім беру жүйесіндегі бұл пән заман талабынан туындаған пән ретінде сипатталады. Оның орнын анықтау мен алға қойған міндеттерін шешу бұрыннан оқытылып жүрген «Тіл мәдениеті», «Қазақ тілі» пәндерінің міндеттерін синтездеу емес, шешендік өнерге үйрету үшін дәстүрлі шешендіктану заңдылықтарын жүйелеу, оның әдістемесі туралы пікірлерді бір арнаға тоғыстыру.

Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Ендеше, шешендік өнер - қазақтың ұлттық құндылығына да, жалпы адамзаттық құндылыққа да тән мұра ретінде қазіргі таңда жалпы білім саласы алдында тұрған басты мақсатқа - жан-жақты жетілген, қоғам қойған барлық талапқа сай жеке тұлға тәрбиелеп шығаруға қол жеткізудің басты құралдарының бірі.

Өскелең ұрпақ тәрбиесін халқымыздың өткен тарихынан бөліп қарауға болмайды. Халқымыздың тарихында талай аузы дуалы, жез таңдай майталмандар болғаны бәрімізге де аян. Сан жылдар бойы халықтың мәдени - рухани өмір-тіршілігіндегі шешендік өнердің алар орны тиянақты зерттеліп, сараланып кейінгіге жеткізілмеді. Бұған әртүрлі тарихи, саяси себептердің болғаны мәлім. Десек те, бір айқын нәрсе - шешендік өнері халқымыздың қанына, табиғатына тән құбылыс. Егер де сонау антикалық Грекиядан бастау алған шешендіктану ғылым саласы ретінде дамып жетілсе, халқымыздың бай шежіресімен бірлесе өрілген шешендік өнер саласы ретінде қалыптасты. Сондықтан да ғылым мен өнер ретінде осындай бай тарихы бар шешендіктану ілімін болашақ ұрпақ санасына жеткізу, олардың бойына сіңіру еліміздің келешегі үшін шынайы жүрегі ауыратын әр ұстаз үшін - парыз іс. [ 1; 2; 3; 4; 5; 6; 7; 8 ]

Қазақ мектебінің V сынып оқушыларына шешендік өнер пәнін оқыту әдістемесінің өзегі - *оқушылардың қисынды ойлау қабілетін дамыту, тіл байлығын молайту, сөздік қорын кеңейту, өз ойын дұрыс, анық, тілдік, сөздік нормаларды сақтай отырып, ауызша және жазбаша түрде көркем жеткізе білу, шығармашылық ойлау қабілет-дағдыларын дамыту, тіл мәдениетін, сөйлеу мәдениетін игерту.*

Шешендік шеберлікті игерту - алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгерту, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым – қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай қолдануға үйрету. Тілде толып жатқан амал-тәсілдер бар. Солардың ішінен қарым-қатынас жасаудың мақсатына сай келетін аса қажеттісін талғап ала білу арқылы ой мен сезімді дәлме-дәл жеткізе білу шеберлігі - сөз мәдениетінің биік шыңы. Ал сол биік шың – шешендік өнер биігі. Мұндай шеберлік ең алдымен тіл амалдарын әдеби тіл нормасына сай дұрыс қолданудан, сөз жатықтығын үйренуден, сөз байлығын молайтудан, сөз тазалығын сақтау, сөз дәлдігін тану және сөз әсерлілігін меңгеру арқылы көрінеді. Олай болса, шешендік өнерін өркендетуге айрықша көңіл бөлу, оны жас жеткіншектерге мүмкіндігінше кең ауқымда жеткізу, оқыту - бүгінгі күннің талабына сай туындаған қажеттілік деп қабылдауымыз керек. Демек, осы реттегі зерттеу жұмысының көкейкестілігін анықтайды.

Қазақ орта мектебінің V сынып оқушыларына шешендік өнерді оқытудың әдістемелік жүйесін даярлап, эксперимент арқылы оның тиімділігін дәлелдеу бір шоғыр міндеттерді алға қояды. Бұл сапқа жалпы білім беретін орта мектептерде, лицей, гимназияларда «Шешендік өнер» пәнінің оқытылу жайын айқындауды; қазақ мектебінің V сыныбында шешендік өнерді оқытудың лингвистикалық, психологиялық, педагогикалық, тәрбиелік негіздерін анықтауды; орта мектептің V сыныбында шешендік өнерді оқыту бойынша арнайы бағдарлама, оқулық, оқу-әдістемелік құралдарға талдау жасауды; қазақ мектебінің V сыныбында шешендік өнерді оқытудың арнайы қағидаттары, әдістері мен формаларын жүйелеуді; қазақ мектебінің V сыныбында шешендік өнерді оқыту арқылы оқушылардың шешендік білік-дағдыларын қалыптастыруға арналған кешенді жаттығу, тапсырма, тренингілер мен сабақтар жүйесін даярлауды; қазақ мектебінің V сыныбында шешендік өнерді оқыту әдістемесінің тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы дәлелдеуді қосар едік.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негіздері ретінде көне грек және рим риторикасының іргетасын қалап, оны тұтастай бір ғылым дәрежесіне жеткізген Аристотель, Цицерон, Квинтилианның ілімдері, осының негізінде шығыстық шешендік өнер теориясын дамытқан Әл-Фарабидің риторикалық мұралары, шешендік өнердің тарихи эволюциясында айрықша орын алар М.В. Ломоносов және т.б. тарихи тұлғалардың классикалық риторикалық ілімдері, сондай-ақ В.И. Аннушкин, Л.Г. Антонова, Г.З. Апресян, Д.И. Архарова, Л.В. Ассиурова,

Н.А. Безменова, Д.Х. Вагапова, А.Н. Васильева, Л.А. Введенская, Л.А. Вербицкая, А.Е. Войскунский, Ю.В. Воробьев, О.Я. Гойхман, И.Б. Голуб, В.Б. Гольдин, И.Н. Горелов, Л.К. Граудина, С. С. Гурвич, Ч.Б. Далецкий, Е.Г. Елина, С.Ф. Иванова, Н.Н. Кохтев, Н.А. Купина, Т.А. Ладыженская, М. Львов, Т.В. Матвеева, Н.А. Михайличенко, А.К. Михальская, А.А. Мурашов, Г.В. Мурзо, Р.И. Никольская, С.Т. Никольская, А.П. Окунева, Ю.С. Пичугов, Г.М. Сагач, З.С. Смелкова, А.П. Чудинов секілді және т.б. маман ғалымдардың риторика мен неориторика саласындағы тұжырымдамалары, А. Байтұрсынов, Б. Адамбаев, Ә. Мәметова, Ж. Дәдебаев, Р. Сыздықова, С. Негимов сынды және т.б. ғалымдардың қазақ шешендік өнері саласындағы еңбектері, Б.Н. Головин, В.В. Виноградов, М. Балақаев, Б. Шалабаев секілді және т.б. ғалымдардың сөз мәдениеті мен стилистикасы саласындағы еңбектері, Л.С. Выготский, И.А. Зимняя, А.Н. Леонтьев, А.А. Леонтьев секілді және өзге де ғалымдар зерттеулерінде көрініс тапқан қарым-қатынас психологиясы бағытындағы еңбектер, сонымен қатар шешендік өнерді оқыту, шешен сөйлеу білік-дағдыларын қалыптастыру әдістемесіне арналған, Қазақстандағы шешендік өнерді оқыту әдістемесінің ғылыми тұрғыда зерттелуіне ықпал еткен А.С. Қыдыршаев, М.Р. Қондыбаева, С.Р. Рахметова, Ф. Оразбаева, Қ.Қ. Қадашева, А. Жапбаров, Н.Ж. Құрманова, Ж. Сүлейменовалардың докторлық деңгейдегі зерттеулері, Б. Салықова, А.Қ. Жалғасбаева, Н.А. Тулкинбаевтардың шешендік өнерді орыс аудиториясына үйрету әдістемесі бағытындағы, сонымен қатар қазақ тілді аудиторияларда шешендік өнерді оқыту іліміне арналған Б.Д. Қалимұқашеваның, Е.С. Леубаеваның зерттеу жұмыстарын алу орынды. [ 9; 10; 11; 12; 13; 14].

Осы реттегі зерттеудің теориялық маңыздылығы мектеп оқушыларына шешендік өнерді оқытудың лингводидактикалық және психофизиологиялық негіздерін таразылауға, оның басты өзара байланыстағы аспектілерін айқындауға, мектеп оқушыларын шешендік өнерге оқытудың басты әдістемелік заңдылықтарын сипаттауға қатысты ұмтылыстан көрініс береді. Оқушылардың шешендік дағдыларын қалыптастыру бағытындағы атқарылар жұмыс жүйесі анықталады. Қазақ мектебінің V сыныбында шешендік өнерді оқыту әдістемесін даярлау міндетіне сай аталмыш әдістеменің алуан қырлы тиімділігі мен мүмкіншіліктері, сондай-ақ оның оқушы тұлғасын жан-жақты жетілдіру мақсатына сәйкестік деңгейі алғаш рет таразыланып, жүйеленеді. Ал зерттеу жұмысы барысында қол жеткізілген нәтижелер әдістемелік көмекші құралдар мен оқулықтар, сондай-ақ оқу бағдарламаларын даярлауға септесері сөзсіз. Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы мектеп оқушыларына шешендік өнер пәнін оқытудың әдістемелік жүйесінің құрылуынан айқын танылады. Аталмыш әдістемелік жүйені орта мектептерде, лицей, гимназияларда шешендік өнерді оқыту тәжірибесінде пайдалануға толық болар еді.

Білім саласындағы қандай да бір жаңа лептің, жаңа толқынның орын алуы - белгілі бір уақыт көлемін талап ететін күрделі үдеріс. Қазіргі уақыттың қазақстандық білім саласындағы «модернизация» тұрғысында аталатын қарқынды өзгерістер мен ашылыстар кезеңі екендігі баршамызға да мәлім. Білімді модернизациялау - білім саласының бар арналарын қамтитын терең де түбірлі өзгерістердің белгілі бір уақыт аралығын қамтитын үдерісі. Оның мақсаты, ең алдымен, бір жағынан, жеке тұлғаға, екінші жағынан тұтастай қоғамға бағытталған білім мен тәрбие беру ісі нәтижелерін сапалық тұрғыдан жетілдіру, жоғары деңгейге көтеру. Бұл - мақсатты нәтижесі адамгершілігі мол, парасатты да білімді, өзі үшін де, қоғам үшін де өзінің адами және шығармашылық, ғылыми, өндірістік әлеуетін және өзінің интеллектуалдық және өзге де қабілеттерін өз бетінше және қоршаған ортадағы өзге тұлғалармен өзара ынтымақтаса, бірлесе отырып сарқа жұмсай алатын адамды қалыптастыру боп табылатын көпқырлы үдеріс. Әрине, бұл үдерістің нәтижелі болмағы алуан түрлі субъективті және объективті факторларға тәуелді екендігін тағы да білеміз. Осы ретте туындайтын көптеген заңды сұрақтардың бірі - аталмыш нәтижеге қол жеткізу, яғни, білімді модернизациялаудың мақсаттары мен міндеттерін нәтижелі орындау межесіне қол жеткізу орта мектепте шешендік өнерді оқыту үдерісінсіз мүмкін бе дегенге саяды.

Сонау антикалық дәуірдің, соның ішінде ең алдымен көне грек қоғамындағы білімнің мақсаты мен міндеттерін қазіргі отандық мектептер алдында тұрған ең негізгі деген мақсат-міндеттермен салыстыра бағамдасақ, олардың көп жағдайда бір-бірінен еш айырмашылығы жоқтығына сай қорытындыға келеміз. Өзгеше болуы мүмкін де емес, себебі адамзаттың түпкі табиғатына, оның рухани өзегіне уақыт пен кеңістік ықпал ете алмақ емес. Сол дәуірлерде де, қазіргі кезеңде де қоғам мәдениетті, еркін ойлай әрі сөйлей алатын, парасатты да білімді тұлғаға, жоғары қабілетті, биік білікті, өзгелермен құрмет сезімі негізінде ынтымақтаса отырып, әр заманның күрделі міндеттерін шеше алу дағдысына ие тұлғаға мұқтаж болған еді. Қазір де солай. Бұл тұрғыдан алғанда белгілі бір межеде көне грек қоғамындағы риториканың пән ретіндегі ролі мен қазіргі Қазақстан қоғамындағы шешендік өнерді оқытудың маңыздылығын салыстыру мүмкіндігі бар. Шешендіктану ілімінің туындау мен қалыптасуына ықпал еткен алғышарттар мен тарихи түйткілдер турасында белгілі зерттеуші М.Н.Пряхин былай деп түйіндейді: «*Можно*



*предположить, что три необходимые каждому свободному гражданину способности - умение читать, хорошо говорить, логически мыслить - стали основанием для классической системы образования в античности. Имеется в виду тривиум (грамматика, риторика и диалектика). Без знания этого набора из трех предметов, основы основ свободных искусств, человек не мог быть полноценным гражданином. Поэтому античный тривиум - органически построенная система обучения свободного гражданина в правовом обществе» [ 15, 63- 65].*

Сана тезіне салып, таразылай отырсақ, бұл орайда антикалық дәуірдегі риториканың дәуірлеуіне, гүлденуіне себепкер болған көптеген алғышарттар, белгілі бір тұрғыда біздің қазіргі қоғамымызда, әсіресе қоғамымыздағы ХХ ғасырдың соңғы ширегінен бастау алатын қайта құру дәуірінен бергі кезеңде орын алып отырған жайттарға жақындату, ұқсату тұрғысындағы пікірге ойысамыз. Бұл кезеңдердегі біздің қоғамымызға тән және оның кейінгі даму барысына белгілі бір тұрғыда өз ықпалын тигізген факторлар турасында айтар болсақ, былайша тұжырымдар едік: қоғамда бәсекелес әлеуметтік ортаның біртіндеп қалыптасуы; жеке тұлғаның өзіндік мақсат-мүдделерін жүзеге асыру құқығын мойындау; өз жеке өмірін өзінше жоспарлап, өзінше басқаруға ұмтылушы тұлғалардың көбеюі; құқықтық мемлекеттіліктің негізделуі; парламенттік институт секілді әлеуметтік маңызды мәселелерді ашық талқылап, шешім қабылдау институтының енгізілуі; алқа сотын енгізу турасындағы қоғамдағы ашық, демократиялық ой-идеялардың көтерілуі мен сот тәжірибесі (судебная практика) мен өзге де демократиялық институттардың енгізіліп, жетілдірілуі; сайлау жүйесінің қалыптасып, дамытылуы; ұлттық болмысымызды жандандыру бағытындағы атқарылып жатырған алуан істер аясындағы төл тарихымызда елеулі орын алған би-шешендер тұлғаларының, олардың қайраткерлік ғұмырнамасы мен шешендік мұрасының ұлттық рухани құндылыққа айналуы; осы аталған факторларға байланысты шешендіктанудың прагматикалық қырының жетекші мән-маңыздылыққа ие болуы және қоғам өкілдерінің сөйлеу өнерін қоғамнан өз орнында табуға септесер, осы негізде өз болашағыңды белгілі бір тұрғыда үйлестіруге мүмкіндік берер пайдалы ғылым саласы тұрғысында тани бастауын атап өтер едік. Аталған жайттардың заңды нәтижесі, салдары ретінде белсенді түрде, бір жағынан, шешен сөйлеудің (*әсіресе, шаршы топ алдында сөйлеудің*) теориялық және практикалық қырлары (*мәселен, сот шешендігі*) зерттеу тақырыбына айналса, екінші жағынан, адамзат өмірінің қоғамдық пайдалы алуан салаларындағы сөйлей білу білік-дағдылары да пайымдала бастады. Демек, аталған қоғамдық-саяси, рухани-әлеуметтік құбылыстар аясында шешендіктанудың ғылым ретінде де, үдеріс ретінде де, ең бастысы, оқыту пәні ретінде жандануы - тарихи тұрғыдан заңды құбылыс.

Жеке тұлғаның өзге адамдармен қарым-қатынасының философиялық, мәдени қырларын зерттей келе, ғалым С.А.Минеева былай дейді: *«Наиболее распространенными, трагическими по результатам, являются отношения подчинения. За этими отношениями - определенное мировоззрение: монологический догматизм. Известный философ и культуролог М.С. Каган отмечает, что длительное время в отношениях между народами, религиями, классами, эпохами, цивилизациями преимущественно господствовала «власть силы», а не «сила духа», поэтому диалогические контакты настоящего с прошлым были эпизодическими и не могли еще стать прочными, долговременными направляющими культурного процесса. Человечество по общему уровню своего материального и духовного развития пока еще не готово SSY к обретению подлинного «единства многообразия» [ 16, 52-54].*

Ғалым пікірі риторикалық білімнің қоғамға аса қажеттілігін дәлелдейді, себебі әр адамның жалпы мәдени деңгейі (*соның ішінде сөйлеу мәдениетінің де*) мен қоғамның тілдік (*тілдік және сөйлеу құралдары арқылы жүргізілетін*) қарым-қатынас мәдениетін көтеру мақсатындағы риторикалық білімділікті дамыту, яғни, жеке тұлға мен жалпы қоғамның диалогтық мәдениетін жетілдіру ұлттар мен ұлыстар арасындағы бейбіт те толерантты өмірдің кепілі екенін аңғартады. Сондықтан да білім саласындағы монологиялық догматизм құрсауын бұзып, білім беру мен тәрбиелеу ісіндегі шынайы диалогизм белесіне көтерілу қазіргі таңдағы өзекті мәселе. Осы мәселелер ауқымын шешуге септесер бірден-бір құрал - оқыту пәні ретіндегі шешендік өнер сабағы, себебі шешендік - бастан диалог жүргізу заңдылықтары мен тетіктерін, тілдік қарым-қатынас кезіндегі тұлғаның өз пікірін дәлелдеу дағдыларын зерттеу мен үйретуді басты нысана еткен пән ретінде қалыптасқан ілім.

Осы орайда сонау антикалық кезеңдегі оқыту үдерісін ұйымдастырудың ерекше тәсілі ретінде *диалог тәсіліне негізделген* тұжырымдаманы еске аламыз. Ғалым-зерттеушілердің тұжырымды пікірінше, майевтика - қазіргі адамзат қолындағы барлық рефлексивті әдістемелердің заңды бастау көзі. Заманауи қоғамның қазіргі тыныс-тіршілігі мен отандық білімнің хал-ахуалы мен мақсаттары тұрғысынан пайымдасақ, *мектеп риторикасы* шешетін маңызды міндеттер ауқымы өте кең. Бірі - педагогикалық қарым-қатынасты белсендіру. Ал мектеп оқушысы үшін педагогикалық қарым-қатынас қоршаған әлемді толыққанды меңгерудің негізгі формасы екендігі аян. Сол себепті

шешендік өнер мен сөз мәдениеті мектеп оқушыларына таным мен оқыту үдерісіндегі, жалпы өміріндегі ең өзекті тілдік жанрларды, әлеуметтік қарым-қатынастағы тілдік мінез-құлық пен жағдаяттар болмысын меңгеруге мүмкіндік береді. Демек, өзінің көпқырлы болмысы тұрғысынан алғанда *шешендіктану* - білімдік, тәрбиелік, қарым- қатынастық болмысы тұрғысынан тарихи тамырын тереңге тартқан, мәдениеттанымдық және философиялық негізі антикалық дәуірде қаланған ғылым саласы; *оқу пәні ретіндегі шешендік өнер* - қазіргі білім үдерісінің маңызы зор құрамдас бөлігі, сондықтан шешендік өнерді оқу пәні ретінде оқытпай тұрып, білімді модернизациялау мақсаттары мен міндеттеріне толыққанды қол жеткізу, мүмкін емес.

Қазіргі қоғамда жаңа типтегі тұлғаны қалыптастыру, жан-жақты жетілген адами капиталды дамыту ісінде қатысымдық ортаның мәні күн санап артуда. Әлеуметтік-саяси тұрғыдан білімді де белсенді тұлға көрсеткіштерінің ішінде оның өзге адамдармен қарым-қатынас жасап, олармен тіл табыса білу білігі жетекші көрсеткіштер қатарында. Осыған байланысты тұлғааралық қарым-қатынас үдерісі уақыт өткен сайын күрделі сипатқа ие болып келеді. Бұл өз кезегінде қоғамның адамдар арасындағы қарым-қатынас табиғатына қызығуылығын арттырып, жеке тұлғаның қатысымдық әлеуетін қалыптастырушы бірден-бір пән ретіндегі шешендік өнерді оқыту мәселелерін күн тәртібіне қойып отыр. Бүгінгі таңда шешендік өнер курсының білімдік құндылығы жоғары, себебі шешен сөйлеу қабілетіне ие мамандарға қоғам сұранысы артып келеді, яғни, өз ойларын дәл де қисынды айта білетін, тезистер құрап, дәйектер келтіре алатын, сұрақтар қойып, оларға жан-жақты, толыққанды жауап бере алатын, диалогтар мен пікіралмасу, дау-тартыстарға қатысып, өз сөзін құрылымдық тұрғыдан дұрыс рәсімдей білетін, өзгелер сөзін қабылдап, оған салиқалы сараптама жасай алатын қызметкерлерге қажеттілік өсіп келеді.

Түрлі бағыттағы бақылау мен зерттеу жұмыстары көрсетіп отырғандай, жыл сайынғы мектеп бітіруші түлектердің барлығы да мектеп қабырғасынан жоғарыда аталған және өзге де қажетті білік-дағдыларға ие боп шығуда деп толықтай сеніммен айта алмаймыз. Мұның басты себебі неде деген сұраққа жауап іздесек, бұған ықпал етіп отырған көптеген факторлар бар екендігіне көзіміз жетер еді. Солардың ішінде қазіргі таңда бұл мәселеде шұғыл шешуді талап етіп отырған жайт - еліміздегі жалпы білім беретін мектептер болсын, арнаулы лицей-гимназиялар болсын, *шешендіктануды оқыту курсына байланысты арнайы бағдарламалар мен оқу-әдістемелік құралдардың аса қажеттілігі*. Бұл, әрине, осы бағыттағы ғылыми-зерттеу, әдістемелік-зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатырған жоқ деген пікірді тудырмауы тиіс, себебі аталмыш салада ғалымдарымыз бен әдіскерлеріміз жұмыстануда, тек бұл тұрғыдан алғанда, біз замана ағымынан сәл кеш қалып келеміз. Себебі орта мектепте шешендікті оқыту әдістемесі бір ізге салынып, жүйеленбегендіктен, жалпы білім беретін орта мектептерде қазіргі таңда тілді оқытушы ұстаздар шешендік өнерді әрқилы деңгейде өз бетінше бағдарлама құрып, сабаққа қажетті материалдар тауып, көрнекі құралдар даярлап өткізіп жүр. Осындай бір арнаға тоғыстырылмай, сан-саққа тарамдалған шешендік өнерді оқыту ісінің қазіргі жай-күйінің өзі айтып тұрғандай, мектептерде жүргізіліп отырған шешендік өнер курсының бағдарламалары көп жағдайда заманауи талаптарға сай келмейді, оқыту әдістемесі таратыла даярланбаған, шешендік өнердің жекелеген тарауларын оқыту мен қажетті білік-дағдыларды қалыптастыру үшін қандай әдіс-тәсілдер мен әдістемелік құралдарды қолдану қажеттігі турасындағы ғылыми негізделген ұсынбалар жетіспейді, т.б.

Жалпы орта білім беретін мектептерде *шешендіктануды оқыту әдістемесін даярлау ісі*, ең алдымен, әр дәуірде өмір сүрген танымал ғалым- зерттеушілеріміз бен қазіргі зерттеуші-әдіскерлеріміздің қазақ тілі мен әдебиетін, сондай-ақ әлемнің өзге де тілдері мен әдебиеттерін оқыту әдістемесі саласындағы көптеген ғылыми еңбектерге сүйенеді. Бұл еңбектерде тіл ұстарту, тілдік мәдениетті дамыту, орфоэпикалық, лексикалық, стилистикалық және өзге де қателіктердің алдын алу және т.б. көптеген міндеттерді шешудің кешенді әдіс-тәсілдері қарастырылған. Әлемдік педагогикалық және әдістемелік әдебиетте шешендік өнерді оқытудың белгілі бір қомақты әдістемелік базасы жинақталған. Бұл бағытта қалам тартқан әдіскер-ғалымдарды атап өтетін болсақ, ресейлік ғалымдар ішінен С.Д.Абрамович, Н.С.Алексеев, А.А.Андреев, Л.Г.Антонова, В.И.Аннушкин, В.П. Беломорец, В.М.Вандышев, В.П.Вомперский, С.И.Гиндин, Л.К.Граудина, С.С.Гурвич, Ч.Б.Далецкий, С.П.Дудель, Е.Н.Зарецкая, В.К.Иваненко, С.Ф.Иванова, И. С.Ипатова, А.И.Капская, Е.В.Клюев, Н.Н.Кохтев, Т.А.Ладыженская, М.Р. Львов, Л.И. Мацько, О.М.Мацько, А.К. Михальская, М.А. Михайличенко, А.Е.Михневич, Л.А Мурина, Е.А.Ножин, Г.С.Онуфриенко, Ю.В.Рождественский, Г.М.Сагач, П.Л.Сопер, А.В.Толмачев, М.Ю.Чикарькова, В.П.Чихачев, И.Томас, М.Ханин, Н.Г.Чибисов және т.б. атап өтуге тиіспіз, ал отандық ғалым-әдіскерлеріміз қатарында осы арнада ізденіс жұмыстарын жүргізіп, оқу-әдістемелік құралдар даярлау ісіне қомақты үлес қосып жүрген Ф.Оразбаева, Н. Оралбаева, А.С. Қыдыршаев, М.Р. Қондыбаева, С.Р. Рахметова, Г. Қосымова мен М. Жармұхамедұлын, сонымен қатар шешендіктану саласында зерттеу жүргізіп, риториканы түрлі аудиторияларда оқыту әдістемесінің негізін қалыптастыру ісін

дамытқан Б. Балғазина, Б. Салықова, А.Қ.Жалғасбаева, Н.А.Түлкінбаев, Б.Д.Қалимұқашеваның, Е.С.Леубаеваның есімдерін атаймыз.

В.К. Иваненко өзінің «Риторика: теория и практика целесообразной речи» атты мақаласында шешендік өнер курсы бойынша соңғы жылдары жарық көрген оқу құралдарын сараптай келіп, олардың шешендік өнерді оқыту үдерісіндегі алар орнын айқындаудағы мән-маңыздылығын атап өтеді: «*Риторика в современных условиях - это не только наука о красноречии, но и наука о речевой целесообразности, осознанной и корректной, тактичной, учтивой повседневной умственной речевой деятельности*» [ 17,4].

Осы бағыттағы оқу-әдістемелік құралдар ішінен В.М. Вандышевтің (Риторика); Л.И. Мацько мен О.М. Мацьконың (Риторика); С.Д. Абрамович, М.Ю. Чикарьковалардың (Мовленнева коммуникация); Н.Г. Чибисова, О.И. Тарасовалардың (Риторика); Е.В. Клюевтің (Риторика (Инвенция. Диспозиция. Элокуция)); Е.В. Клюевтің (Речевая коммуникация: Успешность речевого взаимодействия); О.Я. Гойхман, Т.М.Надеиналардың оқулықтарын (Основы речевой коммуникации); О.Я. Гойхманның (Речевая коммуникация); Е.Н. Зарецкаяның монографиясын (Риторика: теория и практика речевой коммуникации); Л.В. Введенская, Л.Г. Павловалардың ((Риторика для юристов) оқулықтарын және тағы басқаларды атап өтер едік.

Орта білім беретін мектептерде оқушыларға шешендік өнердің негізін оқытпай тұрып, жоғары мектептегі шешендіктануды оқыту курсы туралы сөз қозғау қисынсыз болар еді. Ал шешендік өнерді мектепте оқыту әдістемесі бойынша дәл қазіргі уақытқа дейін толыққанды зерттеу жұмысы жүргізілген емес. Десек те, қазіргі таңдағы мұғалімдер, бір жағынан, ресейлік әдіскерлердің (В.Н. Александров, Г.И. Александрова, Н.А. Безменова, Ч.Б. Далецкий, С.Ф. Иванова, Г.Д. Ключек, Н.Н. Кохтев, Т.А.Ладыженская, М.Р. Львов, Н.Н. Кохтев, Г.В. Маклакова, Н.А. Михайличенко, А.К.Михальская, И.Т. Панченко, Ю.Ф. Скляниченко, В.К. Чернецкий және т.б.) орыс тіліндегі оқулықтарын қазақ мектебі табиғатына бейімдеп, екінші жағынан, отандық ғалым-әдіскерлеріміз тарапынан даярланған бірер оқулықтар мен әдістемелік құралдарды (Г. Қосымова, М. Жармұхамедұлы, А.С.Қыдыршаев) қолдана отырып, шешендік өнер бойынша сабақ беріп жүр.

Соңғы жылдары жалпы білім беретін орта мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде қолданылып жүрген оқулықтардың тілдік және әдеби біліктілік тәжірибесі тұрғысынан даярлау, мазмұнын жаңарту, толықтыру, дамыту, жетілдіру үдерісі, бұрыннан қалыптасқан отандық филологиялық білім беру дәстүрін жаңғыртуға, оны заманауи ғылым жетістіктерімен байытуға, оны қазіргі таңдағы әлеуметтік қажеттіліктерге жауап беруге бағдарлауға ұмтылыс орта мектеп бағдарламасына жаңа пәндердің қосылуына ықпал етті. Осындай пәндердің ішіндегі ерекше атауды қажет ететін пәннің бірі - *шешендік өнері*. *Қазіргі заманауи шешендік* - тілдік білім берудің ең биік тұғыры. Себебі ол өз бойына тілдік білім берудің практикалық қолданыс тұрғысындағы барлық салаларын жинақтаған пән ретінде мәлім. Десек те, шешендік өнер - қазіргі білім беру саласы үшін қайта жаңғыру үстіндегі пән. Оның ғылыми-әдістемелік аппараты мен басты ұғымдары қазіргі таңда әлі де өңделу, сұрыпталу үстінде.

Бүгінгі заманауи ғылымда «*риторика*» терминінің өзі де әлі жете анықталып, тұрақталған жоқ. Ғалым-зерттеушілер тарапынан «*риторика*», «*шешендік өнер*» терминдері әлі де ретроспективалық сараптау тезіне түсіп, риториканың мақсаты, міндеттері, нысаны, оның пәндер мен ғылымдар арасындағы орнын айқындау мәселелері турасында әркелкі ой-пікірлер айтылып жүр. Шешендік өнерге бір топ ғалым-әдіскерлер, бір жағынан, оқытудағы мақсаты азаматты баулу пән тұрғысында анықтама берілсе (Т.А.Ладыженская, Т.В. Матвеева), екінші жағынан, шешендік өнерге тек тілдің ауызша ғана емес, жазбаша жанрларына да оқытатын пән ретінде де анықтама беріліп жүр (В.И. Аннушкин, А.А. Волков, М.Р. Львов, И.В. Пешков). Осылайша теориялық тұрғыдан әлі де жеткілікті айқындалмағандықтан, аталмыш мәселе жан-жақты зерттеу жұмыстарын талап етеді.

Қазіргі таңда әлемдік риторикалық мұраны пайдаланудың екі түрлі бағыты айқындалып келеді. *Бірінші бағыт* филологиялық пәндер жүйесіндегі риториканың тарихи рөлін бағамдау, оны зерделеуді мақсат тұтады. Бұл мәселені ресейлік ғалымдар ішінен В.В. Виноградов, В.П. Вомперский, Н.А. Безменова, А.А. Волков, В.И. Аннушкин және т.б. зерттесе, ал отандық ғалым-әдіскерлеріміз арасынан Г. Қосымова, М.Р.Кондубаева сынды зерттеушілер қарастырған. Бұл зерттеулер өткен замандардағы шешендік өнердің рөлін анықтап, оның филологиялық ғылымдарға тигізген ықпалын, ғылым ретінде қалыптасуына қосқан үлесін бағамдайды. *Екінші бағыт* - бұл «Риторика» атты жаңа оқу пәнін қалыптастыру, оның әдістемелік, мазмұндық құрылымын жасау. Әдіскерлер тарапынан шешендік өнерге ерекше ықыластың туындау себебі - осы уақытқа дейін мектептегі тілдік дағдыларды дарыту жұмыстары, негізінен, жазу тілінің білік-дағдыларын үйретуге бағытталып, оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларына, шаршы топ алды сөйлеу біліктері мен алуан түрлі тілдік жанрларды меңгертуге жеткілікті көңіл бөлінбей келгені белгілі. Осындай

олкылықтардың орнын толтыру бағытындағы ізденістер, яғни, ауызекі сөйлеуге үйрету әдістемесінің белгілі тұрғыда осындай дағдарысқа ұшырауы, әдіскер-ғалымдарды заңды түрде шешендік өнерге алып келді.

Қазіргі таңдағы шешендік өнердің өзімен іргелес ғылым салаларымен арадағы қарым-қатынасы мен олардың арасында алар орны мәселелері де көптеген пікірталастар өзегіне айналып отыр. Бұл ретте «Сөз мәдениеті», «Стилистика» мен «Шешендік өнер» пәндерін бір-бірімен салыстыру оларды бір-бірінен ажырату мәселелері қарастырылып жүр (А.К. Михальская); риторика мен тілдік этикет арасындағы өзара тығыз байланыстар мәселесі (Н.И. Формановская), риториканың этикамен байланысы мәселесі (И.В. Пешков) сөз болып келеді, сонымен қатар шешендік өнерді оқыту грамматиканы (А.А. Волков), сөз мәдениеті мен стилистиканы (Л.Х. Лыжова) оқытумен тығыз байланыста жүргізілу қажеттігі турасында да айтылып жүр. Л.К. Граудина и Г.И.Миськевич сынды ресейлік әдіскер-ғалымдар бұл мәселе турасында былай дейді: «*Необходимость обучения речевой культуре и красноречию находится в тесной и непосредственной взаимозависимости и всегда признавалась одной из важных задач общей гуманитарной подготовки образованных специалистов*» [18, 7-8]. Сондықтан да шешендік өнер курсы бойынша оқу материалы мазмұнын іріктеу негізінде гуманитарлық цикл жүйесіндегі риторика мен онымен іргелес логика, тіл білімі, сөз мәдениеті, стилистика, тілдік этикет, этика, эстетика, психология сынды ғылым салаларымен интеграциялау қағидаттары жатуы тиіс. Оқу материалын іріктеу, оны ұйымдастыруға деген жүйелі көзқарас қана риториканы орта білім жүйесіндегі толыққанды да тең құқылы пән ретінде қалыптастырмақ.

Шешендік өнер курсы мазмұнына кең ауқымды көзқарастың тағы бір ұтымды тұсы - біртұтас курс ауқымында мектеп қабырғасында осы кезге дейін енгізілмеген тілтанымдық пәндердің тұтастай кешенін енгізуге мүмкіндік беруі. Бұл пәндердің арқасында оқушылар өз ана тілі жүйесін ғана танып-біліп қоймайды, сонымен бірге қажетті қатысымдық дағдыларға да ие болады. Осындай пәндердің бірі - *педагогикалық риторика*. Педагогикалық риторика қазіргі таңда мектеп пен жоғары оқу орындарында өткізілетін риторика курстарын негіздейді. Мұнда риторика курстарының түрлі концепциялары мен ЖОО-лардағы түрлі факультеттерге арналған бағдарламалар мазмұнының ерекшеліктері айқындалады (А.К. Михальская, Н.С. Шевченко, Л.Г. Антонова, З.С. Смелкова, т.б.), жоғары оқу орындарында шешендік өнерді оқытудың әдістемелік мәселелері қарастырылады (Л.Е. Тумина, Л.С. Якушина, т.б.), сонымен қатар мектеп пен ЖОО-лардағы шешендік өнер курстарының арақатынасы мен олардың бір-біріне бірізді үйлесімділігі зерделенеді (Р.Л. Смулаковская).

Орта мектепте шешендік өнерді оқыту алуан түрлі мәселелер шеңберімен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта орта мектепте шешендік өнерді оқытудың біртұтас әдістемелік кешені қалыптастырылған жоқ. «*Шешендік өнер*» пәнін оқыту, негізінен, гуманитарлық бейінді лицей, гимназиялардың, ішінара орта мектептердің жоғары сыныптарында ғана оқылып келеді. Қазақ тілінде орта мектептердің жоғары 10-11 сыныптарына ғана арналған авторлық бағдарламалар, оқу құралдары жарық көрсе (М.Жармұхамедұлы, Г. Қосымова, А. Сүгірбаева, т.б.), ал орыс тілінде оқушылардың түрлі жас категорияларына арналған, сонымен қатар орта білім мекемелерінің түрлі типтеріне арналған авторлық бағдарламалар мен оқу құралдары басылым көрді (М.Т.Баранов, Н.Н. Кохтев, Т.А. Ладыженская, М.Р. Львов, Т.В. Матвеева, А.К.Михальская, Ю.С. Пичугов және т.б.), дидактикалық материалды іріктеу мен шешендік жаттығулар жүйесін қалыптастыру мәселелері қарастырылып келеді (Т.А. Ладыженская, М.Р. Львов, т.б.), шешендік өнер бойынша аудиовизуалды оқу құралдарын даярлау ісі қолға алынды (Л.М. Зельманова); орта мектепте шешендік өнерді оқытудың бағдарлы бағыттары талқылануда. Мәселен, оны мектептегі оқу үрдісінің барлық кезеңдерінде өз алдына жеке пән ретінде оқыту, V-VII сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті курсы оқушылардың VIII-XI сыныптардағы «Шешендік негіздері» атты өз алдына жеке пәнді оқуға даярлығы ету мақсатында риторизациялау, интегративтік сипаттағы практикалық курстың енгізілу мәселелері күн тәртібіне орынды қойылуда.

Алайда «реформацияның кейбір келеңсіз факторларына» (М.Т. Баранов) байланысты одан қауіптену тұрғысындағы ой-пікірлер де айтылуда. Бұл ой- пікірлердің түйіні әдістеме мен мектеп тәжірибесінде сөйлеу тілін жалпы тілден ажырату, тіл курсы шешендік курсы аясына енгізіп жіберуге, осылайша тілдің оқушылардың тілдік құзіреттілігін қалыптастырудағы мән-маңыздылығын төмендетуден сақтандыруға келіп саяды.

М.Т. Баранов орыс тілінде оқушыларға арналған оқу құралдарының үш түрін атап өтеді: шешендік тарихына арналған (А.К. Михальская. Основы риторики: Мысль и слово. - М., 1996); тіл дамытуға арналған (Т.А. Ладыженская, т.б. Развитие речи: Школьная риторика. - М., 1996); тіл дамытушылық элементтер енгізілген шешендік тарихына арналған (Н.Н. Кохтев. Риторика. - М., 1994; М.Р. Львов. Риторика, - М., 1995 және т.б.). Ғалымның пікірінше, мектепте оқытуға арналған шешендік өнер оқулықтары балаларды шешендікке үйрету әдістемесі кездестіріп отырған қазіргі

дағдарыс жағдайынан шығара алмайды. Мәселен, «Риторика лишь создали дублирующую систему развития письменной речи учащихся, которая уже была отлажена и хорошо работала в действующих программах и учебниках по русскому языку для V-IX классов. Фактически сейчас происходит «надевание» ушедшего из жизни термина на современное содержание, а это по отношению к школе является деянием совершенно бессмысленным» [19,50]. Не болмаса: «Будучи реализованными в программах, в учебниках, в методических руководствах, заложенная в стандарте система обучения публичным выступлениям (при лингводидактически продуманных и последовательных содержании и технологии обучения) спокойно решит и эту проблему в рамках школьного курса русского языка без создания нового специального учебного предмета»

[ 19, 57], деген түйіндері оған дәлел.

Әр мектеп өзі мақсат тұтқан, өзі таңдаған бейіні бойынша тілдік курс мазмұнын өз бетінше таңдай алады. Біздің пікірімізше, мектеп оқушыларына шешендік өнер курсына жеке пән ретінде оқыту қажет әрі заңды. Шешендік өнерді оқытуда басты назар мақсатты да шығармашылық тұрғыдан классикалық риторика дәстүрлерін тануға, гуманитарлық цикл пәндері жүйесіндегі риториканың ролін зерделеуге аударылады, себебі бұл оқушылардың ауызекі және жазба тілін дамыту жұмысын, оларға шешендік өнерді биік деңгейде игерту бағытындағы жұмысты нәтижелі етеді. Бұл ретте филологиялық циклдағы оқу пәндерінің өзара тығыз байланыстылығын қамтамасыз ететін интеграциялау қағидатын қолдану оқушыларға қатысымдық және тілдік (соның ішінде шешендік) білік-дағдыларды тиімді меңгертуге мүмкіндік жасамақ.

Мектептегі шешендік білімнің басты мазмұндық желісін шешендік өнердің жан-жақтылығы мен оның алуан сатылы табиғатын танытатын риторикалық білімнің аспектілі құрылымы құрайды. *Шешендік өнер курсына оқыту* дегеніміздің өзі оның лингвистикалық, лингводидактикалық, элеуметтік лингвистикалық, психологиялық, қисындық және т.б. қырларын жүзеге асыруға бағытталған орта мектепте шешендік өнерді оқытудың тұтастай бір оқыту жүйесін даярлау дегенді білдіреді.

Сондай-ақ баса ескеруді қажет ететін маңызды жайт - орта мектепте шешендік өнерді оқыту әдістемесін қалыптастыруда, оның тиімділігін арттыруда қазіргі заманауи оқыту технологиялары туралы айтпай кете алмайтындығымыз.

Әдіскер-мұғалімдеріміз әр сыныптарда «Шешендік өнер» пәнінен сабақ бере жүріп, оқыту үрдісінде мүмкіндігінше алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияларды қолдануға талпынуда.. Бұл - заңдылық, себебі шешендік өнерді оқытуда да жаңа оқыту технологияларын пайдалану оқыту үрдісін одан әрі тиімді де нәтижелі етер еді. Ал жаңа технологиялардың шешендік өнерді оқытуда да тигізер пайдасы зор болмақ.

Қазіргі таңдағы оқыту үдерісін компьютерлендіру жағдайында шешендік өнерді оқыту формалары көптеген өзгерістерге ұшырамақ. Мәселен, сабақ үстінде қолданылар көрнекілік ретіндегі қандай да бір сөз сөйлеу үлгісін дербес компьютер арқылы балаларға тыңдатуға болады. Оның үстіне қазіргі білім беруді ұйымдастыру ісінде интернет-технологиялар кең қанат жайып келеді. Интернет және компьютер арқылы оқыту үдерісінің басты ұтымды тұстары төмендегідей: *Қашықтан оқыту; Оқушылар санының шектелмеуі; Дербес компьютер жадына әр түрлі дәйектемелік, өмірбаяндық, библиографиялық мәліметтер, жіктелмелер және т.б. енгізу; Алуан түрлі ақпараттық ресурстарды пайдалану мүмкіндігі; Интернет-конференция арқылы бір мезетте көптеген абоненттермен (тыңдаушылармен) жұмыс жасау мүмкіндігі; Атқарылған жұмысты арнайы енгізілген бағдарламалар арқылы мезетінде тексеру, түзеу; Бейнематериалдар көрсету, аудиоматериалдар тыңдату, тестілер орындату және т.б.* [ 20,; 21; 22]

Болашағы зор әрі өзекті мәселе саналатын компьютер мен Интернеттің көмегімен жүргізілетін оқыту технологиялары, *бір жағынан*, шешендік өнерді оқытушы мұғалімнің жұмысын біраз жеңілдетер еді (*техникалық жұмыстарды компьютердің өзі атқара берер еді*), *екінші жағынан*, оқушылар үшін оқу үдерісін қызықтырақ етер еді, сол арқылы олардың пәнге қызығушылықтарын да арттырар еді. Ал бұл өз кезегінде шешендік өнерді оқытудың басты міндеттерінің нәтижелі орындалуына игі ықпалын тигізетін болады. Шешендік өнерді оқыту әдістемесінің аталмыш саласы қазіргі таңда түрен салынбаған тың аймақ ретінде қалуда. Шешендік өнерді оқыту бойынша жүйелі әдістемелік кешен құрылып, оның даму, жетілу жолында әдіскер-ғалымдарымыз аталмыш салаға міндетті түрде ден қойып, оны биік деңгейде, жоғары дәрежеде қолданысқа енгізеріне сенімдеміз.

Ал қазіргі уақытта орта мектепте шешендік өнерді оқыту тәжірибесі теориялық пайымдау (*оқыту әдістері мен құралдарын жүйелеу, дидактикалық материалды іріктеуді ғылыми негіздеу, жаттығулар жүйесін сараптау және т.б.*) тезіне түсе қойған жоқ. Ал бұл өз кезегінде жүргізіліп жүрген сабақтардың тиімділігін төмендетіп, білім сапасының нашарлауына, оқушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастыру үдерісінің өз дәрежесінде жүргізілмеуіне себепкер болуда.

Осы жайттарды арhгiа тiзе келе айтарымыз: *отандық және шетелдiк әдiскер-ғалымдардың осы уақытқа дейiнгi жалпы шешендiктану iлiмi арнасында жүргiзiлген алуан қырлы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерiн сараптай, саралай отырып, қазақ орта мектептерiнде шешендiк өнердi оқытудың ғылыми-әдiстемелiк негiзiн қалыптастыру қажет; осындай ғылыми-теориялық және әдiснамалық зерттеу негiзiнде жалпы бiлiм беретiн қазақ орта мектебiнде шешендiк өнердi оқытудың бiрiздi, ғылыми тұрғыдан сараланған, жүйеленген әдiстемесiн даярлау қажет; оқыту әдiстерi мен құралдарын жетiлдiрiп, дидактикалық материалды iрiктеудi ғылыми негiздеi отырып, жаттығулар жүйесiн сомдау керек. Әрине, бұл үдерiс бiр күннiң ғана iсi емес, қандай да бiр iлiм-ғылымды адам бойына дарыту, оқыту әдiстемесiн қалыптастыру - ұзақ уақытты талап ететiн үдерiс.*

Жинақтай айтсақ, мектеп риторикасына қатысты зерттеулердiң негiзiнде қазақ мектебiнiң V сынып оқушыларының ана тiлiнде өз ойын шешен де шебер жеткiзе бiлу дағдыларының қалыптасуына арнайы зерттелген шешендiк өнердi оқыту әдiстемесi арқылы ғана кең тұрғыда қол жеткiзуге болатындығы турасындағы болжам орынды; Себебi, жалпы бiлiм беретiн қазақ орта мектебiнде шешендiк өнердi оқыту жан - жақты жетiлген, кең дүниетанымды, қоғамдық өмiрдегi қарым-қатынастың алуан жағдаяттарына бейiмделе алатын, шешендiк күзiреттiлiгi жоғары тұлға даярлауға мүмкiндiк бередi. Олай болса, оқушылардың шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдiстемелiк жүйе арқылы оқыту дидактикалық қағидаттармен қатар, шешендiк өнердi оқытудың арнайы қағидаттары мен әдiстерi арқылы жүргiзiлсе, нәтиже сапалы болмақ. Шешендiк бiлiк-дағдыларды қалыптастыру жұмыстарын, олардың формаларын түрлендiрiп отыру оқушылардың сөйлеу шеберлiгiн шындауға орасан зор ықпал етерi даусыз. Демек, шешендiк өнердi оқытуда оқушылар тiлiн шешендiк сөздер үлгiсiмен және алуан түрлi ойындар, рөлдiк тренингiлер (*ойбөлiс, ойталқы, пiкiралмасу және т.б.*) арқылы дамыту жоғары бiрегей нәтиже бермек. Оқушылардың шешендiк бiлiк-дағдыларын қалыптастыру, дамыту жұмысы бiлiм беру және тәрбие жұмысымен тығыз байланыста жүргiзiлуi қажет. Нәтижеде айтарымыз – әлемдiк риторика iлiмi қағидаттары мен қазақ халқының ұлттық шешендiк дәстүрi негiзiнде шешендiк өнерiн оқыту әдiстемесiнiң жасалуы - қазақ тiлiнiң мемлекеттiк мәртебесiнiң артуына, әлеуметтiк қызметiнiң кең қанат жаюына ықпал етер игi қадам.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Аристотель. Этика. Политика. Риторика. Поэтика. Категории. Минск, 1998. – 1392 с.
2. Аль-Фараби. Трактат о канонах искусства поэзии. Логические трактаты. - Алма-Ата: Наука, 1975. – 542 с.
3. Ломоносов М.В. Краткое руководство к риторике на пользу любителей сладкоречия // Ломоносов М.В. Полн. собр. соч. М.; Л., 1952. Т.7. – 233 с.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // Байтұрсынов А. Шығармалары / Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С. – Алматы: Жазушы, 1989. – 298 б.
5. Адамбаев Б. Шешендік өнер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 204 б.
6. Мәметова Ә. Шешендік сөздер // Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1945. – I т. – 285 б.
7. Сыздыкова Р.С. Шешендік сөз // Қазақ әдеби тілінің ауызшы түрі – Алматы: Ғылым, 1987. – 111 б.
8. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997 – 208 б.
9. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті – Алматы, 2006. – 140 б.
10. Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері / (*Жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдері бойынша*), Монография. – Алматы: Білім, 2000. – 270 б.
11. Апресян Г.З. Ораторское искусство. 3-е изд. – М.: Изд-во МГУ, 1978. – 278 с.
12. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. - Орал: «Ағартушы» баспа- лингвистикалық орталығы, 2004. – 156 б.
13. Қыдыршаев А.С. Шешен-лектор профессиограммасы. Орал, БҚМУ баспасы, 2004. – 56 б.
14. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (*Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары*). Оқу құралы. – Орал, 2017. – 364 б.
15. Пряхин М.Н. Риторика в системе тривиума (К проблеме определения понятия «риторика») // В сб. «Риторика в системе коммуникативных дисциплин». (Санкт-Петербургский государственный горный институт (технический университет). - Спб, 2005. Записки горного института. Т.160, Ч.I, - С.33-36.
16. Минеева С.А. Риторика диалога: категориальный аппарат (Проблемы и противоречия развития) // В сб. Риторика в системе коммуникативных дисциплин. (Санкт-Петербургский государственный горный институт (технический университет). - Спб, 2005 (Записки горного института. Т.160, Ч.I. – С.52-54.

17. Иваненко В.К. Риторика: теория и практика целесообразной речи // Вестник Запорожского государственного университета: сборник научных статей. - Запорожье, 2004. – С.64-68.
18. Граудина Л.К., Миськевич Т.Н. Теория и практика русского красноречия. – М.: Наука, 1989. – 254 с.
19. Баранов М.Т. От риторики к развитию речи в школах России // Русский язык в школе. - М., 1998. - №4. – 24 с.
20. Климова М.В. Удивительная риторика. –М.: Энас-книга, 2017. – 192 с. (О чем умолчала учебники)
21. Ладыженская Т.А., Ладыженская Н.В., Ладыженская Т.М., Марысева О.В., Книга для учителя. Детская риторика в рассказах и рисунках. Методические рекомендации. 4 класс. –М., «Баллас», «С-инфо», 1997. – 97 с.
22. Ладыженская Т.А., Ипполитова Н.А., Вершинина Г.Б. и др. Школьная риторика, 5 класс. Методические рекомендации / Под ред. Т.А. Ладыженской. – 2-е изд., перераб. – М. Издательский дом «С-инфо»; Издательство «Баллас ЛТД», 1998. – 128 с.
23. Вагапова Д.Х. Риторика в интеллектуальных играх и тренингах. – М.: Цитадель, 1999. – 460 с.
24. Сагач Г.М., Юнина Е.А. Риторика в интеллектуальных играх. – Киев, 1990. – 293 с.

### ӘОЖ 373.3

## ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИ – ТІЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ МЕН ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

**Б.Ө.Жексенғалиев,**

*Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының кеңесші-сарапшысы*

Елімізде басталған қазақ жазуы реформасының басты мақсаты тілдің табиғи заңдылығы үндесімге негізделген, туған тілді өзге тілдер ықпалынан қорғайтын ұлттық әліпби қалыптастыру деп түсінеміз. Басты мәселе - күні бүгінге дейін тілімізде қолданылып келген қосамжар орфографияға, емле жүйеміздегі тіл бұзар жат тілдік ережелерге қатысты болып отыр.

Тіліміздегі осы «тіл бұзар ережелерден» тек жазу әрпін ауыстыру арқылы ғана емес, тұтас жазу нормалары мен қағидаттарына деген қалыптасқан көзқарастан арылу арқылы ғана құтыла алатынымыз анық. Тіл табиғи болмысын сақтау үшін өзге тілдің ықпалына түспей, өз заңымен өмір сүруі керек. Сондықтан да жаңа қазақ әліпбиі қазақ тілі реформасына бастау бола алатын ұлттық әліпбиге айналуы керек деп есептейміз.

Жақында Үкімет отырысында мақұлданған жетілдірілген әліпби жобасы (1 қосымша) мен белгілі фонетист-ғалым Ә.Жүнісбек ұсынған ұлттық әліпби жобасын (2 қосымша) осы міндеттер мен талаптар тұрғысынан салыстырып көрейік.

Біріншіден, қазақ тілінің төл дыбыстары (28 әріп) таңбаларынан ғана құралған Ә.Жүнісбек жобасы ұлттық әліпби ұғымына толық сай келеді. Бөгде тіл дыбыстарының әріптері әліпбиде жоқ, яғни тіліміздің қазіргі қосамжар айтылым-жазылым жүйесі түбегейлі өзгереді, қазақ тілі өз заңымен өмір сүруге мүмкіндік алады деген сөз. Ал жетілдірілген деп ат қойылған әліпбиді (31 әріп) ұлттық деп айту қиын. Бір айта кетерлік жай: жетілдірілген әліпби жоба авторлары қазір БАҚ-та жетілдірілген әліпби жетістігі ретінде «*жаңа әліпбиде қазақ тілінің төл 28 дыбысы әріптері толық қамтылған*» дегенді жаппай қайталауда. Бұл жаңалық па, жетістік пе? Қазақ тілінің төл дыбысы әріптері қазақ әліпбиінде болмағанда қай әліпбиде болады? Қазіргі кирилл әліпбиімізде де төл әріптеріміз түгел. Әңгіме төл әріптерден тыс жат тілдік дыбыс әріптерінде болып тұр ғой. Жетілген әліпби авторлары «*42 әріптен 31 әріпке жеңілдеп қалдық*» деп отыр. Неге бірден 28 әріпке жеңілдемедік? Жат тілдік бір топ әріптердің әліпби құрамында (v - в, f - ф, i - и, h - х, h) қалдырылуының қандай ғылыми негізі бар? Бұл жазу жүйесіне ұлттық сипат беру мақсатына қаншалықты сәйкес және бұл жағдайда «*кез келген бөгде сөзді өз тілінде жазуға икемді әліпбиді*» қалай қалыптастырамыз?

Қазіргі жазу жүйеміздегі қосамжар емлені жетілдірілген әліпбидегі жат тілдік әріптер арқылы жаңа емлеге апаратын болсақ, бұл әліпбиге ұлттық дегеннен гөрі қазақ-орыс әліпбиі ұғымы сәйкес келетін сияқты. Сенбесеңіз, 2020 жылдың желтоқсан айында осы жетілдірілген әліпби негізінде ұсынылған жаңа қазақ тілі емлесі жобасына көз салыңыз. Жүздеген, мыңдаған бөгде сөздер бұрынғысынша орыс орфографиясымен жазыла беретіні көрініп тұр, әріп түрі өзгергенмен жазылым нормасы өзгеріссіз қалған. Мысалы: «*banknot-банкнот, moderator-модератор, onlain - онлайн, oflain-офлайн skrinşot-скриншот, barmen -бармен, blokbaster-блокбастер, stepler-степлер, planşet-планшет* (§97)». Ал өзгертіледі, қазақ тілі заңына бағынады деген мына топ сөздердің

жазылымы таза қазақша ма әлде шала қазақша ма екенін өзіңіз шамалап қараңыз: мапöвт-манөвр (§76), kvars - кварс, (§77), прапорѣик - прапоршік (§78), elevator - елеватор (§79), glükoz-глүкоз (§80), völfрам-вөлфрам (§96). Шынын айтсақ, бұл сөздерді қазақ тілі заңдылығын керісінше бұзып тұрған сөздер ретінде мысалға алуға болады. Осылай жол берсек, болашақта тіл бұзар жат сөздер легі өсе түсетіні де рас.

Екіншіден, «бір дыбыс – бір әріп» қағидаты ұлттық әліпби жобасында толық сақталған, ал «бір дыбыс – бір әріп» қағидаты жетілдірілген әліпби жетістігі деп құрастырушылар қанша айтса да, бұл жетілдірілген әліпбиде осы қағидатқа қайшы келетін тұстар бар. Нақты айтсақ, төл сөздерде қосар «**ый, ій**» дыбыс тіркестерін бір «**і**» әрпімен, «**үу, үу**» дыбыс тіркестерін бір «**и**» әрпімен таңбалау ұсынылған. Ғалым пікіріне құлақ ассақ, бұл қазіргі кирилл жазуымыздағы басы артық, тіл табиғатына қайшы, керексіз ережелер екенін профессор Ә.Жүнісбек толық дәлелдегенін, сондықтан төл сөздерімізде сөз басында және дауыссыздардан кейін жазылып жүрген «**и, у**» әріптерін жуан, жіңішке буынды сөздерде «**ый, ій, үу, үу**» дауысты-дауыссыз тіркесі түрінде жазу қажеттігі туралы шешуші сөзді академик Р.Сыздықова айтты деп ойлаймыз («Қазақ әдебиеті», 14.09.2018 ж.).

Ұлттық әліпби жобасында Ақаңның ақ жолы бойынша бұл мәселеге нүкте қойылған. Тіл дыбыстары тілдің бұлжымас заңына сәйкес айтылса, таңбалануы да сол заңға сәйкес болмақ. Оқытушыға да, оқушыға да тіл таныту, тіл тану үрдістері жеңілдей түседі.

Шеттілдік сөздердегі «**и, у**» (сөз басында және дауыссыздан кейін) дыбыстарын «**ый, ій, үу, үу**» әріптерімен жазсақ, шұбалаңқылыққа ұшыраймыз деген уәждер айтылуда. Өзге тілден алынған сөздерде бұл дыбыстарды барлық жағдайда қос әріптермен жазу тіпті міндетті емес. Орыс тілінде (ал біз терминдерді осы тіл арқылы алып келдік) бұл әріптер (и, у) қос дыбыстарды емес, дара дауысты дыбыстарды таңбалайды. Сондықтан бұл дыбыс әріптерін қазақ тіліндегі ұқсас балама дауысты дыбыс әріптерімен берген дұрыс және бұл біздің жазу тарихымыз үшін жаңалық емес. Ертеректе тілімізге енген кірме сөздердің жазылымын қарайық. *«Бәтеңке (ботинка), керзі (гирза), тұрба (труба), орыс (русский), әртіс (артист), кәрзеңке (корзина), кірпіш (кирпич), сот (суд), пұт (пуд), көшір (кучер), шенеунік (чиновник), көпес (купец), бөтелке (бутылка) т.б.*

Үшіншіден, ұлттық әліпби жобасында әріптердің орналасуы мен төл дыбыстардың таңбалануы да тілдің басты заңы үндесімге негізделгендіктен әріптер мен арнайы белгілер буын таныту, сөз таныту қызметтерін атқарып тұр. Мысалы: жуан-жіңішке буын айтылымын білдіретін жұп дауыстылардың (а- ä, о- ö, и-ü, і-і) қатар орналасуы тіл табиғатына тән. Жетілдірілген әліпби жобасында керісінше айтылым-жасалымы мүлдем бөлек дауысты дыбыс таңбасы мен дауыссыз дыбыс таңбасының қатар берілуі («**и- і**» мен «**і- й**», «**и-у**» мен «**и- ү, ү-ү**») орналасуы сұрақ тудырады.

Төртіншіден, ұлттық әліпби жобасы қабылданған түркі тілдес халықтарына ортақ әліпбиіне (1994) жақын болса, жетілдірілген әліпбиде жекелеген әріптерді таңбалауда керісінше алшақтық байқалып тұр. Ұлттық әліпби жобасында жұп дауыстылар (I і – ы, II – і және Uu – ұ, Ü ü -ү), сол сияқты сонар «**й, у**» дауыссыздары таңбасы да ортақ әліпби үлгісімен (Yu - й, Ww –у ) берілген. Жетілдірілген әліпбиде тап осы таңбалар өзгеше берілген (дауыстылар жұптары: Yu-ы, Ii – і, Ü ü – ү, Ü ü –ү және сонарлар: II – й, Uu –у).

Бесіншіден, әліпби құрамындағы әріптер санын да салыстыруға болады. Әліпбиде неғұрлым әріп аз болса, ол соғұрлым жазуға жеңіл деген ұғым бар. Бұл жағынан да ұлттық әліпбидің артықшылығы анық.

Ең бастысы, Ә.Жүнісбек ұсынып отырған ұлттық әліпби жобасы ХХ ғасыр басында ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының төте жазу әліпбиі көрсеткен ақ жолды бүгін жалғастыратыны даусыз. Белгілі тілші-ғалымдардың (Е.Қажыбек, А.Салқынбай, Б.Қапалбек т.б) бұл жобаны қолдап отырғаны да сондықтан. Қоғам болып қолдай алсақ, бұл ұлттық әліпби тәуелсіз қазақ ұлтының ұлттық санасын да жаңа деңгейге көтеретіні, дүр сілкіндіретіні сөзсіз. Қазіргі қазақ қоғамына, әсіресе өзін қор, өзгені зор санайтын бодандық санадан ада жас ұрпағымызға «*менің тілім ешбір тілден кем емес, әлемнің барлық тілдерінен қазақ тіліне қызмет етуге келген сөздерді мен өз тілімнің дыбыстарымен айта аламын және жаза аламын*» деген сенім қажет. Бұл осы тәуекел қадамды жасасақ, жат тілдің ықпалынан тынысы тарыла бастаған қазақ тіліне өз заңымен өмір сүруге мүмкіндік берер едік.

Ал жетілдірілген әліпби қанша жетілсе де, таза тіл мен асыл емлеге бастау бола алмайтыны анық. Әліпби құрамында өзге тілдік әріптердің бір бөлігін алып қалып, тілге қиянат жасайтын жат тілдік ережені емлеге енгізіп отырсақ, бұл әліпби қалай ұлт тілін жарылқайды?

**«Халықтың тілі – халықтың төлқұжаты. Мұны әрдайым есте ұстау керек. Біле білсек, ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады»** (ҚР Президенті Қ.Тоқаев, 20.05.2020 ж., «Егемен Қазақстан») Бүгін тарих ұлт пен ұлт тіліне даму мен өркендеуге жаңа мүмкіндіктер беріп отырғанда тіліміздің ата заңына өріс беру арқылы ғана біз тілімізді табиғи таза қалпында сақтап



қала алатынымыз анық. Әлі де кеш емес, «ұлт үшін деген ұлы істі» (А.Байтұрсынұлы) дұрыс жолға түсірейік, ағайын!

## 1 қосымша

### Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі (жетілдірілген нұсқа, 28.01. 2021)

№	Латын	кирилл	Әріп аты	№	Латын	кирилл	Әріп аты
1	Aa	Аа	а	17	Ɔ ɟ	Ңң	Ың
2	Ä ä	Әә	ә	18	Oo	Оо	о
3	Bb	Бб	бы	19	Ö ö	Өө	ө
4	Dd	Дд	ды	20	Pp	Пп	пы
5	Ee	Ее	е	21	Qq	Ққ	қы
6	<b>Ff</b>	<b>Фф</b>	фы	22	Rr	Рр	ыр
7	Gg	Гг	гі	23	Ss	Сс	сы
8	Ǵǵ	Ғғ	ғы	24	Ş ş	Шш	шы
9	<b>Hh</b>	<b>Хх (hh)</b>	хы	25	Tt	Тт	ты
10	<b>I i</b>	<b>Йй (Ии)</b>	йй	26	Uu	Уу	уу
11	I i	İi	і	27	Ū ū	Ұұ	ұ
12	Jj	Жж	жы	28	Ū ū	Үү	ү
13	Kk	Кк	кі	29	<b>Vv</b>	<b>Вв</b>	вы
14	Ll	Лл	ыл	30	Yy	Ыы	ы
15	Mm	Мм	мы	31	Zz	Зз	зы
16	Nn	Нн	ны				

## 2 қосымша

### Ұлттық әліпбиі жобасы (Ә.Жүнісбек ұсынған жоба)

№	әріп	дыбыс	№	әріп	дыбыс
1	Aa	[a]	15	Nn	[н]
2	Ä ä	[ә]	16	Ɔ ɟ	[ң]
3	Bb	[б]	17	Oo	[о]
4	Gg	[г]	18	Ö ö	[ө]
5	Ǵǵ	[ғ]	19	Pp	[п]
6	Dd	[д]	20	Rr	[р]
7	Ee	[е]	21	Ss	[с]
8	Jj	[ж]	22	Tt	[т]
9	Zz	[з]	23	Ww	[у]
10	Yy	[й]	24	Uu	[ү]
11	Kk	[к]	25	Ū ū	[ұ]
12	Qq	[қ]	26	Ş ş	[ш]
13	Ll	[л]	27	I i	[ы]
14	Mm	[м]	28	I i	[і]

## ШЕШЕНДІК ДАҒДЫ – ТАБЫС КЕПІЛІ

**А.С.Қыдыршаев,***Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор***О.А.Қыдыршаев,***Назmony steam мектебінің мұғалімі, магистр (Астана)***Д.А.Шакуова,***БҚО Казталов ауданы әкімі аппаратының**Ұйымдастыру және бақылау бөлімінің бас маманы, магистр***М.А.Қыдыршаев,***Италия университеті (Universita di Siena) магистратурасының грант иегері, магистрант*

Шешендік өнер қай заманда да, қандай қоғамда да қауымға, көпшілікке қайтарымды әсер ететін, тұлғаның санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытатын орасан зор қуатты құрал емес пе. Шешендік күні бүгінге дейін құдірет-күшін, қарым-қасиетін жоймаған өнер делінеді. Ендеше, осынау бір таңғажайып тамаша өнердің тұңғығына бойлап, кереметіне кенеліп көргенге не жетсін! Шешендік өнер - сөз өнері, сөйлеу өнері. Аталған сала - өнер атаулының ең қиыны да күрделісі. Ахмет Байтұрсынұлы данышпан сөз өнерінің адам санасының үш негізіне тірелетінін баса айтқанды. Біріншісі - ақылға, екіншісі - қиялға, үшіншісі - көңілге. Ақыл ісі - аңдау, яғни, нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі - меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі - түйю, талғау. Шешендік өнердің ең күрделілігі - осы үш негізді ажырата білу. Ал осы үш негізді адам санасының игеруі, әрқайсысын орнымен, кезегімен пайдалана білуі - бұл оның еріккеннің ермегі еместігі [1;2].

Қиын да күрделі шешендік өнерін қазақ халқы ертеден ерекше бағалаған. Халық арасындағы шешендік – өз қадір-қасиетін жоймаған, әрқашан дамуын тоқтатпаған ең өміршең өнер. «Бір сөз айтсаң жақсыға, аталы сөзге тоқтайды. Бір сөз айтсаң жаманға, өмірінде ұқпайды. Надандықтың белгісі, өзін-өзі мақтайды. Көкірегі соқырға, өмірде таң атпайды. Шешеннің сөзі шын асыл, қап түбінде жатпайды» деген тұжырымда Жанқұтты би дүлдүл шешеннің аталы да баталы сөзінің қадір-қасиетін барынша құрметтеп, шын асылға, мол қазынаға, баға жетпес байлыққа теңеген. Шешендік, ең алдымен, көкейдегі ойды жүйелі құрау мен айтылмақ пікірді ұтымды жеткізудің, көпшілік алдында сөз сөйлеу шеберлігінің ең жоғарғы сатысы. «Шешендік - өнер, сол өнермен қарулансаң ғана шешендікті игеруің мүмкін» деген пайымға құлақ қойсақ, жоғарғы қағиданы игерген, сөз өнерінің тұңғығынан сусындаған, тапқыр ойды көркем тілмен өрнектей білетін, оқыс айтылған пікірге қисынды әрі жедел жауап қайтаратын, жүрекке әсер етіп, ақылды бағындырып, адамдарды иландыру секілді ерекше қасиеттерге ие адамдарды шешен немесе ритор деп атаймыз.

Бір шешеннің топты жойқын, буырқанған шабытымен билеп төстейтінін, екіншісі - әсем жеткізу шеберлігімен, үшіншісі – әзіл-оспақ, күлдіргі, айтқыштық талантымен, төртіншісі - жүйелі, сабақтас, анық баяндауымен баурайтындығын айтқан белгілі сыншы В.Г.Белинскийге сүйенсек, шешендердің өз ойын жеткізудің сан түрлі ерекшеліктері мен жолдары бар. Шешен алуан түрлі аудиториямен кездесіп, ой бөліседі. Барлық жердегі тыңдаушылар бірдей болмасы да белгілі. Осындай сәттерде шешеннің әр тыңдаушының санасына сай, қабылдау қабілетіне орай өз пікірін мың түрлі шеберлікпен, тапқырлықпен жеткізе алуы оның жан-жақтылығын, біліктілігін айқындары даусыз. Десек те, шаршы топтың алдына екіншісі бірі сөйлеп шыға алмайды. Сөйлесе де, өз сөзі арқылы тыңдаушыны еріксіз баурап, бар жанарды жаулап, жүйелі һәм жігерлі де рухты сөзі арқылы көпке ой тастау – қиынның қиыны. Ал тұлға боламын, күрмеуі көп мәселені шешкім келеді, елімнің жоғын жоқтап, келешегі үшін қызыл кеңірдек боп кеңескім келеді деген адамға міндетті түрде шешендік қажет. Олай болса, шешендік – құрыққа оңай түсетін жуастықтың белгісі емес. Шешендік – асау да арда тұлпар. Сонысымен де шешендік кез келген тұлғаны көкке жетелейді, көпке танытады [2;3].

Біле білсек, барлық заманда да тіл байлығы мен шешендік өнер қатар жүруде. Демек, шешендік білік-дағдыларды қалыптастыру – заман талабы. Ал адам атаулының қай-қайсысы да дұрыс та дәл, әрі шешен сөйлей білуді жете меңгеруге ынталы. Себебі бұл өзге адамдармен жылы да жағымды қарым-қатынас орнатуға және оны сақтауға мүмкіндік береді. Әр түрлі салада жетістікке жетуге көмектеседі. Шешендіктанудың (риторика) ғылым ретінде дамуы мыңдаған жылдарды қамтиды. Әрбір кезеңге сәйкесті оның мазмұны да әрқилы. Ол әдебиеттің ерекше жанры есебінде де, сөйлеу шеберлігінің білгілі бір түрі есебінде де, ауызша сөйлеу ғылымы әрі өнері ретінде де қарастырылады. Қазіргі таңдағы зерттеу еңбектерінде шешендіктану кешенді пән ретінде

қарастырылып, құрамына тілдік қарым-қатынастың логикалық, лингвистикалық, филологиялық және тәжірибелік аспектілерін қамтиды. Бұл орайда тәжірибелік тұрғыдағы шешендіктану әрі ғылым, әрі өнер сатысында аталады. Біздіңше, аталмыш ғылым саласына қатысты кейбір білік-дағдылар жиынтығын әрбір кәсіби маман атаулы өз бойына шоғырландыруы тиіс. Мәселен, орта ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Шалкиіз жырау: «Шешен жігіт – жол бастар, батыр жігіт – қол бастар» деген. Расымен де, сөзді өзіне бағындырған, сөйлеу мәдениетін еншілеген адамға халық арқа сүйейді, оны тірек етеді. Шешен сөйлей білу – тұлға боламын деген әр адамға міндет. Бәрі де – бір-бір миссияның жолында жүрген адамдар. Ендеше, өз миссиямызды толықтай атқарып шығу үшін бізге сөйлеу керек. Жай сөйлеу емес, көсілте, шындықты көрсете сөйлеу керек. Ал тәжірибелік шешендіктану ілімі қарастырар қағидалар әрбір маманға әрқилы аудитория алдында қалай жұмыс жасау, сан алуан адамдармен қалай тіл табысу хақындағы практикалық іс-әрекеттер кешенін ұсынбақ. Ең бастысы өз сөйлеген сөзіңе сергек қарауды үйретеді. Нәтижеде қалай сөйлеу және сөйлеу дағдыларымызды қалай жетілдіру амалдары туралы ойлантады. Ал бұл орайлас білік-дағдылар ХХІ ғасыр арнасында ауадай қажетті, демек, жақсы сөйлей білу – жекелеген адамның істегі табыс кепілі ғана емес, сондай-ақ бұл еліміздің әлеуметтік жағынан өркениетті де сәтті дамуына алғы шарт. Адамдардың тілдік қатынас мәдениеті - қоғамның өркениетті, толерантты және мәдени тұрғыда қалыптасуының алғышарты. Ал бұл іспеттес мәдениет әрқайсымыздың бір-бірімізбен қарым-қатынас жасай білу мәдениетіміз арқылы жинақталмақ. Бұны әрдайым есте сақтау жөн. Сондай-ақ әрбір жас маман осы маңызды салада терең ойлана отырып, бүгінгі таңда елімізге қажетті қоғамдағы мәдениетті де өркениетті коммуникативті қарым-қатынастың қалыптасуына өз септігін тигізуі қажет [2;3;4].

Дау жоқ, жақсы шешен болып қалыптасу көл-көсір тер төгуді, дамылсыз машықтану жұмыстарын талап етеді. Мәселен, Өз Жәнібек хан билерінен: «Жігітке жақсы болу үшін не керек?» деп сұрайды. Қазақтың ауызы дуалы тұлғалары: «Жігітке бірінші білім, екінші ғылым, үшінші ұғым керек» деген. Ал Рим шешені Марк Тулий Цицерон: «Адам бойында талант, терең білім, қалыптасқан дағды болуы керек, осы үшеуі сай болғанда ғана нағыз шешен қалыптасады» деген. Екі ғасырдың ұлы сөз шеберлері бір-бірімен дәл үйлесіп, ойлары бір жерден табылып тұрған жоқ па?! Ғалым Мәулен Балақаев: «Тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің шыңы – шешендік өнер» дейді. Әр дәуірдің өз тынысы, өз талғамы, заманына сай адамы болғанымен, өнерге деген құрмет пен пайымдау дәлме-дәл келіп отыр. Бұдан байқайтынымыз: шешендік өнердің өлмейтін өміршеңдігі. Демек, сөйлеу сәтінде көпшілікті сендіре, иландыра, көз жеткізе алуға шешен ойлау заңдарын меңгеріп, композиция және айғақтама ережелерін сақтағанда, сөйлеу мәдениетіне ие болып, өзінің сөйлеген сөзінде жалпы, әлеуметтік психология заңдарын қалай қолдануды білгенде, коммуникативті мәдениеттің нормаларын ескеріп, сөйлеу техникасын үнемі жетілдіріп отырған жағдайда ғана қол жеткізе алады. Бұл ретте кез келген оқулық та, оқу құралдары да тек көмекші рөл ғана атқарады. Олар тек негізгі жолға бағыт қана сілтей алады. Ал нақты білік-дағдыға әркім өзімен жүргізген тынымсыз жұмысы мен шешендік әрекеттің тәжірибесі арқылы қол жеткізеді. Демек, осы ретте тәжірибелік шешендіктану көмекке келмек. Мәселен, Махамбет университеті бойынша өткізілген дәстүрлі шешендік байқауы барысында шешендік өнерді жаңадан бастап үйренушілерге бірқатар тәжірибелік кеңестер мен ұсынбалар берілді. Бір шоғыры мыналар: нақты іске қатысты айтарыңыз болғанда ғана және мәселеге қатысты сөйлеудің қоғамдық мәні барлығына көзіңіз жеткенде ғана сөйлеу; Айтылар сөз талқыланып отырған мәселенің көлемінде ғана болуы, қатаң түрде жете тексерілген, мұқият іріктелген деректерге сүйену; Баяндау тілі мен стилінің аудитория мен сөйленер сөз мақсатына сәйкес болуы; Шешеннің мүмкіндігінше жаттанды кітаби стильден аулақ болуы, ал барлық жағдайда кеңселік стильден қашуы; Аудиторияға құрмет көрсету бағытындағы сөздерді жиірек қолдану; Фразалардың қысқаларын үлкенірегімен алмастырып отыру; Терминдерді жиі қолданбау; Аудиториямен байланысты сәтімен үйлестіру үшін, тыңдаушылармен ортақ тіл табысуды орнату, аудиторияға достық көңілмен қарау, менмендік көрсетпеу; Тиісінше нық, түсінікті, мәнерлі сөйлеу, сондай-ақ қажет болмаған жағдайда дауыс көтермеу; Өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тежеу дағдыларын меңгеру. Сөйлеу сәтінде тыңдаушыларға қатысты жағымсыз эмоцияны танытпау, ал жағымды эмоцияларды кең көлемде жүзеге асыру; Сөйлеген сөздің эмоционалды, қызу болуы, өзіндік идеяға тыңдаушылардың сезімін оятуға ұмтылу. Тыңдаушы атаулының тек сөз тыңдап қоймай, сонымен бірге белгілі бір толғанысты күйді басынан өткере алуы; Аудиториямен байланысты бірер секундқа да жоғалтпай, тыңдаушылардың реакциясын бақылау, беталды босқа сөйлемеу; Шешеннің танымалдығы, оған сенім, оның сыртқы түрі, қарым-қатынас мәнері мен тәртібі қаншалықты әр түрлі әлеуметтік топтарға берілген сипаттамалар мен жазылмаған заңдарға сәйкестілігіне бірден-бір байланысты екенін ескеріп отыру; Ымның қашан да сенімділік, салмақтылық, жылылық ұялататындай болғаны, ал ишараттың аз-аздан, бірақ дәл де мәнерлі болуы; Тәрбиелеуге бейім сарындылыққа, еш әсерсіз құр ақылгөйсушілікке жол бермеу,

тағы басқа. Қысқасы, тәжірибелік шешендік іс-әрекеттің жемісті дамуына септесер аса қажетті қағидалар сапына шешеннің жалпы мәдениеті; оның өзінің пікір-тұжырымының болуы; қабілеті; өзін-өзі тәрбиелеуі; үнемі өз бетімен білім алуы; өзіндік мәдени деңгейін көтеру бағытындағы жұмыстардың болуын да қосар едік. Демек, әрбір кәсіби маман бойында осы аталған тәжірибелік шешендік білік-дағдылардың болуы - заман талабы [2,15-25-б.б.].

Шешендіктану іліміне сүйене айтсақ, шешеннің сөйлеуінде сөзге өзіндік әсемдік беріп тұратын сан түрлі көркемдегіш құралдар мен айла-тәсілдер қолданылады. Бұл ретте М.Т.Цицерон: «Шешенде диалектиктің тапқырлығы, философтың ойы, ақынның тілі, заңгердің жады, трагиктің дауысы болуы тиіс» деген. Осы Марк Тулий Цицерон тізген топқа шешенде сонымен қатар шырайлы да шуақты, жеңіл де жылы, астарлы юмор болуы тиіс деген пікірдеміз. Демек, шешендіктанудағы юмор аса маңызды. Юмор – әзіл астындағы салмақтылық. Юмор (ағылшын тілінде humor - көтеріңкі көңіл-күй) - өмірдегі жағымды объектілер мен болмыстың жеке бір мінін, «әттеген-ай» дегізерлік әлсіз, жөнсіз жағын жеңіл күлкі, әзіл-оспақпен, көңілді симпатиямен тәлкек етудің, бағалаудың бір түрі. Юмор - өмірдегі күлкілі болмыс, құбылыс, факті, оқиғаларға эстетикалық қатынастың бір түрі. Юмор - өмір толқындарындағы құтқарушы шеңбер (Раабе). Астарлы юморды, ең алдымен, қажетті жерде ұтымды пайдалана алу қабілеті – әрбір шешеннің тыңдаушысын жалықтырып алмауы үшін, сөйлеп тұрған аудиторияға асқан қаталдықпен емес, көтеріңкі көңіл мен жылы күлкі орнату үшін аса маңызды құралдардың бір түрі. Виктор Гюго «Күлкі күн іспеттес, ол адам жүзінен қысты қуады» деген. Кейде түндей түнерген, қабағынан қар жауған, көңілсіз аудитория мен тыңдаушыларға тап болып жатамыз. Осы кезде білік-дағдылары бойына толық дарыған іскер де шебер шешен сөз арасында астарлы юморды пайдалана отырып, кез келген көңілсіз күйге жылы күлкі мен шуақ ұялатып, аудитория мен тыңдаушыға ерекше бір әсерлі сезім сыйлайды. Юмор - адам бойына табиғаттан даритын ерекше қасиет, сондықтан да юмордың кез-келген адамның бойынан табылмайтындығы сөзсіз. Ал енді юморға қандай адамдар икемді, бейім болады? Біздіңше, олар сан қилы. Мәселен, өзінен гөрі басқаның қамын ойлайтын адамға, болашаққа сүйіспеншілігі, жан жылылығы мол, кешірімді, қайырымды адамдар юморист болады. Юмор - батыл, туралықты айтудан тайынбайтын, қорқақтыққа, сасқалақтыққа бой алдырмайтын, дертті түйреп тастайтын адамдардың үлесі. Юмор – үлкен рухани, идеялық күштіліктің белгісі. Юморға біреудің табысына, жақсылығына қуана білетін, басқаны, жалпы адамды сүйетін, құрметтейтін, соларды қуантуды ғанибет санайтын, жұртпен сырласып, әзілдесуді мұрат тұтатын адамдар бейім келеді. Юмор - жаны сау, тәні сау, көңіл-күйі жақсы, әлеуметтік теңдігі, өзіндік пікір білдіруге еркі бар адамдардың сыбағасы. Осы іспетті тұжырымдарға қарай отырып, біз бойында юмористік қабілеті бар адамдардың осал еместігін аңғарамыз. Ал біз шешен адамдарды юморға икемді адамдардың қатарына оңай кіргізе аламыз, себебі нағыз шешеннің тұлғасында юмордың кішкентай болса да жұрнағы болуы әбден заңды. Сондай-ақ, юмор - өнер. Ол да оқуды, тоқуды, көп ізденіп, тәжірибе жинауды, қақтығысқа жиі түсіп ысылуды қажет етеді. Осыны ескерген көп ел әзіл-қалжыңға, қуақылыққа жаттығу жұмыстарын өткізіп отыруды дәстүрге айналдырған. Мәселен, әр жылы қыс күндерінде Сербияда тапқырлықтың, өткір де уытты айта білудің республикалық турнирі өткізіліп тұрады. Жыл сайын Болгарияның Габрово қаласында да күлкі жарысын өткізіп отыру дәстүрге айналған...[4;5].

Біз – шешендігі судай төгілген халықпыз. Түгел сөздің түбін түсірген, аталы да, баталы да сөз қалдырған түп атамыз Майқы бидің ұрпағымыз. «Сылдырап өңкей келісім» деп Абай айтпақшы, өлең сөзге дес бермеген, ауылдың алты ауызын аңыратып, ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен бітіретін данышпан халықтың перзентіміз. Сондай-ақ, қазақ - қалжыңқой халық. Ол отбасы, ошақ қасында, той-томалақ, ас- айтта, басқосу отырыстарында қалжыңдаспай, қағыспай, іліп-шалысып, күліспей отыра алмайды. Отырыста, кездесуде күлкі келтіріп, көңілділік тудыратын, жақсылық ниетпен ғана, риясыз іліп-шалатын жылы юмордың жөні бөлек. Демек, дос-жаран, құрдастардың арасында, дастархан басындағы салмақты достық әңгіменің барысында шешендік өнеріңізді пайдалана отырып, айналаңыздағыларды сергітіп, сәл күлдіру үшін юмористік қабілетіңізді барынша салып отырсаңыз сіздің беделіңіз арта түсетіндігі сөзсіз. Сонымен қатар юморды түсінетін және түсінбейтін орталар бар. Сіздің жылы да жеңіл юморыңызды кейбіреулер мені келеке етіп тұр немесе менің айтып тұрған салмақты, өте маңызды пікірімді қалжыңға айналдырып, мазақ етіп отыр деп қабылдайтындар да жоқ емес. Сондықтан да юморды қабылдай алатын, қалжың пікірге қалжыңмен жауап қайтара алатын, жалпы юморды, юмористік қабілетті бағалай алатын органы ажырата білу де шешеннің маңызды білік-дағдыларының қатарына кіреді. Юморлық сезім, юмористік қабілет дарыған шешен ғана өмір қайшылықтарын, болмыстағы үйлесімсіздіктерді көре біледі, көрсете біледі. Күлкілі құбылыстарды, тұрмыс-тіршіліктің жағымсыз жақтары мен жарамсыз белгілерін келемеж ете алады. Қысқасы, Дельфина Жирарденнің күлкі шындыққа негізделеді дегеніндей, шешендіктанудағы юмор ақиқат, шын нәрсені әсерлі етіп жеңіл күлкімен жеткізеді. Ал

юморды дамыта түсу, ой-қиялды тәртіпке келтіру, адамдарға ләззат, сүйіспеншілік әперер құрал ретінде дамыта беру, сөз қадіріне жетіп, кісіні құрметтеу, көңіл қалдырмау, абайлап сөйлеуді дәстүрге айналдыру өскелең ұрпақтың еншісінде... Қысқасы, шешендікті ұлттық құндылық көзі десек, шешендікке қатысты жоғарыда шегелей айтылған білік-дағдылар жиынтығын кімге жұғысты етпекпіз, қалай жұғысты етпекпіз? Әрине, жастарға. Жиренше шешен айтпайды ма: «Төрт нәрседе үміт бар: жас өсемін деп үмітті, жалғыз көбейемін деп үмітті, жарлы бай боламын деп үмітті, ауру жазыламын деп үмітті. Көктем мен жазы кетіп, жапырағы кураған ағаштай ұрты солып, жағы суалған кәрілікте ғана үміт жоқ» деп. Бұған Әбіш Кекілбайұлының «жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек» деген тұжырымын қоса кетелік...

Тап осы кең көлемді кешенді мақсат үдесінде Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының ұйымдастыруымен тұрақты жүргізілетін «Шешендік – тұлға көркі» акциясы аясында дәстүрлі «Үздік шешен студент» байқауы өткізілді. Бұндай үрдіс Қазақ елінің әрбір білім ордасында болса керек-ті. **Осы іспетті ел болашағы жастарымызға аса керекті игі шараны қолдай отырып, бұған қоса айтсақ, Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында құр дақпырт үшін жасалатын әрекеттерді доғару керектігі орынды айтылған-ды. Мемлекет басшысы: «Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз жастардың білімінде... Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналысаң да, оны сапалы атқару маңызды... Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек» деген-ді [1,1-4]. Демек, шешендік дағды – ұлттық ділімізге тән ауадай қажет білік. Осы жолда бүгінгі жастарымызға шешендік дағдылары ауадай қажет. Себебі шешендік хақында небір ойшылдар тұжырымына сүйене тағы да айтсақ, «Өнердің ең алды - сөз өнері. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» (Ахмет Байтұрсынұлы). «Егер де көкте құдайдың, кеудемізде жанның бары рас болса, онда адамзат тірлігі де риторикадан ажырағысыз» (С. Лихуд). «Сөздің мағыналық тұңғығына терең бойлай білгейсіз, сонда сіз мына жарық дүниені адасудан жартылай құтқарасыз» (Р. Декарт). «Зиялы адамның татымсыз да нашар сөйлеуі - сауатсыз адамның оқи, жаза алмауымен бірдей» (А.П.Чехов). Демек, шешендік өнер - адам өмірінің әрқилы ішкі үдерістерін бейнелеудің озық тәсілі, өзгелерді өз еркіне бағындырудың аса күшті қаруы, жанды қарым-қатынастың амалы ретінде сөз сөйлеу сиқырына ие болғызатын шын мәнінде адамның құдіреттілігін танытатын көп қырлы ілім. Сөз сөйлеу құдіретіне ие болу – адамның жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрінен де жоғары сатыда екендігін танытатын, адамды адам етіп тұрған адамзат баласының ұлы қабілетінің бірі. Тілсіз, сөзсіз, сөйлеу дағдыларыңыз адам өмірін біздің көз алдымызда елестету мүмкін емес, оларсыз адам ғұмыры мағынасыз. Жалпы шешендік өнер тек шартты түрде ғана өнер делінеді, ал шын мәнісінде, бұл – бойында бұған қатысты аса қажетті белгілері жоқ болса да, әрбір адам игере алатын басым дәрежедегі шығармашылық іс-әрекет те. Әрбір сауатты адам үздіксіз де қажырлы, мақсатты да ұмтылысты еңбектің нәтижесінде шешендік өнер негіздерін, яғни, аудитория алдында түсінікті де қызғылықты және иланымды сөз сөйлеу білігін әбден меңгере алады. Шешендік сөз – жанды сөз әрекеті арқылы көрініс беретін эмоционалды-интеллектуалды шығармашылықтың ерекше бірегей түрі. Шешеннің психологиялық мәдениеті – адамның психикалық әрекетін танытатын білімдердің жиынтығы және бұл білімді адамдармен жұмыстың нақты жағдайында қолдана білу. Шешен этикасы – адамгершілік нормаларының, бағдарлау құндылықтарының, оның өз міндеттеріне, жұмыс мақсаттарына, тыңдаушыларға қатынасын айқындайтын тәртіп ережелерінің жиынтығы. Мұғалімге не үшін сөз беріледі? Мұғалімге сөз өз ойын сапырылыстырып айту үшін емес, оқушының ойына қозғау салу үшін беріледі. Ал педагогикалық әңгіме өткізуге төселу үшін, тіпті дарынды адамның өзіне де көп көмек керек [3;5;6].**

Махамбет университетінде екі жылда бір өткізілетін дәстүрлі университетішілік «Үздік шешен студент» байқауының ұйымдастырушысы және ғылыми жетекшісі – профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы. «Үздік шешен студент» конкурсына қатысушы конкурсанттарды бағалауда (Бес ұпайлық өлшеммен) төмендегіше қағида-талаптар ескерілді: Конкурсант сөзінің кіріспе бөлімінің сәттілігі; Іріктеліп алынған тақырыптық афоризмдерінің сәйкестілігі, сайлығы; Сөйлеу ырғағы мен дауыс тонының үйлесімділігі; Сөйлеу стилі мен тілін бағалау; Регламентті ескеруі; Шаршы топ алдында өзін-өзі ұстай білуі; Сөзінің тартымдылығы, тақырыптың ашылуы; Сөйленген сөздің

өзіндік ерекшелігі; Ой мазмұнының толықтығы, түсініктілігі; Конкурсант сөзінің сенімділігі; Қорытындысының үйлесімділігі. Ал шешендік байқауының модераторлары ретінде Тастенов Айтуған Шаймарданұлы (Фил-43-топ студенті, «Филология: қазақ тілі» мамандығы), Жасқайратова Дильназ Руфатқызы (Фил-43-топ студенті, «Филология: қазақ тілі» мамандығы), Қыдыршаев Мақсат Абатұлы (ИЯ-41-топ студенті, «Шет тілі: екі шет тіл» мамандығы) болып белгіленді. Ал бұл күні байқауға қатысқан конкурсанттар легі төмендегіше: 1. Шешендік – тұлға сәні (Речь – образ души). Гүлжаз Сайынова, Шұғыла Еңсеп, «Филология: қазақ тілі» мамандығы, Фил-41-топ студенттері; 2. Шешен сол - сөйлер сөзден қамалмаса (Нужно говорить громко, чтобы тебя слышали. Нужно говорить тихо, чтобы тебя слушали). Гүлназ Есламғалиева, Ботагөз Өтегенова, Фил-41-топ; 3. Шаршы топта сөз бастау қиын (Талант делает, что может, а гений - что должен). Жайнагүл Ғалымова, Аяжан Кәрім, Фил-41-топ; 4. Сөз сөйлеуге даярлық - демосфендік дағды (Когда суть дела обдумана заранее, слова приходят сами собой). Айнұр Базарова, Айгерім Бауыржанова, Фил-41-топ; 5. Шешеннің тілі - шебердің бізі (Хороший язык - доброе оружие). Гүлнұр Көшербаева, Гүлімжан Нұрбақыт. Фил-41-топ; 6. Әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар (Красноречие - это искусство убеждения). Гүлайым Мақсотова, Анэля Жонысова, Фил-41-топ; 7. Сөйлесу – бірлескен күш-жігермен салынатын ғимарат (Разговор – это здание, которое строят совместными усилиями). Абыл Жайна, Әділ Ахметов, Фил-41-топ; 8. Ұстамды әрі орынды сөйлеу ділмарлықтан көп артық (Наружность и манеры более выразительны, чем слова). Сымбат Бөкенбаева, Аида Оразова, Фил-43-топ; 9. Ең қысқа сөз - мағыналы көзқарас (Те, которые умеют хорошо говорить, те говорят коротко). Алтынгүл Фазылова, Айна Молдабаева, Фил-43-топ.; 10. Үндемегеннің өзі де жауап (Иногда молчание бывает выразительнее речей). Зухра Рысқалиева, Дәметкен Сағынбаева, Фил-43-топ; 11. Сөзге сақ болу шешендіктен де асқақ (Остороженность в словах это выше, чем красноречия). Күншуақ Жами, Ақтоты Қадерова, Фил-41-топ; 12. Тыңдай білу – ұлылық (Пользуйся чаще ушами, чем языком). Дильназ Жасқайратова, Нейля Камун, Фил-43-топ; 13. Аузында әзілі жоқтың қолында шоқпары бар (Юмор – это способность видеть три стороны одной медали). Айдана Мақсотова, Әдемі Қоңқақова, Фил-43-топ; 14. Ақылды адам сөзді нақылсыз айтпайды, Бір айтпаса нақылды ақылсыз айтпайды (Пословица – соль речи). Аружан Елтаева, Тоғжан Ермек, Фил-43-топ; 15. Жүйелі сөз – киелі (Кто ясно мыслит, тот и ясно излагает). Тоғжан Байкенова, Фил-43-топ; 16. Көңіл - қазы, көз – таразы (В звуке голоса, в глазах и во всем облике говорящего заключено не меньше красноречия, чем в выборе слов). Жансая Сарыева, Айым Қойшыбай, Ернар Тәжімағамбет, Фил-43-топ; 17. Бімға түсінбеген, дымға түсінбейді (Когда слова не бьют, то палка не поможет). Арай Зайдекенова, Айтуған Тастенов, Фил-43-топ. Нәтижеде шешендік байқауының қорытындысы бойынша Бас жүлдені "Филология: қазақ тілі" мамандығының 4-курс студенті Абыл Жайна мен "Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығының 3-курс студенті Ахмет Әділ иеленді. Кейінгі орындар иегері атанған сәйкесті жеңімпаздар төмендегіше: I орын: "Филология: қазақ тілі" мамандығының 4-курс студенттері Айтуған Тастенов, Арай Зайдекенова; II орын: "Филология: қазақ тілі" мамандығының 4-курс студенттері Дильназ Жасқайратова, Нейля Камун; Сымбат Бөкенбаева, Аида Оразова; III орын: "Филология: қазақ тілі" мамандығының 4-курс студенттері Зухра Рысқалиева, Дәметкен Сағынбаева; Тоғжан Байкенова; Гүлнұр Көшербаева, Гүлімжан Нұрбақыт. Ал байқау барысындағы белсенділіктері үшін Ернар Тәжімағамбет, Жансая Сарыева, Айым Қойшыбай, Алтынгүл Фазылова, Айна Молдабаева, Айдана Мақсотова, Әдемі Қоңқақова, Гүлжаз Сайынова, Шұғыла Еңсеп, Гүлайым Мақсотова сынды студент-конкурсанттарға алғыс жарияланды. Байқау жұмысын «Сөзің – өзің» (Поэтами рождаются, ораторами становятся) тақырыбында педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, «Рухани жаңғыру» институтының директоры - Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев қорытты. Байқау барысында университеттің Ғылыми кітапханасы «Шешендік – жастар көркі» атты кең көлемді көрме ұйымдастырды.

Сөз соңында шешендік жастар көркі екенін баса айта отырып, жастарымыз шешен сөйлеймін десе, мынадай қағидаларды ескеруі тиіс деп білеміз: Тіл - сананың қызметшісі; Тілде сүйек жоқ, бірақ сүйек уатады; Адамның сөзі - оның ақылының өлшемі; Көз жанары сөзден де ұғынықтырақ; Көз де ерін сияқты шешен; Адамды сөзінен, есекті құлағынан таныр; Өзінді кім тыңдап отырғанын біліп қана сөзінді баста; Сөзді тыңдайтын жерге айт, суды өнетін жерге сеп; Алдымен тыңда, содан кейін ғана сөйле; Жақсы сөз - қысқа сөз; Көп білсең де, аз сөйле; Не болса соны айтқан адам өзі қаламаған сөзді естір; Сөздің мағынасы қалай мәнерлеп айтылғанынан танылар; Бір сөздің өзі бірде қатқыл, бірде жұмсақ естіледі; Нені айтсаң, соны ойла, бірақ ізетпен сөйле; Бір сөзді екі рет қайталасаң иістенеді; Қылышыңды екі суырма, сөзінді екі қайталама; Оқығаныңды емес, түйгенінді айт; Анық сөйлегің келсе, ашық сөйле; Сөз тәмсілмен тамаша; Мақал айттың - жол сілтедің, мәтел айттың - жан жұбаттың; Мазмұнның жұпынылығын ұйқаспен де, сәнмен де жасқай алмассың; Жақсы сөз аязда да жан жылытар [6]. Иә, жас ұрпаққа төгіп-төгіп төпелеп жіберер халқымыздың

бойындағы шешендік қасиет дарыса, ол ата-баба қанымен жеткені деп бағалаймыз. Ұлттық қазынаның қазаны ортаймағай, ел еңсесі биік, ұрпағы – ұлдары көсем де шешен, қыздары әсем де абыройлы болғай!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы// «Egemen Qazaqstan» газеті, №167, 02 қыркүйек 2022 ж., 1-4-б.б.
2. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Орал, 2023.-424 бет.
3. Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д.Қ. Іскерлік шешендіктану қағидалары. Орал, 2007.-68 б.
4. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (*Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары*). Оқу құралы. – Орал, 2017. – 364 б.
5. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлеймін десең... (*Шешен сөйлеу әдістемесінің алтын қағидалары*). Орал, 2024.-350 бет.

**ӘОЖ 82:316.3**

### **THE ROLE OF RHETORIC IN MODERN SOCIETY**

*V.M.Utezhanova,  
School №37  
Uralsk*

**Аңдатпа.** Мақала философия, риторика және логика арасындағы тарихи байланыстарды талдауға арналған. Сонымен қатар, осы ғылымдардың қазіргі қоғамда қолданылуына мысалдар келтірілді. Сонымен қатар білімді адамға қойылатын талаптар қарастырылады; шешендік дағдыларды қалыптастырудағы негізгі жұмыс түрлері жан-жақты қарастырылған; Студенттердің қарым-қатынас жасау, сауатты сөйлеуді қабылдау және жаңғырту, өз ойын жеткізе білу қабілетіне қажетті риторикалық білім, білік пен дағдыларды меңгеруге бағытталған, жоғары интеллектуалдық қабілетін аша отырып, оқушылардың мәдени-риторикалық құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы мен даму деңгейі негізделеді.

**Аннотация.** Статья посвящена анализу исторически сложившихся взаимоотношений философии, риторики и логики. Кроме того, были предоставлены примеры применения этих наук в современном обществе. Была поставлена проблема – принижение значения их всех в современном образовании. Приведены примеры применения философии, логики и риторики в реалиях современного общества. Также рассматриваются требования к образованному человеку; детализированы основные формы работы при формировании риторических умений; обосновывается важность формирования культурно-риторической компетентности студентов, направленной на овладение риторическими знаниями, умениями и навыками, которые необходимы для умения общаться, способности воспринимать и воспроизводить грамотную речь, высказывать собственные мысли, обнаруживая при этом высокоинтеллектуальный уровень развития.

**Annotation.** The article is devoted to the analysis of the historical relationships between philosophy, rhetoric and logic. In addition, examples of the application of these sciences in modern society were provided. The problem was posed - belittling the importance of all of them in modern education. Examples of the application of philosophy, logic and rhetoric in the realities of modern society are given. The requirements for an educated person are also considered; the main forms of work in the formation of rhetorical skills are detailed; the importance of forming cultural and rhetorical competence of students is substantiated, aimed at mastering rhetorical knowledge, skills and abilities that are necessary for the ability to communicate, the ability to perceive and reproduce literate speech, express their own thoughts, while revealing a highly intellectual level of development.

*“Man is superior to animals due to his ability to speak;  
but he sinks below an animal if he does not use it properly”.*

Rhetoric - the classical science of expedient and appropriate speech - is in demand today as a tool for managing and improving the life of society, shaping personality through the word. Rhetoric teaches us to think, develops a sense of words, shapes taste, and establishes the integrity of our worldview. Through advice and recommendations, thoughtful and expressive texts, rhetorical education dictates the style of thought and life of modern society, giving a person confidence in today's and tomorrow's existence.

Rhetoric is the science of oratory and eloquence. The linguistic features of oral public speaking, bringing rhetoric closer to poetics, presuppose the use in a rhetorical work of techniques designed to convince the listener and his expressive processing. Teaching public (oratory) speech involves the formation of various skills (linguistic, logical, psychological, etc.) aimed at developing students' rhetorical competence, i.e. ability and willingness to communicate effectively.

Rhetoric is one of the most ancient sciences. At various times it occupied a greater or lesser place in the development of society, was valued higher or lower, but never disappeared. In the development of rhetoric, the continuity of traditions, mutual influence of cultures, consideration of national characteristics, and at the same time, a clearly expressed general humanistic character are clearly visible. The objective basis for the emergence of oratory as a social phenomenon was the urgent need for public discussion and resolution of issues of public importance. History shows that the most important condition for the manifestation and development of oratory, the free exchange of opinions on vital issues, the driving force of critical thought are democratic forms of government, the active participation of free citizens in the political life of the country. Rhetoric as a systematic discipline developed in Ancient Greece during the era of Athenian democracy. During this period, the ability to speak in public was considered a necessary quality of every full citizen. As a result, Athenian democracy can be called the first rhetorical republic.

Certain elements of rhetoric (for example, fragments of the doctrine of figures, forms of argumentation) arose even earlier in Ancient India and Ancient China, but they were not combined into a single system and did not play such an important role in society. The beginning of rhetoric is usually traced back to the 460s BC and connect with the activities of the senior sophists Corax, Tisias, Protagoras and Gorgias. Corax allegedly wrote the textbook "The Art of Persuasion," which has not reached us, and Tisias opened one of the first schools of teaching eloquence. A sophist is a person who knows how to hide the main thing behind subtleties and details, who knows how to prove the truth of what suits his goals. The course of such reasoning and the art of sophisticatedly proving what is necessary, but not necessarily true, is called sophistry. Sophistry is understood as a logically or in detail correct, but not inherently true, judgment. [4]

Private rhetoric contains the doctrine of specific kinds and types of literature. Specifically, in private rhetoric, those types of words that every educated person should actively master are studied:

- letters on dormitory subjects and literature;
- documents and business correspondence;
- dialogues, mostly literary, but giving an idea of the rules for constructing and conducting a discussion;
- narrative (historical) prose;
- spoken word in the form of political, judicial, academic oratory, preaching (spiritual), pedagogical and propaganda speech;
- scientific and philosophical prose.

In ancient textbooks of rhetoric, three functional types of speech were distinguished: deliberative (inclining or rejecting), judicial (accusatory or defensive) and solemn, ceremonial or demonstrative (praising or blaming) speech.

In modern times, the status of various spheres of social communication has become relatively equal. To the traditional types of eloquence - political, judicial, solemn and theological - new ones were added - academic, business and journalistic eloquence.

The dominant types of speech communication have the greatest impact on public consciousness in every era. Therefore, the rhetorical disciplines that study them attract the greatest interest. Currently, this is the rhetoric of the media, political and business (commercial) rhetoric.

Other divisions of rhetoric include the division into theoretical, applied and thematic rhetoric. Theoretical rhetoric deals with the scientific study of the rules for constructing high-quality speech, and applied rhetoric uses the rules and patterns found, as well as the best examples of the most successful speeches, in the practice of teaching literature. Theoretical and applied rhetoric are identical to scientific and educational rhetoric. Thematic rhetoric considers the unification of different types of literature around one important topic, for example, presidential elections. It became widespread in the USA.

The main function of rhetoric is practical - mastery of the art of expedient speech. The art of words is the most necessary, but also the most difficult of all the arts, so mastering it requires serious work and thorough preparation. There are no easy paths to difficult goals.

But rhetoric also has an educational function, perhaps no less important. Mastering the art of speech is impossible without fluency in the literary language, without systematic education - knowledge of theology, history, philosophy, law, and fiction. Otherwise, the art of words becomes idle talk.

To learn how to build written and oral public speech, you need to:

- understand how argumentation works, that is, know the theory;



- read and understand classical works, develop the ability to understand the structure of the work and the intention of its author;
- practice constructing various kinds of oral and written statements, learn the skills of independent creative work with words;
- speak and write publicly.

In the language education system, rhetoric follows grammar. First they study grammar, then move on to rhetoric. There is a significant methodological difference between grammar and rhetoric. Grammar or linguistics assumes that all people, using a particular language, must know its unity. Rhetoric assumes the opposite thesis: each creator of speech must be individual, different from others, and communicate something new, hence the main requirement of rhetoric: the prohibition on the lack of novelty in the message. [2]

The main difference between modern rhetoric and its ancient variation is the absence of a passive listener. If in the times of the Ancient World communications were predominantly unidirectional, now the public is a full-fledged active participant in the conversation. One of the principles of modern rhetoric is building a dialogue with the public.

According to him, an interested listener must:

1. react emotionally to certain moments of speech;
2. ask questions;
3. argue if he does not agree with any theses and explanations in the speech;
4. show some reaction, make a decision, or otherwise reflect the effectiveness of the speech delivered by the speaker.

According to the principle of cooperation, which was formulated by G.P. Price, the performance should not “win” the audience, but be a step towards it. The success of oratory lies in the fact that the audience, in turn, also takes steps towards it, that is, the relationship between the speaker and the listeners can in no way be antagonistic.

Nowadays there is a large exchange of information in the world, and it is completely diverse, and the exchange is carried out in various ways. In modern times, no matter how sad it may be, all live communication has been replaced by the Internet and social networks. A person of the 21st century lives in a world of great opportunities, innovative technologies, so to speak, keeps up with the times, and everything seems to be good, progress does not stand still, but, one big but, along with all this, the ability to correctly and correctly disappears somewhere. speak beautifully, express your thoughts.

Many people have long stopped paying attention to basic grammatical or punctuation errors that are made when writing something, since this has become the norm. The same thing happens in oral speech. Sometimes a person speaks and does not seem to understand what he is trying to convey to his listener. In this case, there is no need to even talk about the listener; naturally, he will not understand anything. This is the whole problem with modern society. There are so many words in the language to say what you think about, what you dream about, what you want to do, but many cannot connect even two words to clearly express their thoughts.

It is from this moment that the question arises: “What then is correct verbal communication? And what should it be?” It’s a truism that you need to speak not just coherently and correctly, but also beautifully. But few can boast that they were taught the art of eloquence and that they possess it. A subject such as rhetoric is not taught in all schools, and even if they include it in the curriculum, they often cannot find good teachers. Simply put, beautiful speech for most people is something they supposedly need to learn, but do not know how and where to do it. We decided to devote a series of articles to this important topic - rhetoric, as the ability to speak correctly and beautifully.

It is important for every person to be able to communicate, since such a skill is a good assistant in many life situations. Almost all successes in school, work, and personal life are built on communication skills. If the information is presented by the speaker in a concise and structured manner, then it will reach the listeners in the best possible way. The science that studies all the details of oratory is called rhetoric. It is thanks to her that you can make your speech clear and convincing. [3]

The laws of modern rhetoric are formulated on the basis of discoveries in the field of psycholinguistics, sociology and sociolinguistics, and the theory of speech acts. Scientists have long established that in the process of communication, the speaker awakens the “inner word” in the listener. That is, all the speech and thinking centers of the listener are working intensely: inner speech, the center of understanding, memory, the centers responsible for analyzing what is heard, the emotional sphere. The listener, as it were, internally repeats what was said, adapts it to his level of consciousness, i.e. understands, remembers and reacts emotionally. The speaker produces and, in the process of creation, formalizes his thought verbally. So listening is hard work. The adaptation process in dialogue regulates not only the level

of information assimilation, but also concerns such important aspects of speech activity as emotional exchange, interaction of types of speech cultures of speakers, mutual orientation in the discussion process.

The factor of the addressee of speech is extremely important to take into account in personal communication. Ignoring it will immediately affect the course of the discussion.

Hence the first most important law of modern rhetoric - the law of orientation of speech towards the addressee.

It says: before you start speaking, you need to imagine the listener, the interlocutor, his social status, educational, cultural and speech level, the characteristics of his personality. Thus, orientation towards the addressee begins in the preparatory period, often long before the start of the conversation or speech. An attempt to show off erudition can be pointless and fail if the speech is addressed to a poorly educated audience. You need to be careful when using terms. The latest economic terms require unconditional explanation by their speakers in a situation of communication with an unfamiliar interlocutor. This is all the more important because some terms have not yet fully established meanings, while others have several meanings.

The law of speech orientation towards the addressee is thus expressed in the fact that the information is vital, interesting and accessible to the listener.

The second law of modern rhetoric is the law of advancement towards the goal and orientation of the addressee of speech. Its essence lies in the fact that the communicating parties, or only the speaker, explicate (indicate verbally) their goal and jointly move towards it. It is especially important to guide the addressee during business negotiations. To do this, at the beginning of the negotiations, their structure is communicated and agreed upon: a list of issues to be resolved, their order. Summarizing each question is emphasized.

*Phrases like:*

*“So, to pay off mutual debt, we decided to offset debts and cover the difference with consumer goods. As a result, we have not yet reached a compromise on the third point.”*

Thus, the idea of progress towards the goal of communication is created by the general structure of speech and the tactics of its organization. In business speech, this is the division of a large key problem into points, subpoints, questions, etc.

In business dialogic speech, very often the dynamics of the development of dialogue are reduced due to repetitions, returns to what has already been said, and sudden and unmotivated deviations from the topic. Such dialogues drag on and take up the most precious thing – the manager’s time. Violation of the second law of modern rhetoric - the law of steady progress towards the goal - is expressed in the inability to separate the essence of the matter from interpersonal relationships. When a relationship becomes tied to a problem, negative emotions often take over. The beginning of a showdown takes the parties away from solving the problem and violates the principle of consistency in the development of the topic. If this principle is violated, it then becomes difficult to concentrate and restore the sequence of thoughts. [1]

Thus, the law of consistent progress towards the goal and orientation of the addressee is directly related to the limited time frame of business communication and the need for bilateral participation in the preparation and decision-making.

The third law of modern rhetoric is the law of the effectiveness of speech, which gives pleasure to the listener. The pleasure principle is a universal principle of communication. We try to communicate more with those who are interesting to us and with whom it is pleasant to talk. The pleasure principle is sometimes interpreted very broadly or too primitively. The famous Dale Carnegie calls the ability to appreciate and encourage human activity, to satisfy “his desire for self-importance” as the main secret of “the art of dealing with people.”

Rhetorical techniques help you structure your thoughts, choose the right arguments, and choose the right words. They allow you to formulate convincing speeches and reasoned statements. It is important to learn to use rhetoric not only in public speaking, but also in everyday life, because communication includes not only oratory, but also the ability to persuade, listen and find compromises.

Learning rhetoric allows you to develop skills in analyzing and parsing information, which helps you better understand the meaning of messages and find the hidden motives of the speaker. In addition, rhetoric also develops skills of empathy and emotional intelligence, which allows you to better understand the emotions and needs of your interlocutor.

Excellent communication skills that develop through rhetoric help to better understand others, find a common language and achieve mutual understanding. They become the basis for effective communication and successful interaction in modern society.

In modern society, rhetorical devices play an important role in shaping public opinion and influencing the audience. These techniques are used in political rhetoric, media, advertising, education and other areas of public life.

One of the most effective rhetorical techniques is the use of emotional appeal. With this technique, the speaker tries to evoke certain feelings in the audience, such as anger, fear, joy or sympathy. Emotional appeal can be used to persuade an audience of a particular point of view or to draw their attention to a particular issue or event.

Another common rhetorical device is the use of a rhetorical question. This technique involves asking a question to which the answer is obvious or which suggests a certain answer. A rhetorical question allows the speaker to control the thoughts and attention of the audience, directing them to the desired point of view or belief.

The technique of repetition is also often used. Repeating a phrase or idea at different parts of a speech helps enhance its effect on the audience. Repetition can be used to emphasize key points, convince an audience of a certain idea, or create a memorable rhythm in a speech.

Other common rhetorical devices are the use of metaphor, analogy, simile, historical examples, and other rhetorical embellishments. They help a speaker better explain complex concepts, make abstract ideas clearer, and capture the audience's attention.

In the future, apparently, we should expect the transformation of rhetoric as a modern semiotic discipline into a more "exact" science, to the extent that the criterion of accuracy is applicable to the humanities. This should be achieved through a detailed quantitative and qualitative description of the patterns of structure of all existing types of text and speech genres. It is possible to create detailed catalogs of types of transformations of the expression plan and content plan, a description of all possible structural types of natural language arguments. It is also interesting to study the predictive potential of rhetoric - to what extent, based on the capabilities of the discipline, it is possible to predict the qualities of new speech genres and types of texts emerging in connection with the emergence of new spheres of social practice. [5]

The ethical aspect is important: rhetoric, when used correctly, is an effective tool in the fight against linguistic aggression, demagoguery, and manipulation. Here, didactic rhetoric plays an important role. Knowledge of the basics of the disciplines of the rhetorical cycle will allow you to recognize demagogic and manipulative propaganda techniques in the media and in private communications, and, therefore, effectively defend against them.

***List of used literature:***

1. Averintsev S.S. Ancient rhetoric and the fate of ancient rationalism. M., 2001
2. Bezmenova N.A. Essays on the theory and history of rhetoric. M., 2001.
3. Buzuk G.L., Ivin A.A., Panov M.I. The science of persuasion: Logic and rhetoric in questions and answers. M., 2002.
4. Klyuev E.V. Rhetoric (Invention. Disposition. Elocution): A textbook for universities. - M.: PRNOR, 2001. - 272 p.
5. Graudina L.K., Miskevich G.I. Theory and practice of eloquence. - M., 2009.

**ӘОЖ 82:316.3**

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЕШЕН  
СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

**Ж.И. Ахан,**

*Батыс Қазақстан облысының дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Білім-инновация» мектеп-лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

**akhanzhanat86@mail.ru**

Ü Мақалада мектеп оқушыларының шешен сөйлеу білік-дағдыларын қалыптастыру жолдары және шешендік тапсырма үлгілерінің табиғаты, тиімділігі таразыланады.

Ü В статье будут взвешены пути формирования у школьников умений и навыков ораторской речи и характер, эффективность моделей ораторских заданий.

Ü The article will weigh the ways of forming students' skills and abilities of public speaking and the nature and effectiveness of models of public speaking tasks.

*Бұған дейін жасалғандардың бәрін одан да жақсырақ етіп жасауға болады.*


**Генри Форд**

Бүгінгі заман талабына сай ұрпағымыздың құзыретті тұлға, азамат болып қалыптасуы – жаһандану үдерісінен туындап отырған уақыт талабы. Қазіргі таңда педагогика ғылымының басты мақсаты – тек іргелі білім беруде ғана емес, сондай-ақ біліктілігін өз бетінше жетілдіре алатын,

қандай да болмасын ақпараттық ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және тиімді пайдалана алатын азаматтарды тәрбиелеу. Осы тұрғыда өз іс-тәжірибемізде оқушылардың шешен сөйлеуін дамытудың жолдарын қарастырдық. Көздеген мақсатымызға жету үшін қазіргі заманға сай дайындаған сабақтарымызды өткізіп келеміз. Өйткені заманауи сабақ оқушының қандай да бір құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталады. Әрине, мұғалім жұмысының нәтижелілігі – сабақ мақсатының айқын болуы.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.С.Қыдыршаевтың «Кестелі шешендіктану», «Шешендіктану» еңбектеріне сүйеніп оқушылардың шешен сөйлеуін дамытуға бағытталған тапсырмалар топтамасын дайындадық.

Оқушының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырып, шешен сөйлеуін дамыту үшін профессор А.С.Қыдыршаевтың еңбегіндегі классикалық риторика негізіндегі шешен міндеті тұрғысындағы *не айтарыңды білу; табылған мәліметтерді рет-ретімен орналастыру; жадыда бекіту; сәйкесті сөздік форма беру; сөз сөйлеу* атты бес кезеңді пайдаландық [1,16].



Оқушылардың шешен сөйлеуін дамытуға бағытталған тапсырмаларды қазіргі инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы меңгертуге бағыттадық. Мәселен, 7-сынып оқушыларына «Қазақ тілі» пәнінен факультатив сабақтарымды профессор А.С.Қыдыршаевтың еңбектеріне сүйеніп жасадым. Мысалы, «*Не айтарыңды білу*» кезеңі бойынша төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолданып, оқушылардың ауызша ойын дамыту үшін жұмыс жасадым. Оқушылар шағын үш топқа бөлініп, берілген мәтіннің желісі бойынша бір-бірімен диалог құрып, өз айтар ойларын ойластырды. *Тапсырма:*

*Естіге айтқан тура сөз,  
Шыңға тіккен тумен тең.  
Езге айтқан тура сөз,  
Құмға сіңген сумен тең.*

*Осы шешендік сөздің мазмұнын бір-біріңе әңгімелеп, пікіралысыңдар* деген тапсырма берілді.

«*Табылған мәліметтерді рет-ретімен орналастыру*» кезеңінде топтағы оқушылар жеке-жеке берілген тапсырмалар бойынша жұмыс жасап, мәтіннен қажетті табылған мәліметтерді рет-ретімен орналастыра білді. *Тапсырма:*

- Қазақ деген мал баққан елміз,  
Елімізден құт-береке қашпасын деп,  
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.  
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,  
Найзасына жылқының қылын таққан елміз.  
Басымыздан сөз асырмаған елміз.  
Досымызды сақтай білген елміз,  
Дұшпаны басынбаған елміз,  
Дәм-тұзын ақтай білген елміз.  
Бірақ асқақтаған хан болса –  
Хан ордасын таптай білген елміз...

*Оқушылар шешендік толғаудағы орны ауысқан тармақтарды өз орнына орналастырып, шешендік сөздердегі ой тәртібін реттей алды.*

«*Шешен адам радио, теледидар арқылы сөйлесе де, көпшілікке сан қилы білім берумен қатар жұртшылықты тіл мәдениетіне, сөйлеу мәдениетіне де баулиды*», - деп профессор

А.С.Қыдыршаев айтқандай, келесі сабағымды «Сөзбен кескіндеу» кезеңінде «TV шоу» бағдарламалық әдісі бойынша жұмыс жүргіздім. Мұғалім жүргізуші, оқушылар Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би рөлінде болып студияда ортақ тақырып төңірегінде әңгіме-сұхбат жүргізілді. Аудиториядан билер рөліндегі оқушыларға сұрақтар қойылып, бәрі талқылауға қатысты, оқушылар өз-өздерін бағалады.

«Кімде-кім шешен болғысы келсе, ол мемлекет қайраткерлерінің сөздерін үйренсін, тыңдасын, мүмкін болғанынша солардың арасында болсын» деген В.Г.Белинскийдің тұжырымын басшылыққа алып, «Есте сақтау» кезеңінде оқушыларға қазақ шешендерінің даналық сөздері ұсынылып, оқытып, жадыларына сақтауға тапсырмалар бердім.

Бұл кезеңде оқушылар шешендік сөздерді оқып, мағынасын ұғып, естеріне сақтады.  
*Тапсырма:*

1. Адам сөзді тыңдай білген жағдайда ғана шешен болады (*У.Кайкавус*).
2. Шешеннің парызы – шындықты айту (*Платон*).
3. Жігітке бірінші – білім, екінші – ғылым, үшінші – ұғым керек (*Жиренше*).
4. Басқа амандық табыс күтсең ісіңнен, Жарамсыз бір сөз шығарма тісіңнен (*Ж. Баласағұн*).
5. Не сөйлейтініңді біл,  
Кімге сөйлейтініңді біл,  
Қай жерде сөйлейтініңді біл,  
Қай кезде сөйлейтініңді біл,  
Қалай сөйлейтініңді біл (*Бөлтірік шешен*).

«Психолог-ғалымдардың дәлелдеуінше, адамдардың басым көпшілігі оқып-жазғаннан гөрі, тыңдауды және ауызша сөйлеуді жөн көреді», -деп А.С.Қыдыршаев жазғандай, әрбір оқушының бойында тыңдау және ауызша сөйлеуге құлшыныс бар екені даусыз. Осыған орай, «Сөйлеу» кезеңінде бірнеше сабақтар өтті. Оқушылардың өзіндік идеяларын білдіру, тыңдау машықтарын дамыту мақсатында «Сұрақтар шеңбері», «Буриме», «Инцидент» әдістері арқылы тапсырмалар орындаттым. Осы сабақтарымда оқушылар шеңбер бойына орналасып, «Қазыналы қораптан» кезекпен тапсырма алып, әр оқушы алған тақырыбы негізінде 1,5–2 минут үзбей сөйлеп, шешендікке дағдыланады. *Тапсырма:*

- Егер мен шешен болсам, .....
- Егер мен ақын болсам,.....
- Егер мен әкім болсам, .....
- Егер мен депутат болсам, .....
- Егер мен мұғалім болсам, .....

Оқушылар бұл тапсырманы орындау кезегінде «Сөз өнері» деген ұғымға сөздерді дұрыс таңдап, сөйлемдерді шебер құру ғана жатпайды, солардың әрқайсысының қиюын тауып, өз әуеніне келтіріп айту да жатады», -деген М.Балақаевтың пікірін дәлелдей түседі.

Ал «Тіл-ойдың көрінісі» сабағымда оқушыларға «Үш қадамды сұхбат» әдісі бойынша тапсырмалар орындаттым. Оқушылар «Аквариумдағы алтын балық» әдісі бойынша жұмыс жасап, әр оқушы Мырзагелді Кемелдің «Азаттық әліппесі» кітабындағы даналық дәрістерінен алынған ойлы сөздерді жалғастыру арқылы сұрақтарға жауап беріп, шешендікке дағдыланады. *Тапсырма:*

- 1.Білімнің көп болса сені құрметтейді, байлығың көп болса.....
- 2.Алма ағашы жемісі көп болған сайын.....
- 3.Патшалардың сөзі ісіне ылғи сай келе бермейді,өйткені.....

4.Сүлеймен патшаның сақинасының сыртында «Бәрі өткініші» деген сөз бар екен. Қиналғанда, қайғы басқанда соны көріп өзін-өзі жұбатады екен. Бір күні жазуды оқып, жұбанудың орнына ызасы келіп, сақинасын алып лақтырып жібергенде, сақинаның ішкі жағында тағы бір жазу барын байқайды. Сақинаны алып, оқып қараса.....

Нәтижесінде оқушылардың топпен жұмыс жасап, бірін-бірі тыңдап, пікіралысу мәдениетін, сөйлеу мәдениетін игеріп, олардың бойларына коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуына, шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға қол жеткізе алдым деп есептеймін. Дегенмен де қазақ тілін оқыту барысында өзіндік ой-толғамын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын іскер азамат тәрбиелеп шығару арқылы оқушыларымның шешен сөйлеуін дамыту жолында атқарылар жұмыстар әлі де алда деп білемін.

Мектеп – ілім, білім үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Демек, оқушылардың мектеп қабырғасынан бастап кез келген сәтте шешен сөйлеуін дамыту жолында кешенді де жүйелі жұмыс жасалуы тиіс деп білемін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Орал,2023.-424 бет.
2. Қайдар Ә. Халық даналығы (*Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу*). Алматы,2004.
3. Жолдасбеков М. Асыл мұралар. Алматы,1990.-153 б.
4. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. А.,1997.
5. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования – М. Академия, 2003. – 272 б.
6. Қабдолов З. Сөз өнері.-Алматы,1992.

**ӘОЖ 82:316.3**

### **ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ШЫҢЫНА ШЫҚҚАН ТҮЛҒАНЫҢ БІРІ- ҚАЗЫБЕК БИ КЕЛДІБЕКҰЛЫ**

**Асанбекова Г. С.**

*ШЖҚ «Б.Алтынсарин атындағы №159 гимназия» МКК  
Алматы қаласы, Тарих пәні педагогі, педагог шебер  
[asangulsag@mail.ru](mailto:asangulsag@mail.ru)*

**Аңдатпа:** Қазыбек Келдібекұлы – он сегіз жасынан бастап қазақ елі басынан кешірген тағдыр тауқыметінің, алмағайып замана оқиғаларының куәгері, орта жүздің төбе биі, шешендік өнердің маңдай алды өкілі ретінде еліміздің тарихында мәңгілік орын алған аса ірі тұлға. Қаз дауысты Қазыбек би аумалы – төкпелі, күрделі, қилы заманда ғұмыр кешті. Қаз дауысты Қазыбек би елге сіңген еңбегімен, аңызға айналған шешендік сөздерімен тарихта дана да, дара тұлға. Ол жас кезінен халық алдында шешендігімен, тапқырлығымен көзге тарих беттерінде қалды. Жас Қазыбектің асқан қабілеттілігіне көз жеткізген Орта жүз руларының ақсақалдары мен билері оны сот қарауға тартады, сөйтіп ол өзінің тапқырлығымен, біліктілігімен және таңғажайып шешендік қабілетімен жалпы жұртқа танымал болады. Халық арасында зор беделге ие болған Қазыбек би, Төле би және Әйтеке билер мен қатар Тәуке, Сәмеке, ал онан соң Әбілмәмбет және Абылай хандардың кеңесшісіне айналады, мемлекетті басқаруға белсене қатысып, хандықтың ішкі және сыртқы саясатына ықпал жасайды. «Жеті жарғыны» жасауға қатысады. Абылайдың басқаруы кезеңінде дипломатиялық өкілдік те атқарып, жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастырады.

**Аннотация:** Казыбек Келдибекулы-крупнейший человек в истории нашей страны, занявший вечное место в истории Казахстана, как свидетель событий судьбы, алмагайып Заманы, нагрудного танца Среднего жуза, ораторского искусства, переживший казахскую страну с восемнадцати лет. Казгызылы Казыбек би жил в беспокойные, сложные времена. Казгыз Казыбек би стал мудрым и уникальным человеком в истории благодаря своему многогранному труду, легендарным ораторским выступлениям. С юных лет он оставался на страницах истории с красноречием, остроумием перед народом. Старейшины и танцоры из клана Среднего жуза, убежденные в превосходных способностях молодого Казыбека, привлекают его к судебному разбирательству, и он становится широко известен своей изобретательностью, компетентностью и удивительными ораторскими способностями. Признанный в народе, Казыбек би, Толе би и Айтеке бил и Катар становятся советниками Тауке, Садеке, а затем Абильмамбета и Абылай ханов, активно участвуют в управлении государством и влияют на внутреннюю и внешнюю политику ханства. Участвует в составлении» семи уставов". В период правления Абылай также осуществляет дипломатическое представительство и организует борьбу с джунгарами.

**Abstract:** Kazybek Keldibekuly is the largest person in the history of our country, who took an eternal place in the history of Kazakhstan, as a witness to the events of fate, almagayp Zamanya, breast dance of the Middle Zhuz, oratory, who survived the Kazakh country from the age of eighteen. Kazgyzyly Kazybek bi lived in turbulent, difficult times. Kazgыз Kazybek bi became a wise and unique person in history thanks to his multifaceted work, legendary oratorical speeches. From a young age, he remained on the pages of history with eloquence and wit in front of the people. Elders and dancers from the Middle Zhuz clan, convinced of the excellent abilities of the young Kazybek, involve him in the trial, and he becomes widely known for his ingenuity, competence and amazing oratorical abilities. Recognized by the people, Kazybek bi, Tole bi and Aiteke bil and Qatar become advisers to Tauke, Sadeke, and then Abilmambet and Abylai Khans, actively participate in government and influence the internal and foreign

policy of the khanate. Participates in the drafting of the "seven charters". During the reign of Abylai, he also carries out diplomatic representation and organizes the fight against the Dzungars.

Халықтың рухани-мәдени өміріндегі ең бір аяулы, ең бір ардақты өнердің бірі- шешендік өнер. Осынау қасиетті өнердің туын асқақтата желбіреткен көсем ойлы, тапқыр тілді, сұңқар үнді ділмәр-шешен билер қазақ сахарасындағы демократияның жандануына, темірдей берік тәртіптің, имандылықтың, ізгіліктің қанат жабына жойқын әсер етті. Толқынды топтың алдында аса еркін, асқан мәнерлі, құйқылжыта айтылған парасатты, кесімді, шешен сөз халық санасында өшпес өнеге, қасиеті кие ретінде қабылданып, ұлттық сөз өнерінің айдынына құйылған нағыз кәусар бұлақ еді.

Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысының өзіндік ерекшелігі, халық өмірінің ерекше жағдайлары мен өзіндік өзгешелігі бар қоғамдық бағыт «билер сөзі», «билер айтысы», «билер дауы», «төрелік айту», «шешендік сөздер» деп аталатын көркемдік мәдениеттің бірегей түрін туғызды. Әдебиеттің бұл түрін шығарушылар негізінен XV-XVII ғасырларда қазақ хандығында, сондай-ақ XIX ғасырда, Қазақстан бұл кезде Ресей империясының құрамында болса да, қазақ қоғамында сот ісін жүргізумен айналысқан билер болатын. «Билер соты,- деп жазды Ш.Уәлиханов,- орыстардың 40 жылдық ықпал жасағанына қарамастан, ол жүздеген, бәлкім, бізге дейінгі мың жыл бұрын қандай болса, сондай болып қала берді» [1].

Билер туралы айта келіп, Ш.Уәлиханов былай деп жазған: «... шешендік өнермен ұштастырылған сот ғұрпындағы терең білім ғана қазақтарға осынау құрметті атақ берген. Би атағын алу үшін қазақ өзінің заң білімін және шешендік қабілетін халық алдында талай рет көрсету керек болған» [2].

Ұлтының ұлы мұраттары мен ұлылығы, ірілігі мен бірлігі, саналығы мен пәктігі, есендігі мен еркіндігі, намысы мен ынтымағы үшін, тәуелсіздігін қорғау, тұтастығын сақтау, қорғаныс қабілетін күшейту жолында күш-қуатын, білім-ілігін сарқа пайдаланған, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген сол бір заманның жарқырап туған жарық жұлдыздары, мемлекет мәмлегері Үйсін Төле бидің, Қаз дауысты Қазыбек бидің, айыр тілді Алшын Әйтеке бидің таспадай өрілген, кестедей төгілген тұрлаулы, тұжырымды билік кесімдері, үлбіреген нәзік сезіммен, жан толқытарлық ғажайып құлшыныспен, терең тебіреніспен айтылған айшықты да асыл ойлары аспандай көнермейді, көктемдей қартаймайды.

Осы уақытқа шейін шешен-билердің мейілінше дәл, ұтымды сөздері көркем сөз ретінде қарастырылып келгені белгілі. Негізінде, шешен-билер мемлекет тағдырын шешетін шынайы тұлғалар. Мемлекеттің көсегесінің көгеруі, дамуы, нығаюы нағыз шешен-билердің тегеуріді өнерімен, өнегесімен, қызметімен тамырлас. Ол-тәртіптің тұтқасын ұстаушы, ұлтының салт-дәстүрін, рухани болмысының қасиеттерін, ерекшеліктерін бойына дарытқан текті тұлға, ереже-қағидаларына жүйрік әрі жетілдіруші дархан дарын, әлеуметті ілгері сүйрейтін, қызғыштай қорғайтын, жақсылыққа үндейтін үлгілі ұйымдастырушы.

Алмағайып заманда қазақ көгіне үркердей болып ұшқан Төле Әлібекұлы(1663-1756), Қаз дауысты Қазыбек Келдібекұлы(1665-1758), мен Әйтеке Байбекұлы бытыраған халқының басын қосып, көшін түзеп, шешендік те, көсемдік те қасиет танытты. Ел аузындағы аңыздар мен әңгімелер, шешендік сөздер мен толғауларда олардың биік болмысы, асқан азаматтығы мен керемет көрегендігі әр қырынан жарқырап көрінді. Алайда асыл бабаларымыз қаншама азаттық пен асыл мұрат жолында бір-бірімен қиыспас, ажырамас болса да олар туралы тарихымызда, әр түрлі басылымдарда деректер мен мағлұматтар там-тұм кездесіп қалады, әр жерде шашырап жүр.

Енді сол ұлы билеріміздің ішіндегі қаңқылдаған даусымен, тауып сөйлеген шешендігімен ел аузында қалған Қаз дауысты Қазыбек биге кеңірек тоқталып өтемін. XVII-XVIII ғасырлардағы үш ұлы биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ел аузындағы әңгімелер-аңыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиетімен салт-дәстүр, рәсімдерін, ата жолы заңдарын толық меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын аңғартады. Қазыбек бидің кеменгерлігі, жастайынан сөзге шеберлігі адамды таң қалдырады. Қазыбек бидің баспасөз беттерінде айтылмай келе жатқан бір қыры – оның әулиелік қасиеті. Табиғаттың берген бұл сыйы жөнінде тарихи деректі мағлұмат жоқ. Алайда, ел ішінде қысылып, тарыққан ағайын жұрт «Қаз дауысты Қазыбек бабам, қолдай гөр!» деп оның рухына сыйынуды дәстүр еткен. Қаз дауысты Қазыбекті үш қырынан қарастырған жөн:

Біріншіден – асқан шешен, ақын болған кісі.

Екіншіден – ел басқарған дау-жанжалды шешкен, әділ қазы.

Үшіншіден ол – халықаралық дәрежедегі елші – дипломат, қоғам қайраткері.

Қаз дауысты Қазыбек би туралы мәліметтер өте аз. Кейбір кітаптарда ғұмыры жайлы деректемелер болжамдалып жасалған. Қаз дауысты Қазыбектің оқыған жерлері, алған білімі туралы нақты дерек жоқ. Тек оның нақыл сөздері, шешендігін паш еткен жұрт алдындағы әңгімелері, т.б. кездестіреміз. 1992 жылғы жарыққа шыққан «Егемен Қазақстан » газетінің бастаумен шығарылған

«Үш пайғамбар» атты үш биге арналып шығарылған (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би туралы) кітапта билер туралы мәліметтер айтылып кетеді. Қазақстан тарихы кітабында Қазыбек биге барынша, айрықша тоқталып өткен. Қазыбек бидің қайраткерлік өнері мен шешендік өнері туралы А.И.Левшин, Ш.Уәлиханов, Ш.Маржани, Б.Адамбаев, Н.Төрөқұлов, т.б. зерттеулері сақталған. Жазушы Сматаевтың «Елім-ай» романында кемеңгер бидің келісімді тұлғасы жасалған. Қазыбек бидің әдеби мұрасы әр жылдарда баспадан жарық көрген шешендік сөздер жинақтарына енгізілген.

Қазыбектің дарындылығын, шешендігінің дәлелі ретінде оның артында қалған нақыл сөздерін оқу, болашақпен ұштастыру. Ұлағатты сөздерін өмірде пайдалана білу, яғни, келешек ұрпаққа оның асыл, өшпес мұраларын таныстырып, оқып үйретуіміз міндетті.

Қаз дауысты Қазыбек би туралы ғылыми жаңалықтар жоқтың қасы деуге болады. Яғни, би туралы нақты мәліметтер жоқтың қасы деуге болады. (Туған жері нақты келтірілмеген, т.б.) «XVIII ғасырлардың батырлары туралы тарихи аңыздар» атты мақаласында Ш.Уәлиханов былай дейді: «Үш жүздің батырларынан сіз кімді артық көресіз?» – деп Абылайдан сұрағанда, ол былай деп жауап беріпті: «Бізге дейінгі екі кісіге таң қалуға болады. Олар тоқсан туысын құтқарған Қаракесек Қазыбек және тағы сондай өзінің тұтқында кеткен адамдарын босатып алған Уақ Дербісәлі»[3].

Қазыбек Келдібекұлы – он сегіз жасынан бастап қазақ елі басынан кешірген тағдыр тауқыметінің, алмағайып замана оқиғаларының куәгері, орта жүздің төбе биі, шешендік өнердің маңдай алды өкілі ретінде еліміздің тарихында мәңгілік орын алған аса ірі тұлға. Қаз дауысты Қазыбек би аумалы – төкпелі, күрделі, қилы заманда ғұмыр кешті. Кең-байтақ қазақ жерін бір бүйірден Жоңғар хандығы, екінші бүйірден Ресей империясы, үшінші бүйірден Бұхар мен Хиуа хандықтары әбден мазасын алып, өз әзілдік көрсетіп отырды. Жан-жағынан анталаған алпауыттарға қарсы Тәуке хан икемді саясат жүргізді. Сонымен бірге қазақ қоғамындағы жат құбылыстарды, адам бойындағы келеңсіз міндерді құртып-жоюмен шұғылданды. Қоғамды небір дерттерден сауықтыру мақсатында Тәуке хан Үйсін Төле биді, Алшын Әйтеке биді және Қаз дауысты Қазыбек биді «Жеті жарғы» ережесін жасауға жұмылдырды. Ол қазақ халқының біртұтас, дербес мемлекетін құруға және оны нығайтуға қатынасқан ірі мемлекет қайраткері. Сонымен бірге Қазыбек өз тұсындағы қазақ хандарының ақылшысы, мемлекет аралық шиеленістерді бейбіт жолмен реттеуді жақтаған парасатты елші – мәмлегер, дипломат та бола білген. Қазыбек бидің ықпалына қазақ хандары ғана емес, ұлы империялардың әкімшіліктері сүйенген. Атап айтқанда, 1761 жылы Қытай империясының елшілігі, 1762 жылы орыс мемлекеті әкімшілігінің өкілдері әкімшілігінің өкілдері оған арнайы келіп қайтқан.

1680 жылы, Қазыбек он үш жасқа толғанда кейін де өз Тәуке атанған Тәуке қазақ хандығының тағына отырған еді. Есім ханның кезінде «Алты алаш» атанып: қазақтың үш жүзімен ноғай, башқұрт, өзбек құраған қазақ даласындағы хадықтың бірлігі әлсіреп, ноғай, башқұрт, өзбек одақтары ыдырап, енді «төрт алаш» атауымен үш жүзге қырғыз ұлысы қосылып, Тәукенің қол астына жиналып қалған еді. Осы төрт алаштың басына төрт биді – Ұлы жүзге Төлені, Орта жүзге Қазыбекті, Кіші жүзге Әйтекені және қырғыз биін қырғыз ұлысына қойып, солар арқылы ел басқару тізгінін өз қолында ұстап отырған [4].

Қаз дауысты Қазыбек Жоңғария хандығына елшілік, мәмлегерлік жолмен үш рет барған. Бұған ел аузындағы аңыз-әңгімелер куә. Жол бастаған көсемнің, сөз бастаған шешеннің атақ-даңқы бірінші рет атқосшы ретінде барғанда-ақ шыққан. Жобамен айтқанда, XVII ғасырдың 80-жылдарына сәйкес. Жас шамасы 14-15-тегі кезі. 1680-84 жылдарда жоңғарлықтар қазақ даласына ойран салып, мал-мүлкін алып, кісілерін тұтқындап, қанды қырғынға ұшыратқан. Бұл кезде ел тізгінін ұстаған Тәуке хан еді. Қалмақ қонтайшысы Қалдан Бошақты (кейде Қонтәжі деп аталады) еліне Тайкелтір би бастаған елшілер тобын ұйымдастырған Әз-Тәуке тәрізді. Сонда Әз-Тәуке дана биге Қазыбек баланы тапсырып, жауды алмас қылышпен ойсыратып жеңуге болады, мылтықпен дәлдеп атып жер жастандыруға болады, сегіз қырлы сексен сөзбен тереңнен толғап, елжіретіп жеңуге болады деген екен. Мал-жанды тегіс құтқарып, дүние-мүлікті қаз-қалпында Отанымызға алып қайтындар деп батасын берген екен[5].

Би XVIII-ғасырдың 40-жылдардың басында Сыр бойынан Арқаға қарай ауа көшіп, Ұлытау, Қарқаралы өңірін қонысқылып, Семізбұғы тауының беткейлерін жайлаған. Қазыбектен: Бекболат, Қазымбет, Базаркелді, Барқы, Сырымбет есімді бес ұл, Маңқан (Қамқа) деген бір қыз туған, Қазыбектің ұрпақтары ата-аба жолын қуып, сөз ұстаған парасатты әділ қазылар атанған.

XVII-XVIII ғасырлардағы үш ұлы билердің бірі – Қазыбек би. Ол алдында ешкімге дес бермейтін дарынды шешен болған. Ол туралы аңыздар өте көп. Әсіресе, билермен әңгімелескен сөздері көптеп кездеседі.

Уыздай жас Қаз дауысты Қазыбектің тапқырлығы мен алғырлығы, зерделілігі мен саналығы, батырлығы мен батылдығы арқасында қазақ елшілерінің жорытқанда жолы болып, айы оңынан туып, атамекеніне қанаттанып қайтады [6].



Ғасырға жуық ғұмыр кешкен Қаз дауысты Қазыбек жоңғар хандығына үш рет елші болып барған көрінеді. 1741 жылы Қалдан Бошоқты Абылай сұлтанды қолына түсіреді. Аяқ-қолына кісен салып, екі жыл зынданда ұстайды. Абылайды тар қапастан құтқару оңай емес-ті. Алдағы уақытта қазақ мемлекетінің тағдырын өз қолына алатын біртуар перзентті, әрине, Қаз дауысты Қазбектің дұшпанының құрған торынан азат етуі үшін оның елден асқан өнері, дарыны, айласы, кеменгерлігі мен көрегендігі, тереңдігі ең жүректілігі қажет-ті. Күрделі, қайшылықты жағдайларды жіті түсініп, ұтымды пайдалана білген Қаз дауысты Қазыбек Абылай сұлтанды 1743 жылы босаттырып алады [7].

Қаз дауысты Қазыбектің әділдікке, дұрыстыққа, туралыққа суарылған келісті кесім биліктері, сұлулық пен мөлдірлікке ие алғыр-тапқыр лебіздері өлшеусіз тереңдігімен, өнегелі пайым-парасатымен, даналық қорытындыларымен ерекшеленеді. Дана бидің сұңғылалығы мен көшелігі мына бір жағдайда байланысты саралап билік айтқаны айғақ. Әбілқайыр ханды 1748 жылдың тамыздың 24 күні Барақ сұлтан қастандықпен өлтіреді. Қазақ аспанына қара бұлт үйіріліп, елдің еңсесі түсіп, сергелдең шақ туады. Заманынан озып туған Қаз дауысты Қазыбек Көкжал Барақтың сұмдық зұлымдығын әшкерелеп, төрелік айтады:

-Уай, Барақ! Елдің саулығын қашырып, қаскөйдің жаулығын бастадың сен. Бәрінен де бұрын сен адамзаттың өмірін ұрлап, өлімге орын босаттың. Ханыңды қарадай өлтірсең, халқыңды қандай қырарсың. Жауыздық қақпасын ашсаң, қаның судай шашарсың. Ал, егер еліңді ығыр қылғын келмесе, жүрегіңнің ізгілігі өлмесе, тесікті өзің бітеп, жараны өзің жазып ал. Өлген тірілмейді, өшкен жанбайды. Өлгеннің ісін жалғастырып, өшкеннің отын тұтатсаң, өмір азбайды, шырақ қайта маздайды.

Сөйтіп, түйдек-түйдек толғаныстарымен Барақ сұлтанды ақыл тұзағына түсіріп, тобықтан қағып, топалаң асырады. Көпке топырақ шаша ала ма, өр көкірек, тәкәппар, менмен Барақ сұлтан Қаз дауысты Қазыбектің тегеурініне шыдамай, басы жерге жеткенше иіліпті [8].

Қазыбек би Қазақ тарихында даналығымен, даралығымен, шешендігімен ерекшеленеді. Оның қаңқылдаған сөзіне, тауып айтар сөзіне барлығы таң қалған. Қазақ тарихындағы деректерге сүйенсек, бірде Қаз дауысты Қазыбектің тапқырлығы мен шешендігін өз құлағымен естіп, көз жеткізгісі келген бір білгер адам оған: Кім жақын? Не қымбат? Не қиын? – деген үш сұрақты қатарынан қойса керек[9].

Қазақ тарихнамасында Қазыбек бидің алатын орны зор. Негізінен, тарихнама ауыз әдебиетімен тікелей байланысты. Яғни, Қазыбек би ауыз әдебиетіне өзіндік үлесін қосқан ұлы тұлғаларымыздың бірі. Қазыбек бидің қазақ ауыз әдебиетінде маңызды орын алатын шешендік, ұтымды сөздері, халықты бірлікке, татулыққа шақырған сөздері, әр түйінді шешетін тілмарлығы халықты қызықтырды және әлі де қызықтыруда[10].

Қорытындылай келе, бала би деген аттан дана би деген атаққа дейін көтерілген Қазыбектің ғұмыр жолы он жетінші, он сегізінші ғасырлардағы қазақ халқының аса бір қилы кезең, дүрбелең шытырман оқиғаларымен тікелей байланысты.

Қаз дауысты Қазыбек би елге сіңген еңбегімен, аңызға айналған шешендік сөздерімен тарихта дана да, дара тұлға. Ол жас кезінен халық алдында шешендігімен, тапқырлығымен көзге тарих беттерінде қалды. Жас Қазыбектің асқан қабілеттілігіне көз жеткізген Орта жүз руларының ақсақалдары мен билері оны сот қарауға тартады, сөйтіп ол өзінің тапқырлығымен, біліктілігімен және таңғажайып шешендік қабілетімен жалпы жұртқа танымал болады. Халық арасында зор беделге ие болған Қазыбек би, Төле би және Әйтеке билер мен қатар Тәуке, Сәмеке, ал онан соң Әбілмәмбет және Абылай хандардың кеңесшісіне айналады, мемлекетті басқаруға белсене қатысып, хандықтың ішкі және сыртқы саясатына ықпал жасайды. «Жеті жарғыны» жасауға қатысады. Абылайдың басқаруы кезеңінде дипломатиялық өкілдік те атқарып, жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастырады. Жоғарыда айтып өткендей, XVIII ғасырдың 40-жылдарында Абылай ханды жоңғарлардың тұтқынынан босатуға қатысқан қайраткерлердің бірі [11], дегенмен де өзін белсенді сыртқы саяси қызметтен шығарып тастағысы келген ханмен барлық уақытта бірдей уақытта жақсы қарым-қатынаста бола бермеген [12].

Қазыбек би жүз жастан астам жасап, Қарқаралы тауларына жақын жердегі өзінің рулық ата-қонысы жерінде қайтыс болған. Түркістан қаласында, Қожа Ахмет Йассауи кесенесіне жерленген.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Үш пайғамбар. Ред.Алқасы. 1992.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы.Ред. алқасы. 2000. 3-том
3. Дербісәлин. Дәстүр және жалғастық. А., 1976
4. Жармұхамедұлы. Көненің көзі. А., 1996
5. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. А., 1969

6. Қазақстан тарихы. Ред. Алқасы. Алматы, 1998
7. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. Алматы, 1983
8. Ахметов З. Қазақ өлеңдерінің құрылысы. Алматы, 1964
9. Адамбаев Б, Шешендік сөздер. Алматы, 1964
10. Мағауин М. Қазақ хандығының дәуіріндегі әдебиет. Алматы, 1992
11. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1958
12. Базарбаев М. Өлең –сөздің патшасы, сөз сарасы. Алматы, 1973

ӘОЖ 373.3

## ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

**Р.О. Хамза,**

*Батыс Қазақстан облысы Дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Білім-инновация» мектеп-лицей-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары*

Ў Мақалада қазіргі қоғамдағы сөйлеу мәдениетінің аса өзекті мәселері таратыла айтылып, мектеп оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мәселесі нақты мысалдармен таразыланған.

Ў В статье освещены наиболее актуальные проблемы речевой культуры в современном обществе, на конкретных примерах взвешена проблема формирования речевой культуры школьников.

Ў The article highlights the most pressing problems of speech culture in modern society, and the problem of forming the speech culture of schoolchildren is weighed using specific examples.

**Тірек сөздер:** *Қарым-қатынас құралы, сөйлеу мәдениеті, синоним, образды сөйлеу мәдениеті, фразеологизм, астарлы сөйлеу, тілдік қор.*

Қарым-қатынас құралы ретінде тіл қоғамдық - саяси, ресми іскерлік, ғылыми және мәдени өмірдің барлық салаларына қызмет көрсетеді. Қоғамның мәдени дәрежесін көтеру сөйлеу мәдениетін дұрыс жолға қоюмен тығыз байланысты. Біздің халқымыз тіл тазалығына, сөйлеу мәдениетіне ерекше мән берген. Жаксы сөзді жанына азық ете білген, жүйелі сөзге тоқтаған, шешендікті, тапқырлықты жоғары бағалаған. Жалпы тілдік қор бар да, сөйлеу бар. Нақты айтқанда, сөйлеу – тілдік қордың қимыл үстіндегі адамдардың қатынас айналымындағы күйі.

Тілдің жаны, тіршілігі сөйлеуде. Сөйлеу әрекетінде тіл жанданып, өз бойындағы мүмкіндіктерін жан-жақты көрсете алады. Осы тіліміздің ұшан-теңіз мүмкіндіктерін әркім әр түрлі пайдаланады, кейбіреулері оның ішіндегі асылдарын іріктеп алып, лайықты орында дұрыс пайдалануға шебер болса, екінші біреулерде ондай алғырлық, дарындылық болмайды. Осыдан қоғамда тіл жеке адамдардың сөйлеу әрекетінде даралық сипатқа ие болады. Тіл мен сөйлеудің бір-бірінен өзгешелігі де осында [1].

Қазіргі кезде білім беру, оқу орындарында жастарды әдеби тілде жазу мен әдеби тілде сөйлеуге баулуға ұмтылып келеміз. Әдеби тілде сөйлеу деген өне бойы мақалдатып, мәтелдетіп отыру емес. Мейілінше сөзді орнымен дұрыс қолдану, айтар ойыңды жүйелі жеткізе білу. Алайда сөзді дұрыс айту кейде жетіспей жатады. Көбіне сөйлер сөзімізге жауапсыз, жеңіл қарағандығымыздың кесірінен сөзіміздің қисыны келіспей, ойымыз да жұпыны шығады. Мәселен, кейбір сөйлеушілер "60 жасар Асекең қажырлы еңбек етіп келеді" деп жатады. Осында 60 жасар сөзінің орнына "60-қа толған" немесе "60 жастағы" деп қолданса дұрыс болар еді. Өйткені «жасар» деп он-он бес жасқа дейінгі жастарға айтуға болғанмен, үлкен жастағыларға қолдану дұрыс болмайды. Яғни, әр сөзді өзінің ретімен қолданған жөн. Енді бір жағдайларда "көктем келді", "күз келді", "жас болды" деп жатамыз. Ал бұл орайда ғалым-жазушы Ақселеу Сейдімбеков жылдың төрт мезгілін "жас шықты", "қыс түсті", "күз келді", "көктем туды" деуді жөн көреді. Өйткені халқымыз әр мезгілге тән әр түрлі етістікті қолданады екен. Демек, өмірдегі, қоршаған ортадағы жағдайды, көріністерді нақты, дәл бере алатын, тілімізде айтылуы қалыптасқан сөздердің нормасын сақтау қажеттілігі айқын.

Соңғы кездерде мерейтой шараларында сөйлеушілердің "туылды" деген сөзді жиі қолданатындығын естіп жүрміз. Алайда осы сөз біздің сөз қолданысымызға күштеп енгізілген. Біз өзіміздің сөз қолданысымызда Жүсіп Баласағұн 1015-16 жылдары туған, болмаса Шәкәрім Құдайбердіұлы 1857 жылы дүниеге келген деп айтып жүрміз. Бұлай айту естір құлаққа жағымды, баршаға түсінікті болып, көпшіліктің арасында кеңінен қолданылып әдеби нормаға айналған. Сондықтан естір құлаққа тосын "туылдыны" қолдану қажеттілігі жоқ. Тағы бір көңіл бөлетін жағдай,

ауызша сөйлеулер кезінде "осы", "жаңағы" деген секілді сөздерді жиі қайталаулар кездеседі, кейде көптің алдына шығып сөйлеушілерде болады. Сірә, айтар сөзін таба алмай, ойын жеткізіп бере алмай тұрған кезде айтатын сияқты. Міне, осындай жағдайлар сөйлеуші білімінің тайыздығын, ойының шолақтығы, тілінің жұтандығын көрсетеді. Біздің балаларымыз, жастарымыз осы көріністерден қандай әсер алады? Қателікті түсіне ме, әлде осылай айту дұрыс екен деп қабылдай ма?! Демек, қай кезде де айтар сөзімізге жауапкершілікпен қарап, мүмкіндігінше орынсыз сөз қайталауларға бармай сөйлеуіміз керек.

Ана тіліміз синоним сөздерге өте бай. Сол синоним сөздерді біздің қолдануымыз әр қилы. Теледидар көріп отырған кездерімізде ауа райын хабарлап жатып "Ертең Өскеменде 20 градус аяз, Семейде 20 градус суық" дейді. Естіп тұрғанымыздай екеуінде де 20 градус, бірақ біреуінде аяз, екіншісінде суық. Енді бірде 15 градус суық, 15 градус салқын дейді. Сонда аяз бен суықтың, суық пен салқынның айырмашылығы жоқ па? Қайсысы аузыңа түссе, соны айта беруге бола ма? Біздің ойымызша, синоним сөздің өзіндік реңі бар. Сөйлеу кезінде біз ол ерекшеліктерді ескеріп, тіліміздің сөздік қорын талғампаздықпен қолдансақ, сөйлеу мәдениетіміз арта түскен болар еді [2].

Жалпы жастарды, балаларды дұрыс сөйлеуге, ойын толық, нақты, әсерлі жеткізе білуге тәрбиелеу отбасынан басталып, теледидар секілді ақпарат құралдары мен қоршаған орта, айналамен қарым-қатынаста жүргізіледі. Ал мектептегі оқу кездерінде оқушылардың тілін дамыту мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жұмысын үнемі жүргізіп келеміз. Мысалы, 7-сыныпта С.Мұқановтың «Есіл бойында» әңгімесін оқу кезінде жазушы суреттеген Есіл өзенінің суреті мен табиғаттың құбылған көріністерін оқушыларға мәтіннен тапқызамыз. Берілген тапсырма бойынша оқушы Есілдің бүлдіргені, жидегі, шалғыны, тоғайының сипатталуын, ерекшелігін айтып жеткізе білуі керек. Осы мақсатта дайындалған оқушы бүлдіргені үркер жұлдыздай шоқталған, қызыл жақұттай жарқыраған, уыз қымыз татығандығын айтатын болса, келесі оқушы жидегінің ақ меруеттей жалтыраған, бөдененің жұмырқасындай аппақ, иісі жаныңа жайлы, балбыраған жұмсақ, балдай тәтті екендігін баяндайды. Ал келесі оқушы Есілдің шалғыны жібектей жұмсақ, жұпар иісті, сұлудай сыланады, кәмшат құндызды, мөп-мөлдір жасыл екендігін сипаттайды. Осы секілді басқа тақырыптарды оқыған кезде де оқушыны көркем шығармадағы көркем сөз образдарымен жұмыстандырамыз. Нәтижесінде оқушылар бейнелі, көркем образды сөйлеуге дағдыланып, сөздік қорын молайтады. Әдебиет теориясы бойынша теңеу, эпитеттердің түрлі қолданыстағы күйін көреді және оларды қолдану ойынды байытып, сөзінді ажарландыра түсетіндігін ұғынады. Демек, тіліміздің байлығы сөздің санында емес. Байлық - сөздің, тілдің икемділігінде. Әрбір сөздің бір-бірімен қабысқанда, тілдескенде үйлесімді болатындығы. Тіліміз бейнелі, астарлы сөздерге бай. Алайда соңғы уақытта кейбір үлкен кісілердің бейнелеп, астарлы сөйлегендерін естігеніміз болмаса, бейнелеп, астарлы сөйлеуден көз жазып барамыз. Осының әсерінен жастар жағы бейнелі, астарлы сөздерді (**фразеологиялық тіркестерді**) түсінбейтін жағдайлар да кездесуде. Мысалы, "Қарға адым жерге жете алмай отырып", "Сен кетсең қолым кесіліп қалатын болды-ау" деген секілді сөздер айтылған кезде, оқушылар түгіл студент жастардың өзі ол сөздің мағынасын түсінбей өзіңізден қайта сұрап жатады. Біз жастарға фразеологиялық тіркестердің мағынасын түсіндірумен бірге оларды қолдана білуге үйретуіміз керек. Осы мақсатта тек бағдарламада берілген ақын, жазушылардың шығармаларымен ғана жұмыстанып қоймай, сыныптан тыс шараларда, қазақ тілі мен әдебиеті апталықтарында мәнерлеп оқу секілді бейнелі, астарлы сөйлеуден де жоспарлы түрде байқаулар, жарыстар ұйымдастырып отыруымыз керек. Жазушы Ғ.Мүсіреповтің «Сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады» дегеніндей, өз орнымен қолданылған сөздер мен фразеологиялық тіркестер сөзімізді ажарландырып, мағынасын аша түседі. Демек, жиналыстарда, көптің алдында, оқушылармен жүргізілетін шараларда, сабақ кездерінде сөйлер сөздің әдеби тіл нормаларына сай нақты, бейнелі, астарлы, мағынасы дәл болуы қажет. Тыңдаушылар сөйлеушіні сөйлеген сөзіне қарай бағаласа, оқушылар жақсы сөзді жадына сақтап, тілдік қорын молайта түседі [3].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1 Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Оқулық бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы жоғары оқу орнының филология бөлімінің студенттері үшін дайындалған. 4-басылым. – Орал, «Полиграфсервис» ЖШС 2023. – 424 бет

2 Бизақов С., Болғанбаев Ә., Дәулетқұлов Ш. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. - 720 бет.

3 Хамза Р.О. Қазіргі қоғамдағы сөйлеу мәдениеті және мектеп оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру// «Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың БАҚ және баспа орталығы, 2009. – 83-86-б.б.

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

ИРГАЛИЕВ А.С., ТЕМИРОВА М.К.

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті*

**Аңдатпа:** Зерттеу идеясы бізді бастауыш мектептің білім беру ортасы жағдайында бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамытуға негіз болатын құрылымдық-функционалды модель құру қажеттілігіне бағыттады.

**Аннотация:** Идея исследования привела нас к необходимости создания структурно-функциональной модели, которая послужила бы основой для развития лидерских способностей младших школьников в условиях образовательной среды начальной школы.

**Abstract:** The idea of the study led us to the need to create a structural and functional model that would serve as a basis for the development of leadership abilities of younger schoolchildren in the educational environment of primary school.

Бастауыш мектептің білім беру ортасы айтарлықтай даму әлеуетіне ие. Ол жоғары білім деңгейін және оларға тұрақты қызығушылықты қамтамасыз ете алады, балалардың физикалық жетілуіне және денсаулығына оң әсер етеді; олардың шығармашылық бейімділігі мен жасырын қабілеттерін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамыту моделінің құрылымы келесі компоненттерден тұрады: мақсатты, теориялық-әдіснамалық, мазмұнды-процедуралық, бағалау-нәтижелі. Төменде осы компоненттердің сипаттамасы келтірілген.

**Нормативтік-мақсатты компонент** қоғамның әлеуметтік тапсырысынан, жеке тұлғаның қажеттіліктерінен және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарынан тұратын бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамытудың мақсаттарын, өзектілігін анықтайды. Шешуді талап ететін және біз зерттеп жатқан мәселенің өзектілігін дәлелдейтін осы үш жағдайдың барлығы бір-бірінен туындайды. Модельді құрудың алғышарттары: қоғамның әлеуметтік тапсырысы, МЖМБС талабы және жеке тұлғаның өзі болды.

Уақыттың динамизмі, жаһандану, үлкен бәсекелестік жеке тұлғаға ерекше талаптар қояды. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында жеке тұлғаны дамыту идеологиясы, субъектілердің шығармашылық белсенділігі қалыптасады, ол тек жеке мәселелерді ғана емес, сонымен бірге қоғамдық мәселелерді шешуге белсенді қатысудан тұрады.

Жаңартылған мазмұн жағдайында біз әзірлеген модель білім беру жүйесінің алдында тұрған бірқатар өзекті мәселелерді шешуге арналған. Білім беру жүйесіндегі әлемдік дамудың негізгі тенденциялары:

- қоғамның даму қарқынын жеделдету;
- постиндустриалды, ақпараттық қоғамға көшу, мәдениетаралық өзара іс-қимыл ауқымын кеңейту;
- халықаралық ынтымақтастық нәтижесінде шешілуі мүмкін жаһандық проблемалардың пайда болуы мен өсуі;
- қоғамды демократияландыру;
- экономиканың серпінді дамуы, бәсекелестіктің өсуі;
- адами капиталдың маңыздылығының өсуі.

Қазіргі бастауыш мектеп оқушылардың функционалды сауаттылығын, өз бетінше іздеу, сыни талдау және бағалау дағдыларын дамытуға, яғни «білімді адамнан» «шығармашылықпен ойлауға, әрекет етуге, өзін-өзі дамытуға қабілетті адамға» көшуді жүзеге асыруға арналған, бұл оқушының пассивті ұстанымын белсендіге өзгертуге мүмкіндік береді.

Тұлғаға бағытталған білім беру білім беру бағдарламаларының әртүрлілігінің қажеттілігін, студенттердің күтілетін нәтижелерге қол жеткізудің әртүрлі жолдарын белгілейді.

Мәселен, бастауыш білім берудің базалық мазмұнын айқындайтын «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабына сәйкес әзірленген бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты қазіргі қоғамның динамикалық сұраныстарына, сондай-ақ жеке тұлғаның өзі сұрауларына сәйкес жаңартылды [1]. Онда: «әр білім беру саласы бойынша бастауыш білім берудің негізгі мазмұны бастауыш білім берудің негізгі миссиясына сәйкес анықталады, оған сәйкес оқушыны оқыту ғана емес, сонымен бірге оның руханилығы мен әлеуметтік маңызды дағдыларының негізін қалау қажет» [1], яғни өнімділікке мүмкіндік беретін әлеуметтік адекватты

мінез-құлыққа дайындықты қамтамасыз етуге арналған қабілеттер кешені. басқалармен қарым-қатынас жасау және күнделікті өмірдің талаптары мен өзгерістерімен сәтті күресу, біздің ойымызша, бұл бірінші кезекте көшбасшылық қабілеттерге қатысты. Айта кету керек, білім беру мазмұны көшбасшылардың қалыптасуына жағымды әсер ететін жеке қасиеттердің дамуын анықтайды.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуі мен даму процесіне жоғары және сапалы жаңа талаптар қояды. Бүгінгі таңда өзін-өзі жүзеге асыру үшін ол ең алдымен дамыған көшбасшылық қабілеті бар шығармашылық тұлға болуы керек. Өзін-өзі жүзеге асыру қажеттіліктер иерархиясындағы ең жоғары (А. Маслоу). Айта кету керек, қажеттіліктер тұрақты емес, уақыттың әр нақты сәтінде адам қажеттілікті қанағаттандыруға тырысады, ол сол сәтте ол үшін өзекті болып табылады. Өздеріңіз білетіндей, бастауыш сынып оқушыларына көшбасшылыққа деген ұмтылыс тән. Бұл балалар мұғалімнің жақсы бағасын алғысы келетін, бәрінде бірінші болуға ұмтылатын жас, сонымен қатар мұғалімнің жақсы бағасын алуға деген ұмтылыс пайда болады, бәрінде бірінші болуға ұмтылады, сонымен қатар сыныптастарының құрметіне ие болуға деген ұмтылыс пайда болады, сондықтан осы жас кезеңіндегі өзекті қажеттілік көшбасшылық мүмкіндіктерді көрсету қажеттілігі болып табылады.

Біз әзірлеген құрылымдық-функционалдық модельдің **мақсатты компоненті** жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызды кезеңі ретінде бастауыш мектепте көшбасшылық қабілеттерін дамыту қажеттілігімен анықталады.

Бастауыш сынып оқушыларында көшбасшылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-функционалдық моделін жобалаудың әдіснамалық негізі жүйелік, белсенділік, аксиологиялық, тұлғаға бағытталған және синергетикалық тәсілдер болды.

Оның мәнін нақтылайтын жүйелік тәсілді іске асырудың негізгі принциптері:

- жүйе қасиеттерінің ерекшелігін, әрбір элементтің тәуелділігін, жүйе ішіндегі қасиеттер мен қатынастарды олардың орны мен тұтастық ішіндегі функцияларына көрсететін тұтастық принципі;
- оның элементтері арасындағы байланыстар мен қатынастардың жиынтығын ашу арқылы жүйелерді құрылым ретінде сипаттауға мүмкіндік беретін құрылымдық принцип;
- жүйенің сыртқы және ішкі факторларының өзара тәуелділік принципі;
- объектіні үш аспект бойынша қарастыруды көздейтін иерархия принципі: тәуелсіз жүйе ретінде, жүйенің элементі ретінде, оның элементтеріне қатысты, өз кезегінде жүйе ретінде қарастырылады;
- жүйелік объектіні сипаттау үшін көптеген модельдер құру қажеттілігін білдіретін жүйені ұсынудың көптігі принципі;
- жүйені және оның элементтерін тек статикалық емес, сонымен қатар динамикалық, даму тарихы бар зерттеуді қажет ететін тарихизм принципі.

Жүйелік тәсілмен, мысалы, білім беру жүйесі, оның жұмыс істеу процесі келесі өзара байланысты компоненттердің жиынтығы ретінде қарастырылады: білім беру мақсаттары; оның мазмұны; осы мазмұнды жүзеге асырудың формалары, әдістері, құралдары (оқыту, игеру, оқыту технологиялары); білім беру жүйесінің субъектілері (педагогтер, білім алушылар, ата-аналар); оқу орындары бүкіл білім беру жүйесінің құрылымдық элементтері ретінде жүйелер және оларда жұмыс істейтін педагогикалық процестер; білім беру жүйесінің құралы ретінде материалдық база.

Зерттеу барысында біз жүйелі тәсілге сүйендік, бұл бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін объективті шындықта дамыту мәселесін қарастыруға мүмкіндік берді. Біз белгілеген мәселе бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесінің мүмкіндіктері, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктері, оқытылатын процестегі мұғалімнің рөлі, ата-аналардың осы процеске әсері, көшбасшылық қабілеттердің құрылымдық компоненттері, бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамытудың ғылыми-әдістемелік кешені тұрғысынан зерттелді. Осылайша қамтамасыз етілген жүйенің тұтастығы бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамытудың үйлесімділігі мен тиімділігіне ықпал етеді.

Тұлғаның дамуы іс-әрекетте жүретіні анықталды. Бұл факт педагогикалық процесте көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-әрекет тәсілін жүзеге асыру қажеттілігін анықтайды. Іс-әрекет тәсілі қазіргі білім берудің жетекші бағыты болып табылады және теория мен практикада тұжырымдамалық позицияны алады, тұлғаға бағытталған және іс-әрекетке негізделген тәсілдердің негізгі ережелерін үйлесімді түрде біріктіреді. Жалпы алғанда, тұлғалық іс-әрекет тәсілі тұлғаның көшбасшылық әлеуетін дамытуға бағдарлануды көздейді. Тәсілдің басты жетістігі - оның аясында өнімді бағыт-әрекет психологиясы қалыптасты. Сенсорлық, перцептивті, пәндік, орындаушылық, мнемикалық, ақыл-ой, аффективті және т.б. әрекеттер, сондай-ақ олардың құрылымдық компоненттері: мотивтер, мақсаттар, міндеттер, орындау әдістері мен шарттары зерттелді.

Тұлғалық-белсенділік тәсілі - бұл пәндік қызмет категориясына негізделген зерттеудің әдіснамалық бағыты. Қызмет теориясына сәйкес, психологиялық тұрғыдан қызметтің толық құрылымы әрқашан мотивациялық-индикативті, атқарушы және бақылау-бағалау буынын қамтиды. Қызметті толыққанды жүзеге асыру оның құрылымының барлық компоненттерін іске асыруды қамтиды.

Іс-әрекетке деген көзқарас принциптері көшбасшылық қабілеттер құрылымының құрамдас бөліктерінің мазмұнын талдауда көрініс табады және көшбасшылық қызметті зерттеудің әдіснамалық негізі болып табылады. Көшбасшылық қабілеттердің мәнін көшбасшылық қызмет контекстінде түсіндіруге белсенді көзқарасты қолдану бірқатар ережелерге негізделген:

- адам қызметінің ерекшелігі оның түрі болып табылатын және сол компоненттерден тұратын көшбасшылықта көрінеді: қызмет субъектісі, қызмет объектісі, қызмет мақсаты, қызмет актілері, қызмет тәсілі (әдісі), қызмет құралдары мен нәтижелері; бұл «көшбасшылық қабілеттер» ұғымын ашуға мүмкіндік береді;

- көшбасшылық қызметті үш негізгі компонентті қарастыра отырып, қызметтің ерекше түрі ретінде ұсынуға болады: мотивациялық-индикативті, атқарушы және бақылау-бағалау;

- көшбасшылық қызметті дамытуды іс-әрекет теориясы тұрғысынан құрған жөн, өйткені іс-әрекеттің құрылымын білместен оның қалыптасуы мен дамуын басқарудың тұжырымдамалық модельдерін құру мүмкін емес.

Тұлғаға бағытталған тәсіл педагогикалық процесті құру және жүзеге асыру кезінде адамға мақсат, субъект, нәтиже және оның тиімділігінің негізгі өлшемі ретінде бағдарлануды білдіреді. Ол жеке тұлғаның бірегейлігін, оның интеллектуалды және адамгершілік бостандығын, сыйластық құқығын мойындауды талап етеді [2]. Осы тәсіл шеңберінде тұлғаның өзін-өзі дамытудың табиғи процесіне және шығармашылық әлеуетіне тәрбиелеуге, бұл үшін тиісті жағдайлар жасауға сүйену көзделеді.

Ұсынылған модельдегі бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамытудың мазмұнды және процедуралық компоненті бастауыш сынып оқушыларының негізгі іс-әрекеттерін, психологиялық-педагогикалық құралдарды, бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамытудың формаларын, әдістері мен мазмұнын қамтиды.

Бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамыту процесіндегі негізгі қызмет түрлері: оқу қызметі, қарым-қатынас және ойын қызметі.

Бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамыту үшін біз келесі психологиялық-педагогикалық құралдарды анықтадық: психологиялық ертегілер, ойын; формалар: көшбасшылық шеберханалар, әлеуметтік-психологиялық тренинг; әдістер: өзін-өзі бақылау және интроспекция күнделігі «Мен және кітап», бояу кітапшасы «Көшбасшы деген кім?», ләпбук.

Психологиялық-педагогикалық құралды оқу процесіне әдейі енгізілген қоршаған орта немесе өмірлік жағдай ретінде анықтауға болады. Дәстүр бойынша, келесі шарттарды сақтай отырып, психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешу үшін қолданылатын материалдық және рухани мәдениет объектілері тәрбие мен оқыту құралы ретінде қарастырылады:

- баланың жеке басының ішкі әлемін дамыту үшін қажетті ақпарат осы объектімен байланысты;

- объект туралы ақпарат бейнелі, көрнекі-пәрменді немесе символдық-символдық (ауызша немесе жазбаша) нысанда игеру нысаны ретінде бөлінген;

- объект өзінің ақпаратымен бірге даму процесі субъектілерінің қарым-қатынасы мен бірлескен қызметіне енгізілген [3-5].

Бағалау және нәтижелі компонентте бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамыту критерийлері көрсетілген.

Біз бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамытудың үш деңгейін анықтадық - төмен, орташа, оңтайлы.

Бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамытудың біз құрастырған құрылымдық-функционалдық моделі субъектілердің (мұғалім, оқушы және олардың ата-аналары) орындалатын функциялармен қарым-қатынас жүйесі құрылымының байланысын ашады.


Трансформациялық функция бастауыш сынып оқушысының көшбасшылық тәжірибенің жаңа мазмұны мен тетіктерімен жүйелі түрде байытуға, оны игеруде белсенді және белсенді болуға дайындығын қамтамасыз етеді.

Интеграциялық функция мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуінен, психологиялық - педагогикалық құралдардың өзара енуінен және трансформациялық байланыстарынан және бастауыш сынып оқушысының көшбасшылық қабілеттерін дамыту процесінен тұрады.

Делдалдық функция біз анықтаған кезеңдерге сәйкес психологиялық-педагогикалық құралдармен бастауыш сынып оқушысының көшбасшылық қабілеттерін кезең-кезеңімен дамыту бағдарламасы ретінде өзара әрекеттесудің мақсатын, мазмұнын, механизмін көрсетеді.

Әзірленген модель бастауыш мектеп жасындағы балалардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту процесінің сипаттамалық аналогы болып табылады (1 сурет).

Модель компоненттерінің әрқайсысының нақты мазмұны мен әдістемелік ерекшеліктері бар, сонымен қатар жалпы педагогикалық мәселенің белгілі бір бөлігін шешеді. Онда мазмұндық блоктарды іске асыру процесіне уақтылы түзетулер енгізу мүмкіндігі бар.



Сурет 1 - Бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-функционалдық моделі

Бастауыш мектептің білім беру ортасы айтарлықтай даму әлеуетіне ие. Ол жоғары білім деңгейін және оларға тұрақты қызығушылықты қамтамасыз ете алады, балалардың физикалық жетілуіне және денсаулығына оң әсер етеді; олардың шығармашылық бейімділігі мен жасырын қабілеттерін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Кіші мектеп жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-функционалдық моделі осы жас кезеңінде көшбасшылық қабілеттерді дамытудың күрделі процесін неғұрлым қисынды ұсынуға, кіші оқушыларды процестің өзіне тартудың негізгі бағыттарын, кезеңдерін неғұрлым егжей-тегжейлі және терең зерделеуге мүмкіндік береді.

### Пайдаланылған ақпараттар көздері:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
2. Аспанова Г.Р. Основные педагогические условия развития лидерства умладших школьников. // Вестник ПГУ им. С. Торайгырова. Серия педагогическая, 2014. - №3. - С.55-59.
3. Козыбакова Г.М. К вопросу о формировании лидерских качеств у будущих специалистов // Қазақстанның ғылыми әлемі. - 2009. - №5. - С. 121-127.
4. Ушатов М.Ә. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту: философ. PhD дис.: 6D010300. - 2016.
5. Байкулова А.М. Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу: философ. док. PhD дис.: 6D010300. - 2016.

ӘОЖ 82:316.3

## ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДАҒЫ АЖАТТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Р. Н.Бегалиева,**

*Педагогика ғылымдарының кандидаты*

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қаласы*

[Rauan\\_Narmahankyzy@mail.ru](mailto:Rauan_Narmahankyzy@mail.ru)

**А. А.Бегалиев,**

*ШҚО ББ Өскемен қаласы бойынша ББ-нің «Лев Гумилев атындағы № 38 гимназиясы» КММ, Өскемен қаласы*

[95abai95@mail.ru](mailto:95abai95@mail.ru)

3. Алексеева, Т. В. Подростки с нарушениями интеллекта / Т. В. Алексеева [Электронный ресурс]. – URL : <http://do.teleclinica.ru/184462/> (дата обращения 25.10.2017).
4. Бгажнокова, И. М. Коррекционные задачи и основные направления в организации воспитательного процесса в детском доме (интернате) для детей с недостатками интеллекта [Текст] / И. М. Бгажнокова // Дефектология. – 1995. – № 5. – С. 30-32.
5. Бгажнокова, И. М. Обоснование изменения структуры и содержания обучения детей с нарушением интеллекта [Текст] / И. М. Бгажнокова // Дефектология. – 1995. – № 1. – С. 30-32.

6. Большой толковый словарь русских существительных. Идеографическое описание. Синонимы. Антонимы [Текст] / под ред. Л. Г. Бабенко. – 2-е изд., стер. – М. : АСТ-ПРЕСС КНИГА. – 159 с.
7. Васенков, Г. В. Актуальные проблемы профессиональной подготовки умственно отсталых детей [Текст] / Г. В. Васенков // Дефектология. – 1997. – № 5. – С. 41-43.
8. Воронкова, В. В. Воспитание и обучение детей вспомогательной школы [Текст] / В. В. Воронкова. – М. : Педагогика, 1994. – 416 с.
9. Выготский, Л. С. Избранные психологические исследования [Текст] / Л. С. Выготский. – М. : Школа-пресс, 1994. – 224 с.
10. Выготский, Л. С. Избранные психологические исследования. Мышление и речь [Текст] / Л. С. Выготский. – М. : Издательство АПН РСФСР, 1959. – 519 с.
11. Выготский, Л. С. Проблемы дефектологии [Текст] / Л. С. Выготский, Т. М. Лифанова, М. А. Степанова. – М. : Просвещение, 1995. – 527 с.
12. Гнатюк, А. А. Подготовленность выпускников вспомогательной школы к профессиональному труду [Текст] / А. А. Гнатюк // Дефектология. – 1986. – № 6. – С. 28-31.

## ӘОЖ 159.9

### THE OPTIMAL SOLUTION IN INCLUSIVE EDUCATION IN SECONDARY SCHOOL

**A.Zhenissova,**  
postgraduate student

**M.Sachkova,**  
Doctor of Science, Professor, The Russian Presidential Academy of National Economy and Public Administration

**Аңдатпа.** Бұл мақалада мұғалімдер арасындағы инклюзивтілікке деген көзқарастың әлеуметтік-психологиялық талдауы келтірілген, білім беруде инклюзивті стратегияларды қолданудағы әлеуметтік қажеттілік пен өзіндік тиімділік сияқты психологиялық детерминанттардың рөлін зерттеу жүзеге асырылды. Зерттеу деректердің теориялық, әдіснамалық және статистикалық талдауын қамтиды. Алынған нәтижелердің сандық және сапалық талдауы жүзеге асырылды. Бастауыш сынып мұғалімдері жалпы балл мен инклюзивтілік параметрлеріне қатысты төмен ұпайлар туралы хабарлады, атап айтқанда мұғалімге әсері, қоршаған ортаға әсері, басқа балаларға әсері және мүгедек оқушыға әсері. Сонымен қатар, талдау моделі инклюзияға деген көзқарас инклюзивті стратегияны қолдануға жанама әсер ететіндігін және инклюзивті стратегияларды қолдану туралы хабардарлық деңгейіне және өзіндік тиімділікке әсер ететіндігін көрсетті. Мұғалімдердің әлеуметтік қажеттілігі инклюзивті стратегиялар саласындағы хабардарлық деңгейіне де, өзіндік тиімділікке де аздап әсер етті, бірақ инклюзивті стратегияларды тікелей қолдануға емес. Зерттеу нәтижелері инклюзивті стратегиялармен танысу және оларды жүзеге асырудағы жоғары өзіндік тиімділік мұғалімнің кәсіби қызметінде, яғни тікелей білім беру жүйесінде, мектепте инклюзивті стратегияларды қолданумен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Сонымен қатар, инклюзивтілікке қатысты ұпайлары төмен және әлеуметтік қалау бойынша жоғары ұпайлары бар бастауыш сынып мұғалімдеріне көбірек көңіл бөлу керек. Университеттің оқу бағдарламалары болашақ мұғалімдерді инклюзивтілік мәселелері бойынша дайындауға, әсіресе бір білім беру ортасында мүгедектіктің әртүрлі түрлерін басқаруға қатысты көбірек бағытталуы керек деп қорытынды жасауға болады.

**Түйінді сөздер:** инклюзия, инклюзивті стратегиялар, инклюзивті білім беру, педагогтың өзіндік тиімділігі, әлеуметтік қажеттілік, мүгедектерді интеграциялау

**Аннотация.** В данной статье приведен социально-психологический анализ отношения к инклюзивности среди педагогов, осуществлено изучение роли таких психологических детерминант, как социальная желательность и самоэффективность в использовании инклюзивных стратегий в образовании. Исследование предполагает теоретико-методологический и статистический анализ данных. Был реализован количественный и качественный анализ полученных результатов. Показано, что учителя начальных классов сообщали о более низких баллах по отношению к общему баллу и параметрам инклюзивности, а именно – влияние на учителя, воздействие на окружающую среду, влияние на других детей и влияние на учащегося с инвалидностью. Более того, модель анализа показала, что отношение к инклюзии косвенно влияло на использование инклюзивной

стратегии и оказывало влияние на уровень осведомленности в области применения инклюзивных стратегий и самооффективность. Социальная желательность педагогов незначительно повлияла как на уровень осведомленности в области инклюзивных стратегий, так и на самооффективность, но не на непосредственное использование инклюзивных стратегий. Результаты исследования показывают, что знакомство с инклюзивными стратегиями и высокая самооффективность в их реализации тесно связаны с использованием инклюзивных стратегий в профессиональной деятельности учителя, то есть непосредственно в системе образования, в школе. Кроме того, следует уделить больше внимания учителям начальных классов, у которых более низкие баллы по отношению к инклюзивности и более высокие баллы по социальной желательности. Можно заключить, что университетские учебные программы должны быть в большей мере ориентированы на подготовку будущих учителей по вопросам инклюзивности, особенно в том, что касается управления различными видами инвалидности в одной и той же образовательной среде.

**Ключевые слова:** инклюзия, инклюзивные стратегии, инклюзивное образование, самооффективность педагога, социальная желательность, интеграция инвалидов

**Abstract:** This article provides a socio-psychological analysis of attitudes towards inclusivity among teachers, and examines the role of such psychological determinants as social desirability and self-efficacy in the use of inclusive strategies in education. The research involves theoretical, methodological and statistical data analysis. A quantitative and qualitative analysis of the results was carried out. It is shown that primary school teachers reported lower scores relative to the overall score and inclusivity parameters, namely, the impact on the teacher, the impact on the environment, the impact on other children and the impact on a student with a disability. Moreover, the analysis model showed that attitudes towards inclusion indirectly influenced the use of an inclusive strategy and influenced the level of awareness in the application of inclusive strategies and self-efficacy. The social desirability of educators had little effect on both the level of awareness of inclusive strategies and self-efficacy, but not on the direct use of inclusive strategies. The results of the study show that familiarity with inclusive strategies and high self-effectiveness in their implementation are closely related to the use of inclusive strategies in the professional activity of a teacher, that is, directly in the education system, at school. In addition, more attention should be paid to primary school teachers who have lower scores in relation to inclusivity and higher scores in social desirability. It can be concluded that university curricula should be more focused on training future teachers in inclusivity, especially with regard to managing different types of disabilities in the same educational environment.

**Keywords:** inclusion, inclusive strategies, inclusive education, teacher self-efficacy, social desirability, integration of disabled people

The problem of education of children with disabilities and children with impaired health is urgent and requires due attention, since the number of children with congenital and acquired defects of mental, mental, and physical development is growing every year. The legislation of the Republic of Kazakhstan, in accordance with the fundamental international human rights instruments, provides for the principle of equal rights to education for all children of the country. Guarantees of the right of children to receive education are enshrined in the Constitution of the Republic of Kazakhstan, the Laws of the Republic of Kazakhstan "On the Rights of the child in the Republic of Kazakhstan", "On Education", "On social and medical-pedagogical correctional support for children with disabilities", "On social protection of disabled people in the Republic of Kazakhstan", "On special social services". Taking consistent steps in the movement from equal rights to equal opportunities in access to quality education for all, the Government of the Republic of Kazakhstan in the "State Program for the Development of Education in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020" defines the development of inclusive education as one of the important tasks.

The school educates children who belong to one of the categories of children in inclusive education – these are children with health problems (children with disabilities, children with disabilities), therefore, we have developed and implemented the "School for All" program, which reflects the directions of organizing work with children with special educational needs. We consider inclusive education to be the most optimal form of education for such children. Its essence lies in the fact that children with disabilities have the opportunity to study in ordinary general education schools together with healthy peers, be accepted into their team, develop in accordance with their capabilities and gain the prospect of participation in society. Our program involves the education of children with developmental disabilities and children with disabilities in an inclusive classroom. An inclusive classroom is a form of organization of the educational process in which children with developmental disabilities and children with disabilities study in the same class with normally developing peers in a mass secondary school. This form of organization of the educational process is a priority in relation to individual learning.

When creating inclusive classes, we took into account the external conditions of successful inclusive education:

- the desire of parents to teach a child together with healthy children and their desire and willingness to help him in the learning process;

- availability of opportunities to provide qualified assistance to a child with disabilities;
- creating conditions for the implementation of variable models of integrated learning.

as well as the internal conditions for successful inclusive education:

- the level of mental and speech development corresponding to the age norm or close to it;
- the ability to master the general educational standard within the time limits provided for normally developing children;
- the child's psychological readiness to study in an inclusive classroom.

When completing inclusive classes, it is necessary, if possible, to combine in one class children with developmental disabilities who have the recommendations of the PMPC for studying in the same general education program.

The adaptation period of children with disabilities to education in general education classes was carried out in the 2015-2016 academic year in an art therapy room equipped at school, extracurricular activities in an educational institution and beyond.

In 2014, the school became the winner of the city competition "School-territory of health" with the project on inclusive education "School for all". We have appreciated the advantages of an inclusive school.:

- obtaining the status of an experimental site;
- cooperation with various scientific and public organizations, other social partners;
- additional financing of the school and co-financing of individual school activities;
- inclusion of children with disabilities and children with disabilities in all areas of the school's activities, which will ensure the competitiveness of the school in the city;
- the formation of a tolerant attitude of children of the norm towards children with disabilities.

When implementing the inclusive education model, we have to solve the problem of organizing education for children with disabilities that meets their needs and requirements. It is important for us that children with disabilities can adapt to society as much as possible, realize themselves in society, and become full-fledged members of it. The school will have to create an educational space in which any child, including those with disabilities, can be included in the educational and social life of the institution, which will allow him to achieve success, feel safe and important in a team of peers.

The heterogeneity of the school's student body, in which 11% are children with disabilities, implies the creation of special conditions for the education of such children. Despite the fact that the school has extensive practical experience in accompanying children with disabilities who study in separate correctional classes, we and parents are not satisfied with the results of teaching children in a correctional class. Having systematized and summarized the existing experience, we assumed that if children of this category were educated in a general education class, then if additional conditions were created for them, their education and socialization would be most successful. This prompted us to develop an Inclusive Education Program and open inclusive classrooms.

The Inclusive Education Program is a comprehensive program to assist children with disabilities in mastering the basic educational program of basic general and secondary general education.

The program is aimed at providing correction of deficiencies in the physical and (or) mental development of children with disabilities and assisting children of this category in mastering the basic educational program of basic general and secondary general education.

The normative-legal and documentary basis of the Inclusive Education Program are the following normative documents:

At the national level:

1. The UN Convention on the Rights of the Child
2. The UN General Assembly "Standard Rules for Ensuring Equal Opportunities for Persons with Disabilities" - December 20, 2003
3. Convention on the Protection of the Rights of Persons with Disabilities
4. The Constitution of the Republic of Kazakhstan
5. The Law of the Republic of Kazakhstan "On the Rights of the Child" - August 8, 2002 № 345
6. The Law of the Republic of Kazakhstan "On Education"
7. The Law of the Republic of Kazakhstan "On social, medical and pedagogical correctional support for children with disabilities" - December 3, 2015
8. The State program for the development of education in the Republic of Kazakhstan
9. Standard rules for the activities of special education organizations - December 19, 2014

10. Regulations on special (correctional) classes for children with developmental disabilities in secondary schools of the Republic of Kazakhstan

11. Instructional and methodological letter "On the peculiarities of teaching the basics of sciences in general education organizations of the Republic of Kazakhstan in the 2015-2016 academic year".

At the educational institution level:

1. Regulations on psychological services
2. Regulations on the speech therapy center of an educational institution
3. Regulations on social service
4. Regulations on the School Council

The program contains the following sections:

1. The system of comprehensive psychological, medical and pedagogical support for children with disabilities in the educational process.
2. Organization of training.
3. Monitoring the dynamics of children's development, their success in mastering the basic educational program of basic general and secondary education (full) general education, correction of corrective measures.
4. Description of special conditions for the education and upbringing of children with disabilities.
5. The mechanism of interaction in the development and implementation of correctional measures for teachers, specialists in the field of correctional pedagogy, medical workers of an educational institution and other organizations specializing in the field of family and other institutions of society, which should be ensured in the unity of regular, extracurricular and extracurricular activities.

6. Indicators of the effectiveness and efficiency of correctional works.

1. The system of comprehensive psychological, medical and pedagogical support for children with disabilities in the educational process.

An important component of accompanying a child with disabilities in a general education institution is the presence of a psychological and pedagogical support service (psychological, medical and pedagogical council) in an educational institution. The Support Service (School Council) is a structural unit of an educational institution that provides optimal conditions for the upbringing and development of children with disabilities and disabilities, contributes to their successful socialization and integration into society.

The educational institution has established a service that provides psychological, medical and pedagogical support for children with disabilities, which guides the child throughout the entire period of his education.

The support service includes specialists:

- educational psychologist,
- social pedagogue,
- a medical worker,
- classroom teachers.

A comprehensive study of the child, the choice of the most adequate problems of the child, methods of work, the selection of the content of education, taking into account the individual psychological characteristics of children, is carried out at the school psychological, medical and pedagogical council.

The purpose of psychological and pedagogical support for a child with disabilities studying at school is to provide conditions for optimal development of the child, his successful integration into society.

#### **List of sources:**

1. Ob obrazovanii v Rossijskoj Federacii. Federal'nyj zakon ot 29.12.2012 N 273-FZ (red. ot 02.07.2021) (s izm. i dop., vstup. v silu s 01.09.2021). Available at: [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_140174](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_140174)

2. Andreeva L.V., Bojkov D.I., Vojlokova E.F. Obrazovanie lic s ogranichennymi vozmozhnostyami v kontekste programmy YuNESKO «Obrazovanie dlya vseh»: opyt Rossii: analiticheskij obzor. Sankt-Peterburg: Izdatel'stvo RGPU im. A.I. Gercena, 2007.

3. Konvenciya o pravah invalidov. Available at: <http://duma.gov.ru/news/6772/>

4. Mezhdunarodnaya klassifikaciya funkcionirovaniya, ogranichenij zhiznedeyatel'nosti i zdorov'ya. Available at: [https://center-albreht.ru/institute\\_of\\_itu\\_and\\_rehabilitation\\_of\\_the\\_disable/sotrudnichayutshiy\\_tsestr\\_voz/mezhdunarodnaya\\_klassifikatsiya/](https://center-albreht.ru/institute_of_itu_and_rehabilitation_of_the_disable/sotrudnichayutshiy_tsestr_voz/mezhdunarodnaya_klassifikatsiya/)

5. Reabilitaciya – XXI vek: tradicii i innovacii: materialy III Nacional'nogokongressa s mezhdunarodnymuchastiem. Sankt-Peterburg: OOO «CIACAN», 2020.

6. Belyshev D.V., Kallistov D.Yu., Miheev A.E., Romanov A.I., Hatkevich M.I. Informacionnaya sistema medicinskoj rehabilitacii v cifrovoj `ekosisteme medicinskoj pomoschi. Vrach i informacionnyetehnologii.2018; № 51: 34-45.

7. Yakovleva E.N. Pooschrenie i zaschitaprainvalidov v mezhdunarodnomprave.Avtoreferatdissertacii...kandidatayuridicheskikh nauk.Moskva: Institutgosudarstva i prava RAN, 2015.

8. Suvorov A.V. Inklyuzivnoeobrazovanie i lichnostnayainklyuziya. Psihologicheskayanauka i obrazovanie.2011; № 3: 27-31.

**ӘОЖ 82:316.3**

## **РИТОР-ПЕДАГОГТЫҢ ШЕШЕНДІК ШЕБЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСІ**

**А. К.Уразова**

*А.Тайманов атындағы № 34 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі (Орал қ.)*

«Ең әуелі мектепке керегі-білімді, әдістемеден хабары мол, ізгілікті оқыта білетін мұғалім»  
**А.Байтұрсынұлы**

**Ü** Мақалада ритор-педагогтың шешен сөйлеу мәдениетін жетілдіру қажеттілігі таразыланады. Мектеп мұғаліміне педагогикалық риторика теориясы мен практикалық қағидаларын білудің өзектілігі сараланады.

**Тірек сөздер:** ритор-педагог, педагогикалық шешендіктану, коммуникация, мұғалімнің кәсіби шеберлігі, риторика, сенім, шешендік

**Ü** В статье взвешивается необходимость совершенствования культуры ораторской речи риторика-педагога. Дифференцируется актуальность знания учителю школы теории и практических принципов педагогической риторики.

**Ключевые слова:** ритор-педагог, педагогическое ораторское искусство, коммуникация, профессиональное мастерство учителя, риторика, вера, ораторское искусство

**Ü** The article considers the need to improve the culture of oratorical speech of a rhetorician-teacher. The relevance of the school teacher's knowledge of the theory and practical principles of pedagogical rhetoric is differentiated.

**Keywords:** rhetorician-teacher, pedagogical oratory, communication, teacher's professional skills, rhetoric, faith, oratory

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі-педагогтың жеке басының кәсіби қасиеті. Егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы ұстаз тұрады. Осы міндеттерді орындап, жүзеге асыруда мұғалімдердің рөлі өте зор. Бүгін мұғалімдер еңбегінің нәтижесі қандай болса, ертең біздің қоғам сондай болады. Педагог әрқашан да өзін қоғам талабына сай үздіксіз тәрбиелеп отыратын, адамдармен, әсіресе, оқушылармен қарым-қатынасқа тез түсе білетін, ұйымдастырушылық қабілеті бар, өз пәнін жетік білетін әрі уағыздаушы, таланты мен тәжірибесі тоғысқан, өзінің қоғамындағы саяси өмірге белсенді араласып, өз елі мен жеріне сүйіспеншілігі негізінде оқушыларға үлгі болуы керек. Педагогикалық шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы, жанжақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол – әр сөзді оқушыларға жеткізе білуі, олардың толық қабыл алуы. Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, жанұя, мұғалімнің рөлін анықтау педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді.

*Педагогикалық шешендіктану* – балалардың өз еркімен дамуына жол ашар, оқу-тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықта, жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамытар, шәкіртке қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттырар педагогикалық шеберлік ілімі. Болашақ ұстаздың педагогикалық шешендіктануға қатысты шеберлігі мамандыққа өзін-өзі бағыттауы, педагогикалық риторика негіздерін білумен шарттас.



Адамның сөйлеу әрекеті, коммуникативтік және сөйлеу жағдаяты, мұғалім мен оқушының жағдаятқа байланысты қарым-қатынас ерекшелігі, сөйлеу сапасының коммуникативтілігі, вербалды қарым-қатынасы, мұғалімнің кәсіби әрекетіндегі тыңдау мәдениеті, сөз және жазу мәдениеті сөйлеу әрекетінің көптеген мәселелерін қамтиды. Егер де маман педагогикалық шешендікті меңгерсе, бір аудиторияны басқарудан бастап, бір елді де толық басқаруға болар еді. Себебі педагогикалық риториканы меңгерген адамның жұрт алдында шешендігі арта түсер еді.

Педагогикалық риторика шешендік өнердің бір саласы болғандықтан, жалпы риторика теориясының қағидаларына негізделеді. Педагогикалық риториканың жеке ғылым ретінде дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың пайымдаулары сан алуан. Бірі - педагогикалық риториканың тиімді педагогикалық коммуникация формаларының талаптарын зерттейтін ғылым, тұрғысында саралануы. Бұл реттегі шешендік шеберліктің шарттары төмендегіше:

1. *Сөйлейтін сөзді мақсатқа жетсем деген оймен жігерлі және табандылықпен бастаңыз.* Мұның маңызы сіз ойлағаннан гөрі әлдеқайда жоғары. Сондықтан үлкен күш-жігермен үйренген үстіне үйрене түсіңіз. Оның пайдалы екенін есте сақтаңыз. Өз-өзіңізге сенімді болудың сіз үшін қаншалық мәнді екенін, аудитория алдында жігерлі сөйлеу қабілетіңізді одан сайын жетілдіре түсудің тиімділігі хақында ойланыңыз. Сонда жаңадан дос-жарандар тауып, жеке басыңыздың қадір – қасиеті артып, ықпалыңыздың өсуі нәтижесінде басшылық лауазымға қолыңыз жетуі ықтималдығын есте ұстаңыз. "Адамға табиғат сыйлаған қабілеттің ешқайсысы да, - дейді Чонси М.Депью,- кісіні жақсы сөйлей білудей көпке танытып, қызмет бабында тез өсуіне жағдай жасай алмайды". Миллионер Филипп Армордың: " Көрнекті капиталистен гөрі, атақты шешен болғанды қалар едім,"- деуі де тегін болмаса керек. Шешендік- әрбір сауатты адамның ұмтылуына болатын өнер.

2. *Не жайында сөйлегіңіз келетінін нақты білу керек.* Егер де адам сөйлейтін сөзін жан-жақты ойланып, іштей қорытып, әрі не айтарын күн ілгері айқын білмесе, онда ол тыңдаушылар алдында өзін еркін сезіне алмақ емес. Яғни, бір соқырды жетелеген екінші соқырды еске түсіреді. Тек айтарың болса, оны өзін жақсы білсең ғана айт. Сөзіңді бітір де, орныға отыр.

3. *Сенімді болыңыз.* Адамға сенімділік қажет. Егер кездейсоқ сенімнен айырылып, іштей сасқалақтап қалған екенсіз, онда дереу өз-өзіңізді қолға алыңыз. Өзіңізді батыл сезінгіңіз келсе, онда шынында да батыл болыңыз, тастүйін боп, ерік- жігерді ширатыңыз, сонда бәлкім үрейден айырылып, қайратыңыз артуы ықтимал. Бойыңызды тік ұстап, тыңдаушыларға тайсалмай қараңыз да, олардың бәрі бейнебір қаржы бережак, рәуіште нық сөйлеңіз. Мұның сіз үшін психологиялық әсер-ықпалы мол болмақ.

4. *Шыныға беру, шыныға беру, шыныға беру.* Енді сізге ұсынғалы отырған төртінші шартымыздың мәні мейілінше зор екенін баса айтқымыз келеді. Тіпті, бұған дейін оқыған-тоқығандарыңыздың бәрін ұмытып қалғанның өзінде де, мынаны есте сақтаңыз: *біріншіден (ол әрі соңғысы), сөзді асып-саспай, бүлдірмей сөйлеудің бірден-бір тәсілі - мүмкіндігінше көбірек сөйлеу.* Бұл - шыныға беру, шыныға беру, шыныға беру деген сөз. Онсыз нәтижеге жету мүмкін емес, негізгі шарт сол. *"Үрей надандық пен өз-өзіне сенімсіздіктен туындайды",* - деп жазады профессор Робинсон "Ақылдың қалыптасуы" деген кітабында. Басқаша айтқанда, үрей кісінің өз- өзіне сенімділігі жетпеуінің салдары. Ал сындарлы өткелдерден қайыспай өтіп, тәжірибе молайғанда , қорқыныш-үрей жойылып , шілде айындағы күн сәулесі ыдыратқан тұмандай сап болады. Бір нәрсенің басы айқын: *жүзуді үйрену үшін, міндетті түрде суға түсу шарт.*

*Шешен сөйлеуге баулу – парыз іс.* Бүгінгі Ұлы Дала елінде, туған жерімізде қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, ана тіліміздің қоғамдық қызметі жоғарылаған кезеңде шешендік сөздің әлеуметтік мәнін ұғындыру ісі және мемлекеттік тілде шешен сөйлеу мәдениеті мәселесі аса өзекті. Ал жас тұлғаларды шешен сөйлеу мәдениетіне баулу ісі – өз алдына мән-мағынасы зор мәселе. Демек, қазіргі таңда шешен, шешендік өнер, риторика, шешен сөйлеу мәдениеті дегеніміз не, шешендікке қойылатын талаптар, қағидағар қандай, қазақ шешен-билерінің, шешендік сөздердің тағылымы неде, шешендікке баулу амалдары қандай тұрғысындағы мәселелер турасында да жан-жақты ойланып, шешендік өнер жайындағы еңбектерді електен өткізіп, шешендікке қатысты материалдарды екшей қарап, жоғары және орта мектеп , интеллектуалды мектеп, лицей, гимназия сынды білім ордаларының шәкірттеріне шешендікті арнайы пән ретінде оқытуды ритор-мамандарымыздың дұрыс мағынасында қолға алуы – ұрпақ алдында парыз іс. Мәселен, ділмәр , шешен болу үшін көбірек шешендік өнерге бейім болу керектігін.

Шешен болу үшін, тек туа біткен талант болу керек, яғни, табиғи дарынды сазгер, суретші, ақын сияқты болу керек, ал өзгелердің пешенесіне таңдаулылардың өнеріне тамсану, таңдай қағу ғана жазылған деген ұғым – бүгінгі таңда ақылға сыйымсыз, таяз ойлаудың айғағы. Әріден келе жатқан талас пікірлердің бірі көпшілік қауымға шешендік өнердің даруы я дарымауы мәселесіне осылайша қарсы дау айтуға болар. Талант болып тумадым деп өкінудің қажеті шамалы,

таланттар сирек болады, ал өз ісінің майталман шебері болу – әркімнің қолында, тек жатыпшыр жалқаулықтан сақтасын де. Халық айтпай ма: «Сөйлей-сөйлей шешен боларсың» деп. Ғұламалар айтпай ма: «Ақын туа қалыптасады, шешен жүре қалыптасады» деп. Дегенмен, көп көргеннің бәрі көсем, көп сөйлегеннің бәрі шешен еместігі де аян. *Кедейлік неден?* – деп сұрапты біреу Төле биден. – *Кедейлік үш ағайынды. Оның тұңғышы – кезірлік, ортанышысы – еріншектік, кенжесі – ұйқы. Осы үшеуін бойына үйір қылмаған адам кедей болмайды,* - деп жауап беріпті Төле би. Бізге керегі де осы. Тегін түйіндер емес, астарында термен келер тәжірибе жатыр. Демек, шешендіктің өнер делінуінде шарттылық басым. Шындығында, шешендікке әрбір сауатты адам меңгере алатындай машықтық іс-әрекет жиынтығы тән. Сол себептен де кез-келген маманның толыққанды дәрежесіне сай болуына адамның қабілеті мен ұмтылыс-жүрек қалауының нақты түрде үлкен рөл атқаратыны табиғи қағида. *Шешенді оның ерік-жігерінен тыс тәрбиелеу мүмкін емес.* Керек десеңіз, ерекше жоғары деңгейдегі қабілет-қарымды да дамыту, өрістете өрбіту, қалыптастыру бағытындағы жүйелі де сатылы іс-әрекеттер жасалмаса, бәрі де бос әурешілік, яғни, керемет қабілет-қарым құмға судай сіңіп, далаға лағады [5; 7-15-б.б.].

Сөзді көпшілікке таратудың, жұртшылықты сендірудің немесе тәрбиелеу құралы ретінде қолданушы әрбір маман адам шешендік өнердің ғылыми негіздерімен, яғни, аудитория алдында түсінікті де ұғынықты, сенімді де иланымды қалыпта сөз сөйлей білу дағдыларын меңгере білуі тиіс. Ал шәкірт атаулыны шешен сөйлеу мәдениетіне баулу жолындағы міндеттер қатарына *көпшілікпен жанды қалыпта сөйлесу шеберлігін меңгертуді; тілдік қарым-қатынас жасау адам өмірінде кім-кімге де ауадай қажеттілігіне саналы қалыпта көз жүгіртуді; шешеннің аудиториямен қарым-қатынасының күрделі үрдісін болашақ маманның көз алдына келтіру, яғни, ойша моделін жасау, осы үрдіске орай ілгеріде іс басында ұшырасар мәселелер шоғырын айқындауды; ауызша шешен сөйлеу шеберлігін өз бетімен немесе топтық сабақтар арқылы меңгерушілерге сала бойынша қажетті кешенді білім, білік және дағды жинақтауға көмектесуді* қосамыз [5; 7-15-б.б.].

Ғұламаларға сүйене ой түйер болсақ, Платон пікірінше, *шешендік – сендірудің шебері, оның бар мәні де, міндеті де осында.* Ал Аристотель *риторика міндетіне сендіру емес, әрбір нақты жағдайларға сәйкесті сендіру амалдарын таба білу енетіндігін айтады.* Ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің пайымдауынша, *егер де диалектика тек шынайы білімге негізделген қисынды дәлелдер арқылы тұжырымдалатын ой қорыту тәсілі болса, риторика шешендік қисынға, ой-пікір жүйелігіне, ұғымдар үйлесіміне негізделеді.* Ахмет Байтұрсынұлының түйіндеуінше, *шешен сөз мақсаты – негізгі пікірді баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап түсіндірумен қоймай, пікірге нандыру, сендіру, ұйыту, балқыту, иман келтіру.* М.Сперанскийше, *шешендіктің негізгі құштарлықта, сезімділік мәнісінде.* *Шешендіктің басты қағидалары – жүрекке әсер етіп, ақылды бағындыру.* *Ф.Честерфильдше, шешендіктің түп мақсаты – адамдарды иландыру.*

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. «Шешендік өнер. Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті (Педагогикалық шешендіктану). Оқу курстарының бағдарламалар жинағы. – Орал, 2015. – 60 б. Қыдыршаев А.С., Әжіғалиев М.К.
2. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Оқулық. IV басылым. Орал, 2023.-424 бет.
3. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? Орал, 2017. – 364 бет.
4. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлеймін десеңіз... Орал, 2024 -450 бет.
5. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. Орал, 2006.

**ӘОЖ 82:316.3**

### **ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ ОҚУШЫ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МӘНІ**

**А. Б.Арыстанова**

*№12 ЖОББМ мұғалімі, педагог- зерттеуші.*

*БҚО, Орал қаласы*

*[auesarystanova@mail.ru](mailto:auesarystanova@mail.ru)*

**Аңдатпа:** Шешендік сөздерді оқып-үйрену - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені тіл тазалығын сақтау, ана тілін сүю, шебер сөйлеуге машықтану, көпшілік алдында сөйлей білу, өз ойын жеткізе алу халық өнерінен білім алумен тікелей байланысты.

**Аннотация:** Изучение ораторского искусства—одна из актуальных проблем сегодняшнего дня. Потому что сохранение чистоты языка, любовь к родному языку, практика умелой речи,

умение говорить публично, умение выражать свои мысли напрямую связаны с обучением народному искусству.

**Abstract:** Studying oratory is one of the most pressing problems today. After all, I think that maintaining the purity of the language, love of the native language, the ability to masterfully speak, the ability to speak in public, to express oneself is directly related to learning folk art.

Тәуелсіздік алғаннан бергі әдебиетімізді сараласақ, жаңа леппен, жаңа арна тауып, ерекше қуатпен дамып келе жатқанын байқаймыз. Қазақ әдебиетіне тәуелсіздік не берді деген сұраққа азаттық аңсаған аға буын ұрпақтың асылы болған сөз еркіндігі деуге негіз бар. Осы орайда шешендік өнердің бастау бұлағы болған ауыз әдебиеті үлгілері мен VI ғасырдағы Орхон Енисей жазба ескерткіштерінде, Қорқыт атаның жыр тығылымдары мен X- XII ғ.ғ. орта ғасыр ойшылдарының еңбектерінен халқымыздың тарихы мен тағылымының ұрпақ тәрбиелеуде қаншалық мәні бар екенін түсінеміз. Осы орайда шешендік сөзді мектеп бағдарламасына да жүйелі түрде енгізудің қаншалықты маңызды екенін айтпаса да түсінікті.

Соған байланысты шешендік сөз мектеп бағдарламасына енгізіліп, бастауыш сыныптарда шешендік өнерге оқушыларды баулу бағытында би - шешендердің қысқаша өмірбаяндары мен ел аузында қалған өсиет сөздері берілген. Шешендік өнер тарихы халықтың арасында ауыз әдебиеті үлгісінде дамып келген болса, бұл күнде мектеп бағдарламасына арнайы енгізіліп, оқушылардың жас ерекшелігіне, білім деңгейіне сәйкес көрініс тапқан. Шешендік сөздер сынып жоғарылаған сайын күрделеніп, көлемі ұлғая түседі. Бұл бір қуанарлық жай екенін жасырмаймыз. Алайда шешендік сөздерді әріптестеріміз кітаби тілмен шатыстырмаса екен деген ойда жоқ емес. Шешеннің сөзі тыңдаушыға арналады. Оқушылар ауызекі сөз бен шешендік сөздерді байланыстыра айтса, яғни, аудиторияға, тыңдаушыға керемет ықпал етері сөзсіз.

Әңгіме, ертекті баяндағанда оның тыңдаушыға әсерлі болуы дауыс тонына да байланысты. Мәселен, хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді оқу да, айту да біркелкі дауыспен орындалмайды. Яғни, дауыс тонының құбылып шығуы естуші құлаққа ерекше әсер етеді. Ол үшін әуелі әр шығарманың басты кейіпкерлерін талдай отырып, олардың әрқайсысына тиісті мінездеме беру, әр кейіпкердің мінез-құлқына, іс-әрекетіне сай дауыс ырғағын құбылта оқуға жаттықтыруға тура келеді.

*«Сөздің әуезділігін туғызу үшін мақал-мәтелді, афоризм сөздерді билер шебер қолданған. Сондықтан да ақын-жыраулар мен билердің шешендік сөз толғаныстары тыңдаушының жүрегін жаулап алып, олардың ойына ұзақ сақталып қалады»*, - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, жарасымды да мағыналы ұйқасқа құрылған шешендік сөздер оқушы көңіліне қонары анық.

Оқырманның тіл байлығының артуы ойлау мәдениетімен тығыз байланысты екенін, ойы ұшқыр адамның тіл де жатық, тыңдаушыға түсінікті болып келетінін нақтылы мысалдармен дәлелдеп отыру орынды болмақ. Баланың тіл байлығын арттыру үшін мұғалімнің оқушыдан әдеби шығармаларды көп оқуды және оқығаннан ұққандарын ауызша жүйелі түрде әңгімелеп беруді талап ету бұл істе балаға ертеқайтқызу, ойша ертегі құрату, тақпақ, мақал-мәтел, жұмбақ жаттаудың тиімді екендігін ескеру жөн.

Шешендік сөздер тыңдаушының эстетикалық сезімін оятып қана қоймайды, сөздің мағынасын күшейте нәр беріп, тәлімдік және білімдік қызмет те атқарады. Онда айтылмақ ой ұйқасымды афоризм сөздерге, терме, тақпаққа, мақал-мәтелге құрылып, аз сөзге көп мағына сыйғызу көзделеді. Айтылатын ойлар тыңдаушының санасын өсіріп, ақыл-ойын жетілдіруді, елін-жерін сүюді, ел қорғаған ерлерін қадірлеуді, батырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеуді мақсат етеді.

Дүниежүзіне есімдері әйгілі шешендердің көбі мемлекет қайраткерлерінен, заң қызметкерлерінен, парламент мүшелерінен шыққан. Мәселен, ежелгі Афин (грек) шешені Демосфен мен Рим шешені Цицерондар әуелі адвокат, кейін парламент басшылары болған. Ал XIX-XX ғасырларда өмір сүрген орыс шешендері-И.А.Александров, Ф.Н.Плевако, А.Ф.Кони т.б. адвокаттар.

Қазақтың атақты билері Майқы Шыңғыс ханның, Едіге Тоқтамыс ханның, Асанқайғы Алтын Орда ханы Ұлұғ Мұхамедтің, Жиенбет Есім ханның, Әнет баба әз Тәукеннің, Бұқар Абылай ханның ақылшы-кеңесші билері болған.

Асанқайғы азаматтық міндеттің жүгіне, күнделікті нақты түріне көңіл бөледі. Кісілік қасиеттер – адамгершілік пен бірліктің құт-берекесі. Асанқайғының ұғымында жұртты бай, кедей деп немесе үлкен-кіші деп жіктеу, бөлу жарамсыз. Ел-жұрт үшін бәрінің де мінез-құлқының жақсы болуы қажетті, өзара оңды қарым-қатынас жасауы орынды. Абыздың пайымдауынша; *«Таза мінсіз асыл тас, су түбінде жатады. Таза мінсіз асыл сөз, ой түбінде жатады»*. Асанқайғы - сөздің нарқы мен парқын біліп, қадірін түсінген шешен. Ол кіммен болса да қасиеттің рухын күтті. Өмір сүрудің негізгі мәні туралы айта келіп, Асанқайғы жақсылардан үлгі алып, жамандардан бойды аулақ салудың қажеттілігін, жас ұрпақтың ата-анасын, үлкендерді сыйлап қастерлеуін, олардың

ақылын тыңдап үнемі басшылыққа алуын, ізгі ниетті жайсаң жан болып өсу қажеттігін еске салады. Осыған орай жырау: «*Арғымаққа міндім деп, артқы топтан адаспа, артық үшін айтысып, достарыңмен сынаспа*» немесе «*Қарындасыңды жамандап, өзіңе туған табылмас*» деген тәлім-тәрбиелік мәні зор сөздер қалдырған. Оның толғауларындағы адамға мейірімділік, қайырымдылық, сүйіспеншілік қай жағынан болса да бірін-бірі толықтырып жатады, туған-туыстармен тіл тигізіп қырқыспайтын, бет жыртысып, көңіл қалдырмайтын татулық сезімі айқын білінеді. Асанқайғы «*Мінезі жаман адамға, енді қайтып жуыспа. Тәуір көрер кісіңмен, жалған айтып суыспа*» деген өсиетті ұстанады. Жырау бірде: «*Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама*» деген. Сөз астарында өзім болдымдыққа салынып, тоқмейілісіме, жеңілмінезділікке ерме деген уағыз сарыны аңғарылады.

«*Есеніңде, тіріңде бір болыңыз бәріңіз*» деп халықты бірлікке шақырады. Онсыз «*Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар*» деп ертеңгі күнге бұлыңғырлық төніп қалар деген болжамын еске салады. Адамдық ұстаным – борышты міндеттердің жауапты саласы. Оны бұзушылық -ойшыл үшін жат құбылыс. Абыз әдептілік сұранысын былай түйіндейді:

«*Есті көрсең кем деме, бәрі тұйғын табылмас*»...

«*Нәпсі алдаушы дұспанның насихатын алмағын*»...

«*Бақыты оянған ерлердің әрбір ісі оң болар*»...

«*Сөз сөйлесе жөн біліп, не десе де жарасар*»...

Белгілі қазақ шешендерінің бірі Айдабол Торайғырдың төменде келтірілген «Жақсы жігіт белгісі» атты сөзі де ортақ істе көпшілікті ойландырмай қоймайды:

*Жақсы туған жігітті,*

*Жаным десе жарасар.*

*Жақсы ұл туған қатынды,*

*Ханым десе жарасар.*

*Жақсы туған жігітке,*

*Бүкіл елі таласар.*

*Жаман туған жігіттер,*

*Қара жолдан адасар.*

Қазақ халқының ежелгі салт-дәстүрінің халық арасына кең тараған түрі-*бата-тілек білдіру*. Батаның түрлері көп. Мәселен, қариялардың асқа, жаңа түскен жас келінге, жауға аттанып бара жатқан азаматқа, жаңа дүниеге келген сәбиге, жолға шыққан жолаушыға берер баталары мазмұны жағынан бай, тілі көркем, шешендік үлгідегі жыр маржаны екенін байқаймыз.

Қазақ халқының салт дәстүрлеріне арналған өлең-жырларды жинап, зерттеп, кезінде келелі ой-пікірлерін білдірген А.В.Васильев, В.В. Радлов, Ә.Диваев сияқты фольклорист ғалымдар бата-тілектің шығу тегін жан-жақты қарастырып ғылыми тұжырымдар жасаған. Бата- қазақ поэзиясының, оның табан ауызында шығарылатынын ескерсек ерекше түрі. Онда бата беруші адамның үй иесіне деген жүректі жарып шыққан ықылас-пейілі, ақ ниеті, Алладан тілер тілегі поэзиялық өлең түрінде ақтарыла айтылады. Үй иесіне құдайы қонақтың ас алдында немесе астан кейін игі тілегін білдіруге арнаған бата-тілегінің бірер үзгі төмендегіше:

*Ұлың ұядан ұшсын,*

*Елін ұмытпасын.*

*Қызың қияға ұшсын,*

*Жерін ұмытпасын!*

\*\*\*

*Құдай берсін, кем қылмасын,*

*Дастарқаның мол болсын!*

*Абыройың зор болсын,*

*Отбасының байлығын берсін,*

*Деніміздің саулығын берсін!*

*Көңіліміз тоқ болсын,*

*Уайым – қайғы жоқ болсын!*

Шешендік өнердің ерекшеліктеріне тоқталсақ, *біріншіден*, логикалық ойдың жүйелілігімен, мағыналы-мәнділігімен ерекшеленеді. Адамның басында қандай ой туса да, егер оны жинақтап қорытып, жүйелеп, лайықты сөз тіркесімен тыңдаушыға ұғынықты қылып жеткізіп бере алмаса, ол айтушыны ыңғайсыз жағдайға (тіпті күйінішке) түсіріп, тыңдаушыға ойы күңгірт көлеңкелі мәнде жететін болады. Ондайларға «*Таппасаң сөздің жүйесін, отына өзің күйесін*», «*Аңзармай сөйлеген ауырмай өледі*» деп халқымыз ескерту жасап отырған. Ойды дұрыс жеткізу үшін тіл мен ойдың бірлігі қажет. Яғни, дұрыс жүйелеп ойлай білу бар да, сол ойды дұрыс құрастырып, тіл арқылы жеткізе білу бар. Ойды тыңдаушыға түсінікті етіп жеткізу үшін тіл байлығы қажет. Бірақ көпшілік

адамдар өз ойын тыңдаушыға түсінікті, әсерлі етіп жеткізе бермейді. Кейде тіпті қыстырма сөзді көбірек қосып, ойды дұрыс жеткізе білмеушілердің тіл орашолақтығын меңзеуі деуге болады.

Шешендердің сөзін тыңдағанда әсем сазды ән тыңдағандай ерекше әсер, сезімге бөлінеміз. Ол адамның жастайынан дұрыс ойлай білуіне, ойлаған ойды жүйелеп, әдеби тілде тыңдаушының көкейіне жеткізе білуіне байланысты. Дұрыс ойлап, сол ойды тыңдаушыға дұрыс жеткізе білу үшін оқыған шығармаларды, естіген ертек-әңгімелерді жүйелеп айтуға төселу керек. Ол оқушылардың жастайынан ертегі, әңгіме кітаптарды көп оқуына, ойынан ертегі құрастыра білуіне, оқығандарын үлкендерге жүйелеп айтып бере біліп төселуіне байланысты. Сондықтан да К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, А.С.Макаренко, А.В.Сухомлинский, Ыбырай Алтынсарин, М.Әуезов, Ж.Аймауытов т.б көрнекті педагогтар әдеби шығармаларды баяндау әдісіне, баланы ертегі айта білуіне үйретуге баса көңіл бөлген. Демек, естігенді ұғып, тыңдаушыға дұрыс жүйелеп айтып бере білу ой сергектігіне, ынта-жігерді ой еңбегіне бейімдеп, жұмылдыруға байланысты. Сондықтан да шешендік сөзді мектеп бағдарламасына да жүйелі түрде енгізудің қаншалықты маңызды екенін осыдан -ақ түсінуге болады. *«Естілердің сөзін ескеріп жүрген адамның өзі де есті болады»* деп Абай данышпан айтқандай, озық ойларды ұрпаққа жеткізіп, даналық сөздерді талдап түсіндірудің мәні зор.

Бүгінгі егемендік заманның тууы бұл істің еркін дамуына мол мүмкіндік туғызып отыр. Алайда бүгінгі жаһандану заманында жаңа технология жетістіктеріне жаппай ден қойған кезеңде шешендік өнердің нәрін жас ұрпаққа қалай сіңіреміз деп толғанып жүрген әріптестеріміз бен замандастарымыз бар екенін жасыра алмаймыз. Осы орайда ақпарат ағымы толассыз сәтте де шешендіктің мәні жойылмайтынын оқушыларымызға ұғындырып отыруымыз керек-ақ.

Ел алдында шебер, шешен сөйлеу көп еңбектену, оқып үйренуді талап етеді. Көркемдік талғам мен шешендік тәсілдерді дұрыс пайдалана білген адам ғана эстетикалық әсер ету күшіне ие бола алады. Сонда шешендік өнерге баулуда көп сөйлеп, оны сынатып үйренуге бола ма, әлде оған жазып дайындалған дұрыс па? Осыған байланысты әйгілі шешен, Марк Тулий Цицерон: *«Қалам – көркем сөздің ең жақсы жаттықтырушысы»* деген. Сондықтан да оқушыларға үнемі эссе, мақала, ойтолғау т.б. жазба жұмыстарын орындату арқылы да шешендік сөздерді орынды қолдана білуге үйретуге әбден болары сөзсіз.

Қорыта айтсақ, шешендік сөздерді оқыту арқылы төмендегідей межелі мақсаттарға қол жеткізуге болар еді.

*Біріншіден*, бүгінгі ел билеуші әкімдер мен заң орны қызметкерлерінің Ата заңымызды мүлтіксіз орындап, бұрынғы өткен от тілді, орақ ауызды батыр бабаларымыз бен қара қылды қақ жарған шешен-билер мен ақын-жыраулардан үлгі алса, әділет заңын мәңгілік қоғамдық дәстүрге айналдырар еді; *екіншіден*, оқушыларымыз, жастар тәрбиесімен айналысушы оқытушы-ұстаздар мен ата-аналар қауымы бабалардың өсиетті, өнегелі сөздерін жүрегіне берік ұялатар еді; *үшіншіден*, бүгінгі орта және жоғары оқу орындарында оқушы-жастардың бойында әділеттік пен ізгілік, имандылық қасиеттер берік орнар еді. Олай болса, бүгінгідей жаһандану заманында, ізгілік, әдептілік сияқты ұлттық тағылымдар аяқасты болыңқырап, өктемдік, дөрекілік етек алыңқырап отырған кезде өткен ғасырлардағы қазақ билері мен ақын-жырауларының аталы сөздерінен тәлім алып, оқушы-жастар санасына тәлімдік өнегелі ойларды сіңіре білуіміз керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бес ғасыр жырлайды. 1-2- том .Алматы «Жазушы» 1984.
2. Даланың дана ділмарлары. Алматы. «Қазақстан». 2001.
3. Адамбаев Б. Шешендік сөз. Алматы, Мектеп, 1977.
4. Қазақтың тәлімдік ой- пікірлері. Алматы, Рауан 1990.
5. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы . 4- том . Алматы «Сөздік-Словарь», 2007.
6. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (*Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қазғидалары*). Оқу құралы. – Орал: «Полиграфсервис» ЖШС баспасы, 2017. – 364 бет.
7. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Оқулық бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы жоғары оқу орынының филология бөлімінің студенттері үшін дайындалған. 5-басылым. Орал: «ШұғылаПринт» баспасы, 2024. – 450 бет

## МЕКТЕПТЕРДЕ ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ ОҚЫТУ ҚАЖЕТ ПЕ?

Биктурганова К. С.,

*БҚО әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің  
«№37 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны*

**Аңдатпа:** Бүгінгі қоғам бізден әр адамның өз пікірін, өз ой-көзқарасын орнымен, өз мақсат мүддесі тұрғысынан жетік жеткізіп, қойылған сұрақтарға жауап бере білуді қажет етеді. Пікірлесе алу, ой тастау, пікірталастыра білу адамның білімін, білігін, сөз байлығын танытумен бірге қоғамдағы орнын да анықтайды. Сөз шеберлігі – әдеби тілде сөйлеу, сондай-ақ түрлі тілдік амал-тәсілдерді мағыналық, формалық, стильдік сипаттарына сай ұтымды талғап таңдай білу. Сөйлеудегі қажетті тұстарды қалап, таңдау үшін біз шешендік өнер қыр-сырын білуіміз керек. Шешендік өнер – өзінің зерттеу нысанасы, белгіленген теориясы, сандаған жылдардан бергі тарихы бар пәндердің бірі. Қолданбалы пәндердің қатарына жататын шешендік өнер кешендік білім жүйесін құрайды. Бұл білім сөйлеу этикасын жетілдіру, тілді әлеуметтік қызметіне қарай жұмсай білу, өз пікірін жеткізу, сендірумен бірге сөз арқылы оқыту, тәрбиелеу мақсаттарын қояды. Шешендік өнер тек құрғақ білімді жатқа білу емес, оның ерекшелігі де сол кез келген ортаның ыңғайына қарай сөйлеушінің өзін ұстай алуы, дұрыс ойын жеткізе алуы десек, аталған шарттар практиканы көп қажет етеді. Шешендік өнер тарихы сонау ерте замандардан басталады. Адамзат баласы игерген алғашқы, әрі желісі үзілмей келе жатқан өнерлердің бірі. Оның тарихын білу халық тарихын білумен бірге, сөйлеу мәдениетін, әдебін үйрену, сөздерді дұрыс таңдай алу ерекшеліктеріне жаттығу. Шешендік өнер қоғамның саяси-экономикалық, әлеуметтік негіздері қажеттіліктерінен туған.

**Аннотация:** Современное общество требует от нас умения адекватно выражать свое мнение, свое мнение, свои интересы, отвечать на поставленные вопросы. Умение рассуждать, размышлять, рассуждать определяет место человека в обществе наряду с проявлением знаний, умений, словоблудия. Словообразование-умение говорить на литературном языке, а также рационально выбирать различные языковые приемы в соответствии со смысловыми, формальными, стилевыми характеристиками. Чтобы желать и выбирать нужные моменты в речи, мы должны знать тонкости ораторского искусства. Ораторское искусство-одна из дисциплин, имеющая свою цель исследования, устоявшуюся теорию, историю с сандаганских лет. Ораторское искусство, относящееся к числу прикладных дисциплин, образует комплексную систему знаний. Эти знания ставят перед собой цели совершенствования этики речи, умения тратить язык на социальную деятельность, высказывать свое мнение, обучать, воспитывать через слово вместе с убеждениями. Ораторское искусство-это не просто знание наизусть сухих знаний, но и его специфика заключается в том, что говорящий может вести себя, правильно выражать свои мысли, а эти условия требуют много практики. История ораторского искусства восходит к древним временам. Одно из первых, освоенных человечеством произведений искусства. Знание его истории наряду со знанием истории народа, изучение культуры речи, этики, обучение особенностям правильного подбора слов. Ораторское искусство рождается из потребностей политико-экономических, социальных основ общества.

**Abstract:** Today's society requires us to be able to adequately express our opinions, our opinions, our interests, and answer the questions posed. The ability to reason, reflect, reason determines a person's place in society along with the manifestation of knowledge, skills, verbiage. Word formation is the ability to speak a literary language, as well as rationally choose various linguistic techniques in accordance with semantic, formal, and stylistic characteristics. In order to desire and choose the right moments in speech, we must know the subtleties of oratory. Oratory is one of the disciplines that has its own research purpose, an established theory, and a history from the Sandagan years. Oratory, which belongs to the number of applied disciplines, forms a comprehensive system of knowledge. This knowledge sets goals for improving the ethics of speech, the ability to spend language on social activities, express one's opinion, teach, educate through the word along with beliefs. Oratory is not just the knowledge of dry knowledge by heart, but its specificity lies in the fact that the speaker can behave, express his thoughts correctly, and these conditions require a lot of practice. The history of public speaking dates back to ancient times. One of the first works of art mastered by mankind. Knowledge of its history along with knowledge of the history of the people, the study of the culture of speech, ethics, teaching the peculiarities of the correct selection of words. Oratory is born out of the needs of the political, economic, and social foundations of society.

Риторика немесе сендіру өнері ежелгі дәуірден бері адамдар арасындағы қарым-қатынастың маңызды бөлігі болды. Саясатта, бизнесте немесе күнделікті әңгімеде болсын, тиімді қарым-қатынас дағдылары адамның мақсаттарына жетудегі барлық өзгерістерді жасай алады. Қарым-қатынасты жақсарту және әсерлі хабар жасау үшін қолданылатын риторикалық құрылғылар, әдістерді мектептерде оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауды және табысқа жету үшін қажетті коммуникативті дағдыларды дамытуға көмектесу үшін оқыту керек. Мектептерде риторикалық құралдарды оқытудың маңызды артықшылықтарының бірі - оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру.

Риторикалық стратегияларды анықтау және талдауды үйрену арқылы студенттер дәлелдерді бағалауға және ақпараттың сенімділігін бағалауға жақсырақ жабдықталады. Бұл дағды, әсіресе, жалған ақпарат пен үгіт-насихат белең алған, ал шындықты өтіріктен айыра білу бұрынғыдан да маңыздырақ болып тұрған қазіргі ақпарат ғасырында өте маңызды.

Сонымен қатар, мектептерде риторикалық құралдарды оқыту студенттерге жақсы коммуникативті болуға көмектеседі. Студенттер ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің тұжырымдық құрылымы мен когнитивтік мағынасын немесе метафора, гипербола сияқты әртүрлі риторикалық стратегияларды пайдалануды үйрену арқылы өз хабарламаларын қызықтырақ және әсерлі есте қаларлықтай ете алады. Бұл дағды күрделі идеяларды анық және қысқаша жеткізе білу маңызды болып табылатын академиялық жазуда құрал болуы мүмкін. Фразеологиялық теңеу – көркем ойлаудың ұлтты ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері бас қосқан логика - философиялық және лингвистикалық категориялардың санатына жатады.[2.11] Фразеологиялық теңеулер жекелеген өмір құбылысына нақты баға беретін, ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде беріліп отыратын, әр халықтың өмірінен қызықты деректерді өз бойына жинақтаған халық мұрасы. Сондықтан, туыстас, не туыстығы жоқ тілдердегі фразеологиялық теңеулерді лингвомәдени және лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеу әр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, менталитетін, қайталанбас қасиетін танып білуге, олардың мағына қалыптасуындағы және тілдік қолданыстағы қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда туыстығы жоқ қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологиялық теңеулерінің мағына қалыптасуының негізін ашу ерекше мәнге ие.

Фразеологизмдердің фразеологиялық мағынасы олардың ішкі мағыналық құрылымында жатқан бейне арқылы уәжделеді. Мысалы, қазақ тіліндегі құмырсқадай құжынаған, құмға сіңген судай, сүліктей жабысты,[ 1.33] ағылшын тіліндегі *dumb as a fish* (балықтай тілсіз), *as brave as a lion* (арыстандай айбатты), *dance like an elephant* [3.55] (пілше билеу) сияқты тіркестердің фразеологиялық мағыналарының ішкі формасы айқын, яғни олардың мағыналары ішкі формалары арқылы уәжделіп қалыптасқан. Фразеологиялық теңеулерді лингвокогнитивтік тұрғыдан тұжырымдарға (концептілерге) бөлу. Адамның әр қилы қасиеттерін негізге ала отырып, қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық теңеулерді лингвокогнитивтік тұрғыдан тұжырымдарға бөлініп талданды. Талдау негізінде екі тілдегі тұжырым тілдері анықталады;

«Ойсурет» тұжырым белгілі бір ұлттың дүниетанымында қалыптасатын санадағы бейнелердің қарабайыр суреті. Мысалы, қазақ тіліндегі *мұрнын тескен тайлақтай* теңеуі тайлақты тұрмыста пайдалануға үйрету үшін екі жасында мұрнын тесетін әдет- ғұрыпқа байланысты пайда болған. Абстрактілену нәтижесінде адамға қатысты қолданғанда, осы сурет ой сурет болып көз алдымызға келеді. Бұл бейнелі теңеу айтқаннан шықпайтын адамдарға қатысты қолданылады. [1.15] Ағылшын тіліндегі *Grin like a Cheshire cat* ( сөзбе-сөз: Чешир мысығы секілді күлу ) фразеологизмі бір кездерде Англияның графтық ауданы Чеширде жасалатын ірімшіктің түрін жымия күліп тұрған мысықтың түріне келтіріп дайындаған. Осы оқиғаға байланысты пайда болған бұл тіркес тілде әр кез күлімсіреп жүретін жайдары адамға қатысты қолданылады, кейде мысқыл ретінде де айтылады. [4.75]

«Фрейм» тұжырымы. Фрейм- белгілі бір концепт төңірегінде жинақталған тілдік бірліктер. Бұл бірліктер нақты бір концептіге ассоциацияланған негізгі, қарапайым, мүмкін болатын ақпаратты береді. Сонымен қатар фреймдер сол қоғамға тән ерекшеліктерді анықтап суреттей алады. Фрейм тұжырымы ойсурет концептісінде статикалық күй басым болса, фреймде динамикалық күй басым. Мысалы: Қаз.: *ала тайдай бүлдірді, құтырған бурадай зіркілдеді, құмырсқадай қаптады*. Осы қатардағы *ала тайдай бүлдірді* фразеологизмінің пайда болуы халық өмірінің тарихи кезеңдеріне байланысты. Халық жырында қалмақтар тұтқиылдан, дамылсыз шабуыл жасап ноғайлы қазақтарын абыржыта бергені айтылады. Бір күні байлаудан босанып кеткен ала тай ауылды айнала дүрілдете шауып, малды үркітеді. Жау келіп қалды екен деп ойлаған қазақтар қоныстарын тастай қашады. Кейін байқаса, шапқан жау жоқ, елді бүлдіріп, малды үркітіп жүрген ала тай екен. Содан былай халық «елді ала тайдай бүлдірген», деп жұртты дүркілтіріп, абыр-сабырға душар ететін адамға байланысты қолданылады.[5.107] **Ағыл.:** *(as) cross as a bear ( with a*

**sore head**) – сөзбе- сөз: басы ауырған аюдай ашулы болу. Осы фразеологизмнің шығу төркіні ертеректе ақсүйек аңшылар аюларға иттерін айтақтап салатын болғандығында жатыр. Итке таланған аюдың көзі қызарып, қаһарланып ызалатыны белгілі. Аюдың сол кейпі, түп негізі күнгірттенгенімен, бейнелеу құралы ретінде аурудан мең- зең күй кешкен, ашуға мінген адамға қатысты қолданылады.

«Схема» тұжырымы. Бұл тұжырым жазықтық, кеңістік, биіктік, өлшем, уақыт семаларының объективтенуі арқылы жасалады. Қазақ тіліндегі *бие сауымдай уақыт* тіркесі халықтың өзіндік уақытты өлшеу ерекшелігінен туындаса, яғни «онша алыс емес» деген ұғымды білдіреді. Ағылшын тіліндегі *as big as a barn* ( сөзбе-сөз: қоймадай, қамбадай, кең үлкен ) [7.75] тіркесінде теңеу бейнесі көлем өлшемі ретінде қолданылып тұр. «Сценарий» тұжырымы Бұл тұжырымда әрекет етуші біреу болмай, бірнешеу болуы шарт және олар бір- біріне қарсы әрекет етеді. Бұл тұжырымға қазақ тілінде *абыройын айрандай төкті; қанын сүліктей сорды; жылқыдай жусатып, қойдай өргізді; ұршықтай үйірді* т.б. фразеологизмдер жатады. Ағылшын тіліндегі **dance like an elephant** (сөзбе- сөз: піл сияқты билеу); *sting like a wasp* (сөзбе- сөз: шағып алу); *eat like a pig* (сөзбе- сөз: шошқа сияқты жеу) т.б. фразеологиялық теңеулер осы тұжырымға жатады. Сценарийде әрдайым сюжеттік түр орын алады. Басқа тұжырымдарға қарағанда бұл тұжырым ерекше түрге ие, оның бойында қозғалысты, даму идеясын білдіретін схемалардың болуы шарт. [7.73]

«Логикалы- ұғымдық » тұжырымы. Адамның ішкі дүниесін, сезімін, көңіл- күйін білдіретін фразеологиялық теңеулер осы тұжырымға жатқызылады. Бұл тұжырымның көлемі кең. Ол махаббат , қуаныш, реніш, қайғы, қатыгездік, бақыт т.б. жеке-жеке концептілерді қамтиды. Мысалы, қазақ тілінде: *балаша мәз болу, ботасы өлген түйедей зарлау, жауатын бұлттай түнеру, жүрегі аттай тулады, су сепкендей басылды* т.б. көптеген фразеологиялық теңеулерді, ағылшын тілінде: *as merry as a cricket* (сөзбе- сөз: шегірткедей мәз- мейрам), *as agile as a monkey* (сөзбе- сөз: маймылдай епті, шапшаң), *as gay as a lark* (сөзбе-сөз: бозторғайдай көңілді), *as miserable as a bandicoot* (сөзбе- сөз: қалталы егеуқұйрықтай аянышты), *as happy as a king* (сөзбе-сөз: корольдей бақытты) т.б. фразеологиялық теңеулерді осы тұжырымға жатқызуға болады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің негізгі айырмашылығы теңеу эталонынан көрінеді. Мысалы, жануарлар атауларына байланысты, егер бір халық теңеу эталоны ретінде жануардың бір қасиетін алса, екінші халық оның басқа қасиетін негіз қылып алады. Егер *жылан* атауы ағылшын тілінде даналықтың символы ретінде қолданылса, қазақ тілінде ол қауіп- қатер мен қастықтың эталоны. Сол сияқты, құрамында *қой, ит* т.б. жануарлар атаулары қолданылған фразеологизмдердің де мағыналары екі тілде сәйкес келе бермейді. Дегенмен, екі тілде теңеу эталонының ұқсас жақтары да кездеседі: *Fox* – түлкі құлықтың, *lamb* – қозы жуастықтың, *bull* – бұқа ашу-ызалықтың, *hare* – қоян қорқақтықтың эталоны ретінде екі тілде де қолданылатынын көреміз. Мысалы: *as cunning as a fox* = түлкідей қу, *as timid as a hare* = қояндай қорқақ, *as mild as a lamb* = қозыдай жуас. [6.274] Ағылшын тіліндегі фразеологиялық теңеулердің «жағымды» және «жағымсыз» мазмұндағы тұжырымдары. (Концептілері)

1. «Ақылдылық» тұжырымы. *A mind like a steel trap* (сөзбе-сөз: ақылы құрыштан жасалған қақпандай берік), *as sharp as an owl* (сөзбе- сөз: үкідей дана, ақылды), *as smart as paint* (сөзбе- сөз: суреттей икемді, ақылды), *as solemn as an owl* (сөзбе- сөз: үкідей дана), *wise as Solomon* (сөзбе- сөз: Соломондай дана, ақылды), *(as) wise as a serpent* (абжыландай ақылгөй, ақылды) т.б.

2. «Күштілік» тұжырымы. Бұл *conquer like as bold as a lion* (арыстандай күшті), *as strong as a bull* (өгіздей күшті), *as strong as a horse* (аттай күшті), *like a Trojan* (Трояндақтай, яғни трояндықтай күшті, батыл), *to fight like a lion* (арыстандай айқасу) сияқты фразеологиялық теңеулер жатады.

3. «Жылдамдық» тұжырымы. *As fleet as a deer* (сөзбе-сөз: ұшқыр, жүйрік бұғыдай), *as swift as an arrow* (сөзбе-сөз: оқтай жылдам), *go out like a candle in a snuff* (сөзбе-сөз: шам білтесінің күйесіндей жоқ болу), *in two shakes of lambs tail* (сөзбе-сөз: қозының құйрығымен екі сермеуіндей тез), *like greased lightning* (найзағайдай жылдам), *run like the wind* (желдей есу) т.б. фразеологиялық теңеулер адамның жылдам, тез жасайтын іс- қимылын бейнелі түрде көрсету үшін қолданылады. [6.271]

4. «Қуаныш»/ «бақыт» тұжырымы. *As chirpy as a cricket* (сөзбе-сөз: крокеттей көңілді, қуанышты), *as happy as kings* (король сияқты бақытты), *as merry as a marriage – bell* (сөзбе-сөз: үйлену тойы кезіндегі қоңыраудай қуанышты), т.б. фразеологиялық теңеулер осы концептіге жатқызылады. [5.98]

5. «Байлық» тұжырымы. *As full as an egg is off meat* (сөзбе-сөз: етпен толтырылған жұмыртқадай толы), *as rich as Croesus* (сөзбе-сөз: Крездей бай), *flow like water* (сөзбе-сөз: судай ағуда), *like a dogs dinner* (сөзбе-сөз: иттің түскі асындай, яғни тамаша мол), *live like a fighting cock*



(сөзбе-сөз: күреске шығатын әтештей өмір сүру, яғни молшылықта қызық дәурен сүру), т.б. фразеологиялық теңеулер осы концептіге жатады.[3.68]

**6. «Мінез-құлық» тұжырымы.** Адамның мінез-құлқын суреттейтін Ағылшын тіліндегі фразеологиялық теңеулерге *as tame as a chicken* (балапандай көнімді), *regular as clockwork* (сағаттай дәл), *right as rain* (жаңбырдай берілген), *as innocent as the baby unborn* (кішкентай баладай аңқау), *quiet as a mouse* (тышқандай тыныш) т.б. жатады.[3.53]

**7. «Түр-кескін» тұжырымы.** Адамның сыртқы түр- кескіні ағылшын халқының дүниетаным және мәдени ерекшеліктеріне сай бейнеленеді. Фразеологиялық теңеудің бейнелі негізі ретінде көбіне күнделікті өмірде пайдаланатын заттар, табиғатта байқалатын құбылыстар атаулары қолданылады: *as fat as butter* (майдай толықша), *as brittle as glass* (шыныдай нәзік), *fresh as a daisy* (маргаритка гүліндей жас, жаңа), *like the cat who eat the cream* (қаймақ жеген мысықтай), яғни разы болуы т.б. [3.88]

Әр тілдің түрлі бейнелерге сүйенетіндігімен, мағынасы ортақ болғанымен, негізінде бейненің әр тілде өзіндік бояуы болуымен анықталады. Екі тілге ортақ бейнелерге ие фразеологиялық теңеулер кездесетіні байқалады. Бұл құбылыс қазақ және ағылшын халықтарының дүниетанымдағы кейбір түсінік ұқсастығын дәлелдейді. Фразеологиялық теңеулер жүйесі екі тілде де әр түрлі бірліктер мен мағыналық аяларды қамтиды. Ағылшын тілін үйрету жолында үлкен нәтижелерге қол жеткізе аламыз. Бұған ана тілінің ерекшеліктері өз септігін тигізеді.

Фразеологиялық теңеулердің басым көпшілігі ұлттық негізді арқау ете отырып пайда болған. Олар – ұлт өмірінің айнасы, сондықтан да бойында сақталған ұлттық мәдени негіздерге сүйенеді, себебі өркениеттің өрісі қаншалықты екені де тілден бөлек дүние емес. Ендеше ұлт мәдениеті ұлт тілінен бөлінбейді.

Мектептерде риторикалық құралдарды оқытуды сынаушылар бұл әдістер манипуляциялық және адамдарды алдау үшін қолданылуы мүмкін деп айтуы мүмкін. Дегенмен, бұл аргумент риториканы оқытудың мәнін жіберіп алады, ол студенттерді алдауға үйрету емес, керісінше олардың жақсы коммуникативті және сыни ойлаушы болуына көмектесу болып табылады. Кез келген құрал сияқты риторикалық құралдарды да жақсыға да, жаманға да қолдануға болады және оны жауапкершілікпен қолдану адамның өз еркінде.

Қорытындылай келе, мектептерде риторикалық құралдарды оқыту оқушылардың сыни ойлау, қарым-қатынас және сендіру дағдыларына айтарлықтай пайдасын тигізеді. Бұл дағдылар академиялық және кәсіби контексте табысқа жету үшін өте маңызды және студенттерге ұтымды тиімдірек коммуникаторлар мен ойшылдар болуға көмектеседі. Осылайша, мектептер студенттерді заманауи әлемдегі табысқа дайындау үшін риторикалық құралдарды оқытуды ағылшын тілі бағдарламаларына енгізуі қажет деп ойлаймын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: « Ғылым», 1977 ж.-275 б
2. Копыленко М.М., Попова З.Д. Очерки по общей фразеологии – 1978 ж.
3. Кунин А.В. Англо – русский фразеологический словарь. Москва: 1984 ж -303б
4. Швейцер А.Д. « Теория перевода. Статус, проблемы, аспекты ». Москва:1985 ж.-135 б
5. Тіл біліміндегі фразеологиялық теңеулерді зерттеу мәселесі. Алматы : «Тілтаным», - №4, 2007ж -106-109 бб
6. Ағылшын тілі фразеологиялық теңеулері семантикасындағы бейнелік – аялық негіздер. Алматы: « Хабаршы», - № 1, 2008 273-276б
7. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі теңдестіру семантикасына ие предикативті типтегі фразеологиялық теңеулер. Алматы « Хабаршы», №2, 2008 72-75бб

## СЫРЫМ ДАТУЛЫ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨРІНІСІ

Ә.Ибраймова

Эстетикалық бағыттағы гимназиясы

[ademi\\_ibraimova@mail.ru](mailto:ademi_ibraimova@mail.ru)

Орал қ.

**Аңдатпа:** Бұл мақалада халық қазынасы, ұлтымыздың бай мұрасы – шешендік сөздердің ерекшелігі туралы сөз қозғалды. Сөз мәйегін тереңнен түйсінген Сырым бабамыздың шешендік сөздеріндегі тағылымдық сипат, тәрбиелік мәні көрініс тапқан сөздерінен дәйектер келтіріп, мазмұны ашылды. Сырымның айтқан сөздерінен адамгершілік желі есіп, ұлттық құндылықтарымызды рухани байытатын, молайтатын сөз қолданыстары мен ой оралымдары мол екендігі байқалды.

**Тірек сөздер:** шешендік өнер, шешендік сөздер, бабалар сөзі, ер бірлігі, халық, би-шешендер, ұлттық құндылық, тәлім-тәрбие.

**Аннотация:** В данной статье говорится о национальном достоянии, богатом наследии нашего народа – особенности красноречивого слова. Приведены примеры из речи Сырыма, в которых отражался дидактический характер и воспитательное значение его речей, раскрывалось содержание. Со слов Сырыма было замечено, что из его слов вытекает множество выражений и мыслей, которые духовно обогащают и обогащают наши национальные ценности.

**Ключевые слова:** ораторское искусство, красноречивые слова, речь предков, единство, народ, ораторы, национальная ценность, воспитание.

**Abstract:** This article talks about the national treasure, the rich heritage of our people - the features of an eloquent word. Examples from Syrym's speech are given, which reflect the didactic nature and educational significance of his speeches, and reveal the content. According to Syrym, it was noted that from his words flow many expressions and thoughts that spiritually enrich and enrich our national values.

**Key words:** oratory, eloquent words, speech of ancestors, unity, people, speakers, national value, education.

Қазақ халқы әлімсақтан ойдың паркын білетін, көрегенділігі бір төбе, терең ойлап, бір ауыз сөзбен дауды шешетін, керек десеңіз елді біріктіретін, «сүйектен өтетіндей» батыра да айтатын, «жаксы сөз – жарым ырыс» дегендей, көңілге қуаныш ұялататын алпауыт күші бар сырлы сөздің иесі болған. Бұған – кейінгі ұрпаққа жеткен рухани, әдеби мұраларымыз дәлел. Тарихқа көз жүгіртсек, ауыз әдебиетіміздің тарихы тереңде, әрі кең салалы болып келеді. Соның бірі – қазақтың «от ауызды, орақ тілді» қасиетін байқататын шешендік сөздер.

Белгілі ұстаз, шешендіктанушы, жерлес ағамыз А. Қыдыршаевтың зерттеулерінде: «Ғұламаларға сүйене ой түйер болсақ, Платон пікірінше, шешендік – сендірудің шебері, оның бар мәні де, міндеті де осында. Ал Аристотель риторика міндетіне сендіру емес, әрбір нақты жағдайларға сәйкесті сендіру амалдарын таба білу енетіндігін айтады. Ғұлама Әбу Насыр Әл-Фарабидің пайымдауынша, егер де диалектика тек шынайы білімге негізделген қисынды дәлелдер арқылы тұжырымдалатын ой қорыту тәсілі болса, риторика шешендік қисынға, ой-пікір жүйелілігіне, ұғымдар үйлесіміне негізделеді. Ахмет Байтұрсынұлының түйіндеуінше, шешен сөз мақсаты – негізгі пікірді баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап түсіндірумен қоймай, пікірге нандыру, сендіру, ұйыту, балқыту, иман келтіру. М. Сперанскийше, шешендіктің негізі құштарлықта, сезімділік мәнісінде. Шешендіктің басты қағидалары – жүрекке әсер етіп, ақылды бағындыру. Ф. Честерфильдерше, шешендіктің түп мақсаты – адамдарды иландыру» [1, 7-156.б] делінген.

*Ал, қазақ шешендіктану өнерінің зерттелуіне үлес қосып, қазақтың би-шешендерінің сөздерін ел аузынан жинап, қағаз бетіне түсіруде үлкен еңбек еткен зерттеуші, фольклоршы Б.Адамбаев былай дейді: «Қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы – шешендік сөздер. Шешендік сөздер – ақындық айтыс секілді қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін негізгі жанрлардың бірі» [3, 406]*

Ендеше, қазақтың шешендік сөздері – мейірім мен бауырмалдыққа, инабат пен ізгілікке толы аса маңызды адами құндылық. Сонымен бірге ол – импровизаторлық ғажап өнер, әдебиеттің

көркемдік сипаты бөлек, өзінше ерек бір жанры. Бұрынғы замандар шындығына ден қойсақ, елдің, халықтың болашағын белгілеуде, алға басар қадамын айқындауда ақылы дария абыздардың сөзі айтарлықтай рөл атқарған. Ақжайық өңіріндегі Малайсары, Сырым, Ақшолоқ секілді би-шешендердің ел ішіндегі шиеленіскен мәселелерді шешудегі тапқырлығы – соның нақты мысалы.

Қазақ шешендігінің жалпы шешендік өнерден өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, қазақ шешендерінің сөздері ауызекі айтылып, қағазда емес, - халық жадында сақталған. Сондықтан олар сол – бастапқы емес, бізге ұзын-ұрғасы, үзік-жұрнағы ғана жеткен, олардың өзі де ауыздан ауызға көшіп, ауыса жүріп, өңдеу-жөндеулерге көп ұшыраған; сан ұрпақтың, талай таптың ой-санасынан, екшеп елеуінен өткен: сөйтіп, қысқарған, ұстарған, жалпы халық шығармасына айналған [3, 416].

Алғабас ауылындағы үлкендердің әуелдегі әңгімелеп баяндауларынан Сырымның ел билеу ісіне қалай араласқанын білуге болады. Қарым-қабілетіне көз жеткізген аузы уәлі абыз қарттар бозбала жасындағы Сырымға: «Мынау еліміз бен жеріміз иесіз де болмас үшін, киесіз де болмас үшін қазірден бастап атқа мін. Біз болсақ қартайдық. Заманның екпініне ере алар емеспіз. Ендігі кезек сенікі» деп аманат артқан [2, 27].

Шегінерге жер жоқ. Сырым мойнына жүктелген міндет-парызды мінсіз атқармақтың мәнісін сұрап біліп, бата алу үшін тана еліндегі әйгілі би-шешен Малайсарыға әдейі іздеп келеді. Екеуі де қалт еткенді қапысыз шалатын сұңғылалар. Өзара ақылмен арбасып бір-бірін сынап байқайды әдепкіде, сосын Малайсары Сырымды әлімдер мен таналар арасындағы бір ескі дауды шешуге жұмсап, тағы бір сынақтан өткізіп, зор болашағына әбден көз жеткізген соң:

Кеудең толған өкпе емес, бауыр болсын,  
Арқаң қара нардай жауыр болсын,  
Мінезің қара жердей ауыр болсын,  
Үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін,  
Құлағыңның түбінен сыбыр кетпесін,  
Жасың жетпіске жетпесін [2, 28]! – деп бата береді.

Малайсарының түп мәнін өз ақылымен ұғып танысын деген ниетпен астарлап айтқан батасының алғашқы бес жолын Сырым табан орында қиналмай-ақ шешеді. «Кеудең толған өкпе емес, бауыр болсын» дегеніңіз – өкпешіл болма, кешірімді, кең бол дегеніңіз болар. «Арқаң қара нардай жауыр болсын» - дегеніңіз халықтың дау-далабасы, қызметі көп болады. Соны көтере біл дегеніңіз болар. «Мінезің қара жердей ауыр болсын» дегеніңіз – халықтың өкпе-назы көп болады, соған шыдап, төзе біл, мәселелерін әділ шеш дегеніңіз болар. «Үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін, Құлағыңның түбінен сыбыр кетпесін» дегеніңіз, іздеп келуші мұң-мұқтажына құлағың түрік жүрсін, есігің қашан да ашық болсын дегеніңіз болар» деп жауап береді [2, 28]. «Арқаң қара нардай жауыр болсын» - дегеніңіз халықтың дау-далабасы, қызметі көп болады» деген жауабында қашан да халық үшін қызмет етіп, елінің сөзін сөйлеп, қорған болу керек екенін ұғындырады. Ал, «Мінезің қара жердей ауыр болсын» дегендегі жауабы ел билеушіге арызданып келетін халықтың назы көп болады, соны әділетті пайымдап, турасын айта білу керек екенін шегелеп бергені де қазіргі таңда өзектілігін жойған емес. Осындай табан астында тапқырлық танытқан Сырымның даңқты тұлға болып қазақтың мәңгілік тарихында қалуы Малайсары, Бекенсекілді бабалардың берген баталарының біртұтас сананың пәрменіне ұштасқан құдыретінен болса керек.

Кейін де Сырым Датұлы ел арасында басты қаруы – тілімен халқын жаудан да, даудан қорғап халық арасында есімі аңызға айналғанын білеміз. Қазіргі заманда еліміз дамыған елдермен иық тірестеріп, еңсесі биік болу үшін осы батырларымыздың ерлік ісі мен сүбелі сөзі, әсіресе шешендік қасиеттері – әр қазақтың өзін көрсетуіне, бәсекеге қабілетті болуына, сөзінің өтімділігіне керек басты құндылық екені рас.

Кезінде Сырым батырдың Нұралы, Ералы хандармен халық алдында да, ояз алдында да сан рет айтысқаны, халық жиындарында ұзақ-ұзақ сөз сөйлегені тарихтан белгілі. Алайда, ол сөздердің бірде-біреуі кезінде жазылып, қағазға түспегендіктен ұмтылған. Тек оны көзімен көріп, құлағымен естіген адамдар Сырым сөздерінің негізгі мазмұнын, түйінді ойларын, тапқырлық сөздерін аманат қып айтып кеткен. Сөйтіп, бізге шешеннің тоқсан ауыз сөзінен тобықтай түйіні ғана жеткен. Дегенмен шешеннің бүгінге жуық кейбір сөздеріне қарап Сырым сөздерінің құрылыс жобасы туралы жорамалдауға, пайымдауға болады.

Мәселен, «Сырымның Хиуа ханымен айтысы» дейтін сөзінде батыр ең алдымен ханның сұрақтарына мүдірмей жауап беріп, тыңдаушыларын өзінің білімділігіне, шешендігіне сендіреді. Сырым Үргеніштің ханына барып жүз керіс қылған. Хан Сырымның атағына сырттай қанық: «Қазақтың өзі шешен, өзі батыр кісісі»,— деп естиді екен.

Хан Үргеніш шешені мен Сырымды айтыстырыпты:

Үргеніш шешені:

— Сөз анасы не?

Су анасы не?  
 Жол анасы не? — деп сұрайды.  
 Сырым батыр:  
 — Сөз анасы — құлақ,  
 Су анасы — бұлақ,  
 Жол анасы — тұяқ! — деп жауап береді.  
 Үргеніш шешені:  
 — Дау мұраты не?  
 Сауда мұраты не?  
 Қыз мұраты не?  
 Жол мұраты не? — дейді.  
 Сырым батыр:  
 — Дау мұраты — біту,  
 Сауда мұраты — ұту.  
 Қыз мұраты — кету,  
 Жол мұраты жету, — дейді.  
 Үргеніш шешені:  
 — Намазда жан-жағыңызға қарай береді екенсіз, оныңыз не? — деп сұрайды.  
 — Жан-жағыңызға сіз қарамасаңыз, менің қарағанымды қалай көрдіңіз? — дейді.  
 Үргеніш шешені:  
 — Сізді екі аяқты, бір тілді адам баласы жеңді ме? — дейді.  
 Сырым батыр:  
 — Сырымның айтқанын тыңдамай, өз сөзін соға берген адам Сырымды күнде жеңеді, — дейді

Бұл жауаптардан сөздің кіріспесі, негізгі бөлімі, қорытынды бөлімін байқауға болады. Қазақтың тілін «жалғамалы» деп кемітпек болған ханның сынына ас үстінде нақтылы мысалдармен жауап қайырып, ана тілінің, туған халқының ар-намысын қорғайды. Бұл шешендік сөздің мазмұны мен негізі. Ақырында, шешен өзі сыннан сүрінбей өтіп, қарсы жақтың сынын жоққа шығарып алады да, соңында Хиуа хандығының халі қазақ елінің халінен нашар дегенді айтады [3, 2026]. Бұдан түйетініміз, ана тіліміз қай заманда болмасын ұлттық құндылықтарымыздың бірі екендігі, ұлтының жойылмауын ойлайтын адам ең бірінші тілін қорғап, ар-намысын ойлайды. Сөздің қадір-қасиетін жоғары қояды, яғни «сөз анасы – құлақ» деуінің сыры осында. Діні мен дәстүріне беріктік, адалдық қасиеттер де бір адамнан бойынан табылып тұрғанын шешендік сөздердің астарлы мағынасынан ұғынуға болады. Сырымның әр берген жауаптары – оқыған адамға таптырмас тәрбие көзі, құндылықтар қоры деуге әсте болады.

Ақын мен шешен алдын ала сөз жаттап, жұптап жүрмейді, жаттанды сөз айтысқа жарамайды. Келелі ой, кестелі сөз уақиға тұсында, айтыс үстінде туады. Тек көпшіліктің көңіліне жағып, көкейіне қонақтаған сөз ғана есінде қалады, халық жадында сақталады [3, 192].

Сырымнан қалған сөздер де сондай, айтыс пен күрес үстінде туған. Мәселен: «Үгітті – ұққанға, ақылды – жұққанға айту керек» дейді. Бұндағы айтқысы келгені, тыңдар құлақ болса, білімді, ақылды шын түсіне алатын, қабылдай алатын, содан нәтижеге шығаратын адамға айтқан абзал дейді. Немесе «Аста тұз тәтті, адамда дос тәтті», «Ат шабысына қарай шабады, ер намысына қарай шабады» дейді. Бұл жай айтыла салған сөз емес, батыр өзі бастаған ұлт-азаттық күреске жұртты үгіттеп, ердің намысын қозғап, елді бірлікке шақырып жүргенде айтылған сөздері.

Халқымызда найзасы мен тілін қатар ұстап, жауды күшпен де тілмен де қорғаған батыр, сөзге шешен болған тұлғалар аз емес. Ел намысы – ер намысы. Оны жақсы түсінген Сырым туған халқын қадірлей білген және өзі де халықтың лайықты ұлы бола білген. «Ат не үшін шабады? Ер не үшін шабады» - деген біреудің сұрағына, Сырым, «ат шабысына қарай шабады, ер намысына қарай шабады» деп жауап береді [3, 1766]. Ел басышына лайық осындай адамгершілігі мен даналығын бағағалаған халық Сырымның айтқанын істеп, соңынан ерген.

Тіпті Сырымның қазасына қазақтардың қалай қайғырғанын А.Левшиннің мына бір сөзінен аңғаруға болады: «Кіші Ордаға әйгілі Сырым батырдың асында болғандар маған оның асына ағайын-туыстар екі мың бес жүз қой, екі жүз жылқы жаратты, бес мың мың шелек қымыз ішілді, ат бәйгесі мен мергендерге, палуандарға бірнеше киіз үй, сауыт-сайман және әртүрлі дүние-мүлік таратылды деп айтып келді» [3,1896].

Бірін-бірі дәлелдей түсетін аңыздар мен пікірлерден, тарихи деректерден Сырым батырдың шешеншідігімен бірге халықтың тынысын, дәуірдің талабын түсіне білген прогресшіл қайраткер екендігін аңғару қиын емес. Шешендіктің бір қасиеті тыңдаушылардың сезіміне әсер ете білу. Ал тыңдаушының ойына орнығып, сезіміне әсер ету үшін сөз оның мұң-мұқтажына, тілек-мүддесіне

жауап берерліктей болуға тиіс. Міне, Сырым сөздерінің тартымды да татымды келетін қасиеті осында – халық мүддесіне сәйкес келетіндігінде.

Б.Адамбаевтың зерттеулерінде былай делінген: «Шешендіктің белгісі – сыншылдық. Сырымның сыншылдық қасиетін көрсететін мысалдар да бар. Сырым атынан айтылатын сындар да белгілі бір мақсатқа, халық қамына арналған. Мысалы, Жайықтың ішкі бетіндегі қорғауыттар (қалмақтар) 1770 жылы көшіп кеткеннен кейін Сырым қалмақтан қаңырап қалған жерге ел қоныстандыруды ойлайды. Сол жаққа барып жер аралап жүріп Еділ бойынан, Нарынқұмнан және бергі қыраттан бірнеше жерден құдық қаздырып, қайта көмдіреді. Еділ бойынан қаздырып қайта көмген топырақ қазған орнының бетімен бірдей болады. Нарыннан қаздырып көмген топырақ орнына сыймайды, Жайықтан бергі қырдан қаздырып алған топыраққа қазған орны толмайды. Сонда Сырым былай деп сын айтқан дейді: «Еділ жағасын жайлаған елдің шаруасы шарасынан орта түспес, Нарынды жайлаған елдің дәулеті тасыр, ал мына қыратты қоныс еткен елдің шаруасы кері кететін болар» [3, 1946].

Асылы, Сырым атынан айтылатын сөздердің көпшілігі осындай мағыналы, белгілі мақсатқа бағышталған нақтылы болып келеді. Сонымен қатар, Сырымнан айтқан сөздерінде ежелгі мақал-мәтелдер, нақылдар ұшыраса бермейді. Керісінше, оның сөздерінде мақал-нақыл болып елге таралған немесе тарауға лайықты татымды сөз, тартымды ойлар көп кездеседі. «Табалдырықтан биік тау жоқ, жаман ағайыннан берік жау жоқ», «Қайғысыз беттің жарығы бар, қайғылы беттің сарығы бар», «Жақсылыққа жамандық серік емес», «Су жаманы – суат басынан соқпақ кетпес, мүлік жаманы – қазық басынан тоқпақ кетпес» деген секілді көптеген өнегелі де өрнекті, тағылымы мол сөйлемдер мақал-мәтел деуге де, өсиет-насихат деуге де сыйымды сөздер [3, 202]. Табалдырық – қазақ үшін қасиетті ұғым, өйткені ол сырт пен іштің, байлық пен кедейліктің шекарасы, бақыт пен жақсылықтың қарауылы. Табалдырықтан аттау, табалдырықта тұрма деген секілді сөздерде жақсылық пен жамандыққа жоритын халықтың әдет-ғұрпы, дәстүрі жатыр. Немесе ер бірлігін, отбасы бірлігін бұзатын жаман ағайынды жауға теңеуі де жайдан-жай емес. Жақсылыққа жамандықпен жауап беру де құптамайтын іс екенін еске салады. Сырымның патшаға жазған хаттарында да: «Асау атты ұра берсең, жықпай қоймас», «жамандық пен жақсылық серік емес» деген сөздер, адамгершілікті арсыздыққа, шындықты өтірікке, ізгілікті зұлымдыққа қарсы қою секілді қанатты сөздер – батырдың шешендігінің халықтық қасиетін аңғартса керек.

Сырым батыр елден сырғып Хиуа хандығында жүрсе, бір той үстінде мақтанған Хиуа ханы Сырымға:

— Қазақта ас-мас, ат-мат, жігіт-мігіт деген жалғама сөздер көп көрінеді, солардың мәнісі не? — деп сұрайды.

— Сұрауыңызға тойдан кейін жауап берейін, — дейді Сырым батыр.

Тойда Сырымның аты бәйгеден келеді. Жолдасы палуан күресінде жығып, бәйге алады. Тойдың ойын-қызығы бітіп, жұрт тарқар алдында Сырым ханның манағы сұрауына былай деп жауап қайырады:

— Бізде той жасағанда жұртқа қой сойып — құйрық, жылқы сойып — қазы тартады. Сусынға қымыз береді. Соны «ас» дейді. Ал мынадай тастабаққа салып тартқан шөп-шалам мен сусынға берген шайды «мас» дейді. Сәйгүлікті сынайтын жарыста озып келген жүйрікті «ат» дейді, артында қалған тұғырды «мат» дейді. Алқа топтың алдында палуанға түсіп алып ұрған ерді «жігіт» дейді, жер қауып жығылған еркекті «мігіт» дейді. Қазақтың «ас-мас», «ат-мат», «жігіт-мігіт» дейтін жалғас сөздерінің мағынасы осы, хан» деп жауап берген екен.

Халқымыздың тұрмыс-тіршілігіндегі той-томалақ, қонақжайлылық дәстүрдің маңызды орын алғанын байқауға болады. Сыйластық ретінде қадірлі қонаққа сойылған малдың ең дәмді, ең пайдалы жерін ұсыну тек қазақта ғана бар дәстүр. Ендеше, әр асты ұсынғанда айтылатын атаулардың мән-мағынасын да шебер жеткізе білген Сырымның бойынан қазақилықты, даналықты, көрегенділікті, асқан білімділікті көре аламыз. Және де кездесетін қос сөздердің бірінші сыңары айрықша маңыздылыққа ие болып, ерекше атау берілсе, қасындағы сыңарына – қосымша атау беруінде үлкен мән бар. Бұл да кейінгі ұрпаққа үлгі болар жауап, орында айтылған сөз.

Сырымнан қалған сырлы, сүбелі сөздер әлі талай ғасыр ұрпақтар қажетіне жарап, ұлт жадында сақталмақ. Өйткені, өз жанына суырып айтқан, терең ойлардың, шешендік сөздердің ғұмыры ұзақ болады. Оған кейінгі ұрпақ, біздер, өз үлесімізді қосуымыз керек деп ойлаймын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. Орал, 2006.-7-15-б.б.
2. Баба дәстүр баяны //Құраст.М.Берген. – Орал: WESTA, 2019 – 216 б.
3. Б.Адамбаев. Шешендік өнер. – Алматы: «Білім» баспасы, 2019 – 216.
4. Зейнолла Қ. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002. – 360 б.

## СЫРЫМ ДАТҰЛЫНЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІНІҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ

Макшаева Ж. Д.

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
«№37 жалпы орта білім беретін мектебі»*

*шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны*

*Орал қаласы*

[zhazira\\_72.15@mail.ru](mailto:zhazira_72.15@mail.ru)

**Андатпа:** Мақалада Сырым Датұлы хақында қазақ әдебиеті тарихында оның жағымды бейнесін ақын – жырлардың көркем туындыларында ерекше атап өтеді. Оның басты себебі Сырым Датұлының есімі мен даңқы халықтың есінде уақыт өткен сайын жаңғырып отыруынан деп түсінген абзал. Кешегі патша заманында, одан бергісі кеңес заманы мен бүгінгі тәуелсіздік заманында да Сырымның есімі әдебиет тарихында ерекше орын алады. Қазақ елінің тәуелсіздігі жолында жанқиярлықпен күрескен қаһарман Сырым Датұлы шешендік өнер тарихында мәңгі өшпес білімді, билік сөздерімен ерекшеленетін тұлға болып мәңгіге қалар берері хақ.

**Аннотация:** В статье Сырым Датович хақында отмечает положительную картину истории казахской литературы в художественных произведениях поэтов и поэтов. Следует понимать, что главная причина в том, что имя и слава Сырыма Датовича со временем отражаются в памяти народа. Имя Сырыма занимает особое место в истории литературы, как во времена вчерашнего царя, так и в советское время и сегодня во времена независимости. Героиня Сырым Датович, самоотверженно борющаяся за независимость казахского народа, навсегда останется в истории ораторского искусства человеком неизгладимых знаний, отличающимся властными словами.

**Abstract:** In the article, Syrym Datovich khakynda notes a positive picture of the history of Kazakh literature in the works of poets and poets. It should be understood that the main reason is that the name and fame of Syrym Datovich are reflected in the memory of the people over time. The name of Syrym occupies a special place in the history of literature, both in the time of yesterday's tsar, and in Soviet times and today in the time of independence. The heroine Syrym Datovich, who selflessly fought for the independence of the Kazakh people, will forever remain in the history of public speaking as a person of indelible knowledge, distinguished by authoritative words.

Ұлтымыздың тарихында асқан батырлық – ерлік істерімен, асқақ сипатты, тапқырлық даналық, шешендік сөздерімен, әділетті билік кесімдерімен артында жарқын із қалдырған заңғар тұлғалардың бірі – Сырым Датұлы.

Сырым Датұлы 1712-1802 жылдары өмір сүрген қазақтың батыр әрі шешен биі. Шыққан тегі Кіші жүзден Байбақты руынан тараған. Байбақтының ішінде Әйімбет, одан – Шолан. Шоланнан Түкіш, Дат, Есенбай, Байторы. Даттан: Адамбай, Сырым, Амантай, Жомарт, Базарбай, Барлыбай, Жандыбай, Дүйімбай, Қорлыбай, Қалдыбай, Шыбынтай деген он бір ұл тарайды. Таған ауылы – Сарыой. Орал облысы, Жымпиты ауданында орналасқан. Дат момын орта шаруа, есті кісі болған деседі. Ал Сырымның анасы адуынды, бір ауылды сөзімен де, ісімен де билеген ақылды бәйбіше болған. Сырым 7-8 жасынан-ақ естілігі, сөз тапқыштығымен ел аузына іліге бастайды. Өсе келе сол өңірдегі билер мен шешендер, сұлтандар мен хандарды тани жүріп, олардан шешендік тапқырлықты, ел билеу ісін үйренеді. Сол билердің кейбіріне өзі іздеп барып бата, жөн-жорық алады.

Халық басына түскен ауыртпалықтың қордалана түсуі, әділдік іздеуші ерлер алдында кедергі-қамалдар тұруы – осылардың бәрі қашан да қай елде болмасын тарихи тұлғалар туралы шығармалар әдебиетте қанат жаюына ықпал еткені мәлім. Қазақ қоғамында әдеби процестер ауызекі шығармашылық пен жазбаша бағытта өрбіді.

Әдеби шығармаларға арқау болған сондай тарихи тұлғалардың бірі де бірегейі Сырым Датұлы – Отандық тарихтағы ұлт-азаттық көтеріліс қолбасшыларының ішіндегі ерекше тұлғалардың бірі. Сырым Батырдың өмірінде, ол бастаған ұлт-азаттық көтеріліске арналған бірнеше еңбектер мен іргелі зерттеулер бар. [1, 21]

Сырым Датұлы хақында қазақ әдебиеті тарихында оның жағымды бейнесін ақын – жырлардың көркем туындыларында ерекше атап өтеді. Оның басты себебі Сырым Датұлының есімі мен даңқы халықтың есінде уақыт өткен сайын жаңғырып отыруынан деп түсінген абзал. Кешегі

патша заманында, одан бергісі кеңес заманы мен бүгінгі тәуелсіздік заманында да Сырымның есімі әдебиет тарихында ерекше орын алады.

Қазақ әдебиеті тарихындағы Сырым Датұлы бейнесінің сабақтастығы ерекше құбылыс. Оның айқын дәлелі халқымыздың Сырым батыр туралы даланың ауызша тарихы мен ауыз әдебиетінде де, жазбаша әдебиетінде де мол мұралармен қамтылғанымен де құнды.

Халық даналығына жүгінсек, «Сымбатсыз сұңқар болмас, тұлғасыз тұлпар болмас» дегендей, Сырым Датұлының дене бітімі, кескін-келбеті мінсіз, жан-жақты жетілген, сом болаттан құйылғандай болуы керек. Бұған мысалы Байбақты руынан шыққан қарындасы елден ерте кетіп, жырақта қоныс теуіп, ағасын көрмей-білмей қырық жігіттің ішінен Сырымды жазбай танығанда, сол ауылдың батагөй ақсақалы: «Сырымды қалай таныдың?» - деп сұрайды. Сол мезетте қарындасы: «Сырымда үш қасиет бар: біріншісі – батырға біткен тұлғасы, екіншісі – өжет мінезі, үшіншісі – асқан даналығы деп естуші едім. Маған Сырым топшалы, толық денелі, кең иықты, шалқак төсті, жолбарыс бетті, басы елден ерек, торсық шекелі болып көрінді», – дейді. Бұл Сырымға қарындасының берген сыртқы көрінісі еді. [1, 26]

Демек, талант дегенміз – ағзаның ерекше дамуы, орталық жүйке жүйесінің мықтап шарықтауы, белгілі бір қабілеттің биіктеп, кең өріске шығындап шырқауы ғой. «Кеменгерлік адам қабілетінің айрықша ашылып гүлденуі, мидың биохимиялық, физикалық қызметі, ақыл ой органдарының үзбей жаттығуы, үнемі үздіксіз еңбектену жазушының қуатын еселей түседі», – деп жазды Сырым туралы ойшыл П.Ф. Лесгарт. Сайып келгенде, текті тұлға Сырымның болмысына ой жүгірткенде, батырлық пен шешендік, ойшылдық пен тапқырлық, көсемдік пен жетелік тамырлас құбылыстар, тұтасқан ғажайып қасиеттер ме деп өзгеше бір күйге берілесін.

Сырым Датұлының заманында қазақ елінің шұрайлы, нулы, сулы жерінен, құтты, жайлы қоныс мекенінен айрылып, зар жылаған шағы еді. Патша үкіметі жазалаушы отрядтарын яғни казак орыстарды қазақ ауылдарына жұмсап, құт береkesін кетірді. Сонда Сырым батыр адамның сай сүйегін сырқыратарлық сөз сөйлеп, елі мен жерін қорғауға жұртын шақырды. Сырым Датұлы 1783-1797 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістің ту ұстаушысы болды. Адамзат тарихы қанмен жазылған ғой. Қазақ ұлтының басына түскен зұлмат жылдарда, қанды қырғында Сырым патшаның езгісіне, оның отарлаушылық саясатына жергілікті жандайшаптарына, арам пиғылды хан-сұлтандарға қарсы күреседі. [2, 52]

Сырымның тұңғыш рет билік айтуы былайша басталған екен: Мал өрістен қайтқан кезде, бірі атқа мінген, бірі жаяу кісілерді көреді. Екеу ара бір түлкіні қуып жүрген. Содан Сырымға төрелік айтуды өтініпті. Жаяу кісі мән-жайды: «Жаздай осы түлкіні көз жазбай аңдып, алғашқы қансонарда қолға түсіремін деп», – деп едім деп түсіндіреді. Ал ат үстіндегі кісі: «Бүгін таңертең ізіне түсіп соғып алдым», – дейді. Екі кісіні мұқият тыңдаған Сырым: «Бұл түлкі еркек болса аттылым – сенікі, ұрғашы болса, жаяу – сенікі», – деп түйін жасайды. Сөйтсе түлкі еркек екен да аттылығы бұйырады. Бұдан шығатын танымдық түйсік дүниетанымы терең, түйсігі ерен, білім-білігі кемел өрімдей жас Сырым: «Әйел адамның жүретін жері – ауыл арасы ғана болады. Ал еркек адам қайда болмайды, сірә сіздің көріп жүргеніңіз ұрғашы түлкі болар, әлі де болса күтіңіз, жүрген болар» – деп тұжырымдайды. Шынында да жаяу адамның көріп, бақылып жүрген ұрғашы түлкіні ол өзі қолға түсіреді. Бұл Сырым шешеннің туа біткен қасиеті көрегендігі ме, әлде білімпаздығы ма, болмаса мол тәжірибесі ма? [1, 26]

Шешеннің пайым-парасаты, зерде-зейіні, адамгершілік қасиеттері, жоғары ойлау мәдениеті сөйлеген сөзінен байқалады. Нақтылап айтқанда, ойын ұрыс, мінсіз жеткізу, ойлаған пікір-лебізінің дұрыстығына деген сенімі. Әсіресе, Сырым шешен тұтқиылдан қойылған сауалдарға ып-ықшам жауаптары әзір.

Хан бірде Сырымнан :

- Сөз анасы неде?

Су анасы неде?

Дін анасы неде?

Жол анасы неде? - деп тексереді.

Сонда іле-шала Сырым :

- Сөз анасы – құлақтан,

Су анасы – бұлақтан,

Дін анасы – ұяттан

Жол анасы – тұяқтан-дейді.

Тағы да хан:

- Дау мұраты не?

Сауда мұраты не?

Жол мұраты не?

Қыз мұраты не?  
Сол мезетте Сырым:  
- Дау мұраты – біту  
Сауда мұраты – ұту  
Жол мұраты – жету  
Қыз мұраты – кету – дейді.

Осынау сөздерден Сырымның сөздері жоғары танымдық қабілеттен, этикалық тәжірибелік даналықтан, көрегендік интуициядан туған деп айта аламын. Сырымның тәлім-тәрбиеге толы сөздері мұнымен тамамдалмайды.

Заманында Сырым жер турасында, адам құны туралы, ұрлық, барымта, мал құны, неке бұзу, куәлік, жесір дауы хақындағы алуан-алуан дауларға тура, әділ билік айтып, елдің ақыл – аузы, арқан – қазығы, бүтінші – бітімшісі болғаны бесенеден белгілі. Өзі айтқандай, «таудан биік көңілмен, теңізден терең ғылыммен» шым-шытырық, дау-шарды егжейлі-тегжейлі саралап, жіктеп сөйлеген. Соның бірі мынадай: «Көпті көрген көне қарт батамды беремін, «көңілімде жүрген бір іс бар еді» – дейді.

Байұлының бір баласын Әлім руының жігіттері өлтірген еді. Соның жоқтаушысы жоқ. Ердің құнын жастың жайсаңы даулайды, не кәрінің сайтаны даулайды деуші еді, шырақ! – деп күрсінеді. «Бала бүркіт парлап ұшады» дегендей, Сырым да еліктей ұшып, Малайсары айтқан елге, сол ауылдың ақсақалы Ақсуат биге жетіп келді.

«Уа, тоқтандар, шаңқай түсте шабатындай, ауылымның үстін шаңдатып келе жатқан бұл кім түге? Елмісіндер, жаумысындар?» деп ақырады.

Сырым: «Уа, би ел десең – елміз, жау десең – жаумыз, алты қырдың астынан жаяулап келетін Байұлы Әлімнің келіні емеспіз, бізбен дұрыстап сөйлесіңіз»-, дейді. Ақсуаттың бір жігіті құлағына сыбырлап «өздері он екі аттылы екен», – дейді. Ақсуат: «Онда он екі ата Байұлы түгел атқа мінген екен, үш-төрт үйге бөліп түсіріндер», – дейді. Сырым екі жолдасымен Ақсуаттың үйіне түседі, бірақ би шешіліп сөйлесе қоймайды. Сондағы Сырымның айтқаны дейді: «Би, аты-жөн сұраса отырайық».

Ақсуат: «Бала, менің аты-жөнімді сұрайсың, – дейді қисайып жатып – елімді сұрасаң – Әлім, жерімді сұрасаң – Бұйырған, атымды сұрасаң – Ақсуат, осы елдің ортасындағы бір қазығымын, айналамнан ел кетпейді, алдымнан дау кетпейді», – дейді. Ілік іздеп отырған Сырым іле-шала: «Би, сөз білесің, суатпын деп мақтанбаңыз, су жаманы суат басынан – соқпақ кетпейді, қазықпын деп мақтанбаңыз, мүлік жаманы қазық – басынан тоқпақ кетпейді, бұйырған деген шөп болады, жеген мал тоқ болады, қауқары жоқ болады, тышса боқ болады. Әлім болсаң – әліңді біл, адамның құнын бер», – дейді. Жамбастап жатқан Ақсуат басын көтеріп: «Сырым балам, сырынды енді ұқтым. Байұлының бір адамы біздің елде жазым болғаны рас еді, ердің құны мың қой, үлесе келе үй басына бір қой. Бір қойдан Әлімнің үйі кедейленіп қалмайды, жоқтаушысы кездеспей жүр, жоқтаушысы болса табылмайтын жоқ болмайды, жорта өлтірген емес, жортуылда болған жазым ғой, төрелігін өзіңе бердім, ағаңның құнын өзің айта ғой», – дейді. Осы сапарда сырым екі жақты тамаша келісімге келтіреді. Әңгіме осылай өрби отырып, Байұлының жігіттері жүргелі тұрғанда Ақсуат: «Сырым балам, ел арасында бүтінші бітімші болайын деп келдім дедің-ау. Баланың екі түрі болады: үй баласы, ел баласы. Ел арасының бүтіндігін ойлап ел ағасы болайын деген бала екенсің. Мұратыңа жет, жолың болсын, менің алдымды бірінші айтқан билігің екен, әділдігің үшін жолыңа нар бастаған тоғыз байлатып қойдым, бұдан былай сенің жолың бас тоғыз болсын», – деп Сырыммен қоштасыпты. [3, 69]

Даланың ауызша тарихнамасы бойынша алты жасында «Алды дауыл, арты құйын» атанған Сырым би өнернамасында жүзіктің көзінен өткендей, оймақтай оралымдар ақыл мен сұлулықтың тұтаса қауышқан күйнамасындай жұмыр бітімді нақыл ғибратқа бергісіз түйінді тұжырымға ие сөздері бар. Бұның бірмысалы мынадай:

Табалдырықтан биік тау жоқ,  
Жаман ағайыннан мықты жау жоқ.  
Үгітті ұққанға, ақылды жұққанға,  
Ата тұрып ұл сөйлесе ер жеткені болар,  
Ана тұрып қыз сөйлесе бой жеткені болар  
Ата балаға кесір болса кері кеткені болар.

Қазақ шешендері ойын өрнекті, кестелі, көркем жеткізу мақсатында алыстан барлап, тереңнен толғап, тұспалдап, жұмбақтап, ишаратпен сөйлейді. Сырым би де халықтық даңғыл дәстүрді, мықтап ұстаған сөз ұстасы дей аламын.

Сырым үлгі алып, ұстаз тұтқан батырлар мен шешендер үлгілі сөз үйреніп қана қоймай, Сырымның тапқырлық сөздерін, өжеттік, ерлік істерін құптап, көтермелеп отырған. Сырымның алдынан кездескен Алдар бидің мына сөздері соның дәлелі:



- Қарадан хан болдың  
Айырдан нар болдың,  
Жоқтан бар болдың,  
Көнеден дәурен озды.  
Көңдей қамқа тозды  
Атадан ұл озды,

Анадан қыз озды, – деп тақпақтап қарсы алады. Сонда Сырымның берген жауабы мынау болған екен:

Қарадан хан болсам,  
Халқым қалаған болар.  
Айырдан нар болсам,  
Атам жараған болар.  
Көнеден дәурен озса,  
Жасы жеткен болар.  
Көңдей қамқа тозса,  
Дәурені өткен болар.  
Атадан ұл озса,  
Еркіндігі болар.  
Анадан қыз озса

Еркелігі болар, – деп жауап беріпті. Әрине Алдар бидің сөздері – мақтау, оны жақсы түсінген Сырым. Бірақ бұл сөздерді түсінген батыр масайрап бас шалқымай, шешендігімен жұмбақтың шешімін тауып, өзіне айтылған мақтауды ел-жұртына атына аударады. [4,131]

Сырым Датұлының батырлығы жөнінде орыс жазушысы М. Вяткин монография жазды. Б. Адамбаев Сырымның атына байланысты шешендік сөздерді жинастырып жариялады және кандидаттық диссертация қорғап, көп еңбек сіңірді. Қазақ батыр, шешен, билер ішінде Сырым шешеннің мұрасын жинастыру, зерттеу ісі біршама дұрыс жолға қойылған деп айтуға болады. Б. Адамбаевтың жинақтаған Сырым сөздері мыналар екен:

Сырым жиырма алты жасында бір жолдасымен Нұралы ханның үйіне барса, Қарамен тана Малайсарымен сөйлесіп отыра беріпті:

- Балалар, аман ба? – депті де, елемей өздері сөйлесе берсе керек-ті. Сырым жолдасына дауыстап:

- Жүр кеттік, бұлар бізді адам деп те отырған жоқ қой! – дейді.

- Ата тұрып ұл сөйлегеннен без. Ана тұрып қыз сөйлегеннен без. Сырнадай сайраған мына бала кім еді? – дейді.

- Ата тұрып ұл сөйлесе, ер жеткені болар. Ана тұрып қыз сөйлесе, бойжеткені болар, – дейді Сырым.

- Сен толған екенсің, мен тозған екенмін, – деп, Малайсары сонда Сырымды қасына шақырған екен дейді. Бұл Сырымның ел арасында тараған сөздері болғанымен сөз кәдірін түсінетін бүгінгі ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі орасан зор деп сеніммен айта аламын. [2,52]

Тағы да Сырымның аталы сөздерінен үзінді келтіре отырып ойымды жалғайын. Тама еліне Сары би деген ақылгөй ақсақалы Даттың үйінде түстеніп отырғанда Сырым баланың әр сөзіне риза болып, оған мынадай өсиет айтыпты:

- Балам, бұл дүниеде алты ұлы сөз бар, соны есіңнен шығармай жүрсең, ел алдында беделің асып, сыйлы боласың. Егер ол сөзді ұмытсаң халық сенің маңайыңа жоламай аулақ қашады. Сырым:

- Ол қандай сөз еді, ата айтыңызшы? – дейді.

Сондағы Сары бидің жауабы:

- Арлы олжалы бол!

- Елге деген парызыңды ұмытпа!

- Намысыңды сақта!

- Халқыңды алалама!

- Жақыныңды жаралама!

- Қалысыңды қаралама! – депті.

Сары би айтқан осы алты өсиетті Сырым шешен қартайғанша есінде сақтап келгені, оның айтқан сөздер мен жасаған істерінен анық көрініс тауып тұрады.

Сырымның көп сөз таластырған кісісі Нұралы сұлтан болған екен. Себебі ол кісі Нұралының жасағандарына үнемі наразылық танытса керек-ті. Соның дәлелі ретінде Сырымның мына сөзін келтіруді жөн көрдім. «Бірде Нұралы хан Сырымға шабарман жіберіп:

- Торы көп пе, төбелі көп пе? Сырым осы екі түстің қайсысын қалайды екен? – деп сұратыпты.

Батыр кідірместен:

- Торы –тоқсан тоғыз,төбел бір.Торысы – менікі,төбелі – хандікі, – депті.Мұның мәнісі – «халық аттың торысындай көп,ақ сүйектер – ат төбеліндей аз, мен көппен біргемін»,-деген екен.Бұдан шығатын қорытынды Сырым шешен барсаналы ғұмырын сол қалың халыққа арнаған жан.

Сырым Датұлының шешендігі мен сүбелі сөздерін қаза әдебиетінің талай майталмандары өз шығармаларына арқау етті.Сөзімнің дәлелі ретінде айтып өтейін. XX ғасырдың басында ағартушы ақын,ойшыл,публицист – Ғұмар Қараштың 1911 жылы Уфа қаласында басылып шыққан «Бала тұлпар» жинағында «Сырым батыр» тарихи жыры жарияланды.Ол Сырымның болмысын былайша жырлайды:

Сырым деген ер болған,  
Халқының қамын жер болған -десе.  
Мұрат Мөңкеұлы:  
Хандардың ең ақыры Нұралы еді,  
Төренің Арқар деген ұраны еді.  
Хан ұлын Сырым батыр шабарында,  
Ақылды Алдар биден сұрап еді,-деп жырлайды.

Х.Досмұхамедов «Қазақ батырлары:Исатай мен Махамбет және Тайманұлы Исатайдың қозғалысы» деген мақаласында Сырым батырдың көтерілістің барысында Нұралы ханның тақтан түсіріп қууды деген жолдарды келтіреді.

1924 жылы жазылған Ығылман Шөрековтың «Исатай- Махамбет» дастанында Сырым туралы:

...Қарға қазақ шулаған,  
Қастассам сені жеңермін.  
Шаптым деп ханды мақтанба,  
Үргеніштен келген Сырымдай,

Сүйегінді шетке кемермін,-деген жыр жолдары бар.Ақын Сырымның Хиуа хандығында жүріп қаза болғаны туралы Жәңгір ханның аузына сөз салды.

Ал Сәбит Мұқанов «Сырым Датұлы туралы» атты мақаласында Сырым батырды, кезінде халық ақындары,тамаша халық батыры обрызында түрлі себептермен жырлаған жоқ,-деп пікір білдіреді.[5]

Қазақ елінің тәуелсіздігі жолында жанқиярлықпен күрескен қаһарман Сырым Датұлы шешендік өнер тарихында мәңгі өшпес білімді,билік сөздерімен ерекшеленетін тұлға болып мәңгіге қалар берері хақ.Халық мүддесін бар өміріне мұрат еткен ұлы күрескердің ерлік хикаясы да,қиын-қыстау заманның қыспағынан қымсынбай,ащы шындығымен,асқақ романтикасымен бейнелеп кеткен ақындар мен жазушылардың қажырлы еңбектерінің нәтижесі қазақ әдебиетінің тарихындағы Сырым Датұлы бейнесінің сабақтастығының айқын үлгісі.

#### **Пайдалаланған әдебиеттер:**

1. Шешендік шиырлар. Алматы «Қайнар» баспасы, 1992 . -26- бет
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. Алматы «Мектеп» баспасы, 2003. ( Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет бөлімі) .52-бет
3. С.Қалиев.С.Дүйсебаев Қазақ әдебиеті оқулық 9 –сынып «Мектеп » баспасы Алматы 2005. 69-б.
4. Қ.Жұмалиев,Т.Ақшолоақов «Қазақ әдебиеті» оқулық Алматы «Рауан» баспасы 1996.131 -б.
5. Аққали Ахмет тарих ғылымының докторы.Зерттеу еңбегі

**ӘОЖ 82:316.3**

### **СЫРЫМ ДАТҰЛЫНЫҢ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ**

**Букенбаева Г. Б.**

*Орал қаласы, №9ЖОББМ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
[bahitovna71@mail.ru](mailto:bahitovna71@mail.ru)*

**Аңдатпа:** Мақалада Сырым батырдың шешендік өнері туралы баяндалады.Сырым шешеннің нақыл сөздерінен мысалдар келтіріледі. Мақалада шешендік сөздердің тәрбиелік мәні туралы да айтылады.

**Аннотация:** В данной статье рассказывается об ораторском искусстве героя Сырым. Приводятся примеры из числа афоризмов оратора. В статье говорится о воспитательном значении ораторских речей словесника.

**Abstract:**This article describes the oratory the hero of the Syrym. Examples from among the speaker's aphorisms are given. The article talks about the educational significance of the oratorical speeches of the wordsmith.

Ұлтымыздың тарихында асқан батырлық-ерлік істерімен, асқақ сипатты, тапқырлық даналық, шешендік сөздерімен, әділетті билік-кесімдерімен жарқын із қалдырған заңғар тұлғалардың бірі — Сырым Датұлы. Сырым Датұлы 1712-1802 жылдары өмір сүрген қазақтың батыр әрі шешен биі. Шыққан тегі Кіші жүздің Байбақты руынан. Байбақты ішінен Әйтімбет, одан Шолан. Шоланнан Түкіш, Дат, Есенбай, Байторы, Даттан: Адамбай, Сырым, Амантай, Жомарт, Базарбай, Барлыбай, Жандыбай, Дүйімбай, Қорлыбай, Қалдыбай, Шыбынтай деген он бір ұл тарайды. Таған ауылы Сарыой. Орал облысы, Жымпиты ауданы. Дат момын орта шаруа, есті кісі екен. Ал, анасы адуынды, бір ауылды сөзімен де, ісімен де билеген ақылды бәйбіше болыпты. Сыры жеті-сегіз жасынан ақ естілігі, сөз тапқыштығымен ел аузына ілігеді. Өсе келе сол өңірдегі билер, шешендер, сұлтан, хандарды тани жүріп, олардан шешендік тапқырлықты, ел билеу ісін үйренеді. Сол билердің кейбіріне өзі іздеп барып, бата, жөн-жорық алады. Сырым шешеннің тұңғыш рет билік айтуы былайша екен. Мал өрістен қайтқан кезде, бірі атқа мінген, бірі жаяу кісіні көреді. Екеуара бір түлкі. Шекесі қызып таласқан. Содан Сырымға төрелік айтуды өтінеді. Жаяу адам мән-жайды: «Жаздай осы түлкіні көз жазбай аңдып, алғашқы қансонарда қолға түсіремін деп»-жүр едім деп түсіндіреді. Ат үстіндегісі: «Бүгін таңертең ерте ізіне түсіп соғып алып едім» — дейді. Мұқият тындаған Сырым: «Бұл түлкі еркек болса, аттылы — сенікі, ұрғаша болса, жаяу — сенікі» — деп түйін жасайды. Сөйтсе түлкі еркек екен де аттылыға бұйырады. Дүниетанымы терең, түйсігі ерен, білім-білігі кемел өндіредей жас Сырым: «Әйел адамның жүретін жері — ауыл арасы ғана болады. Ал еркек адам қайда болмайды, сірә сіздің көріп жүргеніңіз ұрғашы түлкі болар, әлі де болса күтіңіз, жүрер болар»-деп тұжырымдайды. Шынында да жаяу кісі артынан өзі көріп бақылап күткен ұрғашы түлкіні қолына түсіреді. Бұл Сырым шешеннің туа біткен қасиеті көрегендігі ме, әлде білімпаздығы ма, не болмаса тәжірибесі ме? Халық даналағына жүгінсек, «сымбатсыз сұңқар болмас, тұлғасыз тұлпар болмас» дегендей, Сырым шешеннің дене бітімі, кескін-келбеті мінсіз, жан-жақты жетілген, сом болаттан құйылғандай болу керек. Бұған Байбақты руынан шыққан қарындасы елден ерте кетіп, жарықта қоныс теуіп, көрмей-білмей қырық жігіттің ішінен Сырымды жазбай танығанда, сол ауыл ақсақалы: «Сырымды сен қалай таныдың?» -деп сұрайды. Сол мезетте қарындасы: «Сырымда үш қасиет бар, біріншісі — батырға біткен тұлғасы, екіншісі- өжет мінезі, үшіншісі- асқан даналығы деп естуші едім. Маған Сырым қыран топшылы, толықсыған денелі, кең иықты, шалқақ төсті, жолбарыс бетті, басы да елден ерек, торсық шекелі болып көрінді» -дейді.

Демек, талант дегеніміз ағзаның ерекше дамуы, орталық жүйке жүйесінің мықтап шарықтауы, белгілі бір қабілеттің биіктеп, кең өріске шығандап шырқауы ғой. «Кемеңгерлік адам қабілетінің айрықша ашылып гүлденуі, мидың биохимиялық, физикалық қызметі, ақыл-ой органдарының үзбей жаттығуы, үнемі үздіксіз еңбектенуі жазушының қуатын еселей түседі»-деп жазады П.Ф. Лесгарт. Сайып келгенде, текті тұлға Сырымның болмысына ой жүгірткенде, батырлық пен шешендік, ойшылдық пен тапқырлық, көсемдік пен жетелік тамырлас құбылыстар, тұтасқан ғажайып қасиеттер ме деп өзгеше бір күйге берілесің. Сырым Датұлының заманында қазақ елінің шұрайлы, нулы, сулы жерінен, құттыжайлы қоныс мекенінен айрылып, зар жылаған шағы еді. Патша үкіметі жазалаушы отрядтарын, яғни казак орыстарды қазақ ауылдарына жұмсап, құт-берекесін кетірді. Сонда Сырым батыр адамның сүйегі сырқырарлық сөз сөйлеп, елі мен жерін қорғауға жұртын шақырды. Сырым Датұлы 1783-1797 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістің ту ұстаушысы болады. Адамзат тарихы қанмен жазылған ғой. Қазақ ұлтының басына түскен зұлмат жылдарда, қанды қырғындарда Сырым патшаның езгісіне, оның отарлаушылық саясатына жергілікті жандайшаптарына, арам пиғылды хан сұлтандарға қарсы күреседі. Шешеннің пайым-парасаты, зерде-зейіні, адамгершілік қасиеттері, жоғары ойлау мәдениеті сөйлеген сөзінен байқалады. Нақтылап айтқанда, ойын дұрыс, мінсіз жеткізу, ойлаған пікір-лебізінің дұрыстығына деген сенімі. Әсіресе, Сырым шешен тұтқиылдан қойылған сауалдарға ып-ықшам, жинақы жауаптары әзір. Хан бірде Сырымды:

— Сөз анасы неден?

Су анасы неден?

Дін анасы неден?

Жол анасы неден? — деп тексереді.

Іле Сырым:

Сөз анасы — құлақтан,  
Су анасы — бұлақтан,  
Дін анасы — ұяттан  
Жол анасы — тұяқтан — дейді.  
Тағы да хан:  
Дау мұраты не?  
Сауда мұраты не?  
Жол мұраты не?  
Қыз мұраты не?  
Сол мезетте Сырым:  
Дау мұраты — біту  
Сауда мұраты — ұту  
Жол мұраты — жету  
Қыз мұраты — кету — дейді.

Осынау Сырым сөздері жоғары танымдық қабілеттен, этикалықтәжірибелік даналықтан, көргендік интуициядан туған. Заманында Сырым жер турасында, адам құны туралы, ұрлық, барымта, мал құны, неке бұзу, куәлік, жесір дауы хақындағы алуан-алуан дауларға тура, әділ билік айтып, елдің ақыл-аузы, арқан-қазығы, бүтінші- бітімшісі болған. Өзі айтқандай, «таудан биік көңілмен, теңізден терең ғылыммен» шым-шытырық, дау-шарды егжейлі-тегжейлі саралап, жіктеп сөйлеген. Соның бірі мынадай. Сырым ақылды қария Малайсарыдан бата алмақшы болады. Көпті көрген көне қарт батамды беремін, «көңілімде жүрген бір іс бар еді» дейді. — Байұлының бір баласын Әлім жігіттері өлтірген еді. Соның жоқтаушысы жоқ. Ердің құнын жастың жайсаңы даулайды, некәрінің сайтаны даулайды деуші еді, шырақ!—депкүрсінеді. Бала бүркіт парлап ұшады дегендей, Сырым да еліктей ұшып, Малайсары айтқан елге, сол ауылдың ақыл аузы Ақсуат биге жетіп келеді. «Уа, тоқтаңдар, шаңқай түсте шабатындай ауылымның үстін шаңдатып келе жатқан бұл кім түге? Елмісіндер, жауысыңдар?» деп ақырады. Сырым: «Уа, би ел десең — елміз, жау десең — жаумыз, алты қырдың астынан жаяулап келетін Байұлы Әлімнің келіні емеспіз, бізбен дұрыстап сөйлесіңіз», — дейді. Ақсуаттың, бір жігіті құлағына сыбырлап, «өздері он екі аттылы екен», — дейді. Ақсуат: «Онда он екі ата Байұлы түгел атқа мінген екен, үш-төрттен үй-үйге бөліп түсіндер», — дейді. Сырым екі жолдасымен Ақсуаттың үйіне түседі, бірақ би шешіліп сөйлесе қоймайды. Сырым: «Би, аты-жөн сұраса отырайық», — дейді. Ақсуат: «Бала, менің аты-жөнімді сұрайсың,- дейді қисайып жатып, — елімді сұрасаң — Әлім, жерімді сұрасаң- Бұйырғын, атымды сұрасаң — Ақсуат, осы елдің ортасындағы бір қазығымын, айналамнан ел кетпейді, алдымнан дау кетпейді», — дейді.

Ілік іздеп отырған Сырым іле шала: «Би, сөз білесіз, суатпын деп мақтанбаңыз, су жаманы суат басынан — соқпақ кетпейді, қазықпын деп мақтанбаңыз, мүлік жаманы қазық — басынан тоқпақ кетпейді, бұйырғын деген шөп болады, жеген мал тоқ болады, қауқағы жоқ болады, тышса боқ болады. Әлім болсаң — әліңді біл, адамның құнын бер» , — дейді. Жамбастап жатқан Ақсуат басын көтеріп: «Сырым балам, сырынды енді ұқтым. Байұлының бір адамы біздің елде жазым болғаны рас еді, ердің құны мың қой, үлесе келе үй басына бір қой. Бір қойдан Әлімнің үйі кедейленіп қалмайды, жоқтаушысы кездеспей жүр, жоқтаушысы болса табылмайтын жоқ болмайды, жорта өлтірген емес, жортуылда болған жазым ғой, төрелігін өзіңе бердім, ағаңның құнын өзің айта ғой», - дейді. Сырым: «Мың тоқты бір қора қойдың жазғы төлі, сонымен мен де Байұлын байығтайын деп келгенім жоқ, ел арасына бүтіншібітімші болайын деп келдім, егер билікті маған берсеңіз жортуылда болған жазым дедіңіз ғой, ұрының құны жарты құн, елу қара болсын», - дейді. Осыған екі жақ та тоқтайды, тиісті малын алып, Байұлының жігіттері жүргелі тұрғанда Ақсуат: «Сырым балам, ел арасына бүтінші бітімші болайын деп келдім дедің-ау. Баланың екі түрі болады: үй баласы, ел баласы. Ел арасының бүтіндігін ойлап ел ағасы болайын деген бала екенсің. Мұратыңа жет, жолың болсын, менің алдымда бірінші айтқан билігің екен, әділдігің үшін жолыңа нар бастаған тоғыз байлатып қойдым, бұдан былай сенің жолың бас тоғыз болсын»- деп Сырыммен қоштасыпты. Сырым елу жылқыны елге айдатып, олжасының басқасын жолдастарына үлестіріп, қалың кілем жабылған қара нарды Малайсары қарттың босағасына әкеліп байлайды. Риза болған Малайсары: «Енді саған батамды берейін, сен жас болғанмен елге бас болғандай екенсің».

Арқан қара нардай жауыр болсын,  
Мінезің қара жердей ауыр болсын,  
Өкпең жоқ бауыр болсын.  
Үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін.  
Құлағыңнан сыбыр кетпесін,-  
деп батасын береді де, — мен не десем де бәрінің де мағынасы бар, қалай түсінсең, өзіме айырып бер», - дейді. Сырым: «Арқан қара нардай жауыр » болсын дегеніңіз- ел бастайтын ердің

жүгі ауыр, арқама батты деп ауырсынба дегеніңіз болар. Мінезің қара жердей ауыр болсын дегеніңіз – сабырлы, шыдамды бол, беріден ойлама, әріден ойла дегеніңіз болар, өкпең жоқ, бауыр бол дегеніңіз — өкпешіл болма, кешірімді кең бол, ат төбеліндей аз ғана қазақты алыс-жақын деп бөле-жарма, ала-құла көрме дегеніңіз болар. Үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін, құлағыңнан сыбыр кепесін дегеніңіз- жора-жолдасың болсын, ел мұңына, жетім-жесірге құлағың түрік, есің ашық болсын дегеніңіз болар». Даланың ауызша тарих-намасы бойынша алты жасында «Алды- дауыл, арты құйын» атанған Сырым би өнернамасында жүзіктің көзінен өткендей оймақтай оралымдар ақыл мен сұлулықтың тұтаса қауышқан күйнамасыдай жұмыр бітімді нақыл ғибратқа бергісіз түйінді тұжырымға ие сөздері бар. Мысалы:

Табалдырықтан биік тау жоқ,  
Жаман ағайынан мықты жау жоқ  
Үгітті ұққанға, ақылды жұққанға.  
Ата тұрыпұл сөйлесе, ер жеткені болар,  
Ана тұрып қыз сөйлесе, бой жеткені болар,  
Ата балаға кесір болса, кері кеткені болар.

Қазақ шешендері ойын өрнекті, кестелі, көркем жеткізу мақсатында алыстан барлап, тереңнен толғап, тұспалдап, жұмбақтап, ишараттап сөйлейді. Сырым би де халықтық даңғыл дәстүрді, мықтап ұстаған сөз ұстасы. Тама еліне Сары би деген ақылгөй ақсақалы Даттың үйінде түстеніп отырғанда Сырым баланың әр сөзіне риза болып, оған мынандай өсиет айтыпты. — Балам, бұл дүниеде алты ұлы сөз бар, соны есіңнен шығармай жүрсең, ел алдында беделді, сыйлы боласың. Егер ол сөзді ұмытсаң халық сенің маңайыңа жоламай аулақ қашады. Сырым:

— Ол қандай сөз еді, ата айтыңызшы?

Сары би:

— Арлы ожданды бол!  
— Елге деген парызыңды ұмытпа!  
— Намысыңды жастан сақта!  
— Халқыңды алалама!  
— Жақыныңды жаралама!  
— Қалысыңды қаралама!

Сары би айтқан осы алты өсиетті Сырым шешен қартайғанша есінде сақтап келген. Бірде Мөңке бидің арық құнанына мініп Сырым бала келеді. Баланы көзге ілмеген би бәйбішесіне: «Балаға айран әкел» - депті. Тәңертең аулада семіз қызыл тұсақтың үйелеп өліп қалғанына налыған Мөңке: — «Құтты қонақ қонса, қойы егіз табады, құтсыз қонақ қонса, малын қырсық шалады» деген, қызыл тұсақ үйелеп, өліпті, бала құтсыз қонақ болдың. Енді үйімнен кет! деп ызғар шашады. Сонда Сырым бала: — «Олай болмас, биеке», — депті. — «Құтты қонақ, малы өліп, басы аман қалады, құтсыз қонақ қонса, өзі өліп малы иесіз қалады». Менің қандай қонақ екенімді қайдан білесің?! Мүмкін құтты қонақ шығармын. Мөңке би баланың сөзіне аң-таң болыпты. — Рас айтасың балам, сен шынында құтты қонақ екенсің, -деп, оған сый- сияпат көрсетіпті. Сырым үлгі алып, ұстаз тұтқан батырлар мен шешендер үлгілі сөз үйретіп қана қоймай, Сырымның тапқырлық сөздерін, өжеттік, ерлік істерін құптап, көтермелеп те отырған. Алдар би Сырымның алданан шығып:

— Қарадан хан болдың  
Айырдан нар болдың,  
Жоқтан бар болдың,  
Көнеден дәурен озды.  
Көңдей қамқа тозды  
Атадан ұл озды,  
Анадан қыз озды,-  
деп тақпақтап қарсы алады. Сонда Сырым:  
Қарадан хан болсам,  
Халқым қалаған болар.  
Айырдан нар болсам,  
Атам жараған болар.  
Көнеден дәурен озса,  
Жасы жеткен болар,  
Көңдей қамқа тозса,  
Дәурені өткен болар,  
Атадан ұл озса,  
Еркіндігі болар,

Анадан қыз озса,  
Еркелігі болар, —  
деп жауап береді.

Әрине, Алдардың сөзі — мақтау, оны Сырым жақсы түсінеді. Бірақ батыр масайрап бас шұлғымай, шешендік жұмбақтың шешімін тауып, өзіне айтылған мақтауды ел жұрттыңатынааударарды.Сырым Датұлының батырлығы жөнінде орыс зерттеушісі М.Вяткин монография жазды. Б.Адамбаев Сырым атына байланысты шешендік сөздерді жинастырып жариялады және кандидаттық диссертация қорғап, көп еңбек сіңірді. Қазақ батыр, шешен, билер ішінде Сырым шешен мұрасын жинастыру, зерттеу ісі біршама дұрыс жолға қойылған деп айтуға болады. Сырымның шешендік сөздері негізінен Б.Адамбаевтың жинақтарынан алынған.Олар мына төмендегілер:Сырым жиырма алты жасында бір жолдасымен Нұралы ханның үйіне барса, Қараман тана Малайсарымен сөйлесіп отыр екен: — Балалар, аман ба? — депті де, елемей өздері сөйлесе беріпті. Сырым жолдасына дауыстап— Жүр, кеттік, бұлар бізді адам деп те отырған жоқ қой! — дейді.— Ата тұрып ұл сөйлегеннен без. Ана тұрып қыз сөйлегеннен без. Сырнайдай сайраған мына бала кім еді? — дейді.— Ата тұрып ұл сөйлесе, ер жеткені болар. Ана тұрыпқыз сөйлесе, бойжеткені болар, — дейді Сырым. — Сен толған екенсің, мен тозған екенмін, деп Малайсары сонда Сырымды қасына шақырған екен.

Сырым Нұралыға наразы болып жүргенде : «Аз бен көпті, ақ пен қараны, нашар мен мықтыны теңгере алмадың, біреу-біреуді шауып жеп жатыр, оны басқара алмадың », - деп өкпелепті. Нұралыға бір кез келгенде Сырым амандаспай жүре береді. Сонда Нұралы:

— Батыр! Қайырып сәлем бергің келмейді, тасып жүрсің-ау!- депті. Сонда Сырым:

— Хан тасып жүргенім жоқ, қазақ баласының басын қоса алмай сасып жүрмін, — депті.Малайсарының ауылы Топайлы қаласының аузында екен. Сырым ауылына келгенде қарт азғантай қолының алдында жүр екен:

— Аға, кім болдыңыз? -деп сұрапты.Малайсары: — Шырағым, кім болайық, осы жердегі аз ұй танамыздағы,- депті. Сонда Сырым:

— Тананың қайсысыз? Жеті үй — Жиенбетпісің? Бес үй- Бессарымысың? Тышқан құлақ- Асанбысың? Төлеуден алған Құнанбысың? – дегенде, Малайсары:

— Бәлі, аға, сол бала боламын. Ауылдан шыққанда сізді сөзден ұтсам, Тананың алжыған шалы деп күлкі қылайын, сөзден ұтылсам, ат мінгізіп, шапан жауып батаңызды алайын деп аттанып ем, ұтылдым, батаңызды беріңіз, атыңыз — мына астымдағы атым, шапаным — мынау! - деп үстіндегі шапанын шешіп беріпті. Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі жолында жанқиярлықпен күрескен нағыз қаһарман Сырым Датұлы шешендік өнер тарихында мәңгі өшпес білімді, билік сөздерімен ерекшеленеді.Сырымның сыры кетпеген сырлы сөздері қазақ әдебиетімен ұласады. Сырым батыр Ойыл-Қиыл деген жерлердің бойында қайтыс болыпты. Қазақта: «Тамның да құлағы бар» сөз бар, ол да Сырымнан қалған болса керек. Жолаушылап келе жатқанСырымды жолдастарымен бөлек үйге түсіреді. Жолдастары әр нәрсені айтып дабырласып жатқан кезде Сырым: «Шуламаңдар, тамның да құлағы бар»- дейді. Ертесіне хан шақырып алып, бұл сөзді неге айтқанын сұрапты. Сонда Сырым тұрып: «Тамның құлағы болмаса, сен менің не айтқанымды қайдан білесің?»-депті. Бірде хан халқын жинап: «Дүниеде өлмейтін зат табыңдар, таппасаңдар бастарыңды аламын»- депті. Біреулері –«Күн өлмейді, енді біреулері –ай өлмейді, жер өлмейді, асқар тау өлмейді»-депті. Сонда Сырым: осының бәрі өледі, -Ай мен күннің өлгені, Иіліп барып батқаны. Қара жердің өлгені, Алты ай қыс қар астында жатқаны, Асқар таудың өлгені, Басынан бұлттың асқаны. Өлмейтін екі нәрсе бар: «Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді дейді. Сырым туралы аңыздар Батыс Қазақстанда, яғни біздің өңірімізде көп кездеседі. Оларды жинап зерттеу мәселесі бар деп ойлаймын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М.М.Тілеужанов. Сырым Датұлы және оның шешендік сөздері. Орал қаласы, 1991ж
2. Тарихи тұлғалар. –Алматы, 2016
3. Жеті ғасыр жырлайды. –Алматы, 1992
4. Шешендік өнер ұстаз тағылымында.- Орал, 2019

А. С. Ғұмарова,

*А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші  
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы  
[arai.1201@mail.ru](mailto:arai.1201@mail.ru)*

**Аңдатпа:** Шешендік сөз – қазақтың жанымен бітісіп, қанымен қайнасып жатқан ұғым. Батырлар жыры, тарихи аңыздар, әншілік, күйшілік өнер, айтыс – жалпы қазаққатән ұлттық ерекшеліктің бәрі осы ұғыммен астасып жатыр. Шешендік сөздер мән-мағынасының тереңдігімен ғана емес, сондай-ақ тақырыбының кеңдігімен де ерекшеленеді. Шешендер сөзі – халқымыздың тілдік қазынасы. Ол көркем әдебиетіміздің қалыптасып дамуына белгілі дәрежеде үлес қосқан ақын-жыраулардың арнау, толғау сөздеріне ұқсас болып келеді. Ертеден-ақ, халқымыздың өзіндік басқару жүйесі болды. Қазақ шешендігінің жалпы шешендік өнерден өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, қазақ шешендерінің сөздері ауызекі айтылып, ауызша таралған, қағазда емес, халық жадында сақталған.

**Аннотация:** ораторское искусство-это понятие, которое кипит кровью казахов. С этим понятием переплетаются песни героев, исторические легенды, пение, куйшылык арты, айтыс – общая Казахская национальная самобытность. Красноречие отличается не только глубиной смысла, но и широтой предмета. Слово чеченцы-языковая сокровищница нашего народа. Он похож на слова посвящения, волнения поэтов-жырауов, внесших определенный вклад в становление и развитие нашей художественной литературы. Давным-давно у нашего народа была своя система управления. Казахское ораторское искусство имеет свои особенности. Прежде всего, слова казахских ораторов звучали устно, передавались устно, хранились в памяти народа, а не на бумаге.

**Abstract:** oratory is a concept that boils with the blood of Kazakhs. Songs of heroes, historical legends, singing, kuyshtylyk arts, aitys are intertwined with this concept – the common Kazakh national identity.

Eloquence differs not only in the depth of meaning, but also in the breadth of the subject. The word Chechens is the linguistic treasure trove of our people. It is similar to the words of dedication, the excitement of the zhyrau poets, who made a certain contribution to the formation and development of our fiction. A long time ago, our people had their own system of government. Kazakh oratory has its own peculiarities. First of all, the words of the Kazakh speakers sounded orally, were transmitted orally, were stored in the memory of the people, and not on paper.

Сонау Түркі қағанаты, Қараханид, Қыпшақ тарихынан бастау алатын қазақтың шешендік сөз өнері бүгінде ерекше ұлттық құндылық көзіне айналып отыр. Асыл сөздің қасиетін терең ұғынатын бірден бір халық болса, соның бірегейі - біздің халқымыз. Халық шежіресінің дәлелді де баға жетпес ақиқатына айналған шешендік сөз өнері еліміздің арманды болашағынан, үмітті күндерден сыр шертеді. Әрісі Күлтегін, Білге қаған, Тонькөк, берісі Майқы би төрелік еткен осы тұғырдың алтын қазығы ғасырлар бойы халқымыздың жан серігіне айналды.

Өлең сөзге жүйрік халық ділмарлықты өзінің дархан даласынан, сол даланың желпіп соққан майда қоңыр желінен үйренгені хак. Өйткені әрбір сөзінде жазира даласының бір бөлігін орайы келсе киюластыра кетуді ұмытпаған. Табиғат халқымызды сезімнен де, ақылдан да кенде қалдырмағаны рас. «Күлтөбенің басында күнде жиын» дегендей, күнде кеңес құратын «Күлтөбелер» ақындарды осы өнер мектебіне баулуда тапсырмас құрал болды. Жалпы халықтың дәстүрлі шешендік сөздері – халық даналығын, ұлылығын, тұңғыық тереңдігін, парасат-пайымын, рухани байлығын паш етер таптырмас,өшпес қазына. Қазақ халқы ықылым заманнан қызыл сөзді серік етіп келеді. Арабтардың көшпелі бәдәуилері сияқты кең даланы еркін қоныстаған халқымыз табиғатпен терең сырласа білген [1, 22].

Мөлтек сырға, мұңлы да нәзік сезімге елтіп, жігер мен жомарттықты жанына жалау етіп өскен елдің әр перзенті қай уақытта болмасын уәжге тоқтаған. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деп аға ұрпақтың ақылына құлақ асқан. Уытты сөз ұлылыққа бастап, ұрпақты үлкен бір мәдениеттілікке тәрбиелеген. Оған дәлел ешбір халыққа бұйырмаған – асыл сөздің төрелігі. Бұл – соты болмаған, әйтсе де одан бетер ар-ұятын ту етіп көтерген дала заңының қатал үкімі. Бір ауыз сөз көңілге әлдеқандай желеу бітірсе, бір ауыз сөз өмірге деген құштарлығынәп сәтте сөндіріп, күлге айналдыратыны тағы бар.

Шешендік сөз – қазақтың жанымен бітісіп, қанымен қайнасып жатқан ұғым. Батырлар жыры, тарихи аңыздар, әншілік, күйшілік өнер, айтыс – жалпы қазақтән ұлттық ерекшеліктің бәрі осы ұғыммен астасып жатыр.

Шешендік сөздер мән-мағынасының тереңдігімен ғана емес, сондай-ақ тақырыбының кеңдігімен де ерекшеленеді. Шешендер сөзі – халқымыздың тілдік қазынасы. Ол көркем әдебиетіміздің қалыптасып дамуына белгілі дәрежеде үлес қосқан ақын-жыраулардың арнау, толғау сөздеріне ұқсас болып келеді. Ертеден-ақ, халқымыздың өзіндік басқару жүйесі болды. Ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеген, әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болды. Би – халықтың көкейіндегісін айтқан, ойын жарыққа шығарған әділет жоқшысы. Қазақтың атақты билері Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес.

Ш. Уәлихановтың: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған өкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болған. Би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған», – деген сөздерінен би – халықтың көкейіндегісін айтқан, жарыққа шығарған әділет жоқшысы екенін танимыз. Кезінде Ахмет Байтұрсынов: «Әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді», – деп баға берген. Демек, бұл қастерлі мұра – шешендікпен айтылған билер сөзі ұмытылмайды, ол қай кезде болса да халық жадында.

Қазақ шешендік өнері — қазақ халқының атадан балаға мирас болып келе жатқан сөз байлығының, сөз құнарының негізінде бүтін бір ұлттың суырыпсалмалық қасиетін бойына дарытқан, күрделі тарихи, саяси-әлеуметтік мәселелерді шешкенде белді рөл атқарған, халық кәдесіне жараған синкретті өнер [2, 37].

Жалпы шешендік өнерді туындатқан, мәдени-тарихи аренаға, сахнаға алып шыққан нәрсе қоғамдық-әлеуметтік фактор екені даусыз. Қоғамның сұранысынан туған рухани құндылықтардың барлығы да зор әлеуметтік мәнге ие болады. Халықтың рух категориясын, ұлттық құндылығын түстеп тануда фольклор мен этнографияның, әдебиеттің тағы басқа өнер салаларына қарағанда жетекші рөл атқаратындығы белгілі.

Шешендік өнер өзге де өнер салалары сияқты ақыл – ой мен сана-сезімнің шабыттанған, шамырқаған кезінде туары даусыз. Демек, адамның ойын қозғап, сезімін тебірткен күшті, күйініш-сүйінішті шақтарда, мәселен, туған елге қатер төнген, ердің ар-намысына тиген жағдайларда ақын мен шешен тез тебіренеді, оқиғаға жұрттан бұрын үн қатады. Осындай шабыттанған шақтарда туған ой кестелері кейінгі ұрпаққа тарих шежіресі, тәрбие көзі болып жетеді. Өйткені, ол ұлттың ертеңі үшін, мәңгілігі, мәдениеті үшін қызмет етеді.

Қазақ шешендігінің жалпы шешендік өнерден өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, қазақ шешендерінің сөздері ауызекі айтылып, ауызша таралған, қағазда емес, халық жадында сақталған.

Шешендік сөздер ертегі-аңыздар мен халық поэзиясынан іріктеліп, сұрыпталып, бөліне отырып, халықтық бірыңғай әдеби тіліміздің қалыптасуына себепкер болған. Шешендік сөздердің сөйлем құрылысы мен сөздік құрамы, мазмұны, тұлғасы да қазіргі әдеби тілімізден аса алмақ емес. Шешендік сөздер – ауыз әдебиетінің басқа салаларымен қосылып, қазіргі қолданылып жүрген сөздігіміздің негізгі қоры, ұйытқысы. Шешендік сөздерді зерттеп-талдау, оқып-үйрену – ана тіліміздің байлығын, сөйлем құрылысын, дұрыс сөйлеу заңын жетік білуімізге, әдеби тіліміздің дамуына, ой-өрісімізді кеңейтуге себепші [3, 53].

Шешендік сөздер – халық даналығынан туған мұра, халықтың асыл қазынасы. Ол халықтың өмірге, дүниеге көзқарасын, ой-өрісін бейнелейді. Шешендік сөздердің шеберлігі, құндылығы сөз сайысында, алқа топтың алдында бағаланған. Тарихи, қоғамдық жағдай өзгерсе, таптық жік ажырай келе, үстем тап өкілдері халық жасаған байлықты иемденіп қана қоймай, оның ғасырлар бойы жасаған рухани қазынасын да өзінің таптық мүддесі үшін пайдалануға тырысқан. Халықтың тапқырлық, шешендік сөздерін, әр дәуірдің ру басы билері үйреніп, өз табының үстемдігін нығайтуға құрал ретінде қолданған.

Шешендік сөздер – қазақтың сан ғасырлық өмірінің бақытты болашақ үшін еңбекші бұқараның қанаушы тапқа қарсы жүргізілген күресінің айнасы. Жалпы қауым, кейде жеке адамдар атынан айтылатын ақылды, аталы сөздердің мол тараулары – шешендік арнау, шешендік толғау түрінде болса, екінші бір күрделі саласы шешендік даулар болып келеді. Мұндай дау тартысқа түсушілер сөзуар даугерлер мен оған қарсы тұрушы халық шешендері болған. Бізге жеткен шешендік сөздерден Майқы би, Аяз би, Жиренше шешен, Сырым батыр сияқты халық даналығын бойларына сіңірген, сөз өнерін еркін меңгерген халық шешендерінің аты мәлім. Белгілі халық шешендері мен есімдері белгісіз дана қарт, шешен әйел, тапқыр бала, жарлы жігіттер атынан



айтылатын шешендік сөздерге тән бір қасиет – шешендік, тапқырлығымен қатар дәлдігі, ойының айқындығы және халықтық сипаты [4, 76].

Шешендік сөздердің тағы бір ерекшелігі – сөздері үйлесімді, дыбыстары үндес келеді. Шешендік сөздердің сырын ашып, сынын келтіретін көркемдеу әдіс-тәсілдерінің бірі – салыстыру, шендестіру тәсілі. Шабытты шешен алқаланған топты аузына қаратып, мақал-мәтелдерді жиі пайдаланады. Қазақ шешендік сөздері қиыннан қиысқан, өзіндік орны, көркемдік ерекшелігі бар халық ауыз әдебиетінің дербес, әрі бағалы жанры болып табылады.

Сөз сөйлеу құдіретіне ие болу – адамның жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрінен де жоғары сатыда екендігін танытатын, адамды адам етіп тұрған адамзат баласының ұлы қабілеттерінің бірі. Тілсіз, сөзсіз, сөз сөйлеу дағдысынсыз адам өмірін көз алдымызға елестету мүмкін емес, оларсыз адам ғұмыры мағынасыз. Сөз – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы, ақпарат алмасу тәсілі, өзге адамның санасына және әрбір қадамына, әрекетіне әсер ету құралы. Сөзді орынды қолдана, құбылта білу өте жоғары бағаланады. Бұл сияқты қабілет – адамның жалпы мәдениетінің, білімділігінің құрамды бөлігі. Бүгінгі таңда зиялы адамның сүреңсіз де селекет сөйлеуі, яғни шешен сөйлеу мәдениетінің төмендігі адам баласының оқи және жаза білмеуі сияқты ыңғайсыз көрінуі тиіс, ал білім беру мен тәрбиелеу ісін толық жүзеге асыруды шешендіксіз көзге елестету қиын.

Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұқар жырау:

Көш бастау қиын емес,  
Қонатынжерде су бар,  
Қолбастау қиын емес,  
Шабатын жер де жау бар.  
Шаршы топта сөз бастау қиын,  
Шешімін адам таппас дау бар, – дегенекен.

Халықсынынан, халық шыңдауынан өткен, сөз өнерімен соғылған әдеби мұра біздің ұлттық нышанымыз болуға лайық. Демек, ғасырлар бойы жинақталып, сұрыптала сүзілген шешендік сөз нұсқаларынан халықтың тіл байлығын, ақыл-ой қорын және шебер сөйлеу мәнерін үйрену – бүгінгі ұрпаққа сын. Сөздік қорымыздың небір асыл-маржандарын теріп, әдемі өрнек құрған кестелі сөздеріміз талай дәуірден ұлттың ұлылығын ұлықтап бізге жетті. Бүгінде ананың өгей ұлындай жетімдік күйге түскен ұлы тілдің өзіндік қасиетін қайтарып беру – ұлт ұрпағының міндеті.

«Елдік, ерлік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,  
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.  
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз бабам тілі сен қалдың, – деп Мағжан айтпақшы, шешендік сөз өнерімізді бағалайық. Алтын Орда асқақтап тұрған дәуір міндеті нар қалаған ұлы өнерді мақтан етейік. Асыл-маржан ару мойнына, алмас қылыш ер қолына жарасатыны сияқты ата-бабадан қалған дәстүрлі шешендік сөз мұрасын кейінгіге аманаттау, мәңгілік елдің мәңгілік мұрасын жас буынға ұлттық құндылық ретінде таныту – бүгінгі ұстаздың парызы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Абылқасымова Б.Ш. Наным-сенім ғұрпының фольклоры: Хрестоматия Алматы, 2004.
2. Ермекова Т.Н., Найманбаева Г.М., Найманбаева Б.М. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. 2019.
3. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2005.

## «ТІЛ ДЕП ТУЫП, ТІЛ ДЕП ТЫНЫМ ТАППАҒАН»

А.С.Қыдыршаев,

*педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик*

М.Б. Сабыр,

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

Р.О. Хамза,

*БҚО Дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Білім-инновация» мектеп-лицей-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, ұстаз*

Ü Мақалада белгілі фонетист-ғалым Б.Ө.Жексенғалиевтің қазақ орфографиясы мен орфоэпиясында тілдің фонетикалық заңдылығының сақталмауы, ұлт тілінің сақталуының басты кепілі ретіндегі үндесім (сингармонизм) теориясына қатысты тұжырым-түйіндері таратыла баяндалады.

**Тірек сөздер:** сингармонизм, орфография, орфоэпия, тіл, терминжасам, әліпби реформасы, жазу реформасы, акцентуация, латын таңбасы.

Ü В статье обобщены выводы известного ученого-фонетиста Б. У. Жексенғалиева, касающиеся теории созвучия (сингармонизма) в казахской орфографии и орфоэпии как основной гарантии сохранения языка нации, несоблюдения фонетических норм языка.

**Ключевые слова:** сингармонизм, орфография, орфоэпия, язык, терминообразование, реформа алфавита, реформа письма, акцентуация, латинский символ.

Ü The article summarizes the conclusions of the famous phonetic scientist B.U.Zheksengaliev concerning the theory of consonance (synharmonism) in Kazakh orthography and orthoepy as the main guarantee of preserving the language of the nation, non-compliance with the phonetic norms of the language.

**Keywords:** synharmonism, orthography, orthoepy, language, terminology formation, alphabet reform, writing reform, accentuation, latin symbol.

Дос. Достық. Бұл ұғымдар хақында не айтар едік? Бағзы мәдениет бұлақтарына бойлап б.з.б. V-VII ғ.ғ. арғы қазақ арналарынан таратсақ, ақыл атасын ақиқаттан көрген Анақарыс бабамыз не дер еді? Баба мұрасына қайтара үңілген сайын тән жанның, жан жаратқанның аманаты екенін аңғара түсеміз. Қай кезеңде де жақсылық та тілден, жамандық та тілден болғанға ұқсайды. Қашан да сый жеңгендікі, сөз тергендікі емес пе. Тарих тұңғығына терең бойлаған сайын Ұлы Дала заңдары тек достық пен бауырластыққа негізделгенін байқайсыз. Осы арнадан таратсақ, Тоқсары (Тоқсарид) бабамыз қиындықта қол ұшын бергеннен асқан берік достықтың жоқтығына тоқтам жасайды. Достық туралы көп сөзден достық пейілді бір істі артық көргенін аңғарамыз. Асылы, көріп-біліп жүргеніміздей тағдыр табыстырған тұлғалардың досқа, туысқа айналары кәміл. Тіпті адамдардың қаны ғана емес, жақсы істері де туыстырады дегенге қалай сенбессің! Құлай сенесің!..

Егер де скифтер, сақтар, ғұндар, сол сияқты сармат, арғиппей, исседон, массагеттер біздің арғы арналарымыз саналса, сол бабаларымыздың ұстанымына құлақ түрсек, олар достыққа адал адамдарға құрмет көрсетуден асқан абырой жоқтығын айтады. Досын сатқанды қосын сатқанмен бірдей көрген. Тіпті құдалықты да достықтың дәнекері тұрғысында бағалаған. Қазір қоғам, сәйкесінше адам өзгеріп жатса сөзіміз жоқ, бабаларымыз эллиндіктердің достығы скифтердің достығына қарағанда баланың ойынындай екен деп турасын турап айтқан. Қалай иланбассың?!

Нақты білеріміз, дос көп болмайды. Біле білсек, дүниеде достық заңынан асқан заң да жоқ-ау, сірә! Досқа адалдық рухқа адалдықпен бірдей. Өмір тәжірибесіне жүгінсек, қанмен бекітілген достықты жаннан безген жаман бұзады. Бабаларымыз көзінді ойып берсең де, дос көңілін қалдырмауды қадап айтқан. Демек, байлықтан артық достық бар, достықтан артық байлық жоқ! Олай болса, табын-табын малыңмен емес, қатар-қатар қосыңмен емес, ақ-адал досыңмен мақтанғанға не жетсін!..

Осы ұғымдар үдесіне сай тағдыр қосқан бір сөзді, сертіне берік орны бөлек Болат досымыз туралы бірер ой өрмекпіз... Үшеу едік. Алғашқыда әзілдеп «БАМ» ұйымы дедік. Болат, Абат, Мұрат дегеніміз. Екі дауыссыз дыбысты буын жасаушы «А» дауысты дыбысы екені де рас... Үш дыбыстың тілдік тұрғыдан өзіндік сипат-ерекшелігі барлығы сияқты өмірде де аталған үш азаматтың тұлғалық мінез-характерлері де мүлдем бөлек-ті. Таңғаларлығы, тағдыр үшеуінің басын

біртұтас қылып табыстырған. Оған дәлел – ел ішінде «*Абат жазады, Болат шығарады, Мұрат мақтайды*» тұрғысында айтылған тұжырымның өрілуі... Кейін Болат досымыз Астанаға көшті... Шешім аяқ астынан болды да, абдырап қалғандаймыз. Қимастық қой, әрине! Құдай сақтап достар қатарына *Рақымжан* қосылды. *Дос болғанда қандай?!* Достар ұйымы енді «РАМ» аталды... Ал бүгінгі әңгімеміз астаналық Болат досымыздың бірер қасиет-қыры хақында. Енді соған келелік.

**Болат Өтеғалиұлы Жексенғалиев** – бүгінгі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 1986 жылғы түлегі. 1986-1989 ж.ж. Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Тасқұдық орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, мектеп директорының тәрбие ісі бойынша орынбасары болып еңбек жолын бастаған. 1990 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының арнайы шақыруымен бір кезде өзі білім алған оқу ордасына оралады. 1990-2003 ж.ж. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың қазақ тілі кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, филология факультеті деканының орынбасары болып тер төгеді. 2003-2012 ж.ж. БҚО Тілдерді дамыту басқармасының МКК «Ағартушы» мемлекеттік тілді оқыту орталығының директоры, 2012-2016 ж.ж. БҚО әкімдігінің МКҚК «Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау, біліктілігін арттыру және мемлекеттік тілді оқыту-әдістеме бөлімінің басшысы болып тағайындалады. Ал 2016-2017 ж.ж. БҚО әкімдігінің МКҚК «Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау, біліктілігін арттыру және мемлекеттік тілді оқыту орталығы директоры, 2017-2019 ж.ж. ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының БҚО бойынша филиалы директорының орынбасары, 2019–2020 ж.ж. ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының БҚО бойынша филиалының аға оқытушысы, 2020 жылы қыркүйек айынан бастап Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің филология, мәдениет және оқыту әдістемесі кафедрасының доценті болып жұмыс жасайды. 2022 жылы Халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыру және кадр бөлімінің басшысы (*Нұр-Сұлтан қ.*) болса, ал 2023 жылы қазан айынан бастап күні бүгінге дейін Халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының кеңесші-сарапшысы (*келісімшарт негізінде*).

**Болат Өтеғалиұлы** – шын мәнісіндегі ана тіліміздің жанашыры, өңірге мәлім айтулы фонетист ғалым. Оған ғалым-практиктің «*Төл пәнсөздерді қалыптастырудағы иегі дәстүр туралы*» (*Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі терминдерінің жасалу, қалыптасу тәжірибесінен*), «*Қазақ тілінің басты заңы – үндесім*», «*Қазақ тілін оқытудың педагогикалық-әдістемелік негіздері мен жаңа технологиясы*», «*Сингармонизм ұғымын түсіндірудегі ой-пікірлер эволюциясы*», «*Бүгінгі және болашақ қазақ әліпбиі туралы*», «*Тілге жанашырлық, тілге сусау немесе профессор С.Шарабасовтың тіл мәдениеті туралы ой-пікірлері*», «*Ұлттық әліпби – тіл тәуелсіздігі мен тіл тазалығының кепілі*», «*Ұлттық әліпби – ұлттық тілдің тірегі*» т.б. осы бағыттағы сериалды мақалалары мен еңбектері бірден-бір дәлел. Болат Өтеғалиұлы аталған мақалаларында термин сөздер, терминжасам қазақ тілі үшін қай кезде де өзекті мәселе болғанына тоқталып, қазіргі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуымен мәселенің маңыздылығы да ерекше сипатқа ие екендігіне акцент береді. Сәтсіз баламалар, олқылықтар мен кемшіліктер болса да, сәтті ізденістер мен талпыныстардың басымдығына қуанады. Терминжасам ісіндегі негізгі тәсіл ана тіліміздің ішкі мүмкіншіліктерін барынша пайдалану болуын құптайды. Бұл ретте ғалым қазақ тіл білімінің фонетика саласындағы төл терминдер жүйесін қалыптастырудағы дәстүр сабақтастығы туралы айтады. Халықаралық терминдер басым болып келетін ғылымның өзге салаларымен салыстырғанда қазақ тіл білімінің, оның ішінде фонетика саласының атау сөздері негізінен төл сөздерімізден құралғандығын көрсетеді. Нақты дәлелдермен өзекті мәселенің көзін ашады. Ғалым қазір көпшілікке белгісіз болып қалған тоң дыбыстар, аяқ дыбыс, жартылай дауыстылар, жуан сөз, жіңішке сөз сияқты атаулар қайта қолданысқа сұранып-ақ тұрғанын айтып, сингармонизмді тіліміздің басты заңы деп таныған Х. Досмұхамедұлы деңгейіне кейбіреуіміздің әлі де жете алмай жүргеніне қынжылтады. Тілші ғалым тіл табиғатын сол тілге тән табиғи ұғымдармен түсіндіру үрдісін қолдай келе, сингармонизм теориясының қазақ фонетикасын жаңа сапалық сатыға көтергенін айтып, осыған байланысты ғылымның басқа салаларындағыдай қазақ фонетикасы алдында тұрған басты міндеттердің бірі - ғылым қажетін толық өтейтін ғылыми тілді, атаулар жүйесін жасау, қалыптастыру, кейбір ұғымдарға жаңаша түсінік беру, пәнсөздерді қолдануда жүйелілік пен тұрақтылыққа, бірізділікке қол жеткізу екенін баса айтып, терминжасамда Ахаңның ақ дәстүрін басшылыққа алған ғалым Ө.Жүнісбектің тілдің дыбыстық құрылымының жаңа үлгісіне сай атау сөздерді жасап, қалыптастырудың жолын ұсынғанын нақты дәлелдер келтіре баяндайды.

Болат Өтеғалиұлы әркез Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл болса, оның заңы боларға керек. Заңы болса, оның ғылымы боларға керек» деген дәлелді тұжырымын кредо тұтады. Турасын айтсақ, қазіргі кезде тілші-ғалымдар аузында жүрген А.Байтұрсынұлының осы бір аталы сөзі тіл саласында қордаланып қалған көптеген мәселелерді қалай шешу керектігін көрсетіп-ақ тұрғанын атап ғалым: «*Басқасын айтпағанда тіл үйретуде қашаннан маңызды болған оқу, жазу*

нормаларымызға тірек болар тілдің басты заңына назар аудармай отырғанымыз қалай? Дыбыспен әріпті, буын мен тасымалды, сөз екпіні мен үндесімді, сөйлеу ережесі мен жазу ережесін ажырата алмай келгеніміз бұған дәлел. Ақметіше айтқанда "түрлі жаздырып, бала жанын қинап" жүрміз. Мысалы: аю, буу, қуа, кие, байиды т.б. сөздерді оқушылар буынға қалай бөледі? Тілімізде қанша дыбыс бар екендігі туралы түрлі оқулықтарда әр түрлі айтылып жүр. Осыны көрген кейбір әріптестеріміз "Фонетикалық жүйеміз неге ала-құла?" деп мәселе көтеруде... Фонетикалық жүйесі ала-құла, қалыптаспаған тіл болуы мүмкін емес. "Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиіс" деп А.Байтұрсынұлы 1913 жылы айтқан еді. Өйткені басқа түрік тілдерімен салыстырғанда қазақ тілі - таза, табиғи қалпын сақтап қалған тіл. Ғасырлар бойы тіліміздің ата заңы оны жат тілдердің ықпалынан қорғап келді. Оған куә - тіліміздегі төл сөздей болып кеткен мыңдаған кірме сөздер (жәшік, көшір, болыс, ақыл, қалам, әріп, т.б.). Әңгіме дыбыстық жүйені қалай көрсетіп жүрміз, қалай түсіндіріп жүрміз, осы туралы болуы керек», - дейді. Тайға таңба басқандай анық ой емес пе.

Фонетист-ғалым пікіріне сүйене айтсақ, Ақанның ғұламалығына қалай таң қалмассың. Қазір көптеген тілші-мамандар түсінбей жүрген мәселені ол сол кездің өзінде дәл таныған. Емле, жазу тіл табиғатына сай келу керек екенін ескерген А.Байтұрсынұлы теңдесі жоқ әліпби жобасын жасағаны мәлім. Мәселе араб, орыс, латын жазуында емес, ең бастысы жазу жүйесінің тілдің басты заңы үндесім арқылы берілуінде емес пе. Иә, ең алдымен жат тілдің әсерімен бұзыла бастаған қазақ тілінің табиғи сөйлеу нормаларын қалпына келтіру қажет. Қазақ сөздері қазақ тілінің төл дыбыстарымен айтылуы және төл әріптермен таңбалануы тиіс. Қазақ сөздерінде жазылып жүрген кірме әріптердің (я, ю, х, в, һ) тіл нормаларына қаншалықты қиындық тудырып жүргенін мамандар біледі. Сонымен бірге Ақан дәстүрімен ұлттық әліпбидің жетілдірілген нұсқасын әзірлеуге мүмкіндік туады. Бұл арада әңгіме қандай жазу үлгісінде емес (кирилл, латын, араб), мәселе жазудың тілдің басты дыбыстық заңына үйлесуінде. Нәтижесінде тілдің оқыту әдістемесі де бірыңғай, біртұтас негізге ие болады. Бұл үшін барша тіл мамандарының, барлық деңгейдегі қазақ тілі оқытушыларының бірлескен әрекетінің қажеттігі даусыз. Демек, ұлттық әліпби – тіл тәуелсіздігі мен тіл тазалығының кепілі десек, Болат Өтеғалиұлы қазақ жазуы реформасының басты мақсатын тілдің табиғи заңдылығы үндесімге негізделген, туған тілді өзге тілдер ықпалынан қорғайтын ұлттық әліпби қалыптастыру тұрғысында түсінеді. Басты мәселе күні бүгінге дейін тілімізде қолданылып келген қосамжар орфографияға, емле жүйеміздегі тіл бұзар жат тілдік ережелерге қатысты болып отырғаны белгілі. Тіліміздегі осы «тіл бұзар ережелерден» тек жазу әрпін ауыстыру арқылы ғана емес, тұтас жазу нормалары мен қағидағарына қатысты қалыптасқан көзқарастан арылу арқылы ғана құтыла алатынымыз анық. Тіл табиғи болмысын сақтау үшін, өзге тілдің ықпалына түспей, өз заңымен өмір сүруі керек. Сондықтан да тілші-ғалым Болат Өтеғалиұлы жаңа қазақ әліпбиі қазақ тілі реформасына бастау бола алатын ұлттық әліпбиге айналуы керек деп есептейді. Жалпы әліпби мәселесі еліміз егемендік алғалы күн тәртібінен түскен емес. Болат Өтеғалиұлының ойынша, ең алдымен, қазіргі қазақ жазуына, оның емлесіне өзгерістердің сөзсіз қажеттігі туралы ортақ пікірге келіп алу қажет. *Ең бастысы - қазіргі қолданыстағы жазудың, кириллицаның қазақ тілінің табиғаты мен бітім-болмысына үлкен зиян келтіріп отырғанын мойындау.* Тілді тұралатып, ұрпақ тілінің бұзылуына да басты себеп болып отырған - осы жазу. Басқаша болуы да мүмкін емес еді. Орыс жазуымен бірге тілімізге жаңа, жат тілдік ережелер мен нормалар келді. "Жазуды тілге қарай ыңғайлау" (А.Байтұрсынұлы) қағидасы ұмыт қалып, тілімізді жазуға қарай бұрып сөйлеуге дағдыланған бірнеше ұрпақ өсіп шықты. Қазіргі қазақ жазуының басты міні- кириллицаға ғана емес, тұтас орыс тілінің тілдік нормаларына негізделгенінде. "Орыс тілінен енген сөздердің тұлғасы сақталып, орыс орфографиясы бойынша өзгертілмей жазылады" деген ережемен бірге қазақ тіліне орыс тілінің орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтары қоса келіп, бұл нормалар кірме сөздердің ғана емес, төл сөздеріміздің де айтылуы мен жазылуына ықпал етіп отыр. Жат тілдің әсері, әсіресе, сөйлеу тілімізде анық байқалады. Бір кезде шешендігімен, сөйлеу өнерімен Еуропа ғалымдарын таңқалдырған халқымыздың бүгінде өзінің сөйлеу мәнерінен жаңылып қалғаны жөнінде ғалымдар айтып та, жазып жүргені мәлім. Тағы да тілші-ғалым бұл ретте: *«Жалпы әлемдік тәжірибеде тілдер арасында сөз алмасу қалыпты құбылыс, сонымен бірге тілден тілге жазу, сөйлеу ережелері ауыспайтыны да талассыз. Ағылшын, неміс, француз тілдеріндегі көне латын, грек сөздерінің қолданылу нормалары - бұған айқын дәлел, орыс тіліндегі түркізмдер (буран, арбуз, капкан т.б.) де осы қатарда. Бізде басқаша болды. Жазуға бола тілге қиянат жасағандығымыздың зардабын енді тартудамыз. Қазақтардың орыс тілінде таза, акцентсіз сөйлеуінің негізгі себебі де осында. Керек десеңіз, жат тілдік норманы өз сөзімізден өзіміз байқайтын күйге жеттік. Акцентуация нормасымен екпін түсіріп сөйлеу (Алматы, барамын, Дана, озат), жат дыбыстармен ауыстырып айту, жат әріптермен ауыстырып жазу (Айгуль, Анара, Умит, озен, бахыт т.б.) әдетке айналды. Өзге тілдің ықпал-әсері тіл болашағы*

үшін қауіпті екенін түсінген алаш зиялылары сонау ХХ ғасырдың 20-30 жылдары-ақ дабыл қаққан еді. А.Байтұрсынұлы "Өзге жұрттарда бұзып алған сөздер сақталады. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек" десе, Х.Досмұхамедұлы "Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ. Басқаның сөзін бұзбай аламыз деп тіліңді бұрап жүргенде өз тіліңнен айрылып қаларсың." Бұл қауіп бұлты қазір де сейіле қойған жоқ, - дейді.

Ғалым фонетист Болат Өтеғалиұлы: «Қазіргі қазақ фонетистері мәселенің түп төркіні қазақ орфографиясы мен орфоэпиясында тілдің фонетикалық заңдылығының сақталмауында екенін айтып, ұлт тілінің сақталуының басты кепілі ретінде үндесім (сингармонизм) теориясын ұсынады. Яғни, төл сөздер де, кірме сөздер де тіл заңдылығына сай айтылып, жазылуы қажет. "Жазу ең алдымен тілдің ішкі заңдылығымен тонның ішкі бауындай қабысып жатуы керек." Өкінішке орай, әліпби туралы әңгімеде осы басты шарт көбіне назардан тыс қалып келеді. Орыс журналисі М.Сытник қалыптасқан жағдайды біздің көбімізден әлдеқайда дәл аңарған екен. "Русское слово (научный термин) постепенно стирают интонацию и стиль тюркского наречия, а также разрушают целостность казахского языка,»- деп жазады. Ғалымның дәлелді тұжырымдарына сүйенсек, бұл арада әңгіме жазу реформасының қажеттілігінде, мәселенің пісіп-жетілгенінде. Бәсекеге қабілетті тіл болу үшін де қазақ жазуына өзгерістер керек. Тілдің табиғи заңына сүйенген ұлттық әліпби керек. Мәселе жазудың түрі мен төркінінде емес, жазуда қолданылатын қағидат-ережеде. Ғасырлар бойы тілді өзге тілдер ықпалынан қорғап келген үндесім заңы ұлттық жазудың (латын, араб, орыс графикасы негізіндегі) да тірегі болғанда ғана тілдің ажары кіріп, сөздің сәні келер еді. Бұған нақты мысалға А.Байтұрсынұлының төте жазуын алуға болады. 30-жылдардағы әліпби (латын жазуы) де үндесімнен алыс кеткен жоқ. Қазір үйреншікті болған **самауыр, бәтеңке, кереует, шот т.б.** (орыс сөздері), **әріп, қалам, дәптер, әдет т.б.** (араб сөздері) сөздердің жазылымы сол кездерде реттелген еді. Жат сөздерді үндесім заңы бойынша қолдану қазір де ауызша сөйлеу тілімізде байқалады (**ыспорт, кәпе, семент, пормы, жорнал**), ал кейбір сөздерді қазақша жазу (**пойыз, Ресей, Мәскеу, мүйнөт, пормы, газет, зауыт, тауар**) үрдісі басталып та кетті. Дегенмен бұл стихиялы үрдіс және кірме сөздерді қолдануда басты ережеге айналуы үшін тілдің жазу заңына өзгеріс қажет. Әліпби реформасының қажеттігі туралы қоғамдық пікір елімізде қалыптасты деуге болады. Ал таңба мәселесіне келгенде ортақ байлам ауылы алыстау болғанымен, латын жазуының өзге артықшылықтарын айтпағанда, жат сөздерді жазудағы психологиялық қиындықтардың алдын алатындығы туралы айта кетуге болады. Қанша дегенмен бүгінгі ұрпақтың кириллицаға бауыр басып қалғандығы соншалық, **пірәпесір, әнсәмбіл, термін, пәнетійка, потбол** сияқты қазақша жазылған сөздер оларға сауатсыздық болып көрінуі мүмкін. Ал латын таңбасымен жазылғанда олар (**pirapesir, ansambil, termin, panetiuka, potbol**) басқа сөздерден ерекшеленбейді, төл сөздер де, кірме сөздер де бір заңдылыққа бағынып жазылады да біртұтас сөздік құрамдағы қазақ сөздері болып кетер еді. Сонымен бірге тілдің табиғи заңдылығы үндесімге негізделген, төл дыбыстарды (9 дауысты, 17 дауыссыз) ғана таңбалайтын әріптерден құралған жаңа әліпби өзге тілдер ықпалынан қуатты қорған болатынын да ескерген жөн. Емле ережелері де сөздік қордағы барлық сөздерге бірдей қатысты және тіл заңынан туындаған болса, қазіргідей қиыншылықтар мен түсініспеушіліктер, бетімен кетушілік болмас еді. Бір ғажабы – өз саласын терең білетін кәсіби маман тиімді тәжірибелік тұжырым-түйіндерін келтіре беруге болатындығы. Демек, бүгінде тәуелсіз ел ретінде дүние жүзіне танылған ел болашағы, ұлт болашағы үшін де әліпби мәселесін біржолата шешудің маңызы мен қажеттілігі ерекше. Олай болса, Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы ХХ ғасыр басында «**асыл тіл, түзу емле қазақта**» десе, бүгін біз ХХІ ғасыр басында **қазаққа асыл тіл, түзу емле қажет** дегіміз келеді... Иә, көріп-біліп аңғарып отырғаныңыздай фонетист ғалым әріптес-замандасымыз, қадірлі досымыз Болат Өтеғалиұлы осы үрдісте өз түйін-тұжырымдарын ақтара түседі. Біз тек бірер үзінгі ғана келтірген болдық...

